Құттықтаймыз!

Үйғыр ауданы Шонжы ауылының тұрғыны, 4 бала өсіріп, тәрбиелеп, бүгінде қызын қонға, ұлын ұяға қондырып, немерелерінің қызығына қуанып, ардақты әке атанып отырған, отбасымыздың ұйытқысы, асқар таудай әкеміз Әбдіғани ЕЛЕУСІЗҰЛЫ 60 жасқа толып отыр. Ол ұзақ жылдар фотографиа саласында жұмыс істеп, халықтың алғысына бөленген азамат. Біз әкемізге алдағы өміріне бақыт, береке, немере-шөберелерінің шуағына шомылып, ұрпағының жетістігіне куә болып, марқайып жүре беріңіз деп тілейміз.



Ерекше сезім бізге сыйлады,
Ақиқат Алла дәрежеден да жоғарыда.
Өсе берсін, бала-шаға, немерең,
Құтты қонайық алтыс жылдық тойыңды.
Дарқан болсын ақ пейілді көңілің,
Ұлан болсын, құрақ толы өкпеңіз,
Қосағыңмен қосқа қанағың, Әбеке,
Кең отауыңа қонақтың бол тарпаңдап.
Жақтыңның тұяқ-тұяғы, ағайын,
Жарқа толып, қуанышқа малынып,
Құлпыңның сенің мерейтойыңда.
Құрметтеген жұрттан шексіз жақсылық.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: жұбайың – Күнсұлу, ұлың – Мұрат-Айгүл, қыздарың – Салтанат, Сымбат-Есбол, әсем, немерелерің – **Динс, Аяжан, Аружан, Айым.**

● МӘУЛІТ

ПАЙҒАМБАРҒА САЛАУАТ АЙТЫЛҒАН КҮН



Жақында облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян Сүлейменованың ұйытқы болуымен, жергілікті дін қызметкерлері атсалысып Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) мәулітін мерекелеп, Алла тағала Өзді сүйікті елшісі Мұхаммедтің үлгісі етуінше шүкіршілік етіп, салауат айтылды. Мәулід – араб сөзі. Өз тіліміге аударсақ «туған күн» деген мағына береді.

Бұл Алла тағаланың ең сүйікті пенделері Адамнан (ғ.с.) Исаға (ғ.с.) дейінгі барлық Пайғамбарлардың соңғысы әрі сардары Мұхаммедтің (с.ғ.с) дүниеге келген айына ағау етіп қойылған. Яғни Мәулід оқу арқылы гибратқа толы өмірі еске алынды. Мерекелік шараны Алматы орталық мешітінің наиб имамы Жұманазар Садырханов Пайғамбарымыздың рухына бағыштап Құран оқудан басталды. Карл Маркс «Мұхаммед ұлы емес, ол ұлылардың ұлысы» деп айтып кетіпті. Оның ұлылығын төрткүл дүние түгелдей мойындаған деп айтсақ артық болмас. Олай болса Пайғамбарымыздың ұлылығы неде? Неге оны басқа дін өкілдері де мойындаған дегсең сауал туындайды. Міне, сол күнге өткізілген шара осы сұраққа жауап берудің бір тәсілі болды. Мәулід оқу арқылы Пайғамбарымыздың өнегелі өмірін жырға қосып, сол арқылы жүріп өткен жолының қиыншылықты қиын болғанын және өмірінің әрбір сәті гибратқа толы екендігін байқадық. Ислам діні келмей тұрып, адамзат баласы табиғат құбылыстарына табынып, Алланың әміріндегі жер мен көкке, жұлдыздарға, ай мен күнге сыйынып, рухтан ада тақтай мен тастардан жасалған құтқарға сәжде қылатын. Ар-Намыс аяққа тапталып, көпсіқұмарлық, ұрлық, жезөкшелік, адам өлтіру жайлап тұрған заман болған. Міне, осындай қоғамның ең төменгі сатысында өмір сүріп жатқан Араб елінде Алланың елшісі, ең соңғы Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с) дүниеге келді. Алланың дінімен адамдардың санасына сәуле түсіріп, жүрегіне иман орнатты. Әділеттілікті, әдептілікті алып келді.

Алғашқы жылдары облыс орталығында өтетін бұл шара тек дін қызметкерлерінің ұйымдастыруымен болатын. Бытырдан бері облыстық әкімшіліктің тікелей атсалысуымен өткізіліп, жаңа белеске көтерілді. Мұның өзі елімізде Ислам дінінің маңызы артып келе жатқанын көрсетеді. Аталмыш мерекеде ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев өз ойын ортаға салып, имандылық ғибрімдеріне ой жүгіртіп отырып, қайта түлеген дініміздің қуаттана беруіне ниетін білдірді. Ғалиаскар Төлендіұлы өз сөзінде облыс әкімі Серік Әбікенұлының құттықтау тілегін де арнайы жеткізді. Бақара сүресінде «дінде зорлық жоқ» деген аят бар. Ешкімді зорлап дінге тарта алмаймыз. Бірақ дін насихат арқылы келетінін жоққа шығаруға болмайды. Қытай ғұламасы Конфуций «Қарағылықты жамандай бергенше кішкене ғана шырақ жақ» дейді. Міне, сондай шырақ жағып, динмен аластап қалған ағайындардың санасына сәуле түсіріп, жүрегіне иман орнауына себепші болып жүрген азаматтың бірі Қазақстан мұсылмандар дін басқармасының Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы, Нұр мешітінің бас имамы Жұманәлі Аман. Жұманәлі сөз кезегінде «Пайғамбардың туған күні тойланып өту керек пе?» деген сұраққа толықтай жауап берді. «Пайғамбардың көзінің тірісінде туған күнін атап өтуді жөн көрмеген. Өмірден өткен кейін сахабалары бұл шараны қолға алған. Расында, екі дүниенің сарыны Мұхаммедтің (с.ғ.с) ұлағатты өмірін ұрпаққа дәріптеудің еш сөкеттігі жоқ. Бұл керісінше қауым боп қолдап, бірлесе атқаратын шара» деп түйіндеді. Мәулід күніне арналған мерекеге Алматыдан арнайы келген Сержан Әлімбекұлы мен жерлесіміз ҚР еңбек сіңірген қайраткері Әбдірбек Тінәлі ән орнаса, айтысқер ақын бауырымыз Балғынбек Имашев имандылыққа ұйытып, жырдан шашу шашты. «Бір үйде немесе мешітте Пайғамбарымыздың мәулігі оқылса, сол үйде немесе мешітте адамдарды періштелер қоршап алады да олардың барлығына Алла тағаланың рахметі жауады және иірға бөленеді. Себебі, періштелер Пайғамбарымызға мәулід оқыған адамға салауат айтып тұрады» дейді. Осыған орай Алматы орталық мешітінің наиб имамы Жұманазар Садырханов Түркістан ислам орталығындағы шәкірттерімен салауат айтты. Сол күні мектеп оқушылары арасында мәулід мерекесінде дәстүрлі түрде өткізілін жүрген Құранды мәнерлеп оқу байқауы да орын алды. Арнайы сараптаудан өткен сегіз бала өнерін көрсетті. Дана халқымыз «тал бесік қалай тербелсе, талшыбық солай бой түзейді» деп ұрпаққа қалай тәрбие берсең солай өсетінін ескертіп кетіпті. Жастайынан дінге бет бұрып кішкене ғана жүректі имандылыққа ұйытып, сол күнгі Құран оқу жарысына қатысқан балаларды арнайы сыйлықтармен марапаттады.

Шура сүресінің 52-аятында «Құран дегеніміз – жарық нұр пенделерімізге қалағанымызды береміз, біз сонымен жарылқап тура жолға саламыз» дейді. Олай болса, баршамызға Алланың нұры жауып, Құранның қасиетін түсінуге нәсіп етсін.

Жұмахмет ЖАНАХМЕТҰЛЫ.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

● АБАЙ, ШӘКӘРІМ, ІЛИЯС ОҚУЫ

"ӨЗ ҰЛЫН, ӨЗ ЕРЛЕРІН ЕСКЕРМЕСЕ..."

Қазақ қашан да ақылға кенде болмаған. "Қайран жұртым, қазағым" деп кеше ғана ақын Абай халқымыздың басынан өткен, өтіп жатқан істерді күйрене жырға қосып, бауырластың өркениетке шақырса, "Шынды білмек өнерсең сен, алымменен жанды біл!" деп Шәкәрім қажы адам өмірінің саналы тіршілігінде ішкі жан түйсігін ешқандай перзенті көре алмаса, рухымен бетпе-бет ұшырасса, онда өмірді бос өткізгенін сипаттан көрсетеді. "Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан кеменгерді" деген Ілияс ақынның сөзі елдің жерде өзі үшін қызмет етіп жатқан секілді. "Мың өліп, мың тірілген" халқымызда жарыққа Алтаудан ары асып, аспанға шарқ ұрған ұлылар көп тұлы. Біздің ұлт ретінде сақталып, бүгінгі тәуелсіз ел болуымыздың тұтамыры осында жатыр. Енді ел болып еңсемізді көтерілгенше, ел бабаларды қадірлей алмасақ, елдігімізге сын, ертеңіміз бұлыңғыр.

Қазат АҢДАС, "Жетісу"

Тәубе, бәрін жаманға жоруға болмайды. Байыптап қарасақ, аткарып жатқан істеріміз аз емес. Аталарымыздың аруағын тірілтіп жатқанымызды айтпағанның өзінде, даналарымыздың тағылымын жас ұрпаққа үйретуде бірталай істің бетін қайырдық. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Абай, Шәкәрім, Ілияс оқуы мұның жауабы.

Таяуда осындай мақсатпен Көксу ауданында аталмыш байқау болып өтті. Шараның өтуіне Көксу аудандық білім бөлімінің бастығы Сағынбала Төкенова, әдістемелік бөлімінен Диана Өндірбаева, Көксу аудандық мектеп-гимназиясының директоры Дәурен Жүнісов атсалысқан. Олармен тікелей байланыста болған облыстық білім басқармасының бас маманы Ерғазы Манапұлы ұйымдастыру жұмыстарын кадағалады. Байқауға аудандағы 24 мектептен бір үміткерден қатысып, өз баптарын сынға салды. Оларға Талдықорған саз колледжінің директоры Әділхан Адырбаев бастаған әділқазылар тобы өз бағасын берді.

Байқау болған соң оның өзіндік тәртібі мен шарты және өза шабатының да болатыны анық. Соған сай Абай, Шәкәрім оқуы үш айналымнан тұрды. "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" деп аталатын алғашқы айналымда қатысушылар Абай, Шәкәрім шығармаларын жатқа оқыды. Бұл бәсекеде бірінші орынды Қабан жырау атындағы орта мектептің 6-сынып оқушысы Бекболат Есжанов иеленді. Қос ақынның 142 өлеңін және поэмасын жаттаған ол бағалаушылардың сынынан мүдірмей өтті. Екінші айналым – "Көңілім әнді ұнатады". Мұнда оқушылар Абай әні мен күйін нақышына келтіре орындауға деп койды. Өзінің әсем даусы және музыкалық деңгейіне сай бұл айналымда бірінші орынға Егінбаев атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Гүлназ Кабдрашева лайық деп танылды. "Жүйріктен жүйрік озар жарысканда" деп аталған соңғы айналымда талапкерлер өз шығармашылықтарын ортаға салды. Бірінші орын сынған сүрінбей өткен Жанқарбаев атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Айсұлу Байбатырованға бұйырды. Ал Ілияс оқулары бір айналым бойынша жүргізілді. Қатысушыларға ақынның өленін жатка оку мен өз шығармашылық деңгейін көрсету талабы қойылды. Аталған талаптарды сүрінбей өткен Қырмызы бас жүлдені, Қамажай бірінші орынды жеңіп алды. Мұнан басқа екінші, үшінші орын және ынталандыру жүлдесінің иегерлері де анықталды. Оларға білім бөлімінің "Алғыс хаты" және бағалы сыйлықтары табыс етілді. Бәйге болған соң оза шабатының, жүлдесіз калатының да болады. Алайда, бәйге алдым деп мәрлымсуға, арқта қалдым деп қынжылуға болмайды. Өмірдің өзі бәсекеден өрілгенін ескерсек, шын дарын қашан болсын озатыны анық.

Байқаудың артықшылығы – қатысушыларға нақты баға берілуінде болды. Сондықтан оны жоғары деңгейде өтті деп айта аламыз. Дей тұрғанмен, кейбір эттеген-ай дейтін тұстары да орын алды. Әрине, мұндай оқулардың алдағы күнде жалғасын табатындығын ескере отырып, өз ойымызды білдіре кетуді жөн көрдік.

Көзге ұрып тұрған бір кемшілік – оқушылар өз шығармасын оқығанда негізінен Абай, Шәкәрім, Ілияска арнаған өленнен арыға аса алмады. Ақындарға арнау өлең жазба демейміз. Өлең өлкесіне қадам басқан жас шабыттың алғашқы туындысы эйгілі тұлғаларға арналатыны ақиқат. Бірақ қызығына қараңыз, Мұқағали өмірден өткен соң елдің бәрі оған арнап өлең, естелік жазып, осы арқылы өз бағасын биіктетейін деп жанталасып жүргенде, Қарасаздың гумасы, ақтық Мұқағалидың інісі әрі жолдасы болған Еркін Ібітанов 25 жылдан бері ақын ағасына бірде-бір өлең арнай алмаған. Жолдастары мұның себебін сұрағанда Еркін Ібітанов: – Мен Мұқағалидың өзіндік деңгейін түсініп болған жоқпын, сондықтан да естелік, өлең арнаудан қорқамын, –деп жауап берген.

Жастар да осыны ескеріп, ұлы тұлғаларға өлең арнағанда абайлау керек-ау деп ойлаймын. Байқаудың талабы – қатысушының жеке шығармашылық өресін көрсету. Бұл басқа тақырыпта жазған өленін, күйін, әнін орындаса да болады деген сөз. Осы ретте, мына жайды айта кету жөн сияқты. Әрине, өленді колды сермеп, екпіндетіп оқу шарт емес, жүректен сезініп оқу парыз. Оқушы өзі түсініп, тұшынбаған өленнің мәнін тыңдарманға эртістік кабілетпен жеткізіп беремін деу бекершілік. Мұнымен қоса балалардың микрофонды қолдана білмейтіндігі тағы бар. Бұл ұйымдастырушылардың ғана емес, қатысушыны дайындаған жетекші мұғалімнің де нақты талапты терең түсінбеуі салдарынан туындаған кемшілік. Келесі байқауларда аталған кемшіліктер болмайды деген ойдамыз.

● ІЛИЯС ІЗБАСАРЛАРЫ

КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР БАЙҚАУЫ

Таяуда қалалық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен Ілияс Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің колледжінде ақынның туғанына 115 жыл толуына орай көркеменерпаздар байқауы өтті. Оған 17 топ қатысып, өз өнерлерін сарапқа салды. Олардың өнерін аталмыш университеттің ректоры Әбдіманап Бектұрғанов, оқытушылар қауымы мен студенттер тамашалады. Қалалық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әділет Рымтаев бастаған әділқазылар тобы бағасын берді.

Жыр құлагері аталған ақынның өмері мен артта қалған мұрасы қазақ халқының болмыс-бітімінен біте қайнасып жатады десек артық болмас. Ақынның өзі "Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алар кеменгерді" – деп жазып кеткен жоқ па?

Ілияс Жансүгіров – қазақ әдебиетінің барлық жанрында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді. Алайда ақын өмірі қамшының сабындай қысқа болды. Бірақ, өткені мен өз ерлерін өркениеттің кезі деп білетін қара орман халқы түрлі шаралар арқылы оның ұлылығын ұрпақтар санасына ұялатып келеді. Аталмыш байқау осы мақсат өзегінде ұйымдастырылған еді.

Бұл байқаудың бір ерекшелігі – сахнада тек жалың ақынға арналған ән мен күй орындалған жоқ. Топтық хор мен би тобының және ансамбльдердің өнері, КТК-ның дайындаған немірлері де ұсынылды. Ақынның өленінен үзінділер оқылып, патриоттық және халықтық әндер орындалды. Жастармен бірге колледж ұстаздары да ақынға деген елінің терең құрметін жеткізуге ұмтылды.

Бәсеке болған соң оның жеңімпазы да болатыны анық. "Титаник" кинофильмінен үзінді орындаған Бахытжан Дүйсенбеков, "Елімнің жүрегі Астана" әнімен Жамал Сиязбекова, І. Жансүгіровтің "Күйші" поэмасынан үзінді оқыған Дана Бакибаева, "Езұтартар" КТК командасы, "Арманым өзің" әнімен Салтанат Құдайберген, "Томирис" студенттік би тобы, "Өз елім" әнімен Ш. Оразбаевтар барлық талаптарды нақты орындау ерекшелігімен жоғары бага алды.

Мұнда бір айта кетерлігі, байқау барысынан дәрежеге айырып, жүлдегерлерді анықтау болған жоқ. Себебі, жоғарыда аты аталған жеңімпаздар биылғы оқу жылының аяқталуына орай, орталық алаңда өтетін галаконцертке қатысып, өнерін сынға салады. Нағыз жеңімпаз осы басекеде анықталады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайы бірлесіп өткізетін

«ІЛИЯС ЖӘНЕ ЖАСТАР»

атты Жетісу жастарына арналған әдеби-танымдық байқаудың бағдарламасы және шарттары

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

– Байқаудың басты мақсаты: жастарды Ілияс шығармаларын түсініп оқып, идеясын, мазмұнын, тақырыбын терең тануын, көркемдік әлемін жете білуге, бағалауға ынталандыру;

– Дүлдүл ақын І. Жансүгіров жастықты жеріне жеткізе жырлап өткен. Жастыққа тән сұлулық, инабаттылық, ізеттілік, арман, үміт, өнерпаздық, күрескерлік, ерлік, қайсарлық – бәрін содан табуға болады.

– Таңымдық байқаудың келесі мақсаты – Ілияс шығармаларының өзегіне жастардың өзін енгізу арқылы өздерін өздеріне таныту, ұлылықтың ұрпақтан ұрпаққа жасайтынын насихаттау;

– Ақын шығармаларындағы ұлттық сана, ұлттық менталитет концепциясына бойлатып, оның нағыз ұлт ақыны екеніне назар аударту;

– Ілияс – стилист, өз мектебі бар ақын болғандықтан, оның жаңашылдығын іздеп табуға, талғанын тындаушыларына жеткізуге мүмкіндік туғызу;

– Ілияс ауамалы-төкпелі заманда өмір сүргендіктен құбылмалы мінезді адамдарын сынап, уақыт талабына қарай тәрбиелеуге тырысты. Жастарға сондай сын-сықақ, фельетондарын оқытып, орындату нәтижесінде кейіпкерін сахналық жағынан дәл бейнелеуге, мінез-құбылысын айнытпай көрсетуге, ақын заманын бастан кешіруге күш салу;

– Ақын әдебиеттің бар жанрына қалам тербеп, халқының рухани талап-тілегіне жанкештілікпен тер төккеніне жастардың көзін жеткізу;

– Ұлт мектептерінде, колледждерде мемлекеттік тілді меңгеру бағдарламасы негізінде Ілияс шығармаларын оқып-үйренуді жолға қоюға мұрындық болу;

– Дүлдүл ақынның эстетикалық талғамы жоғары, жан-жақты өнер иесі саналатынын насихаттап, өздерінің де сондай болуына ұмтылдыру.

Байқау шарттары

– «Ілияс және жастар» байқауына Жетісу өңірінде (облыс көлемінде) тұратын мектеп оқушылары (10-11 сынып), колледж және жоғары оқу орындары студенттері, жалпы жастар (25 жасқа дейінгі аралықта) қатыса алады;

– Үміткерлер орындап тұрған шығармаларының кейіпкерлеріне ұқсап киінуі, сөйлеуі, іс-әрекеті, мінез-құлқын дәл жеткізуі талап етіледі;

– Байқауға қатысушылар орындап тұрған мәтінін жатқа білуге, мәнеріне келтіре оқуға, өнді өз дауысымен (фонограмма пайдаланылмайды) шырқап, күйді нотасыз орындауы қажет;

– Үміткер Ілияс Жансүгіровтің кемінде 5 өленін, бір поэмасынан үзінді жаттап келуге міндетті;

– Байқауға қатысушы жыр құлагерінің лирикалары, поэмалары, сын-сықақтары, романдарынан үзінділер жаттап, сүйіп тыңдаған әндері мен күйлерін де орындау додасына қатысамын десе нұр үстіне нұр;

– Үміткерлер Ілиястың жастар жайлы жазылған туындыларын оқып, жатқа орындауға ұсынылған шығармаларымен шектеулі міндетті емес, басқа туындыларынан өзін қызықтырған үзінділер тауып қажетіне жаратуларына болады;

– Байқауға жоғары және арнайы орта білім беру оқу орындарының студенттері, орта мектептің жоғары сынып оқушылары (9-11), жалпы 25 жасқа дейінгі облыс жастары қатыса алады.

– Қатысуға ниет білдіргендер өтініш-тілегін мына мекенжайға берулері тиіс:

Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 239 үй.
Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайы.
Тел.:27-06-56.
Өтетін орны: **І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы.**
Өтетін уақыты: **2009 жылдың 22 сәуірі.**

Қатысамын деушілер аудандық(қалалық) тіл және мәдениет бөліміне хабарласуы керек.

Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайы тарапынан өткізілетін облыстық әдеби-танымдық байқаудың жеңімпаздары төмендегі номинациялар бойынша диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

I. Ілияс Жансүгіровтің жастарға арналған жырларын, өңгіме-романдары, пьеса, поэмаларындағы жастардың өмірін бейнелейтін үзінділерді жатқа айту сайысы.

II. Жыр құлагері – Ілияс Жансүгіровке арнаған өз өленderін оқу (Таңдаулы өленderдің арнайы жинаққа енгізіледі).

III. Ілияс Жансүгіровтің шығармасы бойынша сахналық шеберлік жарысы.

IV. Ілияс Жансүгіров сүйіп тыңдаған халық әндері мен күйлері және «Құлагер» поэмасының кейіпкері Ақан сері әндерін орындау шеберлігі.

V. Жастар Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы жайлы не біледі?

● ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Тісім сау болсын десеңіз...

Кариес, тіс жегі құрт – тіс ауруларының көп тараған түрі. Тіс жегі құрт тіс шыға бастағанан-ақ пайда бола бастайды. Ол жанадан калыптасып келе жатқан жас буынның ағзасына да, үлкендерге де әсерін тигізбей коймайды. Тістің карнес ауруы мыстық, сыққа шыдатпай адамның жүйке жүйесінің де ауруын қолдырады. Тіс жегісінің ауыз қуысындағы шырышты қабықтың қабынуы және қызыл иек ауруларының алдын алудың өте тиімді құралы – ауыз қуысын таза ұстау. Тіс шеткасын дұрыс пайдалана білу керек. Алдымен тіске тігімен, қызыл иектен тістің жағына қарай тазалайды және таза ұстауды жас кезінен калыптастырған жөн. Тіс ауруының алдын алу үшін жылына екі рет дәрігерге көрініп тұру керек. Ауыл адамдары арасында тістері карнес, канжел, канкұрт ауруларына шалдығушылар көбеюде. Ол суда фтордың аз болғанынан және ауылдық жерде тіс дәрігерінің жоктығынан өз уақытында стоматологиялық көмек көрсетілмеуінің салдарынан тумадан отыр. Тіс ауруы, әсіресе, жүкті әйелдерге зиян. Болашак ана дені сау нәрестеэкелем десе, ауруды алдын ала болдырмау үшін дәрігерге дер кезінде каралып тұруы керек.

Ем-домның басы – ауыз тазалығы. Тісті дұрыс тазалау, тамактан соң міндетті түрде ауыз шаюды әдетке айналдырған жөн. Ауызды дәрілік шөптермен шайған да өте пайдалы. Күнделікті тіс тазалауды ұмытпай, А, В, С, Д витаминдері мен кальций, фосфор, калийі бар тамактарды ішуді әдетке айналдырыңыз.

Алтынай ДОСЫМБЕКОВА,
Тасашы дәрігерлік амбулаториясының дәрігері.
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Өндірістік әдіспен сойылып, тоңазытылған сиыр ГОСТ 779-55 және қой ГОСТ 1935-55 етін сатамыз.
Мекенжай: Астана к., Иманбаев көшесі, 5 «А». «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ. Тел/факс: 8/7172/ 411-854, ұялы: 8 777 182 23 23. e-mail: Bake83-83-83@mail.ru. Алматы к., Полежаев көшесі, 92 «А», тел/факс: 233-27-57, 233-27-61, ұялы: 87054606010.

Талдықорған қаласындағы ЖК «Байтумакова» өзінің таратылатындығын жариялайды.

Көксу ауданының Талапты орта мектебі Байсбаев Ержан Кенжасарұлына 1992 жылы берген № А 221719 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

1. «Компания «ФудМастер» АҚ-на Алматы облысындағы жұмысқа қажет:
Техникалық директор.
Талаптар: жоғары кәсіби (техникалық немесе инженердік-техникалық) білім және басқарушы лауазымдағы бағыты сәйкес келетін кәсіпорын саласындағы 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.
«Компания «ФудМастер» АҚ-ына мына мекенжай бойынша хабарласу керек: Алматы облысы, Есік қаласы, Амангелді көшесі, 144.
(«Компания «ФудМастер» АҚ-ы үшін) белгісімен түйіндемені «Компания «ФудМастер» АҚ-ына 7(72775) 4-14-99 немесе 8(727) 244-60-06 тел/факсіне, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26 (404-бөлме) немесе 8 (7282) 27-08-34 мекенжайы бойынша Алматы облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жіберу керек.

2. «Компания «ФудМастер-Трэйд» ЖШС-іне Алматы облысындағы жұмыс үшін қажет:
Бас директор.
Талаптар: жоғары кәсіби (техникалық немесе инженерлік-техникалық) білім және басқарушы лауазымдағы бағыты сәйкес келетін кәсіпорын саласындағы 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.
«Компания «ФудМастер-Трэйд» ЖШС-іне мына мекенжай бойынша хабарласу керек: Алматы облысы, Талгар ауданы, Гүлдала ауылы, Рысқұлов даңғылы, 1.
(«Компания «ФудМастер-Трэйд» ЖШС-і үшін) белгісімен түйіндемені «Компания «ФудМастер-Трэйд» ЖШС-іне 8(727) 244-60-06 тел/факсіне, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26 (404-бөлме) немесе 8 (7282) 27-08-34 мекенжайы бойынша Алматы облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жіберу керек.

3. «Международченск Агро» ЖШС-іне Алматы облысындағы жұмыс үшін қажет:
1. Бас агроном.
Талаптар: жоғары кәсіби (техникалық) білім және мамандығы бойынша басқарушы лауазымда бағыты сәйкес келетін кәсіпорындағы 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі. «Международченск Агро» ЖШС-іне Алматы облысы, Іле ауданы, Международченское ауылы, Ленин даңғылы, 1 мекенжайы бойынша хабарласу керек.
2. Бөлім бастығы (ауыл шаруашылығында).
Талаптар: жоғары кәсіби (техникалық) білім және сәйкес келетін мамандық бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі. «Международченск Агро» ЖШС-іне Алматы облысы, Іле ауданы, Международченское ауылы, Ленин даңғылы, 1 мекенжайы бойынша хабарласу керек.
(«Международченск-Агро» ЖШС-і үшін) белгісімен түйіндемені «Международченск-Агро» ЖШС-іне 7 (72752)46-3-46 немесе 8(727) 244-60-06 тел/факсіне, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26 (404-бөлме) немесе 8 (7282) 27-08-34 мекенжайы бойынша Алматы облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жіберу керек.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған макала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік бетпен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Жұматай ӘМІРЕЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 413. ТАРАЛЫМЫ — 34975. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұшқыр және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфилова — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

● ҚАЛАМГЕР КЕЛБЕТІ

Еліміздің рухани байлығын молайту жолындағы жемісті еңбегімен бірге жеке шығармашылықпен үзбей айналысқан Түрлыбек Ілиясұлы бүгінде қазақ әдебиетіндегі өзіндік орыны бар талантты жазушыларымыздың бірі. Белгілі қаламгердің 15-ке тарта (әңгіме, повесть, роман, сын, зерттеу) кітабы жарық көріп, оқырмандар ықыласына бөленді.


Т. Мәмесейіт – өз тақырыбын тапқан қаламгер. Олай дейтініміз – тауды өңірде, малды ауылда туып-өскен Түрлыбекті сол таудың тамылжыған табиғаты мен тау жайлаған қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі, өмірлік әрекеттері, олардың заманы оқиғаларға толы қилы тағдырлары қызықтырды. Ол алғашқы әңгімелерінен бастап күні бүгінге дейін сол туған жері мен өскен елін талмай жырлап келеді. Жазушының «Бетөрамал», «Түсіме тау кіреді», «Бесік пен несіп», «Әулиешоқы», «Тектіңің кегі», «Тау», т.б. кітаптарында туған жердің әсем табиғаты мен өскен елге деген қапысыз құштарлығы шынайы суреттелсе, «Қарқара көтерілісі», «Жасым түскен маусым» атты повестері мен «Таңжарық» роман-дилогиясында тау жайлаған Жетісу елінің өткен тарихы мен тағдыр-талайы (1916-1930 ж.ж. арасы) тебіреністен баяндалады.

Қаламгер шығармалары ТМД елдерінің кейбір тілдеріне аударылды. «Плач охотника» атты кітабы орысша жарық көрді. Ал «Таңжарық» романы Қытайдан басылып шықты.

Т. Мәмесейіт әдебиет сыншысы, зерттеушісі ретінде де оқырмандарға жақсы танымал. Оның «Тоғысқан толқын», «Зерделілік айнасы», «Дидар» атты кітаптарында ұлттық әдебиетіміздің өсу-өркендеу жолдары, даму бағыттары жан-жақты сараланған. Ал «Еділ елдің әуені» кітабында қазақ-қырғыз әдеби байланысы зерделенсе, «Шерхан Мұртаза» атты эссе-зерттеуінде Халық жазушысының шығармашылық өмір жолы баяндалады. Әдебиеттегі осындай зерттеушілігін ғылымға ұластырып, филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді.

Халықаралық Жамбыл атындағы және «Алаш» сыйлықтарының лауреаты Т. Мәмесейіт бүгінде шығармашылық толысқан шағында.

Елордамыздың өткен мерекесінде «Астананың 10 жылдығы» медалімен наградталды.



Жан-жүрегі кіршіксіз суреткер

Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ,
«Жетісу»

Түрлыбек Ілиясұлы Мәмесейіт – 1949 жылы 17 ақпанда Хантәңірі қойнауында (Алматы облысы, Нарынқол ауданы) дүниеге келген. 1975 жылы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірді. Еңбек жолын Алматы облыстық «Жетісу» газетінен бастаған (1974 – 1976ж.ж.) ол 1977 жылдан бері бірыңғай баспа (кітап шығару) саласында қызмет істеп келеді. Республикалық «Жазушы», «Өнер», «Рауан», «Атамұра» баспаларында редактор, жетекші редактор, редакция меңгерушісі, бас редактор қызметтерін атқарды.

2001 жылдан Астанадағы жаңа ашылған мемлекеттік «Елорда» баспасында бас редактор, ал 2008 жылдан Астана-Полиграфия АҚ «Баспа» басқармасының бас редакторы.

Теңізге түскен кеме қашан да жағалауға оралуға құштар. Мұхиттың дүлей дауылдарында апатқа ұшырамай, кемешілер алпауыт толқындардың астында алпыс екі айланы пайдаланып, бойдағы шыбын жанын шүберекке түйіп, арпалыста жеңіске жетеді.

Жігер мен үміт оты тұтанғанда адам бойындағы сіз екеуіміз білмейтін дүлей күшпен тайталасқанда жеңбейтін күдіретті тауып көр. Түрлыбектің де өмір жолы тайталасқа толы болды. Кешегі Алматыға келген Маша мен Марусялардың босағасында өткен мұңды күндер, қаражаттың алақанға түсе бермейтін тапшылығы қыспаққа алған кездерде бірге вагон-вагон көмір мен «Винзаводтың» қорап-қорап жүгін тиеп, түсірген күндерімізді қайтіп ұмытамыз. Таңдайға татымайтын мардымсыз тиын-тебен көңіл аулауға ғана жарайтын. Сол жылдардың маңдайға соққан тауқыметіне тізе бүкпей, қайта қуаттанып қаламын қолынан түсірген емес. Керісінше, қара шайды қуат етіп, қалам жорғалатып отырғанының үстінен сан кездестім. Сонша жаның қинап мұның не дегенімде: «Тағдыр салды, біз көндік. Әрбір күнгі ашы тердің тәтті дәмі болатынын ұмытпа» деуші еді сабырлы ғана. Кейде біздің пәтерді іздеп келіп «Бірдемелерің бар ма?» деп үйіре соғатын. Бізде қайбір ақ май ағып жатты дейсің. Қоқыртөбел күнкөріс. Кейде тіптен балаларға сүт әперуге жағдайымыз келмей қалатын. Әркімнің босағасында пәтерден пәтер жалдап жатқан нағыз көшпенділерміз. Әйтеуір үкілі үмітімізді үзбей, көк теңіз үстіндегі сеңделіп қалған кемедей жылтыраған сәулеге жетуге ұмтылып жүрген сәтіміз еді.

Әлемде қалыптасқан байлықтың жаңартауы бар. Бір елдің мұнайы суша ағады. Енді бір елдің алтын-күмісі базар наркын бұзады. Байтақ қазақ елінің байлығы да алқымға дейін кернеп тұр. Сарқылмас жер байлығы – ел ырысы. Алқасқы әлемге танылған біртуар тұлғалары Абайы мен Жамбылы, Махамбеті мен Мағжаны рухани байлығымыздың қайнар көзі емес пе? Әдебиет айдынындағы бір ғана Мұхтар әлемінде қазақтың биік парасаты жатыр. Аққуды әнмен қайырған қазақтың Нұрғисасы әр отбасының жүрегінде. Сиқырлы сазды әуені сәбидің бесігін тербетіп, әр шаңырақты шаттыққа бөлеуде. Алақандай аспантаулар аясында зерделі сөздің зергері Бердібектің, мұзарт шыңның мұзбалағы Мұқағалидың туып-өскен топырағында дүниеге келген бала жасынан әдебиет әлемінің құдіретті құпиясына аяқ басып, сыр сандығын ақтарып келе жатқан азаматтың бірі, бүгінгі әңгімемнің кейіпкері Түрлыбек Мәмесейіттің де өмірі өнегеге толы. Өзінің болмысында дархан даласындай кең, асқар тауындай биік, мөлдір бұлағындай тұнық, аузын ашса жүрегі көрінетін таза жан. Жалындаған жастық шағынан арманын асқар шыңға өрлетіп, қиялын қияға ұшырған тау баласы табиғатына сай талпынысы мен таланты арқылы сыншы, жазушы-драматург, қарымды қаламгер, білікті басшы деңгейіне дейін көтерілді.

Заманымыз ортақ, талабымыз бір болғандықтан уақыт тасқынында кеудемізді керіп тастап, ағысқа қарсы бірге жүздік. Өзекті өмірден үндестік тауып, қатардан қалмауға тырыстық. Қоғам тынысын сезіп, уақыт көшімен бірге ілесе жүрдік. Бірде аш, бірде тоқ, бірде бар, бірде жоқ жастықтың жалынды күндерін бірге өткердік. Татарка мен Турчатниктің әр көшелерін аралап, иттерін шулатып, әркімнің босағасына кіріптар болдық. Әр Алтайдың оғланы Оралханның тілімен айтсақ, «Мықтылардың мысы, Алматының ысы басқан» аулаларда күн кештік.

Пәтер иелері қолымыздағы баланы көргенде қақласына жақындатпай, әзірейіл көргендей кеудемізден итерген сол күндер бүгіндері ертегі сияқты.

Алпыстың асқарына табан тіреген Түрлыбектің мінезі де ешкімге ұқсамайды, ерекше жаратылған. Бойында биязылық басым, жүрегі таза, жаны нәзік, ұя бұзбастың өзі. Артық сөз, асып-тасу, кеуде соғу жоқ. Бір жүрген маңғаз. Құдды өмірлік ұстанымы, хакім Абайша айтсақ, «Ақырын жүріп анық бас» сияқты. Өзіне тән күлкісі бар, сәл жымиса жүзі шырайланып шыға келеді. Өзім деген адамға жайылып жастық, иіліп төсек болады. Содан болар, өз ортасында лайықты құрметі бар, ілтипат-ізеттен бір сәт айырылған емес. Кеудесі толған сыр сандық. Оны да бей-берекет аша бермейді. Тектілігінің тамыры тереңде. Жағымпаздық, жылпостыққа жаны қас. Өзінен зорды көрсе жаны қалмай жалпақтап, құлдық ұрып, құбылып жүретіндерді суқаны сүймейді. Барға масаттанбайды, жоққа күйзеліп, күңіренбейді. Мұқағали ағасы айтқандай, «Барға ырза, жоққа сабыр» қылып, әрбір ісіне шүкіршілікпен қарайды. Көп тоқып, көп оқығандығы болар, тілге шешен, сөзге бай. Әңгімеңің де дәмін кіргізіп айта біледі. Сөйлескен адамының ықыласын тез танып, зейін қойып, оның да асыл қазынасынан сусындауға құмартып тұрады. Шежіре кеуде Түрлыбек аспантаулар аясындағы бұлдіргені жүректей, балдырғаны білектей, бұлағынан сүт ақдан киелі топыраққа түскен асыл дән. Атағы аймақтың асылдарымен етене араласа жүріп, қамқорлығын көрді. Түрлыбекке жақын Қойдым ағамыз бен Таңжарықтың айтысы әлі де ел аузында. Жалынды жастығын Нарынқол, Кеген, Жалаңаш өлкесінде өткізген Таңжарықтың нөсерлі өлеңдері жазушыға қалам тартқызбай қойған жоқ. Ақын:

Ей, қалқам, тоты құстың
түріндейсің,
Жайқалған бәйшешектің
гүліндейсің.
Сипатың тауыс пенен
сандуғаштай,
Изеннің жаңа шыққан
бүріндейсің.
Ақылың машинаның
шәрлегіндей,
Көңілің көтеріліп дүрілдейсің.
Қылығың қырға шыққан
қыргауылдай,
Көргенде дидарымды
күлімдейсің.
Дауысың жез сырнайдың
әуеніндей,
Сөйлеген гармон, баян
тіліндейсің.

Қазақ қызының бекзат бейнесін нақышына жеткізе жырлаған ақынның ішкі жан дүниесі де сырға толы талант Түрлыбек зердесінде роман болып түлеген. Таңжарықтың тотының түбіндей мақпал сезімі жыр болып төгілген. Қазақ үшін өткен ауыр тағдырдың көрінісі

103-ТЕГІ ҚАРИЯ ДАУЫС БЕРДІ

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ. Қазақстан Республикасының президент сайлауы жазиралы Жаркент өңірінде де түрғындардың үлкен белсенділігімен өтті. Аудандағы сайлауға қатысатын 61607 адамның 99,4 пайызы уақыт оздырмай сайлау учаскелеріне келіп, Қазақстанның болашағы үшін өз таңдауын жасады.

Жетісу

Мырзағали НҰРСЕЙІТОВ

Ауданның барлық сайлау учаскесіне бұл күні таңғы сағат 7-ден бастап халық келе бастады. Учаскелерде сайлау бюллетеньдерін тарататын қызметкерлер мен бақылаушылар аралық орындарға жайғасып, саяси науқанның мүлтіксіз өтуін қамтамасыз етті. Сонымен қатар, учаскелерде мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Орталық сайлау учаскесінен алған мәліметімізге қарағанда, өңір халқының 80 пайызынан астамы түске дейін өздері тіркелген сайлау учаскесіне келіп, дауыстарын берді. Ал кешкі сағат 20.00-де тізімделген сайлаушылардың 61238-і саяси науқанға қатысқаны белгілі болды. Қашан да жан сергектігімен, саяси белсенділігімен ерекшеленетін Жаркент жұрты президент сайлауында да ауызбірлік, ұйымшылдық танытты.

Сайлау барысында учаскеге өз аяғымен келе алмайтын карттар мен мүгедектер және шалғай мал жайылымдарында тұратын сайлаушыларға сайлау комиссиясы арнайы көліктер ұйымдастырып, дауыс беретін бюллетеньдерін жеткізді.

Сондай жандардың бірі Ават ауылында тұратын 99 жастағы Қуанқыз Ғафуровнаның үйіне барып, дауыс беруге мүмкіндік жасаған сайлау комиссиясы мүшелері қарт ананың алғысын арқалады. Ал Жаркент қаласында тұратын 103 жастағы Әлиакпар Өмірзақов қария немересі Жәмиланың сүйемелдеуімен төсегінен тұрып, сайлау жәшігіне бюллетенін өз қолымен салды. Бүгінде өзінен өрбіген ұрпағынан 7 немере, 20 шөбере, 3 шөпшек көрген ақсақалға №603 Жаркент учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Резайдин Айсаев аудандағы ең қарт сайлаушы ретінде құрмет көрсетіп, шапан жауып, гасырдан озған қарияның ақ батасын алды.



Ал дүйсенбі күні ҚР Президенттігіне кандидат Н. Назарбаевты қолдау мақсатында Панфилов аудандық қоғамдық штабының ұйымдастыруымен «Елбасы жеңісі – ел жеңісі» деген тақырыпта жиын өткізілді. Аудандық Мәдениет үйінің алдындағы алаңда өткізілген бұл жиынға «Нұр Отан» ХДП және оның «Жастар қанатының» мүшелері, басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиынды штаб төрағасы, «Нұр Отан» ХДП Панфилов аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ермек Нұрахметов кіріспе сөз сөйлеп ашып, «Елбасымыз көш бастаған 20 жыл толайым табыстар мен зор жетістіктерге толы болды. Қазақ халқының сан ғасырлық арманы іске асып, тәуелсіз мемлекет құрып, бүкіл елді көк туымыздың астына біріктірген Нұрсұлтан Назарбаевтың қажырлы еңбегін халық мойындады», – деп сайлауда Қазақстанның тұңғыш Президентінің жеңіске жеткенін жариялады.

Осындай қуанышты лебіздерді жиында жұрт алдына шығып сөз сөйлеген аудандық мәслихаттың хатшысы Т. Оспанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Үшбаев, мұғалім И. Мейер, колледж студенті С. Барат, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы С. Піскенбаев ерекше шаттық сезіммен жеткізді. Әр сөйлеушіден кейін әсем ән әуелетіп, би билеген аудан өнерпаздары шараға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Жаркент өңірі сайлаушыларының 97,7 пайызы Нұрсұлтан Әбішұлын қолдап дауыс берді. Саяси оқиғаға белсенділікпен атсалысқан аудан жұрты ынтымағы жарасқан, сергек сезімді ел екенін танытты.

Әкім поштасынан

Жан-жақты қамқорлық нәтижесі

Облыс әкімі Серік Үмбетовтің атына VII қысқы Азия ойындарының жүлдегерлерінен Алғыс хат келіп түсті. Онда былай деп жазылған:

Құрметті Серік Әбікенұлы!

Спортты қолдап, жан-жақты назар аударып отырғандығыңызға өзіміздің алғысымызды білдіреміз. Дер кезінде жасалған қолдау мен қамқорлық арқасында біздер VII қысқы Азия ойындарына дұрыс дайындала алдық және Алматы облысы мен еліміз үшін 3 алтын мен 1 күміс медальды жеңіп алып, аса табысты өнер көрсеттік.


Біздер өз еліміздің туы астында халықаралық жарыстарға қатысып,үлкен мақтанышпен өнер көрсетіп келеміз және Алматы облысының мәртебесін асырып жүрміз. Сочиде 2014 жылы өтетін қысқы Олимпиадалық ойындарға да барлық күшіміз бен жігерімізді жұмсай отырып, дайындалудамыз. Сіз жігерімізді жұмсай отырып, дайындалудамыз. Сіз жігерімізді жұмсай отырып, дайындалудамыз және бүкіл еліміздің жанкүйерлері артын отырған сенімді ақтауға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Құрметпен: Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері және Азия ойындарының чемпионы Елена Хрусталева, Азия ойындарының чемпионы Диас Кенешов, биатлоннан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы В. Смирнов, биатлоннан Алматы облысының аға жаттықтырушысы Н. Зеленков.

Мәдени мұра

МҰРАЖАЙ ІШІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Өткен демалыс күні облыс әкімі Серік Үмбетов қаламыздағы І. Жансүгіров әдеби музейінде болды. Облыс басшысымен бірге облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов, облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиян Сүлейменова да музейдің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.



Жетісу

Қажет АНДАС

І. Жансүгіровтің әдеби мұражайы 1984 жылы ақынның туғанына 90 жыл толуына орай ашылған. Жалпы көлемі 268 шаршы метрді алып жатқан нысан XIX ғасырдағы сәулет өнерінің үлгісінде салынған бірден-бір ескерткіш. Сондықтан мемлекеттің қорғауына алынған. Жалпы 6 бөлімнен тұратын мұражай қорында 6053 жәдігер бар. Жылына 3 мыңнан аса көрермен тамашалау мүмкіндігін алады. Өткен жылы облыс басшысы мұражайдың көркемдік-безендіру жұмыстарына 3 млн. 500 мың теңге қаржы бөлді. Осы қаражаттың арқасында мұражай іші толықтай жаңарды. Кіре берістегі ақын шығармалары негізінде жергілікті суретшілер салған картина бірден көз тартады. Сондай-ақ, экспонаттар жаңартылып, жаңжағы безендірілді. Әсіресе, ақынның «Құлагер» поэмасы негізінде жасалған диорамасы сәтті шыққан. Мұражай толық аралап, ондағы жәдігерлердің тарихымен қанықкан өңір басшысы атқарылған жұмыстарға жоғары бағасын берді.

– *Биыл Ақсу ауданының 80 жылдығы. Алыс-жақыннан тойға келген қауым ең алдымен осы Ілияс ақынның ескерткішіне тәу етіп аттанады. Өйткені, бұл мұражай облысымыздың, тіпті түтас қазақ халқының тарихи орны саналады. Көріп түрсыздар, өткен жылы бөлінген қаржы орнына жұмсалып, мұражайдың сәулеті арта түскен,* – деді ол.

Өз ретінде І. Жансүгіров әдеби мұражайының директоры Егеубек Далбағаев облыс әкімінің көмегіне ризашылығын білдіре келіп, өтінішін де айтып қалды. Бұл өтінішті қабыл алған облыс әкімі оның орындалуына көмектесетінін білдірді. Сәтін салса, биыл мұражайдың жылу жүйесі жаңартылып, сыртқы келбеті өңделетін болады. Тағы бір айта кетер жаңалық, бұрын облыстық халық шығармашылығы орталығының басқаруында болып келген мұражай биылдан бастап облыс әкімінің шешімімен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын болып құрылды.

Облыс әкімі облыстағы барлық мұражайды назардан тыс қалдырмайды. Бүгінгі таңда Жетісу жерінде 21 мұражай мен 2 галерея бар. Оның бәрі де жаңартылады. Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетовтің айтуынша, Жамбыл ауданындағы Жамбыл бабамызға арналған мұражай қайта жаңғыртылды, ал Райымбектегі Мұқағалиға арналған мұражайды жөндеу жұмысы алдағы мамырда аяқталады. Ақсу ауылдарындағы тарихи-өлкетану мұражайлары жөндеу үстінде. Алтынемелдегі Шоқан Уәлиханов мемориалды мұражайы да өз деңгейінде жұмыс атқаруда. Келесі кезекте Райымбектегі Кеген және Ақсудағы Ақын Сара мұражайларын күрделі жөндеуден өткізудің жобасы әзірленуде. Жаркент мештінің де жайы күн тәртібінде тұр.

ЖОҒАРЫ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Жетісу

Ілияс ЖҮНІС

ІЛЕ АУДАНЫ. Бұл сайлау өткен сайлауларға қарағанда ерекше, өзгеше болды ма дерсің. Неге дегенде, қай жағынан алғанда да көңілдегі көп сұраққа кезектен тыс президенттік сайлауға дайындық барысында нақты жауаптар алғандай едік.

«Уақыт тым қысқа, үлгереміз бе, жоқ па?» – деп ешкім де қол қусырып қарап отырмаған сияқты. Осыдан 3-4 күн бұрын сайлау учаскелерінің дайындығын, сайлаушылардың көңіл-күйін білмек ниетпен Байсеркеге, Жетіген ауылдық округтері мен Өтеген батыр кентіндегі бірқатар сайлау учаскелерінде болған едік. Байқалғаны, алдағы сайлауға сақадай сай дайын отырғандықтары. Байсерке ауылындағы № 12 мектеп ұжымы бұл сайлауға ерекше мән беріп отырғандығын баса көрсеткен болатын. Бөле-жарары жоқ, әрбір сайлау учаскелері қажетті құрал-жабдықтармен алдын ала толық жабдықталған. Науқан қарсаңында сайлау учаскелері орналасқан көшелерде, үй аулаларында айтарлықтай тазалық жұмыстары жүргізілген. Жинақылық пен реттілік қай ауылға барсаңыз да бірден көзге шалынады.

Сайлау комиссиясы мүшелерінің айтуына қарағанда, үгіт-насихат барысында ел президенттігінен үміткерлердің бәріне дерлік тең құқық берілген. Бұл да сайлаудың жоғары деңгейде өтуіне толық мүмкіндік берері анық еді.

Сонымен, 3 сәуірде ауа райының күрт құбылып, таңертең жаңбыр, ал түске қарай қардың борағанына қарамастан сайлаушылар өздерінің сайлау учаскелеріне қарай ағылды. Біз де өзіміз дауыс беріп болған соң бірнеше сайлау учаскелеріне бас сұққан едік. Ең қуаныштысы, заң бұзушылық байқалған жоқ. Сайлаудың барысын бақылаушылар да осындай қорытындыға келді. Есесіне, қай сайлаушыны әңгімеге тарта қалсаңыз да елдегі саяси-экономикалық үрдіске, тұрақтылық пен мызғымас халықтар достығына, ардагерлер мен зейнеткерлерге жасалып жатқан қамқорлыққа, жастардың жарқын болашағына дауыс беріп жатқандығын айтады. Яғни, Елбасымыздың жүргізіп жатқан саяси-экономикалық реформаларына қолдау көрсететіндіктерін ашық айтты. Ал «сайлаудың нәтижесі қалай болды» деген сұраққа келер болсақ, аудан бойынша бұл күні 62 сайлау учаскесінде 86773 сайлаушының 84949-ы қатысып, өз қалауларын жасады. Яғни, бұл жалпы сайлаушылардың 97,9 пайызын құрайды.

Ел үміті ақталады

Жетісу жұртшылығының кезектен тыс Президент сайлауына біркісідей және үлкен үмітпен қатысқанын теледидардан тамашаладық және өзіміз барған сайлау учаскелерінде көзімізбен көрдік. Расын айту керек, күні кешегі сайлау барысы ойдағыдай өтті.

Тәртіп пен талап, құлшыныс пен ынта бар жерде барлығының ретімен жүзеге асатыны нақты көрінісін тапты. Бақылаушылар тарапынан да ешқандай ескертпе жасалмады. Өз еліміздегі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардан жасақталғандарды айтпағанда, халықаралық бақылаушылардың өздері сайлаудың асқан ұйымшылдықпен әрі жоғары деңгейде өткенін мойындап, таңданыстарын жасырмауда.

Көппен бірге сайлау учаскесіне барғанымда замандастарымның барлығына жуығы өз таңдауларын ашық білдіріп, ешбір толқымастан таңдауларын ел болашағын ойлайтын адаммен байланыстырып отырғанын байқадым. Соған қарағанда, халық соңғы жиырма жылдағы оң өзгерістерді лайықты бағалап, алдағы кездегі елдің өркендеуіне сындарлы түрде сенім артып отыр. Дәл қазіргі кездегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен халықаралық деңгейдегі мәртебесінің асқақтап отырғанын көргендер өз үміттерінің ақталатындығына кәміл сенеді.

Гүлжазира САДАБАЕВА,
Көксу аудандық сотының судьясы.

Елбасы жеңісі – ел жеңісі

Жетісу

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын ойдағыдай өткізген Жамбыл ауданы жұртшылығының басым көпшілігі Елбасын жақтап дауыс берді. Учаскелік сайлау комиссиялары хаттамаларының негізгі қорытындысы бойынша аудандағы 55778 сайлаушының 55338 немесе 98,8 пайызының маңызы зор саяси шараға қатысқаны анықталды. Олардың 54977-сі, яғни 99,8 пайызы Нұрсұлтан Назарбаевқа, 0,09 пайызы Мәлс Елеусізовке, 0,06 пайызы Ғани Қасымовқа, 0,04 пайызы Жамбыл Ахметбековке сенім білдірген.

Сайлау қарсаңында халықаралық бақылаушы ретінде Ресейден келген 6 өкіл дайындық жұмыстарымен танысып, учаскелік сайлау комиссияларының бірқатарын аралап шыққан еді.

Сәуірдің 4-і күні «Нұр Отан» ХДП Жамбыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен Қарасай батыр атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Елбасы жеңісі – ел жеңісі» атты кең көлемді салтанатты митинг өткізілді. Оған мемлекеттік қызметкерлер, еңбек ардагерлері, аудан орталығындағы бес мектептің оқушылары мен ұстаздар ұжымы, жалпы көпшілік өкілдері қатысты.

Митингті «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Балтабек Досмұхамбет құттықтау сөзімен ашып, партияның сайлау өткізу барысында қол жеткізген жетістіктерінің маңыздылығына тоқталды. Сонымен бірге, Президенттің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты сайлауалды бағдарламасына арқау болған басым бағыттарды атап өтті.

Салтанатта Абай атындағы мектеп гимназиясының директоры Бибіхан Сакеева, қарғалылық ардагер ұстаз Виктор Никитин, түрік этномәдени орталығының төрағасы Ансар Зюбов, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебі директорының орынбасары Әлия Зейноллаева, «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі Айдана Тынышбаева құттықтау сөз сөйлеп, демократиялық құндылықтарымызды жарқырата көрсеткен аудан сайлаушыларының жеңісіне жоғары баға берді.

Митинг соңы мерекелік концертке ұласты.

Бақылаушылар бағасы жоғары

Қай адамның болсын өмірінде маңызы айрықша таңдау жасау қажеттігі туындайтын кездер болады. Талдықорған қаласының 9-алаңы мен «Шығыс» шағын ауданында, осы аттас ауылда тірлік кешіп жатқан тұрғындардың да мұндай сәтке үлкен жауапкершілікпен қарағандығы айқын байқалып тұрды. Олай дейтініміз, таңертеңгі мезгілден бастап №15 орта мектепте орналасқан екі бірдей сайлау учаскесіне қарай ағылған жұртшылық қатары қас қарайғанға дейін толастаған жоқ.

– Дауыс беруге келгендер қатары көп болғанымен бәрі ретімен жүргізілуде. Туындаған кішігірім мәселелердің барлығы сол сәтте дерлік шешімін тауып жатыр. Осылай жалғаса береді деп ойлаймын, – дейді № 896 сайлау учаскесінің төрағасы Алматай Оңғаров. Сайлау барысын қадағалап отырған «Қазақстан Республикасы президентінің кезектен тыс сайлауын бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Лариса Желдикова мен «Азат» ЖСДП өкілі Ринат Нұрпейісов, «Нұр Отан» партиясынан Ғалия Молдахановалар да дауыс беру процесінің демократиялық түрғыда әділ өтіп жатқанын, ешқандай реніш болмағандығын бірауыздан айтып өтті.

Дәл осындай жағдай № 924 сайлау учаскесінде де қалыптасқан екен. Сайлау учаскесінің төрағасы Александр Сержантов осы уақытқа дейін 400-ге жуық сайлаушының дауыс бергенін, маңызды шараның белгіленген тәртіп бойынша жалғасып жатқанын мәлімдеді. «Азат» партиясынан бақылаушы ретінде қатысып отырған Зоя Гаврилюк пен «нұротандық» Раушан Ержаханова, облыстық ардагерлер кеңесінің өкілі Биғайша Бескенбаевалар да ешқандай заң бұзушылықтың орын алмағандығын, сайлаудың демократиялық түрғыда әділ өтіп жатқандығын ризашылықпен әңгімеледі.

ЕҚЫҰ-дан бақылаушы болып келген Андреа Моканудың әңгімеге тартқанымызда да ол сайлау барысына көңілі толатындығын жайып салды. Қазақстан топырағына алғаш рет аяқ басып отырған бақылаушы өзіне Астана қаласының ұмытылмас әсер қалдырғанын, Талдықорған қаласының да жайнап тұрғандығын айта келе азаматтардың саяси белсенділігінің жоғары екендігіне таңданып тұрғандығын да жасырмады. «Қазақстанда болған аз ғана уақыттың ішінде биліктің ел заңнамасына сәйкес ашық та әділ сайлау өткізу үшін барлық шараны атқарғанына көз жеткіздім. Сол себепті өткізіліп жатқан сайлауға жоғары баға беруге болады деп ойлаймын» – дейді ол.

Н. ДОДАБАЙҰЛЫ.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы жоғары өрлеу, мерекелік көңіл-күй үрдісінде өтті. Өңірдегі 86 сайлау учаскесінде таңсәріден дауыс үдеткіштерден күмбірлеген күй ойнап, аспанда көңіл тербеткен сазды ән әуеледі. №136 сайлау учаскесі орналасқан Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің залы дауыс беру басталмай жатып-ақ адамға лықа толған. Сайлаудың жоғары деңгейде ұйымшылдықпен өтуіне тілектестік білдіріп келген аудан әкімі Әлихан Тойбаев пен аудандық мәслихат хатшысы Әділбай Талқанбаев осында екен. Жиналғандардың көңілі шат, көтеріңкі.

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚ БОЛҒАН ЖОҚ

Жетісу

Баянды ЗӘКІРОВ

Сағат таңғы жетіні соққанда Қазақстан Республикасының Гимні әуелеп, жиналғандар Елтаңбаға қарап бой түзеп, Гимнді қосыла шырқады. Дауыс беруге келгендердің қарасы тіптен көбейе түсті.

Сайлаудың жоғары деңгейде өтуіне түрлі шетелдік агенттіктер мен ЕҚЫҰ және еліміздегі түрлі партия, тағы басқа да құрылым өкілдері бақылаушы ретінде қатысып, жоғары баға берді. Мәселен, Франция, Италия, Нидерланды, Тәжік мемлекеттерінен, «Азат» партиясынан қатысқан көптеген бақылаушылар ауданның оншақты бақылау учаскелерінде дауыс беру барысындағы халықтың көңіл-күйіне куә болып, сайлаушылардың ұйымшылдығына таңданыстарын да жасырмады. Ең бастысы, сайлау барысында заң бұзушылық, келеңсіз көріністер болған жоқ.

ЖҮЗ ПАЙЫЗ ҚАТЫСТЫ

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ. Үштөбе қаласындағы № 419 сайлау учаскесінде сайлау заң талабына сай өтті. Аталмыш сайлау бөлімшесінде 1239 сайлаушы өз таңдауын жасады, нақтырақ айтар болсақ, тұрғындар осынау маңызды саяси науқанға жүз пайыз қатысты.

Сайлау ерекше мерекелік көңіл-күймен өтті. Таң ата сайлау учаскесінен төгілген әсем әуен барша жұртқа шаттыққа толы күй сыйлап, келген халықтың мерейін өсірді. Сайлауға келгендердің арасында Еңбек Ері Төлеген Құпахметов, Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес одағының Батыры В. Косенков және сәні мен салтанатын жарастырып, ұлттық бас киім – қарқара киген қазақтың ақ әжесі Жамал Құсайынова дауыс беріп, азаматтық парыздарын өтеді.

Учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Назкен Игенбаев бірінші рет дауыс бергендерге азаматтық борыштарын өтегеннен кейін арнайы дайындаған сый-сияпаттарын салтанатты түрде табыс етті. Олардың ішінде №13 орта мектебінің оқушысы Әнуар Сұлтанбеков те бар. Сайлау парақшасына өз таңдауын белгілеген Әнуар бұл мерекенің өзі үшін де, мемлекет үшін де маңызы зор екенін білдіріп, қуанышты күйде екендігін айтты.

Әмір САНА.

ҰЙЫМШЫЛДЫҚ КӨРСЕТТІ

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ. Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс Президент сайлауына аудан халқы қоғам және ел өміріндегі аса маңызды шара ретінде назар аударды.

Жетісу

Қанат БІРЖАНСАЛ

Біз сайлау күні аудан орталығындағы №622 оңтүстік Кеген учаскелік сайлау үйі орналасқан Ө.Жаңабаев атындағы орта мектепте болдық. Сайлау алдында шағын жиын өтті. Жиналған көпшілік алдында қарт сайлаушылар мен жас сайлаушылар сөйледі. Сайлау комиссиясының төрайымы Динара Жетібаева тұрғындарды белсенді дауыс беруге шақырды.

– Бұл шын мәнінде туған Отанымыздағы маңызды кезең. Келешегімізді айқындайтын сындарлы сәт. Сондықтан, бұрынғы қалыптасқан әдетіммен сайлауға ерте келдім. Қазір ғана қалаған кандидатыма дауысымды бердім. Мен туған Отанымыздың гүлденіп, түрленгенін бар жаныммен қалаймын. Сол үшін де дұрыс таңдауымды жасадым деп ойлаймын, – деді сайлаушылардың бірі Дүйсенбай Қайыңбаев.

Аудан орталығындағы №2 Кеген орта мектебі мен №3 Кеген орта мектебіне орналасқан сайлау учаскелеріне де сайлаушылардың көптеп келіп өз таңдауларын жасап жатқанының куәсі болдық.

Сонымен Райымбек ауданы бойынша Қазақстан Республикасының кезектен тыс президент сайлауына сайлаушылардың дені, атап айтқанда 98,4 пайызы қатысты.

Олардың 99,9 пайызы тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыстарын берді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ



Құрметті салымшылар!

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры банктердегі салымдарды қорғайды.

Кепілдік берілген өтемнің сомасы - **бес миллион теңгеге дейі**

Егер Сіздердің депозиттерге кепілдік беру және өтем төлеу шарттары бойынша сұрақтарыңыз болса «шұғыл байланыс» нөміріне хабарласыңыз:

8-800-080-10-20

ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚАЛААРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ТЕГІН

050040, Алматы қаласы, Көктем-3, 21 үй,
тел./факс: 8 (727) 272 05 51

root@kdif.kz, www.kdif.kz

● *Ақсу ауданына – 80 жыл*

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

(Әңгіме)

Қиякты мен Ақсайдың арасы жиырма шақты шақырым. Алыс, жақын деп ауыз ауырту да жөн емес. Мәлике кемпірдің ауылдан шыға берістегі көп шидің бойында отырғанына ет пісірім уақыт өтіп барады. Жыбырлаған көлік көрінбейді. Қарауылға асыла салған арқандай ирек-ирек жол, дәл бүгін жан баласын қабылдамаска біреумен бас тігісіп қойғандай, тымтырыс. Апла-санда үйірілген құйын ғана «тірі». Әп-сәтте жер-дүниені төңкеріп тастардай екіленіп, жан-жағының аппысын қуырып, баржоқты желімен аспанға жеткізердей бұлкынды. Енді бір сәтте мұржадан шыққан түтіндей мың бұралып, көкке өрлейді. Аптап қысып күйдірсе де, дала көк киімін баска түске ауыстырар емес, қайта сағынға оранып, толқындана құлпырады кеп.

– Әлгі байғұс абысын, дәрісін ішіп, сауғып кетсе, кәне, – деп күбірлеген күйі қалтасынан көп орамалын алып, маңдайын сүртті.

Құдай естіп қойды ма, ауыз жақтан шын бұрк етті.

– Көкебайдың трактірінің тіркемесінің үсті де мамық келер, жеткізсе жарады. Тек Қаракөзге бұрылмаса екен...

Жоқ, тракторге ұқсамайды. Көлік болғанда кандай, бұрын-соңды мұндай «кереметті» ауылда бір-екі рет көргені бар. Шымкәй қара. Өктай зулайды. Сөйткенше Мәлике кемпірдің көзі алгіндегі «дой қараның» алдында баласындай томпандаған, үсті-басы көкала, маңдайында алақандай қызыл сары көк көзірі бар, үсті-басы қоңыз мәшинеге түсті. Екеуінің біреуінің шопыры мендей анадан туса, тоқтап ала кететін шығар деп қуана күңілденді. Нығыздай салған кішігірім торын көтере, колын бұлғап жақындап еді, көкала «бала» мәшине тоқтамады. Онымен коймай ішінде отырған қызыл жағалы біреуі ыржия күлді. Мазақтағаны ма, мынаның... Мен сияқты ауылдың кемпірін көрмеп пе? Әлдене деп айқай салуға үлгермеді, қара мәшине қалт тоқтады. Шопыр жігіт шап басыла жерге түсті де:

– Апай, жол болсын, – деді сыпайы үн қатып.

– Аксайға жеткіз, балам. Қаракөзге бұрылмайсың ғой?

– Құп болады.

Мәлике артқы орындыққа отырған сәтте:

– Е, тағы бірі бар екен, – деп күнк етті.

– Есенсіз бе, апай, – деді коныр дауысты, галстук таққан көзілдірікті жігіт бәйек боп.

– Қысылған жоқсыз ба? Көп күттіңіз бе? Мәлике кемпір басын изей ернін жыбырлатты.

– Құдайға шүкір. Мынандай көлікке минген бірінші мен шығармын, – деген сөзін сыбырлай бастап, артын жұтып үлгерді. Көршісі күлімсірей бетін бұрды.

– Хал-жағдайыңыз қалай, апа? – деді бейтаныс таныс адамша өзіне меншіктей сөйлеп.

– Шүкір, балам.

Өлметен соң, пендеміз ғой, жыбыр-жыбыр жүреміз де, – деді карт.

– Иә, өмір деген солай, өзі? – деді галстукті жігіт. «Тізгін ұстаған біреу шығар», – деп түйді Мәлике кемпір. «Оу, бірақ, осындай мәшинеден сал кішісін Бәдігүл марқұмның Әуесі, Сарқытбайдың Нұрболаты, Отарғалидың Оралы да мініп жүрген жоқ па? «Мәзнесменбіз» деп көкірегін соққанда, құдай сақтасын, жер қозғалады. Сондайлардың бірі ме? Бірақ жүзі жылы, сыпайы, инабатты жан екен. Әйтпесе, қаңғып жүрген кемпірді қайтеді. Әу, құдай алдында күнәлар болмайын, әр нәрсе өз уақытымен ғой... Десек те...».

– Бәке, мәшине іші қапырық емес пе? – деді шопыр жігіт біраз жүрген соң.

– Көшпен көрген ұлы той.

Апай отырғанын ұмытпа, – деді бастығы.

– Аналарға ескерт. Басканның бойына тоқтасын. Мәлике кемпір осы сәтті өзінше ұқты.

– Балам-ау, көкала тоқтағаны былай тұрсын, мені мазақтап күліп кетті, – деді алдағы жеңіл машинаны нұсқап бұрк етіп.

– Қайран дүние-ай, адамдар бұзылып кетті ғой бұл күнде, – ағынан ақтарылған карт, көршісінің мақұлдауы қалай өрбір екен дегендей қозғалақтап қойды. Көршісі жымиып күлді. «Олардың сазайын тарттырамын, апай» деді қолдап. Кінәсін сезіп қойғандай, көкала мәшине ұрыстан қашып алға қарап жөнеп берді.

– Апа-ау, бізден Қаракөзде карттардан кім қалды? – деді қара мәшине тас жолдан құтылып, асфалтқа түскенде. «Ау, мына бала бәрін біліп отыр ғой. Бізден деп сөз саптауын қара». Мәлике кемпір төмен қарап, күбірлей берді.

– Төксандағы Мінесбай бар. Естуімше төсек тартып жатқан көрінеді. Сары Жұмабек, қара Жұмабек, Әскербай, Жеңіс, Досымның Тұрарбегі, Шұбартау, Ұлан... Иә, иә... Карт сексеуілдің шырпысындай тарам-тарам саусағының кішкене бөбегін жалпы.

– Солай деніз. Анау тұрған Байтулактың бейіті сыр бермей тұр. Мынау отыз бірдің құрбандарының бейіті жер болыпты. Одан берідегі өмірден өткендердің бейіті кішігірім калай... Дүние, дүние деп жан-жағымызға карауды да естен шығарып алдық. Малға таптатпай қоршау керек қой...

Көршісі ауыр күрсінді, Мәлике кемпір галстукті жігіттің жүзіне тағы ұрлана қарады. Көршісін әлдекімге ұқсатпақ еді, адаса берді. Ақыры «жасы аскан адамнан ақыл сұрама», деп күңкілледі. Басқа біреуге теліп, бетімнен отым шығып...

Бәрінен де мына заманның тұлпарын мінгенімді айтсаңшы. Тұра тұр, мына бала... Жо... жоқ тағы да шатыстың, Мәлике. Түктібайдың Сәбетбегі Астанаға көшіп кетті ғой. Адамдар бір-біріне ұксай береді. Осы бір сәтте:

– Мәшинені тоқтатыңызшы, – деген дауыс естілді. Айтты, бітті. Галстукті жігіт есікті ашып жерге түсті де, жүргізуші бала елпендей басып өзі отырған есікке жетті. Әулие бейіттің түсы екен. Жұрт қызық осы. Аты-жөні беймәлім, осы бір ұшы кезінде аспан тіреген шошақ бейіттің жанынан өткен адам-пенде бата оқымай кетпепті. «Пәленшенің беті-аузы қисайыпты. Есі ауып құлап, жындыханаға түсіпті. Аты тулап, құлап мертігіпті» деген алып-кашпа сөз атантүйеге жүк. «Әлде өтірік, алде рас, менің атым Әбдірас», – депті ғой біреу. Бірақ өзі де сонау жылдары тас диірменге ұн тарттырып, кештен кайтканда басына тоқтап, «бісмілләсін» сыбырлап Аллаға сыйынғаны аян.

– Апай, үлкен кісінің басына барсақ, – деді көршісі сыпайы үн қатып. Жауап орнына Мәлике кемпір жас балаша томпандап ала жөнелген. Қараторы «жымың» етті. Шөбі тапталып, топырағы шыққан жаяу сокпақ, жылаңша иреледен алға бастады. Галстукті жігіт:

– Мәлике апам қартайыпты. Мені танымады. Сол баягы мінезі. Бірде көл, бірде шөл, – деп ішінен күбірледі.

– Сабыр түбі сары алтын... Бірақ көп едік қой, бір-бірінен аумайтын қара-кара шотпактар. Елден естуінше осы бір бейіт баягының батыры екен. Бір жорыкта саны басым жаудың қоршауында калып, колға түспеймін деп қасық каны қалғанша шайқасыпты. Көмек жеткенше жараланып, қоршауда калған екен. Кеудесін көтеріп: «Әй, айналайындарым! Мені мына төбенің басына жерлендер. Менің атымды естісе, мына жау сүйегімді аттап өтпес» – деп көзін жұмыпты. Сол бір аталы сөздің құдіреті ме, бұл маңға жау аяғын аттап баспапты. Келе-келе батыр есімі біртіндеп ұмытылып әулие атанып-ты. Мәндібай әкесі айтып отыратын. Марқұм қызық адам еді. Қалай екені белгісіз жаңа бір тосын жаңалықты ашуға құмар. Ауылда қос дөңгелекті су таситын арбаны ойлап тапқан. Шөп таситын тіркеме ше? Ұзын жолдың бойына, жеңіл мәшинеңді доңғалағының ішегін үрлейтін мастерской ашып, елді карқ қылды. Әділдіктің алажібін аттағандармен өрттей... Соңду жылы совхоздың бас есепшісі Малдыбайдың шіп-жегенін мойнына ілып, КРУ шақыртып, комагай темір тордың ар жағына отыруға сал қалған. КРУ-дің "басшысы бірге оқығанының арқасында, аман қалды. Байқаса, әділдіктің тізгіні сол кезден бастап-ақ, босаңси бастаған екен ғой, тәйірі. Бас есепшінің кегі дұшпанының басы жерге жеткенше екен. Сыбайлас қой, түге. Шаруашылықтың директорына сыбырлап жүріп, әкесін моншашы етіп қойды. «Екі қолға бір жұмыс» деп әкесі ауыр жұмыстан да таймпбады. Ақыры сол қайсарлық түбіне жетіп тынды. Жүрек шыдамады. Шиеттей бала-шағанын көз жасына да карамады. Сонда Малдыбайдың жер-жебіріне жетіп: «Мәндібайдың қос аяғы төбемде ойнасын», – деп сыбағасын берген осы Мәлике апай еді ғой. Ауыл боп күніренді, сонда. Шешесі Жаңыл мен тоғыз баланың төрт керегеле қабыргасы қайысқаны әлі есімде.

– Балам, – деген Мәлике қарияның дауысынан ойы бұзылып кетті. Әжімі қыртыстанған жаулықты кария тізесін бүтіп дұғасын бастай жөнелді.

– Бәке, қош келдіңіз! – деген үн шықты да кенет ышқақ кескендей тиылды. Мәлике карт бәрін байқаған екен. «Мынасы несі?» деп орнынан тұрған бетте күбір етіп. Жолдың маңайы жеңіл мәшинеге толып кетіпті. Жыбыр-жыбыр жұрт. Әйел-еркегі түгел. Әдебіреу көз жұмып кетті ме екен. Пау, не деп кеттім? Ал жоқын дедім бе? Анау Астай деген әлгі есепші Малдыбайдың баласы емес пе? Шіркінның әкесінен аумай калуын. Тәрбие солай ғой. Бала көргенін істейді. Майға сұққан қасықтай жылпылдап... Жаңындағысына жайылып жастық, иілін төсек. Оның жанындағы Мәметбайдың қызы. Иә, биліктің шетіне ілігіпті деп естіген. Пау, дүние, шашы қайда мұның? Жүнін жұлған тауықтай.... Еркек боламын деп ме, адырам калғыр. Шалбар киіпті. Енді не дерсің? Күйеуі қандай тәрбиелі бала еді. Қатыны қағынғаннан соң-ақ, сүттей ұйыған түтін бүлінеді ғой. Өзі шен-шекпен киімдер билікке бір ілінсе, шоңайнаша жабысып айырылмайды-ау, түге. Әлі де сол шіркіндер қаптап жүр. Өзі қартайса, баласы жасарады. Пау, дүние-ай. «Құрттың атын өзгертіп, малта қойдының» кері. Әлгі менің баламның алдында құрдай жорғалап жүр, түге. Ана біреулер бейіт аралап кетті. Енкіш қара сүк саусағымен сонадайдағы еңселі ақ кірпіштен салынған бейітке ыскап әрекетке түсті. Малдыбайдың баласы біреулерге алдене деп сыбырлап алекке түсті. Ыржың-ыржың етіп күлді. Мәндібайлы жамандады ма?

Пау не деп кеттім. Әкесі үшін баласы жауап бермейтін уақыт қой. Ойпыр-ай, адам ойы неткен жүйрік. Әп-сәтте карт Қаракөздің ойқырын түгел аралап, түгескендей... Мәлике катты ренжіді. Мәлике кемпірді ешкім танымалы ма, сәлем бермеді ғой. Мәндібайдың бейітіне аяңдады. Тұйық адам еді. Талай жыл көрші тұрып бірде-бір рет күйеуі Төлегенмен де, өзімен де ишай деспепті Топырағы жұмсақ болғыр марқұм, отағасы кейбірде қалжыңдасып:

– Әй, Мәке, бәйбішемді саған-ақ берейін. Мен сенің анау сұлуына көз қырымды салсам кайтеді, – деп калжыңдайтын. Сонда жарықтық жымиып күліп:

– Әй, Құралбай, менің жұбайым әйелдер ішіндегі бірінші сорттан ғой. Жалақың да көп емес. Анау қырмұрындыларды қайтып асырайсың, – деп күлетін, шиеттей балаларын айтқаны ғой.

– Сенің жолыңмен жүремдағы. «Мәндібайский маршбрасокты» ары қарай жалғастырамын, – дейтін күйеуі де дес бермей.

– Мейлің, –дейтін марқұм күліп. Екі күн бірге тұрып, үшінші күні төркініне қайтқан келіншектей боп жүрмесең, – деп күлетін. Қазір ойласа соның астарында қабыргасын қайыстырған мұң мен арманы бұғып жатады екен-ау. Елудің ар жағындағы жігіт ағасына көмірі сасыған моншада еңбек ету оңай ма? Оның үстіне «маршбрасогі» тағы бар.

Дұғасын оқып, мәшинеге оралған Мәлике кемпірдің ойынан Мәндібайдың тірлігі кетпей қойды. Алдына сап қуалап жүргендей-ақ. Ол күнде тауық боп шақырмасаң қуыс үйдің қу тірлігі біте ме? Әлі күнге дейін сол. Сонау киыр беттен ақ шапақ аумақтанып кеп терезеге тірелгенде, бұл да шелегін үстап сыртқа шығып бара жатады. Таңғы саф ауаның демі әп-сәтте-ақ, адам бойын сергітіп, дүниеге жаңа келгендей құлшынып кетесің. Тәнірім берген қамшының сабындай қысқа ғұмырына тәубе қыласың. Таң бозынан үйқысынан оянып, күйіс қайырып, күшене демалған үйдің асыраушысы орнынан тұрғанға ерінің жатқанына бей-жай қарай алмайсың. Баладай еркелетіп, «әукім-әукімңді» айтып, алаканыңмен сипайсың кеп, әукесін қасисың. Ол шіркін де мүйізін шайқап-шайқап жіберіп: «Пау, сонша не көрінді. Ел тұрып, табын өрген жоқ дегендей сәл уақыт мызғымайды.

Сонан соң бұзауы есіне түскенде қыска ғана үн шығарып, келесі сәтті күтеді. Табиғаттың неткен көп құпия сырлары. Анасын баласына, баласын анасына құштар қып қойған, Тәнірдің күші-ай!

Машинеңін терезесінен сыртқа көз тастап еді, топ адам қалың бейіттің құбыла бетіндегі төбешікке көтерілің, әлденені айтысып, қызу әңгімеге енін кетіпті. Әлгіндегі баласының бейіттерді неге қоршамаған деген сауалының төңірегінде шығар?..

Пә, сонан соң, сырды сауып болып Мәндібайдың ауласына көз тастайды. Әдет боп кеткен Осы бір сәтте сонадайдан денешынықтыру сабағына кнетін спорттық костюмі жарасқан Мәндібайдың тұлғасы көрінеді.

– Бастады, – дейді ішінен күбірлеп. Алғашқыда сырға ертоқым ерттегендей тұлыққа таңтамаша болушы еді. Сәлден соң есіней Жаңыл шығады. Содан екеуінің тұқшышы Қуанышбай бой көрсетеді. Қуандық, Тілеулес, Күлзира, Айша, Бақкелді, Гүлнәр, Қыдыркелді, Ғалымжан, кіп-кішкентай Алтынел де сапқа тұрады. Енді бір сәтте жеңіл жүгіріспен өзенге қарай жүгіріп бара жатады. Көргенде таң, көрмеген де таң. Сонау бір жылдардағы ауылдың еркек атаулысы әскери комиссариатқа шақырылып, мәшинеге тиелің, Алакөл жаққа барып, «партизан» атанатын. Өз басыңа көрінгір, жау шақырып, соғыс бола қалса дайын тұрсың деген кешегі үкіметтің ойлап тапқан айла-шарғысы еді. Біреу біліп, біреу білмес. Кәдімгідей әскерше киіндіріп, мылтық атқызып, жаңа қарумен таныстырып, жүгіртіп, дайындықтан өткізеді екен. Елден естігені «Соғысқа кетті» дейтін ауылда қалған әйелдері бір-біріне әзілдеп. Кезінде көз жасын көл қып қоштасып жылауды, бүгін тоқымқағарға айналдыратын жұрт қаншама. Көзі тірі үлкендер майдан даласында қалғандарды еске алып, күрсінін, көзіне жас алған. Бұл тірлікті жаман ырымға жорыған. Ол да бір өткінші дүние ғой. Қалай дегенде Мәндібай, қазір ойласа, сол бір «партизандықтың» екі аяқты пендеге кажет болар әрекетін қабылдапты. Мәлике ол кезде нағыз оңы мен солына қарап, үлкеннің сөзін көңілге тоқып, кішіге ақыл айтар елуді еңсерген шағы еді. Қап-ай, мына Мәндібайды-ай, елге күлкі боп. Ең құрығанда анау кішкентайлардың ұйқысын бұзбаса ше? Өзіне айтпасам, деп сан рет оқталған. Сөйтіп, ертеңгі күнді кеш қып жүргенде Мәндібайдың балалары томағасын алған жас қырандай түлеп шыға келген жоқ па?! Баскан бойына барған соң Мәндібайдың баласағасы, өзен жағасының саф ауасын жұтып, азмаз аялдай, денесін суға үйретіп өзенге сүңгіп жөнеледі екен. Таудан басталатын ерке өзен таңғы қонактарын құшып, қуанышты шақты басты өткерген соң, отағасы бастап, отанасы қостап, балалары айтқанға көніп, небір жаттығулар жасап ауылға қайтады. Балалардың есік алдындағы үлкен бақшадағы өздеріне бекітілің берілген жерлері бар. Мәндібай әкелері оларға шотын, күрегін, кетпенін үлестіріп жатады. Өздері де солармен бірге. Белгіленген уақытқа дейін демалған адам көрмейсің. Қуанышбайдың кауындығы, Қуандықтың гүл атызы, Айшаның қияры, Бақкалидың қызанағы, Тілеулестің жуасы, қойшы ең аяғы Алтынел де еншісіз емес. Сонан соң асықпай отырып ертеңгі асын шеді. Әкесі жұмыска, балалары мектепке, Жаңыл үй күзетшісі атанады. Мәндібайдың балалары сол кезде-ақ оқудан алдын бермейді деп естиін. Кейінгі тағдырынан бейхабар. Ертеңгі күнді болжап айту мәкүрік. Мәндібай көз жұмғанын естігенде таяқ тастам жерге келе алмады. Ескі дерті қозып, төсектен бас көтермеді.

– Кешегі Мәликең бүгін самайы ағарған кемпір болды. Келмеді деп ренжіме. Ел-жұртқа көрінбей, жасымды сығып, шарасыз күй кештім. Топырағың торка болсын, – деп күбірледі.

– Әлгі өңшең қарадомалақ қайда жүр екен. Аман болсын түге... Терезеден қарап отырған. Әлгіндегі топталып тұрған жұрт бытырап, әлдекімді ізден әуре-сарсаңға түсті. «Баласының» жүргізушісі есікті ашып қалып:

– Апамыз мында отыр, – дегенде барып «ух» десті. Сол-ақ екен жұрт қара мәшинеге қарай жосылсын кеп. Шетінен сәлем береді, түге. Байқауынша бәрінің өзімен бірге келген дөкейдің анасы деп ұқса керек. Пау, үлкен кісіге сәлем беру міндет емес пе? Енді адам мен адамды жақындастырған осы бір киелі ұғым да жағымпаздық құралына айналғаны ма? Жо, кішілерге кешірім, үлкендерге не жорық?

Көкала машина орнынан қозғалды да, қара машине артынан ерді. Одан кейінгіге таңданбаска шараң жоқ. Үлкені бар, кішкенесі көп, қоңыздай жыбырлаған көп көлік сонынан еріп келеді.

– Мәлике апа, шаршаған жоқсыз ба, – деді бастық бала жымиып.

– Өлісіне дұға оқып, тірісіне сәлемдескен апаңның көңілі өсіп отыр, балам.

– Солай деніз. Өтіп бара жатқан дүние-ай. Ауылдың бейіті көбейіп кетіпті. Әкім бала коршауға уәде берді, – деді көршісі күрсініп.

– Өмір деген өткінші ғой, балам! Көктеміңде құлпырасың, жазында жайнайсың, күзінде күрсінесің, қысында бір аяғың көрде, бір аяғың жерде.

– Естуімше, осы ауылды кезінде «Жаңатоған» деп атапты. Сол рас па, апай, – деп сұрады.

– Иә, солай, – деді кария басын изеп.

– Дұрыс айтасыз. Сонан соң Қызылорақ, Жамбыл колхозы, Баскан совхозы, ақыры Қаракөз деген кооперативке айналдық. Қателескен жоқпын ба, апай, – деді көршісі қыска қайырып. Мәлике карт басын изеді. Асыл-баздың тұсынан өтіп, айырық жолға келгенде көршісі жерге түсіп, артына ерген косымен қоштасты. Әкімқаралар түстеніңіз дегенге де көнбеді білем, қара мәшинеге кайта кеп жайғасты. – Тарт Аксайға, – деді сонан соң жүргізуші жігітке. Даусы ырғакты шықты.

– Дәл биыл аудан мен екі ортаға асфальт жол салғызамын апай, – деді сонан соң қайыстай созылған гас жолдың ары-берісіне көз тастап.

– Мектебі де ескіріп... Оны да бюджетке косып отырмын.

– Жарайсың, балам, – деді кария түсінбесе де куана макұлдап.

– Кім көрінген кеп жерді талап жатыр. Ашу Асылбектан құбылаға қарай, суғаруға ыңғайлы жазықты, ауданнан келгендер болып алыпты. «Ала қойды боле қырықан дегендей осы, – Мәлике кария шіндегі қыжылын актарып салды.

– Ішіп-жемі бір түге. Жемқорсын деп шулағанның не пайда? Тоның ішкі бауындай, түге. Бастарына іс түсіп еді, ағайынның тағы түге.

– Түсінбедім, апа, – деді көршісі кемпірге таңыркай карап.

– Мына жұрттың кейбірінің пиғылын айтамын да. Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесінінің кері. Өзің айтшы, жерді неге дұрыстап бөлмейсіндер? Жердің ішін білмейтіндерге не шара?

– Өзіңіз не істер едіңіз? – деді көршісі кәрияның ойын білмек боп.

– Меніңше сол жерді Мәндібайдың балаларына беру керек.

– Не дейді?

– Апа Қыдыркелдіге берші. Ол әкесінен үйренген бәрін... Мәлике сәл аялдап, сөзін жалғады.

– Иә, нағыздың өзі еді ғой, марқұм. Ана иттер қасқырша талады емес пе. Мәлике көзінің астымен баласына көз тастап еді, жағы қусырылып, өңі сұрланып салыпты. Мәлике қария көзін жыпылықтатып қайта қарады. Көршісі үнсіз.

– Әй, балам! Мен қате айтып тұрмын ба? – деді.

– Артық кеткен жоқсыз ба?

– Иә, сонымен Қыдыркелдіге көмектесесің ғой. Көршісі басын изеді. Жаны жарқын көңілінде бір түйір қылаңы жоқ, өткенің адамдар-ай, – деп күрсінді галстукті жігіт. Мені әлі таныған жоқ. Сол баягы мінезі. Аста-төк. Неңің жаманын, неңің жақсысын бұзбай, турасына көшеді. Жылпостармен қаны қас. Шындығында дүниенің жұмбақ сыры мол. Шынында уақыт талабы да сол ғой... Нарық тәртіпті талап етеді. Бәрінен бұрын өткен күннің кейбір есер, ұрда-жық тірлігі әлі де кесірін тигізіп отыр. Ақсай қандай аудан еді. Мыңғырған малды айтсаңшы. Жаз жайлауда, қыс қыстауда. Анау Баскannың төменгі Алтай қолге құятын тұсын, сан мың гектарлап. Төбе-төбені, табиғаттың өзі әкеп, қолмен қойғандай. Жан-жағы шалғын. Қысы жайлы, жазы қоңыр салқын. Сан мың қойды жайып жіберіп, төбенің үстіне отырып, қараулында. Бәрінен де анау қант зауытының жөні жөнжосықсыз тау бөктеріне қондыра салыпты. Көзсіз тірлік. Екі ауданның қызылшасын бір айда жұтып қойып, он бір ай сілейіп түк бітірмей тұрғаны. «Ой, мынаның пайдасын көрейік, жазда басқа өнім шығаратынына айналдырайық» дегендер қайда? Ойпыр-ау, сол кезде сары топырақка қызылша шығады деп жүрген кім өзі? Бұл аймақ қара топырақты Украина емес қой. Комиссия шақыртып, халықпен ақылдасып, қызылшадан құтқарсам, шіркін. Өйтпесіне амал жоқ. Қаржыны қажет етеді. Сәбіз сияқты қызылша өсіріп, елді қайтіп асырарсың?! Табиғатқа ешкім бұйрық бере алмайды. Иә, солай. Мал өсіруге қолайлы алқап. Бидай, арпа сеп – азығы. Пайдасы шаш етектен. Етін сат, терісін өңде, жүнін іске асыр. Бие байла, қымызын ел ішсін.

Мәлике қарттың:

– Балам-ау, Ақойға келдік қой. Мені түсіріп кет, – деген даусы естілді. Жүргізуші жігіт есікті ашып сүйемелдеген Мәлике көршісіне бұрылды. Баласы күлімсірей жерге түсіп келеді екен.

– Үйге жүріп, қонақ бол, балам, – деді кария. Галстукті жігіт азар да безер тірлік танытып рақметін айтып еді, Мәлике кемпір көзін сығырайта карады.

– Бір сұрағым бар, балам, – деді сонан соң.

– Құлағым сізде, апа, – деді баласы елжірей карап.

– Осы сен Қаракөздегі кімнің баласысың?

– Танымадыңыз ба? Пау, бұл қызық болды-ау!

– Айта қойшы, қане!

– Мен Бақкелдімін ғой. Өзіңіз айтқан Қыдыркелдінің ағасы.

– Мені құдай атты. Қартайды деген осы-ау!

Мәлике «баласының» мандайынан сүйіп:

– Әкеңнің еңбегі босқа кетпепті, – деді сонан соң – Елінің көзі бол, балам... Дәу қызметкерсің-ау, шамасы...

Сәлден соң қара машина асфальт жолмен зымырай жөнелді. Алдында көкала. «Е, мыналар нән баламның нөкерлері екен ғой» деді күбірлеп. Сонан соң бұл дүниеде жоқ-бар алғысты үйіп-төкті. Мәлике кемпір галстукті баланың облыстың әкімі екенін кайдан білсін.

Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ.

● *Ер есімі ел есінде*

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мен Ұлы Жеңіске 66 жыл толуына орай жер жәннаты Жетісу өңірінде ұлы қолбасшы, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының баласы Бақытжан Момышұлы мен келіні Зейнеп Ахметова арнайы келіп, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушылары жас студенттермен кездесу өткізді.

АТА АМАНАТЫ

Басқосу барысында асылдың тұяғы әкесі жайында өткеннен сыр шертіп, соғыс жылдардағы ерліктерін, ел есіндегі естеліктерді айтып, әрі жазып кеткен тың деректерін ортаға салды. Кездесуді университет проректоры Еркін Шажаұлы ашып, жүргізіп отырды.

Бақытжан аға мен Зейнеп апаның айтқан әңгімесі жүрекке жылылық ұялатып, көңілді толқытты. Өмірге деген жаңа серпін сыйлады. Келешек ұрпаққа сабақ болар тәлімді, тәрбиелі сөздер айтты.

– Бойыңды қанша ашу-ыза кернеп тұрса да, үлкеннің алдында үндемей қалғаннан еш ұтылмайсың. Беттен алып, бетке басудан ұтар дәнене жоқ. Өз басым үндемегеннен жаман болған жоқпын. Керісінше, бата алып келемін,- деп бастады әңгімесін Зейнеп апай. - Алғаш рет атамның жұмыс бөлмесіне кіргенімде шашылған кітап пен қағазды көрдім. Іштей «мұндай да салақ адам болады екен ғой» деп таңдандым. Сөйтіп, ретке келтірейін әрі атадан мақтау естиін деп бәрін тап-түйнақтай етіп жиыстырдым. Бірнеше күннен кейін ата келді. Баласымен сөйлесті де бөлмесіне кіріп кетті. Мен болсам шай қояйын деп ас үйге қарай аяқ бастым. Сол-ақ екен, үй іші қаһарланған дауысқа, тура таудан тас құлағандай гүріл мен айғайға шомып кетті. Мен де не болып қалды екен деп жүгіріп барсам, атам кабинеттің ішінде қолын арлы-берлі сермеп жүр. Тура жаралы арыстан секілді.

– Кім бүлдірді, кім тиді қағаздарыма, - деп айғайға салды.

– Мен реттеп едім, -дегенім сол болатын.

– Жоғалт көзіңді, бүйтіп реттегенің құрысын. Мен енді қағаздарымды қалай табамын, - деп жатты.

Сол екі арадағы сұлбамды көрсеңіздер. Екі аяқым босаңсып, алдыға бөсе алмай қалдым. Әрең дегенде кабинеттен шықтым. Ас үйге қарай бет түзеп, керегелерге сүйеніп жүріп келемін. Бір мезетте көзіме ағылтегіл жас келмесі бар ма. Ернім ашылса, еңіреуге шақ тұрмын. Содан ақырын барып жуынатын бөлмеге кіріп, суды сарылдатып қойып, рахаттанып жыладым-ау. Жалпы, адам бірденеге реніксіп, жаны қысылса жылап алғаны дұрыс. Сөйтіп, лезде жеңілдей қала бердім. Ал енді әлгі кірген есіктен сыртқа шыға алмай дал болдым. Бір уақытта есікті ақырын ашып тыңдасам, ата баласымен сөйлесіп отыр екен. Жайлап шығып ас үйге қарай бет түзегенім сол еді, ата: «Балам бері кел» деп шақырды.

Құлағым «балам» деген жылы сөзді естіп, іштей бәрі өз ретіне келген екен ғой деген ойға келдім. Содан Бәкеңнің арт жағына келіп тұрдым. Осы кезде ата бұрын соңды есті қоймаған қызық сөзді айтты. «Мой беспорядок, это есть высший порядок». Ештеңе түсінгенім жоқ. Іштей, «порядок, беспорядок» деп қайталай бердім. Сөйтсем, ата жұмыс істеген уақытта әр қағазды, кітапты ретімен қойып, артынан жиыстырады екен. Ал оны мен білмедім ғой. Бара-бара атаның әрбір қимыл-қозғалысын, әр сөзін бағып отыратын болдым.

Тағы бір айта кететін жайт, ата бізге ешқашан соғыс туралы әңгіме айтқан емес. Керісінше, ұлттық нақыштағы, салт-дәстүр жайындағы әңгімелерді жиі айтатын. Ата сөзін тыңдап қана қоймай, оны ақ қағазға түсіріп келдім. Бүгінгі күнге дейін жазып, айтып жүргендерімнің бәрі атадан қалған аманат сөздер, - деді ол.

Бауыржан Момышұлы жайында тамаша деректерге қанық болған оқытушылар мен студенттер қонақтарға өз сауалдарын қойып, тұщымды жауаптар алды. Кездесу соңы университеттің өнерлі жастары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.



● *Айтайын дегенім...*

ТӨККЕН ТЕРІҢ ӨТЕЛСЕ



Өмір қашанда өз ағысымен біртіндеп жылжи береді. Десе де, оның кешегісі мен бүгініне зер сала қарасақ, ойға орам болатын талай ақиқатқа көз жеткіземіз. Иә, тірлікте адам жауапкершілігі сан қырлы: ел, жер, қоғам, отбасы... бәрінің алдында жауап беруге тиіс. Солардың ішіндегі ең бастысы - өзінің алдындағы, ары мен ұятының алдындағы жауапкершілік. Адамның осыны түсінуінің маңызы зор. Сонда ол өмірдің жан-жақтан соғар мезгілді-мезгілсіз, күткен-күтпеген сынақтарына ерік-жігерін қарсы қояды. Сонда ол туған-туыс, жақындарына жаныашыр, бала-шағасына қамқор бола алады. Біз сөз етмекші отырған Нұрахмет Ниязов міне, осындай талаптардың үддесінен шыға алған жан еді.

Жетісу
Қажет АНДАС

Нұрахмет Ваханұлы 1951 жылы туды. Ұлты ұйғыр. Десе де, Нүркең бала кезінен өнерге деген бейімділігінің арқасында сөз шешендікті жанына жақын көріп, әріптестерін ой мамандыққа баулыған жан. Ұзақ жыл театр саласында еңбек ете жүріп, көрермендердің сыйқұрметіне бөленген өнерсүйгіш азамат ретінде де танымал. Оның осы қасиетін дос-жараымен қатар, өнердегі әріптестері де жоғары бағалайды. Кезінде Нұрахметтің өнер саласына қосқан үлесін, театр саласындағы мол тәжірибесін, ұстаздық ете жүріп көптеген жастарға бағыт-бағдар берген білімділігін сол тұстағы Мұқыры халық театрының режиссері Жақып Әбілтаев ағамыз да жоғары бағалаған болатын.

Нұрахмет өткен ғасырдың тұлегі. Өзінің 60 жылдық ғұмырында еңбектің үлкен де маңызды кезеңдерін өткерген азамат. Бала кезінде баянда ойнай жүріп, ел назарына ілінеді. Сол өнерінің арқасында еңбек жолын Жаркент халық театрынан бастайды. Осыдан кейін өнерге бірден бет бұрған жас жігіт білім жолына түсуді армандады. Ақыры 1971-73 жылдары Жамбыл қаласындағы мәдениағарту, білім беру училищесіне оқуға түсіп, баянист дайындайтын бөлімін бітіріп, елге оралады. Мамандығын ұштап қайтқан жасты ауылдастары қуана қарсы алып, Панфилов ауандық халық театрының музыка бөлімін оның басқаруына тапсырады. Содан 1980 жылдарға дейін осы қара шаңырақта табанды жұмыс істеген Нұрахмет бір жағынан театр артисі ретінде Әлжаппар Әбішевтің «Белгісіз батыр», Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунист», Төкен Әлпбайдың «Көрінбейтін көлеңке», тағы басқа да қойылымдарда басты рөлдерді сомдап, көрерменнің ризашылығына бөленсе, енді бір жағынан музыкант ретінде Құрманғазының «Адай», «Балбырауын», басқа да қазақ композиторларының күйлерін баянда ойнап, музыкалық талантын танытып үлгерді. Ол кезде Қазақстан Республикасының халық артисі Дәнеш Рақышев басқаратын ұжымының өнері де көрерменнің жақсы бағасына бөленіп, өнерге деген құбылысты одан ары дамыта түсті. Бұған Дәкең мен Нүркеңнің қосқан үлестері де көп болды. Осындай шығармашылық жұмысқа көп уақыт кетсе де, Нұрахмет Шымкенттегі әл-Фараби атындағы мәдени-ағарту институтын сырттай оқып, үздік бағамен бітірді. Арада 1980-1987 жылдары Алакөл ауданы, «Қызылащы» совхозында директордың шаруашылық іс жөніндегі орынбасары бола жүріп те қоғамдық жұмыстағы белсенділігімен көзге түседі. Осыдан кейін, 1986 жылы Талдықорған облыстық халық шығармашылық орталығының аға әдіскері болып ауысады. Осы тұста өнерсүйер жастардың таланттарын ашып, өнерпаздар ұжымын құрады. Сондай-ақ, өңірдегі мәдени іс-шаралар мен шығармашылық кештердің және мерейтойлардың сәтті өтуіне күш салды. Осындай көпшілік мәдени жұмыс атқара жүріп тәжірибесін шыңдаған Нұрахмет 1990 жылы Талдықорған қаласындағы Ұйғыр мәдениет орталығын ұйымдастырып, оның басшысы болды. Қайда болмасын береке-бірліктің ұйытқысы болып, ұлттық дәстүрді насихаттап, халық арасында кеңінен таралуына үлес қосты. Ал 1987-1998 жылдары Талдықорған қаласының орталық саябағының директоры болып орналасады. Әрине, саябақ айта салуға жеңіл болғанымен оны басқару оңай емес, ең бастысы, өзінің әріптестерін, кімнен жұмыс істеп жүргенін ұмытпаса болғаны. Сол кезде бірге жұмыс жасаған әріптестері Нұрахметтің білгірлігін, кәсіби деңгейінің жоғарылығын, сері

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 60 (17473) Бейсенбі, 19 мамыр, 2011 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

● *Облыстық әкімдікте*

Жылыту маусымы қорытындыланды

Облыс әкімінің орынбасары **С. Жылқайдаровтың** төрағалық етуімен 2010-2011 жылғы жылыту маусымының қорытындысын шығарып, алдағы жылыту маусымына дайындық барысы пысықталған жиналыс өтті. Онда негізгі мәселемен бірге Елбасы тапсырмасына сай жүзеге асырылатын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға қатысты жағдай да сөз болды. Жиын соңында жылыту маусымының ойдағыдай өтуіне атсалысқан әкімдіктер мен жекелеген тұлғалар марапатталды.

(Жиналыс туралы толық мақаланы алдағы нөмірден оқисыздар).

● *Азық-түлік бағасы*

ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНА АЛЫНАДЫ

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Алматы облыстық филиалында бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналатын азық-түлік тауарлары бағасының қымбаттауына жол бермеу жөнінде басқосу өткізілді. Оған облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы басқармаларының жетекшілері мен шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері жиналды. Отырысқа төрағалық еткен Алматы облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомарткали Жексембінов өткен айда Астанада бизнесмендердің басы қосылған мәртебелі форумда Елбасы кәсіпкерлер мен «Нұр Отан» партиясының алдына жүктелген жаңа міндеттердің арасында азық-түлік бағасының шектен шығып кетпеуін қамтамасыз етуге айрықша назар аударғанын айтты.

Жетісу
Болат АБАҒАН

Қыс айларында шарықтап кеткен көкөніс бағасы көктеммен бірге біршама төмендеді. Алдағы кезде шектеулі баға белгіленген азық-түліктің 27 түріне қатысты жағдайды тұрақты бақылауда ұстау үшін партияның облыстық филиалы жанынан арнаулы қоғамдық кеңес жасақтап, ай сайын екі мәрте мониторинг жүргізіп тұратын рейдтік топтар құру керектігін жеткізді. Сонан соң қоғамдық кеңес және рейдтік топтардың жетекшілерен таныстырды. Атап айтар болсақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінің, азық-түлік тауарларының және дәрмектердің бағасын бақылап белгіленген бағаны шарықтатып жібергендер және сапасы нашар, жарамсыз өнімдер сатқандарға қатаң шаралар қолдануға ықпал ету құқына ие болатын кеңес пен топтардың әрекет ету аукымы мен құзыретін айқындай кетті. Осы топтарға мамандығы сай келетін тиісті бақылау, қадағалау органдарының қызметкерлері мен қоғамдық кеңес мүшелері іріктеліп алыныпты. Егер, оны алғандар толыққанды жүзеге асатын болса, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік тұрғыда тексерудің нақты мерзімдерінің қатаң түрде белгіленгенін өз мүдделері үшін тиімді пайдаланып, халық талабы мен тілегін ұмыт қалдыратын кәсіпкерлер мен кәсіпорындар алдағы кезден ай сайын екі мәрте бақылауға алынады. Сонда жөнсіз баға тағайындау, ретсіз қымбаттату деген келмеске кетуі мүмкін.

Сөз кезегін алған облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары Мұқатай Мамыров облыстағы инфляция мен азық-түліктің қымбаттауының деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен сәл болса да төмен екенін мәлімдеді. Қалай болғанда да, Алматы облысында негізгі азық-түлік бағалары басқа өңірлердегідей тым аспандап кеткен жоқ. Бұған Алматыны қоса алғанда облыс, қалаларында сенбілік жәрмеңкелердің ұйымдастырылуы және өңірде жұмыс істеуге кіріскен жылыжайлар мен қоймалар санының артуы арқасында қол жеткізілген көрінеді. Сонымен бірге, облыс аумағында барлығы 211 әлеуметтік дүкеннің халықтың аз қорғалған топтарына қызмет көрсетуінің де игі әсері барлығы анық. Бивл облыстық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына 1 млрд. теңге қаржы бөлініпті. Бұл – бұрын-соңды болып көрмеген қолдау. Корпорация тек қана өзімізде өсірілген және өндірілген өнімдерді сатуға бейімделетін сауда орындарын салуға кірісуді жоспарлап отыр. Мұндай сауда павильонының оншақтысы Талдықорған қаласында туғызылса, Қапшағай және Текелі қалаларында үш-үштен іске қосылмақ. Облыс аумағында 80 мың тонна өнім сиятын 95 қойма бар көрінеді. Өткен жылы өз қажетін біршама ақтайтын қойма салған «Жер-ұйық» базары тағы бір үлкен қойма тұрғызбақ. Осылардың барлығын дұрыс пайдалана алсақ, өзімізді негізгі азық-түліктен толық қамтамасыз етеді екенбіз. Әкімшік қарай, сол қоймаларды дер кезінде көкөніс пен жеміске, бақша өнімдеріне толтырып алуға ешкім жете көңіл бөлмейді. Бізде өсірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің 70 пайызға жуығы Ресейге және еліміздің солтүстіктегі облыстарына жөнелтіледі. Ондағылар қыстың қамын ерте көктемнен бастап ойлап, күн жылынысымен шаңқылап осында жетіп, шаруашылықтардың мүмкіндіктерін саралап, алдын ала төлемдерін жасап, келісімшарттарға отырып кетеді. Біздер болсақ, жанымыздағы ешқайда қашпас деп жүріп, күздің соңында барымыздан айырылып, басқаларға қол жаюға мәжбүр боламыз.

Дегенмен, қазіргі кезде Алматы облысындағы азық-түлік бағасы шарықтамағанын тағы да айта кеткен артық болмас. Негізгі азық-түлік тауарларының сатылымы бойынша белгіленген шектеулі баға заңдылық күшті еленсе, бағаны жөнсіз өсіргендер қатаң жауапқа тартылады. Ал әзірге, барлық бақылаушы, қадағалаушы органдардың қолдары байлаулы. Нарық заманында қолындағы дүниенің бағасын белгілеу әркімнің өз еркінде екенін жұрттың барлығы жақсы біледі.

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Өсербайұлы қалалардағы орталық көшелер мен күре жолдар бойында жабайы сауданың етек жайып кеткенін ашына баяндады.

– Қазіргі кезде не жеп отырғанымызды білмейтін дәрежеге жеттік. Басқа азық-түлік түрлерін айтпағанда, ас атасы – нанды да кім көрінген пісіріп, кез келген жерде сата беретін болды. Оның салмағы, сапасы мен құрамы қандай екенін сол заңсыз саудагерлердің өздерінен басқа ешкім білмейді. Облыс орталығындағы орталық базар маңынан аптаның барлық күні аяқ алып жүре алмайсың. Мұнда шикілі-пісілі тағамның түрлері жетерлік. Бірақ сапасы мен тазалығы күмән туғызады. СЭС қайда қарап отыр, кәсіпкерлік басқармасының әрекетсіздігін қалай түсінеміз, – деп күйінді.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастығы Төлеген Шойынбеков орынбасарының сөзін толықтыра келе партия жетекшісінің сөзіне де жауап қайтарды. Оның айтуына қарағанда, ұсақ-түйек саудамен айналысатындарға берілетін бір реттік талонды тарату ісі қаржы басқармасының құзырына өткелі бес жыл болыпты. Соған сай көшелер мен жол бойларындағы саудаларды реттеуді қаржыгерлерге жүктеген жөн.

Жиын барысында сөз алғандардың ауызынан ауыл шаруашылығы басқармасы беретін «барлығы жеткілікті, ауылшаруашылық өнімдері бағашылық, қоймаларда қаттаулы тұр» дейтін мәліметтердің дені өтірік дегенді де естідік. Жоғарыда айтылған 95 қойманың тең жартысы талапқа сай жұмыс істесе жаман болмас еді деген күмәнді ойлар да ортаға салынды. Отырыс соңында жаңа құрылған қоғамдық кеңес пен рейдтік топтар алдағы кезден бастап ай сайын екі мәрте рейдтік шаралар ұйымдастырып, облыстың барлық аумақтарындағы азық-түлік бағасының мониторингін жүргізіп тұратын болды. Оның да қандай нәтиже беретінін уақыт өте келе естиміз.

● *Республикалық Ілияс оқулары – 2011*

ДАРЫНДЫЛАР ДАРАЛАНҒАН КҮН



Облыстық білім басқармасының бастығы Ләззат БАЗАРҚҰЛОВА бас жүлдегер Жәнібек ҚОЙТАЙДЫ марапаттауда.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» деген Ілияс ақынның сөзі ендігі жерде өзіне қатысты айтылатындай. «Мың өліп, мың тірілген» халқымызда дарыны Алатаудан ары асып, аспанға шарқ ұрған ұлылар көп туды. Біздің ұлт ретінде сақталып, бүгінгі тәуелсіз ел болуымыздың түптамыры осында жатыр. Енді ел болып еңсеміз көтерілгенде, сол бабаларды қадірлей алмасақ елдігімізге сын, ертеңіміз бұлыңғыр. Тәубе, бәрін жаманға жоруға болмайды. Байыптап қарасақ, атқарып жатқан істеріміз аз емес. Аталарымыздың аруағын тірілтіп жатқанымызды айтпағанның өзінде, даналарымыздың тағылымын жас ұрпаққа үйретуде бірталай істің бетін қайырдық. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Ілияс оқулары мұның дәлелі болмақ. Таяуда осындай мақсатпен Ақсу ауданында облыстық білім басқармасы мен Ақсу аудандық әкімдігінің ұйымдастыруымен V республикалық Ілияс оқулары өтті. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы, Ақсу ауданының 80 жылдығымен түспа-түс келген байқауға республиканың түкпір-түкпірінен 25 үміткер қатысып, бабы мен бағын сынға салды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Халқымызда: «Той тойға ұласын» деген нақыл сөз бар. Жақында ауданның 80 жылдық мерейтойын думандатып өткізген ақсулықтар Ілияс оқуларын өткізуге де мықты дайындалғанын байқатты. Алыстан ат арытып келген қонақтар мен байқауға қатысып, бағын сынайтын үміткерлерді орталық алаңда сахналық қойылыммен қарсы алды. Аудан тарихынан мағлұмат беріп, Ілияс ауылының берекелі өмірі мен мерекелі пейілін паш ететін қойылым қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Осы жерде V республикалық Ілияс оқуларының әділқазылар алқасын таныстырған жүргізуші сөз кезегін аудан әкімі Әскербек Дүйсембаевқа берді:

– *Құрметті қауым, Ілияс бабамыздың аруағын аспандатып, үмітін үкілеп келген үміткерлер!*

«Аруағын сыйлаған ел азбайды» дегендей, өнері өрге жүзген, батыры мен ақынын құрметтеген, қазақ жерінің тәуелсіздігі үшін күрескен талай батырдың еңбегі сайрап жатқан тарихи мекенге қош келдіңіздер. Ақсу жері туралы әңгіме қозғалса ең алдымен жыр құлағері Ілиястың тілге оралары анық. Қасиетті жеріміз бүгінде өзінің ақындар мен батырлардың құтты мекені екенінің тағы бір қырын дәлелдеп отыр. Ілияс ақын әдебиеттің барлық саласында қалам тербеген жазушы, ақын, драматург. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүрсе де артына ұлан-ғайыр мұра қалдырып кетті. Белгілі ғалым Рымғали Нұрғалиев ақынның заңғар талантын: «Табиғатынан дарынды, тілі орамды Ілиястың әрбір сөзі асыққа құйылған қорғасындай», – деп бағалаған. Жетісу жерінің таңғажайып табиғаты, асқар таулары, ағынды өзендері оның бойына талант болып құйылып, өнер болып өрілді. Ақын жырларын халық өзі қастерлеп, тұмарындай сақтауда. Бұған мысал ретінде жыл сайын аудандық, облыстық, республикалық деңгейде өтетін Ілияс оқуларын айтуға болады. Сол байқауларда қаншама жас талант танылды, қанша дарынның жолын ашты. Бүгін сол толқынды сіздер жалғастырып отырсыздар. Бақтарыңыз жанып, бәріңіздің де жүлдені орыннан көрінулеріңізге тілектеспін, – деді.

Бұдан соң көпшілік Молықбай атындағы Мәдениет үйінде аудандық «Ақсу халық театрының» тұсаукесер рәсіміне қатысты. Сонау 1935 жылы құрылған Ақсу колхоз-совхоз театры Жетісу жеріндегі өнердің ең алғашқы өркені саналады. Арада бірталай жыл жұмысын тоқтатқан өнер ордасы биыл көрермендерімен қайта қауышты.

(Соңы 2-бетте).

Суретті түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

● *Селекторлық кеңес*

АҚПАРАТТЫҚ КАРТА ДАЙЫНДАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім МӘСІМОВ ел аймақтарымен телебайланыс арқылы селекторлық жиын өткізді. Телебайланыс арқылы жүргізілген кеңеске облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ пен оның орынбасарлары және облыстық деңгейдегі басқарма басшылары қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарымен тығыз байланысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асырудың көрнекті ақпараттық картасын дайындады. Бұл құжатпен Экономикалық даму және сауда министрі Қайрат Келімбетов таныстырды. Министрдің айтуына қарағанда, бұл карта елімізді әл-ауқатының тұрақты өсуіне негізделген жұмыстарды көрсетуге бағытталыпты.

Картада дағдарыстан кейінгі даму, экономиканы әртараптандыруды жеделдету, азық-түлік қауіпсіздігі, инвестиция, мемлекеттік басқару жүйесін дамыту, азаматтарға көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ, ұлтаралық келісімді, қауіпсіздікті, халықаралық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету секілді мәселелер қамтылған. Картаның негізгі бағыттары бойынша 2014 жылға дейін құны 8,1 триллион теңгеге құрайтын 294 инвестициялық жоба жүзеге аспақшы. Соның ішінде үстімізгі жылы кемінде 192 жобаны іске қосу көзделіпті.

Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов аталған құжатқа тиісті ұсыныстарды енгізу үшін бір апта мерзімде ҚР Үкіметінің веб-сайтына оны орналастыруды баспасөз-қызметіне тапсырды. Үкімет мүшелері осы картаны қабылдау үшін алдағы аптада дауыс беретін болады. Премьер-Министр аталған құжатта көрсетілген бағыттарға оң көзқарас танытты.

Келесіде газ және газбен қамтамасыз ету туралы заңды жобаны ҚР Мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев талқылады. Сонымен бірге, ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев пен ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев және басқалары аталмыш тақырып шеңберінде өз ойларымен бөлісті. Кезек Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбековке келгенде, егіс науқанының сәтті жүргізілуде екенін және оның оңтүстік аймақтарда аяқталуға таяғанын, ал солтүстік облыстарда енді басталғанының мәлімдеді. Үкімет алдағы уақытта күнкөріс деңгейі төмен отбасыларға көмек көрсетуді жандандырмақшы, оған бөлінетін қаражат көлемі де қарастырылыпты.

Селекторлық кеңестен кейін облыс әкімі Аңсар Мұсаханов орынбасарлары мен басқарма басшыларына кеңесте қаралған мәселелерге қатысты нақты тапсырмалар берді. Әсіресе, азық-түліктің бағасын тұрақтандыруға баса көңіл аударды. Осы орайда іс-шаралар атқарылатынын айтып, жауапты тұлғаларды құлақтандырды. Бағаны қадағалап отыруды бірінші орынбасары Амандық Баталовқа жүктеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан МАМЫТБЕКОВ ел аймақтарымен селекторлық жиын өткізді. Телебайланыс арқылы жүргізілген кеңеске облыс әкімінің орынбасары Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ пен облыстық деңгейдегі басқарма басшылары қатысты.

ЖҰМЫС БАРЫСЫ САРАЛАНДЫ

Ауыл шаруашылығы министрі сала басшыларымен бірге азық-түлік тауарларының бағасын реттеуге және мал шаруашылығы саласын дамытуға қатысты жұмыс барысын пысықтады. Министр республиканың әр өңіріне тұрақтандыру қорларын құру керектігіне тоқталды. Осы орайда күзгі уақытта көкөніс өнімдерін сақтайтын қоймалар салып, көктемде көкөністі арзан бағамен сатуды алға тартты. Сонымен бірге, мал бордақылау кешендерінің санын 20 мыңға жеткізуге және асыл тұқымды мал басын көбейтуге баса көңіл аударды. Ауыл шаруашылығы саласының тауар өндірушілеріне қолдау танытып, көңіл бөлу қажеттігін де назарға алды. Мал шаруашылығын дамытуға Алматы облысының қаржысы кіріскенін де тілге тиек етті.

Кеңесте облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбеков хабарлама жасады. Облысымызда мал басы мен оның өнімдерінің көлемі тұрақты өсуде. Мал басын асылдандыру мен қолда бар малдың тектік қорын сақтауда бірқатар жұмыс атқарылуда екен. «Мүйізді ірі қара етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасын жүзеге асыруда атқарылатын іс-шаралардың жоспары жасалып, бағдарламаға қатысатын әлеуетті үміткерлерді іріктейтін облыстық және аудандық жұмыс топтары құрылды.

Бүгінде «Сыбаға» бағдарламасы шеңберінде қаржы институттарына 7120 бас мал сатып алуға 3 млрд. 293 млн. теңге қаржы бөлуге 62 шаруашылықтан өтінімдер түсіпті. Оның ішінде 500 бас ірі қара малға арналған бордақылау кешенін салуға Қарасай ауданының «Жетісу» ауылшаруашылық тұтыну кооперативі 373,5 млн. теңгеге өтінім жіберген. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на 18 шаруашылықтан 2 млрд. 750 млн. теңгеге өтінім берілсе, оның ішінде 330,6 млн. теңгенің жобалары несиелік комитеттен қолдау тауып, бүгінгі күні 200,0 млн. теңгеге қаржыландырылыпты.

«Ауыл шаруашылығын қаржылау қолдау қоры» АҚ-на 289,0 млн. теңгеге 41 өтінім түссе, оның ішінде 77,1 млн. теңгенің жобасы қолдау тауып, 19,4 млн. теңге қаржы берілген. Ал, «ҚазАгроӨнім» АҚ-на 254 млн. теңгеге түскен 3 өтінім «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на өткізілуде. Қазіргі күнде атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес жобаға қатысатын 766 шаруашылықта етті бағыттағы асыл тұқымды бұқалармен будандастырылатын 43,6 мың сиыр мен құнажын бағылып жатса, оның 17,9 мың басы кездан ұрықтандырылады. Сонымен бірге, етті бағыттағы 21,2 мың бас ірі қара мал өсіретін жаңа фермерлік шаруашылықтар құру жоспарлануда, соның ішінде ағымдағы жылы 5,9 мың бас мал бағатын шаруашылық құрылмақшы.

Жиын соңында министр мырза кеңесте қаралған мәселелердің жүзеге асуын қадағалауды өңір басшыларына жүктеді.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

Ресми хабарлар

ЖАҢАРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ

– Қазақстан кәсіпорындарының жаңғыруы мен жаңаруы біз үшін өте маңызды. Бүгін Астанада өтіп жатқан ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 24-ші жалпы отырысының шешімінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай мәлімдеді.

«Кеңес отырысының бүгінгі тақырыбы – «Қазақстан кәсіпорындарының жаңғыруы мен жаңаруы». Бұл біз үшін өте маңызды әрі өзекті мәселе. Өйткені, өңсіз Қазақстан өнеркәсібінің одан әрі қарай технологиялық дамуы мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан бүгін қызу пікірталас болып, тартымды ұсыныстар айтылады деп сенемін», – деп атап өтті Мемлекет басшысы аталған кеңестің ашылуы барысында.

Президент өз сөзінде армайы шикырумен жетекші еуропалық елдердің бұрынғы белгілі басшылары келгенін жеткізді. Олардың ішінде Александр Квасьневский, Тони Блэр, Романо Проди және Альфред Гузенбауэр мырзалар бар.

«Сіздерге, қадірлі қонақтар, кеңес отырысында шостық шықпас, зор көшбет білдіреміз. Еліміздің арасында шынайы әріптестік пен достық, өзара сенім мен құрметтің қалыптасуына сіздер үлкен үлес қосып келесіздер. Соның нәтижесінде Қазақстан мен Еуропадық Одақ арасындағы экономикалық-инвестициялық мүмкіндіктің жоғары деңгейге көтерілді», – деді Н. Назарбаев.

ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

– Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасында бизнесті жүргізу мен инвестиция салуға қолайлы жағдайлар жасалды.

Бұл туралы Астанада өтіп жатқан ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 24-ші жалпы отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мәлім етті.

«Тура 20 жыл бұрын, яғни 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізіп, түбегейлі әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларды жүргізуге, сондай-ақ демократиялық қоғам мен ашық экономиканы құруға кірісті. Осы сәттен бастап еліміз мақсатты түрде нарықтық экономиканы құру жолында жүріп келеді», – деді Мемлекет басшысы.

«Осы уақытта Қазақстанда бизнесті жүргізу мен еліміз экономикасына инвестиция салуға қолайлы жағдайлар жасалды», – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент елімізде әлемді индустриялық-инновациялық бағдарлама іске асырылып жатқандығын ерекше атап өтті.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен **ДӘУРЕНБАЕВ Амангелді Айдарұлы** облыс әкімі аппараты қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Адамзаттың аяулысы АУЫЛДАҒЫ 169 АНАҒА АЛҚА ТАҒЫЛДЫ



ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ. Осы тақырыпта Қазақстан селолық округі әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларын тапсыру салтанатына марапатталатын 169 ана түгел келді. Ауыл Мәдениет үйінің ауласы мерекедегідей безендірілген. Дөңгелене қойылған орындықтарға жайғасқан ардақты аналарды құттықтауға келген бала-шағасы, немере-шөберелері қоршаған. Күмбірлей төгілген күй, жыр шалқымасы көкке өуелеуде.

Алды 85 жасты алқымдаған ана-әжелер мен олардың ізін басқан 35-40 жас шамасындағы көп балалы келіншектердің жүзі бал-бұл жанады. Әрине, осынау аналардың мейірім мен аялы алақаны, жан жылуына не тең келер. Ана – барша тіршіліктің бастауы. Жылылық пен көркемдіктің көзі. Шуақ пен мейірім әлемі, өмірдің сәні. Ең бастысы – отбасының алтын діңгегі. Аналарға жүгысты бар жақсы сөздерді тілше тиек еткен аудан әкімі Әлихан Тойбаев жиналғандарды, олардың отбасын шын жүректен құттықтады. Елбасы Н. Назарбаевтың сарабдал саясаты мен ел тәуелсіздігі жемістерін, аналарға қамқорлық, ауданның даму үрдістерін атап өтті. «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» алқаларын аналар мойнына өз қолымен тағып шықты.

Көпілдерге нұр құйып, жүректерді толқыта салтанаттың сәнін кіргізген Кеңес Одағының Батыры Жүнісбай Қайыпов атындағы мектеп үстаздары мен оқушылары алқалы аналарға алқызып гүл ұсынып, ықтарына ақ шәлі жабу мәртебесіне ие болды. Бұл сәтте көңілдері көк тіреген аналардың жүздері тіптен нұрланып сала берді. Осы сәтте оларды аймақтың ақсақалдар кеңесінің төрағасы Едіге Сапаев, әйелдер кеңесінің төрайымы Сара Иманғалиқызы, Жүнісбай батырдың келіні 85 жастағы Күлпан әже Қайыпова, Тескенсу ауылы әжелер ансамблінің жетекшісі Нұрила Мұсаева құттықтап, өнер байқауының жеңімпаздары би билеп, ән-жырдан шашу шашты. Құттықтаулар мен ақ тілек арнайы жайылған кең дастарқан басында жалғасты.

Б. ӘБКІРОВ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

ТӘЛІМГЕР



АҚСУ. «Білім негізі бастауышта қаланады» дегендей, шәкірт бойына алғаш білім дәні бастауыш сыныпта қаланады. «Сабақ беру үйреншікті шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж. Аймауытов айтқандай, үнемі ізденіс үстінде жүретін тәлімгер ұстаз Айнагүл Жиенбаева бүгінде Е. Сықымов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығында жемісті еңбек етіп келеді.

Әріптесімізді әрбір сабағы ізденіске толы. Сабақты түрлендіріп, тиімді әдіс-тәсілді пайдаланып өткенді қалайды. Сонымен қатар, оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге де жанын салады. Мектептегі шығармашылыққа бейім оқушыларды да баулып, тәрбиелеуге күш салады. Сонымен бірге, аудан көлемінде өтетін семинарларда оның іс-тәжірибесі еленіп, биіктен көрінуде. Ол ұйымдастырған «Толағай» отбасылық жарысы, «Әже алдиі» атты әжелер байқауы, «Тәуелсіздік – тұғырым» атты тәрбие сағаты, «Сөз таптары», «7-ге көбейту және бөлу» тақырыбындағы ашық сабағы әріптестеріне үлгі болып келеді. Шәкірттерінің де жетістігі қомақты. Ол жетекшілік еткен оқушылар «Ақбота», «Кеңгуру» байқауларында жүлделі орындарға ие болса, тіпті, ауданаралық түрлі байқауға белсене қатысып, жеңіс тұғырынан да көрініп келеді. Айталық, өткен жылы аудандық «Жылдың сыныптан жетекшісі» байқауында II орынды жеңіп алса, бірнеше мәрте аудан әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасын иеленді. Болашақта өлі де жемісті еңбек етіп, талмай ізденетіні сенемін.

Г. ДӘУРЕНБЕКОВА,
Е. Сықымов атындағы мектептің мұғалімі.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Ел жүрегін ӘНГЕ БӨЛЕУДЕ



РАЙЫМБЕК. Аудандағы Қызай Бейсенов басқаратын Бөлексаз ауылдық Мәдениет үйінің қызметкерлері жақсы бастама көтерді. Атап айтқанда, «Ән-жырым сағаң, туған ел» атты тақырыпта концерттік бағдарлама әзірлеп, аудан елді мекендерін аралауда. Мұндай игі дүниені әрбір Мәдениет үйі қолына алса, нұр үстіне нұр болмақ.

Бөлексаздық өнерпаздар алғашқы концерттерін Тасашы ауылының тұрғындарына көрсетті. Концертті жұртшылық ыстық ықыласпен қабылдады. Олардың құрамындағы «Ақ ниет» әжелер ансамблінде 12 әже бар. Ансамбльге Гүлнар Әкімжанова жетекшілік жасайды. Ал Алмас Жақанұлының басшылығындағы «Көк биік» әншілер тобының Сая Қалиқызы жетекшілік жасайтын «Алау» ән-би ансамблінің, Еркін Жексенұлы жетекшілік ететін «Еркінің езу тартары» атты әзіл-сықақ театрының өнері де көрген жанды тәнті етеді. Көзбояушы Ернат Жетпісбаевтың да ұсынары баршылық.

Бір сөзбен айтқанда, қоржындарын ән мен жырға толтырып, ауыл кешін көңілдендіруге ұмтылған бөлексаздық өнерпаздардың өнер сапарына сәттілік тілейміз.

Қ. БІРЖАНСАЛ.

Жастықтың
оты жалындап
Жас жүректе
жанған шақ.
Талаптың аты
арындап
Әр қиянға
салған шақ.

Абай ҚҰНАНБАЕВ.

ҰШТҰҒЫР: ТӘРБИЕ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ

Отбасында әкенің орны қандай?

Әрбір бала үшін өмірде ана мен әкенің ыстық махаббатына шомып өсіп, өмірдегі ең жақын жандарының аялы алақан жылуын сезінуден артық қуаныш бар ма? «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», – демекші, әр шаңырақ толықтығымен бақытты. Алайда, бұл қуанышқа әрбір бүлдіршін қол жеткізе алмайды. Ортамызда ата-ана жауапсыздығынан қорғансыздық күйін кешіп, тірі жетім атанып, болмаса ерлі-зайыптылардың тіл табыса алмай ажырасуы салдарынан жүректегі үлкен сызатпен өмір кешіп жүрген немесе әкенің ішімдікке салынып, отбасының шырқын бұзуынан бақытсыздық қамытын киіп өсіп келе жатқан жеткіншектеріміз қаншама! Осының бәрі бірінші кезекте анадан бұрын әкенің бала тағдырына бей-жай қарауынан орын алатын жағдай. Өйткені, ана отбасының берекесін қанша кіргізбек болса да, әке кейін тартып тұрса, ол үйдің тәрбие қазығы бекем қағылған деп айта алмаймыз. Осыған орай біз бүгін «Отбасында әкенің орны қандай?» деген сауал төңірегінде Ақсу ауданындағы оқырмандармен әңгіме өрбітуді жөн көрдік.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

БАЛАЛЫҚТЫ ДАНАЛЫҚПЕН БАҒАЛА

Н. ҚАСЫМБЕКОВ:

– Жасыл желеткей кайкалып өсіп келе жаткан жастарға қамқорлық жасап, ақыл-кеңес беруп, уақытымыздың жаңа талаптарына лайықты тәрбиелеп, тұлға ретінде жетілуіне бірден-бір жол ашатын жан – ата-ана.

Рас, бүгінде ұлттық тәрбиеде бәрі жақсы деп айта алмаймыз. Ел болған соң, шынде «естісіз де, есеріс де болады». Әкелердің арасында «ақылмен жүріп, анық басып», ұрпағын тәрбиелеп өсіріп, абырой-беделмен жүртшылыққа үлгі-өнеге болып жүргендер жетерлік. Сонымен бірге өмір бойы жинап-терген алдаған жақсы қасиетіне не бола алмай, осалдық танытып шашыратып алып, қайтадан төре алмай жүрген кейбір осал әкелердің де бар екенін мойындаймыз. Отбасында ұлағатты өсиеттің орнына кей кезде мән-мағынасыз бос сөздің айтылатынын, тәрбиелеп отырған ұлқыздың алдында арақтың да шіпіл, көк түтіні кимылп, темекінің де мазалайтынын кәрі те жұрмыз. «Болған-толған» осы екен деп, тәубаға келе алмай құдайшылықты ұмытып кеткен «жетесіз әкелердің» де арамызда кездесетіні қынжылтады.

Ұлттық рухани асыл мұрамызды ұлағаттарына үлгі-өнегелі, тәлім-тәрбие жүйесі түрлі жұртшылай төмен деңгейде болғынын салдарынан күнделікті толассыз телеэфирлер және басқа да жолмен берілген жаттан атыс-шабыс, зорлық-зомбылық, ішік-тішік кинолар адамдарды даусыз қынадай қыру сияқты жағымсыз жайттардың ептеп алып, бүгінгі жастардың өмірлік бағдарлан дендеп еніп жатқандығын байқап та, көріп те жүрген ата-аналардың отбасында дәрменсіздік танытып отырғандығы да жасырын емес.

«Бойға дарған, жастар әсер қамданып, бишіктен ұста, заманы жүрсін жетік танып», – дегендей, отбасындағы әке-шешенің, қоғамдық ортаның талап-тәртібі күшейтілмей, саналы тәрбие де, сапалы, мағыналы өмір де болмайды. Қытандықтың жөні осы екен деп өрмысыз ұрысып, арнамысына тисең, ұтласың. «Ақылсыз айсай тіл шығарады», – деген, әр нәрсеге мән бере отырып, сөзіңді дұрыс жеткізе білсең, естіртін құлақ та, тыңдайтын ойлы бала да табылады. «Ата – балаға сыншы». Дегенмен, «баланың балалығына – жеңіп даналығымен» қарап, қандай істі болсын насырға шаптырмай, байыптап, сабырмен шешіп отырған жөн.

Соңғы уақытта көпшілік әке тәрбиеден шет қалуда. Баласының тәрбиесін анаға жүктеп қою жиі кезігеді. Мектепке жиналыска баратын да көбінесе ана, балаға бірнәрсе қажет болса, соны тауып беретін де – ана. Ал әке рөлі төмендеуде. Бұған бірінші себеп: жайбарақаттық пен жалқаулық. Осының салдарынан үйдегі әйелінің балалар үшін алатын жәрдемақысына немесе отбасында қария болса, соның зейнетақысына күнелтіп, үйкүшік, масыл болып отырған әкелер қаншама? Уақытын қалай өткізерін білмей, іші пысып, әр нәрсеге бір сөкпесе ер азаматта қандай бедел болсын. Оған деген жарының, балаларының құрметі де төмен болады.

Ішіп алып теятірен көше кезген әкенің теріс тәрбиесінен балалардың да болашағына балта шабылады. «Алма ағаш ағашынан алыска түспейді», – дегендей, осы сорақы қылықты көріп өскен бала ертең оны қайталайды. «Әкем ішсе, неге маған да ішпеске» деген ой ішкі түйсігінде қылаң беріп тұрады. Ал шімдіктің салдарынан қаншама отбасы ойран болып жатыр. Өйткені, отбасының діңі, темірқазығы – ер адам. Үй-ішінің жайлы өмір сүруі, бала-шағаның тәртіпті болып өсуі – отағасының ақылы мен еңбеккорлығына байланысты. Әйел қанша табыс тапсын, онымен ол кейбір жұртшылық жамауы мүмкін, бірақ отбасының көсегесін көгертіп алмайды. Ал еркектің тапқан кішкене нәпақасының шаңырақтың шаттығын асырып, іргелі іске жұмсалып жатқандығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан әйел үйіншін берекесін келтірсе, сол берекеге беріс негіз қалайтын ер адам екенін ұмыттайық. Әке мықты, көретінді бекіз, одан тамыр тартқан бала да жалынды, жігерлі, мерт жүректі болып өсері хақ.

ӨНЕГЕ БІЛІММЕН ҰШТАССА...

Қ. АБЕУОВА:

– Қазіргі кезде ата-ана, көбінесе әкелер тіршілігін күйбенімен алаңсұрып, жұмыс бастылықтан арыла алмай, ақша тауып отбасын асырау, материалдық жағдайын жасау қамымен жүр. Ал, тәрбие екінші орынға ысырылып қалған. Оған себеп жеткілікті: әкелер отбасында үнемі бола алмайды, үйден тысқары жерде жұмыс істеп, бала-шағасын ұзақ мерзім көрмейді. Сол себепті бала тәрбиесі анаға ғана тиесілі болып қалған. Отбасында әке тәлімі жетпей жатқанда, мектеп жасындағы балаға әке тәрбиесінің жұрнағын бере алатын ер ұстаздар қатары да сирей түскен. Бүгінде ер мұғалімдер ұжымдағы ұстаздардың 5-10 пайызын ғана құрайды. Онда да сынып жетекшілік, яғни тәрбиешілік қызмет атқармайды, көпшілігі дене шынықтыру және технология пәнінің мұғалімі болып келеді. Ал, ұл бала тәрбиесінде жеңіп, атанып, жалпы ер адамның алатын орны ерекше. Әйел қанша ақыл айтқанмен ол баланың жетесіне жетпеуі мүмкін, ал әкенің бір кесіп айтқан өктем сөзі ерекше әсер етеді. Ол балаға мың күн азық. Өзімізде бала кезімізде әкемізден қас-қабағына қарап өстік. Ер адамның айтқан сөзі біз үшін заң болды. Одан жаман болғанымыз жоқ. Бүгінгі балаға бұрынғыдай тәрбие беріп, қатал ұстау мүмкін емес шығар. Дегенмен де әкенің көметімен бала кішкене күнінен отбасының қорғаушысы, асыраушысы екендігін сезініп өсуі тиіс. Сондықтан әке кәжет кезінде баласының қасынан табыла біліп, артұрлі тақырыпта, оны мазалап жүрген сұрақтарға жауап беретіндей жиі әңгіме-дүкен құруы керек. Баласының мәселелері әке үшін маңызды екенін сездіріп, перзенті алдында өзінің әлсіздігін, білімсіздігін көрсетпеуі тиіс.

Тәрбие дұрыс берілуі үшін үйде ата-ананың, мектепте ұстаздың айтқан сөзі үндесіп жатуы керек. Әр отбасындағы тәрбие – өзіңше жеке ілім, жеке дәстүр. Әкесі бар бала мен әкесі жоқ жеткіншектің тәрбиесінде едәуір айырмашылық кездеседі. Әкесі қайтыс болған отбасындағы бала үшін «Әке» деген сөз қасиетті, оның бейнесін анасының айтуымен, өзінің білуімен үлгі етіп, өмірге бейім, өзіне ғана сенетін, анасына қамқор, намысшыл бала болып тәрбиеленеді. Ер адамның сөзіне, ақылына құлақ асады. Ол үшін досының әкесі де, ағалары да үлгі. Әкесі масқұнем, үнемі ағай-шу шығарып жүретін отбасындағы бала ашуланшақ, жасық, сабаққа ынтасы болмай, өзін өзгеден төмен санап, қорланып өседі. Әке тәрбиесінің дұрыс берілмеуі бала болашағына үлкен әсерін тигізеді.

Мысал ретінде айта кетсем, мектеп ішінде өткен сынып сағатында мұғалімнің: «Қазіргі аталардан өсиет немесе нақыл естіп көрдіңдер ме?» – деген сұрағына оқушылар: «Жоқ, естіген жоқпыз», – деп жауап берді. Осының өзі әкелер мен аталардың ұрпақ тәрбиесіне жеткіліксіз деңгейде атсалыса алмай отырғандығының бір дәлелі.

Өз тәжірибемде байқағаным, қазіргі әкелердің төксан пайызы баласының сабағына алаңдамайтындығы. Мектепке перспективалық жоспар құрып, мектептегі тәрбие жұмысын жандандырудың бірден-бір тетігі әке-шешемен жұмысты мықтап қолға алдық. Соған сай ауыл жылында ата-аналармен айлық өткізу дәстүрге айналған.

Өткен жылы «Әке – отбасының алтын қазығы» тақырыбында дәстүрлі ата-аналар айлығын жариядадық. Осылайша әке-шешемен жұмысты басқа қырынан, яғни тәрбиенің құлдырауының алдын алудың бірден-бір тетігі әкелермен жұмысты жандандырудан бастадық. Ата-аналармен байланыс нығайтылып, әсіресе әкелер жиі келетіндіктен мектептің сәні кіріп қалды десек болады. Олар жиі сабаққа қатысып, өтіп жаткан түрлі іс-шараны қызықтап, балалар өміріне қатысты жұмыстарға араласты. Ал, айлық барысында өте бір қуаттарлық жағдай ата-аналардың мәдениеттілік, сауаттылығы күннен-күнге жетіліп, педагогикалық ұйымдастырушылық қабілеттерінің бар екендігін әкелердің сабақ беруінен-ақ байқадық. Бірінші сыныпта «Әкем – берік қорғаным» атты әкелер сайысын Күдеров Құрманхан, 7 сыныпта «Әке – асқар тау» тақырыбында тәрбие сағатын Кузембаев Русдан сынды азамат өткізіп, семинарға қатысушыларды өздерінің сөйлеу мәдениеті, ұйымдастырушылық қабілеттерімен таңғалдырып етті. Осындай жұмыс нәтижесінде ата-аналар жағы «Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар» дегенге көздері жетіп, «Асырауды біліп, тәрбиелеуді білмеу – ата-анаға сын» деген тоқтамға келді.

Иә, расында да бүгінгі күні босаңсып кеткен тәрбиені тез арада жолға қоймасақ, ертең кеш болуы әбден мүмкін. Бұл тұста Елбасы Н. Назарбаевтың «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, ең бастысы ата-ананың балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз», – дегені сөзін келтіре отырып, жас ұрпақтың болашағына ұрлы жол ашатын бірден-бір кілт – әке-шеше, ендеше бала тәрбиесіне әкенің көңілі бөлінсе екен дейміз. «Тамырыңды тапсаң тас та жанады», – дей отырып, ата-анамен жұмыстың тиімді әдістерін іздестіру ұстаз, мектеп, қоғам, бізлердің міндеттерімізі екенін есімізге салғым келеді. Өйткені, бүгінгі бақытты балалық, сенімді болашақ емес пе?

Соның нәтижесінде бүгінгі таңда мектептегі тәрбие жұмысының, оның ішінде ата-аналармен жұмыс жүйесінің бір жолға қойылғандығы және бала тәрбиесіне әкелер көпшілігін белсенділігі бірден мектебімізге үшін үлкен жетістік деп ойлаймын.

ЕР МҰҒАЛІМ ЖОҚТЫҢ ҚАСЫ

Б. БОРАНБАЕВ:

– Қазіргі таңда мектептердегі ұстаздың көпшілігі әйелдер, ер мұғалім жоқтың қасы. Бұл жағдай үлдар арасындағы тәртіптің нашарлауына әкелін соғады. Себебі, балалар ер жеткен сайын әйел ұстаздарға аз бағынады. Бұл жағдай бірте-бірте қыздар тәрбиесіне де әсер етеді. Себебі, сыныптың жартысына жуығын үлдар құрайды. Осыған орай мектепте ер ұстаз көп болса, ұлдар тәртібінің түзелін, дұрыс жолға түсуіне оң әсер етер еді. Сол себептен де мектептегі ер ұстаздардың сандық үлесі жаңа педагогтардың жартысына жуықтаса дұрыс болар еді. Отбасында не әкесі, не шешесі болмаса, балаға қиын тиері анық болып жүр ме, бұл әрине, ойландыратын мәселе. Ел басына экономикалық қиындық туған тоқсаныншы жылдар көптеген ер адамның боркемік, шарасыз, өмір тудырған күрделі мәселелерді шешуге дәрменсіз екендіктерін көрсетіп берді. Керісінше, әйел адамдар қиындыққа қаймықпай қарсы шығып, оны дұрыс шеше алатын күш пен қуатқа не екендіктерін дәлелдеді.

Бүгінгі бала тәрбиесіне әкелердің неге аз атсалысатынының бір мысалын осыдан білуге болады. «Болмысты тұрмыс билейді»,–деген бекер емес. Бұған, араққа, жалқаулыққа бейім, бейқам жандарды қосыңыз. Сол кезде бала тәрбиесінен сырт қалатын әкелердің қатары өсе түсетінін көреміз. Бірақ, жауапкершілігі жоғары, келешекті ойлай білетін, балаларын жаныңдай жақсы көретін жақсы әкелер бізде аз ба? Аз емес, ондай жандарды қоғамның әр тобынан-ақ көруге болады.

Мен, өз басым елімізді әл-қуаты арткан сайын балаларымыздың тәрбиесіне ата-ананың көбірек көңіл бөлін, жастарымыз білімді де, өнерлі болып өсіп, келешекте жақсы азаматтар болуына кемел сенемін. Бірақ, бұл ұзақ уақытқа өз ұтымдылығы, тиімділігі, тарихымызды, салт-дәстүрімізді құрметтеуді ұмытпауымыз керек. Оны ұмытсақ, бар өмірімізден зая кеткендігі. Жалғандыққа бой ұрғандығымыз. Тек қара бастың қамын күйттегеніміз болмақ.

Сондықтан ұлтымыздың асыл қасиеттерін сақтайық. Әрбір әке өз баласының өзінен асып туып, әлдеқайда бақытты болғанын қалайтынын белгілі. Бұл игі тілек бізден бәрімізің жүрегіміздің нақ төрінен орын алған аяулы арман. Бақыт деген – тек қана байлық, жақсы тұрмыс, молшылықта өмір сүру емес. Ол ең әуелі бойына сапалы білім, саналы тәрбие сіңірген, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, өнерлі де өнегелі ұрпақ тәрбиелеу екендігін ұмытпайық, ағайын!

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Ғ. САҢҚАЙБАЕВА:

– Бала – өсіп келе жатқан өркен сияқты. Қалай исең, солай қарай бағытталады. Сондықтан жас өркеніне дұрыс күтім жасаудың маңызы зор. Осы тұста ата-ана мен мектеп бірлесе жұмыс істесе, күтілер нәтиже де жемісті болмақ.

Осыдан бірнеше жыл бұрын ата-аналар мектеппен байланыс жасап, балаларының сабағына қатыспақ түгілі, жылына болатын жалпы ата-аналар жиналысына да келмейтін кездерді бастан өткіздік емес пе. Осыған орай 2006 жылы мектеп ұжымы алдымызға перспективалық жоспар құрып, мектептегі тәрбие жұмысын жандандырудың бірден-бір тетігі әке-шешемен жұмысты мықтап қолға алдық. Соған сай ауыл жылында ата-аналармен айлық өткізу дәстүрге айналған.

Өткен жылы «Әке – отбасының алтын қазығы» тақырыбында дәстүрлі ата-аналар айлығын жариядадық. Осылайша әке-шешемен жұмысты басқа қырынан, яғни тәрбиенің құлдырауының алдын алудың бірден-бір тетігі әкелермен жұмысты жандандырудан бастадық. Ата-аналармен байланыс нығайтылып, әсіресе әкелер жиі келетіндіктен мектептің сәні кіріп қалды десек болады. Олар жиі сабаққа қатысып, өтіп жаткан түрлі іс-шараны қызықтап, балалар өміріне қатысты жұмыстарға араласты. Ал, айлық барысында өте бір қуаттарлық жағдай ата-аналардың мәдениеттілік, сауаттылығы күннен-күнге жетіліп, педагогикалық ұйымдастырушылық қабілеттерінің бар екендігін әкелердің сабақ беруінен-ақ байқадық. Бірінші сыныпта «Әкем – берік қорғаным» атты әкелер сайысын Күдеров Құрманхан, 7 сыныпта «Әке – асқар тау» тақырыбында тәрбие сағатын Кузембаев Русдан сынды азамат өткізіп, семинарға қатысушыларды өздерінің сөйлеу мәдениеті, ұйымдастырушылық қабілеттерімен таңғалдырып етті. Осындай жұмыс нәтижесінде ата-аналар жағы «Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар» дегенге көздері жетіп, «Асырауды біліп, тәрбиелеуді білмеу – ата-анаға сын» деген тоқтамға келді.

Иә, расында да бүгінгі күні босаңсып кеткен тәрбиені тез арада жолға қоймасақ, ертең кеш болуы әбден мүмкін. Бұл тұста Елбасы Н. Назарбаевтың «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, ең бастысы ата-ананың балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз», – дегені сөзін келтіре отырып, жас ұрпақтың болашағына ұрлы жол ашатын бірден-бір кілт – әке-шеше, ендеше бала тәрбиесіне әкенің көңілі бөлінсе екен дейміз. «Тамырыңды тапсаң тас та жанады», – дей отырып, ата-анамен жұмыстың тиімді әдістерін іздестіру ұстаз, мектеп, қоғам, бізлердің міндеттерімізі екенін есімізге салғым келеді. Өйткені, бүгінгі бақытты балалық, сенімді болашақ емес пе?

Соның нәтижесінде бүгінгі таңда мектептегі тәрбие жұмысының, оның ішінде ата-аналармен жұмыс жүйесінің бір жолға қойылғандығы және бала тәрбиесіне әкелер көпшілігін белсенділігі бірден мектебімізге үшін үлкен жетістік деп ойлаймын.



● Әкелердің арасында «ақылмен жүріп, анық басып», ұрпағын тәрбиелеп өсіріп, абырой-беделмен жұртшылыққа үлгі-өнеге болып жүргендер жетерлік. Сонымен бірге өмір бойы жинап-терген аздаған жақсы қасиетіне не бола алмай, осалдық танытып шашыратып алып, қайтадан төре алмай жүрген кейбір осал әкелердің де бар екенін мойындаймыз.

● Бақыт деген – тек қана байлық, жақсы тұрмыс, молшылықта өмір сүру емес. Ол ең әуелі бойына сапалы білім, саналы тәрбие сіңірген, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, өнерлі де өнегелі ұрпақ тәрбиелеу екендігін ұмытпайық, ағайын!

Міне, жоғарыда көтерілген тақырыпқа орай Ақсу ауданының тәрбиеге жауапты мамандары өздерінің ойын бөлісті. Бір ұстазымыз әкелер ата-ана жиналысына қатыспайды деп наз айтса, енді бір тәрбие сағлағы әкені мектепке тартудың жолдарын іздеп тауып, өз іс-тәжірибесімен бөлісіп отыр. Бұл барлық мектепке үлгі етуге тұрарлық игі бастама, жарқын іс. Әкенің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі төмендей түскен бүгінгі уақытта мұны мәселеніің бір шешімі деуге болады. Бірақ, мұнымен әкелер тақырыбына нүкте қоя алмаймыз. Өйткені, әкенің бала алдындағы жауапкершілігін арттырудың басқа да жолдарын қарастыруымыз қажет. Зақ аясында да ерлі-зайыпты жандар ажырасқанда әке алимент төлеумен ғана шектеледі. (Тіпті оны әкелердің басым бөлігі төлемейді де). Ал әкенің бала алдындағы жауапкершілігі жайы тағы да ескерусіз қалады. Бұл орайда, сіз қандай ұсыныс айтар едіңіз, құрметті оқырман? Әкенің отбасы, балалары алдындағы жауапкершілігін қалай арттыруға болады? Осы жөнінде ой бөлісуді ұмытпағайсыздар. АҚСУ АУДАНЫ.

ТЕАТР: ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ



Сахнадан көрініс.

Қойылымның режиссері Базарбек ТОҚЫМТАЕВ

Негізгі шаруа

Қазақ Иран-Ғайып болып танылған аталмыш қойылым авторының ақындық талантын, қаламгерлік қуатын оқырман қауым толық біледі. Сонымен қатар, Иран-Ғайып драматургия саласындағы жемісті еңбекмен де жүріп келе жатқан орын алған. Мәселе Иран-Ғайыптың көп жазғанында емес, оның өз шығармаларында адам болмысы арқылы эстетикалық тұтастыққа негізделп, өзгеше бір сәулетті әлем жасайтындығында. Оның «Негізгі шаруа» спектаклі де осындай қасиеттермен әдептелген керкем дүние.

Расында, ешкім батылы жетпейтін тақырыпқа тек жүректі қаламгер ғана бара алады. «Негізгі шаруа» осындай жүректі ойдан туған жұмыр шығарма. Өйткені, онда біз жасап отырған қоғамның шынайы болмысы, ащы ақиқаты бүге жекетемей, бүкпесіз баяндалады. Көлеңкесінен қорқу, жоғарыға жағыну, төменді аямын көрсету дейтін пендешілдіктен аулақ. Тіпті, оқиғаның түйінді ойдың көбі арамызда жүрген адамдарға тіке бағытталған. Әлбетте, біз өте бір күрделі қоғамда, яғни, «Өзі би, өзі қожа» болған кезеңде өмір сүріп жатырмыз. «Таяқтың екі ұшы бар» демекші, өз алдына бір-бір құдай болғысы келетін адами болмыстан шығар жол табу, қауналаған қауымның бәріне жағу қиын. Тіпті, тірлеп жайлы жазудың өзі салмақты ойды талап ететін, қаламның ұшын маймандатып тастайтын тақырып.

Сондай-ақ, бүгінгі қоғамдағы тағы бір сорақылық – арқым ез шаруасымен айналыспайды. Бірақ, әрқимның өзіндік «Негізгі шаруасы» бар. Десе де, оның бәрі баспалақтап өрлеген қоғамдық құрылымның төңірегінде өрістейді. Сол өрісті келісті ойына арқау етken Иран-Ғайыптың «Негізгі шаруа» спектаклындегі оқиға қарапайым ғана отбасылық өмірден етек алады. Жай көзге жадағайлау көрінгенімен, шығарманың астары терендеп. Тағы бір жағынан, спектакльде бейнеленген қырандар (Жоғары лауазымдағылар), қырғилар (шенді шекпенділер), қарғалар (қарапайым еңбек адамдары) сияқты үш топтың арасында таласқа түскен тағдырлар көрген жанды бей-жай қалдырмайды. Расында, өзімздің жақсы қырымызды қаншалықты қадірлегенімізбен. «Кедей – бай болсам, бай – құдай болсам» деген ұятты ойды санамызға сіңіріп алғанымыздың жасыра алмаймыз. Ал жоққа қолымыз жеткенде, соған жеткізген жандардан теріс айнала салуды әр мен намыстың талқысына салмайтын болғанбыз Ең қарапайымы, өкең жасамаған жақсылықты жасаған адамдарды да табаны тайып кетсе, «Құлан құдыққа құласа, басына құрбақа ойнаптының» керін келтіріп, теріс айналып кете беруді қаперімізге мықтап сіңірдік. Тіпті, ата-бабадан жалғасқан таза сүйіспеншілік пен әрлы адамгершілікті белден басқа салуға арқалан дайынбыз. Қысқасы, жеке муддешілдік жүрегімізді жаулап бітті. Спектакльдегі Тұрғын мне, осындай өмірдің өкілі. Оның араласпайтын адамы жоқ. Басына бақ болып қонған әйелін алдауды, оның адамгершілік, кеңдік, бейжайлығын аңқаулыққа балап, алдаусыратуды әдетке айналдырған пенде. Суық жүрісне өз арналайбайды. Қайта, айналасындағыларды арбап, ақша жасау, көрінген әйелдің етегін аңдыған пендешілдігін, әйелінің аңқаулығына алмастырған оқымақтау қылығына мәз болады. Және де үш топтың ортасында ит жығыс болумен алдағыш табатыны бар. Қарғаларды (қарапайым бұқараны) табанымен таптауға, қырғилардан ішенді шекпенді) пайда алуға дайын. Мақсаты – қырандарға (жоғары жаққе) жету. Қарап отырсаң, айналамызда байлыққа емешегі үзілп, көздері ақшаға құныққан, билікке өлп-өшіп ұмтылған, көкейін атақ алдауысыратқан адамдар өріп жүр. Осындай кері кеткен құбылыс қоғамның барлық саласында кең өріс алуда. Бұл «дерт» Қазақстан дейтін республиканың түпкір-түпкірін түгелдей қамтыған.

Осы «дерт» жемқорлық дейтін терминді әлемге сөзсіз үлгеді. Жасыратыны жоқ, қазір «коррупциясыз» ешқандай тірлік бітпейді. Әлбетте, жемқорлық, сыбайластық, қылмыстың түр-түрі – бәрі теріс пиғылға жатады. Дей тұрғанмен, сыбайлас жемқорлық дегеніміз – оңайшылықпен құрдымға кете салатын құрылым емес. Өйткені, онымен бабаларымызда көп күрескен көрінеді. Ертедеп қалған:

Көбелек келіп күмп етіп,
Көбіғи шып ол кетті.
Жалалақ келіп жалп етіп,
Жарымын шып ол кетті.
Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын шып ол кетті.
Сауысқан келіп сақ етіп,
Сарқып шып ол кетті.
Құрғауып келіп қиқу сап,
Қазан түбі қаспаңа қырнап і шып ол кетті.

– деп келетін өлең жолы сонын айғағы емес пе? Бұл ақиқат қойылымда да толық көрініс тапқан. Айтпақшы, спектакльдегі Тұрғын өз жетім өскен, ауылдың қара домалақ баласы. Қиындықта жүріп оқыды, әдене жүріп, биікке ұмтылды. Арманы алдамапты. Астанадағы білдей бір министрліктің лауазымды адамына айналды. Бірақ, құрғыр қу нәпсі оның таза да көршіксіз адами болмысын мидай былықтырып жіберді. Әрине, Тұрғынның жасаған ісі, қолданған амалына жаның күйіп, шыдамың таусылатыны анық. Бірақ, «Жалғыз шауып бәйге алмас» дегендей, оғанда түсініктікпен қарауға болады. Егер ол әділетті болса, бәрі бір сол ортаға сіңісп, ойын орын апа алмас еді. Алған күнің өзінде тұрақтап қала алмас еді. Сондықтан түлідей бұғандап тірлік етуі керек. Басқа амалы да жоқ. Оның бар арманы қарғалардың қапталындағы бары мен жоғын қымқырып алып, қырғиларды арбап, қырандармен теңелу. Ол үшін ақша, байлық, құлық-сұмдық, алдап-арбау, аяқтан шалу керек. Жүрегіне далдай кең қазақы қасиетті сіңріп өскен Тұрғын кербақла қоғамның кесірінен кеңдек қамы үшін соның бәріне машықтанған. Осындай сырқатпен дерттенп жүргендер қаншама деша арамызда?!

Қойылымның көтерген жүгі, арқалаған ойы, таным тұрғысынан өлі талай ойды сұыртпақтауға болатын еді. Десе де, осындай күрделі туындыны сахналаудың өзі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан тәжірибелі режиссер ғана жүректі шығарманың кілтін таба алатындығы анық. «Негізгі шаруа» бұған дейінде елімздегі бірнеше театрда қойылыпты. Өкінішке орай сәтті шықпаған көрінеді Бірақ, ол облыстық театрда сахналанғанған кейін жұрт арасында ризашылықа бөленгенін несін жасырайық. Тіпті, шығарма авторының өзі спектакльдің қоюшы-режиссері, Б. Римова атындағы облыстық драма театрының артісі Базарбек Тоқымтаевқа алғысын айтып, ризалығын білдіргені көп жайды ұғындырса керек.

Расында, қойылым басталған тұста көрермен ешнәрсенің байыбына бара алмай, аңтарылып қалатыны жасырын емес. Небары үш-ақ адам (Тұрғын – Санұндық Жұмаділ, әйелі Сәз – Әлия Қожбанова, ойнастан туған мүгедек бала Нұр – Еркебұлан Айдымбаев) рөлде ойнайтын спектакльдің тең жарымы Тұрғынның іші болмысын ашуға бағытталған. Ондағы оқиға желісі Тұрғынның телефонмен сөйлескен диалогы арқылы беріледі. Осы барыстағы дауыс ырғағы, сатыға жетуді армандайды. Ал сұр түсті сатыны аяғымен таптап, тіпті, итеріп, жығып, талап өтеді. Оның жанына келгенде менезі қалыпты, дауысы өзгеріп, кемсіп, «Әпсіздің сөзін салғыртсың. Шала ұғамын қырындап» дегендей күй кешеді. Былайша айтқанда, қарапайым қалық, ой ұшын түйе керегінжік. Себебі, Тұрғынның өзіндегі тәуелсіздікпен бірге түлеген өнерпаз. Біраз жылдық еңбек жолында өнердің біраз саласында жұмыс атқарды, басшы да, бұқара да болды. Оның бойында сахнаға деген ыстық талант бар. Сонымен қатар, Санұндық режиссердің тапсырмасына бағынумен қатар, өзінің іздемпаздығын қосып, қолтаңбасын қалдырып отырады. Қысқасы, Тұрғынның бар болмысын, оның жан дүниесін Санұндық терең түсінген. Оның үстіне қоюшы – суретші Қарлығаш Шағабаевамен да шешіммен сахнаның жеңіл маталармен әдептелген, күлгін сәулемен жиі қайталануы, басталуы, Игорь Крутойдың орындауындағы «Мастер и Маргарита» әнінің әуені мен балалардың шат күлкісінің үні бір-бірін толықтырып, идеяның ашылуына сеп болған. Сонымен қатар, Тұрғынның әр бейнесін құлтемірдің (робот) бейнесі арқылы жағымды-жағымсыз тұрғыда суреттеуден астарында да үлкен мен жатқаны анық.

Қай қырынан келсек те, қойылым сәтті шықты басында оқығанымыз қалай ербітпен анық ұғына алмай отырған көрермен тартысты қойылымды көріп біткен соң көкейіндегі «өттеген-айдарын» көпке дейін көңілінен кетпеймей жүретіні анық. Ендеше, сіз де бір көріп қайтыңыз.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

КАЗАКСТАН 2050

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ маман даярлана ма?

«Қазақстан - 2050» Стратегиялық бағдарламасында білім беру саласындағы басымдықтың бірі ретінде кәсіби-техникалық мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінген. Ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы, айналып келгенде халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп беретін жол екендігін атап көрсеткен. Иә, қазір уақыттың талабы басқа. Мақсат - жастардың жоғары білімді диплом иесі болуында емес, керісінше қоғамға қажетті маман даярлауда. Бұл ретте ортанқол жұмысшы мамандар даярлайтын кәсіптік лицейлер мен кәсіби-техникалық оқу орындарына қойылатын талаптың жоғары, мақсаттың айқын болуы шарт. Осы ретте: «Кәсіптік лицей бәсекеге қабілетті маман даярлай ма?» - деген сауалға жауап алу мақсатымен Алматы қаласындағы № 7 кәсіптік лицейдің шақырағында өткен «дөңгелек үстелге» қатысып қайтқан едік.

Шолпан ЖҰМАДІЛОВА
"Жетісу"

Лицей жайында аз-кем анықтама. 1956 жылы № 23 құрылыс мектебі болып құрылған аталмыш оқу орны бүгінгі таңда Алматы қаласымен қатар республикадағы бірқатар құрылыс орнына маман даярлауды жүзеге асырып келеді. Атап айтар болсақ, сылақшы, сырлаушы, құрылыс ағаш ұстасы, паркетші, құрғақ өндеу тәсілімен құрылыс жүргізу маманы, тас қалаушы, пеш салушы, автокөліктерді жөндеу слесары, газбен электрдәнекерлеуші және музыкалық аспаптар жасаушы мамандарды оқытады. Кәсіптік лицейдің әлеуметтік серіктестері Алматы қаласындағы құрылыс компанияларының болып табылатындықтан оқушылар өндірістік тәжірибеден өткен соң, сол ысандарда еңбек жолын жалғастыруға мүмкіндік беріледі. Бір сөзбен айтқанда, лицей түлектері дерлік толықтай жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі тіс-ті. Бірақ, «қағаз жүзінде қатталып, сөз жүзінде айтылғанымен іс жүзінде расымен солай ма?» «Дөңгелек үстел» басына жиналғандар осы бір ортақ сауал төңірегіндегі ойларын ортаға салды.

Жиынға қатысушы қалалық білім басқармасы, аудандық әкімдік және қаладағы бірқатар жекелеген құрылыс орнының өкілдері алдында лицей директоры Ж. Бекболатов еңбек нарығындағы құрылысшы мамандардың жоғары сұранысқа ие екендігін, лицейдің осы бағыттағы жұмысының ауқымды екендігін жеткізді.

– Лицей түлектерінің жұмысқа орналасуы 100 пайызға жуық. Оқу орнын бітірген соң, 2 жыл ішінде жұмыс орнын ауыстырмаған түлектеріміз 70 пайызды құрайды. Бұл – біздің мақтанышымыз. Ал, 3 жылдан кейін 90 пайыз түлектеріміз жұмыс орнын ауыстырмайды. Бұл – біздің жеңісіміз. Бұған қоса, лицей түлектерінің 10 пайызы жоғары оқу орындарының студенттері. Олар кешкі бөлімде оқып, жұмыс істеп жүр. Сондықтан, лицей түлектерінің 80 пайызы жоғары оқу орындарының студенттері деуге толық негіз бар, – деді ол.

Ал, лицей түлектерінің жұмысқа орналасуы, жоғары оқу орындарына түсуі жайында лицей оқушысы Ерлан Ахметов пен Ерлан Ахметовтың ата-анасы Ахметов Ерлан Ахметұлы мен Ахметова Ерлан Ахметқызы ағынан жарылды.

– Ерлан Ахметов 9 сыныпты бітіргеннен кейін, ата-анасының ақылымен Алматы қаласындағы Ғ. Мүсірепов атындағы № 23 мектеп-лицейіне оқуға түсті. Ол жерде 10-11 сыныпты бітіріп, аттестат алды. Ал, лицейдің 7-8 сыныбында оқып, кәсіптік білім алды. Ерлан Ахметов лицейді бітіргеннен кейін, Алматы қаласындағы «Ақ Жайық» құрылыс компаниясына жұмысқа орналасты. Ол, осы компанияда 2 жыл жұмыс істеді. Ал, қазір Ерлан Ахметов Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1 курс студенті. Ол, университетке оқуға түсуге лицейдің ұстаздары көмектесті. Ерлан Ахметов лицейде оқып жүрген кезінде, ұстаздарының ақылымен,

● Жыл келді!



Өмірқұл АЙНИЯЗОВ, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның өнішсі.

Жақсылықтың бастауы

– Ұлтымыздың барлық асыл қасиеті, салт-дәстүрі, өнері паш етілетін жанымызға ерекше жақын мейрам – Наурыз. Бұл – халқымыз үшін ең қастерлі, көнеден жеткен тағылымды мерекe. Сондықтан да оның мәні зор, мағынасы терең.

Саралап көрейікші, тарихы тамырын тереңнен тартқан Наурыз – бар жақсылықтың бастауы, көктем мен еңбектің, жаңару мен рухани тазарудың, еңсесі биік елдіктің, ірелеп сөлімес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың жарқын да мерейлі мерекесі. Бұл күні аспан денелері өздерінің ең басталқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелісіп, адамдардың ауылы аққа түсіп, жер бетіне шаттық орнайды, дала тәсі дүбірге бөленеді. Аяйынтұлысқан қауышып көрісіп, бір-бірін Наурыз көжеге шақырып, өткенге салауат айтып, болашаққа адал көңілмен, жақсы үміттен қарайды.

Осынау қасиетті мерекеде, жаллы келіп отырған жылан жылында елімізге тыныштық, береке-бірлік тілеймін. Әрбір шаңырақта молшылық болып, дастарқанымыз ақка толсын! Келген жылдан жақсылық күтетін қазақ деген кеңпейілді, дархан жұрек халықтың тілегені дәйім орындала берсін!

Көктемде

МҰҚАҒАЛИ.

Мына келген
көктем бе?!
Сүйісуде кептерлер.
Көз ұшында,
көк белде,
Түйісуде көк пен жер.
Тулап,
тасыр арналар,
Нөсер
құйып кеткесін.
Қыздырынып
тау қалар,
Жалаңаштап
көк төсін,
Тау бөктерлеп биледі,
Тамашалап ақ сағым.
Бөктер жақтың
үйлері –
Сарайындай
патшаның.
Қызыл-жасыл,
сарыала,
Аспа көпір шұғыла.
Екі жағын қадаған,
Екі таудың шыңына.
Аспан асты,
жер үсті,
Ойхой,
неткен көкпеңбек!
Кеңейтті гой өрісті,
Көптен күткен
көктем кеп.
Мініп алып құр атқа,
Жігіт-кектем
шертіп тұр.
Бір келіншек
шуақта,
Есінейді елтіп құр.

ТАНЫМ

Қыдыр ата – ұғым киелі

Тарихты парақтап отырсақ, әр ұлттың әр кезеңдегі таным-сенімі, таным-түсінігі және тіршілік негіздеріне сай ойлап- тапқан аңызға бейім, бірақ, ақиқатқа жақын ұғымдар болған. Соның бірі – ұлтымыздың Қыдыр ата туралы пайым-түсінігі. Қиыр қонып, шет жайлаған бабаларымыз "Ұлыстың ұлы күні Қыдыр ата келіп, ел мен жұртқа амандасады, жүрегі таза, пейілі бекем жандарға оның ықыласы ауып, бақ пен дәулет шаңырағына қонады", – деген сенімге иландай сеніп келген. Тіпті, барлық пен жоқтықты, байлық пен кедейлікті сол ұғымның төңірегінен қарастыратынымыз да жасырын емес. Бір мезгіл кеңестік саясат бұл ұғымды өшіруге тырысып, оның орнын Аяз ата сияқты ұғыммен айналдыруға күш салды. Дей тұрғанмен, тәуелсіздіктен кейін қайта түлеген қазақ таным, ұлттық сана жұрек түпкіріндегі сол ақиқатты қайтадан қазып, жаңа қырымен жарқырата түсті. Бүгінде Аяз атадан гөрі Қыдыр атаға деген сүйіспеншіліктің арта түскенін байқап жүрміз. Осының себебін өңірдегі біркатар өнер саласының өкілдерінен сұрап көрген едік.

Серік НҰРХАЛЫҚ, "Құрмет" орденінің иегері:

– Менің пайымымша, Қыдыр ата туралы сенімнің түп төркінін бүтінгі күннен қарауға болмайды. Ол ұзақ уақыттық сынnан өткен салиқалы ұғым. Қазіргі таңда көптеген адамдар Қыдыр атаны дінмен немесе Аяз атамен байланыстырып жатады. Бұл – дұрыс емес. Кезінде өңірде өткен Наурыз думандарда Қыдыр атаның ролін сомдадым. Сонда мерекелік шараны режиссерлердің шешімімен қобыз үнімен үндескен, Қыдыр атаның бастауындағы шерумен бастайтынбыз. Мұнда қобыз үні қазақ халқының арғы тарихынан сыр шертетіндігін ескеріп, Қыдыр ата жайындағы танымның ардан басталғанын көпшілікке ұғындыру еді. Тіпті, бұны – Адам атаның халық жадындағы жаңды бейнесі деуге де болады.

Базарбек ТОҚЫМТАЕВ, Б. Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі:

Халықтың нанымында Наурыз айының 21-і күні Қыдыр ата ауыл-аймақ, үй-үйді аралап, амандасып шығады дейтін сенім калыптасқан. Атаның бір сауасыз бұйынсыз жаратылыпты. Сондықтан қос қолдап амандасады екен. Осы кезде атаның бұйынсыз саусағын сезінген адамға бақ қонып, дәулет дариды деген таным да бар. Біздің қос қолдап амандасу әдетіміз міне, осы аңызбен астасып жатыр.

Бүтінде ұғымымызда Аяз ата деген термин калыптасқан. Шынтуайтына келгенде, Аяз атаның түп төркіні Қыдыр ата туралы ақиқатта жатыр. Бәрімізге аян, түптұқиянымыз саналатын Гұндар батыска ауып, үйқыда жатқан Еуропаны құлдықтан азат еткендігін тарихи деректер растап берді. Сол кезде Гұн жасақтарының соғыстан түсірген олжаларын Қыдыр ата барлық жасауылға тең-дей бөліп береді екен. Бұл жосық кейінгі бейбіт өмірде Аяз ата болып тұлғаланып, Еуропа жұртының санасына берік орныққан. Кеңес одағы кезінде бұл үрдіс бізге де жетті. Қысқасы, Аяз ата негізінде бабаларымыз парасатының ұшқыны болған Қыдыр атаның прототиві деп ойлаудың тарихи құндылығы мол. Бір сөзбен айтқанда, кезіндегі көшпелі халыққа мейірімділікті, көпшілдікті, береке-бірлікті, молшылықты үлгі еткен Қыдыр ата Аяз ата болып қайта оралып отыр. Сондықтан жаңа жылда балаларға сауға ұсынатын Аяз атаның орнына Қыдыр атаны ауыстырудың еш ұятгығы жоқ деген ойдамын. Қайта, бұл – саналық тұрғыдан балалардың таным-түсінігін терендете түсетіндігі анық.

Кенлебай ТЕМІРБАЙҰЛЫ, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері:

– Халқымызда: "Батамен – ел, жауынмен – жер көгереді" дейтін мақал бар. Осы тұрғыдан келгенде Қыдыр атаның ең басты артықшылығы – қалың қауымға бата беріп, оларды болашаққа жетелейтін ұлы қасиетінде жатыр. Әлбетте, батаның сан түрі бар. Бірақ, Қыдыр ата жалпы қауымның атынан сөйлейтіндіктен, ондағы әрбір сөздің астарында терең мағына жатуы керек. Сонымен қатар, Қыдыр ата елді, әсіресе, жастар мен балғын балаларды болашаққа деген сенімге жетелеп, олардың балғын санасына ұлтжандылықты ұялатады. Дегенмен, әр жылдың өз ерекшелігі бар. Сонымен қатар, біз қазір тәуелсіз мемлекет ретінде өркениет пен орлықтың туын биік ұстап, болашаққа өз үніміз, жолымызбен бет алып бара жатқан елміз. Сондықтан, осы кездегі мерекелік шараның беташар батасында міндетті түрде осындай игілікті істер қамтылуы керек. Жастарды патриоттыққа үндейтін:


"Елбасымыз алысты көрсін,
Ел-жұртымыз табысты
болсын.

Қыздарымыз сұлу,
Ұлдарымыз намысты болсын" дегендей, ойға жалын, бойға жігер беретін ұғымдар қамтылуы керек. Сондай-ақ, Наурыз бата үлкенге де, кішіге де ортақ ұғым калыптастырады. Былайша айтқанда, әр жастағы адам бата сөзінен өзіне керекті нәрсені тауып, сол арқылы бойындағы жақсылығын асырады, жамандығын түзетеді. Ал Аяз ата балаларға базарлық тарататы. Расында, оның кішігірім сыйлығына қызыққан анкау балғындар Аяз атаны асыға күтіп жүретінін жасырмаймын. Алайда, үлкейе келе бұл қылығыпан ұялатыны тағы бар. Өзімізде сондай көңіл күйді бала шағымызда бастан кешірдік.

Біраз жыл облысымызда өткен Наурыз думандарда Қыдыр ата ролін сомдап келдім. Әрине, басқа сахналық рөлдерге қарағанда оның жүгі ауыр екенін мойындаймын. Расында сахнада жүрген жылдарымда көбінше батыр, би, қаһан, хандардың ролін көп ойнадым. Онда өзіңнен ызгар шашып, көзіңнен жалын есіп тұру керек. Тағы бір жағынан, қаһарлы немесе қарапайым болып көрінуің керек. Ал Қыдыр атаның бойынан өмірде қандай кейіпкер болса соның барлық қасиеті, ішкі дүниесі көрініс табуы керек. Көпшілік сенің үніңнен, жүрісіңнен, қимыл-қозғалысыңнан адамдық болмыстың барлық сипатын көріп тұруы керек. Ол үшін көп еңбектенген жөн. Қыдыр ата ролін "Сегіз қырлы, бір сырлы" әртіс қана сомдай алады. Сахна өнерінен хабары жоқ адамдар бұл ролді сомдаса күлкіге калатыны анық. Ал Аяз ата бейнесінен аса көп құпияны күтудің керегі жоқ. Ұзын шапаны, салалы сақалы, қолындағы таяғы болса болғаны. Осы заттардың ішінде кім тұрса да балалар оны Аяз ата деп таниды. Ал үлкендер үшін қызықсыз. Қысқасы, Қыдыр ата тек мерекенің сәнін кіргізуші емес, ұлттық мәдениеттің ұшқырлығын танытушы кейіпкер.

Түйін: **Қалай айтсақ та, Қыдыр ата ұғымының халқымыз өмірінде ерекше кадірлі екенін түсінеміз. Дей тұрғанмен, осы қасиетті ұғымды жете түсініп, кадірлей алмай жүргенімізде жасырын емес. Басында айттық, бата - қазақ ұрпақтары үшін құнды мұра. Бірақ, арамызда дұрыстап бата жасап, елдің ықыласын алатын аталарымыз азайып барады. Неге? Оған атеизмді әбден санамызға сіңірген Кеңестік таным кінәлі. Сондықтан осы және бұдан да басқа құндылығымызды қайта түлету үшін Қыдыр атаны дәріптеудің орны бөлекше деп ойлаймын. Осы қасиетті есімді жылына бір рет келетін Наурыз мейрамында ғана емес, оның жолын ұстанып, қасиетін бойымызға ұялататын іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп, жас буынның санасына сіңірсек, нұр үстіне нұр болар еді.**

Дайындаған К. АНДАС.



НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ









Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ пен Аслан ҚАЖЕКЕ.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор-бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, заң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және ғылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер –27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшарапда — 2-12-57, Панфиловта — 9-12-27, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 411.
ТАРАЛЫМЫ — 48 654.
ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС.

Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 28 наурыз күні шығады.

/e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. Zhetysu-smi.kz/

●*Республикалық фестиваль*



Ілияс ӘЛЕМІ

оны жастар барынша дәріптеді

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығының бірлесе ұйымдастыруымен облысымызда алғаш рет «Ілияс әлемі» атты республикалық студент жастар фестивалі өтті. Айтулы шараға республикамыздағы 23 жоғары оқу орнынан студенттер қатысып, 6 номинация бойынша өз өнері мен білімін паш етті.



І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Әбдіманап Бектұрғанов айтыста бас жүлдені жеңіп алған Халықаралық ақпараттық технология университетінің студенті Қанат Мырзаханды марапаттауда.

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Аталмыш шара университет жанындағы Ілияс Жансүгіровтің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ақын рухына тағзым етуден басталды. Онда «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Сыдықов «жыр құлагеріне» жүректен шыққан жалынды сөздерін арнады.

– Бүгін ерекше жағдайда кездесіп, ұлы ақын Ілияс Жансүгіровтің 119 жылдығына орай, ескерткіш жанына ақын рухына тағзым етуге жиналып отырмыз. Халқымыздың біртуар перзенті Дінмұхамед Қонаев кезінде өзінің ұстазы академик Қаныш Сәтпаевтің технологиялық университеті жанындағы ескерткішіне жыл сайын туған күнінде келіп: «Бойында қазақы қаны бар азамат бұл ескерткіштің жанында бір түлейді», – дейтін екен. Сол сынды халқы үшін қасық қанына дейін сарқып берген ұлы адамдардың ескерткішінің түбіне келгенде қазақы қаны бар кәй азамат болмасын бір түлері анық.

– «Бүгін осы ұлы адамдар несімен түлетеді» деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Біріншіден, Ілияс Жансүгіров – ұлтжанды азамат. Кешегі Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел, Жаһанша Досмұхамедовтердің ідеясын алға апарып, қазақтың қазақ болып қалуы үшін барлық күш-жігерін жұмсаған жан. Ол өзінің патриоттығымен туған елін, жерін жалай сүю керектігін дәлелдеп өтті. Екінші, өлмес туындыларымен классик болудың үлгісін көрсетті. Ғажайып өлеңдер жазды. Эпикалық жанрды қазақ поэзиясына алып келді. Проза, фельетон, сын-сықақ жанрының негізін салады. Үшіншіден, «Досыңа достық қарызың, жауыңа кездік парызың» деген принципті берік ұстанды. Ол аласапыран, әумалы-төкпелі заманның өзінде қаламдас әріптестерін аман алып қалуға барын салып, достықты берік сақтауға тырысты. Төртіншіден, «Өзін ақмауды, өзгені қаламауды» үйретіп кеткен адам. Білестілер, од молдадан оқып, қазақ-кыргыз институтында білім алды, Мәскеудегі журналистика институтын бітіріп, қазақ баспасөзінің негізін салады. Жазушылар одағының бірінші төрағалығына дейін көтерілді, айналдырған 44 жыл ғұмырында осындай биікке шықты. Бесіншіден, жағасы жыртылып, қабырғасы сөгілсе де халық ауыз әдебиетін жинап кетті. Халықтың сана-сезімін оятып, ұлтын жанымен сүюдің тамаша үлгісін көрсетті. Алтыншыдан, үлкен махаббат кана ұлылыққа жеткізетінін дәлелдеп өтті. Адал махаббат өнер адамы үшін қыранның қос қанатындай, оның парлап ұшуына әсер ететіндігі белгілі. Ілиястың сүйіктісі Фатимаға қосылғаннан кейін небір классикалық өлеңдері, поэмалары туды. Жетіншіден, өзінің қысқа ғұмырында халқына қызмет етудің барлық жолын, өлеңді қалай жазу, өнерді қайтканде өрге сүйреу керектігін көрсетіп кетті, – деп жиналған көпшілік алдында ұлы ақынның барлық қырын ашып көрсетті.

Бұдан соң І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің проректорлары Е. Дүсіпов пен М. Кәпбергенов ақын ескерткішіне тағзым ете тұрып, гүл шоқтарын қойды.

Фестивальдің ашылу салтанаты университет қабырғасында өтіп, оған облыс әкімінің орынбасары **Серік Мұқанов** қатысты. Өз сөзін облыс әкімі Ақсар Мұсахановтың атынан Ілияс атамыз арналған үлкен шараны ұйымдастырып, ақын мұрасын жастар арасында насихаттауға жол ашып отырған «Ілиястану» ғылыми-зерттеу орталығы мен университет ұжымына алғыс айтудан бастаған Серік Мейірханұлы Ілияс Жансүгіровтің әдебиеттегі өзіндік орнына тоқталып өтті. Сонымен қатар, Жетісу жерінде өмірге келген ақын-жазушылардың туған күндерін атап өту облыста дәстүрге айналғандығын айта келіп, келесі жылы қазақ поэзиясы құлагерінің 120 жылдығы республикалық деңгейде атап өтілетіндігін жеткізді. Бүгінгі таңда Ілияс Жансүгіровке арналған екі әдеби-мемориалдық музей жұмыс істеп, ескерткіші бой көтергендігі, мектептер мен облысымыздағы білімнің қара шаңырағы саналатын мемлекеттік университетке есімі берілгендігі турасында айта келіп, дүбірлі додаға қатысушы Ілиястың гибасарларына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде сөз алған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Әбдіманап Бектұрғанов:

– Бүгінгі шарамыздың арқауы Ілияс Жансүгіровтің сатира жанрындағы да еңбегі ерекше, аудармаға қосқан үлесі де қомақты. Өнердің барлық саласын шығармашылығына арқау еткен ақынның жан-жақты қырын бүгінгі фестивальде камтуға тырыстық. Осы арқылы жастардың Ілияс Жансүгіров әлемін бойына сіңіруіне тілектесміз, – дей келе бүгінгі шарага демеушілік жасап отырған облыстық әкімдік, Аксу ауданының әкімдігі, жекелеген азаматтар, Сарқан ауданы әкіміне, «Халық банктің» Алматы облыстық филиалы басшысына, облыстық туберкулезге карсы диспансерінің бас дәрігеріне алғысын жеткізді.

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Бұдан әрі шара 6 номинация бойынша байкауға ұласты. Оның ең негізгісі халқымыздың жанына ерекше жақын өнер – айтыс. **«Таскында, тау сұындай көңіл жыры»** деп аталатын бұл номинация бойынша 13 жұп сөз сайысына түсті. Оған «Огни Алатау» газетінің бас редакторы, ақын Әміре Әрін бастаған әділқазылар алқасы төрелік етті.

Айтыста Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технология университетінің студенті Қанат Мырзахан, Сүлеймен Демирел университетінің білімгері Бибігүл Тлеболдинова, астаналық Сырым Әуезхан, керекулік Кәп Ардагерей ерекше көзге түсті. Бұл турасында белгілі айтыскер ақын Айтакын Бұлғаков былайша баға берді:

– Жалпы алғанда жас толқынның айтысы көңілден шықты. Көп жастан үміт күтуге болады. Ерекше сөз саптаулары бар. Тақырыпты ашып, жырлады. Ілиястың қуғын-сүргін көріп, етікші болғанына дейін айтыпты. Ілияспен қатар елім деп еңіреп өтіп, жазықсыз жапа шегкен ақын-жазушы, қайраткерлеріміздің есімі аталды.

Айтысқа тән өзіндік қазжұндары да болды. Мәселен, Сырым Әуезхан ауыз ашып отыр еді, қарсыласы оған: «Неге ауызыңды ашып отырсың», – деп тиісті. Сонда: «Ауыз ашып отырмын өзіңе қаратты деген емес пе?» – деп ұтымды жауап қатты.

Қанат Мырзахан «Ілиястардың қабірде жатса да қадірі өшкен жоқ. Қазіргі заңды қауым өкілдері қадірін жоғалтты», «Надонның тірісі өлгенмен тең, дананың өлгені тірімен тең», – деген ойлар айтты. Мұндай теңеуді тіс қағған ақындардың өзі айта бермейді.

Кейбір жас ақындардың айтыстың техникасын меңгермегендігі, тәжірибе жетпейтін тұстары да байқалып тұрды. Бірақ, жастар арасындағы айтыс болғандықтан ондай кемшіліктердің орын алуы заңдылық.

Бұл бәйгеде ұтымды ой, қағытпа сөз айту жағынан өзгелерден оқ бойы озық тұрған Қанат Мырзахан айтыс басталғаннан-ақ жастыққа тән жігерімен көпшілікті өзіне қаратты.

– Жүрген еңім бәйгеге қосып атын,
Тек қана бір Аллаға бас ұратын.
Ассалаумағалейкум, ағайынға,
Жиғаны той-думанға шашылатын.
Ұстаздар қауымына сәлем бердім,
Ұмытпайтын шәкірті асыл атын.
Армысың, ақ маңдайлы ару қыздар,
Агентке жиі-жиі қосылатын.
«Ғазиуру», «Супер герл», «Милашка» деп
Шынайы есімдерін жасыратын.
Ұнатса мерейіңді асыратын,
Ұнатпаса «изгоргa» жасыратын.
Армысың, алпамсадай арлан ұздар,
Қыз көрсе көтеріліп, басылатын.
Танысқан аруларды агенттегі
Логинін сұрауға асығатын.
Ал енді логині жоқ қызды көрсе,
Шашы жоқ қыз көргендей шошынатын», –

деп сөз бастап, Ілияс ата туралы толғамды ойын былайша жеткізді.

– Жолдасы жаман адам
жолдан қалар,
Басына қонған бақты қолдан қағар.
Тарландарды іздесең Жетісуға,
Арландарды іздесең орманға бар.
Мысалға Ілиясты алып қарайықшы,
Тұрғысқан ақиқат пен ардан қамал.
«Күй», «Күйші» поэмасын жазғандығы,
Үзілген рухына жалғау болар.
Ақанның Құлагерін жырлағаны
Қазақы қайсарлықты қамдау болар.
Бұқараның сауатын ашып беріп,
Ерлікпен ерен жолын таңдау болар.
Сол Ілиспен қоштасқан 44-те,
Расында бұл өмір жалған болар.
Бірақ оның бөбегі арта бермек,
Тау алыстаған сайын заңғарланар.
Қысқа өмірді нұсқа етіп сүре білсе,
Ілиста басқа қандай арман болар,

– деп жырлады. Ал Қанаттың алғашқы қарсыласы Бибігүл Тлеболдинова «Ілиясты толық тану мүмкін емес, айдың да бір бөлшегі көрінбейді», – деп ақын мұраларын әлде де зерттеу қажеттігін алға тартады.

Бибігүл мен Қанаттың айтысы өте сәтті шықты. Ақтық сындағы аралары-нан қыл өтпейтін екі дос Сырым мен Қанаттың сөз қағысы да көпшілік көңілінен орын алды.

Он үміткер бақ сынаған **«Ілияс тағылымы»** атты ғылыми жобаның да көтерген жүгі ауқымды болды. Ғылыми жобаға қойылған негізгі талап – жаңалық енгізу, Ілияс тағылымы бойынша тың мәліметтер жинақтау болатын. Бұл турасында ғылыми жоба байқауының әділқазылар алқасының төрағасы, университеттің педагогика және психология факультетінің деканы Хаписа Нәубаева:

– Үміткерлердің барлығы да жақсы дайындықпен келген. Ерекше бір айта кететіні, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік университетінің студенті Елдос Тоқтарбаевтың ерекше ізденіс танытып, І. Жансүгіровтің Қапалдағы музейіне барып, үлкен ақсакалдармен кездесіп, бұрын ешкімнің қолына түспеген материалдарды жинақтап, суретке түсіріп келуі болды.

Жалпы байкауда ғылыми жобаның өзектілігі ескерілді. Осы тұрғыдан алганда Жетісу мемлекеттік университетінің студенті Айгерім Шаншарбаеваның Ілияс Жансүгіровтің «Жолдастар» поэмасындағы өлең шумақтарын буындарға бөліп, одағай, оқшау сөздердің аражігін ажыратып талдауы құнды ғылыми жоба болды. Сол сынды Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен келген Балжан Қуатбек «Фатиманың махаббаты» туралы ізденіс жұмысында қызықты мәлімет, деректер келтірген. Семей мемлекеттік педагогикалық институтының студенті Ақмарал Құсайынова І.Жансүгіровтің аударма жұмыстары бойынша жақсы ғылыми жоба қорған шықты. Байқауда жастарымыздың ғылымға деген ерекше ықылас-ынтасы, қызығушылығы байқалды, – деп баға берді.

«Сахна сәнлақтары» байқауы да жоғары деңгейде өтті. Онда құлагер ақын әрі қарымды қаламгер Ілияс Жансүгіровтің драмалық шығармаларынан үзінділер көрсетіліп, әйгілі «Құлагер» поэмасындағы Ақан серінің жоқтауы сәтті сахналанды. Сонымен қатар, ақынның гибратты ғұмырынан, жан жары Фатимаға жазған хаттарынан көріністер қойылды.

«Сахна сәнлақтары» аталымы бойынша өткен байқауға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Біз» студенттер театрынан құралған «Шандоз» тобы, Арқалық мемлекеттік педагогикалық университетінен Көбей Жетібай, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дан «Құлагер», «Жас түлек», «Дарын» топтары қатысты. Сахнаның сәнін келтірген «Жас түлек» пен «Біз» тобы болды. Олар Ілияс Жансүгіровтің «Райхан» пьесасын сол замандағы және бүгінгі көзқарас тұрғысынан сахналап, көпшіліктің көңілінен шықты.

«Райхан» пьесасы әлеуметтік теңсіздік пен әйел теңдігін ту еткен туынды. Шығармада қазақ дәстүрі мен салтынан ат-тонын ала қашып, жаңа кенестік жүйеге еліктеген жас жұбайлар образы көрініс тапқан. Онда әйелдер қауымы ерлердің қарсы сөйлей алмай, шарасыз күйге түскен бейнесіне астамсын қарап, теңдікті теріс бағытта түсінеді. Салдарынан қым-қуғаң ұрыс, көзге шөп салу, некеге деген жауапсыздық көбейіп, отбасы ойран болады. Қаламгердің бұл сәтті туындысы бүгінгі студент жастардың өзекті тақырыбына айналды. І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың «Жас түлек» тобы аталған қойылымды Кеңестік дәуірдегі образымен сахналаса, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Шандоз» тобы әйел теңдігі деп жалаулатқан қоғамның бүгінгі қасіретін сатиралық әдіспен ашып көрсете білді.

«Іші алтын, сыртқы күміс сөз қалдырған» интеллектуалдық сайысында да студенттеріміз Ілияс әлемін қаншалықты меңгергендігін көрсетіп, шағын эссе жазды, тестілеу сұрақтары мен «Жорға жарысында» қойылған сауалдарға жауап беріп, өздерінің білімін ортаға салды. Ал, **«Сұлу сөздің сүлейі»** мәнерлеп оқу сайысы мен **«Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай»** атты мүшәйрада өлеңді өмірінде өзек еткен жастар көпшілікті Ілияс ақын жыры мен дарын несіне арнаған өз өлеңдерімен сусындатты.

Екі күнге созылған шараны қорытындылау сәті де келіп жетіп, әр номинация бойынша белгіленген әділқазылар алқасының шешімімен жүлдегерлер марапатталды. Айтыста алдына жан салмаған Халықаралық ақпараттық технология университетінің студенті Қанат Мырзахан бас жүлдені жеңіп алып, түрлі-түсті теледидар мен 100 мың теңге ақшалай сыйлыққа қол жеткізді. 1-орын тұғырынан көрінген Еуразиялық гуманитардық университетінің студенті Сырым Әуезхан 100 мың теңге, 2-орынды иеленген Сүлеймен Демирел университетінің білімгері Бибігүл Тлеболдинова мен керекулік Кәп Ардагерей 70 мың теңге және үшінші орынды иеленген үш қатысушы 50 мың теңгеден ақшалай сый және арнайы дипломдармен марапатталды.

Ғылыми жоба бойынша Жетісу мемлекеттік университетінің студенті Айгерім Шаншарбаева 1-орын, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің білімгері Балжан Қуатбек 2-орын, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік университетінің студенті Елдос Тоқтарбаев 3-орын иеленді.

«Сахна сәнлақтары» номинациясы бойынша Жетісу мемлекеттік университетінің «Жас түлек» студенттер театры 1-орынды, әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің «Шандоз» тобы 2-орынды, Жетісу мемлекеттік университетінің «Құлагер» тобы 3-орынды жеңіп алды.

Жыр мүшәйрасында әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің студенті Нұртас Тұрғанбек 1-орынға, Жетісу мемлекеттік университетінің білімгері Асыл Сұлтанғазы 2-орынға, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің студенті Наурызбек Саршаев пен Семей мемлекеттік педагогикалық институтының білімгері Куаныш Нұржанов 3- орынға қол жеткізді.

Интеллектуалдық сайыс бойынша жетісулық екі жас Айсұлу Жазыбекова 1-орынға, Мадина Рахманбекова 2-орынға ие болды. Ал мәнерлеп оқу сайысында І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасынан «Бай-бай құлагерім» бөлімінен нақышына келтіре үзінді оқыған семейлік Лаура Әубәкірова 1-орыннан көрінді. Жүлдегерлердің бәріне ақшалай, заттай сыйлықтар тарту етілді.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

●*Білім шаңырағында*

ИГІЛІКТІ ІСТЕР БАСТАУЫ

– Бағжан Құдабайұлы, «көпке топырақтай төселіп қызмет қыл» деген екен. Сіздің бұған дейін де балалар нейрохирургиясының білікті дәрігері болумен қатар, Алматы облыстық көпсалалы ауруханасының директорының орынбасары, облыстық туберкулезге қарсы балалар санаторийінің бас дәрігері болып абыройлы қызмет еткеніңіз белгілі. Ал тамыры тереңде жатқан білім ордасын басқарған бірер жылда қандай жаңалықтар жасай алдыңыз?

– Елбасының халыққа арнаған жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауында кәсіптік білім беру деңгейін көтеріп, жастардың еңбекке араласуына ерекше мән берілуде. Бұл келешегі кемел еліміздің жастарының қалаған мамандықтары бойынша білім алып, жұмыспен қамтылуымен қатар, тәуелсіз еліміздің тірегіне айналар мықты маман боп қалыптасуына негіз болмақ. Қазақта «алтынды шыққан жерінен қаз» деген даналық бар Іргесі ертеде қаланған бұл білім шаңырағында алғашқы жылдары білім алған орта буын медицина мамандарының көбі оқуын институттарда жалғастырып, жоғары білімді дәрігер атанып, еліміздің денсаулық сақтау саласына елеулі еңбек сіңіргендігін бүгінгі ұрпақ мақтан тұтады. Осы уақыт аралығында 15 мыңнан астам студентті тәрбиелеп ұшырған білім ордасында еңбек еткен 30-ға жуық жоғары, 22 бірінші санатты ұстаз-дәрігерлер мен 3 медицина ғылымының кандидаты, 10-ға жуық ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздіктері, ардагер-ұстаздар білім беріп, жас мамандарды даярлаудың озық үлгісін көрсетуде.

Қазіргі таңда колледжде 1405 студент дәріс алуда.

– Олар қандай мамандықтар бойынша оқытылады?

– Бюджеттік және ақылы бөлімдерде, атап айтсам, фельдшер – емдеу ісі, мейірбике ісі, акушер ісі, сонымен қатар биылғы оқу жылында жаңа ашылған фармация, диагностика лаборанты, гигиена және эпидемиология деп аталатын 6 факультет бойынша орта буынды медицина мамандары даярланады. Биылғы оқу жылында 197 студент-жас білім алып, оның 52-сі үздік дипломға қол жеткізді. Ал биылғы жылы 249 жас түлеп ұшпақ.

Бұған қоса, облысымыздың Талғарға жақын Қарасай, Іле, Еңбекшіқазақ, Бақанас, Райымбек аудандары мен Қапшағай қаласынан арнайы жолдамамен келген 96 адам мейірбике және емдеу ісі – фельдшер мамандықтары бойынша дәріс алуда Оқу мерзімі аяқталған соң олар өз аудандарына барып, еңбекпен қамтылатын болады.

– Яғни, «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының жүзеге асуына атсалысып отырсыздар ғой және өткен жылы қанша маман қайта оқудан өтті?

– Колледж қабырғасынан мамандардың білімін арттыру бөлімі ашылды. Оның негізгі мақсаты – орта буынды мамандарды қайта даярлап, жаңа инновациялық үрдістермен білімін жетілдіру болып табылады. Бұл бөлімде жоғары санатты оқытушылар мен медицина кандидаттары, денсаулық сақтау саласының тәжірибелі мамандары дәріс береді. 2011-2012 оқу жылында 300-ге жуық орта буынды маман білімдерін жетілдірді. Сонымен қатар, облыстық бюджеттің қаржыландыруымен 400-ге таяу орта буынды маман апталық және айлық оқу курстарынан өткендігін де атап айту артық етпес. Қайта даярлаудан өтетін мамандардың асханамен, жатақханамен қамтамасыз етілуіне де мән беріліп отыр.

– Оқыту технологиясы жаңаланып жатқан бүгінгі күннің сұранысына колледждің материалдық базасы лайық па? Бұл орайда, қандай жұмыстар атқарылуда? Спорттық шараларға қатысудағы белсенділіктеріңіз қандай?

– Негізі қаланғанына талай уақыт өтсе де колледж ғимаратына бірде-бір рет күрделі жөндеу жасалынбаған. Сондықтан да іші-сыртының тозығы жетіп тұрғандығын жасыруға болмас. Жатақхананың да күйі мәз емес. Әсіресе, студенттердің қатысуымен, ұйымдастыруымен өтетін акт залында орындықтың болмауы ұят қой. Сол себепті де, қол қусырып отырғанымыз жарамас деген оймен, өткен қыста осы залға шамамыз келгенше жұмсақ орындықтар алып, сахнаны қалыпқа келтіріп, әрлендіріп, безендіруде бірталай жұмыстар жасадық. Оқыту процесін жаңа технологиямен қамтамасыз етуде 2 компьютер бөлмесі, 6 интерактивті тақтамен қамтамасыз етілді.

Салауатты өмір салтын қалыптастырып, жастардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға ықпал ететін «Жалын» жастар орталығы құрылып, мазмұны терең іс-шаралардың өтуіне ұйытқы болуда. Бұл орталықта менеджер, психолог-тар қызмет етеді. Олардың мақсаты – жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, өз денсаулығы үшін жауапкершілігін қалыптастыруға және сақтауға үйрету. Осы бағытта семинар-лар, видео-роликтер, акциялар және психологиялық кеңестер беру қарастырылған. Студент-терден құралған волейбол командасы да аудан, облыс көлеміндегі жарыстарда жеңіске жетіп, мәртебелерін өсіруде Білім алушы студенттер спортпен айналысуда қолайлы спорт залды және оқуда жеткілікті кітап қоры бар кітапхананы пайдалана алады. Ал студенттеріміздің оқу-өндірістік тәжірибеден өтуі бойынша облысымыздағы базалық оқу мекемелерімен, соның ішінде, Талғар аудандық ауруханасымен тығыз байланыс орнатылып, бөсекеге қабілетті, ісін жетік білетін мамандар даярлау жолға қойылған.

Бұған қоса, биылғы жылы адам денсаулығын сақтауға атсалысатын студенттерміздің білімін іс-тәжірибе жүзінде ұштастыру мақсатында ақылы оқу бөлімінен түскен 6 млн. теңгеге муляждар сатып алынып, клиникалық пәндердің симуляциялық орталығы ашылып, жабдықталуда. Бұл жерде студенттеріміз аурудың түріне қарай, мысалға, жарақат алған болса соған тігіс салу, реанимациялық шаралар кезінде қан қысымын өлшеу, тікелей емес массаж жасау, тыныс алдыру сынды науқасқа алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін тәжірибе жүзінде көрсетіп, машықтандырады. Сондай-ақ, анатомия, физиология, тіршілік қауіпсіздік пәндері (ТҚП) бойынша адам ағзаларының қызметімен толыққанды таныса алады. Бұл білім шаңырағының қол жеткізіп отырған үлкен жетістігі саналады.

Сонымен бірге, биылғы жылдан бастап студенттердің бір мезгілі ыстық тамақпен қоректенуіне қолайлы 60 орынды арнайы асхана ашылып, іске қосылды.

– Жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру мен жат әдеттерден сақтандыру мақсатында атқарылған жұмыстар жайына тоқтала кетсеңіз...

– Тәрбие жүйесінің барлық сатылары мен салаларында тәрбиенің сабақтастығы мен үздіксіздігін, талап-бірлігін қамтамасыз ету мақсатында 12 бағыт бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылған. Соның негізінде өткен оқу жылы барысында «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық». «Менің міндеттерім мен құқықтарым» атты тәрбие төңірегіндегі кездесулер, Тәуелсіздік күніне арналған «Менің Қазақстаным», «Ақиық ақын» атты М Мақатаевтың туған күніне орай сазды-әдеби кештер ұйымдастыру дәстүрге айналған. Бұдан бөлек, «Ізгілікке бастар жол», «Адам жанының қасиеті», «Іздеген жетер мұратқа», «Мамандығым – мақтанышым», тізбелей берсек тағылымы зор тәрбие сағаттары мен ашық сабақтар өткізу жастар тәрбиесіне оң әсерін беруде.

Студенттерден құралған «Мейірім» медициналық көмек көрсету ұйымы қаладағы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен қарттардың қан қысымдарын өлшеп, алғашқы медициналық көмек көрсетумен айналысса, «Намыс» жедел барлау тобы колледждің ішкі тәртібін қадағалауды қолға алып, нәтижелі әрі тиянақты жұмыс жасауда.

– Жатақханамен қамту мәселесі де бүгінгі жастар өмірінде өзектілік танытып тұр емес пе. Пәтер жалдап тұрғанды жөн санайтындар да аз емес. Жатақханада қанша студент тұрады?

– Биылғы оқу жылында бес қабатты жатақханаға 250 студент орналасты. Олардың басым бөлігі қыздар. 30-дан астамы ғана ұлдар. Жатақхананың тәртібі, тазалығы үнемі бақылауда тұрады. Онда тұратын студенттер арасында «Алтын күз», «Толағай», «Музда жаңған алау», «Қош келдің, Наурыз!» атты түрлі мерекелік күндерге байланысты танымдық кештер өткізу қалыптасқан. Ортасында тамаша ән салатын өнерлі жастар да аз емес.

– Адам денсаулығын сақтауға айтулы үлес қосатын орта буынды медицина мамандарын оқытудағы еңбектеріңіз жемісті болсын дейміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Үлбосын ИСАБЕК.

●*Көрмейін десем...*

ЕСКЕРТКІШ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Ескерткішті ел еріккеннен жасамайды. Елі үшін ерен еңбек сіңіріп, халық үшін толарсақтан қан кешіп, жерінің тұтастығы, жұртының амандығы үшін тұп ұйқысын торт бөліп айтулы ардагерлерге қойылады. Қазақ даласында қадым заманнан сыр шерткен мазарлар мен кесенелер көненің көзі болып әлі тұр. Әр жәдігердің өз тарихы бар. Бұл үрдіс заманнан-заманға ұласып, бүгінгі күнге жетті. Ұлы Отан соғысында қаза болған боздақтар мен құғын-сүргінге ұшырағандарға, елімізге еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері мен заңғар жазушыларымызға орнатқан ескерткіш белгілер әр ауылда бар. Болғаны жақсы. Олардың өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа үлгі. Жас жеткіншектерге отаншылдық тәрбие беруде көрнекі үгіт болатын ескерткіштердің бүгінгі таңда маңызы зор.

Алакөл ауданында 44 тарихи ескерткіш бар. Солардың ішінде сыны да, сыры да кетпей тұрғаны кейінгі жылдары тұрғызылған Қаракерей Қабанбай батырдың, қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың, шығармашылығымен әлемге танылған Әнуар Әлімжановтың ескерткіші. Ұшарал қаласының шығыс жағында, тоғыз жолдың торабында бой көтерген бахадұр бабамыз Қабанбайдың ескерткіші ұрпақ тыныштығын қорғап тұрғандай әсер қалдырады. Күре жолдың бойындағы еңселі ескерткішке жолаушылар арнайы тоқтап, тәу етіп жатады. Отау құрған жастар құаныштың батыр бабамызға күрмет көрсетуден бастайды. Аудан орталығындағы аланға орнатылған халқымыздың қадірлісі Қонаев ескерткішіне деген құрмет те ерекше. Ауданда өткізілетін көп келген шара біртуар тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталады.

Бірер жыл бұрын ғана бой көтерген қоғам қайраткері, заңғар жазушы Әлімжановтың ескерткіші мәні зор маңызды шаралар өткізетін алаңға айналды. Демек, ескерткіш дегеніміз – тек жансыз бейне немесе тұғыр тас емес, ұлтты ұйыстыратын, ұлағатқа үндейтін киелі орын.

Аудандағы 44 ескерткіштің дені неміс-фашистеріне қарсы қан майданда қаза болған, туған жерден топырақ бұйырмай, сүйегі шет жұртта қалған жауынгерлерге арналған. Мұның бәрі 35-40 жыл бұрын тұрғызылған белгілер. Ұрпаққа өнеге болардың бұл ескерткіштердің бүгінгі жағдайына көз жүгіртсек, ондаған жыл бойы күтім көрмегені көзге ұрып тұр. Тастары құлаған. Сылақтары көшкен, сырлары өшкен. Қоршаулары қисайып, құлап жатыр. Сөзіміз жалаң болмас үшін, Бұлақты ауылдық округіндегі Бұлақты орта мектебінің алдындағы Отан соғысы құрбандарына қойылған ескерткішті алайық. Бұл ескерткіш осыдан 30 жыл бұрын ұлутастан қаланыпты. Кезінде көз тартарлық белгі болғандығы байқалады. Ал қазіргі жағдайы адам аярлық. Жылдар бойы күтім көрмеген. Ауыл тұрғындары обелискінің түбін қоқыс төгетін орынға айналдырған. Демек, бұл жерде «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ». Тіпті, обелискі жоқ болғанның өзінде, бұл орта мектептің есік алды. Білім ордасы – мәдениеттің шырағы. Мектеп басшыларының қайда қарағандығы беймәлім.

Осы ауылдық округке қарайтын қант зауыты поселкесіндегі ескерткіштің де жағдайы жетісін түрған жоқ. Кезінде қант зауытының қамқорлығында болған бұл обелискіге төрт тараптан келетін асфальт жол болған. Алды ауқымды аллея болатын. Мерекелік шаралар, түрлі акциялар осы аланда өтетін. Маңайына ағаштар отырғызылып, бақша айналдырылған. Бұл аумақ ауыл жұрты демалатын орын болатын. Ал қазіргі бейнесін көріп бетіңді басасың. Өзгесін қойғанда, осы ауылдың тұрғындары тек осы жерге ғана әкелін бөтелке сындыратындай, сынған шыныдан аяқ алып жүре алмайсың.

Қазақстан ауылындағы Қабанбай батыр атындағы орта мектеп алдындағы тас белгі де күтім тілеуде. Ақтөбек ауылындағы орта мектеп алдындағы обелискіге де обал. Кезінде баскаларға үқсамайтын, архитектуралық тұрпаты бөлек ескерткіштер ескерусіз қалған. Бір дәстке қуат етерлігі оқушылар ескерткіш маңайын қазып, топырағын қопсытып, гүл егуге әзірлеп жатқандығы. «Бар, қолымыздан келетіні обелискінің маңайын тазартып, гүл егеміз. Басқа қайран жасауға қаржы жоқ» – дейді мектеп директоры.

Бәрінің де айтар уәжі осы. Мектеп директорлары да, ауыл әкімдері де. Ескерткіштер аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарайды. Сұрастырсақ, жоғарыдан оларға қаржы бөлінбейді екен. Демек, аудандық мәдениет бөлімі тарапынан ауыл әкімі мен мектеп директорына қаржылай қолдау жоқ деген сөз. Сонда тарихи ескерткіштерді күтімге алу, әртүрлі акциялар өткізуде ауылдағылар қаржылай қиындыққа ұшырайтыны анық болып отыр. Ерте ме, кеш пе, бұл олқылықтың орнын толтыру керек төрізді.

С. ХАСЕНОВ,
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

Әлем және қазақ әдебиетіндегі руникалық жазбалардың лингво-әдеби көрінісі

Ұлттық сананың өсуі мен ұлттық дүниетанымның қалыптасуы рухани бастауларға негізделетіндіктен қазақ халқының дүниетанымы да көне түркілердің рухани-танымдық құндылықтарынан бастау алады. «Дүниетаным ақиқатты рухани-практикалық тұрғыдан игеру жүйесі болып табылса» [1,85], тіл санада танылған әлемдік бейненің, танымның ақиқат өмірдегі бейнесі ретінде дүниетанымның қалыптасуына арқау болады, ұзақ хронологиялық мерзімді қамтитын ұрпақ сабақтастығының, таным бірлігінің алтын желісі қызметін атқарады. Ұрпақтан–ұрпаққа жалғасып келе жатқан адам түйсігіндегі филогенетикалық белгілердің санада жаңғырып, оның тілінен көрініс табуына орай тіл этностың болмысын айқындайтын, оның барлық рухани-мәдени құндылықтарын (әдет-ғұрпы, наным-сенімі, өнер-білімі т.б.) кешенді түрде бойына сіңірген рухани күшке айналады.

Түркі философиясының негізгі – дәстүрлі түркілік дүниетаным жалпы түркілердің мәдени тұтастығы мен табиғи ерекшелігіне сай қалыптасқан адам санасындағы әлемнің космогониялық жаратылысы, әлемді елестету құбылысы, кеңістік пен уақыт, адам және оның әлемдегі, қоғамдағы орны, жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, мәңгілік пен жалғандық т.б. өмбебап түсініктер жиынтығынан тұрады. Аталған түсініктердің лингвистикалық бірліктер арқылы объективтенуі ғаламның тілдік бейнесін сомдайды. «Дәстүрлі дүниетанымдық архетиптер мәдениеттің трансформациялық және трансляциялық түлеу процестерінде негізгі тұғыр қызметін атқаратындықтан» [2,33] дүниетанымдық архетиптердің лингвистикалық архетұлғалары да белгілі бір уақыт шеңберіндегі әрбір мәдениеттің негізгі құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы қызметін атқарумен қатар құндылықтар жүйесінің тұтастығы мен өзге-теңдігінің сақталуын да қамтамасыз етеді. Тіл мәдениет пен дүниетаным үйлесімділігінің көрсеткіші.

Жазу – сан ғасырлар бойы келе жатқан адамзат мәдениетінің ойлап тапқан ең басты, ауқымды құндылықтарының бірі әрі бірегейі. Ол адамзат мәдениетін қалыптастыратын ең негізгі фактор болып табылады. Әлем тарихының қай кезеңінде болмасын жазу-сызу жоғары өркениеттің бірден-бір белгісі болғандықтан, әрбір өркениетті ел өзінің жазу жүйесі, рухани дәстүрімен ерекшеленеді. Кез келген халықтың ежелгі өркениетін алсақ, жазу-сызудың басты орынға ие болғанын көреміз. Қашанда халықтың өткен тарихы мен рухани мәдени құндылықтарын, жалпы адам баласының жасаған алуан түрлі рухани мәдениет үлгілерін оның тілі мен жазба ескерткіштерінсіз толық тану да, түсіну де мүмкін емес. Тіл адам қатынасының аса маңызды құралы болып, өзінің қызметін жазба тілде де, ауызекі сөйлеу тілінде де шебер атқарып келеді. Бірақта жержаһанда өзінің төл жазу жүйесін, әліпбиін жасап шығарған халықтар санаулы, осыдан-ақ бұның қаншалықты маңызды екенін бағамдауымызға болады.

Жазу-сызу адамдардың кеңістігі пен уақытына тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал болғандықтан, ол – салауатты қоғамның ең жоғарғы деңгейдегі көрінісі, негізгі белгісі болып саналатын мәдениеттің бастау-бұлағы. Байырғы түркі елі сан ғасырлық, өркендеу, даму тарихы барысында өз ақыл-парасатына сүйене отырып, біліктері мен ерліктерін кең байтақ даланың рәміздеріне айналған тастарға қашап жазып кетті. Мәселен, Орхон-Енисей жазбаларында дәстүрлі түркі мәдениетінің рухы мен бет-бейнесі, ғаламның жаралуы, дүниетанымы, халықтың білімі, қарапайым халықтың өзінің жазу–сызудан хабардар болуы, рухани жадысы, түркі тілдес халықтардың тарихы мен тағдыры, жеңістері мен өкініштері, елі мен жері, ерлігі мен бірлігі жайлы, мемлекет ұстындары, уақыт пен кеңістік түсініктері, отанға деген сүйіспеншіліктері, жұртының намысы мен ар-ожданы, тілі мен діні, түрлі елдермен қарым-қатынасы, тәуелсіздік жолында күресуі, осы жолда халқына шынайы сезіммен адал қызмет еткен Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін сынды ұлы көсемұлғаларымыздың бастан кешкендерінің баяны рәміздік тұрғыда берілген. Осы жазуларды оқу арқылы халқымыздың өткен тарихы, танымы мен нанымы, арманы мен тілегі, тіршілік бейнесімен танысып, ой елегінен өткізіп, өзіміздің биік өрелі, іргелі, ежелгі жұрттың ұрпағы екенімізді мақтан етудеміз. Сондай-ақ, бұл бүгінгі ұрпақтардан тарихымыз бен болашақ алдындағы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бізге мирас пен мұра болып қалған осынау тасқа басылған таңбалы жазулардан сонау бағзы замандарда-ақ көшпелілер қоғамында, әсіресе түркі қағанатының дәуірлеп тұрған кезінде түркілер өздерінің төлтума жазуын қолдана білгенін байқаймыз. «Байырғы түркі графикасы түркілік дүниетанымды тұғыр еткен түркілік мәдениет қазанында пісіп жетілген түрік тілінің фонетикалық жүйесіне негізделген. Оның арғы жағында немесе қайнар көзінде түркілердің Тәңірлік діні, Тәңірлік дүниетанымы жатыр. Осы философиялық-дүниетаным жүйесі арқылы байырғы түркілер тілінің фонетикасының табиғи ерекшелігін ашып, әліпбиінің лингвистикалық графикасын жасаған» [3, 180-б.]

Бұл жазбаларды түркі өнері мен мәдениетінің жетістігі ғана емес, сонымен бірге адамзат өркениеттің шоқтығы биік өрелі көрінісі, мұрасы деп ауыз толтырып айтуымызға болады. Мәселен, түркітанушы-ғалым Эрнст Добльхофер «Мы и сейчас не можем равнодушно относиться к языку древнотюркских памятников... Выросший в постоянном общении с древними культурными народами этот народ в VI веке стоит уже на поразительно высокой ступени развития» [4, 334-б.] деп, түркі мәдениетіне жоғары баға береді.

Байырғы түркі елінің сан ғасырлық сүрлеуді басып өткен жазу дәстүрі мен жазба тіл тарихы туралы айтқанда, ең алдымен, «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін» тілге тиек етуден бастаймыз. Байырғы түркілер бұл жазу үлгісін V-X ғасырлар арасында қолданғанына, өрине, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштері дәлел болады.

Бұл ескерткіштердің табылған аймақтарына қарай жеті топқа бөлеміз:

1) Орхон өзені маңындағы өңірлерден табылған ескерткіштер;

2) Енисей өзені маңынан табылған ескерткіштер;

3) Байқал көлі маңынан табылған ескерткіштер;

4) Талас, Шу өзендері мен Сыр бойы, Ертіс пен Іле өңірлерінен табылған ескерткіштер;

5) Ұлы құмның терістігінен табылған ескерткіштер;

6) Тұрпан (идиқұт Тұрпан) ауданынан табылған жазба мұралар;

7) Шығыс Еуропадан табылған табылған хазар хандығының ескерткіштері.

Байырғы түркілер өздерінің ресми жазуын «түрік бітік» деп атады. «Бітік – [bitik] Көне түркі тілінде бітік: бітіг, бітік – (Радлов) – «жазу, сызу, жазба, мәтін, хат» деген мән-мағынаны білдіреді. Бітік деген көне түркі тілінде біті – «жазу, сызу» деген мәнді түбір морфемадан туындаған. Қазіргі түркі тілдерінде «бітік, бітіг, бижик, пичик, пічік, пытық, бүтүк, бідіг» және т.б. тұлғаларында кездеседі... Түркі тілінің басқа тіл сөйленістерін айтпағанда, қазіргі қазақ тілінде pīt- түбір морфемасы біз, бітік, бедер, бәдіз, быт, және т.б. тұлғалы сөздерде сақталған» [5, 12-б].

Түркі мемлекетінде маңызды болып саналатын елші жіберіп хат алмасу, бұйрық, үкім шығару т.б құжаттары түрік бітік арқылы жүргізілді. «Қағанның алтынмен апталған таңба-мөр сақтаушы-«тамғачы», «алтын тамған тархан», ал іс құжат хатшысы- «бітікші» деп аталды [5, 12-б]

Түркі жазуын зерттеушілер сыртқы нұсқасы көрінісі жағынан Скандинавия руналарына ұқсас келгендіктен гот тілінде құпия деген ұғымды білдіретін «руна» сөзінің негізінде «руникалық» деп атап кетті. Осыған қатысты түркітанушы Қ.Сартқожаұлы «байырғы түркі жазуына талай уақыт «руника»-құпия деген атау таңылып келді. Бүгінгі күні оның құпиялығы жоқ. Әлем түркітанушылары бұл жазудың алфавиттік жазу екенін бір ауыздан мойындады. Көдімгі дыбыс үндестігіне құрылған, дыбыстардың кескіндері мен таңбалары классикалық алфавит дәрежесіне көтерілген жазу екені дәлелденді. Сондықтан біз зерттеушілердің осы пікірлерін назарда ұстай отырып, ежелгі түркілердің өлем өркениетіне енгізген осы классикалық алфавитін «Байырғы түркі жазуы», «Байырғы түркі алфавиті» деп, осы алфавитті жасаушы әрі қолданушы этностың өз атауымен атағанды жөн көреміз» – деп жазады [7, 5-б].

Батыс ғалымдары мен кейбір Ресейлік ғалымдар осы құндылықтардың шығу тегіне байланысты сыңаржақ көзқараста болып, көшпелі түркі халықтарын мәдени мұралары мен өткен тарихы жоқ, әдеби тілсіз, қараңғы, жабайы, хат танымайтын, рухани құндылық жасайтын дәрежеге жетпеген деп еуропацентристік таным тұрғысынан қате бағалап келді. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің табылуы, дәл сондай жазулардың Қазақстан жерінде жиі кездесуі, атап айтсақ, Талас өзенінің бойындағы, Тараз қаласы, Шығыс Қазақстан, Алматы маңынан табылған жазулар және т.б. нұсқалардың зерттеліп оқылуы арқасында байырғы түркі тілді халықтардың дүниетанымы, саясиәлеуметтік ой-санасы мен өткен қоғамының сыры ашылып, әлем халықтары алдында тіл қатуы өткен мұрағаттарымыздың тарихи айнасына айналып, түркі халықтарының әлем өркениетіне қосқан қомақты үлесінің бірі болды.

Байырғы түркі жазулары халықтарға XVIII ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап қана белгілі бола болды. Атап айтсақ, неміс ғалымы Д.Месершмидт пен швед офицері И.Страленберг тапқан бұл жазулар Орхон-Енисей ескерткіштері деп аталып, XIX ғасырдың соңына дейін ғалымдар үшін мұның қандай жазу екені белгісіз болып келді.

1893 жылы 15 желтоқсанда өйгілі дат ғалымы В. Томсен Дания қаласының ғылыми хандық қоғамындағы өз баяндамасында, отыз сегіз таңбадан тұратын Орхон-Енисей руна жазуларының кілтін тауып, оны алғаш түркі халқының тілі екендігін дәлелдеп берді.

Байырғы түркі жазу нұсқаларын зерттеумен шұғылданған шетел, орыс және қазақ түркологтары елеулі еңбектер жазды. Нақтылап айтсақ, В. Радлов, Н. Ядринцев, В. Васильев, В. Носилов, С. Малов, П.Мелиоранский, Н. Баскаков, Ю. Аристов, М. Жолдасбеков, А. Аманжолов, Ғ. Айдаров, Н. Келімбетов, Қ. Сартқожаұлы, Н. Базылхан т.б. сүбелі зерттеу еңбектері арқылы өз үлестерін қосты.

Орхон-Енисей жазу таңбаларының шығу тегі туралы түрколог ғалымдар арасында қалыптасқан әртүрлі пікірлер бар. Нақтылап айтар болсақ:

I. Н. Аристов [7, 12-б], Н. Маллицкий [8, 12-б], Д. Соколов [9, 12-б], С. Аманжолов [10, 15-б] т.б байырғы түркі әліпбиін ру таңбаларынан шықты деген ұсыныстыны негіздейді.

II. В. Томсен, В. Лившиц, С. Кляшторный т.б. ғалымдар бұл жазу негізін ескі пехлеви, соғды тілі арқылы арамей әліпбиінен шықты деп жорамалдайды.

Түрколог зерттеушілердің көпшілігі түркі елінің ресми жазуы әуелде соғдиялық әліпби болған, соның негізінде алғашқы ежелгі түркі жазуы дүниеге келген деп есептейді. О.Сүлейменов «түркілердің жазуы ешбір дәлелсіз ирандықтардан алынған деген желеуге де иек артты» [11, 192-б] – деп, осыған орай күдік келтіретін ойларын айтып қана қоймай, соғдия әліпбиі мен түркі жазуының арасындағы ерекшеліктерді анықтап көрсетті .

Орхон-Енисей ескерткішінің мәтінінде манихейлік, не болмаса буддизм туралы ешқандай тұспалдар жоқ екені белгілі. Ескерткіштердің басынан соңына дейін тәңіршілдік туралы айтылады. Томсеннің ең алғаш оқыған рәміздік сөзінің өзі 𐰇𐰃𐰍𐰣-tangri-«құдай», «аспан» болды. Оның үстіне соғдылық жазу курсивті түрде болса, байырғы түрік бітігі бұрышты (линейный) формада жазылды. Мұндай жазу б.з.д. бірінші мыңжылдықтағы фин, арамей және ежелгі Скандинавияның руна жазуларының үлгісіне ұқсас келеді. Алайда, бұлардың наным-сенімдері Тәңіршілдікпен еш ұқсастығы жоқ. Егер ол соғдылық жазу болса, көптеген «жазу», «әріп», «хат» т.б сияқты сөздер сол тілден шыққан болар еді. Керісінше, кейбір түркі терминдерін соғды және басқа да иран тілдерінен кездестіреміз [12, 90-б]. Біз бұдан байырғы түркі жазуының кейіннен соғды-ұйғыр және мәнджүр жазуларына трансформацияланғанын және оның астарында мәдени, діни-саяси қарым-қатынастар жатқандығын көреміз.

III. Енді бірқатар зерттеушілер бұл жазудың қайнары сонау ежелгі Мысырдан бастау алған дейді.

Байырғы түркі бітік мәдениетінің біздің заманымызға дейін сақталып жеткен тас ұстындардағы жазулармен бір уақытта пайда болмағандығы анық. Оны біздің дәуіріміздің бастапқы ғасырларында қалыптасқан ерекше бірегей дүниетанымдық құбылыс ретінде қарастыруға болады. Әлемде байырғы түркілердің мәдениеті ілкі заманнан қалыптасқаны жөнінде қазіргі кезде анықталды.

Осыған байланысты «Түркі тілі жөніндегі алғашқы мәлімет Месопотамияның оңтүстігінен (Шумерден) табылған б.з.б. IV-III мыңжылдықтарды меңзейтін идеографиялық жазба ескерткіштерінен байқалады. Лексикалық сәйкестіктерге сүйене отырып, алғашқы түркілердің бір бөлігі бұдан бес мың жыл бұрын Месопотамияға (Шумерге) келген, соның нәтижесінде алғашқы шумер ескерткіштерінің тіліне де белгілі деңгейде әсер етті деген тұжырым жасауға болады»-деп жазады А.Аманжолов. [13, 25-б]. Жалпы ежелгі шумер жазуы мен байырғы түрік бітігінің адамға, табиғатқа қатысты сөздері мен аспанға сиыну нанымдарының ұқсастығы байырғы түркі жазуының қалыптасу кезеңін табуға көмектеседі. Мәселен, шумер тіліндегі «дингир», көне түркі тілінде «тәңгір» деп айтылады. Шумер тіліндегі «ада» көне түркі тілінде «ата» деп айтылады. Мысалы, шумер жазуындағы 𒆠- иероглифі «кур», «кир» деп оқылып, бұл «ел», «отан», «жер» деген мағынаны білдірсе, ежелгі түркілерде де осыған ұқсас «йер», «йир»деп оқылатын таңба-𐰉, «жер» атауын білдірді Сондай-ақ,, шумерлік бірлік белгісін танытатын таңба-𒁹, «аш» деп айтылса, ежелгі түркілердің жазуында да да осы мағынаны білдіріп 1- «ас» деп дыбысталды. [14, 29,30-бб]. Бұл тілдерде осы сияқты көптеген сөздер бір-біріне айтылуымен қатар жазылуы да ұқсас келді. Бұл жайында О. Сүлейменов шумер лексикасымен түркі лексикасын салыстыруға өбден болатындығын айғақтап, өз ойын былай келтіреді «мысалдар бұл тілдердің ұзақ уақыт бойы тығыз қатынаста болғанын дәлелдейді. Кейбір мысалдар шумер сөзі түркі сөзіне тәуелді болғандығын айқын аңғартады»-дейді [11, 231-б]. Ғалым бұл жерде шумер мен түркі лексикалық материалдарының жақындығы сөздіктері жақын осы екі тілдің тектік туыстығын дәлелдей алмайтындығын тілге тиек етеді, бұл олардың мәдени туыстығының ғана айғағы деп қабылдауымыз қажет деп сараптайды. Олай болса, Орхон-Енисей жазуының түпнұсқасы тым алыста жатқанын байқаймыз.

Біздің пікіріміз бойынша, байырғы түркі жазуы тек түркілердің тілі мен діліне, сингармонизм ерекшелігіне сәйкес келетін тың тұрғыдағы жаңа төлжазба болған деп есептейміз. Бұл түркі халқының дамыған мәдениетінің жемісі деп санаймыз.

Түркі халқы өздерінің әліпбиін құруда әрбір әрпіне мағыналық мән берді. Академик В.В. Бартольд түрік әліпбиіне қатысты мынадай пікір айтады: «Здесь мы имеем сложное письмо, которое приспособлено к тюркскому языку гораздо лучше, чем все другие алфавиты. Число гласных букв незначительно, но согласные разделены на две категории согласно закону звуковой гармонии, таким образом, получается алфавит, вполне соответствующий тюркскому языку. Благодаря большому количеству знаков употребляется довольно сложная орфография»[15, 0б]

Бағзы заманда-ақ түркілер өз елінің экономикасы мен саясатын, тарихы мен танымын, қағаны мен елін, жалпы тіршіліктің болмысын философиялық тұрғыда қысқа мәтіндермен жеткізуі, түркі жазуының кең тарағандығының, әрі көп жерлерде оны танитын сауатты, білікті халық болғандығының да белгісі. Бұл жазу үлгісі әр түрлі даму кезеңдерін бастан кешіріп, өзінің дәстүрлі сабақтастығын тауып, халқымыздың дүниетанымы мен мәдениетін, тарихын танып білуде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Батманов И.А., Кунаа А.Ч. Памятники древнетюркской письменности Тувы. –Кызыл, 1963. -192 стр.

2 Сулейменов О. Тюрки в доистории о происхождении древнетюркских языков и письменностей. –Алматы: Атамұра, 2002. –319 стр.

3 Аширалиев К.А. Древнетюркские элементы в современных тюркских языках. На материале орхоно-енисейских памятников. Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Фрунзе, 1969. -27 стр.

4 Ахметов М.А. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком). –Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1978. -131 стр.

5 Махматкулов М. Аналитический способ словообразования в языке древнетюркских памятников. Автореф. дисс... канд. филол.наук. –Ташкент, 1973. -25 стр.

6 Аманжолов А.С. Глагольное управление в языке памятников древнетюркской письменности. Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Алма-Ата, 1969. -28 стр.

7 Аманжолов А.С. Материалы и исследования по истории древнетюркской письменности. Автореф. дисс... докт.филол. наук. –Алма-Ата, 1975. -54 стр.

8 Шервашидзе И.Н. Формы глагола в языке орхоно-енисейских надписей. Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Тбилиси, 1977. -27 стр.

9 Кулиев А.А. Наличные формы глаголов в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнении с азербайджанским языком). Автореф. дисс... канд.филол.наук. –Баку, 1978. -26 стр.

10 Левин Г.Г. Лексико-семантические параллели орхонско-тюркского и якутского языков (в сравнительном плане с алтайским, хакасском, тувинским языками). – Новосибирск: Наука, 2001. -187 стр.

11 Махпиров В.У. Имена далеких предков. Истоки формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики. –Алматы: Ғылым, 1997. -245 стр.

12 Сартхожаулы К. Объединенный каганат тюрков. –Астана: Фолиант, 2002. -218 с.

13 Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. –Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік университеті, 2003. - 211 б.

14 Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. –Алматы: Ғылым, 2002. -303 б.

15 Бекжан О.Д. Жай сөйлемнің теориялық мәселелері және Күлтегін ескерткішіндегі ұйысымдық типтік сипаттары. Филол.ғыл.канд.дисс. авторефераты. –Алматы, 1997. -30 б.

Қажет АНДАС,
ЖМУ-дің қазақ филология кафедрасының магистранты.

/e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. zhetysu-smi.kz/

● *Депутаттар ел ішінде*

АТҚАРЫЛҒАН ІСТІҢ НӘТИЖЕСІ МОЛ

Бүгінгі таңда бесінші шақырылымның екінші сессиясы жуырда ғана аяқталып, кезекті демалысқа шыққан халық қалаулылары елді аралап, аймақтың тыныс-тіршілігімен танысып, өзекті мәселелердің күрмеуін шешу жолдарын қарастыруда.



Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
"Жетісу"

Осы мақсатта жексенбіде жұмыс сапарымен Жетісуға аяқ басқан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Үмбетов Талдықорған өңірінің ақжалысына зер салып, жұртшылықпен кездесті. Ежелден аграрлық салаға ден қоятын Серік Өбікенұлы облысымыздағы сапарын Кексу ауданы Теректі ауылында жер жыртып, егін екпен шаруалармен жүздесуден бастады. Өзен бойын жайлаған көксұлықтардың негізгі тіршілік көзі – жер. Еңбектерін баладан, еңкейген қарияға дейін шаруамен шұғылданатын аудан тұрғындары екі мәрте Еңбек Ері атанған Нұрмолда Алдабергеновтың жолын қуып, адал еңбектің арқасында несібесін алуда. Сондай азаматтардың бірі – Таяр Зейналов. Ел ағасы екі қолға бір күрек алып жастайынан қара жерді табыс көзіне айналдырған азамат. Бүгінде «Алим – Таяр» шаруа қожалығының жетекшісі. 150 гектардан астам жерге егін егіп, еңбек етуде. Өзінен ағылғанды өзгемен бөлісіп, ауданның 40 азаматын жұмыспен қамтамасыз етуде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев былтыр шілде айында «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласы жарық көрісімен арқасында бүгінде қаралпының еңбек адамының қоғамдағы рөлі артып келеді. Мұның айқын дәлелі, шаруаның тыныс-тіршілігімен танысуға Мәжіліс депутатымен қатар облыс әкімі **Аңсар Мұсаханов** та Кексуға табан тіреді.

Шаруашылықтың негізгі табысы ретінде қант қызылшасы мен соя өсіруді қолға алған Таяр Зейналов өзге көкөніс түрлерінде де ден қоюда. Шаруашың сәзіне сүйенсек, өнім көлемін арттыруға «ҚазАгро» ҰБ холдингі» АҚ арқылы лизингке алынған заманауи техника да септігін тигізуде. Биыл қабылданған «Агробизнес 2020» бағдарламасы да шаруалардың жемісін еселемек. Демек, Үкімет тарапынан қолға алынған нақтылы істің нәтижесі мол болмақ.

Осы мақсатта Кексу ауданы Ақбастау ауылдық округіндегі «Ақбастау» ЖШС-нің жұмысымен танысқан Мәжіліс депутаты Серік Үмбетов Талдықорған өңірінің ауыл шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндік бар екенін айтты. Ол зауыттың ішін аралап, өндіріс саласында кеңінен қолданылып, заманауи күн панелдеріне пайдаланатын, Сарыкөл кеншінде шығарылған техникалық кремнийді өңдеу жұмыстарымен танысты. Зауыт жұмысшыларымен кездесуде парламент депутаты Астана қаласында өтетін халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесіне ұжымның дайындық жұмыстарына оң бағасын берді. Сондай-ақ, «ЮгПищеПром» ұн зауытына арнайы барып, өндіріс қарқынын бағамдап, ел-жұртты қолжетімді ұнмен қамтамасыз етіп келетініне көз жеткізді.

ҚР парламент депутаты Омархан Өксікбаев өткен жылы пайдалануға берілген, қаланың сәні мен салтанатына айналған «Жастар» стадионын көріп, ауданда жастарды спортқа баулуға оң қадам жасалып жатқанына ризашылығын білдірді.

Осы күні ҚР парламент депутаты, Коммунистік партия өкілі Владислав Косарев, партияның Алматы облыстық филалының бірінші хатшысы М. Талқымбаевамен бірге алдымен «Үштөбе-Айдын» сүт зауытының жұмысшыларымен кездесті. Аталмыш зауыт басшысы Сейілхан Базархановпен емен-жарқын жүздесу барысында зауыттан шығатын облыстық және республикалық байқауларда жүлделі орынға ие болған сүт өнімдерінің бәсекеге қабілетті, сапалы екенін айта келе, жұртшылыққа қолжетімді бағамен саудалануы көңілінен шығатынын білдірді. Сонымен бірге В. Косарев республикаға танымал күріш сұрпын өсіретін «Тәжірибе» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің алқаптарын аралап, сала мамандарымен кеңесті. Алынатын өнім көлемі жайын сұрастырды. Аудан әкімінің бірінші орынбасары Айбек Қонақбаев, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жәнібек Тасыбаев құрметті мейманға аграрлы ауданның кәсіпорының жұмысымен таныстыр. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өндіріс көлемін есепеп арттырған зауыттың бүгіні мен болашақ жоспарлары жайында «Қайнар – АКБ» ЖШС-ның бақылау кеңесінің төрағасы Қуаныш Ажмағамбетов баяндады. Сөз бен істің арасын айқындау үшін Қуаныш Медиұлы зауытты аралап тұрып, мәртебелі меймандар оны қабыл алды. «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары аясында мемлекет қолдауына ие болған зауыт өндіріс көлемін есепеп арттырып, шаһардың 750 тұрғының тұрақты жұмыспен қамтуда. Заманауи һәм соңғы үлгідегі озық технологиялық өндіріс арқасында өнім сапасы да халықаралық деңгейге жеткізіліп, талдықорғандық аккумуляторлар алыс-жақын шетелдерге экспортқа жөнелтілуде. Дайын өнімнің отыз пайызы ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағытталса, қалған жетпіс пайызы экспортқа арналған.

Бүгінде өндіріс үшін қажетті шикізат өзге кәсіпорындармен қатар, қайта өңдеу арқылы да алынуда. Италияның «Engitec» қондырғысы ескі аккумуляторлардың қорғасынын, пластигін және өзге бөлшектерін сұрыптап, қайта өңдеуге жіберуде. Айталық, мұндай цех Қазақстанда тұңғыш рет іске қосылуда.

Сондай-ақ, Серік Өбікенұлы бүл күні шаһардың шығыс ауданында болып, көгалдарға хоккей алаңының құрылыс барысымен танысты (суретте). Нысан құрылысын былтыр бастаған бас мердігер «Асатай» ЖШС-нің жұмысы көңілді қуантады. Қала басшылығы инженерлік-коммуникациялық жүйелерді тартып, жұмыстың барынша оңтайлы болуына жағдай тудырған. Өз кезегінде мердігер мекеме кестеге сай жұмыс ауқымын атқаруда. Жоспар бойынша биыл қараша айында 1140 орынды хоккей алаңы қолданысқа берілмек. Келер жылы қосалқы алаң жасалып бітеді деп күтілуде. Елбасының бұқаралық спортты дамыту тапсырмасы аясында қолға алынған нысанның маңызына тоқталған Серік Өбікенұлы мердігер мекеме мен қала басшылығына құрылыс барысын жіті назарға алуды тапсырды. Сонымен қатар, Мәжіліс депутаты облысымыздың бас шаһарында қолға алынған өзге құрылыс нысандары жайын сұрады.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Үмбетовтің облысымыздағы жұмыс сапары Жетісудың өзге өңірлерінде де жалғасын таппақ.

● *Облыстық әкімдікте*

Халқымыздың түп төркіні саналатын сақ, ғұн, түркілердің және кейінгі дәуірлерде, яғни қазақ болып атқа қонған кезеңдегі дүниеге келген рухани мұраларын тауып, зерттеп, танып-білу, олардың кейінгі дәуірлердегі рухани процестерге тигізген әсерін, алатын орнын, мәнмазмұнын айқындау халқымыздың әлемдік өркениеттегі орнын да белгілемек. Еліміздің тәуелсіздігін алуы, халқымыздың өзінің өткенін, тарихын, мәдениеті мен әдебиетінің бастауларын тануға бетбұрыстар жасауы, жаңа көзқарас, ғылымдағы жетістіктер алдымызға жаңа міндеттер жүктеуде.

Тарихты тануға нақты қадам

Қажет АНДАС
"Жетісу"

«Орхон ескерткішінің топық Атласының» жарық көруі, «Күлтегін» ескерткіші көшірмесінің Астана төрінен орын алуы, төл тарихымызды зерделеудегі арнайы халықаралық конференциялар мен конгрестердің жүйелі өткізілуі, қазақ тарихының жаңаша көзқарас тұрғысынан жазылған ғылыми еңбектің жарыққа шығуы тарихты қайта тану жолындағы маңызды істердің жолға қойыла бастағанын көрсетеді. Соның бір ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің ұсынымымен қазақ тарихын қайта зерделеудің жаңа бастамасы көтерілгенін айтуға болады. Соған орай, еліміздің әр өңірінде алғашқы дайындық жұмыстары да басталып кетті. Сол қатарда Жетісу жеріндегі тарихшы ғалымдар мен зерттеушілер халқымыздың төл тарихын зерделейтін маңызды бастамаға белсене атсалысуға сақадай-сай. Мұны облыстық әкімдіктің кіші жиын залында облыс әкімінің орынбасары **Серік Мұқановтың** қатысуымен өткен өңір тарихшыларының басқосуында білдік.

Жиналыста алдымен сөз алған Серік Мейірханұлы маңызды бастаманың өңір тарихын жаңаша тұрғыдан зерделеуде алатын орны мен рөлін түсіндіріп өтті. Бұдан соң сөз кезегін алған көпшілік осы тұрғыда жеке ұсыныстарын білдіруді.

Көпшіліктің ұтымды ойлары мен үтқыр пікірлерінен білгеніміздей, тарих өте нәзік құбылыс, сонымен бірге өткен тарихымыз басқа жұрттың ғалымдары жағынан жазылып келгендіктен, сондай-ақ, төл тарихымызды тереңнен қарастыратын ойы ұшқыр ғалымдарымыз тоталитарлық жүйенің тар шеңберінде тұсалып өткендіктен өткен тарихымыздың көптеген ақиқаты бұрмаланып келді. Ел мен жердің аты өзгеріп, ежелгі атауынан айырылды, дана ғұлама адамдардың еңбегі өшіріліп, айта берсек кете береді. Ал қазіргі тәуелсіз жылдарындағы тың көзқарастар, санадағы сілкініс жас ұрпақты жаңаша тарихи таныммен тәрбиелеудің қажеттілігі туындауда. Сонымен қатар, Жетісу жерінің қазақ тарихында алатын орны ерекше. Сондықтан, жетісулық зерттеушілер үшін өңір тарихын шындықтан сырт кетпей, нақты деректер төңірегінде жазып шығу міндеті жүктеледі.

Арамызда бұл міндетті абыроймен өтейтін ғалымдарымыз, жазушы-парымыз, шежірешілеріміз көп екен. Жиналыста солардың арасынан елдің жүгін ауырсынбай арқалай алатын, бұра тартып, болашаққа қиянат жасамайтын, ақиқатқа адал, ұлттың қамын рудың намысына айырбастап жібермейтін, ел мүддесіне жанашыр жандардан өңір тағының зерделейтін комиссия мүшелері анықталды. Олардың тізімін бекітіп алған соң алдағы атқарылатын жұмыстың беталысы белгіленді. Ғалымдар жағы студент, магистрант, докторанттардың зерттеу тақырыбын өңір тарихы жайлы ізденуге бағыттайтынын білдірсе, оқытушылар қауымы мектеп оқушылары сол туралы арнайы бағдарламалар, сабақтан тыс шаралар ұйымдастырудың керектігін алға тартты. ал бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары газет-журналдан арнайы айдарлар ашып, өлкетануға өзіндік үлесін қосатын болып келісті.

Жиналысты қорытындылаған Серік Мұқанов сөз болған жайлар төңірегіндегі ұсыныстарды жүйелеп, осы айдың соңында тағы бір рет бас қосып, нақты қорытынды жасауға уағдаласып тарады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

Е-1 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік; мемлекеттік қызмет өтілі **үш жылдан** кем емес, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі (республикалық, комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда (бакалавриат) бір жылдан кем емес мемлекеттік қызмет өтілімен, не мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда **екі жылдан** кем емес жұмыс өтілімен, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда **бес жылдан** кем емес, оның ішінде **үш жылдан** кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілімен бар болуы, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы.

Е-2 санаты үшін: мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда (бакалавриат) бір жылдан кем емес мемлекеттік қызмет өтілімен, не мемлекеттік органдарда бір жылдан кем емес басшылық немесе өзге лауазымдарда бір жылдан кем емес, оның ішінде облыстарда үш жылдан кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілімен бар болуы, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғарғы оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы.

Е-G-1 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік; мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес, не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда (бакалавриат) бір жылдан кем емес мемлекеттік қызмет өтілімен, не мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілімен, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес оның ішінде бір жылдан кем емес басшылық лауазымдарда не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы.

E-R-4, E-G-3 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік немесе жоғары оқу орнынан кейінгі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес, облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда орта кәсіптік білім барларға рұқсат етіледі.

E-R-5 санаты үшін: білім– жоғары немесе орта кәсіптік.

E-G-4 санаты үшін: білім– жоғары орта кәсіптік немесе орта.

«Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы		Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы	
	тенгеден	тенгеге дейін		тенгеден	тенгеге дейін
Е-1	115954	156314	Е-G-1	94173	126845
Е-2	103782	140298	Е-G-3	53813	72391
Е-R-4	56375	76235	Е-G-4	42922	64704
Е-R-5	44844	67907			

I. Жамбыл ауданының әкімі, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 56, тел. (72770) 22340, факс: 21384, (электрондық пошта: zhambulakimat@mail.ru) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды

аудан әкімі аппаратының жетекшісі (Е-2).

Функционалдық бағыттары: аппарат құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, педагогикалық, заңгерлік, техникалық, ауылшаруашылық, гуманитарлық; компьютерде жұмыс істей білу.

II. Еңбекшіқазақ ауданының әкімі, Есік қаласы, Жамбыл даңғылы, 21, тел.: (72775) 72143, 72214, (электрондық пошта: enbekshikazah@mail.kz) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Жаңашар ауылдық округі әкімінің орынбасары (Е-G-1).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім –гуманитарлық, заңгерлік, экономикалық, техникалық, ауылшаруашылық, мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

III. Қарасай ауданының әкімі, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі, 213, тел.: (72771) 21556, факс (727) 3001510, (электрондық пошта: akim@karasay.kz) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды

«Қарасай ауданының кәсіпкерлік бөлімі» ММ бас маманы (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

IV. Панфилов ауданының әкімі, Жаркент қаласы, Н. Головацкий көшесі, 129, тел.: (72731) 51364, 51509, 51673, (электрондық пошта: panfakimat@bk.ru) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Аудан әкімінің орынбасары (Е-1).

Функционалдық бағыттары: әкім аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, заңгерлік, гуманитарлық, педагогикалық, мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

2. Қоңырөлең ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман – жер инспекторы (Е-G-3).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі –ауылшаруашылық; компьютерде жұмыс істей білу.

V. Раймбек ауданының әкімі, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 9, тел.: (72777) 21513, 21453, 21560, факс 21453, (электрондық пошта: raimbek_akimat@mail.ru) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. «Раймбек ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – педагогикалық, гуманитарлық; компьютерде жұмыс істей білу.

2. Раймбек ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас маманы (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік, техникалық, педагогикалық, гуманитарлық; компьютерде жұмыс істей білу.

3. «Раймбек ауданының ауылшаруашылық бөлімі» ММ бас маман - бухгалтері (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық; компьютерде жұмыс істей білу.

4. «Раймбек ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бас маман - бухгалтері (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық; компьютерде жұмыс істей білу.

5. «Раймбек ауданының жер қатынастар бөлімі» ММ бас маманы (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ауылшаруашылық, жерге орналастыруы; компьютерде жұмыс істей білу.

6. «Раймбек ауданының жер қатынастар бөлімі» ММ жетекші маманы (Е-R-5).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ауылшаруашылық, жерге орналастыруы; компьютерде жұмыс істей білу.

7. «Раймбек ауданының білім бөлімі» ММ жетекші маман - бухгалтері (Е-R-5).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық; компьютерде жұмыс істей білу.

8. Сарыжаз ауылдық округі әкімінің орынбасары (Е-G-1).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім –гуманитарлық, заңгерлік, экономикалық, техникалық, ауылшаруашылық, мемлекеттік және жергілікті басқару; компьютерде жұмыс істей білу.

9. Үзақ, Ұзынбұлақ ауылдық округі әкімі аппараттарының бас маман-іс жүргізушілері (Е-G-3) – 1 бірліктен.

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – педагогикалық, экономикалық, заңгерлік, техникалық, мемлекеттік және жергілікті басқару, компьютерде жұмыс істей білу.

10. Түйық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман – салық инспекторы (Е-G-3).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

11. Қайнар, Текес, Үзақ, Шырғанақ ауылдық округі әкімі аппараттарының бас маман – мал дәрігері (Е-G-3) – 1 бірліктен.

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: ветеринариялық, компьютерде жұмыс істей білу.

12. Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Е-G-4).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: компьютерде жұмыс істей білу.

VI. Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылдық округі әкімі. Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 6, тел. (72775) 49016, 49470, (электрондық пошта: enbekshikazah@mail.kz) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды.

жетекші маман (Е-G-4).

Функционалдық бағыттары: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: компьютерде жұмыс істей білу.

VII. «Ақсу ауданының ветеринария бөлімі», ММ, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5, тел. (72832) 22251, (электрондық пошта: aksu-akimat@mail.ru) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Бас маман (Е-R-4).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ветеринариялық; компьютерде жұмыс істей білу.

2. Жетекші маман (Е-R-5).

Функционалдық бағыттары: білім құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ветеринариялық; компьютерде жұмыс істей білу.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар (өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш; өкілетті орган белгілеген нысандағы сауалнама; білім туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері; еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама; Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі; құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген цикл мәнінен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткен туралы қолданыстағы сертификат) қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде. көрсетілген мекен-жай бойынша сәйкесті мемлекеттік органдарға тапсырылуы тиіс. Конкурс комиссиясының қарауына құжаттарды қабылдау мерзімінде азаматтардың өздері әкелген берген немесе поштамен жіберген (қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілген құжат тігілетін папкада орналастырылған) құжаттары қабылданады.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерге арналған тестілеу бағдарламасы:

Е-1, Е-2 санаттары үшін; мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ) білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Е-R-4, Е-R-5, Е-G-1, Е-G-3, Е-G-4 санаттары үшін; мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ) білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Әңгімелесуге жіберілген ұмтқырлер, одан аталмыш конкурс бойынша тестілеу рәсімі өткенінен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдардан өтеді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан тұлғалар үшін көтерме ақы шығындары, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

КӨЗ КӨРДІ, КӨҢІЛ ТОЛДЫ

Жақында Қаратал ауданына ҚР мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев ат басын бұрып, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерғазы Қошанбековпен бірге жұртшылықтың тыныс-тіршілігімен танысты. Алдымен Ескелді би бабаның басына барып, зиярат етті.

Одан әрі аудан әкімі Сұлтан Дүйсембинов, аудан әкімінің орынбасары Асхат Қалиаскаров, «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Құдайберген Әміренов құрметті конактарды қарсы алып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы жайында әңгіме өрбітті.

Парламент мәжілісінің депутаты О. Өксікбаев салынып жатқан жаңа нысан – Лермонтов атындағы орта мектеп құрылысымен танысты. Бір айта кетерлігі, аталмыш нысанның құрылысына 434 млн. теңге карастырылса, соның 50 млн. теңгесі өткен жылы игерілітті. Қазіргі таңға дейін 203 млн. теңгесі енсерілген. Мектеп тамыз айында пайдалануға берілмек.

Осыдан соң Омархан Өксікбаев «Kazsilicon» ЖШС-не келіп, аталмыш зауыт басшысы Данель Скаков және жұмысшылармен кездесу өткізді. Ол зауыттың ішін аралап, өндіріс саласында кеңінен қолданылып, заманауи күн панелдеріне пайдаланатын, Сарыкөл кеншінде шығарылған техникалық кремнийді өңдеу жұмыстарымен танысты. Зауыт жұмысшыларымен кездесуде парламент депутаты Астана қаласында өтетін халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесіне ұжымның дайындық жұмыстарына оң бағасын берді. Сондай-ақ, «ЮгПищеПром» ұн зауытына арнайы барып, өндіріс қарқынын бағамдап, ел-жұртты қолжетімді ұнмен қамтамасыз етіп келетініне көз жеткізді.

ҚР парламент депутаты Омархан Өксікбаев өткен жылы пайдалануға берілген, қаланың сәні мен салтанатына айналған «Жастар» стадионын көріп, ауданда жастарды спортқа баулуға оң қадам жасалып жатқанына ризашылығын білдірді.

Осы күні ҚР парламент депутаты, Коммунистік партия өкілі Владислав Косарев, партияның Алматы облыстық филалының бірінші хатшысы М. Талқымбаевамен бірге алдымен «Үштөбе-Айдын» сүт зауытының жұмысшыларымен кездесті. Аталмыш зауыт басшысы Сейілхан Базархановпен емен-жарқын жүздесу барысында зауыттан шығатын облыстық және республикалық байқауларда жүлделі орынға ие болған сүт өнімдерінің бәсекеге қабілетті, сапалы екенін айта келе, жұртшылыққа қолжетімді бағамен саудалануы көңілінен шығатынын білдірді. Сонымен бірге В. Косарев республикаға танымал күріш сұрпын өсіретін «Тәжірибе» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің алқаптарын аралап, сала мамандарымен кеңесті. Алынатын өнім көлемі жайын сұрастырды. Аудан әкімінің бірінші орынбасары Айбек Қонақбаев, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Жәнібек Тасыбаев құрметті мейманға аграрлы ауданның кәсіпорының жұмысымен таныстыр. Мемлекеттік қолдаудың арқасында өндіріс көлемін есепеп арттырған зауыттың бүгіні мен болашақ жоспарлары жайында «Қайнар – АКБ» ЖШС-ның бақылау кеңесінің төрағасы Қуаныш Ажмағамбетов баяндады. Сөз бен істің арасын айқындау үшін Қуаныш Медиұлы зауытты аралап тұрып, мәртебелі меймандар оны қабыл алды. «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламалары аясында мемлекет қолдауына ие болған зауыт өндіріс көлемін есепеп арттырып, шаһардың 750 тұрғының тұрақты жұмыспен қамтуда. Заманауи һәм соңғы үлгідегі озық технологиялық өндіріс арқасында өнім сапасы да халықаралық деңгейге жеткізіліп, талдықорғандық аккумуляторлар алыс-жақын шетелдерге экспортқа жөнелтілуде. Дайын өнімнің отыз пайызы ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағытталса, қалған жетпіс пайызы экспортқа арналған.

Бүгінде өндіріс үшін қажетті шикізат өзге кәсіпорындармен қатар, қайта өңдеу арқылы да алынуда. Италияның «Engitec» қондырғысы ескі аккумуляторлардың қорғасынын, пластигін және өзге бөлшектерін сұрыптап, қайта өңдеуге жіберуде. Айталық, мұндай цех Қазақстанда тұңғыш рет іске қосылуда.

Сондай-ақ, Серік Өбікенұлы бүл күні шаһардың шығыс ауданында болып, көгалдарға хоккей алаңының құрылыс барысымен танысты (суретте). Нысан құрылысын былтыр бастаған бас мердігер «Асатай» ЖШС-нің жұмысы көңілді қуантады. Қала басшылығы инженерлік-коммуникациялық жүйелерді тартып, жұмыстың барынша оңтайлы болуына жағдай тудырған. Өз кезегінде мердігер мекеме кестеге сай жұмыс ауқымын атқаруда. Жоспар бойынша биыл қараша айында 1140 орынды хоккей алаңы қолданысқа берілмек. Келер жылы қосалқы алаң жасалып бітеді деп күтілуде. Елбасының бұқаралық спортты дамыту тапсырмасы аясында қолға алынған нысанның маңызына тоқталған Серік Өбікенұлы мердігер мекеме мен қала басшылығына құрылыс барысын жіті назарға алуды тапсырды. Сонымен қатар, Мәжіліс депутаты облысымыздың бас шаһарында қолға алынған өзге құрылыс нысандары жайын сұрады.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Үмбетовтің облысымыздағы жұмыс сапары Жетісудың өзге өңірлерінде де жалғасын таппақ.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
"Жетісу"

● *Қайырымдылық*

НҰРБАЙДЫҢ ҚУАНЫШЫ

Мүгедектер тән саулығын аңсаған,
Біреуге аяқ, ал біреуге қол қайғы.
Өз борышын сезінуден қалса адам,
Одан өткен мүгедектік болмайды, – дегенді Мұхтар Шаханов тегін жазбаса керек, өмірде кемтарлықтың тауқыметін тартқан жандар үшін ән екі мүшенің қадірі қаншалықты қымбат болса, сол жандарға қоғамның, адамдардың қайырымдылығы да соншалықты биік болуы керек-ақ. Осылай бол



Толе би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар,
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған балаға жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

№18 (118)

Бейсенбі,
19 қыркүйек,
2013 жыл

■ Ерлік – елге мұра

Тәңірідей аяла тарихыңды

Қиясында қыраны қалықтаған, қасиетті алып даланың бір пұшпағы, қойнауы құтты, топырағы киелі Қарадаланы бетке алып жолға шықтық. Тарихи атауымен атап отырғаным ғой, бүгінгі тілмен айтсам, Үйғыр ауданына қарасты Үлкен Диқан ауылы негізгі бағытымыз. Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне деген құрметті 9 мамырдың қарсаңында қарбаластырып үйреніп қалған көңіліміз шалғай ауылдағы бұл шараның мәні мен мазмұнын барған кезде бір-ақ біздік. Сонымен...



ҚАСИЕТІҢНЕН АЙНАЛДЫМ ҚАРАДАЛА. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алла тағала өзі жаратқан пендесіне шаршаса дем алсын, сырқаттанса ем алсын деп қысы-жазы бір тоқтамай жер астынан шығып жатқан ыстық суын тегіннен тегін беріп қойыпты. Бағзы замандары ата-бабаларымыз бұл суды қалай пайдаланғаны өз басыма белгісіз, келе-келе ел игілігіне жарай бастағанымен – ашық-шашық жабайы жағажай болмаса да, көңілімізге аса қона қоймайтын. Ғасыр ауысты, заман өзгерді. «Алтынның қолда барда қадірін білетін» күн туды. Уақыт тынысын дер кезінде сезінген халық Қарадаланың қойнауынан бұрқырап шығып жатқан ыстық суды кәсіпке айналдырып, арнайы қонақ үйлер салып, айналасын абаттандырып, байлыққа белшесінен батпаса да біраз елдің әл-ауқатының түзелуіне ықпал ете бастағандай. Бұл айтып отырғандарым Алматы – Қалжат күре жолының Шонжыдан өткеннен кейінгі аумағындағы көргендерім мен көңілге түйгендерім. Рас, «Мың рет естігеннен бір рет көргенің» бағалы екенін де осы сапарда сезіндім. Іссапармен бұл өңірден ары-бері шырлап канша өткеніммен Қарадаланың қасиетті суына бір сүңгіп шығу осы күнге дейін маңдайыма жазылмаған екен. Бұйрықтан артық не бар – оны да көрдік. Өне бойымыз балқып, шабыттанып, шалқып, Қытайдың қақпасына бір-ақ апаратын тақтайдай тас жолға түсіп, темір тұлпардың ішінде қиялымызбен қалқып келеміз. Әне-міне, дегенше асқар шыңдары аспанға өрлеген асқақ таудың бөктерінде орналасқан Үлкен Дикан ауылына да асқақтаған көңілмен келіп жеттік.

Қаралықтан ада-күде
салты бар,
Қонағына құшақ жаяр
халқы бар;
Қарадала – қара
қазақ атауы,
Қара сөздің қамбасында
малтығар,

– деп ақын Нұрлан Оразалиннің қара өлеңімен өрнектелген қасиетті Қарадаланың бір пұшпағы еді бұл ауыл.

Айтпақшы дәл сол күні осы ауылдың төл перзенті, біз өлеңін мысалға келтіріп отырған Алаштың аяулы ақындарының бірі, Қазақстан Жазушылар Одағының басқарма төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты Нұрлан Оразалин де туған топырағына табанын тигізіп, көңілі баладай, пейілі даладай аға-әпкелеріне маңдайынан сүйгізіп, мәртебесі Алатаудай биік ауыл тұрғындарын алақандай жүрегіне сыйғызып, мәре-сәре күй кешкенінің куәсі болдық. Жалпы өтетін шарадан аз-кем хабарымыз болса да, келісіміздің мәнісін енді түсінгендей қалың елдің арасына енгелей келіп біз де еніп кеттік.

ЕСКЕРТКІШ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ. Ерліктері елге мұра, ұрпаққа ұран болған, Отан үшін от кешіп, майдан даласында кеудесін оққа төсеген ерлер мен тылда жүріп, қаралы жылдардың ауыртпалығын қабырғасы қайысса да мойымай көтеріп, күлшесін оққа айырбастап, бүгінгі біздің маңдайымызға бұйырған бейбіт күнді жақындатқан ардагерлерге арнап қойылған ескерткіш елдіктің белгісі екенін айғақтап тұрды. Мұндай мағынасы терең, маңызы зор игілікті іс аз күннің жемісі емес. Жұрт болып жұмыла кіріскен үш жылға жуық уақыттың нәтижесі. Қалай десек те, қолға алған әрбір істің орындалуын қадағалап, оның ойдағыдай аяқталуын өз жауапкершілігіне алатын жандар болады. Нұрлан Мыркасымұлы тарихқа тағзым етудің ұрпаққа берер өнегесі мол екенін ақын жүрегімен сезінгендігі болар, ұйытқысы бола білді ұлағатты шараның. Бір адамның қолымен жасалмайтынын ескерсек, игі бастаманы жұмыла көтерген ауыл елдің береке бірлігінің де арқасы екені хақ. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді», сол ауылдан шыққан қалталы азаматтардың да ескерткіштің бой көтеруіне демеушілік жасағаны айтпаса да түсінікті. Басы ашық әңгіме, Сенатор болғаннан кейін қолға алған жоқ мұны Нұрлан Оразалин. Елбасының Жарлығымен тағайындалғаны кеше ғана, Парламенттегі орнытағына жайғасып та отырып үлгерген жоқ. Ендеше бұл өнегелі іс туған еліне, жеріне деген сезімнің осындай ісі арқылы білдіруге шешілген ақын мен ел азаматтарының алақандай ауылының алдындағы өтелуі тиіс перзенттік борышының бірі ғана.

Кішігірім шара деп олқы көрмесек те, бір ауылдың деңгейінде өтетін жағымды жаңалық қой деп барғанымызбен ғажайып көрініске тап болдық. Ең алдымен білімнің алтын ұясы саналатын мектептің алдындағы еңселі ескерткіштің ашылуына жиналған ауыл елдің ғана емес, арысы Алматы мен Талдықорғаннан ьэм ауданның бірнеше ауылынан келген қадірменді қонақтардың көптігі көңілімізді бір серпілтіп тастады. Ауыз тотырып айтатын академиктер, ғалымдар мен қаламы қарымды, жазғаны жалынды ақын-жазушылар мен журналистер де сол күні салтанатты басқосудың қасынан табылды. Биіктеу жерге орналасқан еңселі ескерткіштің оң жақ қапталындағы бильбордқа жазылған Нұрлан Оразалиннің екі шумақ өлең де көп нәрсені аңғарткандай.

Халық дейтін бұзылмас
қалыбым бар,
Халық дейтін сызылмас
анығым бар.
Халық дейтін жұқармас
жарығым бар,
Халық дейтін мұқалмас
алыбым бар.

Халық мәңгі...
Қамын жеп аландармыз,
Жалғастардың жалғасы –
жарандармыз.
Тәңірідей аяла тарихыңды,
Сол тарихтан бәріміз
жаралғанбыз.

Оқыдық, көңілімізге біраз нәрсені тоқыдық. Ақындардың үндестігі ме, екі шумақ өлеңді оқып тұрғанда ойыма Мұқағали ақынның «Ей, қаламдас қарындас, бауырларым. Халықты ұмытпаңдар. Халықсыз күндерің қаран. Оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Тек оған ғашық бола біліңдер», – деген күнделігіндегі жазба орала кетті. Мен де туған халқына ғашық бола білген, оны жанжүрегімен сүйе білген ақынның сөзі деп қабылдадым осы екі шумақ өлеңді.

Салтанатты шараның ашылу салтанаты да басталды. Алдымен тәуелсіз еліміздің Әнұраны орындалып, рухымызды оятып, бойымызға серпіліс әкелген қасиетті ән Қарадаланың аспанында қалықтап бара жатты. Көңіл жүйрік екен. Әнұран орындалып біткенше «Міне, менің елім, менің жерім. Келіңдер, көріңдер» деген мақтаныш сезіммен қиял құсымен қияны шарлап кеттім әпсәтте.

(Соңы 2-бетте).

■ Ұсыныс

Адам болған соң бас ауырып, балтыр сыздамай тура ма. Жас ұлғайған сайын тізе сықырлап, буын-буын сырқырайды екен. Мұндайда шыбын жанға шипа боларлық шара іздейміз. Жуырда жолымыз түсіп «Жаркент Арасанына» бардық. Көктал ауылынан тауға қарай 30 шақырым жерде орналасқан арасан шипажайы өте әсем, көрікті. Көктеректер көмкеріп, жасыл шырша жамылған ғимараттар да сонадайдан көз тартады. Таулы жердің таза ауасы қандай тамаша, кеудені керіп мейірлене жұта бергің келеді.

ҰРПАҚ МІНДЕТІ

Иә, мұнда келушілер батпақтан және арасан суынан ем алады. Бір ретте 300 адам қабылдайтын шипажайда келушілерге қажетті барлық жағдай жасалған. Дәрігерлері мен қызмет көрсетушілері де сондай кішіпейіл, адамның жанын жадырататын жайсаң азаматтар. 2004 жылдан бері Ақсубаева Гүлнәр қыздың құзырындағы бұл арасан келушілерге бір қалыпты қызмет көрсетіп келеді. Шипажайдың атқарушы директоры Санат Әшірбековтің қабілетті, іскер басшы екені көрініп тұр. Аула тазалығы мен тамағы да ойдағыдай. Күніне бес мезгіл тіл үйіретін дәмді тағамдар сіздің үнемі алдыңызда. Бас дәрігер Карл Кәкімжанов бастаған Азамат Сайбеков, Жұпар Қалмұханбетова, Сәуле Тоқсанбаева сынды қыз-жігіттер сізге лайық қызмет көрсетуге қашан да әзір.

Бұл шипажайға кезінде еліміздің сүйікті перзенті Дінмұхамед Қонаев келіп денсаулығын түзеп қайтып жүрген. Ол кісінің тікұшағы қонған алаңды, өзі жатып демалған бөлмесін де көріп тамашаладық. Осы орайда мына бір жай ойға оралды. Әдетте, мәдениеті дамыған дейтін батыс елдерінде мұндай ұлы адамдардың басып кеткен ізі мен табаны тиген жерге ескерткіш белгі, «мынау біздің ұлы бабамыз пәленшенің атын суарған жері» деп құлпытас қоятын көрінеді.

Ал қазақ халқының мақтанышына айналған ұлы тұлға, біртуар асыл азамат, көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың осы шипажайда біраз уақыт тұрған үйін мұражай жасап қойса, қандай игілікті іс болар еді. Арасанға келушілер оның жатқан жеріне, басқан ізіне тәу етер еді. Мұражайды қаржыландырудың жолын да табуға болатын секілді. Арасанға келген адамдар Д. Қонаевтың аруағына тағзым етіп, құрмет көрсетіп қойылған арнайы жәшікке ақша салар еді ғой. Соның есебінен-ақ бір-екі адамға жалақы тауып беруге әбден болмас па. Біз бұл ұсынысымызды директор Санат мырзаға да айттық. Ұлыға құрмет көрсету, ұрпаққа қашан да міндет. Әйтсе де, «жұмыла көтерген жүк жеңіл», – демекші, бұл іске Панфилов ауданының қалталы азаматтары атсалысса, нұр үстіне нұр болар еді. Аудан әкімшілігі бастама жасап қолға алса, бір бөлмені дүмбірлетіп мұражай жасап қоюға қабілеттері жетер еді.Лайым солай болғай.

Мұхамеджан АБДРАХМАНОВ,
жазушы.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

■Сайланған әкім назарына!

Бар үмітім сіздерде, қадірлі журналистер! Ауламда тұрған электр бағаны шіріп тұр, жергілікті шенеуніктерге ауыстырып беріңіздер дегеніме, міне, тура үш жыл болды.



Шіріген бағаң қашан үстімізге құлайды деп отырмыз...

«Айта-айта «Алтайды», Жамал алай қартайдының» кері келіп тұр. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне дейін өтініш жазғанмын, әйтеуір бәрі алдық дейді, бірақ одан шіріп бағаң ауыстырылған жоқ. Ақыры аудан әкімінен: «Бағаң бақшаңыздың ортасында тұр екен, жиынтерін біткен соң ауыстырамыз», – деген жауап алдым. Ал шындығына келсек, менде бақша деген атымен болған емес. Неге десеңіз, оған жер де, су да жоқ.

Мен ешкімді де шауып таста, басын ал, жұмыстан босат деп отырған жоқпын. Үш жылдан бері бір бағанды ауыстыруға болмас па? Сол әбден шіріген бағаң бойымен басқа үйлерге де электр тогы барып тұр. Қорқатыным сол, электр сымдары салбырап қораның төбесіне тиіп тұр. Жел соқса шыбын жанымызды шүберекке түйіп отырамыз. Мән-жайды жарық жүйесінің басшысына айтсақ, «Біз апатты жағдай болса ғана жөндейміз», – дейді. Сонда Жарықбасов мырза апат болуды күтіп отыр ма, онысы несі? Енді, міне, газетке жазбасқа амалым қалмады.

Болай
ТІЛМЕНБАЕВА,
92 жастағы ана.

АҚШИ АУЫЛЫ,
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ
АУДАНЫ.

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Соны ой, ұтқыр ұсыныс

Қала ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Тарихы терең Талдықорған» кітабы – қала тұрғындарының дүниетанымын қалыптастырушы басылым» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған өңіріміздегі тарихшы ғалымдар, ізденушілер, зиялы қауым өкілдері мен ақсақалдар қатысып, тұщымды ойымен бөлісті. Шараны қалалық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Мұрат Халық жүргізіп отырды. Ал алыс-жақыннан келген көпшілікті қала әкімі Ермек Алпысов құттықтап, тарихты танудың өскелең ұрпақтың ой-өрісі мен елжандылығын өсірудегі маңыздылығына тоқталды. «Ауызша тарихымыздағы Талдықорғанның тарихи мәселесі» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев пен «Жетісу аймағы, соның ішінде Талдықорған өңірінің тарихи жағдайы» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы Оразгүл Мұхатова баяндама жасап, тарихты қайта танудағы өзекті мәселелерді дұрыс шешу жайындағы тұщымды ойымен бөлісті.

Сонымен қатар, шара барысында тарих, мәдениет, әдебиет саласының өкілдері де қазақ тарихы мен оның бір бөлігі саналатын Жетісу жеріндегі әлеуметтік үдерістердің орны мен рөлі жайлы ойын ортаға салды. Олардың айтуынша, тарих – өте нәзік құбылыс. Оны тек қадірлей алғанда ғана бағасы асып, құны арта бермек. Десе де, біз өткенімізді өзгелердің көзімен танып келгендіктен төл тарихымыздың талай құпия сыры мен маңыздылығын жоғалтып та алдық. Құдайға тәубе, тәуелсіздіктен кейінгі ұлт тарихына деген жаңа бетбұрыстардың арқасында көптеген ақтаңдақтың орны толды. Әсіресе, 2003 жылдан бергі Елбасы бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында алыс-жақын шет елдердің мұрағатында сақталған қазақ тарихына қатысты құнды деректер қайта қопарылып, дария көуде ақсақалдардың жадында сақталған аңыз бен ақиқат жаңғырып, шындыққа бір табан жақындай түстік.

Әлбетте, келешегін ойлаған ел міне, осылай төл тарихын тануға бетбұрыс жасайды. Қазір әлемнің бірқатар елі өз тарихын қайта зерделеп, жаңа ұрпақтың жасампаз рухын оятуда. Сол қатарда елімізде де қомақты жұмыс атқаруда. Айталық, «Күлтегін» ескерткіші көшірмесінің Астана төрінен орын алуы, тарих тану мақсатында арнайы халықаралық конференциялар мен конгрестердің жүйелі өткізілуі, қазақ халқының тарихына жаңаша көзқарас тұрғысынан жазылған ғылыми еңбектердің көпшілікке ұсынылуы, тағы басқа да іс-шаралар қазақ тарихын жаңа қырынан тануға жол ашты. Осындай игілікті бастамалардың нәтижесінде өңір тарихын зерделеп, зерттеуде біраз табысқа жеттік.

Жетісу өлкесінің тарихы өте терең, өте бай. Бағамдай білгенге таптырмас қазына, таусылмас білім жатыр. Көптеген зерттеуші осы өңірдің тарихын орта ғасырдан бастайды. Бұл – жеткіліксіз мәлімет. Қайта өңіріміз ерте дәуірден сыр шертетін жәдігерлерге тұнып тұрғанын ескерсек, ел тарихын емес, адамзат өркениетінің де ескерусіз қалған көптеген жаңалық жұрт игілігіне айналуда. Соның бірі – қалалық ардагерлер кеңесінің құрастыруымен оқырман қолына тиген «Тарихы терең Талдықорған» атты еңбек.

Туған өлкеміз Жетісу, соның ішінде Талдықорған қаласы туралы сыр тарқатар болсақ, қазірге дейін қала тарихы туралы зерттеулер түгілі арнайы жазылған материалдардың өзі жоқтың қасы. Оның өзіндік себебі бар. Тарихымыз еуросентристік тұрғыда зерттелгендіктен тарихымызды орыс ұлтының өкілдері жазып келді. Әрине, олар қашанда өз жақтастары мен жақындарының ғана тарихын бедерлеуге мән берді. Осы ретте өзіміздің еңбекарлығымыздың да болғанын жасырмаймыз. Ауызша жатталған аңыз тарихқа ден қойған бабаларымыз күндердің күнінде осындай тай-таластың болатынын ескермеді. Сол міндет міне, біздің еншімізге бұйырып отыр. Егер «Мәңгілік ел» боламыз десек, мәнді тарихымызды түгендегеніміз жөн. Сол қатарда осыған дейін: «Жүз қанша жылдық даму желісі бар», – деп есептеліп келген Талдықорған қаласының тарихы да бар. Мақаламыздың басында айтқан «Тамыры терең Талдықорған» – атты тамаша еңбек оқырман қауымға жол тартқаннан кейін қаламыздың өткен тарихының сонау ертеден басталатынын дәлелдеп, дәйектеп, бүгінгі жеткен жетістігін анықтап көрсетіп, біраз нәрсенің басын ашты. Осы ретте, сол еңбекті құрастырушыларға шынайы алғысымызды білдіргеніміз жөн. Десек те, ол қала тарихының соңғы нүктесін қоя алған жоқ. Археолог мамандар осы өңірде ең алғашқы адамзат өркениетінің бастау алғанын дәлелдеп берді. Оған Баянжүректегі тасқа жазылған суреттерді көрсетуге болады. Сонда қала тарихы саусақпен санарлық онжылдықта емес, ғасырлардан бұрынғы дәуірлерден басталатынын білуге болады. Сонымен қатар, қазіргі таңда қала тарихы жайлы тың деректердің табылуы аталған еңбектегі кейбір олқылықты толықтауға жол ашып отыр. Қай қырынан келсек те, қала тарихын білу қарымды тарихты танудың ең бастапқы қадамы екендігі анық. Оны дәл, айқын, тура түсіну келешек ұрпақтың төл тарихын тануына, әлемдік деңгейдегі орнымызды айқындауда тамаша ғылыми тұжырымдар әзірлеп береді деген сөз. Конференция барысында жарыссөзге шыққан зерттеушілер мен әр сала өкілдерінің пікірі осылай болды.

Қажет АНДАС.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32.
Тел.: 24-12-84, 24-58-87. Факс: 24-75-66.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



ТҰСАУ КЕСЕР

Қандай ел болмасын, оның тарихи жағынан қалыптасқан тіршілік-тұрмысы, салт-дәстүрі, қоршаған ортамен бітe қалыптасқан түйсік-сезімі мен ойлау жүйесіне сай төл мәдениеті болмақ. Мәдениеті мен өнеріне қарай ел өмірі мен оның рухани тұлғасы, бет-бейнесі мен беделі айқындалады. Мәдениеті ілгері дамыған кез келген елде қоғамның көп мәселесін жан-жақты зерттейтін өнертанушылары да өз алдына отау тіккелі қашан?! Соның бір дәлелі – «Жерұйық мекен» Алматы облысының мәдениеті мен өнері атты кітап-альбомда келтірілген деректер мен мәліметтерде жатыр.

Жетісу өркениеті

Жетісу жерін ежелгі Сақ, Қаңлы, Үйсін тайпаларынан бастау алған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы халық мекен еткені тарихтан белгілі. Осынау ұлан-ғайыр аймақтағы халықтың бүгінгі күнге дейін ел басқарған азаматтарының деректері мен Алматы облысының тарихы қамтылған еңбекте сонау ерте замандағы уақыт, бүгінгі ғылым мен техника дамыған кезеңге дейінгі тыныс-тіршілігі толығымен қамтылған. Шындығында есейе келе адамзаттың ақыл-ойы кемелденіп, туған өлкеге деген сүйіспеншілігінің артуы заңдылық. Сондықтан да аталмыш туындыда Жетісу жерінің өзіне тән қасиеті мен мәдени құндылығының қыр-сыры баяндалады.

Соның бір дәлелі Айғайқұм, Таңбалытас, Шарын шатқалы, Әулиеағаш, Қаракемер қалашығы, Алтын адам, Бесшатыр сынды күллі әлем назар аударған тарихи ескерткіштерде жатқаны анық. Сайын далаға жүргізілген экспедициялар мен археологиялық қазба жұмыстары ғалымдардың қызығушылығын арттыруда.

Жетісу топырағы ғұлама ғалымдар, адуынды батырлар мен от ауызды, орақ тілді ақындарға кенде болған жоқ. Батырларымыз елін, жерін қорғауда қайсарлық танытса, ақындарымыз елдің бірлігі мен ынтымағына ұйытқы болды. Бабалардан қалған ән мен жырдың қайнар көзі дала даналығынан туындаса керек. Айтыстың арнасын қозғасақ, Жетісу өңіріндегі дүлдүл ақындардың тізімі тізбектеліп шыға келері анық. Қабылиса жыраудан бастап Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Бақтыбай Жолбарысұлы сынды ақындарға жалғасқан айтыс өнерінен кейін де көптеген дара тұлғалар түлеп ұшты.

Бүгінгі таңда, көненің көзі, асылдың сынығы сияқты болған тарихи жәдігерлер қатпар-қатпар тарихтан сыр ағытады. Ал ата-бабамыздан қалған тәбәріктерді қолымен ұстап, көзбен көру үшін мұражайға атбасын бұрамыз. Алматы облысына қарасты 23 мұражай бар, оның әрқайсысы тарихтың әр қатпарынан ақпар береді. Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану мұражайы, Райымбек аудандық тарихи-өлкетану мұражайы, Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайы және тағысын тағы мұражайлар қазақ тарихында есімі алтын әріптермен жазылған тұлғалардың болмысын танытады. Бұл ата-бабаларымызға, өнерге, ұлтқа құрметпен қарауымыздың бір айғағы. Яғни, Жетісудың әдебиеті мен мәдениеті облыс деңгейінде осы кітапта толығымен қамтылған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіру, бабамыздан қалған асыл мұрамызды, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, салт-дәстүр мен тіліміздің, дінімізді ұлықтау азаматтық міндетіміз. Асанқайғы бабамыз желмаясымен Жетісу өңіріне келгенде: «Бұл жердің қойнауы құт, жері шұрайлы, топырағы киелі» деген екен. Қазақ жерінің қаймағы бұзылмаған Жетісу өңірі ән мен жырдың, күмбірлеген күйдің, әдебиет – пен мәдениеттің ортасы екені баршаға белгілі. Бұл кітап барша жұртты өнеріне бас идірген Бердібек Соқлақбаев, Мұқан Төлебаев, Абдулла Қарсақбаев, шебер, ұста атамыз - Дәркембай Шоқларұлы туған өлкенің бүгінгі мәдениеті жоғары, соларды мансұқ тұтатын жұрты бар екенін білдіреді. Қажет ағамыздың бұл кітабы жастарды өлкетануға, еліне, жеріне құрметпен қарауға тәрбиелейтіні анық. Елімізге келген шетел азаматтарына Жетісу өңірінің табиғаты мен тарихи мәдениетімен таныстыруына болатын энциклопедия іспеттес. Ал, осы тақырыпта ғылыми жұмыстар жазып жүрген жастарымызға бұл кітаптың берері көп. Сізге шығармашылық табыс, қаламыңыз қарымды болып, жазарыңыз көбейе берсін деген тілек білдіреміз.

Ербол АБДРАСИЛОВ.

● ТЕАТР

"ІЛИЯС" ДРАМАСЫ САХНАЛАНДЫ

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ. ТУҒАН ЖЕРІН СҮЙГЕН ОТАНШЫЛ, ЖЕТІСУДЫҢ ТАУЫНДА ТУЫП, ТАСЫНДА ӨСКЕН, ӨМІРДЕН ЖАЛЫНДАП, ЖАНЫП ӨТКЕН ДҮЛДҮЛ АҚЫН ЕДІ. ЕЛГЕ «ҚҰЛАГЕР», «КҮЙШІ», «КҮЙ» ПОЭМАЛАРЫМЕН БЕЛГІЛІ ҚАЗАҚ ПЕРЗЕНТІ СТАЛИНДІК РЕПРЕССИЯНЫҢ ҚҰРЫҒЫНА ТҮСІП, ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛЫП КЕТЕ БАРДЫ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН АҚЫН ӘДЕБИЕТТІҢ ӘРБІР ЖАНРЫНА ҚАЛАМ ТАРТТЫ.



Б. Римова атындағы облыстық драма театрында сахналанған пьеса Ілиястың дүниеге келуінен дүниеден кетуіне дейінгі тұтас ғұмырын арқау еткен. Қойылымда келі түйіп, бала босандырып алатын эпизод көрініс табады.

Ілиястың кемеліне келіп, парасаты толысқан салиқалы болмысы актердің шеберлігімен әдемі әрі нанымды сомдалған. Қойылымның басында, ортасында, шарықтау шегінде де зиялы қалпынан ажырамаған ақын өмірінің әрбір оқиғалары туралы ой толғап отырады. Бұл драма авторының да, режиссердің де сәтті таңдалған шешімдері деп білдік. Ал, Ілиястың атақты Мамания мектебінде оқыған бозбала шағын театр актері Еркебұлан Айдынбаев тиісті дәрежеде ойнап шықты. Сондай-ақ, ақын осы мектепке келгенде ғашық болатын қыздың да рөлі сондай сүйсінтерліктей жарасымды сомдалған. Ақын өмірі мен шығармашылығына ықпалы болған Молықбай күйші образы да қойылымда қылаң береді. Ілияс дүниеге келгенде оның есімін қойып, кейін анасының түсінде көргеніндей күйші тағдырын қайталайтынын ана жүрек сезген болатын. Бұл ұлттық наным-сенімнің бір айғағы ретінде қойылымда көрініс табады. Яғни, ұлттық философияның айқын дәлелі дәп осы болса керекті. Кейіннен ақын өзінің тағдырына әсер еткен Молықбай шал туралы «Күй» поэмасын жазады.

Демек, ол жай ғана сенім ғана емес, шынайы көрінісі екені анық аңғарылады. Мамания мектебінде оқып жүргенде онда атақты саңлақ әнші Майра, аты жұмлә қазақ жұртына мәшһүр болған ақын Әсет келіп, оқушылармен кездеседі. Сонда, Майра бұлбұл үнімен балаларды тамсандырса, Әсет те өз өнерінен шашу шашады. Осы кездесуде ерекше көзге түскен болашақ ақын Ілияс Майра апасының ризашылығын алып, Әсет ақынның ақ батасына бөленеді. Сөйткен Ілияс кейін осының барлығын маржан сөзбен жыр-дастан етіп қалдырады. Естіген көргенін үнемі қойын дәптеріне жазып алып отыратыны оның болашақта зиялы, парасатты адам болатынын аңғартып тұрған еді. Ілияс Жансүгіровтің әдебиет пен өнерде өшпес мұралар қалдырғаны осындай тағылымды кездесулердің әсерінен болғандығын айғақтап тұрады.

Қойылымда Ілияс Жансүгіровтің құғынға ұшырап, қудалауға іліккен кезі сондай аянышты әрі сенімді сомдалады. Кеңес Үкіметінің жандайшаптарының қатыгез, шаш ал десе бас алуға дайын тұратын әсіре бұйрықшыл тобы көрерменнің жек көру сезімін туғызды. Бұл қазақ халқының жақсы-жайсаңы мен зиялы деген жұртын жаппай қырып тастаған Кеңестік идеологияға, қала берді сол дәуірді жек көруге әкелетіні сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, бұл қойылым Ілияс өмірі арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға жетелей алатын қойылым. Драманың авторы филология ғылымдарының кандидаты Мұратбек Иманғазинов, ал режиссері Назым Өтеулинова. Осы күнге дейін Ілияс туралы спектакль жоқ екенін ескерсек, «Ілияс» драмасы соның орнын толтыруға үлесін қосқанын жасырмаймыз.

Шынаргүл ОҢАШБАЙ.

БАЙҚАУ

Талдықорған қаласы І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында Алматы облысы әкімінің жүлдесі үшін «Жетісу жұлдыздары - 2014» атты облыстық балалар шығармашылық байқауы өтті. Облыс орталығының іргесінде орналасқан аудандардан 70 үміткер қатысты.

БҰЛАҚ КӨРЕҢ КӨЗІҢ АШЫ

Айтулы шараның басқасында жүрген Алматы облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасының бөлім бастығы Төлеужан Нүсіпжанұлының сұхбатынан:

– «Жетісу жұлдыздары – 2014» атты балалар байқауы облыс әкімінің қолдауымен биыл 12-ші рет өткізіліп отыр. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында өткізілген аймақтық іріктеу турына әр аудан, қалалардан 160 үміткер қатысып, облыстық байқауға 70 үміткер жолдама алды. Байқау жас шамасына қарай екі топ бойынша өткізіледі. Кіші топ 5-9 жас аралығы, үлкен топ 10-15 жас аралықты көрсетеді. Байқаудың мақсаты - балалар шығармашылығын дамыту, музыкалық эстетикалық тәрбие беру, жас таланттарды насихаттау, республикалық үлкен сахналарға шығару біздің басты міндетіміз.

Байқауға Алматы облысына қарасты аудандардан іріктеліп келген үміткерлеріміз бақ сынасты. Әуелеткен әнші де мың бұралған биші де көрерменнің көңілінен шықты. Бәсекеге түскен бүлдіршіндер әнді айтқанда, өте ауыр әндерді тамылжытып, нақышына келтіре орындады. Ондай әндерді қазақ эстрадасында жүрген кез келген әнші орындай бермейді. Әсіресе, Талдықорған қаласынан Нұржан Әбілқасымовтың, Еңбекшіқазақ ауданынан Әсел Рақымжанның, Жамбыл ауданынан Табыс Ердостың салған әндері тыңдарманды орнынан тік тұрғызды. Талғар ауданынан келген «Балауса» би ансамблі, Талғар ауданынан «Ару» би ансамблі мен «Айзада» би тобы, тамаша өнер көрсетті. Барлық өнерпаздар өздерінің ішінде қайнап жатқан таланттарын байқатты. Қазылар алқасының мәдениет, өнер саласынан құрылғанын айтпаса да белгілі. Олардың қатарында: Республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты, Жетісу Мемлекеттік Университетінің қоғамдық мамандықтар факультетінің деканы Серікбол Төлеутайұлы. Алматы облыстық халық шығармашылығы орталығы директорының орынбасары Айгүл Сабитова. Талдықорған қаласының «Шағала» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Гүлмира Смағұлова. Республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты, «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің әншісі Медет Тұзбаев болды. Бұндай байқаудың тартысты өтетіні айтпаса да белгілі.

Қазылар алқасының қорытындысымен бас жүлдені ән номинациясы бойынша Талдықорған қаласының әншісі Нұржан Әбілқасымов, би номинациясынан Талғар ауданының «Балауса» би ансамблі қанжығасына байлады. Байқауға қатысқан үміткерлердің барлығына бағалы сыйлықтар мен дипломдар тапсырылды. Елімізде осындай игі шараның өтуі - балалардың өнерінің дамуына септігін тигізері анық.

Е. БАТТАЛҰЛЫ.

Жетісу
WWW.zhetysu-smi.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ

№141
15
20. 12. 2014 ж.

МЕНІҢ ЗАМАНДАСТАРЫМ

Бүгінгі әңгіме желісіне арқау болып отырған кейіпкер қоғамның қазандай қайнаған тірлігінің ортасында жүрген азамат. Қызметімен, қызықты өмірімен, адами қасиеттерімен есімі елдің аузындағы адамның жақсы істерін өзгелерге айтып, жеткізу қиынның қиыны екенін сезінемін. Міне, бүгін сондай күйдемін. Өзім жақсы көретін, құрметтеп, қадірлейтін адамдар жайлы ой-орманымды аралағанда осындай күй кешемін.



Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Жақсылар жолы жаңылдырмайды

Омархан бауырым жайлы ойымдағы сәуле-сезімдерімді көпке ұсыну көңілімде жүретін. Соның сәті түскен сияқты. Себебі, Омархан Нұртайұлы Өксікбаев – 60 жасқа толды. Алпыс деген аскаралы биіктің шыңына көтерілгенде киелі қасиетін еріп, өмір жолын өрнектеп, не болмаса өсиет етіп айтатын кездің келгені осы болар деп түйіндегенмін. Дей тұра «өмір шіркіннің өткіншілігін осындайда ғана ғанып-білуге ұмтыламыз-ау» деген қоңыр ойдың көлденеңдейтіні бар.

Ажарынан адалдық төгіліп тұратын азаматты қай уақыттан бері білетін едік. Әрине, мұндай сұрақтан соң жылдар жылжып, оңғалар ойыңа орала береді.

Әңгіме басы балалықтан басталғандықтан адамның тәтті шағы – еске оралады. Балқаш бойы, кәрі Іленің жағасы, ата-бабасының құтты қонысы ескі Көктал деп аталатын жерде дүние есігін ашты. Жазира жалпақ даланың ауасын жұтып, топырағына аунап, суын ішіп, өсті.

Мұны айтып отырғаным, осыдан бірнеше жыл бұрынғы оқиға ойыма түсті. Кішкене ғана ауылда тұратын туған әкесі, Омарханның өзі "аға" деп кеткен Нұртай ақсақалдың үйінде кездескенім бар. Әңгімеден әңгіме қозғалып, сөздің басы бала жайлы болған соң Омархан Нұртайұлы:

– Сонау жылдарда «Литературная газета» деген үлкен басылымның тілшісі Лев Балян деген жазушының аға мен немере арасындағы әңгімесін оқыдым, – деп сөзге араласты. Алдымен күліп алды да:

– Немересі атасына қарап, «Ата, біз қашан өлесіз» деп сұрақ қойыпты. Әкыс қойылған «суық» сұрақтан сасыңқырап қалғанымен, сәбидің кіршіксіз көңілін көріп, белгісіз дүниені білгісі келіп отырғанын сезген-ау. Кідіріп қалса да немересін ойлауға келіпті. Күрделі жолдан өту бір адамға оңай жүк емес. Драматург Қалтай Мұхаметжанов ағамыз «Біз де періште емеспіз» деп кеткендей періште болу қиын, әрине. Дегенмен адамға тазалық қажет. Адалдыққа талпыныс арлы адамның ісі. Бұл қасиет адам бойына бала кезінен қалыптасса, ол өмірлік болып қалатыны бар. Міне, әкемнің біздерге, балаларына қалдырып кеткен қасиеті осы.

Бір қарағанда ата мен немере арасындағы әңгіменің желісі қорқынышты ұғымнан басталып тосын көрінсе де, мәнінің мағыналы екені талассыз, – деп әңгімесін аяқтаған еді.

Кейіннен бір ауылдың азаматы ретінде Мемлекеттік қаржы- бақылау комитетінің төрағасы Омархан Өксікбаевпен кездесуге тура келді. Әрине, қайда жүрсе де, қандай қызметтер атқарса да көз алдымызда, теледидардан болсын, баспа беттерінен болсын сөйлеген сөздерін көңілге тоқып жүру әдетке айналған. Өйткені, ол Балқаштың байтағында тәрбиеленіп, білім-тәлім алып, республикалық деңгейде қызмет арқалап жүрген жерлесіміз.

Кішіпейіл қалпын бұзған емес. Соған қарамастан, мүмкін қандағы қасиет болар, айтатын жерде ойындағысынан тартынбайтыны бар. Қажетті тұста пікірін дәлелдеу үшін қарсы тұратын кездері жиі ұшырасатынын байқаймыз. Ондайда бетің бар, жүзің бар демейді. Ойын ашық ортаға салады. Әрине, тура айтудың қатты да, тәтті де жағын ескермеу естілікке жатпайды. Оны жақсы біледі. Қайтеді?! Туа біткен мінез солай. Мұндай қасиет те адамға таңдап қонатын сияқты. Омарханның түсінігінде ақиқаттан артық ештеңе жоқ. Өзі айтқандай «өтіріктің балын жегенше, шындықтың ащы дәмін татқан» дұрыс. Өмірдегі басты ұстанымы еді.

Біз білетін Омархан Нұртайұлы осы жолдан адасқан емес. Атадан, әкеден қалған тәрбиенің төресі – адалдық. Қуаныш – сезім де, өмірге сенім де, мұң мен наз да, ащы сын да өн бойынан өткенде оның адалдыққа сүйінетіні содан. «Кім болсам екен» деген сұрақ мектеп қабырғасынан мазалайтын. Жастардың жарасымды ойлары жарысып, әр түрлі мамандықты алдына көлденең тартатын. Ол кезде оқуға түсу оңай шаруа емес. Сондықтан Омархан жаңа жол іздеді. Алдымен қаражат қажет екенін ойдан шығарған жоқ. Осыны мақсат етіп алған ол аудандағы ондатр өсіретін шаруашылыққа жұмысқа орналасты. Бұл оның алғашқы еңбек жолы еді. Мұнан соң студенттік шақ. Үйлену, үй болу. Жан-жары Раиса екеуі қиындықты да, қыспақты да көрді. Әркімнің еңбек жолын бастаған алғашқы ұжымы өзіне ыстық. Алматы облысының қаржы бөлімі ол үшін осындай еді.

Алматыдағы төрт жылдай еңбек қаржы мәселесінің қаншалықты қиын екенін көрсетті. Өзіне салса бірдеңе үйреніп, тәжірибе жинақтағандай көрінді. Бірақ экономикада майдашүйде деген болмайды. Сағат сайын үйренуге, күн сайын ізденуге тура келді. Бұл жауапкершілік Алматы облыстық егістік жерді суландыру басқармасының жоспарлау-экономикалық бөлімінде қатардағы экономистік қызметке барғанда сезінді.

Мұнан соң осы басқармаға қарасты Балқаш ауданында жаңа ашылған «Тыңның 25 жылдығы» атындағы кеңшарға бас экономист болып барды. Жаңа шаруашылықтағы адамдарға еңбекақы төлеу, өндірістік-техникалық жоспарларын жасау сияқты жұмысына кірісті де кетті. Шаруаның басы есептен басталмаса тарыдай шашырап кетері анық. Шаруаның экономикалық шамасын шамалау шығармай екшеп, саралау қатал сынақтан да қиын. Оның сыртында бас маман ретінде жаңа кеңшардың өзге де шаруасы жетіп артылады.

Қайсар мінезді азамат адалдығымен, алғырлығымен алға жылжи берді. Сөйтіп, Қаржы министрлігінің Бас тексеру-бақылау басқармасына аға тергеуші-ревизор болып орналасты. Жұмыстағы қызметін адал орындаған іскер маман еңбекте ширай түсті. Бақылау-тексеру басқармасы (КРУ) бастығының орынбасары дәрежесіне дейін өсті. Сол кезеңде еліміз жаңа жүйеге көшті. Тәуелсіз Қазақстан бұрынғы КРУ-дің негізінде мемлекеттік қаржылық-бақылау комитетін құрды.

Бұл – 1996 жыл болатын. Осылай Омархан Нұртайұлының қызметтегі саяси бағыты басталды. Ол қызмет істейтін есеп комитетінде 23 қызметкер бар еді. Бір ғажабы, осы орынға таңдалған азаматтар бес жылға ғана қызмет ететін. Бұл Ата Заңмен айқындалған. Осыған дейін есеп комитеті мекемелердің қаржылық жағдайын тек өздері берген ақпарат арқылы біліп отыратын. Міне, осы жайдың қаржыны бақылауда жеткіліксіз екенін дәлелдеуге тура келеді.

– «Біз сараптамалық қызметпен көп нәрсенің байыбына барып, бетін аша алмаймыз», – деген ойын Омархан осы тұста ашып айтқан еді. Бақылаушы органдардың бірлескен, топтаса жұмыс істеуі, бірлесе қимыл етудің нәтижесінде комитеттің жұмысы басқаша көрініс тапты.

Қайда кімді тексерсе де, оның ойынан кетпейтін бір ұстаным – ол мемлекет мүддесін қорғаушы екендігі. Қаржылық шығын қажетті іске жаратылуы тиіс деген мақсат қашанда бірінші орында тұрды.

Кейіннен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияда, Қауіпсіздік кеңесте жүргенде Оралбай Әбдікәрімов ағасының тәлім-тәрбиесін, көмегін көрді. Қауіпсіздік кеңестегі хатшының екі орынбасарының бірі болды. Экономист, қаржыгер ретінде еліміздің экономикалық қауіпсіздігі саласын басқарды. Кейін ол арнайы бөлімге айналды. Омархан сол бөлімге кураторлық жасады. Еліміздің экономикалық саласындағы проблемаларды қарастыруда кең ауқымды жұмыстар осы тұста жасалды.

Аталмыш қызметте жүргенде Президент әкімшілігінің жанынан Бас бақылау инспекциясы құрылды. Елбасының өзі шақырып:

– Қаржы саласының қыр-сырын жетік білесің. Осы инспекцияны басқарасың, – деген. – Бұл бұрын-соңды болмаған басқарма, – деп өзі бағдарбағыт берген. Сөйтіп, ең әуелі Елбасы тапсырмаларының орындалуын қадағалау жұмысы басталды.

Омархан Нұртайұлы Қауіпсіздік кеңесінде жүргенде көтерген бір мәселе, бүкіл тексеру жүйесін шоғырландыруды қайта қолға алып, қозғау салды.

Кейін Елбасының қабылдауында қайта болды. Мемлекет басшысы оған Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы қызметін жүктеді. Әрине, жүрексіну болды. Сенімін білдірген соң шегінуге жол жоқ. Осы қызметте бір жыл еңбек етті. Аз уақыт болса да мемлекеттік мәні үлкен істер атқарылды. Маңызды шешімдер қабылданды. Әскери доктринамызды, сыртқы істер доктринамызды, экологиялық, экономикалық қауіпсіздік стратегиямызды және басқа да өмірімізге қажетті маңызды концептуалды мәселелер қамтылып, пайдалы шараларға қадам жасалды. Осы істердің басы қасында Омархан Нұртайұлы Өксікбаев жүрді.

Бүгінгі күннің де міндеті жеңіл емес. Омархан Нұртайұлы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. Халықтың қамы, заң шығару мен заң талаптарының нақты жұмыс істеуі, ел мүддесінің орынды шешімін табуы сияқты депутаттық жұмыспен айналысып, халықтың аманатын арқалау оңай шаруа емес. Елінің сенімін ақтап, ар мен намысын қатар ұстап, әділеттілікпен еңбек етуде. Әрине, елі мақтаныш ететін азамат болып қалу – екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ондай қошеметке ие болу – марапаттың биігі. Осы жолда талай қиындықтардың кездесері анық. Бүгін алпысты аттап отырған Омархан Нұртайұлы Президентімізбен бірге тәуелсіздіктің туын жоғары көтеріп, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп келе жатыр. Халық қалаулысының жұлдызы жоғарыдан жана берсін дейміз. "Жақсылардың жолын қуған жаңылмайды" деген осы.

ЖАҢА КІТАП

«ЖЕРҰЙЫҚ МЕКЕН» Президент кітапханасына қойылды



Қуаныш ТҰҢҒАТАР
"Жетісу"

Әлемдегі ең алып құрлықтың алтын кіндігі ежелден қазақ елінің атақонысы саналады. Бұл өлкеден батыс пен шығысты жібекпен жалғаған даңғыл жол өтіп, дала рухын төрт тарапқа таратты. Мұнда зерлі қабырғадан құрылған зәулім үйлер, көк күмбезді көркем ғимараттар көшпенді елдің сәулетінен сыр шертті. Тұлпардың тұяғы талатын осынау дала төсінде теңдесі жоқ көшпенділер мәдениеті қалыптасып, текті халықтың жүрегі тек өнер деп соқты.

Жуырда Алматы облысының мәдениеті мен өнерін қамтыған «Жерұйық мекен» атты кітап-альбом жарық көрді. Жетісудың әні мен жырын, рухани уызы мен киелі өнерін арқалаған құнды мұраның авторы – қаламдас әріптесіміз әрі өңірге белгілі журналист Қажет Андас. Атап өтерлігі – жинақта жер жаннатының мәдени тынысы тұңғыш жүйеленіп, қағаз бетіне бір ізбен түсіп отыр.

Кітап-альбом Жетісудың ең көрікті жерлерін паш ететін фотолардан тұрады. Сонымен қатар, кітапта облыс басшыларынан бастап мәдениет саласында тер төккен тұлғалардың есімі суреттерімен қоса берілген. Әрбір театр мен кітапхана, әрбір музей мен филармония туралы мәлімет мәтіндері деректі фотолармен толыққан.

Кітап авторы жаңа жинағының бір данасын жуырда Жетісудың төл перзенті, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлына жолдап, ыстық ықыласпен сыйға тартқан болатын. Көп ұзамай, ҚР Президенті кеңсесінің бастығы Махмұт Қасымбековтен жылы лебізге толы жауап келді. Автордың өңір өнері туралы еселі еңбегін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жоғары бағалап, Президент кітапханасына сақтап қойыпты.

«Құрметті Қажет Андас! – делінген хатта. – Жіберген хатыңыз бен сый ретінде жолдаған кітабыңыз Мемлекет басшысына таныстырылды. Президент сый-құрметіңіз үшін алғысын және Атамекендегі өміріңіз бен қызметіңіздің сәтті қалыптасқанына шынайы қуанышын жеткізуді тапсырды. Елбасы сізге зор денсаулық пен шығармашылық табыстар тілейді. Жіберген кітабыңыз Президент кітапханасында сақталатын болады».

– Қазақ халқының кешегісі мен бүгінін зерделеу, Жетісу жерінің айрықша белгілерін айқындау – осы еңбектің басты түйіні, – дейді кітап авторы. – Кейінгі жылдары мемлекетіміз дамыған елу елдің қатарына өтіп, еңсеміз көтеріліп, елдігіміз артты. Ал ендігі мақсат дамыған отыз елдің қатарына еніп, беделімізді бекемдеу болып отыр. Бұл – Мәңгілік Ел құрудың шығар биігі. Мәңгілік Ел болуды экономикалық өрлеу ғана емес, өнер мен мәдениеттегі жетістіктеріміз де құрайды.

Жетісу өлкесінің өнерін өрнектеген көлемді кітап «Рухани уыз» және «Мәдениет мәйегі» деп аталатын үлкен екі тарауға топтастырылған. Жинақтың бірінші бөліміне «Өнер» деген ортақ атау қойылып, Б. Римова атындағы облыстық драма театры мен Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының құрылу тарихы сөз болады.

«Өнер – халықтың өзегін жарып шыққан уыз мәйегі. Мәдениет арқылы ұлттың мәйегі айқындалар болса, қазақ өнерінің жалпы әлемдік өркениетте өзіндік сүрлеуін салғаны, өрнегін айшықтағаны анық. Сол қаймағы бұзылмаған шырайлы өңірі Жетісу өн мен өуеннің, жыр мен терменің, мың бұралған бидің, күмбірлеген күйдің құт мекені саналады», – деп жазылған кітапта. Оқырман қауым осы бөлімде Талдықорған қаласындағы және Жаркент өңіріндегі Әбілхан Қастеевтің Көркемсурет галереяларымен кеңінен танысады. Әрі облыстық халық шығармашылығы орталығы туралы мағлұмат та аталған бөлімде ұсынылған. Сондай-ақ, облыс орталығының рухани мұраларын толықтыратын Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, қала сәулетіне сән қосқан Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы һәм Достық үйі мәдени кітаптың мәнін ашқан.

Альбом жыр сүлейі Сүйінбай мен жыр алыбы Жамбылдан басталатын Жетісу ақындарын жіпке тізеді. Әсіресе, кітап авторы жыршылық дәстүрдің бастауына Қабан жыраудың өнегелі толғауларын қояды. Бұлардан кейін Үмбетәлі Көрібаев, Кенен Әзірбаев және Бақтыбай Жолбарысұлы сынды қара өлеңнің қаймақтары қазақтар кітаптан орын алған. Қазіргі қаламгерлер мен суырыпсалма айтыскер ақындар «Шындық – сөздің жебесі», «Біздің елдің жігіттері» атты тарауларда аталады.

Бұл бөлімде автор Жетісу дәстүрлі ән-жыр мектебінің негізін қалаушыларға, қылқалам шеберлеріне, танымал сазгерлерге, кино мен театр саңлақтарына, тележурналистер мен фототілшілерге кеңінен тоқталады. Жетісу ән мектебінің көсіби негізін қалаған Жәнібек Кәрменовті һәм осы өлкеде өнердің шамын жаққан Шалтабай Арпаұлы, Қапез Байғабылұлы, Пышан Жәлмендеұлы, Сәдіқожа Мошанұлы және Қожеке Назарұлы сияқты тарихта есімі сирек кездесетін тұлғаларды алға тартады.

– Жетісу – мәдениет пен тарихқа бай өңір. Тарихи деректерге сүйенсек, осыдан 4 мың жыл бұрын Жетісу өлкесін егін өсіріп, мал баққан, қос дөңгелекті арба жасап, алыс-жақын шетелге жортуылға шығып, құдіреттілігін әйгілеген тайпалар мекен еткен. Дәл осы өлкеде сақтар тұңғыш өздерінің мемлекетін құрды. Дәулеті мен сәулеті асқан бұл ел Жетісудың шұрайлы табиғатын пайдаланып, ірі де кемел мәдениет үлгісін қалыптастырды, – дейді кітап авторы.

Кітап Жетісудағы өнер ұжымдарының тарихын ғана емес, қазіргі тынысынан да керек дерек келтіреді. Жетісудың рухани өмірінен мәлімет беретін құнды жинақтың «Мәдени мұра» бөлімінде тарихи-өлкетану музейлері қамтылған. Тереңнен тамыр тартқан өзенді өлкенің тарихын 21 музей әңгімелейді. Альбомда әр музейдің құнды жәдігері мен қазіргі қызметі туралы толыққанды мағлұматтар айтылады. Автор альбомның екінші бөлімінде жер жаннатының сұлу табиғатын сөз етеді. Табиғаттың құйып қойған құдіретті мүсіндерін жеке-жеке айшықтайды. Оның қатарында әйгілі Хантәңірі шыңы, Тамшыбұлақ, Әулиеағаш, Айғайқұм бар. Сонымен бірге, автор тарихи ескерткіштерге тоқталып, кітапқа ерте дәуірдегі қалашықтарды енгізген.

Сиясы кеппеген жаңа жинақтың жауапкершілік жүгі салмақты. Ғасырлар қойнауынан толғатқан қазақтың төл өнері мен мәдениеті бүгінгі буынның рухани мұрасымен ұштасып жатыр. Осынау ұзын-сонар мәдениет желісін шашау шығармай, көлемді кітаптың аясына қондыру оңай соқпағаны белгілі. Кітаптың соңғы сөзінде автор: «Осы бір еңбек өскелең ұрпақтың елім деп, жерім деп соққан жүрегіне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да елжандылық сезімін ұялата алса, маған одан артық қуаныш жоқ», – деп тамамдайды.

Жаңа кітап – біртұтас қазақ мәдениетіне қосылған елеулі рухани үлес. Тарих пен өнерді алтын арқау еткен еңбек тағдырдың тар соқпағымен Жетісу топырағына қоныс аударған түрлі ұлт өкілдерінің төл мәдениетін де байыта түсері сөзсіз. Кітап авторы мәдениет пен өнердің тілі ортақ деген түйінге келіп, Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын болашаққа бағдаршам етеді. Бір сөзбен айтқанда, автор «өлкеміздің мәдениеті мен өнерін бағамдап, өскелең ұрпақтың қолына ұстатсам деген ізгі мақсатпен осы еңбекті қолға алған».

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының бүкіл жолы таяу және алыс шетелдердегі экономикалық дағдарыстар шиеленістірген тұрақсыздықтың әлсін-әлсін бой көрсетулерінің өте бір қолайсыз аясында өтуде. Өкінішке қарай, бүгінде бұл сын-қатерлер төмендеген жоқ, керісінше, күшейе түсуде.



Тұрақтылық және жасампаздық бағытымен

Президент өзінің 2014 жылғы қарашадағы «Нұрлы Жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында барынша тура және айқын атап өткендей, «Таяудағы жылдардың жаһандық сынақтар уақыты болатынын мен өз тәжірибемнен сеземін. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгеретін болады. Осынау күрделі кезеңнен елдердің бәрі бірдей лайықты өте алмасы анық. Бұл белестен тек қуатты мемлекеттер, топтасқан халықтар ғана өте алады». Қазақстан басшысының әлемдік экономикалық дағдарыстың теріс көріністерінің, Украинадағы қанды қақтығыстардың аясында жасаған бұл мәлімдемесі қоғамда табиғи түрде алаңдаушылық туғызды. Тұрақты татулықты, тұрақтылық пен өз елінің қарқынды дамуын құрметтейтін қазақстандықтар төніп келе жатқан сынақтар жағдайында тағы да көпұлтты халықтың бірлігін қамтамасыз ету, елдің одан әрі қарышты дамуы үшін тұрақтылықты сақтау және күш-жігерді жұмылдыру қажеттілігін жақтап шықты. Бұл көңіл-күй 2015 жылы кезекten тыс президенттік сайлау өткізу туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасында көрініс тапты. Үсынысқа парламенттілер, көптеген партиялар мен қоғамдық ұйымдар, сан мыңдаған еңбек ұжымдары, ғылыми және шығармашылық интеллигенция қолдау білдірді. Орын алған сын-қатерлерге қарамастан, Қазақстан қазіргі электораттық науқанға жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес қосатын қуатты өңірлік держава атағын берік сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамудағы қомақты табыстармен келді.

Од, әсіресе, украиндық дағдарыста айқын көрінді. Астанаға әлемдік державалар өкілдері жиі келетін болды. Н.Назарбаев АҚШ, Ресей, Франция, Украина президенттерімен, Германия канцлерімен және Ұлыбритания премьер-министрімен бірқатар кездесулер өткізіп, телефон арқылы сөйлесті. Украин қақтығысын бейбіт реттеу жөнінде келіссөздерге жол ашқан Путин мен Порошенконың Минскідегі алғашқы кездесуі оның шырқау шыңы болды. Үлгерімсіз дағдарыстарға дағдарыстан шығу жолдарын ұсына отырып, Н.Назарбаев саясаткер және адам ретінде мүмкін дегенінің бәрін жасады. Енді сөз оларда. Соңғы төрт жылда, геосаяси және геоэкономикалық сипаттағы барлық күрделіліктерге қарамастан, Қазақстан көш ілгеріге қол жеткізді.

Бүгінде Дүниежүзілік банктің жіктеуі бойынша Қазақстан табыс деңгейі орташа елдер қатарына кірді және әрекеттену деңгейі жөніндегі әлемдік рейтингте сенімді түрде 47-ші орын алады. Экономикалық даму мен халықтың тұрмыс деңгейін арттырудың мұндай қарқыны әлемде көп бола қойған жоқ. «Қазақстан – 2030» Стратегиясының негізгі міндеттерінің мерзімінен едәуір бұрын табысты жүзеге асқанын басшылыққа ала отырып, өз халқының жасампаз әлеуетіне барынша сене отырып, Елбасы мақсаты біздің еліміздің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына қосылуы болып табылатын бұрынғыдан да бетер асқақ «Қазақстан – 2050» бағдарламасын ұсынды. Сенімді экономикалық өсумен қатар Қазақстанда демократиялық реформалардың ауқымды бағдарламасы бірқалыпты жүзеге асырылуда.

Парламенттің өкілеттігі айтарлықтай ұлғайтылды, атқарушы органдардың жұртшылық алдындағы есептілігі күшейтілді, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарына табысты реформа жүргізілді. Елде жемқорлыққа қарсы жүйелі және бітіспес күрес жүруде, азаматтық қоғам рөлі айтарлықтай артты. Президенттікке балама кандидаттардың болуы осының нақты айғағы болып табылады, ол Қазақстан қоғамындағы шынайы пікірлер алуандығы мен идеялардың көптүрлілігін бейнелейді.

Сонымен, бір мезгілде кандидаттар бағдарламаларын әлеуметтік бағдарлылық, тұрақтылық пен елдің орнықты дамуына деген ұстаным біріктіреді. Алауыздық тұғызатын экстремистік және реакциялық ұрандардың болмауы біздің қоғамымыздың сазаматтылығын, оның демократиялық таңдауы мен Қазақстанның одан әрі табысты дамуына деген ұстанымын білдіреді. Бүгінгі әлемде болып жатқан күрделі үдерістер, көрші Қырғызстанда соңғы жылдары орын алған екі саяси дағдарыс, қазіргі Украинадағы қанды қақтығыс қауіпсіздікті, этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етпей, халықтың әл-ауқатын жақсартпай, ондай катаклизмдерден қашып құтылуға болмайтындығы туралы тарихи ақиқатты растады. Осынау оқиғалардың оларға өз тағдырларын сенің тапсырған өз халықтарының көкейкесті мүдделерін басшылыққа алу қажеттілігі туралы бүкіл мемлекеттердегі басқарушы элитаға айқын белгі болғаны анық.

Нүрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде әділ түрде атап көрсеткендей, «...жаһандық сын-қатерлер мен тәуекелдердің терендігі сондай, әр мемлекеттің тұрақтылығы мен табыстылығы туралы мәселені күн тәртібіне қояды.

Сондықтан біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр.

Біріншіден, сыртқы факторлар ықпалының мемлекет құрылысына теріс сценарийіне жол бермеу.

Екіншіден, дамудың қол жеткізілген қарқынын сақтау.

Үшіншіден, одан әрі даму үшін жағдайлар дайындау.

Төртіншіден, әлемнің дамыған 30 мемлекетіне қарай қозғалуды жалғастыру. Жаһандық сын-қатерлерге қалыптан тыс және қуатты жауап беру қажет...».

Халықтың бірлігі мен топтасқандығының берік іргетасына, мемлекеттің экономикалық қуатына сүйене отырып, бүгінде елімізді одан әрі сатылап нығайту мен дамытуға старт берілді, күшті мемлекет оның тәжіне айналуы тиіс. Осының бәрі, сөз жоқ, біздің халқымыздың терең мүдделері мен мақсаттарына жауап береді, оның ертеңгі күнге деген сенімінің кепілі болып табылады. Өкінішке қарай, көптеген елдерде электораттық үдерістер адамдарды жікке бөледі, бірақ Президенттің әділ мәлімдегенінідей, «Қазақстан үшін сайлау әрқашанда қоғамдағы бірлік пен келісімнің жоғары механизмі болды. Бүгін де және әр кезде де солай болғанына сенімдімін!». Бұл ретте Елбасы сөзінен асыра айту қиын. Алдағы кезектен тыс президенттік сайлаудың халық пен қазақстандықтар өзінің бүгінгі және болашақтағы әл-ауқатын байланыстыратын Елбасының мызғымас Бірлігін тағы да көрсетіп беретініне еш күмән жоқ.

Қанат САУДАБАЕВ,
Н.Ә.Назарбаевтың мәдениет, білім беру және әлеуметтік бағдарламалар қорының директоры.

«Егемен Қазақстан» №65, 10 сәуір.

Үстімідегі жылдың 23 наурызында, Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына арналған, Астана стансысынан бастау алған «Менің Қазақстаным» республикалық акциясының пойызы Алматы облысы, Кербұлақ ауданының Сарыөзек стансысына келіп жетті.



Жүрек пойыз жетті

Қазақстанның барлық қаласын аралап келе жатқан пойызды облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр ӨНЕРБАЕВ,** Кербұлақ ауданының әкімі **Бағдат Алиев** және облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары **Габит Тұрсынбай**, сонымен қатар Сарыөзек кентінің халқы үлкен қуанышпен қарсы алды. Вокзал басында қауышқан халықтың көшеметімен мерекелік шара орталық алаңда жалғасты. Жақсылық пен қуаныш, игі іс пен шаттықты аркалай келген қонақтарға Кербұлақ ауданы әзірлеген мерекелік кештің беташарын аудан әкімі Бағдат Әлиев ашты. Аудан басшысы өңірде жасалып жатқан игі істі тілге тиек етіп, ауданның экономикасына кеңінен тоқталды. Мұнан соң ортаға делегация жетекшісі Газиз Телебаев шықты. Пойыз жолаушыларын үлкен құрметпен қарсы алған аудан халқына алғысын білдіре келіп: «Біз кеше Алматы қаласында болып, бүгін, міне, Жетісуға ат басын тіреп отырмыз. Біздің пойызда бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейтін адамдар келді. Бірінші, ҚХА мүшелері, ҚР Парламентінің депутаттары, олар осы Ассамблеяның 20 жылдығы туралы дәріс оқып, сіздерге ақпарат беретін болады. Екінші топ – дәрігерлер, олар халыққа медициналық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, әлеуметтік қолдау саласының мамандары да бар. Одан кейін Ескендір Хасанғалиев ағамыз бастаған бір топ өнер майталмандары әнмен шашу шашып, сіздерге өнерлерін арнайтын болады» – деп атап өтті.

«Менің Қазақстаным» пойызы 30 күн бойы елдің барлық аймағының елді мекендерін аралап, 22 сәуірде Астана қаласына қайтып барады. Аудан әкімдігі мен мәслихатының шешімі бойынша бірқатар азаматқа құрмет көрсетілді. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс Ескендір Хасанғалиев, әнші Татьяна Бурмистрова және пойыз жетекшісі Газиз Телебаевқа «Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы» деген атақ берілді. Жеңістің 70 жылдығына орай ауданда еңбек еткен үш анаға да құрмет көрсетілтіп, аудан әкімі теледидар табыс етті. Он баланы дүниеге әкелтіп, батыр атанған үш ана да сыйдан құралақан қалмады. Алтын алқалы аналарға аудан әкімі үш киржуатын машина мен шаңсорғышты сыйға тартты.

Қазақта «Жетім көрсең жебей жүр» деген жақсы тәмсіл бар. Кербұлақ ауданында өткен жылдан бастап, жақсы бастама көтерілген болатын. Аудан басшысының қолдауымен ата-анасынан айырылған жетім балаларға өкіл әке мен ана тағайындалып, жетімдерді қамқорлыққа алған еді. Міне, сауабы мол істің бастаушысы болған Бағдат Әлиев биыл да төрт балаға қамқорлық көрсетіп, өкіл әке мен ана тауып берді. Қамқорлығына алған балаларын жетектеп ортаға шыққан ата -аналар балаларды азамат болып өскенге дейін қолдау көрсетіп тұратындығы жайлы халық алдында уәде берді.

Осындай жиырма игі істің жалғасы болған, республиканы аралап келе жатқан Тайқазанның ши ырыс пен береке толтырып, Райымбек ауданына табыс етті. Бұдан кейін аудандық ұлттық мәдени орталықтарының дайындаған концертіне кезек берілді «Менің Қазақстаным» пойызымен келген делегация мүшелері халықпен кездесіп, өз жұмыстарын бастап кетсе, кешкісін әншілер қауымы халықты әсем әнге бөледі. Дәл осындай кездесу Қаратал ауданының, Үштобе стансысында да жалғасын тапты.

«Жетісу»
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЛЕ



▲ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Техникалық реттеу тетігі

Іргелес елдермен тұтынатын техникалық бұйымдардың тетігін бір ізге түсіруге тиіспіз. Өйткені, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер шығарған өнімдерін өзара ортақтасып қолдануы қажет. Әсіресе, техникалық заттарды қауіпсіздігі мен сапасында сәйкессіздік көп. Кеше ҚР Инвестиция және даму министрлігі техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Біржан ҚАНЕШЕВ, Қазақстанның стандарттау және сертификаттау институтының бас директоры Арман ШАҚҚАЛИЕВ облыстық әкімдікте аймақтық штабтың отырысына қатысып, алдағы бес жылда жүзеге асатын индустрияландырудың жаңа жобасымен танысты.

«Жетісу»
Қуаныш ТҰҒАТАР

Аймақтық штабтың кезекті отырысы техникалық реттеу және метрологияның жүйелі жұмысын 2020 жылға дейін кешенді дамыту жоспары бойынша өтті. Облыс әкімінің орынбасары **Серік ТҰРДАЛИЕВ** Ресей мен Қазақстан арасындағы техникалық тауар айналымын тілге тиек етіп, ортақ қолданатын арнайы құралдардың қауіпсіздігін әңгімелеп. Сонымен бірге, Текелідегі шойын шығаратын зауытты жабдықтау және стандарттау мәселесін алға тартты.

Жиында Кедендік одаққа мүше мемлекеттер арасында жүретін «Төмен кернеулі құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі» атты жаңа жоба талқыға салынып, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар түсіндірілді. Индустрияландыру картасы бойынша облыста жүзеге асып жатқан маңызды нысандар және оның нормативті құжат негізінде қабылданған негізгі жобалары министрліктің назарына ұсынылды. Тұрғындар қызығушылығын тудыратын аттракционның қауіпсіздігі, стандарттау жұмысы да жан-жақты аталып өтті.

– Біз бүгін техникалық реттеудің жауапты мамандарымен бірлесіп, бірнеше мәселені талқылап, ортақ шешімін таптық. Қазір әлемде тұтынатын техникалық бұйымдардың бағасы жаппай төмендеп барады. Бұл құбылыс бізден отандық өндірістің дамуына үлкен кедергі келтіріп отыр. Жуырда, дәлірек айтсақ, 15 сәуір күні Еуразиялық экономикалық одақтың жиыны өтеді. Біз бүгін қаралған мәселені сол жерде қайта қараймыз, – деді Біржан Бисекенұлы.

Атап өту керек, ҚР Инвестиция және даму министрлігі Алматы, Павлодар облыстарымен бірлесіп, Еуразиялық экономикалық одаққа байланысты өндіріс келісімге келген. Онда Одаққа мүше мемлекеттер ортақ қолданатын техникалық жабдықтарды бір жүйеде стандарттап, бірегей сатып алу жұмыстарын жүзеге асырады.

▲ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ

Тарихқа тағзым

Елімізде Қазақ хандығы құрылғанының 550 жылдығына байланысты түрлі мәдени, рухани, танымдық шаралар атқарылуда. Осыған орай, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің ұйымдастыруымен «Қазақ мемлекеттігі: кеше, бүгін, ертең» атты республикалық, ғылыми-практикалық конференция өтті. Тарихшыларды, басқа да гуманитарлық саланың ірі ғалымдарын жинап, Қазақ хандығының өткенін ғылыми-теориялық тұрғыдан талқылау, ой-пікірлерімен бөлісу өңірімізде алғаш рет өтіп отыр десем, қателеспеймін.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Конференция пленарлық мәжіліс және секциялық отырыс сияқты екі бөлімнен тұрды. Университеттің жиынжайында өткен пленарлық мәжілісте облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр ӨНЕРБАЕВ** пен облыстық соттың төрағасы **Мейрамбек Таймерденов** шараға қатысушыларды құттықтап, сөз сөйледі. Ал аталған университеттің ректоры, заң ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент - мүшесі Әбдіманап Бектұрғанов Елбасы бастамасымен ғылымға, әсіресе, қазақ халқының тарихын тануда атқарылып жатқан табысты жұмыстарды тілге тиек етті. Оның айтуынша, тәуелсіздік жылдары Елбасының қамқорлығымен тарихи сананы қалыптастыру мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарлама қабылданып, қаржы бөлінді. Мұрағаттар ашылып, тарих беттері толықты. Талай қазақстандық ғалым шетелдерде іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндік алды. Осы арқылы ғылымға деген ынта, ықылас арта түскен. Биыл Елбасы тапсырмасы бойынша Қазақ хандығының 550 жылдығына орай республикалық, облыстық, өңірлік деңгейде ұйымдастырылған мәдени шаралар өз деңгейінде атқарылуда. Мұның өзі игілікті істің жастарды елжандылыққа бағыттайтын батыл бастама болғанын аңғартады.

Құттықтау сөзден кейін алыс-жақыннан келген ғалымдардың баяндамасына кезек берілді. Сол қатарда ҚР БҒМ Ғылым комитеті мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Аяған Бүркітбай «Керей мен Жәнібек – Қазақ хандығының негізін салушы», тарих ғылымдарының докторы, М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің бірінші проректоры, профессор Аскар Әбдуәли «Қазақ хандығының мемлекет тарихындағы орны мен рөлі», тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Берекет Кәрібаев «Қазақ хандығының құрылуы және қазақ халқының қалыптасу мәселелері», тарих ғылымдарының докторы, Алматы энергетика және байланыс университетінің профессоры Бағдәулет Берлібаев «Қазақ мемлекеттігі хақында», тарих ғылымдарының докторы, Ө.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының ректоры Досбол Байгунаков «Қазақ мемлекеттігі: миф және ақиқат», тарих ғылымдарының докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті Зарықбек Сламбеков «Қазақ этносы және Қазақ хандығының құрылуының тарихи алғышарты» тақырыбында баяндама оқып, қазақ мемлекеттігінің кешегі тарихы мен бүгінгі жағдайына тоқталды. Сондай-ақ, өткен тарих пен болашақтағы Мәңгілік Ел болу идеясындағы тарихи сабақтастық мәселесін қозғады. Сан түрлі тақырып талқыланып, әртүрлі пікір ортаға түскен секциялар отырысында «Тарих үдерісіндегі Қазақ мемлекеттігінің мәселелері», «Қазақ мемлекеттігінің тарихы халық ауыз әдебиетінде», «Қазақ мемлекеттігінің конституциялық-құқық негіздері» атты бағыттар бойынша Қазақ хандығы жайлы тың ойлар айтылып, оны зерттеуге қатысты жаңаша ұсыныстар талқыланды.

Толған ел тарихын таспен жазады,
Тозған ел тарихын жаспен жазады.

▲БҮГІНГІ КҮН МӘСЕЛЕСІ

Ет экспортының ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Мал шаруашылығы ежелден дамып келе жатқан саланың бірі. Сол себепті төрт түлікті түлеткен қазақ бұл тіршілікті атакәсіп деп бағалайды. Расында, халқымыз ертеден жайлау төсінде мыңғырта мал бағып, бабын табуға ерекше көңіл бөлген. Жақаша жанданған бұл үрдіс қазір қайта күшіне еніп, бетбұрыс жасалынуда. Елдегі мал жайылымдары да бәсекеге қабілетті, экологиялық жағынан таза мал өнімдерін өндіруге айтарлықтай мүмкіндік береді. Сондықтан да Қазақстан етті экспортқа шығаруда зор әлеуетке ие.

«Жетісу»
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында «Аграрлық секторда етті мал шаруашылығын дамыту жөнінде бұрынсоңды болып көрмеген жоба жүзеге асырылады. 2016 жылдың өзінде ірі қара мал етін экспорттау 60 мың тоннаға жетеді, ал 2020 жылға қарай 180 мың тоннаға дейін көбейеді», – деп тапсырма берген еді. Осыған орай, Үкімет ет экспортын дамыту бойынша мал шаруашылығында бір желімен жүзеге асатын бірнеше сатылы бағдарлама қабылдады. Ал оның бастауы «Сыбаға», қостауы мал бордақылайтын арнайы алаңдар болды.

Сала мамандары Қазақстан етін экспортқа шығару жөнінде әртүрлі пікір қалыптастырды. Солардың бірі мұны құрғақ қиялға теңесе, енді бірі бұл көрсеткішке еш кедергісіз қол жеткізуге мүмкіндіктің бар екенін айтты.

Мәселен, аталмыш істің жүзеге асырылуына күмәнданатындар мал шаруашылығы саласының бір ізге салынбаған инфрақұрылымын мысалға келтірін, елде ет өңдейтін зауыттардың алдығын және арнайы техниканың тапшылығы мен мал соятын орындарда ет сақтайтын тоңазытқыштардың жетіспейтіндігін, сондай-ақ, толыққанды мал соятын орталықтардың жоқтығын негізге алын, алдымен инфрақұрылымды қалпына келтіру керек дегенді алға тартты. Кейінше, алға қойылған міндетті іске асыруға болады дейтіндер мал бордақылау алаңдары мен репродуктор жасаудың кең жолға қойылғанын және тауарлық кезеңді мал тұқымдарын асылдандыруға айналдырудың белсенді жүргізілп жатқандығын, сонымен бірге «Сыбаға» бағдарламасының арқасында фермерлік шаруашылық санының артып келе жатқанын негізге алды.

Қалай десек те бұл істің қазіргі нәтижесі жаман емес көрінеді. ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің берген мәліметіне жүгінсек, соңғы бес жыл ішінде елде алғаш рет ірі қара мал етінің экспорты 14 есеге ұлғайып, шамамен 12 мың тонна ет пен ет өнімі экспорталыпты. Еттің басым бөлігі Кеден одағы мемлекеттеріне, енді бірі Өзбекстан мен Қырғызстан еліне шығарылған. Ал ет өндірісі алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,2 пайызға өсіп, аналық мал басы артқан, сондай-ақ, шетелден ангус пен герефорд тұқымды мал көптеп жеткізілпті. Осылайша, елде қазір бес миллионнан аса ірі қара мал басы бар көрінеді.

* * *

Бұл бағыт бойынша Жетісу өңірінде де жүзеге асырылып жатқан жұмыс аз емес. ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 877 қаулысы бойынша «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2011 –2015 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілген еді. Осы жоба шеңберінде 20,0 мың басқа арналған бордақылау алаңы мен фермерлік шаруашылықтар құру және тауарлы шаруашылықтарды асыл тұқым өндіретін бұқалармен қамтамасыз ету мақсатында 9,3 мың бас шетелдік селекциялы ірі қара әкелу бойынша репродуктор шаруашылықтар жасақтау арқылы етті өнеркәсіптік жолмен өндіру инфрақұрылымын құру жоспарланған. Жоба аясында құрылған маманландырылған бордақылау алаңдарын малмен толтыру, сондай-ақ, «Сыбаға» бағдарламасына қатысушыларды, басқа шаруашылықтар мен халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарын бордақылау алаңдарына, ал



бордақылау алаңын етті қайта өңдейтін кәсіпорындарға бекіту жұмысы ұйымдастырылды.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы берген мәлімет бойынша былтыр 18,9 мың басқа арналған мал бордақылайтын алаңдеке қосылып, жоспар болжамдағы көрсеткіштен асыра орындалған. Соның ішінде «ҚазАгро»ҰБХ» АҚ қаражатына 6,0 мың басқа және басқа қаржы көздерінің есебінен 12,9 мың басқа арналған бордақылау алаңы салынып, бүгінде осы орындарда 11,9 мың ірі қара семіртілуде екен. Сонымен бірге, былтыр жоба бойынша 2,4 мың бас асыл тұқымды жоғары өнімді, таза тұқымды шетелде селекцияланған ірі қара мал әкелу жоспарланса, нақты жеткізілген 4,1 мың басты құрап, болжамдағы көрсеткіш артығымен іске асқан. Ал 2011–2014 жылдар аралығында 8,6 мың асыл тұқымды мал басы әкелінген. Жалпы, облыс бойынша шағын және фермерлік шаруашылықтар құру нәтижесінде осы жылдар ішінде 22,3 мың бас ірі қара сатып алуды қаржыландыру қарастырылса, бүгінгі таңда «Сыбаға» бағдарламасы бойынша фермерлік шаруашылықтар 27,5 мың бас мал алыпты.

Былтыр ҚР Ауылшаруашылық министрлігі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ және облыс әкімі арасында сиыр етін экспорттау бойынша қол қойылған үшжақты меморандум негізінде облыстан Ресей мемлекетіне 100 тонна көлемінде сиыр етін экспорттау көзделген болатын. Өткен жылдың қорытындысына сәйкес, ветеринарлық сертификаттар негізіндегі ақпарат бойынша небәрі 20 тонна ғана ет шығарылған. Бұған Ресей елінделі қаржы нарығында орын алған жағдай, яғни рубль бағамының төмендеуі себеп болып, жоспардың толық орындалмауына ықпал етken. Аталған жағдай отандық кәсіпкерлерге де біршама шығын келтіріп, нәтижесінде ет және ет өнімдерінің экспорты кәсіпорындар тарапынан тоқталыпты. Ал биыл Жетісу өңірі бойынша 1700 тонна сиыр етін экспорттау болжамда бар десек, қазір Қарасай ауданынан Өзбекстан мемлекетіне 9 тонна ет шығарылып, бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Ал 2016 жылы 4500 тонна ет шығару көзделіп отыр.

Түйін

■ Алдар көсе әңгімелері

Білгір құс тапқаны

Баяғыда өткен заманда, хан Жәнібек тұсында Қожыр деген бір кедей шал болыпты. Үш баласы болыпты. Күндерден күн өтеді, шалға кәрілік жетеді. Кәсіп етуден қалады. Ақырында, шал балаларын жинап алып: – Жасым келді, кәрілік жетті. Сендер болсаңдар ержеттіңдер. Мал тауып, тамақ асырайтын менен әл кетті. Мал табу, тамақ іздеу енді сендерге жетті. Әй, балалар! Кәсіп етіңдер, мал табыңдар. Мені асырандар. Кәне, кайсың қандай кәсіппен мені асырайсыңдар, айта беріңдер, – дейді.

Сонда әрі-бері ойланып тұрып, балалары мынаны айтады.

Үлкені:

– Дұрыс айттың, ей, ата!
Егінді сүйер көңілім.
Мұнымда жоқ еш қата,
Егінмен өтсін өмірім.

Ортаншы:

– Егіннен басқа тағы да:
Көңілімде кой баксам.
Маған берген бағы да –
Мал дегенде зар каксам.

Кенжесі:

– Ей, ата, мен алдасам,
Болса да, шын арбасам.
Жұрт істейтін кәсіп көп,
Алдауды мен қаласам.

Шал балаларының берген жауаптарына ырза болады.

– Олай болса, Алла беттеріңнен жарылкасын, түңғышым, сен жер кәсібін істе, егін сал. Ортаншым – кой бақ, малшы бол, кенжем – сенің қалағаның алдау болса, басқа кәсіпті көптің бәрі істейді, бұл бір ерекше кәсіп екен. Сені де Алла алдыңнан жарылкасын. Алдар бол, —дейді. Қол жайып, батасын береді.

Содан үлкен баласы егіншілікке түседі, ортаншысы мал бағуға кіріседі, кенжесі алдау жолына түседі. Алдаушының тұрақты жері бар ма? Ел кезіп, жер шарлап кете береді.



Алдардың қалыңдық айттыруы

Алдар жаман торғайды байға елу атқа сатқанына мәз болып, «осы құрғыр артымнан қуып келіп жүрмесін» деп, тездетіп жүріп, тағы бір тауға келеді. Таудың бауырында тағы бір ел көреді. Елге қарап тұрса:

Қойлар жатыр жусанда,
түйе жатыр сортанда.
Жылқы жатыр беткейде,
ешкі тастан кетпейді.

Алдекең ағып жатқан малды көріп: «Енді қандай нәсіп болар екен», – деп езу тартып, қарап тұрса, үйір шетінде жүрген жылқышыны көреді. Елге бару үшін алдымен осыдан жай-мәнісін сұрап білу керек болар деп, жылқышыға келеді. Жылқышыға келіп амандасып, ол-пұлды айтып, қалжыңдап тұрып:

– Бұл кімнің малы, мынау кімнің ауылы? Үлкені кім, хаңы кім? Жақсысы кім, жаманы кім? Байы кім, жарлысы кім? – деп сұрау қойып, елдің барлық сырын біліп алады.

– Ау, жаным! Төппіштеп, жайды біліп алдың. Өзің кімсің? – деген жылқышының сұрауына:

– Мағлұмбай деген атақты байдың мырзасы едім. Елімнен қыз таба алмай, елу атты қалыңмалға жетектеп, жиһан кезіп, қыз іздеп жүр едім. Еш сұлуды кездестіре алмай келемін, – деп жауап береді.

– Қыз іздеген, қыз жақтырмаған жігіт болсаң, біздің ауылдың пәлен байында бір қора қыз бар. Түріне ұқсар түрі бар, нұрына ұқсар нұры бар. Түрлі-түрлі қызы бар, әр қызының сыры бар.

Әсіресе, соның ішінде жиһаннан аскан бірі бар, жаудыраған көзі бар, таңғалғандай сөзі бар.Сағымданып құбылып, көз қарасы сүзіліп. Қарағанда тұрарсың, есің ауып бұзылып.

Сен жиһан кезіп, қыз жаратпасан да, осы қызға тоқталасың. Бұл – хордың қызы,– дейді жылқышы. Алдар «қыз іздеп жүрмін» деп өтірік айтса да, жылқышы қызды тым мақтап жібергенсін, «осы қызды көрсем қайтеді, жаратпаса, қалармын. Менің нем кетіпті. Соған барайын» деп, байдың жөнін сұрап алып, көрінген елге тартады. Ішкі көңілінде өзінің алдауға шыққанын ұмытып, шынында да, қыз іздеп шыққан адам сияқты болады. Қызы бар байдың ауылының сыртына келіп: – Жолық! – деп айқай салады. Бай адамы қараса, тарамыс сияқты, қатып қалған бір шикі сары, елу атты жетелеп, ақ аттың үстінде өзі қайқайып отыр. – Мынауың кім екен, барып білші! – деп бай, кісі жібереді. Кісі келіп: «Жол болсын!» – дейді.

– Әлей болсын! Мен қонақпын, қонамын. Жер жүзін шарлап, көзден жүрген бір нәрсем бар.

Қалған-күткан сөзімді, қыз іздеген сырымды.

Атамыз қазақ мұрасы, конғаннан соң сұрашы, – деп, «руқсат жоққа» келтірмей, түсе қалады. Байдың жіберген кісісі жүгіріп, байға келеді:

– Жер жүзін шарлап жүрген адаммын. Қонамын, – дейді. Ауызында қыз бар.... сірә, – дей бергенде, бай түсіне қалып:

– Әй, қонақ келеді, үйге көрпе салыңдар! – деп айғай салады. Бір қора қылып, қызын өткізе алмай отырған байғұс жүгіріп жүріп, Алдарды қарсы алып, қонақ қылады. «Қалағаның білсін» дегендей, қыздарын да үйге іріп қояды.

«Қазақ есіктен қарады дегенше, төрге шықты де» дегендей, «лөмге келді» дегенше, Алдар қойын-қонышқа кірді де, өтірікті шыпдай, шынды Құдай ұрғандай қылып соғып, бүкіл ауылды ніріп, ауызына қаратып алады.

– Мынауың елден озған жүйрік, шешен, жұрттан озған көсем гой! – деген қорытындыға келтіреді. «Атақты Мағлұмбай байдың мырзасы екен» деген атақ таққызады. «Мағлұмбайың қай бай?» деулеріне жол қалдырмайды.

Сонымен, Алдекең алдап-алдап, байдың ең кенже қызына құда түспек болады. «Қайда кетпеген жылқысың» деп, елу атты сол жерде қалыңдыққа тартады.

– Қалған-күткан кемісін толтыра жатарсың, – деп бай, қалыңмалға ырза болады.

Бірақ менің қызым қашып жаткан жоқ қой. Менің үш балам бар еді. Сол үш балам жылқы бағып, отарға кеткеніне жыл болды, Әлі жоқ. Қайда жүргенінен де хабар жоқ. Іздететін адамым болмай отыр. Менің сенен сұрайтыным – сол балаларымды іздеп, тауып келсең. Сосын балаларым келгесін күзге қарай қызымның тойын істеп, қосамын, – дейді.

– Жарайды, – деп Алдар атқа мінеді. «Осы күзге кенже сұлуды аламын» деп көңілі тасиды.

Күндеп жүріп, айлап жүріп, ақырында, Алдар жайылып жатқан бір көп жылқыға келеді. Келіп, адамдармен сөйлесіп қарағанда, атасының балалары екенін біледі. Өзінің жай-мәнісін айтып, сол жерде танысып, құшақтасып көріседі.

Байдың балалары бос немелер болса керек. Мыңдаған жылқының басын қайырып, жөнге сала алмай, елге айдай алмай, жатып қалған екен. Алдар келіп болысып, жылқыны жөнге салып, елге айдап келеді. Жылқысы, балалары келгеніне бай қуанып, ат шаптырып, той қылады.

Күндерде бір күні бай Алдарды оңаша шығарып алып: – Кенже қызыма елу жылқы бердің. Жылқы деген өзімде де көп. Онына қанағат етпеймін. Қалыңмалыңның кемін толтыр. Ат басындай алтын тап. Әйтпеген күнде қызымды ала алмайсың, – дейді.

Құлық қылып, байды алдадым деп жүрсе, бай Алдарды алдаған екен. Алдар: «Алдыма бір келтірді-ау», – деп, санын бір соғады. Сонда да:

– Алдаудан жеңілгенім бе? – дейді.

– Жарайды, ат басындай алтынды табамын, – дейді.

– Тапсаң, жарайды. Келер жылы осы уақытқа дейін күтемін. Келер жылы дәл осы уақытқа алтынды алып келмесең, күдеріңді үзе бер, – дейді.

Алдар түнімен дөңбекшіді. Қанша дөңбекшісе де, алтынды қайдан аларын білмейді. Анау-мынау алдауға ат басындай алтынның таптырмайтынын біледі. Сөйтіп жатып, үйқыға кетеді.

Алдар таңертең оянып, көзін ашса, далада жатыр. Айналада ел дегеніңнен еш нәрсе жоқ. Сәйтсе, бай ауылы түнен тұрып, Алдарды жұртқа тастап, көшіп кеткен екен. Алдар ыза болады.

Ызасына шыдамай, қазылған жерошаққа түсіп, күлге аунап жатып, жылайды. Ыза болғанда, қыздан айрылып қалғанына емес, байдан алданып қалғанына ыза болады.

«Ұрыны қарақшы ұрлайды» дегендей, куды ку сан соқтырып кетеді.

■ Менің замандастарым



Дәрігер бақыты

Ерте оянады, сергек қозғалады. Жұмысына үнемі ерте келеді. Ол үшін жұмысының бекітіліп беріліп қойылған өлшеулі уақыты да жоқ. Кейде күні түндерге, түні күнге ұласып жатады. Жүрегі қалап, тауып алған ісінің бейнеті мол. Ауыртпалығы жетіп-артылар-лық. Соның бәріне болаттай бекіп, темірдей төзіп, қайыспас қара нардай көндігіп кеткен.

Иманәлінің Нарынқол өңірінің елі мен жұрты «Біздің дәрігер», «Өзіміздің хирург» деп мақтан тұтады. Жақсы көреді. Сондайлық сыйлап, төбелеріне көтере құрметтеп жатады. Ел айтқандай, Иманәлі – дәрігер. Мол білімі, білігімен, шипалы алтын он саусағымен халқының сүйіспеншілігіне бөленеді, алғаусыз ақ көңілдердің аппақ алғысына шомылған жан.

Дәрігер – екінің біріне жалын ұстатар оңай шаруа емес. Жүздің, мыңның қолынан келетін жұмыс түріне жатпайды. Өзім ойлаймын, тумысынан дәл осы бір дәрігерлік мамандық үшін жаратылған жандар ғана осы бір күрделі де қиын істі қолына ұстап, иығына артатын сияқты. Дәрігер – адам денсаулығының қорғаны деген сөз. Сырқатты жандарға өмірдің нұрын сыйлайтын бұл сала ең құрметті мамандық. Көп жағдайда тосын келген ажалға араша түсіп жататын дәрігерге деген көңіл мен пейіл бөлек.

Хантәңірі шыңының етек жағына қоныс тепкен Жамбыл ауылынан түлеп ұшқан Иманәлідей дәрігер, көп құрметіне бөленген хирург адамдарға қуаныш сыйлап жүретін мамандығы үшін қуана, жұбана жүреді. Түрлі жағдайда ауруханаға түсіп жататын сырқат жандардың өмірі мен денсаулығы үшін жедел ота жасап ақ тер, көк тер болып еңбектенетін, жүрегінің нұрын, алақанының жылуын, саусақтарының шуағын жұмсай әрекет ететін ісі сәтті аяқталып жатады. Өрдайым содан қуаттана түседі.

Дәрігер бақыты деген осы. Сонау өткен ғасырдың 1983 жылы Алматы медицина институтын емдеу ісі мамандығы бойынша бітірген Иманәлінің сырқатты жандарға шуақ сыйлап, өмір бақытын ұсынып келе жатқанына 32 жыл болыпты. Институтты бітіре салып, облыстық ауруханада бір жыл хирургия мамандығы бойынша интернатурадан өткен. Содан бері Нарынқол ауылдық ауруханасында дәрігер-хирург, анестезиолог-реаниматолог дәрігері болып тұрақты еңбек етіп келеді. Арасында бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі, ұйымдастыру жөніндегі орынбасары, емхана меңгерушісі қызметтерін атқарған кездері болды. Онда да мәртебелі ісінен бір сәт те ажыраған жоқ. Хирургия, реаниматология, урология, травматология мамандықтары бойынша үнемі өз білімін жетілдіріп жүрген дәрігер ауруханадағы бірден-бір маман иесі.

Дәрігер Иманәлі Таласбаевқа өткен жылдың соңғы күндері, Тәуелсіздігіміздің 23 жылдығы үлкен қуаныш сыйлады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды. Талдықорған қаласынан облыс әкімі Амандық Баталовтың қолынан орденін кеудесіне тағып оралды.

Жоғарыда сөз еткеніміздей, ерен еңбегінің жемісіне, бейнетті тірлігінің мерейі мен шапағатына бөленген дәрігердің әр күнгі ісі ерте басталады. Палаталарды аралап, өзі ота жасаған сырқат жандардың жағдайын біледі, күнделікті жайына назар аударады. Әрбір сырқатқа жылы сөзін арнай, ыстық лебізін білдіре жүреді. Көңілі алаң жандарға жылы сөздің өзі қаншама әлқуат береді десеңізші?! Бар жанын, пейілі мен мейірін жұмсай еңбектенетін, жүрегінің нәзік түпкілін сезіндіре алаңсыз ісіне берілген Иманәлідей дәрігер- хирург шын мәнінде ажалға араша болып, сырқатты жандарға өмір сыйлап келе жатқан бақытты жан. Арада сынаптай сырғып өте шыққан 30 жылдан астам уақыт ішінде қаншама сырқатқа ота жасады десеңізші?! Бұл бір Аллаға аян дүние. Неше жүздеген адамға қуаныш сыйлағаны анық. Өмір нұрын ұсынғаны белгілі. Соны жұбаныш етеді.

– Мамандығым бойынша еңбекке араласқалы Нарынқол өңірінің елі мен жұртына, мемлекеттік шекара шебін күзетіп жүрген шекара әскерлеріне әрдайым жедел хирургиялық, травматологиялық, урологиялық ауруларды барлық және кез келген түрлеріне дәрігерлік көмегімді көрсетіп келемін. Бұл менің қалаған мамандығым бойынша міндетті ісім, дәрігерлік парызым. Жерлестеріме әрдайым «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп отырамын. Әркім өз денсаулығына қамқор болса, жанашыр болса, соған сай әрекет жасай білсе, бәрі де жақсы, сәтті болады. Өмір бақыты, еңбек қуанышы, ұрпақтың қызығы – әркімнің өз қолында, – дейді Иманәлідей жылы да жұмсақ жүректі, жайдары көңілді, жұғымды мінезді дәрігер.

Адамдарға өмір, бақыт пен қуаныш сыйлап жүрген, ақ халаты аппақ жанындай көрінетін дәрігерге «Құрмет» ордені жарасып-ақ тұр. Осынау марапат қара ормандай халқының алғысындай көрінеді. Дәрігер бақыты деген осы.

Қанат БІРЖАНСАЛ.
Раимбек ауданы.

■ Жыр-арнау

Бас иемін

Тыныш бір сәт әуендері ән құйдың,
Сап тиылды, шат күлкісі сөбідің.
Еңіреді ана менен жас бала,
Шаңырағы шайқалды да әр үйдің.

Көре алмастан арайлаған ақ таңды.
Жұлдыз ағып, көздерінен жас тамды.
Жүрегінде жалындаған отты кек
Шарпыды өрлеп қызыл алау аспанды.

Кетті ауылдан қаншама жас, қаншама адам.
Қайтты кемтар, қалды ұрыста қайтпаған.
Күткен жарға қуаныштың орнына
«Қара қағаз» жетті келіп қаптаған.

1418 күн төзіммен.
Сұм соғыста мылтық кезеп көз ілген.
Жеңіс күні болды мәңгі соңы сөт,
Мамыр таңы майда қоңыр сезілген.

Желбіреген жеңіс туы төрінен,
Күн арайлап нұрын шашты көгінен.
Мың күрсінген жер ана да күлімдеп,
Сүртті жасын жылай-жылай төгілген.

Шаттық әкеп қайғы кешкен өңірге,
Батыр рухын ту көтердің көңілде.
Бейбіт күннің берекесі үшін сен,
Аянбадың құлаш сермеп өмірге.

Жеңіс сәті

Ертеңгісін хат келді деп солдаттан,
Түсіп жатты пошташы шал салт аттан.
Үш бұрышты төберіктей қатталған,
Қандай хабар жетті екен деп сол хаттан.

Жиылды жұрт жүректері дір еткен,
Бұл қауымды үмітті үрей жүдеткен.
Бәрі үнсіз – қуаныш па, қайғы ма,
Хатты күтіп қалтадағы тұр еппен.

Алдыменен кім ашты екен сол хатты,
Көңілдерге Жеңіс шаттық орнатты.
Осылайша 9-шы мамырдың
Бүгін, міне, 70-ші таңы атты.

Ұлы тарих өмірдің сол өткені,
Оқ бораған қыс пенен жаз көктемгі.
Бейбітшілік жер бетіне орнады,
Жаратқанның құдіретімен көктегі.

Ардагерлер бас иетін ардағым,
Жеңіс болған ең бір ізгі арманы.
Ерлігіне ел етеді тағзым.
Жетісудың қайтпас қайсар тарланы.

Қалымбек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ.

Арасан ауылы,
Ақсу ауданы.

Білімдіден шыққан сөз

Біз тарихқа VI ғасырда «түркі» деген атаумен енсек те сақтар, ғұндар мәдениетінің һәм көшпенділер мәдениетінің төл мұрагеріміз. Сол мұраларымызды ұрпақ санасында жаңғырту мақсатында Елбасы ұсынысымен жалғасын тапқан Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына орай өңірімізде түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Осыған орай, Ардагерлер үйінде Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының мұрындық болуымен «Қазақ хандығының құрылуы және оның тарихи маңызы» атты тақырыпта ашық сабақ өтті.

Қаладағы зиялы қауым және жастар өкілдері, ақсақалдар ұйымының белсенділері, соғыс және тыл ардагерлері қатысып, ортақ әңгіме өрбіткен жиналысты қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Мұрат Халық жүргізіп отырды. Алғашқы сөз кезегін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ержан Буланов алды. Ол Қазақ хандығының құрылуын тарихи деректер мен тарихшылардың пікіріне сүйене отырып дәлелдеп берді.

Айтпақшы, жыл басынан бері өңіріміздегі бірден-бір жоғары оқу орны І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты» бірлескен іс-шара жоспарын бекіткен. Осыған байланысты тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Берекет Кәрібаев жоғары, арнаулы оқу орындарындағы студенттерге Қазақ хандығының тарихы туралы лекция оқып жүр. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, Берекет Кәрібаев шараға арнайы қатысып, әлемдегі жеті ғылымның бірі – тарих ғылымының міндеті, мақсаты және қазақ тарихының зерттелуі жайлы әңгімелеп берді. Әсіресе Қазақ хандығының құрылуы мен құлдырауына қатысты таластартысы көп, басы ашылмай келе жатқан қарама-қайшы пікірлерді нақтылы дәлелдермен талдап, түсіндірді. Несін жасырайық, ғалымның сөзін тыңдап отырып: «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз», – деген Абай атамыздың өсиеті осындайға арналған-ау деп түйдік. Сондай-ақ, көпшілік тарапынан түскен сұрақтарға жауап берген ғалым осындай шараның жастарды ұлтжандылыққа, елжандылыққа жетелейтініне сенім білдірді.

Тарих қойнауына терең бойлап, толғақты ойлар ортаға түскен басқосуды облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ Сыдық қорытындылап, мұндай кездесулердің алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Қажет АНДАС.

■ Маржан сөз

Халық берер бағаңды

Қасиет – даладан,
Әдеп – анадан,
Бақыт – баладан.

***

Халық ұлы жаңылмайды,
Одан артық ақылшы табылмайды.

***

Сөзбен өріп жеткізе алмас сезімді,
Гүлдеп түрған жаның ғана сезінді.

***

Ұлыларды ізден жүріп танып ал,
Білім болса білгірліктің жаны бар

***

Ортаймайтын ортақ ырыс ғылымда,
Талап - талғам бас иеді ұғымға.

Іздеу керек ең бірінші өзіңді,
Тапсаң оны жөндерің қақ сөзіңді.

***

Масаттанып, мақтанғанмен дүрдиып,
Көркем мінез бәрінен де түр биік.

***

Қасиетті қастер тұтсаң далалық,
Тәлім берер сонда жатыр даналық.

***

Тарих бәрін де ұмытпайды,
Халық қастерлісін ұлықтайды.

Сөз сейлеуіне қарай құбылады,
Жүректің нұры түссе жылынады.

***

Жақсы қасиетті жаныңа бала,
Ардақтыны арыңа бала.

***

Талғамыңды молықтыр,
Талантыңды толықтыр.

***

Ерендіктің көкесі – елде,
Зеректіктің көкесі – зерде.

Жүніс ҚОҚЫШҰЛЫ,
зейнеткер.

Аққайнар ауылы.
Жамбыл ауданы.

■ Бәріңе, бәріңе, бәріңе!

Словениядан жеткен хат

Қымбатты Сәр! Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 70 жылдығын мерекелегелі отырмыз. Мүмкін сіз көптеген казақстандық жауынгердің Кеңес Армиясы қатарында Словения (Чехословакия) үшін ұрыста қаза болғанынан хабардар шығарсыз. Төмендегі менің ақпаратым Қазақстан үшін пайдалы болар. Бүгінгі ұрпақ Екінші дүниежүзілік соғыста қаза болған Сіздердің жауынгерлеріңіздің туған жерден алыста Еуропа орталығында жерленгенінен хабардар болсын деген ниет.

Ізгі ниетпен:
Джордан Кодермак.
Словения.

P.S. мына ескертпеге мұқият қарацыз, мүмкін туғантуысыңызды тауып қаларсыз.





Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАГАЕВ, Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ, Ардақ СЫДЫҚ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Совет ОРАЗАЕВ.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Райымбек ауданы Талас ауылының тұрғыны, аяулы атамыз **НҮСІПӘЛІЕВ Нұрлан Нүсіпәліұлын** 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ өткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әркилы. Оны сырт көз өзгеріске бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – ізгілік пен ілгерлеу, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқан қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

Өткен күнің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жолында берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйласын,
Жетпіс жасыңыз құтты болсын белесі.

Бүл 70 жас – қартаңқы жас емес, қазына жас,
Бала мен немереңіз назына мас.
Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан алмырмас.

Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуаныштан белеңсенің.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қызығына қуанып шөберенің.

ІЗГІ НИЕТПЕН: ұлы – **Мади**, немерелері – **Мадина, Альбина, Арайлым, Аяулым, Өзгер.**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облысы бойынша департамент қызметкерлерінің табысы мен мүлкі туралы

№	Т.А.Ә.	лауазымы	Айлық табысы (теңге)	Жеке мүлкі	ескертпе
1	Байділлов Қонысбек Ескендірұлы	Департамент басшысы	189 627	0,060 га бақша - өсіру жер телімі бар	Қалқұлар № 03-044 - 029-521
2	Атығтаев Әбдігаяз Рамазанұлы	Басшының орынбасары	169 767	Шымкент қаласында 3 бөлмелі пәтері бар	
3	Керімова Бибінұр Сәрсемханқызы	Әкімшілік-кадрлық, құжаттаң қамтамасыз ету бөлімінің басшысы	114 032	жоқ	
4	Әденов Батыржан Ілиясұлы	Мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің басшысы	101 220	жоқ	
5	Тұрысбеков Алмас Болатұлы	Зертхана - аналитикалық бақылау бөлімінің басшысы	106 345	жоқ	
6	Дадашев Нұржан Әуелханұлы	Экологиялық реттеу бөлімінің басшысы	106 345	Жеке «Тойота камри 15», автокөлігі бар 1992 ж.ш.	

САҒЫНЫШ



Дос туралы сыр

Осыдан бір жыл бұрын маусымның 5-жұлдызында адал дос, білікті басшы, білгір маман, сүйікті жар, ардақты әке, ұлағатты ата, жаны жайсаң, жүрегі жомарт, атпал азамат Жүсіп Жанекенов дүниеден өтті.

«Бірге татымайтын мың досың болғанша, мыңға татитын бір досың болсын» – деген даналар. Достық бұл өмірдегі еш нәрсеге бағынбайтын құндылық. Дұрыс дос таңдай білу – адам баласының өмірлік мақсаттарының бірі. Нағыз дос кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды бірге көтеруге жәрдемдеседі. Жүсіп Рысқалиұлы сондай аяулы жанның бірі еді. Бір-біріне қалтқысыз сеніп, ортақ кәзқараста болатын, өмірге деген дүниетанымы деңгейлес жандар ғана бір-бірімен шынайы дос бола алады.

Біз Жүкеңмен осы Талдықорған өңірінде қызмет бабында бірлесіп, көп жыл бойы жақын дос, сырлас, әріптес болдық. Ол су шаруашылығын жетік білетін жоғарғы санатты гидроинженер, іскер басшы, талантты ұйымдастырушы еді. Жүздеген, мыңдаған гектар алқапты зерттеп, су көздерін анықтаған Жүсіп Рысқалиұлы басқарған "Казводпроект" инженерлері жасаған жоба бойынша бұрын да пайдаланылмай бос жатқан жерлер айналымға енгізіліп, шаруашылықтар мол өнім алуға қол жеткізген.

«Жоламан» массивінде жүздеген метр тереңдіктен су шығарып, 30-40 жаңбырлатқыш фрегат машиналары орнатылып, мал азығы дақылдары мен бау-бақша өсірілді. Сол өңірдің ауыл адамдары жемісін жеді, жақсының шарапатын көрді.

Сонау 70-ші жылдары арнайы бағдарламамен су көздерін іздеу, жобалар жасау жұмыстарымен Араб елдерінде, Сахара шөлінде бірнеше жыл қызмет атқарды. Сол кезде сүйікті жары Алматаймен жастығына қарамай жат елде жүріп, шыдамдылық танытып, берілген тапсырманы толығымен орындаған.

Жүсіп Рысқалиұлы су шаруашылығы ісімен өте терең білетін, қай уақытта сұрасаң да, қай өңірде жер үсті, жер асты су ресурстарын ойында ұстайтын. Әрдайым қалтасында жүретін қарындашымен сол мезетінде қағазға сызып, гидромодуль есебін шығарып беретін.

Жүсекеңнің білгір басшы, білімді маман екендігі бірге қызмет еткен бізге ғана емес, еліміздің су шаруашылығы саласына кеңінен танымал еді. Оған дәлел былтыр өмірден өткенде Қазақстанның бұрынғы Су шаруашылық министрі Нариман Қыпшақбаевтың мына бір көңіл айту жеделхаты дәлел бола алады. Асыл азамат жайлы айтылған жүрек сөзін осы жолы да оқырман назарына ұсынып, аяулы достың жарқын бейнесін асқақтатуды жөн көрдік. Онда былай делінген: *«Қазақстанның белгілі су маманы, үлкен ұйымдастырушы, елге ерен еңбегімен көрініп жүрген Жүсіп Рысқалиұлы Жанекеновтың қайтыс болғанын естіп, Сіздерге көңіл айтамын.*

Су саласындағы жұмыстарда Жүсіппен көп жылдан бері таныспын. Ол маңайына іскер мамандарды жинап, оларға үлкен қамқорлық жасап, үлгі-өнеге көрсететін, ұжым жұмысының нәтижелі болуына көп назар аударатын. Жүсіптің қарапайымдылығы, дауысын көтермей, кімге болса да жылы сөйлеуі адамды өзіне жақындата түсетін.

Еліміздің егемендік алған алғашқы жылдарында, әсіресе, өтпелі кезеңдегі әр ұжым үшін қиын болған тұста Жүсіп қызметкерлеріне ретін келтіріп жұмыс тауып, еңбекақы төлеп, мекемесін тарататпай ерекше көзге түскені бізге белгілі.

Жүсіптің елге сіңірген еңбектерін достары, жолдастары ешқашанда ұмытпайды.

Жүсіп бауырым, топырағың торқа, жаның жаннатта болсын!»

Міне, еңбегімен еленген азамат туралы белгілі тұлғалардың пікірі. Мен осындай жанмен қызметтес болып қана қоймай, сырлас та қимас дос болғанымды мақтан етемін.

Жұмыс бабымен алыс-жақын іссапарда бірге жүргенімізде жаратылысынан Жүкеңнің бойындағы адамгершілігі, ісқұмарлығы, адалдығы, кішіпейілділігі бірінші сатыда тұратын. Адам өмірінде жақсылық пен қуаныш көп қой, сонымен бірге қамыққан күндер де болатыны хақ. Жүкеңнің отбасымен біздер бір адамдай араласып, балаларымыздың оқып, ержеткенін, оларды ұядан ұшырып, қыз алысып, қыз берісіп, құда күтіп дегендей, көңілді жүретін едік. Кейде бір жақынымыздан айырылып немесе басқа да бір жағдайлармен қамыққанда, өзара демеу беріп, жағдайды жеңілдетіп кететін.

Амал бар ма, күні кеше ғана көрген жерде қауышып, өзілдесіп, ыстық ықыласын бойымызға сіңіріп, мәз-мейрам болып жүрген досым Жүкең, бүгінде жоқ!

Жапырақты жазғанда
дос керек.
Өмірінің балғында дос керек.
Бақұлдасып қалу үшін
армансыз,
Ғұмырының аяғында
дос керек.

Дүниенің жалғанында
дос керек.
Қанатының талғанында
дос керек.
Қуанатын жүрегімен сен үшін,
Жұлдызының
жанғанында дос керек.

Өмір-өзен ағады. Әттең-ай, өкініштің алауы, қимас дос, абзал азамат, айналасына мейірімін шашып жүретін Жүкеңнің бейнесі ешқашанда көңілден кетпек емес!

А. БЕКСҰЛТАНОВ,
ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты.
Талдықорған қаласы.

Алматы облысы бойынша қазынашылық департаменті басшылығының жеке табыс салығы және мүлкі бойынша мәліметтері

Қалижанов Бағдат Уәлиұлы – департамент басшысы;
Айлық жалақысы– 189 626,89 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 83490,30 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет: мүлкі жоқ.

Сүлейменов Жандос Оралбайұлы – департамент басшысының орынбасары;
Айлық жалақысы – 167□204,80 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 248167,96 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет:
1) Талдықорған қаласы Еркін ауылында 2012 жылы мұрагерлікпен алған үйі бар;
2) Талдықорған қаласы «Самал» шағын ауданында 2012 жылы мұрагерлікпен алған пәтері бар;
3) «Toyota Camry» және «Нива» автокөліктері бар.

Лим Светлана Сергеевна – департамент басшысының орынбасары;
Айлық жалақысы – 169□767,32 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 285373,85 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет:
1) Талдықорған қаласы «Қаратал» шағын ауданында 3 бөлмелі пәтері бар;

Ахатаева Эльмира Ашимханқызы – бюджеттерді атқару бөлімінің басшысы;
Айлық жалақысы – 108□907,34 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 159375,06 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет: мүлкі жоқ.

Беккожанов Бағлан Болаубайұлы – ведомстволық бақылау бөлімінің басшысы;
Айлық жалақысы – 108□907,34 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 152441,19 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет:
Талдықорған қаласында 4 бөлмелі үйі бар.

Бақжақсы Гүлзәр – персоналмен жұмыс істеу бөлімінің басшысы;
Айлық жалақысы – 108□907,34 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 160156,36 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет:
1) Талдықорған қаласында ипотекамен сатып алынған 3 бөлмелі пәтері бар.

Касенова Мадина Болатқызы – заң қызметі бөлімінің басшысы;
Айлық жалақысы – 108□907,34 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 131766,47 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет:
1) "Mercedes Benz 270" автокөлігі бар.

Абдрахманова Айгүл Казиярқызы – қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;
Айлық жалақысы – 108□907,34 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 154457,46 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет: мүлкі жоқ.

Сүлейменова Жұлдыз Шәкібайқызы – қазынашылық жүйесін технологиялық сүйемелдеу және ақпараттық қауіпсіздік бөлімінің басшысы;
Айлық жалақысы – 108□907,34 теңге;
2014 жылдың 25 желтоқсанына дейін зейнетақы аударымдары – 158047,78 теңге;
Мүлік бойынша мәлімет: мүлкі жоқ.

Утеряна контрольно-кассовая машина марки ОКА 102Ф заводской номер 0073605, номер паспорта 0073605, год выпуска 2002, зарегистрированная на И.П. Жанасбаеву Б.С. ИИН 640608401588. В связи с ее утерей считать недействительной.

Алматы облыстық мәслихат хатшысының 2015 жылғы маусым айына кірістер мен мүліктері туралы мәлімет

Алматы облыстық мәслихатының хатшысы КЕЛЕМСЕИТ Ермек Өбілмажінұлы

– ай сайынғы еңбекақысы міндетті зейнетақымен жекеменшік табыс салығын қоса-ғанда 467019 теңгені құрайды;
Жекеменшігінде бар:
– Алматы қаласында 4 (төрт) бөлмелі пәтер;
– Астана қаласында 4 (төрт) бөлмелі пәтер;
– Астана қаласында жер учаскесі;
– «Газ 2410» автокөлігі.

Гос. акт за номерами: 009704, 011789, 011790, на земельный участок с кадастровыми номерами 03-254-110-257, 03-254-110-258, 03-254-110-259 выданный крестьянскому хозяйству «Мурат», зарегистрированного на имя Ахметова Муратжана считать недействительными в связи с утерей

Алматы облысының жер қатынастары басқармасы мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің табысы туралы

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Жалақы мәлшері
1	Омаров Жолан Ыбрайханұлы	Басқарма басшысы	D-O-1 168486
2	Әбдірахманов Айдос Рахымжанұлы	Басқарма басшысының орынбасары	D-O-2 162079
3	Сәдуақасов Сәбит Қыдырғалиұлы	Жер кадастры бөлімінің басшысы	D-O-3 108907
4	Тыныбай Мақсат Молдашұлы	Жерге орналастыру бөлімінің басшысы	D-O-3 101220
5	Тұрысбеков Айдар Серікұлы	Жердің құнсыздық қатынастары бөлімінің басшысы	D-O-3 106345
6	Нұрбеков Мелс Алтысбайұлы	Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою бөлімінің басшысы	D-O-3 97376

ЕСКЕ АЛУ



«Институт Талдықорғансужоба» ЖШС ұжымын басқарған, су саласындағы жобалау қызметіне өмірінің 43 жылын арнаған, осы мекемеде, оның ішінде 28 жыл директор лауазымын атқарған **Жәнекенов Жүсіп Рысқалиұлының** өмірден өткеніне 5 маусымда бір жыл болады. Еліне елеулі, халқына қалаулы ер-азаматын сағына еске аламыз. Өйткені табанды еңбектің, тынымсыз ізденістің, қажырлы қайраттың, күш пен жігердің, білімділік пен білгірліктің, батылдық және батырлық қасиеттерге тән азамат еді.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Аткан сайын жылы үмітпен тан күліп,
Жақсы ісіңіз жанымызда жаңғырып.
Ортамызда болмасан да бүгінде,
Нұрлы бейнең шықпайды естен мәңгілік.

Білем сізге ешқ атпас бұл ақ тан,
Сағынамыз еске алып, жылап сан.
Алла алдында жарық болып жүзіңіз,
Рухыңыз орын алсын жұмақтан.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: «Институт Талдықорғансужоба» ЖШС-ның ұжымы.

Райымбек ауданы Кіші Жаланаш ауылында туған, бар ғұмырын Талдықорған қаласында өткізген аяулы ана, асыл жар, ағайынның қимас туысы, дос-жараңға сыйлы құрбысы болған **Дина Нұрғалиқызын** сағына еске аламыз. Күндей нұрлы дидары, Айдай ашық қабағы, жібектей жұмсақ мінезі әркашан бізді жадымызда сақталып, жүрегімізде төрінен орын алады.

Алаканда мәпелеп бар баласын,
Жалғап жүрген ағайынның
арасын.
Сіз кеткелі аттай тулап жыл өтті,
Арғы әлемің жұмақ болсын
анашым.

Сіз кеткелі біздер қалдық қамығып,
Еске алсақ көңіл қалар жабығып.
Құран оқып, рухына бағыштап,
Аяулы ана еске аламыз сағынып.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ас
немерелері және барлық туыстары

Еске ала отырып, ағайын-туыс, ұ
ауылдастары мен әріптестерін ма
Талдықорған қаласындағы «Атамек
сағат 12-00-де өтетін Дина Нұрғалиқы
шақырамыз.

Еңбекшіқазақ ауданы Ақтоған ауы
ақжарқын азамат, қимас бауыр, асыл ж
сенбаев Рахманның өмірден өткеніне 5
Тірі болғанда 10 маусымда 60 жасқа то
Амал қанша, оған жетпеді.

60-қа да келместен өттің әке,
Соңғы демің осылай жетті ме, әке.
Ұл-қызының қызығын көрер сәтте,
Қарайламай артына кеттің, әке.

Әкенің ақылы көп керек екен,
Бәрімізге шынымен көмек екен.
Отбасында қарайын жүргендігі,
Бойымызға күш-қуат береді екен.

Қас-қағымда сөнгендей шырағымыз,
Сарқылғандай түп-тұнық бұлағымыз.
Қолдан келер не шара асыл әке,
Қабыл болсын оқыған Құранымыз.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: бауырлары, жиендері – **Б**
– **Жұмасерік**, қыз-күйеубалалары – **Фариза**, С
Әйгерім-Еркебұлан және **немерелері.**

ОҚУ, БІЛІМ БАР ЖҰРТҚА...



Сапалы әскери білім

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті педагогикалық, экономикалық, табиғи-ғылыми, заңгерлік, гуманитарлық және техникалық мамандықтар бойынша кадр даярлауды жүзеге асырады. Мұнда бакалавриат бойынша 40 және магистратура бойынша 18 мамандық даярланады.

Оқу орнында жеті факультет бар. Соның ішінде зор жетістіктері бар, білім сапасы жоғары, мәдениет және өнер факультетінің бастапқы әскери дайындық мамандығын ерекше атап айтуға болады. Бастапқы әскери дайындық мамандығында 145 студент іштей, 76 студент сырттай бөлімде оқиды. Сабақ аудиториялық, плацтық, ату кабинеттетінде өтеді. Бұл жерде оқитын әр студент білімі жетік, отан сүйгіш, сертіне адал, патриоттық тәрбие алуда.

Университетте академиялық ұтқырлық арқылы басқа қалаларға барып оқуға мүмкіншілік бар. Мысалы, 2013 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында 5B010400 «Бастапқы әскери дайындық» мамандығында бірінші семестрде Аслан Кульманбетов және Мақсат Малайбек оқып келді. Аслан Кульманбетов Қапшағай қаласындағы №5-ші орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ретінде жұмысқа шақырылса, Мақсат Малайбек Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскер қатарына шақырылды. Өрине, бұл осы мамандықта алған білімнің көрсеткіші.

Қазір біздің мамандық бойынша Тараз мемлекеттік педагогикалық институтынан Рамазан Бекжапаров үшінші курста бір семестр оқып жатыр. Студенттер жылда бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша республикалық олимпиадаға қатысып, жүлделі орындар алады. Сәуір айында Қарағанды қаласында өткен пәнаралық олимпиадаға бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, магистр Ерлан Базарбайұлы жетекшілік етіп, Диас Елтаев, Сембек Омаров, Ертай Кенешов олимпиадаға қатысып әртүрлі номинация бойынша жүлделі орын алды.

Бастапқы әскери дайындық мамандығында біліктілігі жоғары оқытушылар сабақ береді. Айта кетсем, жоғары білім жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі бар және жоғары оқу орындарына оқулықтар жазудағы көпжылдық нәтижелі еңбегі бар медицина ғылымдарының докторы, профессор Нүсіп Наутайұлы, әскери ғылымдарының докторы, профессор Бейбіт Бектұрсынұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты Асыл Жексенбайқызы бастапқы әскери дайындық мамандығының кафедра меңгерушісі, сабақты қазақ және орыс тілінде берудің қас шебері, Гульмира Галиева медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, жоғары тәжірибелі оқытушы, ол медико-биологиялық пәндер бойынша дәріс оқиды. Сонымен қатар, кафедрада магистр оқытушылар және аға оқытушылар сабақ береді. Осы тұрғыда біз мектеп бітіруші түлектерді «Бастапқы әскери дайындық» мамандығына оқуға түсуге шақырамыз. Біздің ойымызша, осы мамандықты, осы білім ордасын таңдаған студенттер өз таңдаулары үшін ешқашан өкінбейді, керісінше, мақтан тұтады.

Мұрат АЛИЕВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистр оқытушысы.
Марат ЕЩАНОВ,
аға оқытушы.

АҚЫН – ЕЛДІҢ АРДАҒЫ

ІЛИЯС ӘЛЕМІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен, "Асыл" мал тұқымын асылдандыру орталығының директоры Бекен Ерденовтің демеушілігімен ақынның туған күніне орай республикалық ғылыми-танымдық конференция және «Ілияс әлемі» атты республикалық студент жастар фестивалі өтті. Екі күн бойы еліміздің 20-дан астам жоғары оқу орнынан келген студенттер мен өңіріміздегі зиялы қауым өкілдерінің басын қосқан шара өзіндік тәлімдік, тағылымдық мәнді де мазмұнды ерекшелігімен есте қалды.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Алдымен ақын ескерткішіне гүл шоғын қойып, тағзым етумен басталған шараның негізгі бөлігі университеттің жиынжайында жалғасты. Ондағы пленарлық отырыста аталған университеттің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдіманап Бектұрғанов көпшілікті құттықтап, Ілияс шығармашылығын насихаттаудың маңыздылығына тоқталса, сахна төріне көтерілген баяндамашылар ақынның жұртқа беймәлім қырын тілге тиек етті.

Қазір І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жанынан құрылған «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының жетекшісі, профессор, академик Тұрсын Сыдықовтың басшылығымен ақын мұрасын жинақтау, зерттеу, ғылыми тұрғыдан айналымға ендіру тұрғысында қыруар жұмыс атқарылып жатыр. Орталықтағы ғалымдар жазған Ілияс шығармашылығы жайлы зерттеулер, студенттердің дипломдық жұмыстары, магистрлік, докторлық диссертациялар еліміздің ғылымына қосылған үлкен үлес деп бағалаймыз. Осы жолы ілиястанушы ғалымдар жазған бір топ еңбектің тұсаукесер рәсімі жасалып, құнды кітаптар оқырманға жол тартты. Шара аясында ақынның жерлестері ілиястануға мол еңбегі сіңген Тұрсын Сыдықовқа Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағын табыс етті.

Сондай-ақ, фестиваль аясында студент жастардың мүшәйрасы ұйымдастырылып, интеллектуалдық сайыс пен секциялық жұмыстар өз жеңімпазын анықтады. Нәтижесінде «Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай» атты жыр мүшәйрасының бірінші жүлдесін Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының студенті Алмас Ақтасов, «Іші алтын, сырты күміс сөз қадырған» атты интеллектуалдық сайыс бойынша бірінші орынды Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының студенті Алмагүл Жилжанова, «Ілиястанудың заманауи бағыттары» секциясы бойынша бірінші орынды Талдықорған қаласындағы Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясынан Ботагөз Сүйгенбаева, « І. Жансүгіровтің әдеби мұрасының көркемдік әлемі» секциясы бойынша бірінші орынды Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің студенті Ақбота Қажыбекова, « І. Жансүгіров шығармашылығы және ұлттық тілтаным» секциясы бойынша бірінші орынды І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті Сәния Мұхамадиева жеңіп алды. Оларға Алғыс хат пен ақшалай жүлделер табыс етілді.

Биылғы фестиваль осылай аяқталды.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда тіркеліп, № 15020-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілер: Үшарал – 2-12-57, Панфилов – 9-12-27, Райымбек – 2-22-05, Іле және Қапшағай қаласы – 8-701-564-41-09.
Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балағ көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында лады.
М. 1234567891 0 П. 1234567

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Көлемі — 2 баспа т
Тапсырыс —
Таралымы — 38
Индексі — 654

Кезекші редактор: Нұржамал ӘЛІШЕВА.

«Біздің қазаққа көркем шындықтан гөрі қатқыл өмір шындығы көбірек керек. Өйткені біз өзіміз туралы ақиқатты айта алмай келген, тарихқа есеміз кеткен халықпыз» (Ақселеу). Расында, өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның тәлтұма мәдениеті.

Осы тұрғыда тереңірек зер салсақ, қазақ қоғамының да өзіне тән ел билеу, жұрт басқару жолы, жөн-жосығы болған. Тарихи ақиқаттарға жүгінсек, бабаларымыз адамзат қауымдастығынан арна тартып, дарынды, жігерлі адамдардан тұратын қоғам орнатып, ерлікті, батырлықты ұрпақтан ұрпаққа үрдіс еткенін білеміз.

ЕҢСЕСІ БИІК елдіктің жолы

Түптен келгенде, үш аксүйектерінен бастау алатын бірлік, берекелік, ерлік, елдік сияқты тағылымды тұжырымдардан басталған ел билеу жолы сонау Тарғытай Афрасиябтан (Алып Ер Тұңға) Иданбарыс патша мен Тұмар патшайымға, одан Мөде тәнірқұтынан Елжау күнбиге, Еділ патшадан Күлтегін мен Білге қағанға, одан Тоныкөктен Майқы бабама, Керей, Жәнібек бастаған Қазақ хандығының тізгінін ұстаған хандарға, одан Абылай сынды ақиықка, соңғы көкжал Кенесарыға дейінгі көктүрік қанынан ұйыған әрбір кіндіктіге беріліп, желісі үзілмей бүтінгімен сабақтасты. Қысқасы, бұл ханға, ел билеушісіне бағытталған жалқы ұғым емес, билік жүйесінің бірегейлігін білдіретін жалпы ұғым.

«Тарих толқынында» еңбегінде Мемлекет басшысы: «Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рол атқарып келді. Орасан зор кен-байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті» деп жазғандай, қазақ қоғамының ел билеу жолы әр дәуірде әртүрлі көрініс тапты. Ол кейде елдің саяси өмірімен ұласып кетсе, енді бірде әлеуеттің әлеуметтік жағдайымен қабысып жатты. Ал бірде халықтық өнердің ұйытқысы болған сал-серілік дәстүрмен қабаттаса өрбісе, ел басына екіталай күн туып, ер етігімен су кешкен кезеңде батырлықпен сабақтасып, бейбіт күнде сөз жарыстырған елшілікпен өрілып отырды.

Белгілі ғалым Нығмет Мыңжанұлы «Үйсін туралы жалпы шолу» атты еңбегінде: «...Үйсін елінде ханға көмектесіп, бүкіл елді басқаратын өкіметтік ұйымы болды. Оның негізгі дауазымдары күнби, дулы (бас уәзір), қолбасы, оңқа (рутайпа басшылары), дарту (қолбасшының көмекшісі), абыз, ұлыс бегі сияқты тоғыз топқа бөлінді», – деп анықтап берді. Демек, ұзын мен үйсін елінің осы дәстүрі Түркі қағанатында да жалғасты. Мұны Қорқыт жырындағы: «Елден елге Бектен бекке Қобызым артып, қасыма, Ұзандар жүр ел кезіп», – деп келетін ұзақ жырынан таба аламыз. Тіпті, түркі дәуіріндегі хан кеңесі де сол дәстүрмен сабақтасып отырған. Ал Шыңғысхан өзінің алғашқы қадамынан бастап, атаулы бір ру, тайпаларға емес, шар тарапқа шыққан, тілегі, мақсат-мүддесі ортақ жекелеген тұлғаларға арқа сүйегені, әрқилы ру, тайпалардың бөлініп қосылған топ, жарқаларын ұйыстырғаны, ақыры, жалпы жұрт жаппай қидаласқан атамыз соғысында түбегейлі жеңіске жеткені мәлім.

Қыпшақ даласында хандық бірлікті бір орталыққа шоғырландырып, елді айналасындағы ақылмандар арқылы басқарудың баянды жолын қалыптастырған билеушілердің бірі – Жошы хан. «Жошы ханның өзі бір ғажайып сері. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап бірыңғай сауық үстінде болған. Оның сұлулықты жақсы көруі бойынша әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-Ойнақ даласына әдейі ақ аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың әдемі қара ат тарту етіп отырған» (Рашид ад-дин). Жошының жолын жалғастырған, Қазақ хандығын құрушы ә Жәнібек ханның мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатын жүргізіп отыратын алпыстан астам бәйбіше екен. Сондай-ақ, ә Жәнібек хан ел билеудің ұйымдық құрылымын ауыл, аймақ, ру, арыс (тайпа,), ұлыс, жүз, хандық сияқты жеті жікке бөліп, солардың арасынан шыққан білгір, білімді, білікті адамдарды айналасына топтаған. Тіпті, көрші елдерге жастарды жіберіп оқытып, елдің келешек тізгінін ұстайтын мұрагерлерді тәрбиелеп отырған.

Қазақтың көрнекті жазушысы Ілияс Есенберлин «Алтын Орда» романында былай деп жазады: «Жәнібек ханның тұсы – осы түркі тіліне көне жұрттардың Шығыс елдерінің мәдениетіне, әсіресе араб, парсы мәдениетіне жақындай түскен кезі еді. Кешегі көшпелі елдердің бекзадалары, тұрғын елдің ақсүйектері тәрізді, құр ғана хат танып қоймады, алдыңғы қатарды Шығыс елдері тудырған ғылымдармен де шұғылдана бастады. Көптеген мешіт, медреселер тұрғызылды. Бұл медресе, мешіттерге, балаларды оқытуға, көшпенділерге мұсылман дінін кеңінен таратуға Дешті Қыпшақка, Еділ-Жайық жағасына Мысыр, Шам, Жезира, Диярбекер, Рум, Фарсы, Багдаттардан қожа-молдалар мен оқымыстылар жиналды. Дешті Қыпшақ жұрты да бұл елдерге ғылым-білім алуға өз балаларын жіберді. Міне, осындай Еділ-Жайықтың өзге жұртпен тек қана жауынгерлігі ғана емес, мәдениеті де қатар түссін деп, ағарту, өнер-білімге електеу саясатын кең жүргізгені үшін Жәнібекті қыпшақ, ноғайлы елдері «ә Жәнібек, данышпан Жәнібек деп атады».

Ә Жәнібектің аталық жолын басты Қасым хан, одан соң Ақназар жалғастырып, қол астындағы көпшілікке қол артқан саңлақтардың қатарынан орын алады. Қасым хан ел өміріндегі саяси жағдайға байланысты қазақ халқының ежелгі ғұрып-әдеттік ережелерін негізге алып, билер кеңесімен ақылдаса отырып, «Жарғы» заңын жасады. Бұл кейін «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен тарихқа енді. Бұл заң қазақ хандарының ғұрып-әдеттік ережелерін алға жылжытқан маңызды құжат болды. Сондай-ақ, ел билігі де сол заңның төңірегінде өрбіді. Қазақ хандығын ұзағынан 47 жыл басқарған Есім ханның тұсында «Қасым ханның қасқа жолына» толықтырулар мен өзгерістер енгізілін: «Хан болсын, ханға лайық заң болсын. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын. Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын. Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер қосылды. Бұл Қазақ хандығы тұсындағы билік жүйесінің нығаюы мен толығуына зор серпін берді. Есім ханның өзі Ташкент шаһарының бас бі Досмұхаммед (халық әділдігіне қарап Дос би деп атаған) бидің адал ісіне қиянат жасап, Шымған жайлауында үш әйелі, он тоғыз баласымен қоса сол күнгі қонақтарымен бірге демалып жатқанда қырық қарақшысын жұмсап, бір түннің ішінде қырғызын тастаған Тұрсын ханның басын алғаны қазақ ұғымындағы хан мен нөкер арасындағы қатынастың қоюлығы қаншалықты деңгейде болғанын аңғартады.

Ал Тәуке хан «Күлтөбенің басында күнде кеңес өткізіп», «Қаска жолдың» бұрынғы 5 тарауына екі тарау қосып, «Жеті жарғыны» жасап шықты. Айта кетерлігі, «Жеті жарғының» жасалуына үш жүздің ойшыл, саңлақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер мен ел арасынан шыққан белгілі билер, қол бастаған батырлар да үлкен үлес қосты. Бұл үрдіс Абылай мен Әбілқайыр хандар тұсында тіптен кемелденіп, кеңесін жиі түскен мәлім. Олар бишешендер, сал-серілер мен батырларды маңына топтап, ел ісін жүргізудің берекелі жолын қалыптастырған. Атақты Абылай хан билік жүргізгенде оның хан кеңесіне қатысатын түрлі дәрежедегі қырық екі би, жоғарғы қол бастаған сексен бір батыры болыпты.

Қарт Бұқар жыраудың:

Қайғысыз үйқы ұйықтаткан,
ханым-ай,
Қайрусыз жылқы бақтырған,
ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құштырған,
ханым-ай,
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен жаным-ай!

– деген жыры тек Абылай ханға ғана арнадмаған. Ханмен бірге қарашаның қамын жеген көмекшілерінің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара жүргізген саясатының арқасында қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманның орнағаны мәлімдей. Бұл «Сауық бірікпей, ине ілікпейтініңіз» тағы бір көрінісі. Қазақтың соңғы хандарының бірі Жәңгірдің де он екі биі, батырлары мен сал-серілері болғаны тарихи жазбаларда сақталған. Сонымен қатар, Жәңгір ханның айналасында да көп тіл меңгерген білімді адамдар болған. Мұның өзі ханның маңында қандай адамдардың болғанын көрсетеді.

Расында, қазақ халқы Алланың назарына, оң қабағына ілікken періште пейіл халық қой. Көші тығырыққа тірелгенде халықтың арасынан ақыл-парасаты мол, қайсар емендей тұлғалы ұлдары суырылып шығып, ауған жүгін түзеп, тың өріске бастады. Сондай қасиеттер қонған ел билеушілері туралы жоғарыда айттық. Сол үрдіс еліміз тәуелсіздік алғаннан бері де жүйелі жалғасты. Халықтың қамы үшін кеудесін оққа да, шоққа да тосатын елін сүйген азаматтардан кенде болмадық. Соның бірегей тұңғыш Президентіміз, қарапайым халық арасынан шыққан саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев.

Бір айта кетерлігі, қазір еліміз Президенттік басқару жүйесінде болғанымен түптен келгенде барлық билік құрылымы кешегі Үйсіннен бастау алған ұлы жолдан ауытқып кетпеген. Қазіргі мемлекет басқарудың барлық тетігі сол байырғы ел билеу жолын сақтап, дамытып отыр. Кейбір зерттеушілер қазіргі қос палаталы парламенттік жүйенің Үйсін хандығы дәуіріндегі абыз сайлау, Қазақ хандығы тұсындағы би сайлау дәстүрінің жалғасы екенін дәлелдеп жүр.

ТҮЙІН

Зерделеп көрсек, қазақ тарихында ел билеген дана хандар, жұрт қорғаған жауқұрек батырлар, халқын қиындыққа ұрындырмай, тығырықтан алып шыққан дана билер, тағы басқа да жақсы-жайсаңдар көп болды. Бірақ, мемлекетті, ұлтты, ағайынын сатып кететін сатқындық ешқашан орын алмаған. Бұл қазақ халқының бай мінезді, тамаша қасиетті, таза пейілді, шыншыл мінезді, ұйымшыл, елжанды болғанын аңғартады. Ендеше, осы дәстүр жалғастығын бүгінгі оскелең ұрпақтың санасына сіңіретін ұтымды жолдарды қарастыру егемен ел болашағының баянды болуына жол ашады.

Қажет АНДАС.

■ Үлгілі отбасы

Нұр сәулелі шаңырақ

Тәуелсіз еліміздің мерейін өсіретін, ертеңін нұрландыратын тәрбиелі отбасы, тәлімді ұрпақ. Елбасының бастамасымен «Мерейлі отбасы» байқауы өткізіліп, тағылымды, өнегелі істер көпшілік назарына ұсынылып жатқаны соның дәлелі. Біздің әңгімемізге арқау болған кейіпкерлер бүгінгі қоғамға аса қажет адамдар. Өйткені халқымыздың «Үбірлі-шүбірлі бол» деген батасы бақ болып қонған әулет. Жайсаңда 16 бала өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға өрістеткен Мәкен деген ардақты ана бар деген сөзді естіген едік. Бұл расында елең еткізерлік жағдай.

Алатаудың төрінде, ұлы Жамбыл жерінде Үлкенсаз деген жайлау бар. Суық күзге дейін шалғыны белден келіп, сан түрлі гүлі көздің жауын алып, жайқалып тұрады. Тура осы жерде, 1959 жылы тамыз айында үлкендердің ақ батасымен Мәлс пен Мәкен бірі күйеу, бірі келін атаныпты. Бірі 18 екіншісі 16 жаста болған. Екеуінің де ата-анасы қойы қоралас, іргесі ажырамаған малшы. Қосылған сәттері Алланың шын рахымы түскен қасиетті күн болса керек, екеуінен 10 қыз, 6 ұл өрбігенін соған жорысақ жаңылмаспыз.

— Балаларым қатты суықтан сәл ғана түсікіргені болмаса, сырқаттанған емес. Бірін-бірі жетектеп өсті. Бәрі бауырмал. Ешбірінің тізгінді үзіп, бетімізге жел болып тиген жері жоқ. Оларды тәрбиелеуге ата-енемнің зор септігі тиді. Әйтпесе, ары-бері көшіп-қонып жүрген қарапайым малшының қолы тие бермейтіні белгілі ғой. Қалт жібермей, әр қадамын қадағалап отырған енемнің еңбегі зор, — дейді Мәкен ана сол сәттерді еске алып.

— 1958 жылы малға шықтым да, зейнетке дейін қой бақтым. Бүкіл өміріміз жаз жайлау, қыс қыстауда өтті. Малшы еңбегінің қиындығы белгілі ғой. Бәрін де көрдік. Қазір ауылдамыз, — дейді Мәлс аға сабырлы үнмен.

Аңқылдаған аққөңіл, қақсоқпен ісі жоқ момын жандар екендіктері сырт кейіптері мен әңгімелерінен анық байқалып тұрды. Хақ тағала шынайы ниеттеріне қарай шапағатқа бөлеп, ырақтарын жандырған екен-ау дейсің асыл жандарға шын көңілден риза болып.

— Жоғары білім бере алдыңыздар ма, — деген сұрағымызға сәл ойланып: — *Жоқ. Ұлдар ауылдан ұзап, шығандап кете алмады. Шетінен бесаспап механизатор, шопыр. Жастарынан техникаға әуес болды да, шаруашылықтың қысы-жазы бір тынбайтын әдеттегі науқандық жұмыстарын атқарады. Қыздар арнайы білім алып, медбике болып жүргендері бар,* — деген жауап алдық. Негізінен алғанда өте дұрыс. Жұрттың барлығы да оқымысты болуы шарт емес. Халқына адал қызмет ететін, шаруаға беріліп, отбасын, ошақ қасын ұқыптайтындар да ауылға керек-ақ. Әсілі қазіргі қоғамда осындай іскер азаматтар ауадай қажет.

Талғат, Жанат, Манат, Қанат... тәтеміз төрт ұлды қатарынан өмірге әкеліп, ағамыздың көңілін әбден орнықтырған соң, егіз қыздың «іңгәсі» де көп күттірмепті. Өкініштісі, бүгінде Ләззаттың сыңары шеше алмай, ұлдарын ұзатып, қыздарын қосып, ұя тігіп, ұшып кетіп, ата-ананың ұясы бос қалды. Ұлдарының ішінде Ләззат ерекше ұялшақ, ұзатуға қиналған. Ұзатқанда да, ұзамай қайтып келіп, ата-анасының қасында қалды. Ұлдарының ішінде Ләззат ерекше ұялшақ, ұзатуға қиналған. Ұзатқанда да, ұзамай қайтып келіп, ата-анасының қасында қалды.

Қыздардың біразы көрші ауылдан ұзамапты. Ләззат үйде, Гүлмира мен Болат күйеу бала, Жұлдыз бен Марат күйеу бала, Ажар мен Алғат күйеу бала, Әсел мен Бақытжан күйеу бала... таратып айтқанда, осылай жалғасады. Қызығы, ұлдар мен күйеу балалардың аттас болуы да отбасының ерекшелігі-ау шамасы. Ол да жаратқанның жазуынан десек, қателеспейміз. Қанша немере-шөберелеріңіз бар дегенде, екі Мәкең де кәдімгідей мүдіріп қалды. Рас жаңылды, әйтпесе, айтар еді. Алайда, ата-әжелерінің мейіріміне бөленген немерелердің атын тізбеймін деген ұстанымды бұзуға тура келгені. Қара шаңырақтағы Қанаттың төрт баласы Берік, Бекзат, Мөлдір, Дианаңы, Ләззат келінді қалай атамасқа. Күні кеше ғана тай-құлындай асыр салып өскен 16 баланың шаттығын бүгін еске түсіріп жүрген осылар екені даусыз. Енесін күтіп, қас-қабағын бақкан Ләззат осы күні де қасында өбектеп жүр. Жарасып-ақ тұр. Әттең, қазақтың бар келіні осындай болса ғой деген тағы бір ой көмейге келе қалды.

Ә, дегенде әңгіме көрігін бірден қыздырып әкетпегенімен, енді ашыла сөйлеген қос Мәкеңнен сыр тартқанымызда: *«Өзім 1941 жылы сәуірдің төртінде тудым. Есептесек жетпістің тең ортасына жуықтапты. Әкем Әмірқасым Берлинге дейін жеткен соғыс ардагері еді. Елге менің бес жасымда, 1946 жылы оралды. Бес жыл соғыста жүргені болмаса, бар ғұмыры мал бағумен өтті ғой. Кейін мен де әке жолын ұстандым. Кеңес заманы кезінде дүрілдеген осы өзіміздің «Ақсеңгір» тәжірибе шаруашылығында асыл тұқымды қой өсірілетін. Біз де жыл сайын отардан отар өргіздік. Әр жүз саулықтан 120-дан кем қозы алған кездерім сирек. Жайлауымыз Үлкенсаз, қыстауымыз Алаяқ еді. Қысы-жазы таудан түспедік. Кәдімгі киіз үйді паналадық. Балаларды ауылдағы үйде әке-шешем бағып-қақты. Қарапайым шаруа адамымыз. Ұлқыздардың бәрі де өзіміз сияқты еңбек десе ерінбей, алға ұмтылғанына қуандық. Шүкір, қазір ұядағысы ұяда, қиядағысы қияда, өмірдегі орындарын адаспай тапты. Кейде бір қуаныштарда бас қосқанымызда бір аулаға сыймай қалатын кездеріміз болады. Онда да түгел жиналу қайда. Өсіп, өрістедік. Той жасасақ, құда-құдағи, құда бала, құдашаларды қосқанда жүзден асып кетеді. Әйтеуір, көз тимесін,* — деп Мәлс аға ағынан жарылды.

– Бала санын әдейі осыншаға жеткіземін деген мақсатының болған-ау, әсілі, — деп қоямыз әңгімені қоюландыра түспек ниетпен Мәкен тәтеге.

– Жоқ, тәйірі. Перзентке келгенде адамның жоспары жүзеге асушы ма еді, жаратқанның сыйын кері итермедім. Осылай он алты баламыз болады, оның бәрі аман өседі, деп ойлады дейсіз бе. Мал соңында жүрген адамбыз, дәрігерге жетіп үлгерсек үлгердік, үлгермесек... Мысалы, Раушан қызымды құмда, киіз үйде босандым. Алла берген қуаттың арқасында өзім де көп қиналмадым, — дейді кейуана сәл жымиып.

Иә, Шойынбаевтардың шаңырағына шынында да Алланың нұр сәулесі молынан түсіпті. Мәлс Әмірқасымұлы мен Мәкен Егіншібайқызы осы сәуленің шуағына малынған жандар. Әсірелеп айтар болсақ, бүгінде бір әулет бір ауылға айналған. Бұлардың ұлдары мен қыздарын, келіндері мен күйеубалаларын, немерелерін, құда, алыс-жақын ағайындарын, жегжаттарын қоса есептеп көрсеңіз, осы сөзді дәйексіз дей алмайсыз. Сансыраған, салыққан кезеңдерде халқының саны адам айтса нанғысыз мөлшерде кеміген елге тура осы үлгі жүгыстылы болса, қанекей. Шіркін-ай, әрбір қазақ отбасына тура осындай бақыт бұйырар ма еді.

Қоштасарда «Мұншама баланың әке-шешесі атану екінің-бірінің пешенесіне жазылмаған. Мұқтаждығыңыз жоқ шығар?», дегенде Мәкен: *«Дұрыс айтасыз, балалардың арқасында бақыттымыз. Туған жерде, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымыздың өзі бір мәртебе. Үйренген әдетпен мал ұстаймыз. Күнкөрістің негізгі көзі де сол. Елбасының саясаты нәтижесінде ауыл біртіндеп оңалып келеді. Көш жүре түзеледі, деген рас екен. Соған көзіміз жетті. Елге тыныштық, Елбасына амандық тілеймін,* — дегені барды қанағат етіп үйренген шаруа адамының шынайы бейнесін аша түсті.

Тура осындай адал адамдар ғой елдің түп қазығын нық ұстап отырған. Момынның ісін Құдай ескереді деген осы.

«Алтын Алқадан» кейін де алты бала тапқан мұндай аналар облысты былай қойғанда, Қазақстанның өзінде некенсаяқ. Соны естігенде шын қуандық. Жол азабын қуаныш басты. Енді, міне, қоштасып тұрмыз. Шаттығы шалқыған әулет аман болсын деп ниеттес болдық. Және бұлар геометриялық прогрессиямен өссе деген тілек те бар. Сонда жүз жылда... Иә, оны уақыт өзі санап алар. Сан болса, сапа шығатынын айтқан да біз емес. Санымыз көбейіп, сапамыз арта түссе екен.

Күмісжан БАЙЖАН,
ҚР Мәдениет қайраткері.
Жамбыл ауданы.

■ Алтын той



КЕРЕГЕСІН КЕҢ ЖАЙҒАН

Қазақтың кемеңгер жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен Тер» романында «бақыт деген құйысқан тартып, ер салып мінетін ат емес, ат қанша туласа да тақымының астында қалады, бақыт деген басыңа қонған құс, ол шыбық ұстаған баладан да үркетінін ұмытпа», – деп жазады. Адам баласының өмірінің мәнді де сәнді өтуі бақыт деген ұғымға байланысты болған соң, осы бір сөз жайлы көп толғанамыз. Өзімізше топшылаймыз. Алайда, Әбдіжәміл секілді әдемі қылып өткізу екенің бірінің қолынан келмесі анық. Меніңше, бақыт деген алтын уақытын аяулы жарымен бірге өткеріп, бір шаңырақта шаттықты ғұмыр кешу секілді.

Осы айтқан сөзге дәлел бақыт деген ұғымды бір-бірінің махаббатынан, қас-қабағынан іздеп, толайым тағдырдың елу жылын ақ некемен өткізген Әділхан ата мен Әлиман апа болса керек. Көрбұлақ ауданының ардақты азаматтары атанған қос жұптың 50 жылдық Алтын тойы өтті дегенді естіп, ат басын абзал жандардың үйіне бұрдық. Шырайлы жүздерінде нұр ойнап, жүректері шапағат пен махаббатқа толы Әділхан ата аяулы жарымен шаңырағына келген қонақтарын ыстық ықыласпен күтіп алды. Ақ дастарқан басында отырып Әлиман ападан қалай танысқандары жайлы алғашқы сұрақты қойған едік.

– Біздің таныстығымыздан бұрын әкелеріміз айнымас дос болыпты. Біз өмірге келгенде екеуі серттесіп, құда болуға бел байлапты. Бала кезімде дастарқан басында болсын, басқа да әңгіме барысында әкем Жанат: – Сенің өмірлік жолдасың бар, ол досым Манаптың ұлы Әділхан деген жігіт, – деп жиі айтатын. Соны естіп өскен мен, жігітім бар екен ғой, көрінгенмен серттескенше әке-шешем ұнатқан шаңырақка келін болайын деп жүре беріппім. Сөйтіп, Әділхан атаңмен ата-ананың ықпалымен танысып, 1965 жылдың 16-шы тамызында отау құрдық, – деп күле жауап берді Әлиман апай. Таңданыс пен толқыныстың ортасында қалған ойдан арылып, Әділхан ағаға сізге де әке-шешеңіз жиі ескертіп, сол кісілердің ықыласымен отау құрдыңыз ба, – деген сауал тастадық. – Маған да асқар таудай әкем «Болашақ жарың бар, адал жандардың отбасынан шыққан қыз, соны аласың,» – деген соң, е-е оған да төубе дел жүре бергем. Сөйтіп осы кемпіріме үйлендім. Несі жаман?! Әке-шешем баласына жаман жар, өздеріне нашар келін таңдайтын ба еді?! Талғамдары мықты, дүниетанымдары кең жандардың ырқымен отау құрған жайымыз бар, – деп ағынан жарылды Әділхан ақсақал.

Шынымен де ата-ананың дұрыс таңдау жасайтынына сеніп, баталы сөзін жерге тастамай отау құрған Әділхан ата мен Әлиман 50 жылдан бері бақытты ғұмыр кешуде. Түйдей құрдас бұл кісілер 18 жасында шаңырақ көтерген екен. Сарыөзектегі 49-шы мектепті тамамдаған Әділхан атаның негізгі кәсібі жүргізуші болған. Ал Әлиман апа ұлағатты ұстаз болып 38 жыл қызмет атқарған. Қазіргі таңда шәкірттері Түркия, Корея мемлекеттерінде білімдерін жетілдіріп жатқан көрінеді. Ал зейнеткер ұстаз Әлиман апа: Ең ардақты ұғым – ұстаз. Тау алыстаған сайын, биіктей түседі деген секілді, зейнеткер болған соң қасиетті шаңырақ мектепті, ұстаздық жылдарды сағынады екенсің, – деп толғанады.

Алыс-жақын ағайынға ақсарбасын шалып, 50 жыл отасқандарын естіртіп, алтын той жасаған Әділхан мен Әлиман Сатаевтар бүгінгі таңда төрт баладан 9 немере 1 шөбере сүйіп отыр. Үлкен ұлдары Қайрат 25 жыл теміржол бекетінде қызмет істеп, зейнетке шыққан. Ал ары мен жаны таза жанды ұстаз деп білетін Әлиман апай Жанар, Салтанат атты екі қызының мұғалім болғанын қалаған. Ананың сөзін тыңдаған қос қызы І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың бастауыш сынып мұғалімдігін тамамдап, қазіргі таңда ардақты ұстаз деген атқа ие болып, аяулы ананың ізін жалғастыруда. Ал кенже ұлдары Жеңіс болса әке жолын жалғаған жүргізуші. 68 жасқа келген Әділхан ата мен Әлиман апа қазір кіші ұлдың қолында, немерешөберелерінің ортасында.

Ата-ананың сөзін жықпай отау құрып, 50 жылда өрісті болып отырған жандардың әулеті елге сыйлы, ағайынға қадірлі. Ата сөзін жықпайтын, баталы ауыз бақытты жұптан жастарға айтар өсиеттеріңіз бар ма деп сұраған едік. Бүгінгі таңда «жараспады, ажырасты» деген сөзді жиі еститін болдық. Ондайға жол бермеу үшін ең бастысы жастар бір-бірін түсіне білу керек. Бірі ашуланған да екіншісі кішірейетін болса үй ішінде ұрыс-керіс болмайды. Жөнсіз дау көтермеу керек, айқай – шайтанның азаны дейді ғой атам қазақ. Ұрыс түрған жерде береке-бірлік болмайтыны белгілі. Ал енелерге айтарым қызын берсе бақытын тілеп, келін алса қызындай көретін болса, екі жастың арасына түспей, ақылын айтса жастар бақытты ғұмыр кешеді. Өз басым «Келініңді қызыңдай көр, қызың келін болмас па?!» деген ұлағатты сөзді ұстанамын. Соның арқасында келіндерім елге сыйлы, ұрпағымызды өсіріп, дастарқанымызды аққа толтырып отыр, – дейді Әлиман апай.

Ата сөзін ар көріп, үлкеннің ықыласын алып өскен, бүп күні өздері баталы ауыз қарияға айналған Әділхан ата мен Әлиман апаның үйі шаттыққа толы. Омыраудан шыққан шөбересін ойнатып, тәрбие жайлы ой толғап отыр қос бәйтерек. Осындай керегесі кеңге кеткен шаңырақтан шаттықпен аттандық.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.
Көрбұлақ ауданы.



Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru



ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ЕРЛІГІ

Орта Азия елдерінің соғыс тарихы туралы ізденіп, талай ақиқаттың бетін ашқан жапон ғалымы Сараторидың жазбаларын парақтап отырсаңыз, қазақ сазбаздары жоңғар басқыншыларын өз даласынан қуып шығу үшін 100-ге тарта қанды жорық ұйымдастырған деген деректі кездестіресіз. Оған дәлелі де дайын. Ғалымның қателеспеуі шындық. Өкініштісі, біз осыған дейін ұлы дала төсінде болған Бұланты, Түркістан, Аңырақай сияқты бірнеше шығымы мен сынағы мол шайқастардың болғанын білеміз. Ал Орбұлақ шайқасы туралы кейінгі жылдары ғана түсіне бастадық. Бұл ретте осы шайқасты өз естеліктерінде жазып кеткен орыс немесе шетел саяхатшыларына дән ризамыз. Десек те, тарихи ақиқатты ақтарып, елге ұғындыру жолында ізденіп жүрген жазушы Бексұлтан Нұржекеев ағамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қазақ тарихында жылдар бойы ұмытылып келген сол тарихи шайқас Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына орай жаңа да жарқын бейнесімен бүгінгі ұрпақтың еншісіне тарихи қойылым ретінде ұсынылды. Облыстық жастар саясаты мәселесі басқармасының идеясы облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қолдауымен өнер саласында жүрген азаматтардың ашы терінің арқасында тарих сахнасына шықты. Күні кеше Талдықорған қаласындағы атшабарда аталмыш қойылымның тұсаукесер рәсімі өтті. Оған жүрегі жұртым деп соққан, өзегі елім деп өртенген қазақ ұл-қыздары тайлы-тұяғы қалмай жиналды.



**Рүстам АЛПЫСБАЕВ,
облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысы:**

– Қазақ хандығының 550 жылдығы туралы Елбасының Жарғысынан кейін-ақ іле-шала Орбұлақ шайқасына қатысты қойылымның бағдарламасын облыстық әкімдікке ұсынған болатынбыз. Бағдарлама мақұлданып, өздеріңіз тамашалаған аспан астындағы қойылым жүзеге асты. Бұл жобаның бюджеті 50 млн. теңге болды. Жобаға дайындалу барысында тарихшылармен, қаламгерлермен кеңестік. Осыдан кейін жастарымыздың рухани тұрғыда бай, жігерлі, өз Отанын сүйетін азамат болып қалыптасуына арналған осындай ұлттық идеологиялық жобаларды ұйымдастыруға толық мүмкіндігіміз жететінін байқадық.



Бауыржан ӘБІШЕВ, қойылымның режиссері:

– Бұл қойылымды сахналауға «Қазақ ұжымы» атты каскадерлық ұжымым көп қолдау танытты. Бүгінгі қойылым шынайы болса, сол жігіттердің еңбегінің арқасында деп ойлаймын. Әрине, бұл қойылым арқылы тарихта болған шайқастың өзін шынайы қалпымен көрсеттік дей алмаймыз. Жетпей жатқан жерлері де көп болды. Өйткені, алаң тар, адам саны шектеулі болды. Десе де, біз өз көзқарасымыз бойынша халыққа ұғынықты жолды таңдап алдық. Енді мұнда өз ұжымымдағы 50 каскадермен қатар жергілікті жігіттерді де рөлге енгіздік. Алайда, олар кәсіби маман болмаған соң дайындық барысында біраз қиналдық. Тіпті, бұл қойылым көз алдыда жүріп жатқандықтан көрсетілім барысында дайындықта жоқ жағдайлар орын алып жатты. Қалай болса да, қойылым өз деңгейінде жұрт жүрегінен орын алды дей аламын. Оған қошемет білдіріп, қалдаған көптің жүзіндегі сүйіспеншілік күә.

«Жетісу»
Қажет АНДАС,

Үлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Қазақстан – 2050» Стратегиясын іске асыру, қазақ тарихы мен салт-дәстүрін еске түсіру арқылы өскелең ұрпақтың патриоттық рухын көтеру, азаматтардың рухани және адамгершілік құндылықтарын, ұлттық мәдени дәстүрлерін насихаттау, мәдениетаралық, этноаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды үйлестіруді мақсат еткен қойылымға жиналған көпшілікті облыс әкімі Амандық Баталов құттықтап, сөз сөйледі:

– Құрметті қауым, қадірменді көпшілік!

Еліміз үшін 2015 жыл саяси маңызды мерекелер мен тойларға толы болды. Соның ішіндегі ең маңыздысы, Қазақ хандығының 550 жылдығы ғасырлар қойнауындағы ата тарихымызды танып, елдік рухымызды, ұлттық санамызды көтеруде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астана төрінде өткен тарихи шарада: «Бүгінгі той, ең алдымен, Қазақ хандығының 550 жылдық тойы. Бұл біздің елдігіміздің тамыры терең де жатқанын танытатын аса маңызды тарихи дерек. Қазақ хандығы кезеңі ат жалына күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі. Бізге бабалар тұлпарының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым мақтан ететін болады», – деп ерекше атап көрсетті.

Бетегелі белімізге, жусанды даламызға қашанда көршілеріміз көз тіккен. Оның басты себебі, жазы – жайлау, ойы – қыстау, құтты қонысымыз арқылы стратегиялық маңызы бар ұлы Жібек жолының өтуі. Елдің шетінде, желдің өтінде орналасқан Жетісу жерінде де сан шайқастар өтті. Жерім, халқым деп жаны күйзеліп, елінің ертеңіне алаңдап, бабаларымыз бірлікке ұмтылды, намысқа шапты. Ұлттың ұйытқысы болған хандар, қол бастаған батырлар, дуалы ауыз шешендер, билер тарих сахнасына шықты. Бұланты, Білеуті, Шұбартеңіз, Аягөз, Аңырақай, Түркістанда өткен шайқастарда қазақ халқы шынығып, шыңдалды. Бірлігі нығайды. Сондай ерекше оқиғаның бірі – елдік пен ерлік сынға түскен Орбұлақ шайқасы.

Орбұлақ шайқасы туралы мәліметті алғаш айтқан тарихшы Иоганн Эбергард Фишер болатын. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Дулати, Мәхмеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров, Сәкен Сейфуллин де жазған. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар Батыр қонтайшы арасында өтті. Әлемдік соғыс өнерінің жылнамасына енуіне лайық Орбұлақ шайқасында 600 қазақ сарбазы 50 мың жоңғар әскеріне лайықты тойтарыс берді. Аз ғана адамның 50 мың қолды жеңуі бізге аңыз секілді көрінгенімен шындық солай


«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген дана халқымыздың дәстүріне адал болсақ, сонда ғана халқымыз өркениет көшінен қалмай, әлемдік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алары хақ. 2000 жылдары Аңырақай шайқасының 270 жылдығын республика аумағында рух мерекесі ретінде аталып өтуіне және «Мыңбала» қозғалысының өмірге келуіне облысымыздың арқау болғанын айта кету керек. Міне, бүгін рухымызды асқақтатып, тағы бір жоба іске асырылуда. Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған іс-шараға сәттілік тілеймін. Бүгінгі шайқасты тарихи қалпына келтіру шарасына Голливудтың көптеген жобасында шыңдалған Бауыржан Әбішев бастаған еліміздің ең мықты деген 50 каскадері қатысты. Қанша ғасыр өтсе де тарихты ұмытпай тағзым ету –ұрпақ парызы. Атадан өсиет, ападан қасиет алған адам ұрпағымен мың жасайды. Әжелгі ер түріктің тасқа қашап, жазып кеткен рухты сөзі қандай мәңгілік болса, сол рух бүгінгі жастардың жүрегінде мәңгілік орнығуы керек. Ұлы даламыздың ұрпақтары, мұрагерлері – жастарымыз жігерлі, намысты болсын. Ел-жұртымыз аман, береке-бірлігіміз мықты, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын, – деді.

Адам ата, Хауа анадан жаралып, Жерді мекен етіп, өсіп-өнген қай халықтың тарихы ерлікпен өрілмеді. Ұлы Абай: «Дүние – үлкен көл, заман соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» демекші, ата-бабаларымыздың тарихына көз жүгіртсек, скиф, сақ, ғұн, қаңлы, көк түрік, үйсін, қыпшақ, оғыз боп адамзат қауымдастығынан арна тартып, дарынды, жігерлі адамдардан тұратын қоғам орнатқанын, ерлікті, батырлықты ұрпақтан-ұрпаққа үрдіс еткенін бағамдаймыз. Расында, бұрын да, қазір де ырысы шалқыған, берекесі мол жерімізге көз алартпайтын ел жоқ. Бұрын да солай болған, қазір де қазаққа деген көреалмаушылық бір сәтке де бәсеңсімей келеді. Бірақ берекесін бекем ұстаған қазақ халқы алыс пен жақынға жаулық ниет танытпай, достық құшағын ашып, айтыспай, тартыспай, әдіс-тәсілдері мықты болған әке жолын ұстай алмады. Сұлтандар арасында «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» атты қасіретті оқиғалар орын алды. Ұлы Абай: «Ақылды ерге бір сын, ақымақ күнде сын» деп, ақылды ерлерді ақылмен, ақымақтарды қылышпен жеңу керек деп ұлттың ұлы ойшылдарын ақылмен, қылышпен қорғауға шақырған. Ұлы Жібек жолының өтуі, Ұлы даланың ортасында орналасуы,

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Қазақ тарихының ерлікке толы кезеңдерінің бірі XVIII ғасыр. Шоқан Уәлихановтың бұл дәуірді ерлік ғасыры атағаны да сол себепті болар. Өкінішке орай, кеңестік тарихнама мен әдебиет бұл кезеңді тек «Ақтабан шұбырындымен» ғана байланыстырды. Өйткені сол кездегі саясатқа біздің ерлік дәстүрлеріміз үндес келмеді. Оның үстіне ерлік дәуірінің басты оқиғаларын зерттеу және көпшілікке таныту сол дәуірдің қаһарманы Абылай ханның өмірбаяны, сыртқы саясаттағы сайыпқырандығы мен ерлік істерін еске түсірумен шектелді. Қазіргі уақытта тарихқа көзқарас өзгере бастады. Қазақ тарихының тұжырымды жүйесі әлі қалыптаспағанымен «Қазақ ССР-і тарихы» аталатын кеңестік тарихнама салып берген күрежол мен тұжырымдамаларға бағыныштылықтан шыға бастадық. Біздің ойымызша, қазақ тарихын қалпына келтірудің, сонымен бірге қазақтың жасампаз және жауынгер рухын оятудың бір жолы осы күнге дейін тасада қалып келе жатқан ұлы аталардың ерлік жолын жаңғырту және қазақ мемлекеттігінің деректеріне көбірек көңіл бөлу.

Екі атаның баласы



«Жетісу»
Қажет АНДАС

Бәрімізге мәлім, жер әлемді уысына қараткан Шыңғыс хан өз иелігіндегі жерді төрт ұлына бөліп берді. Бұл әділетті шешім саналғанымен әулет арасындағы тақ пен орын таласына тосқауыл бола алмады. Сол жолда ұлы қағанның немерелері арасынан қаған мәртебесіне көтерілген Күйік те, Мөңке де ұзақ жасамады. Ал Құбылай мен Арық Бұға арасындағы соғыс Шыңғыс хан империясының бөлшектенуіне әкеліп соқты. Тек Құбылай ғана Қытайды бірлікке келтіріп, алып империяға иелік етті. Патшалығын «Юань» деп атады. 1256 жылы ел астанасын Қарақорымнан Хамбалыққа көшірді. Алайда Төле ұрпақтарының 1368 жылы жоғары биліктен айрылғаны хандалар ішіндегі бәсекені күшейте түседі. Олар кайтадан күш біріктіріп, өздерін «Ойрат» деген атаумен атады. Ойраттардың сол қол билеушісі чарос, хошоут, торғаут, дөрбіт, өлет, баит, тағы да басқа ру бірлестіктері Алтай асып, Ертіс алқабында Орда көтереді. Бұл бірлестікті моңғолша «Жоңғар» (сол қол) деп атайды. Жоңғарлар Қытайдың Ганьсу өлкесінің бірсыпыра жерін өз қол астына алып, Батыска көз тігеді. Көп ұзамай жетекші ру бірлестіктерінің арасында бүлік шығып, хошоут ру бірлестігі Тибет тауындағы туыстарына, ал торғаут ру бірлестігі Еділ өзенінің төменгі бойына кетеді. Қалып қалғандар қалмақ атанады. Олар Орданы Алтайдың оңтүстіктегі Тянь-Шань бөктеріне орналастырып, өздерінің басшыларына хұнтайжы деген дәреже береді.

Шығыс Түркістан жеріне осылай ірге бекіткен жоңғарлар енді Дешті Қыпшақ даласына көз тікті. Алайда, әскери күшпен басып кіруге салмақты себеп таба алмады. Бір мезгіл Тұран даласының билігі Әмір Темірдің қолында болды. Ол 1405 жылы қайтыс болған соң оның әулеттерінің арасындағы бақталастық Шыңғыс хан әулетінің қайтадан билікке келуіне жағдай жасады. Солардың бірі жас, алғыр Әбілхайыр 1428 жылы 18 жасында хан тағына отырып, бірсыпыра жерлерді өзіне қосып, атасы Алтын Орданың басшысы Бату ханның төртінші ұрпағы Өзбек хан (1312 – 1342 жылдар) көтерген көшпелі өзбек ұлысын қайтадан жаңғыртты. Осы тұста Бату ханның ұрпақтарының күшеюіне қарсы болған қалмақтар (Төленің ұрпақтары) батыска жорық жасап, 1457 жылы Сыганақ қаласының түбінде Әбілхайырды ойсырата жеңді. Бұл жағдай Жошыдан тарайтын Керей мен Жәнібектің Шағатайдың ұрпағы Есенбуғаның қолтығына кіріп, болашақ хандықты құруға негіз болады. Ол тұста Жошыдан тарайтын ұрпақтар құрған Қазақ хандығының Төле әулетінен тарайтын жоңғарлардың: «Әлемді алақанымызда ойнатамыз» дейтін болашақ арманын құлталқан етерін ешкім ойламаған еді.

Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрғаннан кейін тез арада нығайып, айналасындағы ұсақ хандықтарға шабуыл жасап, іргесін кеңейтіп, іргелі елге айналды. Қасым мен Хақназар, Есім мен Тәуке ханның тұсында қазақтар Сыр бойындағы қалаларды толығымен өздеріне бағындырып, аумағы алшысынан түскен кең алқапқа иелік етеді. Осы тұста жоңғарлар 1652 жылы Ыстықкөл бойындағы қырғыздарды бағындырып, Сайрам қамалын күйретіп, Ферғанаға қол сұғады. Халқыға (Моғолияға) шабуыл жасап, Мин әулетінің жақтаушыларын Маньчжурия мен Қытайға ығыстырды. Қазақ пен жоңғар, міне, осылай бірі Дешті Қыпшақтың шығысын, Енді бірі батысын бағындырған мықты мемлекеттің қатарына қосылады. Десе де, қазақ пен жоңғар күшеймей тұрғанда оның көзін жою Ресей мен Цин империясының кезек күттірмейтін мәселесі болды. Олар бар күшін екі хандықтың іргесін ірітуге жұмсады. 1689 жылы орыс-қытай елінің елшілері Оңтүстік Сібірдегі Нерчинск қаласында Қалмақ хандығын жойып, оның жерін, елін бөлісіп алайық деген келісімшарт жасайды. Ол үшін алдымен қазақ пен жоңғарды қырқыстырып, ортадан олжа табудың әдісіне көшті. Сонымен алғашқы адымда жоңғарды қаруландырып, қазақ даласына айдап салды. Сонымен бірге жоңғардың арасына алауыздық салып, бірін-бірімен қырқыстырып қойды.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы ішкі-сыртқы аса ауыр жағдайға душар болды. Алтайдан Атырауға дейінгі байтақ даланы алып жатқан қазақ халқы жерінің географиялық ерекшелігіне қарай үш жүзге бөлініп өмір сүрді. Қазақ хандығында үстемдік еткен әскери-феодалдық шонжарлар арасында ішкі тартыс күшейе түсті. Сонымен қатар, бұл мезгілде қазақ-жоңғар қатынасы мейлінше шиеленісіп, жоңғарлар Қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасады. Олар 1635 жылдан бастап қан-төгіс шапқыншылықтарын күшейте түсті. Ақыры 1643 жылы Батыр қонтайшы бастаған жоңғар жасақтары Шығыс шептен шабуыл жасап, қазақ даласына Қоргас өткелі арқылы басып кірді. Бұл тарихта Орбұлақ шайқасы деген атпен қалды. Бұл шайқаста жеңіліс тапқан жоңғарлар оның қарымтасын 1652 жылғы шайқаста қайтарды. Осы жолы 17 жасқа толған жоңғар батыры Ралдан Серен қазақ ханы Салқам Жәңгірді жекпе-жекте өлтіреді. Осылай қазақ қолы ауыр жеңіліске ұшырайды.

Тәуке хан 1718 жылы қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығы ауыр дағдарысқа ұшырады, елдің бірлігі бұзылды. Тәукенің орнына отырған баласы Болат ханның тек атағы ғана болды. Жүздерді билеген кіші хандар өз алдына дербестеніп, Қазақ хандығы саяси жақтан бөлшектенді. Орта жүзді Сәмеке хан, Ұлы жүзді Жолбарыс хан, Кіші жүзді Әбілхайыр хан биледі. Бұларға қарасты ұлыстарды билеген сұлтандар дербестікке қол жеткізе бастады. Осыны пайдаланған жоңғарлар қазақ даласына жан-жақтан шабуыл жасады. Ш. Уәлиханов сол кездегі жағдай туралы: "XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өмірінде кәсіретті кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары мен башқұрттар жан-жақтан қазақ ұлыстарын ойрандады», – дейді.

Жоңғар агрессиясының күшеюі Цэван Рабдан (1697 – 1727 жылдары) тұсында болды. Цэван Рабданның жаулап алу жоспарының шырқау шыңы 1723 жылы болған шабуылдан көрінді. Осы жылдың көктемгі төл алу кезеңі мен жазғы көшіп-қону жұмыстарымен айналысып жатқан қазақ еліне тосыннан, күтпеген жерден шабуыл жасады. Бұл жолғы шапқыншы жоңғарлардың саны 70 мыңнан асып түсіп, жеті бағытпен қазақ еліне кірді. Осы ауыр жылдарда шыққан қазақтың қаралы да қайғылы әні «Елім-ай» сол кездегі ауыр күндердің өшпес ескерткіші болып табылады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» Ұлы жүз бен Орта жүз Самаркан пен Бұхараға, Кіші жүздің халқы Хиуаға қарай босқан екен. Босқындардың біразы Алакөл маңын паналаған көрінеді. Дәл осындай ауыр кездерде елдің ішінен суырылып алға шығып, халықтың қамын ойлаған атақты хандар мен билер, батырларымыз да болды. Бұқар жырау өзінің толғауында олардың аттарын атайды. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, қызай Есенкелді, керей Жәнібек, Райымбек, Малайсары батырлар ауыр кезде ексесі түскен елдің есін жиғызып, зар жылаған халықтың көз жасын тыйды. Осы тұста билердің рөлі де жоғары болды. Төле, Қазыбек, Айтеке билердің ықпалымен 1726 жылы Ордабасында үш жүздің игі жақсыларының басын қосқан ұлы жиын болды. Осында үш жүздің баласы бір бәтуаға келіп, жауға қарсы бірігіп аттанатын қолға басшы етіп Әбілхайырды сайлайды.

Осы кездегі қазақтың саяси қал-ахуалын архив құжаттары: «Сол кезде жоңғарлар Орта Азиядағы ірі сахара патшалығы болды. Оған үйгырлар қарсылықсыз бағынды. Қырғыздар бір мезгіл қарсылық көрсетсе де, сұрапыл тегеурінге шыдамады. Ал ұзақ жыл бойына жоңғарлармен тірескен тек қазақтар ғана болды. Жоңғарлар қазақ елінің шығыс және оңтүстік жағындағы біраз жерлерді жаулап алғанымен қазақтардың кең-байтақ орталық бөлігіне әл-күші жетпеді» – деп суреттейді. Сөйтіп біріккен қазақ халқының қолы 1727 жылы Ырғыз уезінің оңтүстік шығыс бетіндегі Бұланты өзенінің жағасында «Қара сиыр» деген жерде қалмақтарға күйрете соққы береді. Бұл жеңіске жеткен жер «Қалмақ қырылған» деп аталады. 1729 жылы көктемде қазақ-жоңғар әскерінің аса ірі шайқасы болады. Қазақтар Балқаш көлінің маңында (оңтүстік батыс) қалмақтарға екінші рет күйрете соққы береді. Бұл жер кейінен тарихта «Аңыракай шайқасы» деген атпен белгілі болады. Осы тұста Болат хан (Тәуекелдің баласы) қайтыс болып, осыған байланысты Сәмеке, Әбілхайыр, Болаттың үшінші баласы Әбілмәмбет арасында күрес туады. Сөйтіп аға хан болып көпшілік билер қолдамаса да Әбілмәмбет сайланады. Мұндай таңдау жасалғанына Әбілхайыр да, Сәмеке де наразы болып майдан шебінен әскерін алып кетеді. Сөйтіп қайтадан феодалдық бытыраңқылық күшейіп, жан-жаққа бөліне бастайды. Бұл кезде Бұхара, Хиуамен қатынас шиеленісті, жоңғарлар үнемі қауіп төндіріп отырды.

Ендігі жерде қазақ халқының тек өзінің күшіне ғана сенуі және үш жүздің басын қосып, жоңғарларға қарсы тұру керектігіне көздері жетті. Осы идеяны жүзеге асыруда Абылай хан ерен еңбек сіңірді. Ол 1731 жылы қалмақтарға қарсы шайқасқа қатысып, ерлігімен, батылдығымен көзге түседі. 1740 жылы Жоңғарияның өзінің ішінде билік үшін күрес туып (Галдан Серен өлген соң), туысқандар арасында дүрбелең жағдай қалыптасады. Яғни, Галдан хан жорықта жүргенде оның туысы Цеван Рабтан Орда ішінде әскери төңкеріс ұйымдастырып, Галданның адамдарын өлтірді. Бұған ренжіген ханзада Әмірсана жоғарғы билікті алу үшін Цин императоры Цяньлунға арызданып, 1755 жылы 200 мың маньчжур-қытай қолының көмегімен Давачиді тұтқындап, императордың қолына тапсырды. Цяньлун Әмірсанаға берген уәдесінен тайып, оны қалмақтардың әміршісі болып сайланған маньчжур Баньдиға көмекші етеді. Алданғанын білген Әмірсана Цин империясының жоңғар даласында қалдырған әскерін талқандап, өзін қалмақтардың ханы деп жариялайды. Ашу кернеген Цяньлун дереу Әмірсанаға қалың қол жіберіп, оның адамдарын аяусыз қырып, жоңғар хандығын жойып, оның жерін Ресей мемлекетімен бөлісіп алды. Ал Әмірсананы Абылай хан қолтығына жасырып, қорғап қалды. Абылайдың Әмірсананы Қытай жазалаушы қосынынан құтқарып қалуында да мән бар. Өйткені, екеуі де қазақ-жоңғар ханы атанғанымен бір атадан тарайтын, қандас бауырлар еді. Біздің ойымызша, мұнда: «Ақсүйек тұқымын қарадан шыққан қарабайыр халыққа қорлатпайын» деген ойдың да болуы мүмкін. Төле әулетінің билігі Әмірсананың жеңілісімен аяқталды.

Абылайдың Әмірсананы қорғағаның жазық етіп Цин империясы Қазақ хандығына бірнеше мәрте әскер аттандырды. Бірақ жаяу әскерден жасақталған қытай қолы Қабанбайдың атты әскерлерінің жанында дәрменсіздік танытып, үнемі жеңілумен болды. Осы ауыр кезде Абылай өзінің шебер ішкі-сыртқы саясатымен көзге түсті. Ол ақсақалдардың алқа кеңесін шақырып, Қытаймен соғысты соза беруге болмайтының, халықтың азып-тозып кеткенін айтып, Қытаймен елшілік қатынас орнату мақсатында адамдар жібереді. Сөйтіп, олармен сауда-саттық, экономикалық байланыс орнатудың жолдарын қарастырды. Ресеймен қарым-қатынасын да ұлғайтты. Қазақ жерін екі елдің қаупінен қорғап қалуда үлкен еңбек сіңірді, өзінің шебер саясатымен тіл табысты, өзінше билік, өзінше саясат жүргізді.

1771 жылы Әбілмәмбет хан өлгеннен кейін Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи мешітінде хандар мен сұлтандар бас қосып, Абылайды ақ киізге орап, Орта жүздің ханы етіп көтерді. Бірақ Абылай өзін қазақтардың үш жүзінің ханымын деп есептеді.

Бұдан хабар алған Қытай императоры 1773 жылы Абылайға бүкіл қазақ елінің ханы екендігін білдіретін құжат (грамота) жібереді. Абылай екі алпауыт мемлекеттің ортасында тұрып, олармен келіскен шарттарды бұзбады. Шу, Талас өңіріндегі қырғыздарды ығыстырып, Қоқан хандығынан Түркістан, Сайрам, Шымкентті алып, қазіргі Қазақстанның оңтүстік шекарасын бекітеді. Абылайдың мұрагері Уәли әке жолын ұстай алмады. Сұлтандар арасындағы жік-жіктік Ресей империясының қазақ жеріне кіріп, қорғаныс бекіністерін салуына мүмкіндік берді. Бұған қарсы болған қазақ батырлары аймақтық, өлкелік көтерілістерді ұйымдастырып, үлкен жеңіске жете алмады. Мұны жақсы түсінген Абылайдың немересі Кенесары үш жүзді қайта біріктіріп, Ұлт-азаттық көтерілісін бастады. 1841 жылы үш жүздің өкілдері Кенесары Қасымовты хан сайлайды. Кенесарының күшеюінен секем алған Ресей патшасы 1843 жылы Кенесарыға қарсы ірі көлемді соғыс жасауға бұйрық береді. Кенесарыны қолдамаған қазақ сұлтандары мен ру басшылары оны орыс әскерінің көметімен қыспаққа алып оңтүстікке ығыстырады. Ұлы жүз руларынан көмек алған Кенесары қуғыншыларға қарсы тұрып, Мерке бекінісіне орналасады. 1847 жылы ресейліктерді қолдаған қырғыз қолы Кенесарының қарсыластарымен күш біріктіріп, қазақтарға үш жақтан шабуылға шығады. Ханның қолы оңтүстікке шегініп, Токмақ қаласының түбіндегі шайқаста жеңіліп, Кенесары 32 қазақ сұлтанымен қаза табады. Дешті Қыпшақ даласының билігін соңына дейін уысынан шығармаған Жошы әулетінің соңғы тұяғы осылай жеңіліс табады.

Тарихты таразылай келгенде, әлем тарихының екінші мыңжылдығындағы Еуразия кеңістігіндегі ұлы жеңістер мен қақтығыстардың бәрі де Шыңғыс ханның ұрпақтарының арасында орын алғанын білуге болады. Жалпы осы кеңістікте ұлы қаған орнатқан билікті жалғастырған да, оның соңғы иүктесін қойған да Жошы мен Төле ұрпақтары екенін білуге болады. Расында, осыған дейін жоңғар десе денемiз түршігетін. Ата жауымыз деп айбарлана қарайтынбыз. Енді олардың Төледен тараған ұрпақтардың бірлестігі екенін білгенде тарихқа қайтадан назар аудару керек деген түйінге келдік. Орыс пен қытайдың ойдан шығарған, бауырлас елдігі қақтығысқа итермелеген қитұрқылығынан арылатын кез келгенін іштей сезіндік. Қысқасы, Қытай империясын бірлікке келтірген Құбылай хан және оның мұрагерлері болса, Ресей империясының іргесін қалаған Бату хан екенін жоққа шығара алмаймыз. Демек, Еуразия кеңістігіндегі ұсақ иеліктер ата-бабаларымыздың қолымен империялық бинкке көтерілгенін аңғаруға болады. Ал Төле ұрпақтары құрған жоңғар Цин империясының, Жошы ұрпақтары құрған Қазақ хандығы орыс отаршылдарының шабуылымен жойылса да, бәрібір сырлы аяқтың сыны кеткен жоқ. Арада жүз жыл салып сүйегі Қарақорымда жатқан Төле ұрпақтары Моңғолия деген егеменді ел атанса, жүз елу жыл салып барып Жошы ханның сүйегі жатқан Ұлы далада Қазақстан Республикасы деген тәуелсіз мемлекет тарих керуенін қайта жалғады. Ендігі тілек сол көштің бағыты байыпты, жолы салиқалы болсын.

■ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – 180



Шыңға біткен шынар

Ол ұлы даланы ат аүбіріне толтырған текті халқын жақсы көрді. Терістіктегі тарихи көршісі, әрі білімнің, ғылымның қайнар көзі саналатын сол кездегі Ресейді жақын тартты. Күллі адамзатты махаббатпен бауырына басты. Ол туған елін құлай сүйген ғалым, қазақтың аяулы перзенті, небәрі отыз-ақ жыл өмір сүріп, артына өшпес із қалдырған Шоқан Уәлиханов. Аққан жұлдыздай жарқ еткен жарқын бейнелі жиһанкезді дәріптеу – біздің мерейлі міндет.

Мұражай – мәдениеттің гибадатханасы. Таным мен тарихтың қайнар көзі. Осындай ғасырлар тереңінен тамыр тартатын, сыр ашатын мұражайлар біздің елімізде, оның ішінде Жетісу өлкесінде баршылық. Қазақ халқының мақтан тұтар – аяулы перзенті, әйгілі ғалым, ержүрек жиһангер Шоқан Уәлиханов бүкіл санаулы ғұмырында ұлт азаттығын арман етіп, оның шын мәнінде мәдениеті жоғары елдермен терезесі теңелуін аңсап өтті. Сол ғалым Күренбел жерінде, Шаханай ауылдық округі, Матай тауының бөктерінде мәңгілік тыныстап жатыр. Тұңғыш ғалымның туғанына 150 жыл толуына орай 1985 жылы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі ашылған еді. Музей Министрлер кеңесінің 1983 жылғы 20 қаңтардағы № 19 Жарлығы және Мәдениет министрлігінің 1986 жылғы 2 ақпандағы № 42 бұйрығы негізінде құрылды.

Бұл ғимарат Р. Сейдалин, Б. Ибраев, Р. Рустембеков сынды архитекторлардың жобасы бойынша салынды. Ғимараттың келісті де ықшам көрінісі Ш. Уәлихановтың өмірі мен ғылыми қызметін жаңақты баяндайтын музей экспозициясымен үйлесімді үндестік тапқан. Музей архитектурасы халық эпосының символикасымен үндесе келіп, ертедегі қазақ ұғымындағы дүниенің төрт бұрышын меңзейтін, айшықты қырлары бар мазар құрылысы тәріздес салынған. Ғимарат бұрыштарының көлемі әртүрлі, төбеден арқалық тәрізденіп салбырай төнген басқұрлардың етегі «Бақыт түйіні» деп аталатын түрлі түсті жіппен өрілген шашаққа жалғасады. Халық ұғымы бойынша, дүниенің төрт торабы оның бел ортасында тоғысады.

Музейдің ішкі безендірілуі киіз үйді елестетеді. Мұнда халқымыздың эстетикалық мәдениетінің бөлу қолданудағы композициясы ұтымды шешімін тапқан. Ғимараттың қасбеті Маңғыстаудың жұмсақ, үгілгіш қызғылтым әк тасымен безендірілген. Залдың ортасында Ш. Уәлихановтың ескерткіш-бюсті қойылған. Бұл бюсттің авторы – Қазақстан Халық мүсіншісі Х. Наурызбаев. Бюсттің арғы бетінде ұзындығы 10, көлденеңі 6 метрлік түскілем ілінген. Бұл түскілемге 250 келі таза қойдың жүні жұмсалған. Авторы – «Заманту» шеберханасының президенті, танымал суретші

Ш. Қожаханов. Музей экспозиция, дәріс залдары мен қор қоймасынан тұрады. Экспозицияны көркемдеуге Мәскеу, Санкт-Петербург, Омск, Алматы, Көкшетау, Бішкек қалаларының музейлері мен архивтері белсене қатысты. Мемлекеттік Эрмитаж бен Санкт-Петербургтегі этнография музейінен қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысына қатысты бұйымдар, құрал-жабдықтар коллекциясының бір бөлігі келіп түсті. Қазақстанның Мемлекеттік орталық музейі мен Ұлттық кітапханасы музейге көптеген бұйымдар мен кітаптарды сыйға тартты. Ресей географиялық қоғамы мен Сыртқы істер министрлігінің мұрағатынан ресми қағаздар мен мәліметтердің көшірмесі алынды.

Жалпы экспозиция Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметіне байланысты бес бөлімнен тұрады. Музейге кіреберісте қойылған тас мүсіндер ежелгі қарапайым көркемөнер туындысы болып есептеледі. Музейге Шоқанның өз заттары – эполеттер, қару-жарақ, ер-тоқым, өзі жасаған карталар мен саяхатта болғанда салған графика мен көркемсурет жұмыстары, халық қолөнері туындыларының коллекциялары қойылған. Экспонаттар ішіндегі ұлттық музыка аспаптары Ш. Уәлихановтың аңыз, әндерге деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Сондықтан да музейді жасаушылар бәрін де жоғары талғампаздық тұрғысында, көркем-эстетикалық деңгейде жасауға тырысқан. Сонымен қатар Шоқан отбасы тұтынған заттар да қойылған. Солардың ішінде парша белбеуін, мыстан жасалған табақ пен, шай қасықты, қарындасының басына тарткан орамалын, бұрыш ұнтақтайтын қол диірменшені атай аламыз. Музейде ғалымның досы, әрі ұстазы Семенов-Тянь-Шанскийдің күнделіктері, Шоқан Уәлихановтың қолжазбалары, тау жыныстарының тастары және минералдар көшірмесі қойылған. Оны ғалым Қашқария сапарынан жинастырып қайтқан болатын.

Бүгінде Ш. Уәлихановтың ғылыми-ағартушылық қызметі аса жоғары бағаланууда. «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі жүргізген ғылыми ізденіс пен көпжылдық еңбек нәтижесінде жинақталған қымбат мұралар көп. Өздеріңізге белгілі, орыс патшасы Александр II Ш. Уәлихановтың Қашқар сапарындағы еңбегінің нәтижесін бағалап, IV дәрежелі қасиетті Владимир орденімен марапаттаған. Өкінішке орай, орден сақталынбаған қол қужырын отырғызбайды. Санкт-Петербург қаласына іссапармен барып, географиялық қоғам мекемесінің архивін көтеріп, құжаттармен жұмыс жасап, Эрмитаждың директорының қабылдауына жазылып, IV дәрежелі қасиетті Владимир орденінің 2 данадағы фотосуретін алып қайттық. Ғылыми ізденіс жұмыстарының арқасында облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен тиісті мамандармен байланысып, орденнің көшірмесін жасап, музей экспозициясында тиісті орнына қойылып, толықтырылды.

1858 жылдың 27 ақпанында Ш. Уәлиханов орыс географиялық қоғамының толық мүшесіне сайланып, грамотаға ұсынылған. Міне, канша ғасырдан соң осының жалғасын тауып, Алматы қаласындағы Орталық Азия географиялық қоғамымен байланысып, осы аталған қоғамның президенті Григорий Евсеев және хатшысы Андрей Михайлов «Ш. Уәлиханов Орта Азия географиялық қоғамының толық мүшесі» деген куәлікті тапсырып, өздерінің жер жүзін шарлайтын ізденістерына Шоқан есімін берді. Әрине, бұл біз үшін үлкен құрмет. Орта Азия географиялық қоғамымен байланысудың негізгі мақсаты – Ш. Уәлихановты басқа ұлттарға таныту, насихаттау. Берлин университетінің профессоры, академик Проскурин Владимирмен байланысып, «Последний принц степей» атты деректі фильм түсірдік.

Биыл – Ш. Уәлихановтың туғанына 180 жыл. Осыған орай Кербұлақ ауданы әкімдігінің бастамасымен Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейінің жаңа экспозициясы таныстырылып, ғалымның мерейтойына және 10 сәуір – дүниеден қайтқан күніне орай "Өр Шоқан, дана Шоқан, асқақ Шоқан" атты еске алу кеші өткізілді. «Айсараның жоқтауы» атты сахналық көрініс көрсетіліп, келген қонақтар өз пікір-ойларын ортаға салды. Қарағанды қаласында да «Шоқан тағылымы» атты конференция өтті. Осы конференцияға Алматы облысы мәдениет басқармасының қолдауымен қатысып, «Ш. Уәлихановтың соңғы өмірі өткен жерден» атты баяндама оқылып, жергілікті телеарналарда сұхбат берілді. Ал Орал қаласында «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» жобасы аясында «Шерлі шежіре аманаты» атты халықаралық форумға қатысып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген қонақтарға Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайлы және ғалымның соңғы өмірін өткізген Күренбел туралы слайд көрсетілді.

Бұдан бөлек, «Тұнған тарих бастауы Таңбалы» атты бірлескен жылжымалы көрме ұйымдастырдық. Алматы қаласындағы «Алтын кітап» баспасымен байланысып, Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметі жайлы «Аққан жұлдыз – Ш. Уәлиханов» атты фотоальбом кітабын шығару жоспарланып жатыр. Бұларды ұйымдастырудағы басты мақсат – жас ұрпақты адамгершілікке, инабаттылыққа, ұлттық рух тағылымында тәрбиелеу.

Шоқаны бар елдің шоқтығы биік. Осындай ғұлама ғалымның Күренбел жерінде соңғы күндерін өткізгендігі бізге үлкен міндет жүктейді. Мұнда ол Ұлы жүз қазақтарының тарихи шежірелерін зерттеумен шұғылданды. Осы жерде 1865 жылдың 19 ақпанында Колпаковскийге: «Сіз кеткен кезде маған суық тиіп жүр еді. Көкірегім мен тамағым ауыратын. Тамағыма тағы да аса назар аудармай, көкірегіме ем жасағам. Енді көкірегім жазылған сияқты болғанымен тамағымның ауырғаны сонша, тамақты әзер жұтамын. Дауысым тіпті шықпай қалды. Вернийға жетуге жолдың ауырлығы мен жайлы көліктің жоқтығы мүмкіндік бермегендіктен мен өзімді емшінің қолына бердім. Оның не дәрі ішкізіп жатқанын да білмеймін. Әйтеуір қол қусырып өлгеннен гөрі осы жақсы», – деп жазған еді.

Осы хатты жазғаннан кейін Шоқан бір жарым айдай ғана өмір сүріп, 1865 жылдың 10 сәуірінде көз жұмды. Сол жылдың жазында оның Сырымбетте тұратын інісі Жақып Қоянқоздегі Көшентоғаи деген жерде қойылған Шоқанның басына келіп, кабірінің үстіне қыштан бейіт орнатады. Өкінішке қарай, бұл бейіт көп тұрмады. 1881 жылы Шоқан қабірінің басында құрыштай достықтың дәлелі ретінде Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның бастамасымен, орыс достары Г. Колпаковский, И. Ибрагимов, Н. Ядринцев, Г. Потанин және архитектор П. Зенковтың жобасымен сонау Екатеринбургтан әкелінген ақшыл мәрмәрдан қиылған тас қойылып, оның бетіне славянша және қазақша (арап карпімен) мына сөздер жазылған еді: «Бұл арада 1865 жылы қайтыс болған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың денесі тыныстауда. Түркістанның генерал-губернаторы генерал-адютант Фон-Кауфманның бұйрығы бойынша Уәлихановтың ғылыми еңбектерін еске алып, бұл ескерткішті 1881 жылы генерал-лейтенант Колпаковский орнатты». Мәрмәр тастың тең ортасы садақ жебесіндей сызықпен белгіленіп, бір жағына славянша, бір жағына арапша жазылған. Екі мәтіннің де басына ай белгісі қойылған.

Қазақ халқының Ресейге бағынышты, кіріптар күн кешкен заманында қоғам көкжиегінде жарқырап шыққан қайраткерлердің еңбегі өзінің талдау терендігі, ойларының салмақтылығы жағынан таңдандырмай қоймайды. Туған елі мен шығыс елдерін зерттеуге деген қызығушылық Шоқанның бойында қадет корпусында оқып жүрген кезде-ақ пайда болды. Ол осы бастан белгісіз Азияның даласына үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді арман етті. «Корпус оқытушылары Шоқанды болашақ зерттеуші ғалым деп қарап жүрген кезде ол небәрі 14-15 жаста болатын», – дейді Г. Потанин.

Туған елін Шоқан өзінің ат-арбасымен шарлады. Осы тұста экспозицияға сол ғасырға байланысты Шоқан мінген ат арбаның көшірмесін жасатып, тиісті орнына қойып отырмыз. Бұл біз үшін бағалы жәдігер. Келесі бір бөлім Ш. Уәлихановтың жазушы, ғалым достарына арналады. Шоқан орыс жазушысы, Омбы бекінісінде айдауда болған Ф. Достоевскиймен жақсы таныс, жақын дос болған. Осы достықтың белгісі ретінде экспозициямызда Шоқан мен орыстың ұлы жазушысы Ф. Достоевскийді диарамада көрсетіп отырмыз. Мұндағы мақсатымыз – сол замандағы екі ұлт арасындағы достықты, Ресейдің алдыңғы қатарлы адамдарымен араласқан Шоқанның бойында асыл қасиеттердің бар екенін паш ету.

Ш. Уәлиханов табиғаты керемет Көкше өңірінің топырағынан жаратылса да, кабірі біздің жерімізде, жер жаннаты Жетісуда жатыр. Қабір үстіндегі көне тастың сақталып қалуында музей мамандарының ұстазы, қоғам қайраткері академик Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі өте зор. Музейдің осы Шанханай ауылында салынуына мандай терін төгіп, атсалысқан Шоқан атындағы ұжымшардың бұрынғы төрағасы, еңбек және соғыс ардагері, халық мұрасын жинаушы, музейдің негізін қалаушы Игібай Базарбаев болса, музейдің ұйымдастырылуына көмек көрсеткен қазақтың аяулы перзенті Дінмұхамед Қонаев. Бұл есімдер Шоқан есімімен бірге мәңгілік сақталады. Қоянқозге жарық жұлдыздай құлдырап түсіп, қысқа ғұмыр кешкен Шоқанның зиратын уақыт шыңырауларына құлатпай, дала көмбелеріне көмдірмей алып қалған да осы тас. Беті уақыт табына шалынып сарғайғанымен бага жетпес қымбат құндылық осы.

Шығыстың шыңға біткен бір шынары, халқымыздың біртуар ардақты ұлы, ғұлама ғалымы Шоқан бабамыз аз ғана ғұмыр кешсе де елінің ертеңін ойлап, қабырғасы қайысып, сол бір қылшынан қан тамған патшалы Ресейдің қитұрқы саясатына қайыспай қарсы тұрды. Оның кемел ойлары, ұрпағына өлмес мұра ретінде қалдырған еңбектері өзінің өміршең бейнесін көрсетеді.

Сәуле ӘБІШЕВА,
Шоқан Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейінің меңгерушісі.

■ ӨНЕГЕ

Жақында Жамбыл ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен бір топ мәдениет қызметкерлері мен үкіметтік емес ұйым мүшелері және жастар Қаскелең қаласындағы аудандық тарихи-өлкетану музейіне барып қайтты. Музей директоры Мәрия Мұсатайқызы қонақтарды жылы шыраймен қарсы алып, туған өлке тарихын, кешегі мен бүгінгінің арасын жалғаған мұрағаттармен таныстырып, әсерлі әңгімеледі.

Мұражайды аралағанда



1999 жылы музей болуға лайықты деп Абай мектебінің осы ғимараты таңдалған екен. Бұл ғимараттың 100 жылдан астам тарихы бар екені айтылды. Бұған дейін кезінде 1899 жылы Приходск училищесі болыпты. Кейін 1937 жыл қазақтың ұлы ақыны Абай есімі беріліп, тұңғыш қазақ мектебі ашылған.

Аталған мектепті 1958 жылы бітірген 42 түлектің бірі – бүгінгі Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев екенін қарасайлықтар мақтанышпен айтады.

Кіре беріс кең бөлмеде Мемлекеттіміздің символы «Тәуелсіздік монументі» қарсы алғандай болды. Сонымен бірге Мемлекеттік рәміздер – Гимн, Ту, Елтаңба және Конституция қойылған. Музей директорының өңгімесі бізді сонау Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуына атсалысқан қайраткерлеріміздің деректерімен де қызықтырды. Мұнда аудан аумағынан табылған тас, темір, қола дәуірінен, орта ғасыр тарихынан елес беретін жәдігерлер де орын алыпты.

Екінші залда данқты батырларымыз – Қарасай, Наурызбай, Әйтей баһадүрлердің портреттері мен «Қарасай батыр бабамыздың шайқасы» атты үлкен панно көзге түсті.

Қазақстан Республикасының Президенті, алты Алаштың айбынына айналған жерлесіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағынан басталған фотосуреттер мен экспонаттар да баршаның ықыласын туғызды. Ұлы Көшбасшының әулеті туралы, әкесі – Әбіш, анасы – Әлжан жайлы, бауырлары – Болат, Сатыбалды, қарындасы – Әнипаның фотосуреттері қойылған. Әр келушіні қарапайым отбасындағы биік адами қасиеттер жайлы өңгімелердің қызықтыратыны сөзсіз.

Қатарлас жалғасқан енді бір залда Нұрсұлтан Әбішұлының Шамалған ауылында оқыған кезіндегі фотосуреттер қойылған. Әр сыныпты кілең бестікпен бітірген табельдерінен алғыр жастың өткен өмірінің бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатынын көресің.

Елбасы отырған парта сол күйінде тұр. Одан әрі қаз-қатар қойылған мұрағаттар Нұрсұлтан Әбішұлының Абай орта мектеп-интернатында өткен жастығынан сыр шерткендей. Енді бір түста 1957–1958 жылдары жоғары сыныпта оқыған болашақ Президентті білім нәрімен сусындатқан ұстаз-тәрбиешілердің фотосуреттері және сол кезеңдерден елес беретін пионерлік барабан, сырнай назарымызды өзіне аудартты.

Мұражай өткен тарихтың тағылымды елесі десек, Нұрсұлтан Назарбаевтың ержетіп, есейіп, еңбекке араласқан кезеңі де көз алдыңа әдемі суреттерді әкеледі. Арманшыл азаматтың Теміртау қаласына аттанғаны, Днепродзержинск қаласындағы училищеде оқығаны туралы деректерді, сондай-ақ, 1984 жылы Республика Министрлер кеңесінің төрағасы болған кездегі фотосуреттерді, белгілі қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевпен бірге түскен суреттерін көріп, тамашалауға мүмкіндік туды.

«Жақсыны көрмек үшін» деген дана халқымыз. Мұражайды аралаған жамбылдықтар Мемлекет басшысының бала кезінде-ақ асқақ арманға құлаш ұрғанының, қиындыққа мойымаған қайсарлығының дәлелді болған жәдігерлерді тамашалап, парасат-пайымы биік адами қасиеттерінің сол кезде-ақ қалыптасқанына куә болды.

Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы Светлана Алтынбекова мұражайға жамбылдық ақын, жазушылардың шығармаларын сыйға тартты.

Астана күні қарсаңында ұйымдастырылған шараның әр адамға ой салып, Тәуелсіз еліміздің ертеңіне деген сенімді көзқарастарын қалыптастырғанын айтқанның артықтығы жоқ. Әр аудан осындай экскурсиялар ұйымдастырса деген ой келді.

Күміжан БАЙЖАН,
ҚР мәдениет қайраткері.



Еңсесі биік ЕЛОРДАЛАР

Қазақта қала болған ба? Толғандыратын сұрақ. Біз осыған дейін: «Көшіп-қонып жүріп, өркениет ауылынан алыста қалған адамдармыз», – деген пікірге өзімізді сендіріп келдік. Басқаларды да соған еріксіз қосылуға жеткіздік. Қазір осы жолдарды оқып отырған сіздің де жүрегіңізде күмәндану тұрғанын жоққа шығармаймын. Үңіліп көретін болсақ, ата-бабаларымыз әлемдегі қала мәдениетінің негізін қалаған тұлғалар деуге негіз жеткілікті.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Соңау Сақтар кезіндегі Яксарт, Ғұндар кезіндегі Ордос, Үйсіндер тұсындағы Шекүк (Чигунь), Түріктер кезіндегі Еркіне-көн, Өтекін, Суяб, Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағандықтарының астанасы Суяб қаласының іргесі V ғасырда қаланды. Орталық Азиядағы аса ірі қалалардың бірі Баласағұн (Ақтөбе) – Батыс Түрік қағандығының, Қарахан және Қарақидан мемлекетінің бас қаласы болды. Жазба деректерде «Бірінші қала» атанған данқты Испиджаб (Сайрам) VII ғасырдан белгілі. Күлтегін, Білге қаған тас ескерткішінде Тарбанд деген атпен жазылған Отырарды (Фараб) араб ғалымы әл-Мақдиси (X ғасыр) өте көне астана деп атайды. IX – XI ғасырларда Сыр өңіріндегі Жанкент (Яңгикент) Оғыздар мемлекетінің, ал Ертіс бойындағы Имақия қаласы Қимақ мемлекетінің өркендеген астанасы болды. Найман мемлекетінің орталығы – Орхон өзені бойындағы «Хара балғысын» («Қарабалық») қаласы, Орхон өзенінен 109 шақырымаралық тастап, қатарласа ағатын Тамыр өзенінің бойындағы Би-төбе қаласы Найман мемлекетімен бір мезгілде өмір сүрген Керей мемлекетінің астанасы болды. Би-Төбеден елу шақырым жерде мәңгілік мұра болып бізге жеткен Тоныкөк ескерткіші тұр. Ал Найман мемлекетінің астанасы болған Қарабалықтан 29 шақырым жерде Шыңғыс хан іргесін қалаған Қарақорым қаласының жұрты жатыр. Орхон өзені Қарақорым қаласын екі жарып ағады. Кейін Шыңғыс ханның немересі Құбылай Қытайды толығымен жаулап алғаннан кейін «Юан» мемлекетін құрып, астанаға Ханбалық (Бүгінгі Қытайдың астанасы Бейжің қаласы) қаласын тұрғызды. Дешті Қыпшақтың астаналары Орда Базар мен Жеңд, Ақ Орданың бас қалалары Сауран мен Сығанақ (Сунақата) әлденеше қиратылып, қайта жанданды. Кейін, 1226 жылы Жошының ұлысынан Орда Ежен Ақ Ордаға хан болғанда Сығанақты өз ұлысының ордасы етті. Көк Орданың астанасы Шаңғы-Тара (бүгінгі Тюмень) қаласы болды. Қазақ хандығын Алтын Орда империясының мұрагері деп ұғатын болсақ, 1242 жылы Бату ханның Еділ бойына салдырған Сарай Бату қаласы да Қазақтың байырғы астанасы саналады. Одан кейінгі Берке ханның тұсындағы Сарайшық және Жәнібек пен Еділге бидің тұсындағы Сарайшық көне астаналарымыз болып табылады.

Ал 1480 жылы Бұрындық хан Қазақ тағына отырып, Сыр бойындағы қалалар үшін Шайбаниттермен күрес жүргізіп, нәтижесінде Мұхаммед Шайбаниден Сығанақ қаласын тартып алып, оны астана етті. Сығанақтан кейінгі астана Ақжайықтың жағасындағы Сарайшық қаласы болды. Қасым ханның кезінде Қазақ хандығының астанасы Сібірдегі Үбай-Сүбайра болды деген де тарихи деректің бар екенін жоққа шығармауға тиістіміз. 1513 жылы Қасым хан астананы Сығанақтан Сарайшыққа көшірді. 1523 жылы Қасым хан өлгеннен кейін ұлдары Мамаш, Бұйдаш, Таһир хандар өзара талас-тартыста қаза тапты. Бұл кезде Қазақтың астанасы қандай қала болғандығы туралы нақты деректер жоқтың қасы. Тарихи деректерде Қазақ хандығының қайта өтек-жеңін жинап, еңсесін көтерген 1538 жылы таққа отырған Хақназар ханның тұсында Қазақ хандығы Сарайшық қаласына ие бола алмады да, Сығанақ қаласы астана болды. Кейбір деректерде Хақназар ханның тұсында Созақ пен Сауран қаласы да саяси орталықтың бірі ретінде көрсетіледі. 1582 жылы таққа отырған Тәуекел ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы туралы нақты дерек жоқ. Тәуекел хан кезінде алғашқыда Созақ, кейін Ташкент, соңынан Самарқан қаласы астана болды. Себебі, Тәуекел хан Бұхар хандығына қарасты қалаларды басып алып, ол қалаларды біртіндеп астанаға айналдырып отырды. Тәуекел ханның тұсында Қазақ хандығы алып империяға айналды. 1598 жылы Тәуекел хан қайтыс болғаннан кейін оның орнына інісі Есім хан болды. Оның кезінде Түркістан қаласы Қазақ хандығының астанасы еді. Тарихшылар Түркістан қаласы Есімнен кейін де екі жүз жыл Қазақ хандығының астанасы болғандығын айтады. Есім ханнан кейін Салқам Жәңгір, Тәуке хан тұсында да хандық астанасы Түркістан қаласы болды. Бір айта кетерлігі, Тәуке хан тұсында Қазақ құрылтайлары Ангрендегі Күлтөбе, Сайрамдағы Мөртөбеде жыл сайын өтіп тұрғанымен, сол кезде де және Қайып (1715-19), Болат (1719-31), Әбілмәмбет (1731–1771) хандарда Түркістан қаласын астана етті. Тәуке хан өлгеннен кейін үш жүздің кіші хандары елді жеке-дара билей бастады. Ұлы жүздің орталығы Ташкентте болып Жолбарыс хан мұнда билік жүргізді. Әбілхайыр хан кіші орданың орталығын алғашқыда Түркістан, кейін Қазалы мен Хиуаға тікті. 1771 жылы Әбілмәмбет ханның өлімінен кейін Абылай хан Түркістанда үш жүздің ханы болып, астанасы Түркістанда тұрақтап қалды. Түркістан Қазақ хандығының астанасы ғана емес, Орта Азия халықтарының рухани орталығы еді. Сонымен бірге, мұнда Хақназар ханнан бастап оңға тарта Қазақтың ханы, жүздеген қазақтың би-шешені мен батыры жерленген. Абылай ханның өлімінен кейін оның ұрпақтары әр өңірде жеке-дара билік жүргізді. Уәли хан Көкшетауды, Ғұбайдола мен Бөкей хан Қарқаралыны орталық етті. 1801 жылы Еділ мен Жайық өзенінің арасына Бөкей ордасы құрылды. 1824 жылы Бөкейдің ұлы Жәңгір хан Орда қаласын батыстық типте тұрғызып, оны Бөкей ордасының астанасы етті. Кенесары хан ұдайы Ресей отаршылдығына қарсы күрескендіктен хан ордасының тұрақты орталығы болмады. Ал 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметі астана етіп Семей қаласын таңдаса, батыс өлкесінің орталығы Жымпиты болды. Алашорда үкіметі құлап, орнына 1920 жылы Қазревком құрылды. Оның астанасы Орынбор қаласы болды. Осы аралықта Түркістан не Ташкентті қазақ зиялылары астана етіп таңдамақ болады. Алайда кеңестік идеология Ташкентті Өзбекстанға беріп, Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атады. 1929 жылы Түрксіб теміржолының салынумен Алматы қаласына таңдау түседі. Сөйтіп, Алматы қаласы 1929 – 1998 жылдар аралығында қазаққа астана ғана емес, құнары мол құтты мекен бола білді.

Егемен ел болған соң 1998 жылы астана Елбасының бастамасымен Алматыдан Ақмолаға көшірілді. Елбасының ел астанасын таңдағанда: «Орталық Азияның көлемінде, Ауғанстаннан Батыс Сібірдің ең қиын солтүстік шегіне дейін, Каспийден Моңғолияға дейін кең аумақта құлаш жая орналасқан жаңа астана осы аймақтағы орасан зор инвестиция легі ағылған орталыққа айналады. Тынық мұхит жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық сонарлардың қиылысында орналасқандықтан, ол болашақта ірі транзиттік тораптың өткізгіш түйініне үміттілік болады және келешек жүзжылдықтың көлік-коммуникациялық дабылына айқын үндестік білдіретін болады», – деп түйіндеді.

Тұңғыш Президентіміз Ақмоланы (қазір Астана) астанаға айналдырғанынан кейін қала құрылысын жүргізуде әлемге әйгілі сәулетшілердің кеңесін көп тыңдады. Соның бірі Э. Гоуард пен Ле Карбюзье XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың отызыншы жылдарының өзінде жай қала емес, қалабақ салуды ұсынады. Олардың ойынша мұнда қалалардағы тұрғын үй ғимараттары жасыл желек теңізіне шомылған шағын аралдар сияқты болуы тиіс. Сәулет өнерінің жауһары саналатын Астананың «Бас сәулетшісі» Нұрсұлтан Назарбаев қаланы салуда Гоуард пен Корбюзьеның ойларын есге керген. Мұны Елбасының өзі де: «Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулетті ландшафы бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы, болашаққа қол созған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көпұлтты және көпдінді халқы бар әсем де мейірлі астана... Біздің Астана сәулет өнерінің жауһар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштеріне, алуан гүлдермен өрнектелген бау-бақшаға оранған, Шығыс пен Батыстың ең озық, рухани құндылықтарын талғаммен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналды», – деп сүйсіне еске алады.

Астананы көрген кез келген эстетикалық талғаммен қазақ деген халықтың астана да сала алатынын, «Орда» да тұрғыза алатынын жалпақ әлемге әйгіледі. Мұлдем жаңа астана салу оңайшылықпен жүзеге асатын шаруа емес, маман құрылысшы, шаш етектен қаржы қажеттігін әркім-ақ түсінеді. Оны салуға тартылған инвестиция көлемі 2 миллиард долларды құрады, соның 70 пайызы өз инвестициямыз. Дәтке қуат етеріміз, өз бас қаламызды салуды жағдайымыз көтеретін, әлем таныған беделді мемлекетке айналдық. Бүгінгі Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси құрылымы берік, кешегі барлық кедергіден өтіп, тұрақтылық пен ынтымақтың, бірліктің туын тіккен, әлем таныған ел. Орталықтың Астанаға көшуінің тағы бір себебі, қазақ елінің топырағы құнарлы, шаруаға жайлы, тұрмысқа қолайлы аймағы солтүстік бес облыста жатқандығында. Қазір қазақтар тығыз қоныстанған Семейден Өскеменге, Жезқазғаннан Қарағандыға, Торғайдан Қостанайға, Көкшетаудан Қызылжарға, Оңтүстік облыстардан Астанаға көш түзеуде. Елбасының, міне, осындай, өзге ұлттардың құқығына қол сұқпай, өмірдің өз талабымен жүзеге асып жатқан сара жолы, ұлағатты, қайраткерлік тұлғасы, адамгершілік мұраттарына сай саясаты әркімді тәнті етпей қоймайды.

■ БӘРЕКЕЛДІ!

Өлең дейтін қасиетті өнердің қазанында қайнаған рухы асқақ, мұраты анық, өлеңмен өрнек салған нәзік жанды ақындардың ел-жұртына берген еселі еңбегі тек құдіретті өлеңмен өлшенеді десек артық айтпасың. Бүгінде кітапсүйер көпшіліктің жан азығы бола алатын жауһар жырларды ақ қағаз бетіне нәзік иіріммен үлбірете түсіретін ақын қыздардың қатары толысып келеді. Солардың бірі – өлең өлкесінде ұлттық рух пен сезімнің ұшқынды отырығын елдің қуанышы мен мұңын жырлаған жазираты Жаркент жерінде дүниеге келіп, бүгінгі күні облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бөлім басшысы қызметін атқарып келе жатқан ақын Гүлбақыт Қасен.

«Жетісу»
Евлік САҒЫНДЫҚОВА

Мағжан көктемінің жауқазыны

Кейіпкеріміздің қазақы салт-дәстүрді, әдет-ғұрпты, қазақ қыздары мен аналарының образын тәтті өлеңмен сәтті өре білген сүбелі жырлары оқырманға ой салады. Мемлекеттік қызмет пен шығармашылықты қатар ала жүріп, «Алуа» атты жыр жинағын да оқырманға ұсынды. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Ал, күні кеше ғана Солтүстік Қазақстан облысының орталығы байырғы Қызылжар қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Мағжан көктемі» III республикалық байқауында жүлдегер атанғаны Жетісу жерінің мәртебесін еселей түскені анық.

Махаббат лирикасы сынды мәңгілік тақырыптар аясында ой мен сөздің қайталанып тұратыны заңдылық. Соны үстірт үстемей, түрлендіре тізе білетін шағыз ақындардың қатарынан Мағжан Жұмабаев өз орнын ойып ала білді. Осы тұста «Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, өткен күнге анық қалуға жарайтын Мағжанның сөзі» деген екен ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Расымен де, бүгінгі ұрпақ үшін Мағжан ақынның сөзі ұран. Жастардың келешегінен зор үміт күткен ақын жайлы қалам тербемесек, тебірене еске алмасақ үлкен сын. Соған орай екі жылда бір рет өткізілетін дәстүрлі өнер фестивалі де ақынға деген құрметтің, махаббаттың дәлелі. Шайырлар басқосқан кеште Мағжан ақын туралы деректі фильм көпшіліктің назарына ұсынылып, жергілікті драма театрдың актерлері көрініс көрсету арқылы ақын болмысын жан-жақты ашуға бір кісідей атсалысқандығы да өнерге деген құрметті байқатады. Петропавл орыстанып кеткен аймақ дегеннің бос сөз екенін кейіпкеріміздің сөзінен соң түсінгендей болдық. Оған зал ішін лық толтырған көрерменнің тең жартысын өзге ұлт өкілдері құраған-дығы дәлел болды. Міне, өнердің күдіреттілігін осыдан-ақ байқауға болады.

Гүлбақыт Тоқтанқызы байқау шартында көрсетілген ереже бойынша «Күн ұлы», «Бабам тілі», «Қызылжардың табиғаты», «Асыл арман бірлікте» атты өлеңдерін ақынға арнаған. Жүректен шыққан өлеңдер көпшіліктің жүрегінен жол таба білді.

–Шығармашылық ортаның адамы үшін әр нәрсе көңілге жылы тиіп тұратыны рас. Арман қала Алматыға барып, ақын аға-апайларымызбен жолығып, арқа-жарқа болып қалдық. Ұшақта отырып, қазақтың кең даласына, орманды алқабына, сан мың жылғы тарихты бұғып жатқан қатпарлы тауларына қарап отырып, осындай елде өмірге келгенім үшін шексіз қуандым. Бақытты екендігімді түсіндім. Асқан әр асуда кимешекті ана маған тостаған толы қымызын ұсынып тұрғандай әсер алдым. Мағжанның жеріне табан тірегенде шоқтығы биік ақындар мен жыраулар елінен келгендіктен үлкен жауапкершіліктің салмағын сезіндім. Ең алдымен Жетісудың намысын қорғауды ойладым. Еліміздің о шетінен бұ шетіне келгенде жетісулық Ахмет Кендірбекұлы, Әміре Әрін, Жұматай Оспанұлы, Сағыныш Намазшамова, Айтақын Бұлғақов сынды ақындардың есімдерін әдеби орта тілге тиек еткенде де бір марқайып қалдым. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, ақын, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, қазылар алқасына төрағалық еткен Ғалым Жайлыбай диплом мен 300 мың ақшалай сыйлықты және Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы берген «Қорқыт» ескерткіш-медалін табыс етті. Бұл мен үшін үлкен жетістік. Осының барлығы да ақынын ардақтаған халқымның арқасы. Ел-жұртымның амандығын ана жүрегіммен тілеуден жалықпаймын, – дейді Гүлбақыт Тоқтанқызы.

Шығармашылық кештен ерекше тебіреніспен оралған әпкеміз екінші кітабына тез арада нүкте қойғанына Қызылжардағы сапарының әсері екендігін тілге тиек етіп, алда атқарар жұмыс жоспарымен де бөлісуді ұмытпады.

Жетісулықтарды тағы да бір қуанышты жаңалық шаттандырды. Облыстық Мағжан оқуларынан жолдама алған №4 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ерік Саржігітовтың шәкірті Әйгерім Тұрсынбекқызы республикалық жыр мүшәйрасынан III орынды иеленіп, облыс мерейін үстем етті.

Қанжығасы майланған қос қуаныш иелеріне алар асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз көп болсын демекпіз.

■ СЕМИНАР

Тәжірибе алмасты

Жақында Алматы қаласындағы облысқа қарайтын көпсалалы клиникалық ауруханада «Денесі бірнеше жерден жарақаттанған науқастарды емдеудің заманауи әдістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық семинар болып өтті. Жиынға Ресей ғалымдары, еліміздегі сынықшы-дәрігерлер, сондай-ақ, облысымыздың әр өңірінен келген сала мамандары қатысты.

Семинар-кеңесте Мәскеуден келген медицина ғылымдарының докторы, профессор Евгений Бялик баяндама жасады. Ол өз сөзінде бір адамның бірнеше жерден жарақат алған кезінде дәрігерлердің алғашқы көмекті қалай көрсетуі керектігі жөнінде ресейлік мамандардың қолданатын әдіс-тәсілдері туралы жан-жақты өңгімеледі.

– Өздеріңіз білесіздер, жарақаттардың жеңіл және ауыр түрі болады. Сондықтан, олардың деңгейін ISS шкаласы бойынша анықтайды. Кейде адамның денесі бірнеше жерден жарақаттанады. Бірақ ол жаңағы көрсеткіштермен есептегенде жеңіл болуы мүмкін. Керісінше, кейбір науқастардың денесіндегі сынық көп болмайды. Алайда сол аз сынықтардың өзі адам өміріне өте қауіпті. Міне, жоғарыда айтылған шкала арқылы дәрігерлер қандай науқасқа алғашқы көмек көрсету керек екендігін тап басып табады, – деді. Одан кейін сөз алған Қазақ мемлекеттік дәрігерлер біліктілігін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Оразбай Әбдіразақов соңғы кезде орын алып жатқан осындай жайлар қоғамды алаңдатып отырғанына тоқталды. «Мұндай кезде дәрігерлік алғашқы көмектің дер кезінде және дұрыс көрсетілуі талай адамның өмірін сақтап қалуға себеп болатыны анық. Сондықтан тәжірибе алмасулар сынықшы мамандардың біліктілігін арттыратыны сөзсіз», – деді ол. Сондай-ақ, семинарға қатысушылар отандық «ВитаЛайфПлюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шығарған гипстің заманауи үлгісімен танысты. Алмат Бүлегенов пен Жанғелді Сүлейменовтер жасап шығарған бұл өнім дәрігерлік қызметтің жеделдей түсуіне зор мүмкіндік туғызады. Ортаға салынған ойлар денсаулық сақшылары үшін пайдалы кеңес болғаны анық.

Б. БАТЫҚҰЛЫ.
Алматы қаласы.

■ БІЛІМ

ШОҚТЫҒЫ БИІК ОҚУ ОРНЫ

Құрылғанына қырық екі жыл болған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті еліміздің басқа іргелі жоғары оқу орындарымен салыстырғанда әлдеқайда жас. Солай бола тұрса да маман даярлауда, ғылыми ізденістерде әріптестерінен шоқтығы биік.

Университеттің биліктілік деңгейінің жоғарылауына еліміздің білім беру жүйесі қойған міндеттерге жауапкершілікпен қарап, ұжым жұмысына түбегейлі өзгерістер енгізуі оңды әсер етуде. Бұл орайда, университет өз жұмысын тек мемлекеттік бағдарлама аясында ғана атқармай, әлемдік озық тенденцияларды іске асыра алатын жаңашылдық бағыттарға да ерекше назар аударатынын айту керек. Сондай-ақ, университет ұжымы жұмысының тағы бір құптарлық тұсы, Президент Жолдауына сәйкес экономикалық-инновациялық бағыттарды жүзеге асыруға белсене атсалысуы. Университет ұжымы біліктімаман даярлаумен ғана шектелмей, жаңашылдықты дамытуда. Университетте ғылыми ізденіс кластерлері ашылып, 3 ғылыми-зерттеу орталығы, 5 зертхана жұмысын бастады. Тек 2014 жылы университет ұжымының ғылыми-зерттеу жобалары 43 млн 900 мың теңгенің қаржылай грантына ие болды. Мысалы, университет доценті Г. Әлдибекова басшылық ететін «Биофизикалық ортаның биофизикалық мониторингі» зертханасы өткізген «Фитоэлектростанция-1» жұмысы «Хабар», «Қазақстан» телеарналарынан көрсетіліп, «Егемен Қазақстан», «Жетісу» газеттерінде жарық көрді. Зертхананың бұл еңбегі «ЭКСПО – 17» көрмесіне қатыстырылады.

Университет ректоры Ә. Бектұрғановтың бастамасымен дүниежүзі университеттерінің Болон (Италия) Ұлы Хартиясына қол қойылуы әлемдік білім беру кеңістігіне шығуға, жаһандану дәуіріндегі білім берудің интеграциялануына, басекелестіктің өсуіне, өзге елдер университеттерімен тікелей әріптестік байланыс жасап, ұстаздар мен білімгерлердің тәжірибе алмасуларына мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Жетісу университетінің ұстаздары мен білімгерлерлері Варшава, Лодзь (Польша), Прага, Будапешт, Беларусь университеттерімен тікелей әріптестік орнатып, Англия, Греция, Италия, Турция жоғары оқу орындарында ғылыми-тәжірибе алмасу тағылымдамасынан өтуде. Болон декларациясы білім беру үрдісінде академиялық ұтқырлыққа беймделе қоймай, университет ұстаздарына, білімгерлеріне озық еуропалық оқу құндылықтарын үйренуге мүмкіндік берді. Мысалы, профессор, Қазақстан суретшілер академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Жақан Бәрмбеков және оның шәкірттерінің еңбектері жақын және алыс шетелдерде өзінің жоғары бағасын алды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов Греция, Италия, Испания, Франция, Қытай елдерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе жинақтады. Ол осыдан екі жыл бұрын еліміз бойынша «Жылдың үздік ұстазы» атағын жеңіп алды. Мұратбек Мүбәрәкұлы жоғары оқу орындарының білімгерлеріне арналған «Антика әдебиеті» деп аталатын оқу құралын басып шығарды. Сондай-ақ, М. Иманғазиновтың бастамасымен университетте тележурналистер даярлайтын бөлім ашылды.

Еңбек жолын университет қабырғасында бастаған ұстаздар бүгінде кемелденген дәрістер дәрежесіне жеткен. Мысалы, профессорлар М. Мәлтекбасов, А. Жапаров, Е. Андаспаев, С. Сеитова, Г. Қожашева, Х. Наубаева, Ж. Таубалдиева, доценттер Е. Тоқпанов, Б. Өксікбаев, магистранттар С. Дүйсенбинова, Ж. Иманғазиновалардың тәжірибесі шыңдалған.

Университеттің талғы бір жетістік, оқу орнында республикалық, халықаралық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялардың жиі өткізілетіндігі. Бұл орайда, университет ректоры Ә. Бектұрғанов, заң ғылымдарының докторы, Англияның Рэдине университетінің түлегі Л. Еркінбаева, заң ғылымдарының докторы Е. Дүсповтердің еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың ғылымдағы салмағы жоғары.

Жетісу өлкесі – тарих түңбасы. Бұл – Үйсін мемлекетінің, ортағасырлық Қаялық, Талхиз, Алмалық, Алмату қалаларының отаны. Сондықтан болар Қазақ хандығының 550 жылдығы барысындағы алғашқы конференция – Талдықорған қаласында өткізілді.

А. Қасабеков өткізген «Психология және педагогика ғылымдарының теориялық, методологиялық мәселелері» атты ғылыми-семинардың мәні зор. Оқу ордасында білімгерлерді елжандылыққа тәрбиелеуге де ерекше мән беріледі.

Жетісудың жоғары оқу орыны – І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті елі талай бозбала мен бойжеткенді жоғары білімді маман етіп тәрбиелемек. Университет ұжымының әр бастамасына сәттілік, тәуелсіз еліміздің болашағына тұтқа болатын білімгерлер тәрбиелеу барысындағы еңбектеріне табыс тілейміз.

Назгүл ӘУЖАНОВА,
университеттің профессоры.
Талдықорған қаласы.

ТӘУЕЛСІЗДІК – МАҢДАЙДАҒЫ БАҚ



Қазақты аңсатқан құрылтай

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық аренаға шығып, өз еркіндігі мен азаттығын әлемге моңындатуы — тарихи оқиға. Қазақстанның өз тәуелсіздігін қолына алып, дүниежүзіне өзін паш етуі қазақ үлты үшін де үлкен мәре, зор жетістік. Ең алдымен тілінің және дінінің ерекшеліктерін, руханн дүниесінің құндылықтарын қайта жаңғыртты. Дәл осындай тұста қазақ елі өзінің шетелдегі қандастарын елге шақырып, «төртеу түгел болса төбедегі келетінін» дәлелдеуге тырысты. Олардың туған елінде түлеп өсуі үшін Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын ұйымдастырып, қазақ диаспорасының өзекті мәселелерін жан-жақты қарастырып, бағыт-бағдар беріп отырды.

Қажет АНДАС

Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайы 1992 жылы Алматыда Абай атындағы академиялық опера және балет театрында өтті. Оған әлемнің 33 елінен 800-ден астам өкіл қатысты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мұнда қазақтың өткен тарихына шолу жасап, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстырды. Еліміздің болашақ даму жолына талдау жасады. Құрылтайда Түркия, Германия, Моңғолия, Иран, Татарстан, Ресей, Венгрия, Ауғанстан елдерінен келген қонақтар өздері тұрып жатқан елдердегі қазақтардың жағдайы туралы сөз қозғады. Сол қатарда Олжас Сүлейменов, Әбдіғани Еркебаев, Манаш Қозыбаев, Сұлтан Сартаев, тағы басқа да қоғам және өнер қайраткерлері Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру мәселесін көтерді. Оның жұмыс тәртібін де айқындады. Сонымен Нұрсұлтан Назарбаев төралқа төрағасы, Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары, Дәлелхан Жаналтай (Түркия), Мырзатай Жолдасбеков, Алтынбек Сәрсенбаев төралқа мүшелері болып бекітілді. Осыдан кейін жан-жақтан жиналған қонақтар Жезқазған, Ұлытау, Түркістанда болып, аруақтарға тағзым етті.

Ал 2002 жылдың 23-24-ші қазан күндері Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайына әлемнің 33 елінен 470 адам қатысты. Қонақтар құрылтай басталмас бұрын Алматы мен Түркістан қалалары арасындағы тарихи орындарды аралап, руханн күш-жігер алды. Құрылтайдың шымылдығы А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Мәдениет сарайында ашылды. Мұнда Елбасы: «Бұл құрылтай қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқандығының белгісі» екендігін атап өтіп, тәуелсіздіктің 10 жылдығында жеткен жетістіктерді саралады.

Астана қаласында 2005 жылғы 28 қыркүйек пен 2 қазан аралығында өткен Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайына әлемнің 32 елінен 300-ден аса қандасымыз қатысты. Құрылтай аясында Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінің жиынжайында «Диалог алаңы» атты секциялық мәжіліс өтті. Онда шетелдегі қазақ диаспорасымен мәдениет, ақпарат саласындағы байланыс, көші-қон мәселелері, шетел қазақтарының Қазақстанда оқып, білім алу мәселелері, бизнес, іскерлік қатынастар жайы талқыланды. Сондай-ақ, бұл құрылтайда елге оралған қандастарға квота бөлу мәселесі де кеңінен сөз болды. Атап айтқанда, азаматтық алған оралмандарға квота берілмейтіні, ал азаматтық алмаса әлеуметтік төлемдер төленбейтіні, жұмысқа орналасу мәселесінің шешілмейтіні сөз болып, осы қарама-қайшылықты шешудің жолдары қарастырылды.

2011 жылғы 25 мамырда Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайы басталды. Онда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының соңғы бес жылда атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы міндеттері айқындалды. Құрылтайға әлемнің таяу және алыс елдерінен, барлығы 35 мемлекеттен□380□ делегат, сондай-ақ Алматы мен Астана қалалары және өңірлерден 300-ден астам өкіл қатысты. 700-ге жуық делегаттың қатарында шығармашылық,□ ғылым, педагогика, зияткерлік, бизнес, спорт, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болды.

Айта кетерлігі, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайымен қатар Еуропадағы қазақтар бас қосып, жалпыға ортақ мәселелерді шешу үшін кіші құрылтайлар өткізіп тұрды. Осындай кіші құрылтайлардың бірі 1995 жылы наурыз айында Түркияның Стамбул қаласында өтіп, жалпы 17 елден келген делегаттар «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының соңғы бес жылдағы жұмысы туралы» және «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Жарғысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу, бекіту» мәселелерін талқылады. Мұндай кіші құрылтайлар қазақтар көп тұратын Қытай, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан сияқты елдерде ұйымдастырылып, шетелде тұратын қазақтардың түйткілді мәселелері талқыланып, оны шешудің жолдары қарастырылған.

Ертеңін ойлаған елдің ұрпақтары, міне, осылай қауымдасып, жаһандану үрдісі жағаға жармасқан тұтас қазақ ұлтын сақтаудың жолын қарастыруда. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу, баламасы жоқ жаңа бастама. Оның тарихи және дәуірлік ерекшелігі болды. Құрылтай өткізу, бір жағынан, қазақ ұлтының ұйымшылдығын, ауызбірлігінің мығымдығын, береке-бірлігінің беріктігін ұғындырса, екіншіден, ұлтымыздың басынан қаншама қиын нәубетті өткергенін де аңғартты. Яғни, әр құрылтайға әлемнің кем дегенде отыз елінен өкілдер қатысып отырған. Бұл халқымыздың тарихтың тауқыметін көп тартып, тарыдай шашылып кеткенін ұғындырады. Сол шашылған халықтың ұлттық санасы да, менталитеті де, тұрмыс-тіршілігі де, дүниеге, әлемге көзқарасы да сан түрлі сипат алды. Демек, қазақ құрылтайы сол сан түрлі идеологияның ықпалына ұшыраған қазақы сананы бір жүйеге келтіріп, қазақ ұлтының болашағын бекемдеу үшін орасан зор рөл атқарды, атқарып келеді. Тағы бір жағынан, қазақ құрылтайы бір ұлтқа ортақ атамекенін сан иелікке бөліп, мықтысын анықтай алмай қырқысып жатқан елдер мен ұлттарға үлгі-өнеге болды. Сондықтан Дүниежүзі қазақтары құрылтайының қазақстандық тәжірибесі Біріккен Ұлттар Ұйымының келешек бағдарламасына алтын әріппен жазылып қалды. Бұл да мәңгілік елдіктің бір парасы емес пе?

ҚҰРМЕТ

ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ескерткіш



Ауыл – алтын бесік. Сол бесіктің тербеушісі алтын құрсақты аналар болса, темір қазығы – ақсақалдар қауымы. «Қазақ білмегенін қартынан сұрайды», «Есік алды төбе болса, ерттеп қойған атпен тең, ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген мақалдар осы пікірдің айғағы. Жақында Тастөбе ауылдық округінде қарияларға қамқорлық көрсетіліп, тыл еңбеккерлеріне арналған ескерткіш-тақта орнатылды.

Қай кезде болмасын қаймағы бұзылмаған қаймана қазақтың ауылының түтіні түзу шыққаны керек. Дария кеуде, тау мүсін қариялардың бүгінгі хал-ахуалы қандай? Соны бір сәтке ойлап, байыбына барып көрдік пе? Өмірден көргені мен көңілге түйгені көш басында жүретін ауыл ақсақалдары барда қазақтың өмір қағидасына айналған, сан ғасырлар бойы әдет-ғұрыптар мен салттардың атадан балаға мирас қылып қалдырып, қадағалап отырған ақсақалдар мектебінің құндылығы әлі күнге дейін маңызын жоймағандығын аңғартады. Қазақ ауылында бала тәрбиесіне бүкіл ауылдың үлкендері, әсіресе, қарттары араласқан. Олай дейтініміз, тыл ардагерлеріне арналған ескерткішті қою бастамасы сөзі дуалы, бәтуәлі ауыл ақсақалдары көтеріп, бір байламға келген. Ауыл арасында ақсақалдар бас қосқанда осы мәселені жиі ауызға алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттерді дарыту жайын да қозғаушы еді. Осынау игілікті істі іске асыруда еліміздің түкпір-түкпіріндегі тыл еңбеккерлері ұрпақтарының басын қосып, ата-бабаларының аты-жөнін, жылы мен жасын анықтау секілді күрмеуі қиын жұмыстардың басы-қасында жүрген аузы дуалы ақсақалдардың еңбегі ұшан-теңіз екені ақиқат.

Ескерткіш-тақта ауыл тұрғындарының және аудан әкімінің қаржылай қолдауымен, «Мекада» ЖШС-нің басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Базархан Байтаевтың демеушілігімен салынғанын айта кеткен ләзім. Қазіргі таңда ескерткіш-тақтаға 400 тыл ардагерінің аты жазылған. Осы игі іске белсенділік танытып ауылға келген қонақтардың қарасы мол болды.

Тастөбе ауылындағы тыл ардагерлеріне арналған ескерткіш-тақтаның ашылу салтанатында Қаратал ауданы әкімдігінің аппарат басшысы Қанабек Есботанов сөз алып, «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, ауыл ақсақалдарының жас ұрпаққа тәлімді тәрбие берудегі ерен еңбектерін тілге тиек етті. Кәсіпкер Базархан Байтаев тұрғындардың өтініш-тілегін жерге тастамай, ауылға көмегін тигізгені үшін өзін бақытты санайтынын жеткізді. Ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Нұрбай Мақатов, Тастөбе ауылдық округінің әкімі Алмас Байғонысов ауыл жұрты үшін маңызы зор ескерткіш-тақтаның орнауына бір кісідей атсалысқан, игілікті іс-шараға мұрындық болған азаматтарға алғысын білдірді. Тыл еңбеккері, осы ауылда талай жылдар жемісті қызмет атқарған Нұрсұлтан Бәрімбеков сонау сұрапыл соғыс жылдарында тылда еңбек жасаған жанкешті жандардың тындырымды ісін еске алып, тылдың қуатымен, Отан үшін майдан даласындағы кескілескен соғыс нәтижелі болғанын жеткізді. Қазіргі таңда ауылдағы Шолпан Байғонысова, Бодан Қалиев, Болтай Қалиева секілді тыл еңбеккерлері ғана күркіреп күндей өткен сұрапыл соғыстың ащы зардабы мен ауыр да бейнетті еңбек жайында әңгіме айтар.

– Кегенде анам Күншайым тылда еңбек еткен қиын-қыстау заманды әңгімелеп отыратын, – дейді Тастөбе ауылдық округінің бас маманы Камила Солтанқұлова. – Кейін отбасын құрып, осы ауылға келгенде қайын атам, Ұлы Отан соғысының ардагері Оразымбет Нұрбеков сол кезде ерлер майдан даласына аттанғанда, әйелдер бала-шаға тәрбиесімен айналысып қана қоймай, қоғамның бар жүгін нәзік иықтарымен көтергенін айтатын. Сол кезде әйелдер ауылда ат-арбаға мініп, қызылша, бидай екті. Қолмен егін орып, оны диірменге тартып, майдан даласына жөнелтіп отырған. Өлеусіреген майшамның жарығымен ұршық иіріп, жүн түтіп, шұлық, кеудеше секілді киім-кешекпен жауынгерлерді қамтамасыз етті.

Іс-шарада «Мекада» ЖШС-нің басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Базархан Байтаев пен Нұрсұлтан Бәрімбеков ақсақал көгілдір лентаны салтанатты жағдайда қиып, тыл еңбеккерлеріне арналған ескерткішті ашты. Осыдан соң жұртшылық ескерткіш-тақтаға жазылған еңбеккерлер тізімімен танысты. Айтулы оқиғаның құрметіне жылқы сойылып, ауыл тұрғындары мен қонақтарға ақжарма дастарқан жайылып, аруақтардың рухына Құран бағыштатылып, ас берілді. Ауылдастар игі іске көп көмегі тиген Серік Құмаровтың иығына шапан, Роза Тұрысбаевағa камзол жауып, қаржылай сый-сияпат жасады.

Осылайша тыл ардагерлерінің тағдырлы тарихы да тасқа қашалып, мәңгілік есте қалды.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

ЖАЙДАРМАН

Жас ғалымдардың жеңісі

Бұл жүлденің бұрынғы жүлдеден орны бөлек. Өйткені, білектің күші емес, білімнің күші сыналатын халықаралық сайыста қазақ жастары топ жарды. Нақтырақ айтқанда, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлектері Солтүстік Кипрдің Лефкоша қаласындағы Таяу Шығыс университетінде өткен Еуразияның сәулет-құрылыс және дизайнерлік мектептерінің VI халықаралық фестивалінен жеңіспен оралды.

Отандастарының қазанаттай қарғып жеткен биігін сүйіншілеу – азаматтық парыз. Олай дейтініміз, үміткерлері бір емес, Болгария, Түркия, Молдова сынды көптеген мемлекеттерден Кипрге келген бәсекеде тағы қазақ бәсі биік тұрды. Дүбірлі доданың табысы да оңай қолға келмеді. Сайыс бес номинация бойынша сараланды. Нәтижесінде, дипломдық жобалар байқауының қорытындысы бойынша С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлектері жүлделі орынға қол жеткізді.

Айта кетейік, «Ғимараттар мен құрылыстарды өндіру технологиясы» номинациясында бақ сынаған Милена Айтнякованың жұмысы құрылыс мамандығы бойынша күміс жүлдеге лайықты деп танылса, ал «Азаматтық ғимараттардың сәулеті» номинациясына қатысқан Денис Акининнің «Bright Tower» сейсмикалық төзімді тұрғын үй кешені, Осака қаласы» дипломдық жобасы сәулет мамандығы бойынша үшінші орынды қанжығасына байлап қайтты.

Бұл туралы Денис Акининның ғылыми жетекшісі Леонид Булыга: «Еуразиялық кеңістіктегі сәулет-құрылыс мектептерінің шығармашылық қызығушылықтарын бір арнаға тоғыстыру, менің ойымша, өте дұрыс қадам. Бұл дәстүрлі фестивальде студенттер еліміздің намысын лайықты қорғап шықты. Олар басқа да байқаулардан жүлдесіз оралған емес», – деп ағынан жарылды.

Қуанбай көріңіз: ғылым мен білімнің, біліктің күші сыналған сында тәуелсіз елдің таланттары топ жарғасын. Бұл да болса алаңсыз білім алып, дамылсыз талаптануға мол мүмкіндік берген елдіктің, егемендіктің арқасы десек артық айтқанымыз емес.

Қ. ӘБДІҒАПАР.



ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

АЛАШТЫҢ ақыны



Ахмет Байтұрсынов қазақтың ақыны, жазушысы ғана емес, ұлт азаттығы үшін қалам ұстап күрескен қайраткері. Оның қазақ тарихында алғаш рет мерзімді басылым арқылы ұлтты оятқан жалынды мақалалары мәңгілік мұрамызға айналды. Әдебиетте аллегориялық әдісті қолданып, елді маса болып ызыңдап, білім алуға, қатарынан қалыспауға, өркениетке шақырды.

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым екі аяқты,
Адамдық хайуанға қанша қажет?! – дейді ол. Өлеңдерінде халықтың сауатын ашу, адамгершілігін ұлғайту, еңбекке баулу, ғылымға үйрету басым.

ҰЛТТЫ ОЯТҚАН ұран



XX ғасырдың басында елдің еңсесін көтерген алғашқы жинақ «Оян, қазақ!» кітабы болды. Авторы – журналист Міржақып Дулатұлы. Санкт-Петербург қаласында басылған кітап отаршыл саясаттан қысымға ұшыраса да, халықтың арасында тез тарап кетті.

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты, – деп жырлайды Міржақып. Айта кету керек, бұған дейінгі қазақ жырларында мұндай сарында өлеңдер кездеспеген еді. Міржақып қазақтың бейқамдығын, жалқаулығын, ойын-сауық құған көңілін, оқу мен сауат ашуға, өндірісті дамытуға жоқтығын сынады. Жай қара сөзбен мақала жазып та, өлеңмен өткір теңеулер құрап та сын тезіне салды. Бүгінде де ақынның мұрасы өз құнын жойған жоқ.

ЕЛГЕ КҮН болған ер



Небәрі жиырма жеті жыл ғұмыр кешкен Сұлтанмахмұт Торайғыров бала кезінен оқуға ынтықты. Қалтасы жұқа талапты жасқа қалың елі қол ұшын созып, Ресей жеріне оқуға аттандырды. Білімін жетілдіріп қайтқан жас қазақ қоғамын оятып, жалынды жырлар жазды. Күншілдікті, сараңдықты, кері тартқан ескі көзқарастарды айқын мысалдармен сынап, өлеңдер шығарды. Оның қолдан-қолға өткен туындылары сол кездің өзінде жастар арасында кеңінен танылды.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін! – деп жырлайды ақын. Аз жылдық ғұмырында ақын бес томға жуық еңбек қалдырып кетті.

ҰРПАҚ ҚАМЫ

АРНАЛЫ СӨЗ

ның жетім балаларына жәрдемақы берілмеген. Онда да құжаттарын дайындау кезінде мамандар жетімдердің әжелеріне мемлекеттен қолдау ретінде жәрдемақы алуға болатынын түсіндірмеген. Алакөл ауданындағы 7 балаға қамқорлық құжаттамасы әбден кешіктіріліп жасалған. Осы ауданда тұратын С.А. Мырзақанова есімді азаматша екі баласына берілетін жәрдемақыны 2015 жылдың қарашасынан осы уақытқа дейін алмай келген. Оған ата-анасының бірінің келісімі жоқтығы кедергі келтірген. Дегенмен, жергілікті әкімдік С.А. Мырзақанованы балалардың қамқоршысы деп танып, қамқорлыққа алу құқығының дұрыстығын анықтаған. Бюрократиялық кедергі балаларға берілуі тиіс жарты миллион теңге жәрдемақыны кешіктірген. Қазір осы іске жауаптыларға қатысты қылмыстық іс қозғалып, сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметі сотқа дейінгі тергеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Мұндай заңсыздықтар балалар үйлері мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мемлекеттік мекемелердің көпшілігінде кездеседі. Ең сорақысы, жетімдердің жеке есеп карточкасындағы қаржыны жымқыру деректері анықталған. Балаларды банкке алдап апарып, керекті ақшасын алған тәрбиешілер жауапқа тартылып, шығындар толығымен қалпына келтірілген. Одан бөлек, бала-шағасына алимент төлеуден жалтарған 98 адам анықталып, соттың қарауына берілсе, бала саудасын жүргізушілердің жолы кесілген. Мәселен, прокуратура мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары 2014 жылы Лапшина есімді жетімді Италия азаматтарының заңсыз жолмен елден әкетпек болғанын анықтап, қылмыскерлердің жолын кескен. Осы оқиғаға Бас прокурор араласып, заңсыздықтың алдын алғаны белгілі. Жақында ғана облыстық перзентханада 10-нан астам баланы саудаламақ болғандар сотталған. Есік қаласындағы аудандық перзентхананың қызметкері жаңа босанған әйелді баласын 35 мың теңгеге саудалауға көндірген. Осыған байланысты қозғалған қылмыстық іске қатысты тергеу амалдары жүргізілуде. Тізе берсек, мұндай заңсыздықтар облыстың барлық аймағында кездеседі. Сонымен қатар, жетімдерді баспанамен қамту деңгейі төмен. Мәселен, 2014–2015 жылдар аралығында кәмелеттік жасқа толған 226 жетім мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алған. Одан бөлек, жетімдердің меншігіндегі жылжымайтын мүлкін заңсыз пайдаланып, түскен табысты өздері қолданып келген балалар үйінің жетекшілері анықталып, жауапкершілікке тартылды.

Мемлекеттен бөлініп отырған қаржыны тиімсіз пайдалану деректері де көптеп кездеседі. Мәселен, «Қамқор» мекемесі құны 2 жарым миллион теңге тұратын құрылғыны 5 жыл бойы қолданбаса, Шелек ауылындағы сәбилер үйі «Биоптрон» атты медициналық техниканы 1 жарым жыл бұрын сатып алып, осы уақытқа дейін орамынан шығармаған.

Баяндамашы келтірген деректерді мұқият тыңдаған облыс әкімі Амандық Баталов Жетісу өңіріндегі жетім балалардың мәліметтері жинақталған электронды карта жасауға көмектесетінін, биыл Талдықорған қаласында жетім балаларға 60 пәтер берілгенін, сонымен қатар, «Асыл арман» тұрғын үй кешенінен тағы 100 пәтер жетімдерге сатылып алынғанын жеткізді. Осыған байланысты балалар үйі мен мектеп-интернатты бітіруші жетім балаларға үй сатып әперуді дәстүрге айналдыру қажеттігін атап өтті. Жетімдердің құқын қорғау мәселесі өзекті екендігін еске салған өңір жетекшісі жауапты сала басшыларына тапсырма беріп, прокуратура мамандарына облыс әкімдігі тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Өз кезегінде сөз алған Зағипа Балиева, Аружан Саин, Панагүл Шыныбаева балалар арасындағы өз-өзіне қол салудың алдын алу өзекті екендігін атап өтіп, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру қажеттігін, ол үшін мектеп психологтарына үлкен жауапкершілік жүктелетінін ескертті. Сонымен қатар, Парламенттегі Бала құқықтары жөніндегі комитетке қажетті мәліметтер жүйесін құру, көпшілікке жетім балаларды бағып алу мәселесінің сауапты іс екендігін түсіндіру кезектігі мәселе болып көтерілді. Өйткені, жетімі мен жесірін жылатпаған халқымыздың ғасырлық тәжірибесі қолданысқа енгізілгенде ғана еліміздегі балалар үйінің саны азаяды. Осыған орай облыс әкімі Амандық Баталов қажетті көмекті беруден тартынбайтынын, жетім баланың жасын сүртудің сауапты іс екендігін айтып өтті.

– Мұндай заңсыздықтардың орын алуына бәріміз кінәліміз. Жетімнің нәпақасын жеп, мемлекет қаржысын заңсыз жолмен жымқырушылар жауапсыз қалмауы тиіс. Сол үшін әрбір жетім баланың мәліметтері жинақталатын жүйе жасалып, суицидті болдырмауға қатысты жұмыстар толассыз жүруі керек. Балалар үйлерін азайтуға күш салғанымыз жөн, – деген облыс әкімі көпшілікті жақсылық жасауға шақырды. *– Жетімнің нанын тартып жеуден қорқу керек қой. Адам көрмегенді Алла көреді. Шындығында кімнің не істеп жатқанын Жаратқан Алла көріп тұр. Менің есімнен Қожа Ахмет Иассауидің басынан өткен бір оқиға шықпайды. Ұстазы сабақ оқып жүрген 20 шақты шәкіртін жинап:*

– Әрқайсың бір-бір тауықты Құдай көрмейтін жерге апарып, сойып келіңдер! – деп тапсырыпты. Сонда өзге шәкірттері берілген тапсырманы орындап, тауықты өздері білетін жерде сойып келсе, жалғыз Ахмет Иассауи ғана тауықты бауыздай алмапты. Сосын ұстазына:

– Мен Құдай көрмейтін жерді таппадым, – деп жауап беріпті. Міне, ұлы ғалым айтқандай, әрбір адамның Жаратқан Алла тағаланың назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан жетім-жесірді жылатуға болмайды. Ондай әрекет тіптен болмауы тиіс. Балалар үйінде тәрбиеленушілерді өз балаларымыздың орнына қойып көрелікші. Сонда ғана ненің не екендігін ажыратамыз. Жетімдерді өз баламызбен тең көргенде ғана жанашырлық оянады. Балалар үйіндегі мамандарды іріктеуде осы қасиет басты анықтауыш болуы керек.

Жиын аясында Жетісу өңіріндегі балалар үйлері мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мемлекеттік мекемелердің жайкүйін сипаттаған бейнефильм көрсетілді. Жиынды қорытындылаған облыс прокуроры Ғабит Миразов жетім балалардың халахуалын қадағалау жұмыстарының толастамайтынын, мемлекет қаржысының мақсатты жұмсалуын тексерудің жалғасатынын жеткізді.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№127 (18259)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 15 қараша, 2016 жыл.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ӨНДІРІС ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Ежелден аграрлы өлке болып саналатын Алматы облысында Елбасының стратегиясына сәйкес индустриялды-инновациялық жобалар жүзеге асырылып, халық тұтынатын тауарлар өндіретін кәсіпорындардың қатары көбейіп келеді. Бір ғана Қарасай ауданында 18 ірі өндірістік кәсіпорындар жұмыс істеуде. Олардың 16-сы сапа менеджменті және халықаралық ИСО жүйесінің сертификатын алған.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Іргелі ауылдық округінде орналасқан «Алтын жұлдыз» тігін фабрикасының өнім шығара бастағанына көп бола қоймаса да, қазірдің өзінде тапсырыс берушілердің сеніміне ие болып үлгерген. Сонау 2007 жылы Алматы қаласында шағырақ көтерген шағын цех алдымен ғимараттарды жалға алып, аз мөлшерде өнім шығарып көрген. Жұмыстары жүре бастағанда өндіріс көлемін ұлғайту мәселесі туындаған. Алматы аумағынан өндірісті дамытуға қажетті жер табу күрделі болғандықтан құрылтайшылар қала іргесіндегі Іргелі ауылына ат басын тіреген.

– Алдымен төрт адамнан бастаған кәсібіміз қанат жая бастағаннан кейін азды қанағат тұтпай, болашақта атқарылар жұмыстарды есепке ала отырып бір гектар жер сатып алдық, – дейді кәсіпорынның құрылтайшысы Жанат Алтынхадис. – Содан кейін ғимараттың құрылысын қолға алдық. Екі жыл ішінде құрылыс жұмыстары аяқталып, 2015 жылдың наурыз айында 7500 шаршы метр аумағы бар фабрика пайдалануға берілді. Содан бері тапсырыс бойынша арнайы киім тігумен айналысып келеміз.

Тігін цехтары, қоймалар, өзге де әлеуметтік құрылымдары бар еңселі ғимарат алыстан көзге шалынады. Ішкі жайлылықтарымен қоса кәсіпорынның сыртқы әсемдігіне көңіл бөлген өндіріс иелері ауланы әрлендіріп, жүк тиейтін көліктердің кіріп-шығар жолына дейін мұқият ойластырып қойыпты. Ал, ғимарат ішінен тазалық пен реттілік аңғарылады.

Біз келгенде тігін цехында қызу жұмыс жүріп жатты. Қаз-қатар қойылған 200 тігін машинасының тетігін меңгерген қыз-келіншектер бөгде адамдарға көңіл аудармай, өз жұмыстарымен айналысуда. Киім пішетін үлкен үстел айналасына топтасқан жас қыздар тәлімгердің айтқан сөзіне құлақ қойыпты.

– Біз Алматыдағы сән және дизайн колледжімен ынтымақтастық орнатқанбыз, – дейді Жанат Алтынхадис. – Олардың 2 және 3-курс студенттері өндірістік тәжірибесін біздің кәсіпорында өтеді. Істеген жұмыстарына қарай жалақысын төлейміз. Әрине, оларды жатақханадан алып келу-апару, түскі астары мекеме есебінен. Себебі, кәсіпорынға жақсы мамандар ауадай қажет. Оқулары аяқталғаннан кейін колледж бітірген жастардың көбі бізде жұмыстарын жалғастырады.

Фабрика әзірге үлкен фирмаларда еңбек ететін адамдар үшін арнайы жұмыс киімдерін тігуді жолға қойған. «Тапсырыс берушілерден тапшылық көріп отырғанымыз жоқ», – дейді өндіріс иелері. Мысалы, бүгінгідері «Ақтөбе CNPC», ақтаулық «MMJ» мұнай кәсіпорнының, «Астана ЭХРО» және «Арабшек» компанияларының қысқы жұмыс киімдерін тігумен айналысып жатыр. Сонымен қатар кәсіпорын тапсырыс берушінің қалауына қарай қыстық қолғаптар, шұлықтар, басқа да киімдерді дайындап бере алады.

– Өзге де өнімдер шығару жоспарларыңызда бар ма? – деген сауалды көлденең тартқанбыз. – Мысалы, түрлі азаматтық костюмдер, сәнді көйлектер, қыстық пальтолар тіге аласыздар ма?

– Әрине, аталған бағыттағы өнімдер шығару болашақ жоспарымызда бар. Алайда, ол үшін өте тәжірибелі мамандар қажет. Тұтынушыларға ұнайтын тауар шығару үшін ең алдымен оның сапасы жақсы болуы керек емес пе? Ал біз жаңадан құрылған кәсіпорын болғандықтан тігіншілеріміздің шеберлігі әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Жалпы, маман тапшылығы сезілуде. Мысалы, біздің цехтарымызда 200-ге жуық тігін құрылғысы қойылғанымен қазір өндірісте 75 адам еңбек етіп жатыр. Алматыдан келіп істегісі келетіндердің қатары көп емес. Сондықтан Кемертоған ауылында үйлерінде бос отырған қыз-келіншектерді жұмысқа шақырып, оларды үйретумен біздің тәжірибелі шеберлер айналысып келеді. Тек үйренгендері үшін ғана айына 20 мың теңге төлейміз. Осылайша, өзімізде тұрақты еңбек ететін тігіншілер қатарын көбейтіп, шеберлігін қажетті деңгейге көтеріп алсақ, бұдан да күрделі өнімдер шығаруды жолға қою жоспарымызда бар.

«Алтын жұлдыз» тігін фабрикасы болашаққа бағдарланған кәсіпорын екенін оның ішін аралаған кезде аңғарғанбыз. Мұнда бүгіндері жұмыс істеп тұрған цехтармен қатар баскиім, аяққиім тігетін қондырғылар орнатуға арналған үлкен бөлмелер сақадай сай тұр. Сонымен қатар, болашақта ұлттық салт-дәстүрді дамытуға үлес қосатын шеберхана ашу көзделуде. Үзіліс кезінде демалатын орын, ауысым аяқталғанда жуынатын бөлме де талаптарға сай жабдықталған. Осындай жаңадан ашылып, қанатын кеңге жайып келе жатқан кәсіпорындардың арқасында елімізде кенжелеп қалған жеңіл өнеркәсіп өркен жайып, әсіресе әйелдер қауымы еңбекпен қамтылмақ.

Қарасай ауданы.





Суреттерді түсірген автор.

БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ЕЛДІКТІҢ НЫШАНЫ



Мемлекеттің егеменді ел екенін айқындайтын бірден-бір белгі – төл валютасының болуы. Бұл – мемлекеттің нағыз ел болып қалыптасқанының нышаны. Әрине, Ұлттық валютаны енгізу көп күш пен еңбекті талап етті. Десе де еліміз тәуелсіздігін алғанына 2 жыл толар тұста, дәлірек айтсақ, 1993 жылы 15 қараша күні теңгені ресми түрде ақша айналымына енгізді. Демек, бұл күн қазақстандық валютаның дүние есігін ашқан күні болып есептеледі. Міне, содан бергі 20 жылдан астам уақытта төл теңгеміз өзінің өміршеңдігін әйгілеп, елдігіміздің маңызды нышаны ретінде егемендігімізді танытып келеді.

Қажет АНДАС

Өткенге көз жіберсек, ең алғашқы дизайны қалам, калька және тушь арқылы салынып, әрлеушілердің қолынан өткен теңгенің бірінші топтамасы Лондонның Harrison & Sons фабрикасында басылып шығарылғанын білеміз. Оны елге жеткізу үшін тасымалдаушылар 18 әуе сапарын жасаған. Елімізде ақша басып шығаратын өз фабрикамыз 1995 жылы ашылды. Соның арқасында Қазақстан ерекше атаулы күндерде мерекелік банкноттар шығаруға мүмкіндік алды. Бір айта кетерлігі, теңге — жалған ақша жасаушыларға қарсы тұра алатын әлемдегі ең қауіпсіз валюта. Американдықтар теңгенің технологиясына сүйеніп, доллар қауіпсіздігін күшейткен. Тіпті, теңге банкнотасы қатарынан үш рет 2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды. Демек, осындай күрделі де қызықты жолдардан өткен төл теңгеміз бүгінгі еліміздің жарқын келешегін жасаудың басты бағдарына айналуда.

Десе де, төл теңгеміз айналымға түскелі талай қиындықты бастан өткергенін мойындаймыз. Өткен жылдың тамыз айында еркін айналымға жіберілген төл теңгеміздің бағамын енді нарық нарқы анықтайды. Сарапшылардың пікірінше, мұнай экспортына тәуелді Қазақстанның Ұлттық валютасының құнсыздануы әлемдік нарықтағы мұнай бағасының күрт төмендеуіне тікелей байланысты. Бірақ жыл басында 35 долларға дейін құлдыраған мұнай бағасы қазір біршама тұрақтанды. Осыған орай теңгеміз де нығая түсті. Ендеше, бұл жерде мәселе тек әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуіне ғана байланысты емес.

Ұлттық валютамыздың беделіне Қазақстан экономикасының шектен тыс долларланып кетуі де көлеңке түсіруі мүмкін. Төл теңгемізді тұйықтан шығаруда ҚР Ұлттық банкінің ықпалды шаралары мен батыл бастамалары керек. Төл теңгенің туған күніне орай Ұлттық банк өкілдері Алматыда бас қосып, өзара пікір алмасты.

Жиналғандардың айтуынша, теңгеге деген сенім жоғалған емес. Биыл қаңтардан бастап Ұлттық валютада сақталған депозиттердің үлесі 58-ден 70 пайызға дейін артқан. Жеке тұлғалардың 80 пайызы жинақтарын теңгеде сақтауды ұйғарыпты. ҚР Ұлттық банк төрағасының пайымынша, бұл — теңгеге деген сенім мен азаматтардың отансүйгіштік сезімі оянуының белгісі.

Рас, отансүйгіштік отбасынан басталатыны белгілі. Демек, оның бір көрінісі өзіміздің төл теңгемізге деген сенімде жатқанын білеміз. Сондықтан Мәңгілік Ел болу жолында төл теңгенің арқалайтын жүгі аз болмайды. Сан сынақтан сүрінбей өткен Ұлттық валютамыз алдағы уақытта да абыройлы белестеріміздің бағдаршамы бола бермек.

СЕЛЕКТОР

Тоғыз облыс аусылдан таза

Үкімет басшысы Бақытжан САҒЫНТАЕВ кезекті селекторлық жиынын өткізді. Онда ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инвестициялық ахуалды жақсарту, келесі жылы Алматы қаласында өтетін 28-ші Бүкіләлемдік қысқы универсиадаға дайындық мәселесі қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов ветеринарлық саланы жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Соның ішінде әсіресе малға қажет дәрі-дәрмектермен, сала мамандарымен, ветеринарлық пункттерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесіне баса көңіл бөлінді. Ауру малдың өлекселері көмілген ошақтарды қоршау мен әртүрлі жұқпалы аурудың алдын алу мақсатында қолға алынып жатқан іс-шаралар да сөз болды. Қайрат Қапарұлы әсіресе жаз мезгілінде таралатын қауіпті аурулардың көбі негізінен орталық пен өңірлер арасында үйлестірудің болмауынан орын алатынын атап өтті. Осы ретте министрлік бірқатар шара қабылдаған. Әкімдіктермен бірге жыл соңына дейін вакциналау, сәйкестендіру және диагностикалық зерттеулер бойынша қабылданған іс-шараларды күшейту бағытында бірлескен жобалары бекітіліпті.

Нәтиже жаман емес. Мәселен, бірінші қарашадағы жағдай бойынша адамдар мен жануарлардың бруцеллезбен ауруы былтырдың осы кезеңімен салыстырғанда қырық пайызға төмендеген. Бұған қоса, қолға алынған нақты іс-шаралардың арқасында жануарлар мен адамдардың ауру жұқтыруы азайған. Мұндай жұмыстар алдағы жылы да жалғаспақ. Сондай-ақ, халықаралық эпизоотикалық бюроның шешімімен республиканың тоғыз облысының аумағы ресми түрде вакцинациялаусыз аусылдан таза аймақ болып танылыпты. Олар Ақмола, Атырау, Ақтөбе, БҚО, Қарағанды, Қостанай, СҚО, Павлодар және Маңғыстау облыстары. Қалған бесеуі бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып, нәтижесінде келесі жылы Қазақстан аусылдан таза аймақ атануы мүмкін.

Осыған байланысты Үкімет басшысы ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргізіліп жатқанын, десек те жоспарланған іс-шараның бәрі бірдей орындалмағанын сөз етіп, Қайрат Қапарұлына ветеринарлық қызметтердің жұмысын бақылауды күшейтуді және мал қорымдары мен сібір жарасымен ауырған малдардың қорымдарын Мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етуді және жоспарланған мерзімге дейін Қазақстанның бес облысының вакцинациялаумен аусылдан азат аймақ мәртебесін алуы үшін жұмыс жүргізуді тапсырды.

Екінші мәселе жөнінде сөз еткен ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек биыл елде тікелей инвестициялар ағымы артқанын мәлім етті. Мәселен, бірінші жартыжылдықта тікелей шетелдік инвестициялар ағымы 25,8%-ға артып, 9,3 млрд. долларды құраған. Бұған қоса, инвестициялардың 60%-ға жуығы тау-кен өнеркәсібі және геологиялық барлауға, 15% – өңдеу саласына, 9% – саудаға және 5% құрылысқа тиесілі екен. Сонымен бірге министр салалық мемлекеттік органдармен, облыс әкімдіктерімен және ұлттық компаниялармен бірлесіп, 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін өңірлер мен салалар тұрғысынан алғанда тауашалы жобалар тізімін әзірлеп, оларды халықаралық стандарттарға сай рәсімдеу жоспарда бар екенін және Қазақстан ЭЫДҰ-ның инвестициялар жөніндегі комитетіне енуі мүмкін екендігін мәлім етті.

Бұдан соң Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек келесі жылы өтетін Бүкіләлемдік қысқы универсиадаға дайындықтың өз деңгейінде жүріп жатқанын баяндады. Жиын соңында Бақытжан Әбдірұлы халықаралық инвесторлармен жұмысты тиімді жүргізуді және «Универсиада – 2017-ге» дайындықты одан әрі күшейтуді жүктеді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

СОТ ЖҮЙЕСІ өрісті дамуда 2-бет

НҰРҒИСАДАН бата алған 3-бет

ТӘУЕЛСІЗДІК – тірегім 4-бет

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ЖЕМІСТІ ЖҰМЫСТАР жалғасуда

Қаратал ауданы — Жетісу өлкесіндегі өркені өсіп, экономиканың әр саласында ілкімді істер қанат жайып келе жатқан іргелі өңір. Аудан жұртшылығы ел мүддесі жолында аянбай еңбек етіп, киелі жердің көркеюіне елеулі үлес қосып келеді. Жұрт игілігі үшін жаңа ғимараттар салынып, жолдар төселіп, тындырымды істер атқарылып жатыр.

Ауданымызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қ. Айтаханов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты В. Олейник, «Нұр Отан» партиясының орталық аппараты партиялық бақылау департаментінің басшысы Н. Баймырзаев, «Нұр Отан» партиясы орталық аппаратының ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің инспекторы Ж. Қалтаев, облыс әкімінің орынбасары Ғ. Әбдірайымов, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғ. Сарыбаевтар болып, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында Үштөбе қаласында салынып жатқан 320 орынды балабақша құрылысымен танысты. Бас мердігер «TOLAGAI-2050» ЖШС жүргізіп жатқан құрылысқа Ұлттық қордан жалпы құны 738, 9 млн. теңге қаражат бөлінген. Екі қабатты нысан жуырда пайдалануға берілмек.

Алдымен «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының желілік кестесіне сәйкес штабта саяси кеңес бюросының отырысы өтті. Отырысты «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Қайрат Бисембаев ашып жүргізді. Облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғ. Сарыбаев, аудандық партия филиалының саяси кеңес бюросының мүшелері, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық бөлім басшылары қатысқан отырыста фракция жанындағы «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша комиссия мүшелерінің есептері тыңдалды. «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан балабақша құрылысының жұмысы туралы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Д.Ұзақбайдың есебі тыңдалып, балабақша құрылысын жүргізіп отырған мердігер компания басшыларына балабақша құрылысын сапалы аяқтау туралы тапсырма берілді.

Сондай-ақ, депутаттар аудан әкімдігінің үлкен залында аудан активімен жиын өткізді. Көпшілік алдында сөз алған аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы С. Беков көп жылдан бері шешімін таппай келе жатқан Үштөбе — Талдықорған жолына жаңа асфальт төселіп, ауыл арасындағы жолдарға да күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуіне жәрдем берген облыс әкімі А. Баталовқа аудан ақсақалдары атынан алғыс айтса, славян этномәдени орталығының жетекшісі В. Спиридонова ауданда «Балапан» бағдарламасы аясында балабақшалар ашылып, үйде отырған аналарға жұмысқа орналасу мүмкіндігі туып отырғанын жеткізді. Депутаттар елді мекенде тұрғын үй құрылысын жандандыру, жерді тиімді пайдалану, шағын және орта бизнесті дамыту секілді бірқатар өзекті мәселелерді алға тартып, өңірдің барынша дамуы үшін еселі еңбек етуге шақырды.

А. БАҚЫТҰЛЫ.
Қаратал ауданы.

Баспасөз – 2017

Дара басылымның сара жолы



Ерлан АНДАСБАЕВ,
профессор, техника ғылымдарының докторы,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті физика-математика факультетінің деканы.

Қашанда өткен мен бүгіннің арасына алтын көпір болып, ел мерейін, жұрт беделін өсіретін алтын арқау – баспасөз екендігі баршаңызға мәлім. Жетісу өлкесінің айнасы болған ардақты басылым «Жетісу» газеті қашанда арманымызды ұштайды. Оқырман саны жыл сайын көбейіп, мазмұны байып, көркемдігі көз тартардай түрленіп келе жатқан тарихы терең «Жетісу» газетін оқу арқылы ойымызды байытып, өңірде атқарылып жатқан істерден дер кезінде хабар алып отырамыз.

Ұлылықтың ұлылар өскен топырақтан бастау алатыны анық. Осы тұрғыдан келгенде, кешегі ел бастаған бабалар мен сөз ұстаған шешендер, қарымымен халқын, туған жерін қорғаған батырлар мұратын мұра еткен жетісулықтар жыл сайын басылымның сапасы мен санын арттыруда белсенділік танытып келе жатқаны көңіл қуантады. Халқымызда: «Көз жетпеген жерге сөз жетеді», – деген сөз бар. Әлбетте, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы атанған «Жетісу» газеті жүз жылға жуық тарихында талай жүрекке жігер, сенімге серпін берді. Мен қаламгер болмасам да ғылымнан бақыт іздеген қажырлы жолымда ата басылымның ақиқатқа толы бағдарынан қуат алып отырдым. «Жетісу» газетінде жазылған аға буынның өнегелі өмір жолы, қажырлы еңбегі кезіккен қиындықтарды жеңіп, табандылықпен алға ілгерілеуіме рухани көшбасшы болды. Қадірлі басылым басқа да көптеген ғылым жолында ізденіп жүрген жастарға үлгі-өнеге болғаны айтпаса да түсінікті. Алдағы уақытта да газет қара ормандай оқырманымен мәңгі жасайды. Сондықтан әріптестерім мен шәкірттеріме дара басылымның тұрақты оқырманы болып, оның сара жолын әр уақыт бағамдап, ақпарат ағынынан қалыс қалмауға шақырамын.

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Облысымызда түрлі саланы дамытудың кешенді жоспарлары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласына қан жүгіріп, өлкемізде көз сүрінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Әсіресе, Талдықорған қаласының сәулеті мен салтанатын арттыра түсетін ғимараттардың әрбір жұмыс барысы облыстық әкімдік пен басқармалардың жіті қадағалауында.

Қажет АНДАС

Өткен аптада облыс әкімінің орынбасары **Ғалымжан Әбдірайымов** облыс орталығындағы бірқатар нысанды аралап шығып, құрылыс жұмысының қарқынымен танысты. Онда инженерлік-техникалық жұмыстарда орын алған кемшіліктерге сын-ескертулер айтты. Сондай-ақ, құрылыс компаниясының басшыларына көрсетілген кемшілікті белгілі уақыт шегінде түзетуді тапсырды. Әкім орынбасарымен бірге нысандарды аралауға қатысқан Талдықорған қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Әсет Шаяхметов пен облыстық сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы басшысының орынбасары Сәметай Дәулетханов нысандарды салуға пайдаланылған құрылыс материалдары мен оның сапасына, жұмыстың жоспарға сай орындалған-орындалмағанына баса назар аударды.

Әрине, бәрі де мінсіз деп айтудан аулақпыз. Орын алған келеңсіздіктердің көбі жұмыс сапасы мен техникалық қателіктерге қатысты болды. Әсіресе, құрылыс жұмысы жүргізіліп жатқан, әрлеу әлі аяқталмаған нысандарда кемшіліктер жоқ емес. Ал уақытынан бұрын тапсырылатын 16 қабатты қонақүйдің құрылыс сапасы көңіл көншітеді. Сондай-ақ, Көрме үйі, Салтанант сарайы, қазығы жаңадан қағылған облыстық драма театрының ғимаратындағы жұмыс қарқыны көпті ризашылыққа бөледі. Олар жұмыстың қарқын алуын қаржының дер кезінде шешілуімен және жұмысшылар санының артуымен түсіндірді. Аталған нысандардағы жұмыс жағдайы алдағы уақытта да бақылауда болады.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.



Қазақстан Республикасы Судьялар одағының кезектен тыс VII съезі 2016 жылдың 21 қарашасына жоспарланып отыр. Бұл жиында еліміздің сот жүйесіне қатысты көптеген маңызды мәселелер қаралып, сондай-ақ, Судьялар әдебінің жаңа кодексі қабылданады деп күтілуде. Бұл бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарының 19-қадамын іс жүзінде орындаудың бір бағыты.



СОТ ЖҮЙЕСІ өрісті дамуда

Тәуелсіздіктің 25 жылындағы отандық сот жүйесін дамыту жөніндегі реформалар елімізде құқықтық және әлеуметтік мемлекет қалыптастыру жолындағы жүзеге асырылған саяси, әлеуметтік іс-шаралармен тығыз байланысты. Қазақстанның тәуелсіз сот билігі тарихи тұрғыдан алғанда өте қысқа мерзім ішінде қалыптасты және қоғамдағы әлеуметтік дауларды заң негізінде әділ шешуді қамтамасыз етудің, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналды. Сот жүйесіндегі реформаларды жүзеге асыру барысында елімізде өткізілген судьялардың алты съезінің әрқайсының алар орны ерекше. Әрбір съезд сот жүйесінде атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алдағы уақыттағы даму жоспарларына бағыт беретін судьялар қауымдастығының негізгі форумы саналады.

Судьялардың тұңғыш съезі 1996 жылдың 19 желтоқсанында өтті. Осы форумда Судьялар одағы қоғамдық бірлестік ретінде құрылып, судья Әдебінің кодексі және Одақтың филиалдары жөнінде Ереже қабылданды. II съезде делегат-судьялар Қазақстан Судьялар одағының «Халықаралық Орталық Азия судьялар ассоциациясы» мен «Халықаралық заңгерлер одағына» кіруге бірауыздан дауыс берді. Судьялардың III съезі бірінші рет Астана қаласында өтті. Осы форумда сөз сөйлеген Елбасымыз: *«Сот-құқықтық жүйесінің ең басты нәтижесі – адамдар, өз құқықтарын қорғау үшін олар түптің түбінде сіздерге жүгінеді, мұндай жайт өркениетті қоғамдарға ғана тән»*, – деп атап көрсетті. IV съезде сот жүйесінде болып жатқан жетістіктерге баға беріп, сот төрелігін атқарудың сапасын жақсартуға, судьялыққа кандидаттарға талапты күшейтіп, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жаңа міндеттер жүктелді. Судьялардың V съезі негізінде дауларды балама тәсілмен шешудің тиімділігін арттыру мақсатында «Медиация туралы» Заң қабылданып, әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесімен азаматтар арасындағы даулар сотқа дейінгі үдерісте шешіле бастады.

Қазақстанның Судьялар одағы 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Халықаралық судьялар ассоциациясына толыққанды мүше болды. VI съезде Президент сот қауымдастығының алдына 5 міндет қойды: заң нормаларын жүйелі түрде жетілдіру үшін Үкіметке Жоғарғы Сотпен бірге Азаматтық процестік кодекстің жаңа жобасын жасау тапсырылды; соттардың құрылымын жетілдіру; даулар мен келіспеушіліктерді шешудің баламалы жолдарын енгізу; азаматтардың кең көлемде сотқа қолжетімділігін қамтамасыз ету; судьялар корпусының кәсібилігін арттыру. Сот құрылымы 5 сатылы соттан 3 буынды сот жүйесіне ауыстырылды, сөйтіп сот өндірісі халықаралық стандартқа көшіп, соттың шешімдері күшіне тез арада еніп, сот үдерісін жасанды созбалаңға салудан босатты. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік және Қылмыстық-атқару кодекстері күшіне енді.

Президент жариялы түрде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен Азаматтық процестік кодекстің жаңа редакциясына қол қойды. Азаматтық процестік кодексте азаматтық дауларды жедел әрі сапалы шешуге кедергі келтіретін тетіктер жаңғыртылып, заман талабына сай жаңашылдықтар қолданысқа енгізілді. Жаңа кодекстегі процессуалдық заң талаптары халықаралық талаптарға сай жүйеленген. Әсіресе, тараптарды татуластыру рәсімдерін одан әрі дамыту мәселесі, соның ішінде дауларды сотқа дейін, соттан тыс реттеу тәртібі, соттағы бітімгершілік рәсімдері кеңінен қарастырылған.

Қазіргі таңда негізгі халықаралық рейтинг көрсеткіштеріне сәйкес Қазақстанның сот жүйесі «Сот тәуелсіздігі» индексі бойынша 14-орынға көтерілген. Осылайша елімізде өткізілген Қазақстан тарихындағы алты съездің алға қойған міндеттері мен мақсаттарын орындау барысында әділ де мықты сот билігі құрылды. Қоғамда тұрақтылық, сенімділік, қауіпсіздік сезімдерін тудыратын заңдар жұмыс істейді, адам өз мүддесін қорғай алады. Соның қатарында Алматы облысы да көптеген жетістіктерге жетіп, өз жұмысын жетілдіруде. Оған статистикалық мәліметтер дәлел. Мысалы, биылғы 10 ай ішінде азаматтық істер бойынша барлығы 31 857 іс қаралып, оның ішінде 17 377 іске шешім шығарылған. Осы кезең аралығында облыс бойынша 14 981 әкімшілік құқықбұзушылық іс қаралған. Облыс соттары 4 087 тұлғаға қатысты 3 552 қылмыстық істі қарады. Қылмыстық істер бойынша бас бостандығынан айырылғандар саны – 1 939 адам. Оның ішінде 49 тұлға ақталса, 1 654 адамға қатысты іс қысқартылып, медициналық мәжбүрлеу тәртібі 9 тұлғаға қолданылды. Биылғы 10 айдағы статистикалық деректеріне сәйкес облыс соттары медиация тәртібінде қарастырған азаматтық істер саны 1501-ге жеткен. Оның ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасымен осы мерзімде 21 азаматтық іс қаралса, қылмыстық істер бойынша 778 іс медиация тәртібімен тоқтатылған. Партисипативтік тәртіппен облыс соттары 5 істі қараған.

Тәуелсіздік жылдарында сотқа біршама өзгерістер мен жаңалықтар енгізіліп, сот жүйесінің дамуына үлес қосылды. Соттардың қызметтеріне ақпараттық технологиялардың заманауи жетістіктері енгізілуде. Төрелік автоматтандырылған электронды құжат айналымы, Жоғарғы және облыстық соттардың Ғаламторкеңістігінде қатысуы, сотталушылардың және олардың адвокаттарының қатысуымен сот процестерін жүргізу кезінде бейнеконференцияларды пайдалану, процеске қатысушы сотқа келмей-ақ ғаламтор арқылы соттағы өзінің құжаттарының жылжуымен таныса алатын ақпараттық киоскілерді орнату – сот жүйесінде бүгінде қол жеткізілген жетістіктер. Сонымен қатар «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы 20-қадамда көрсетілген барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шаралары енгізіліп, «Аудио-бейне тіркеу жүйесі» судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырып, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда әділ сот қашанда халықтың ұйытқысы болмақ.

Егемендігіміздің 25 жылы ішінде қол жеткізген табыстарымыз, еліміздің қазіргі таңдағы тыныштығы мен қауіпсіздігі, көпұлтты халықтың бейбітшілігі мен ынтымақтастығы Елбасымыз жүргізіп отырған сарабдал саясаттың нәтижесі болып табылады.

Мейрамбек ТАЙМЕРДЕНОВ,
облыстық соттың төрағасы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жетекшілік ететін «Нұр Отан» қазақстандық қана емес, әлемдік деңгейде де бағыт-бағдары айқындалған және даму барысы дараланған партия.



МІНДЕТ АЙҚЫНДАЛДЫ

Замана талабына сай жемісті жұмыс істеп келе жатқан партияның Қаратал аудандық филиалының кезекті XVII есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Ондағы мақсат – аудандық партия ұйымының есепті жылдағы жұмысын қорытындылап, алдағы міндеттерді айқындау.

Аудан әкімдігінің үлкен залында өткен конференция жұмысына «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық саяси кеңесінің мүшесі Римма Салықова, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, аудандық мәслихат депутаттары, партия белсенділері, аудандық мекеме басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері мен «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері қатысты.

Конференция жұмысын жүргізген «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Қайрат Бисембаев «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының кезекті XVII есеп беру-сайлау конференциясын маңызды саяси оқиғалардың бірі деп атап өтті.

Жиын барысында күн тәртібіндегі үш мәселе қаралды. Алдымен аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының төрағасы Қайрат Бисембаев филиалдың 2015 – 2016 жылдардағы атқарған жұмысы туралы баяндама жасады. Онда Елбасының тапсырмаларын, партияның сайлауалды бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, аудан тұрғындары арасында саяси-әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және партия беделін арттыруға бағытталған жұмыстардың атқарылғандығы туралы атап өтті.

Екінші мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы Жаргысының 9-тармағының 6-бөліміне сәйкес, Қаратал аудандық филиалы Саяси кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Саяси кеңес мүшелерінің жаңа тізімі бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша партияның облыстық филиалдың кезекті XIX есеп беру сайлау конференциясына делегаттар сайланды.

Жандос ТЕҢЕЛБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы
Қаратал аудандық филиалы
төрағасының бірінші
орынбасары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасында терроризм және экстремизм қаупімен байланысты хабарларды қабылдайтын бірыңғай тегін «110 шұғыл желісі» іске қосылды. Егер Сіз терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру, үгіттеу және қаруландыру, радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағым өкілдерін оқыту, терроризм мен діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату фактілері туралы ақпарат естісеңіз немесе куәгері болсаңыз, аталған нөмірге хабарласуыңызға болады.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

БІРЛЕСІП КҮРЕСУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлықпен күресті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті қызметкерлері ғана емес, әрбір Отанын сүйетін тұрғын тыңғылықты жүргізуі тиіс. Осыған орай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ғимаратының мәжіліс залында қала мектептерінің директорлары мен ұстаздар қауымы қатысқан жиын өтті.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Басқосуға Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Данияр Сабырбаев, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Асхат Құтымов келді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды алға тартқан Данияр Бауыржанұлы ұстаздарға іс-шараның мақсаты, департамент қызметінің бағыттары, «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты ҚР Президентінің халыққа Жолдауы және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының талаптары, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясы мен оның орындалу барысы бойынша түсініктеме берді. Сонымен қатар, алдағы уақытта «Адал ұрпақ» жобасын мектеп ұжымымен бірігіп өткізсек деген ойын ортаға салды. Оның айтуынша, жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектептегі оқушыдан бастаған жөн. Сонда ғана біздің ұрпақтың тамырына балта шабылмайды. Сонымен бірге департаменттің жаңа жұмыс бағыттары – талдау және сыбайлас жемқорлық қатерлерін анықтау, жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау бойынша сөз қозғалды.

Көпшіліктің ойынша, пара беріп оқуға түсу, жұмысқа орналасу, қызметтік лауазымын жоғарылату сияқты қитұрқы әрекеттермен бірлесіп күрес жүргізу керек. Ақиқатына келгенде ақшаға сатылмайтын, алынбайтын да дүниелер бар. Алайда көпшілігіміз мұны тіпті ойламаймыз да. Өкініштісі де осы. Тек іс насырға шауып, қайтарға жол жоқ болғанда ғана өкініш өзегімізді өртеп, сан соғып қала береміз. Лас істің соңы ешқашанда жақсылыққа апарған емес.

Биылдың өзінде өзінің мансабын пайдаланып, қызметкерлерінің лауазымын жоғарылату мақсатында олардан пара алып, қызмет бөлмесінде қолдары кісенделген мемлекеттік қызметкерлер бірден қызметінен айырылды. Оларға «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының арнайы баптары арқылы жаза қолданылды. «Дәніккеннен құныққан жаман» дегендей, өзі тойса да көзі тоймайтын жемқорлар енді темір тордың арғы жағын пана етуде. Осындай жағдайға тап болған қызметкерлердің, әсіресе, мемлекеттік қызметте жүрген шенеуніктердің жымысқы әрекеттерінің немен аяқталғанына ұстаздар қауымы куә болды. Оларға арнайы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті әзірлеген бейнекөрініс ұсынылды. Онда заң алдында өздеріне тиесілі жазаны алып, бүгінде түрмеге тоғытылған мемлекеттік қызметкерлердің жай-күйі көрсетілді. Бұдан соң ұстаздар қауымы шараның ұйымдастырушыларына көкейінде жүрген сауалдарын қойды.

Жиын соңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті қызметкерлері алдағы уақытта ұстаздар қауымымен бірігіп, семинар, «дөңгелек үстелдер» және түрлі тақырыптарда басқосу өткізетіндерін айтты. Олай болса, қоғамды жайлаған індетпен күресу – бәріміздің ортақ азаматтық парызымыз.

СЕМИНАР

Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған еліміз – Қазақстан зайырлы, құқықтық әрі демократиялық қоғам құру бағытын берік ұстанып келеді. Қайсыбір елдер ғасырлар бойы жүріп өткен күрделі тарихи жолды осынау аз уақытта артқа тастап, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын алға қойған мемлекет өркениетке бастайтын реформаларды жеделдете жүзеге асыруда. Алматы қаласындағы «Алатау» шипажайында «Әлеуметтік азаматтық базис «Болашақ» қоғамдық бірлестігі, «Сорос Қазақстан» қоры мен Алматы облыстық мәслихатының қолдауымен өткен «Қоғамдық кеңестер» жұмыс тәжірибесі мен өзара байланыс механизмдері» атты конференция осындай келелі мәселені талқылауға бағытталған болатын.



Өркениет үрдістері

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Алқалы басқосуды ашып, жүргізіп отырған Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Серік Мұқанов Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «5 институционалды реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарының маңыздылығына тоқтала келіп, Алматы облысы Іле ауданының тәжірибесі негізінде жергілікті атқару органдары мен қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік емес мекемелер және мәслихаттардың өзара үйлесімді жұмысын қалыптастырудың жекелеген мәселелерін атап өтті. Осының бәрі Елбасы бағдарламасындағы өзін-өзі басқару тетігін іске қосуға ықпал ететін болады. Бүгіндері Парламентте 2018 жылдан бастап жергілікті билікке бюджетті пайдалану ғана емес, жер мәселесін де өз деңгейінде шешіп, тұрғындардың билікке араласудағы рөлін арттыру кеңінен талқыланып келеді. Осы орайда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері, Алматы облысы аудандық мәслихаттарының хатшылары, Алматы қаласы және облыстық кеңесінің мүшелері бірлесе отырып өзекті мәселені талқылау ұсынылған.

Конференцияға келген ҚР Парламенті Мәжілісінің 5–6 шақырылым депутаты Серік Сейдуманов, «Аймақ» жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту қорының» төрайымы, Мәжілістің 4–5 шақырылым депутаты, «ЭКСПО – 2017» қоғамдық кеңесінің мүшесі Айгүл Соловьева, ҚР Парламенті Мәжілісінің 5 шақырылым депутаты, Алматы облыстық қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары Николай Логутов, «Сорос – Қазақстан» қорының бағдарламалар директоры Аида Айдарқұлова сынды мәртебелі қонақтар басқосуда талқыланатын тақырыптың маңызы мен қоғамды демократияландыруда алатын орны жайлы өз пікірлерін білдірген соң күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндамаларға кезек берілді.

Алғашқы болып сөз алған Серік Сейдуманов «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер – азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты реттеуші механизм» тақырыбында кеңінен мәлімет беріп өтті. «Тәуелсіз еліміздің дамуы үшін өзін-өзі басқару тетіктерін іске қосу, осы орайда қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандырудың маңызы ерекше, – деді ол өз сөзінде. – Бұл мемлекетті басқаруды жетілдіріп қана қоймай, елімізде демократиялық үрдістердің дамуына да ықпал етеді. Осыған байланысты 2018 жылдан бастап жергілікті бюджет пен жергілікті коммуналды шаруашылық туралы заңдар жүзеге асырылмақшы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт жоспарындағы 99-шы қадам негізінде құрылған қоғамдық кеңестер мемлекеттің тұрғындар алдында есеп беруін талап етеді. Бүгіндері елімізде республикалық және жергілікті деңгейде құрамында 4 мыңға жуық мүшесі бар 226 қоғамдық кеңестің жұмысы жолға қойылған. Олар мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімде жұмыс істеуіне үлес қосатын болады». «Қоғамдық кеңес туралы» Заңды жасаушылардың бірі ретінде Серік Тұраұлы жиналғандарға оның құрылымы мен қызметі жайлы әңгімеледі.

«ҚР қоғамдық кеңестерінің жұмысы: тәжірибесі мен келешегі» деген тақырыпта баяндама жасаған Айгүл Соловьева атқарушы биліктің ашықтығын арттыру үшін және азаматтық қоғам тарапынан бақылау жүргізудегі аталған кеңестердің алар орны мен атқарар қызметі жайына кеңінен тоқталды. Ал, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің инфрақұрылымды дамыту департаменті бастығының орынбасары Санат Тұңғышбеков «Жергілікті өзін-өзі басқару ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының факторы» мәселесін тереңнен толғады. Осы орайда, ауылдық, поселкелік, қалалық және аудан әкімдерін сайлауды жүзеге асыру; қазынашылық органдарында олардың есептерін ашу; жергілікті өзін-өзі басқару заңына сәйкес кіріс көздерін анықтау; жергілікті салықтың 6 түрін өздерінде қалдыру; шығыс және кіріс бөлімдерін тұрғындармен бірлесе талқылау; қажетті тауарлар мен қызметтерді пайдалануды кеңесе отырып шешу сияқты маңызды жайлар жиналғандардың назарына ұсынылды.

Үзілістен кейін ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бюджет саясаты департаментінің бюджетаралық қатынастар басқармасының бастығы Айгүл Айтбаева «Жергілікті өзін-өзі басқару дербес бюджетін құрудың негізгі тәсілдері», Алматы облысы қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Николай Логутов «Алматы облыстық қоғамдық кеңесінің қызметі туралы», Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің хатшысы Алтынай Көбеева мен Іле ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов өздеріндегі атқарылып жатқан жұмыстар мен шешімін күткен мәселелер жөнінде ойларын ортаға салды.


Конференцияның екінші бөлімінде Іле аудандық мәслихатының хатшысы Роза Абилованың жетекшілігімен талқылау, сұрақ-жауап ретінде өткізілген отырыстардың да жемісті болғаны анық. Мұнда Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округінің әкімі С. Күзембаев округтегі жергілікті қауымдастық жиналысының қызметі туралы баяндаса, «Zertteu Research Institute» қоғамдық қорының директоры Шолпан Айтенова «Қоғамдық бақылау формалары», Роза Абилова «Әлеуметтік аудит – қоғамды тарту механизмі» деген тақырыптарда іс-тәжірибесімен бөлісіп, оны жүзеге асыру мәселелері төңірегінде сұрақтарға жауап берді.

Екі күнге созылған конференцияның келесі күні де жиналғандар үшін өте маңызды әрі пайдалы болды деуге негіз бар. Өйткені бұл жолы алқалы жиынға қатысушылар Шолпан Айтенованың басқаруымен қоғамдық кеңес қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелерін талқылап, өңір өкілдерінің заңнамаға қатысты ұсыныс-пікірлерін қарастырған болатын. Ашық әңгіме тұрғысында өткізілген бұл жиында әркім өз ойын ортаға салып, кеңес жұмысын жақсарту жөніндегі нақтылы ұсыныстарын айтуға мүмкіндік алды. Түстен кейін «Интерньюс – Қазақстан» ұйымының заңгері Ольга Диденконың жетекшілігімен «Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділік. Үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық кеңестің өзара ықпалдасуы» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізіліп, ақпараттық қолжетімділіктің жолдары қарастырылды. Осы бағытта тәжірибелік тренингтің де жиналғандарға берері мол болғаны анық.

Конференция қорытындысы бойынша қатысушыларға сертификаттар табыс етілді. Енді олар осы конференцияда алған тәжірибелері мен білімдерін өздерінде пайдаланып, өзгелерге де үйретуге мүмкіндік алады. Себебі, 2018 жылы бастау алып, 2020 жылы толықтай енгізілетін жергілікті өзін-өзі басқару жобасы ел дамуының бедерлі белесі болары анық.

Алматы.

АЛДАСПАН



ӘЛИХАН және ТӘУЕЛСІЗДІК

Алаш және Түркістан автономияларының біз білмейтін құпиялары енді ашылып жатыр. Мұстафа Шоқай мен Зәки Валиди Тоғанның естеліктеріне сәйкес Алаш және Қоқан автономиясын құру туралы стратегиялық шешім Орынборда қабылданған. Қазіргі қалыптасқан көзқарасқа сәйкес кеңес тарихнамасынан «Қоқан автономиясы» деген атауымен белгілі Түркістан мұхтарияты Мұхаметжан Тынышпайұлы мен Мұстафа Шоқайдың бастамасымен құрылып, бұл мемлекет 1917 жылдың 27 қарашасынан 1918 жылдың 22 ақпаны аралығына дейін жасады.



Түркістан мұхтарияты туралы зерттеулерде оның тарихында бірден-бір жетекшілік рөл көбіне Мұстафа Шоқайға беріледі де Мұхаметжан Тынышпайұлы жай Алаш қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде сипатталады. Тарихшылар арасында Түркістан мұхтариятының тарихи маңызы мен рөлін Алаш автономиясынан жоғары қоятын ғалымдар да жоқ емес. Ал бүгінгі күні айналымға түскен тарихи деректер Алаш автономиясы мен Түркістан мұхтариятының тарихын түбегейлі қайта қарауға жетелейді. Мысалға, 1917–1919 жылдардағы Башқұртстан автономиясының төрағасы болған Ахмет Зәки Валидовтың мәлімдеуінше, Түркістан мұхтариятын құру туралы бастама да, түпкілікті шешім де Қоқан қаласындағы Мұсылмандардың төртінші Түркістан құрылтайында емес, Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары Әлихан Бөкейханның Орынбордағы кеңсесі – резиденциясында қабылданған.

1994 жылы Уфада қайта басылған өз естелігінде Ахмет Заки Валидов оң туралы: «Қазақ халқының көрнекті қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Шың-ғысхан ұрпағы, Бөкей ордасының аса қадірлі өкілі, егде жастағы Шәңгерей сұлтан Бөкейханов, Ташкенттен келген Мұстафа Шоқай, Жиханша Досмұхамедұлы және басқалары қазанның соңы, қарашаның басында Торғай губернаторы Ғали хан Бөкейханның резиденциясына жиналды. Мен бірнеше мәжіліске қатыстым», – деп жазды. Оның мәлімдеуінше, 28 қазанда Ташкент қаласы да Кеңес өкіметінің қолына өтті, сол себепті Мұстафа Шоқай Орынборда кідіруге мәжбүр болды. Әлиханның кеңесіндегі екі күндік мәжіліс барысында қазақ қайраткерлері Ахмет Зәки Валидовқа башқұрд істерін қоя тұрып, М. Шоқаймен бірге Ташкентке аттануды ұсынады. Ал резиденциядағы мәжілісте Ташкенттегі, яғни, большевиктердің үстемдігі орнаған жалпы Түркістандағы ахуалды үйлестірмейінше, билікті Кеңес өкіметінен қайтарып алмаған күнде де, екіжақты күшті теңестірмейінше, Алаш автономиясын жариялауға болмайды деген ортақ пікірге келеді.

Ахмет Зәки Валидовтың мәлімдеуінше, мәжіліс екі күн жалғасып, біздің келешек тағдырымызды негізінен айқындап берді. Ал Түркістан мұхтариятын құрып, оның алғашқы премьер-министрі болған Мұхаметжан Тынышпайұлы өзінің әрбір ісін Әлихан Бөкейханмен кеңесе отырып атқарғанын, оның 1917 жылы Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалуының ізінше Ташкенттен Алаш көсеміне жазған хатынан анық байқауға болады.

Ашығын айтқанда Орынбордағы мәжілістен соң Түркістан Әлиханның тікелей тапсырмасымен құрылғанын бұлтартпай дәлелдейтін тағы бір тарихи оқиға бар. Ол – Алаш автономиясы құрылып, Әлихан бастаған Алаш Орда үкіметі жасақталғанда, Мұхаметжан Тынышпайұлы мен Мұстафа Шоқай екеуі, бірі Түркістан мұхтариятының төрағасы, екіншісі оның Сыртқы істер министрі болуына қарамастан Алаш Орда үкіметіне мүше болып сайланды.

Адамзат тарихында екі дербес мемлекет пен олардың екі бөлек үкіметіне бір қайраткердің қарама-қатар мүше болып сайланғаны бұрын-соңды кездескен емес. Ал сол «Ұлы Түркістан» идеясын жалғыз Мұстафа Шоқайға таңатын ғалымдардың кейбірі «Әлихан Бөкейхан Алаш автономиясының Түркістанмен бірігуіне қарсы болды» деген пікіріне дәлел ретінде Алаш көсемінің «Жалпы Сібір съезі» атты мақаласын мысалға келтіреді.

Иә, Әлихан ол мақаласында: «Түркістан өз алдына автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туыс-қанбыз. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы соқыр болса, Түркістан 10 есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз?» – деп жазды.

1918 жылдың жазында Сібір автономиясының үкіметіне жолдаған баяндамасында Әлихан Бөкейханның «Алаш Автономиясы Сібір мен Түркістан облыстарының құрамына ешқашан кірмеген Қазақ өлкесінің 6 миллион қазақ-қырғыз халқын біріктіреді», – деп жазғаны тағы бар. Әлихан Бөкейхан бұл саяси көзқарасын панисламизмнің және пантүркизмнің күшеюінен қатты сескенетін Ресей басшылары үшін оларды адастыру, алдарқату мақсатында ғана жазған саяси әдіс-амалы болатын. Алаш пен Түркістан автономияларының екі бөлек құрылуының басты сыры да осында жатыр еді.

Ресей империясының патшалық билігі ғана емес, 1917 жылғы Ақпан төңкерісін жүзеге асырған демократтарының өздері де, тіпті Кеңес өкіметі де түркі-мұсылман халықтарының бірігуінен одан бетер қорықты. 1924 жылы Кеңес өкіметінің Орта Азия халықтарын дербес республикаларға бөліп, 1925 және 1929 жылдары Қазақстаннан Орынбор облысын бөліп Ресейге қосып беру арқылы көрші Башқұртстан мен Татарстанды Қазақ елінен ажыратып алуы соның бұлтартпас айғағы болып табылады.

Ал Әлиханның түпкілікті мақсаты орыс империясының отарлығындағы барлық түркі-мұсылман халқының басын біріктіруді көздеген Алаш автономиясы аяғынан тік тұрып кеткен жағдайда, Түркістан мұхтариятының құрамдас бөлігі болуға тиіс еді. Әлихан Бөкейхан ХХ ғасырдың басында Европа мен Азия құрлықтарындағы Болгария, Қаратау (Черногория), Монғолия, Қытай сынды әлсіз, мәдениеті мен экономикасы мешеу ұлттар мен елдердің отаршыл, жыртқыш алып империялардың жемтігіне айналған, қайғы-қасіретке толы тағдырын терең зерттей келе, бүкіл түркі-мұсылман халықтарының біртұтас мемлекетін қайта жаңғырту керек деген терең ойға келген.

Әлиханның ХХ ғасыр басында Еуразия кеңістігіндегі, жалпы бүкіл әлемдегі оқиғалардың барысы мен өрбуін қалт жібермей қадағалап, 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінде жариялап отырған «Англия Европа соғысына не себеппен кіріскен?», «Балқан соғысы», «Түрік пен грек», «Жапон һәм Қытай», «Монғол халі» және тағы басқа көптеген саяси шолуы оның түркі-мұсылман халықтарының бірігуі керек деген идеясы адамзат тарихының өткені мен бүгінін терең зерттеп зерделеуінен туған маңызды қорытынды болатын.

Алаш автономиясы – бірыңғай қазақ ұлттық мемлекеті емес, кем дегенде қазақ-қырғыз біртұтас мемлекеті, ақыр аяғында – Ресей империясының отарлығындағы бүкіл түркі-мұсылман халықтарын біріктіретін қуатты мемлекет түрінде жоспарланып құрылды. Оған «Алаш» партиясы бағдарламасының II тарауындағы «Реті келсе Қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе – бірден-ақ өз алдына жеке болуы» деген жолдарынан көз жеткіземіз. Сібір автономиясының үкіметіне жолдаған баяндамасындағы «Алаш Автономиясы Сібір сияқты формасы жағынан дөңгелек тәрізді территорияны алып жатыр және 10 миллион халқы бар ірі саяси бірлік болып табылады» деп сол 10 миллион халықтың ішінде қырғыздар мен Орта Азияның қарақалпақ, түркімен сынды өзге түркі халықтарын да атап айтса керек.

Әлихан Бөкейханның башқұрт және татар көсемдерімен 1918 жылдың көктемінде Алаш қаласында (Семей) және сол жылдың қыркүйегінде Ресейдің Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің Уфа қаласындағы мемлекеттік мәжілісі сыртында өткізген келіссөзінің нәтижесінде қазақ-қырғыздың Алаш, башқұрт және татар автономияларының бірігіп бір мемлекет құруға келіскені – Алаш идеясы мен Алаш автономиясының түпкілікті мақсаты – орыс империясының отарлығындағы түркі-мұсылман халықтарының біртұтас мемлекетін құру, ашығын айтқанда – Ұлы Түркістан мемлекетін, Тұран империясын қайта жаңғырту болды деп кесіп айта аламыз.

Оған бірден-бір айғақ ретінде Алаш автономиясының тарихына қатысты Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатында сақталған мына тарихи картаны атап көрсетуге болады. Мысалға, Алаш автономиясының ресми тарихынан Әлихан Бөкейхан мен Башқұрт автономиясының төрағасы Ахмет Зәки Валидовтың қазақ-башқұрт одағын құрмақ болғаны мәлім. Алайда, егер Әлиханның Мәскеуде ақырғы рет тұтқындалып, Бутырка абақтысында тергеушіге 1937 жылдың тамызында берген соңғы жауабына ден қойсақ, Әлихан Бөкейхан мен Зәки Валидов Тоған Қазақ-Башқұрт саяси одағын емес, біртұтас мемлекет құру туралы уағдаласқан болып шығады. Тергеушіге Әлихан Бөкейхан сөзбе-сөз былай деп жауап береді: «1918 жылдың қыркүйегінде Уфа қаласында Алаш Орда үкіметі мен Валидовтың башқұрт үкіметі өкілдерінің мәжілісі болып өтті. Алаш Ордадан мен Бөкейхан, Әлімхан Ермекұлы, Жиханша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы болды. Осы мәжілісте біз Кеңес өкіметіне қарсы бірлесіп күресу және біртұтас Башқұрт-Қазақ мемлекетін құру туралы уағдаластық».

Тергеушінің кезекті бір сұрағына Әлихан Бөкейхан: «Біріншіден, Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін біздің қарулы күштерімізді біріктіру қажеттігі болды. Бұлайша күш біріктіруді біз Қызыл армияға төтеп беретін шынайы мүмкіндік деп бағаладық. Екіншіден, жеріміздің көрші болуы және Башқұртстанда башқұрттанып кеткен қазақтардың айтарлықтай көп тұратынын ескердік. Үшіншіден, Қазақстан мен Башқұрт экономикаларын ұштастырудың тиімділігі. Башқұрт рудасы, орманы және қазақ астығы, малы және мұнайы. Міне, осы жайттарды ескере келе біз біріксек, әскер жағынан да, экономика тұрғысынан да қуатты мемлекет құра аламыз деп есептедік», – деп мәлімдеді.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға қатысты тағы бір адасқан пікір бар. Ол «Әлихан Алаш автономиясын Ресейден бөліп тәуелсіз мемлекет құрғысы келмеді» деген пікір. Ал тарихи деректерге сүйенсек, Әлихан Алаш автономиясын құрмай тұрып-ақ келешек ұлттық мемлекетті алып отаршыл империяның құрсауынан қалайша қантөгіссіз және атабаба жерінің тіпті алақандай телімін де қалдырмай босатып алудың барлық мүмкін жолын іздестірген. Мысалға, Әлихан 1917 жылдың қазан айында, яғни Алаш автономиясын жариялаудан 3 ай бұрын «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында: «Биыл жаздай болған комитет сайлауы, біздің қазақ өзін-өзі билегенде істеген істері көрсетіп тұр: іс атқаратын азаматтың аздығын, жалпы жұрттың қараңғылығын біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып, көшіп кетелік; жіп жалған... назар аударыңыздар – зор мемлекет көрнеуінен құтылып-ап, отау болып соңынан бөлінелік деп», – деп жазды.

1917 жылғы Құрылтай жиналысы сайлауының қарсаңында жарияланған «Қазақ депутаттары» атты мақаласында Кәмір баласы Әлихан: «Біздің іздегеніміз - Алаштың аты бәйгеден келмені. Тірі болсақ, алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар», - деп жазып, 1991 жылдың 16 желтоқсанында қазақ елінің өз тізгіні өз қолына тиіп, тәуелсіздік алатының болжап жазып кетті емес пе?!

Сұлтан Хан АҚҚҰЛҰЛЫ,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Алаш» ғылыми зерттеу институтының директоры.

ТӘУЕЛСІЗДІК – МАҢДАЙДАҒЫ БАҚ!

Егемен ЕЛДІҢ ЕЛОРДАСЫ



Астана – елдіктің белгісі. Елбасымыз билік тізгінді өз қолына тиген соң ғасырлар бойы ұлы арманға айналған, күрмеуі қиын мәселелерге батыл кірісе бастады. Астананы ауыстыру үшін көп ойланды, толғанды. Ұлы Даланың перзенті болғандықтан туған жеріне ту тігетін тәуелсіз елінің көк байрағы еркін желбіреп тұрған астанасын қай тұстан салатынын таразылады. Расында, астананы ауыстыру – мемлекеттік дамудың перспективаларын толықтай жүзеге асыруға саяды. Ақыры қуатты мемлекетінің тоғ астанасы қасиетті қазақ жерінің кіндігінде, Еуропа мен Азияның құшағы қауышқан Ақмола қаласында орын тебуі қажет деген шешімге тоқтады.

Қажет АНДАС

Демек, қала тек астана ғана емес, стратегиялық орталық болғаны анық. Елбасының ел астанасын таңдағанда алдына қойған басты критерий – «Орталық Азияның көлемінде, Ауғанстаннан Батыс Сібірдің ең қиын солтүстік шегіне дейін, Каспийден Моңғолияға дейін кең аумақта құлап жая орналасқан жаңа астананың осы аймақтағы орасан зор инвестиция легі ағылған орталыққа айналуы. «Тынық мұхиты жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық сонарлардың қиылысында орналасқандықтан, ол болашақта ірі транзиттік торап болады және келешек жүзжылдықтың көлік-коммуникациялық дабылына айқын үндестік білдіреді», – деп түйіндеді ол.

Рас, болашақ астананың тоғыз жолдың торабында орналасуы оның экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге икемділігін жоққа шығармайды. Бастысы, оның экологиялық жағынан икемділігі ескерілгенінде. Алматы жел өтпейтін биік таудың етегінде орналасқандықтан өндірісі, транспорты, от жағатын үйлерінен шығаратын түтін, газбен атмосфераны былғап, тұрғындардың денсаулығына айтарлықтай нұқсан келтіретіні жаңа астана іздеуде есте болғаны да шындық. Қазіргі Астана қаласының төрт жағында да тау жоқ, жазық дала, ендеше бір жақтан соққан жел екінші жаққа бар кір-қоқыс, түтінді айдап кетіп, ауа жаңаруға еш кедергі жоқ. Даланың самал желіне кеудесін айқара ашқан қала ауасы таза, байтақ сахараның өмір шырынынан нәр алған тіршілік қызықтарына толы. Талай адам әлемнің біраз астанасының ауасынан Астана ауасының ғажайып өзгешелігі осы тазалығы мен тұнықтығында деп бұл жағдайға бірден назар аударатының Елбасының өзі мақтаныш сезіммен еске алады.

Тұңғыш Президентіміз Ақмоланы астанаға айналдыруға, қала құрылысын жүргізуде әлемге әйгілі архитекторлардың кеңесін көп тыңдады. Соның бірі, Э.Гоуард пен Ле Карбюзье XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың отызыншы жылдарының өзінде жай қала емес, қалабақ салуды ұсынады. Олардың ойынша, мұнда қалалардағы тұрғын үй ғимараттары жасыл желек теңізіне шомылған шағын аралдар сияқты болуы тиіс. Сәулет өнерінің жауһары саналатын Астананың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаев қаланы салуда Гоуард пен Карбюзьенің ойларын ескерген. Мұны Елбасының өзі де: «Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулетті ландшафы бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы, болашаққа қол созған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көпұлтты және көпдінді халқы бар әсем де мейірлі Астана... Біздің Астана сәулет өнерінің жауһар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштеріне, алуан гүлдермен өрнектелген бау-бақшаға оранған, шығыс пен батыстың ең озық, рухани құндылықтарын талғаммен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналды», – деп сүйсіне еске алады.

Астананы көрген кез келген эстетикалық талғам иесі қазақ халқының «Орда» да тұрғыза алатынын жалпақ әлемге әйгіледі. Мүлдем жаңа астана салу оңайшылықпен жүзеге асатын шаруа емес, шаш етектен қаржы қажеттігін өркім-ақ түсінеді. Оны салуға тартылған инвестицияның 70 пайызы өз елімізге тиесілі. Дәтке қуат етеріміз, өз бас қаламызды салуға қазір жағдайымыз көтеретін әлем таныған беделді мемлекетке айналдық. Бүгінгі Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси құрылымы берік, кешегі барлық кедергіден өтіп, тұрақтылық пен ынтымақтың, бірліктің туын тіккен, әлем таныған ел.

Орталықтың Астанаға көшуінің тағы бір себебі – қазақ елінің топырағы құнарлы, әсем, шаруаға жайлы, тұрмысқа қолайлы аймағы солтүстік бес облыста жатқандығында. Ақмола, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының негізгі тұрғыны өзге ұлттар болғандықтан Елбасымыз қазақтардың оңтүстік аймақтан солтүстікке өз қалауымен қоныс аударуына жол ашты. Қазір қазақтар тығыз қоныстанған Семейден Өскеменге, Жезқазғаннан Қарағандыға, Торғайдан Қостанайға, Көкшетаудан Қызылжарға, оңтүстік облыстардан Астанаға көш түзеуде. Елбасының, міне, осындай, өзге ұлттардың құқығына қол сұқпай, өмірдің өз талабымен жүзеге асып жатқан сара жолы, ұлағатты, қайраткерлік тұлғасы, адамгершілік мұраттарына сай саясаты әркімді тәнті етпей қоймайды.

Бүгінгі Астана – Қазақстанның жаңаруының нышаны, оның көпұлтты халқының жасампаз күш-қуатының күәсі. Есілдің оң жағалауына қарсы бетке қарасаңыз Астананың өскелең құрылысын көресіз. Қалаға киреберістегі биіктігі 20 метр «Мәңгілік Ел» қақпасы ұлттық рухымызды асқақтатып тұр. Енді бір сәт жапырағын жайып көк аспанға қол созған «Бәйтерек» назарыңызға ілінеді. Ғаламның шексіз кеңістігіне ұмтылған зымыран кешенін еске салатын «Ханшатыр», әлемдегі атақты опера театрларынан кем түспейтін «Астана опера», екі мыңға жуық теңіз мекендеушілерін тамашалауға мүмкіндік беретін «Думан» ойын-сауық отауы, Қазақстанның картасын бейнелейтін «Атамекен» этномемориалдық кешені, шартарапқа жаңалық тарататын «Қазмедиа орталығы», елдіктің символы ретінде танылған «Қазақ Елі» аланы, «Тәуелсіздік сарайы», «Бейбітшілік және Келісім сарайы» – Елорданың ең көз тартар жерлері. Кітапта таспадай өрілген осы сәулетті құрылыстар – Елбасы еңбегінің жемісі. Аталмыш кітапта алдағы уақытта бой көтеретін өзге де нысандар жайлы мағлұматтар өте көп. Сондай-ақ, Астана қаласында жаһандық мәселелер талқыға түскен кешегі ЕҚЫҰ-ның саммиті, Астана экономикалық форумы, Инвестициялық форум, Дүниежүзілік ислам экономикалық форумы жас мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, абыройын асқақтатты. Ең бастысы, даму бағытын айқындап берді. Осындай қуанышты істердің жалғасы ретінде еліміз 166 жылдық тарихы бар «ЭКСПО – 2017» көрмесін абыройлы өткізу үшін барын салуда. Қысқа мерзімде мұндай Елорданы иелену тарихта бұрын-соңды болмаған. Мұның өзі – үлкен жеңіс.

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.

(Әлихан БӨКЕЙХАНОВ)


ШИРЕК ҒАСЫР ШЕЖІРЕСІ

ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ



Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері түрлі ұйымдарға мүше болып, келелі кеңестерде топ бастауда. Жаһұт қала салып, Елорда төрінде дінаралық, халықаралық келісімдерге ұйытқы болып жүргені көзі қарақты жандарға мәлім. Соның ішінде, көпұлтты мемлекеттің тұғырының мызғымас болуы мен береке-бірлігінің қайнар көзі саналатын дін мәселесі де жақсы бағытта өрбуде. Дін татулығы – әлем татулығы. Сондықтан да Елбасының бастамасымен әлем халықтарының дінаралық диологы, келелі кеңестері елімізде дәстүрлі түрде өтіп, белгілі дінтанушылар мен әлемдік дін өкілдерінің қатысуымен өзекті мәселе өз шешімін тауып, бүкілхалықтық татулықтың берік болуына өзіндік күш салып, оларға бастамашы болуы мақтан тұтарлық дүние.

БОЛАШАҚТЫҢ КӨРМЕСІ



2011 жылдың 10 маусымында Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтерінде «EXPO – 2017» жобасының ұлттық үйлестіруші, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы Рапиль Жошыбаев ХКБ-нің Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеспен кездескен болатын. Кездесу барысында Рапиль Жошыбаев ҚР Премьер-Министрі қол қойылған Қазақстан Республикасының ресми өтінішін тапсырды. Сәйтіп 10 маусымда Қазақстан Астанада «EXPO – 2017» көрмесін өткізу құрметіне ие болды. Бұл жаһандану даңғылына түскен елдердің экономикасы мен әл-ауқатының артуына оң ықпал ететін, әсем қаланың көркіне көрік қосатын, елдің абыройын асқақтататын игі шара. Біздің елдің осы шараны өткізу құқығына ие болғанының өзі айтарлықтай жетістік.

БЕЙБІТШІЛІК БЕСІГІ



Басынан талай тағдыр тауқыметін өткерген халық егемендікті алғалы бері әлемге үлгі болуда. Қаннан сескенбейтін қайсар халық өзінің парасатына сай ой пайымдап, келелі кеңестерде көшбасшылық қырынан көрініп келеді. Сонымен қатар адамзат өміріне аса қауіпті ядролық қарудан да алғашқы болып бас тартқаны мақтан тұтарлық іс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан бейбітшіліктің бесігі саналды. Яғни, ядролық қарудан бас тартып, атом бомбасы сынды азамзат өміріне балта жабатын қаруларға тыйым салды. Бұны әлемнің барлық мемлекеттері құптап, қазақ халқының Көшбасшысына деген құрметтерін үдете түскені баршаға аян. Мұның өзі жауынгер халықтың парасатымен ғана шешімін тапқан, бүкілхалықтық татулықтың ең жарқын бастамасы болғаны белгілі.

5 6 7

ПЕРЗЕНТТЕРІ

байқалады. Бұл – мажарлар Еуропаға келген жол. Әрине, өткен мың жылда мажарлардың да, түркілердің де антропологиялық ерекшеліктері біршама өзгерген.

– Ягни, тек осы материалдарға сүйеніп, мажар мен түркілер генетикалық тұрғыда туыс дей салуға болмайды ғой?

– Мен жүйелі жолды құптаймын. Тек қана бір ғылымның негіздеріне сүйенуге болмайды. Тарихты, археологияны, антропологияны, халық ауыз әдебиетін, тіл білімі ғылымын бірегей салыстырып, зерттеу керек. Тек мұқият сараптамадан соң ғана қорытынды жасалуы тиіс. Мадярлар мен қазақтардың ортақ сөздері көп, өлеңдері мен әуендері өте ұқсас, антропологиялық ұқсастықтары да байқалады, кейбір аңыздары тура келеді. Мұның бәрі екі халықтың туыстығын растауға жеткіліксіз еді, бірақ соңғы күмәнді генетика жоққа шығарды. 2006 жылы мен Қостанай облысына ғылыми экспедиция ұйымдастырдым, ол жақта арғын руының құрамына кіретін мадиар руы бар. Y-хромосомасын сараптаған соң біздің мадяр атауымыз бен мадиар руының атауы тек ұқсастық қана емес, жалпы генетикалық байланысқа негізделгені белгілі болды. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келіп, мадярлар түркілерге бауырлас халық екені, тек тағдырдың тәлкегімен бауырларынан ажырап кеткені, сөйте тұра өздерінің ежелгі тамырын ұмытпағаны белгілі болды. Айтпақшы, мадиар руы қазақтың басқа да ірі руы – қыпшақтардың арасында да бар, бірақ олар Ресей Федерациясының аумағында тұратындықтан әзірше сараптамалар жүргізілмеді.

– Қыпшақтар туралы. Қотан ханның басшылығымен 13 ғасырда моңғолдардан қашып Еуропаға барған, қазір сіздің елде тұрып жатқан қыпшақтар бар. «Мажар мен қазақ туыстығының күретамыры осылар», – деген де ой бар. Мадяр тілін түркілендірген, жалпы көшпелілер мәдениетін енгізген солар екеніне кей ғалымдар шүбәланбайды.

– Мен ондай тұжырымға асықпас едім. Көшпелілердің мәдениеті мажарларға бұрыннан тән, өйткені олардың өздері – Ұлы дала көшпенділері. Сондықтан да құрылтайда көріп жүргендеріңіздің бәрі бізге етене жақын нәрсе. Мадярлар бірнеше ғасыр бойы Еуропаны ен жайлаған, қыпшақтар Мажарстанға келіп, біздің бабаларымызға қосылған. Бүгін біз бір халықпыз. Олар өздерін құн деп атағанын айта кету керек, олар батыс Дешт-и-Қыпшақтан шыққан.

– Қазақстанмен генетикалық байланысты Сіз орнаттыңыз, ал ғылыми байланыс ше? Сіздің еңбектеріңізге қызығушылық бар ма?

– Әлбетте! Қазақстанмен біздің байланысымыз өте тығыз. Екі жыл бірге еңбек еткен профессор Оразақ Ысмағұлов үлкен көмек көрсетті, сонымен қатар мен Қазақстанның Орталық мұражайымен де жұмыс жасаймын. Менің әріптесім, Хунгари жаратылыстану мұражайының қызметкері Агнеш Куштар Абылқайыр ханның бет-әлпетін қайта өндеуден өткізді. Бұрын бұл мүмкін емес еді. Мадяр антропологы Тибор Тот мадиар руы тұратын Торғай аймағына 1965 жылы келген болатын, бірақ Кеңес өкіметі зерттеулер жүргізуге кедергі жасады. Қазір ғылыми ізденістерге барлық мүмкіндіктер бар.

– Сіз қазір үнемі түркі құрылтайларын өткізіп келесіз. Бұрын мұндай жиындар маңызды саяси шешімдер қабылдау үшін шақырылатын. Сіздің құрылтайларыңыздың мақсаты қандай?

– Құрылтай қазір Хунгаридың бет-бейнесіне айналды, халық оны асыға күтеді. Біздің ең басты міндетіміз – өз отанымызды гүн-түркі халықтары өкілдеріне көрсету, оларды салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызбен, ұлттық спорт түрлерімен, ұлттық тағамдарымызбен, халық ауыз әдебиетімен және мадярлардың ұлттық өнерімен таныстыру. Әдетте біз түркі елдерінен тарихшыларды, этнографтарды, журналистерді шақырамыз, әр делегацияның құрамында фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер болады. Концерттер, ғылыми пікірталастар өткізіледі. Бір сөзбен айтқанда, адамдар мәдени туыстықты өз көзімен көріп, біздің ортақ тарихымыз бар екенін түсінеді.

– Сіздің отандастарыңыз алыстағы Қазақстаннан аяқ астынан табылған туыстарын қалай қабылдады?

– Өте жақсы! Мажарлар өзінің атақонысы қай жақта екенін біледі. Қазір біз Қазақстан жайлы, басқа да түркі елдері мен халықтары туралы материалдарды үнемі жариялап тұруға тырысамыз. Мадярлар Қазақстанға айрықша қатты қызығушылық білдіруде, өйткені, дәл осы жерде біздің ең жақын туыстарымыз – мадиарлар тұрады. Өкінішке қарай, әзірше қазақ-мажар сөздігі жоқ. Тікелей әуе қатынасы да болмай тұр. Соған қарамастан Сіздің елге, оның мәдениетіне, тілі мен әдет-ғұрпына қызығушылық өсіп келеді. Будапеште өз күшімізбен қазақ күресінің үйірмесін аштық, қызыққан жастар қатары көбейіп келеді. Будапештен ресми делегация аттанып, Қостанай облысының Саға ауылына барып, өзінің тарихи отанына көрсеткен сый-құрметі ретінде ескерткіш орнатты. Салтанатты жиынға Венгрия сыртқы істер министрі Ерно Кешкен, осы елдің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Имре Ласлоцки, мадяр парламентінің депутаты Мартон Дьондоши, өзім басқарып отырған «Мадьяр-Тұран» қоғамдық қордың қызметкерлері қатысты.

– Сіз символикалық ескерткіш орнатқаныңыз жайлы айттыңыз. Оқырмандарға түсінікті болсын, ол қандай және нені білдіреді?

– Бұл Карпат еменінен жасалған, биіктігі 9 метрлік мүсін. Ағаш шебері Шандор Немеш қолдан шапқан. Ежелгі түркі түсінігі бойынша, бүкіл әлем үш бөлікке бөлінген: төменгісі о дүниені білдірсе, ортаңғысы – тірілер патшалығы, жоғарғысы – аруақтар әлемі. Олар бір-бірімен өмір ағашы арқылы бірігеді. Шандор Немештің идеясы – қазақ-мажар туыстығы ажырамасын, мәңгілік бірге болайық деген арман. Біз оны «Бәйтерек» деп атадық.

– Қазақтар өз руын, жеті атасын жатқа біледі. Мажарларда шежіре бар ма?

– Бізде руға бөліну жойылған. Арпад ханға жеті тайпаның ілесіп келгені, жалпы мажарлар этногенезіне он шақты тайпаның қатысы бары белгілі. Арпад әулетінің хандары руаралық қақтығыстардан қалжыраған ұғым мен аварлардың қателіктерін ескерген. Олар ұсақ тайпалардың бәрін ең ірі тайпа – мажарлармен араластырып, әр аймаққа бөліп тастаған, содан бірнеше ұрпақтан соң жаңа этнос қалыптасқан. Әрине, ежелгі ру атаулары халық арасында әлі сақталған.

– Қызықты әңгімеңізге рахмет!

Қайрат БАЛТАБАЙ,
журналист.

АТАЖҰРТ



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№71 (18347)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 27 маусым, 2017 жыл.



АРҚА ТӨСІНДЕГІ АЙТУЛЫ ЖИЫН

Өткен аптада Астана қаласында Алаштың айбынын асырған, елдің рухын көтерген, қазақтың бірлігін паш еткен алқалы жиын өтті. Әлемнің 39 елінен жиналған қандастарымыз үш күн бойы жаңа Елорданың көркем көрінісіне көзайым болып, Есілдің ерке самалымен желпінді. Көкке бой созған Бәйтеректен биіктікті сезініп, этноауылды аралап, болашаққа сенім ұялатты. Астана операдан «Қыз Жібек» фильмін тамашалап, Ұлттық кітапханада ұрпақты ұлылыққа бастайтын ұлағатты бастамалар жайлы әңгіме өрбітті. «ЭКСПО – 2017» көрмесін аралап, қазақстандықтардың ғылым саласында жеткен жетістігіне тәнті болды. Республикалық «Нұр Отан» партиясы Орталық аппаратының гимаратында бас қосқан жастар рухани, мәдени, тағы да басқа саладағы ынтымақтастықты бекемдеп, әлемдегі қазақ жастарының белсенділігін арттыру жөнінде уағдаласты. Тәуелсіздік сарайында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен салтанатты жиын әр қазақтың жүрегіне «Қазақстан» деген қасиетті ұғымды бұрынғыдан да терең ұялатты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Салтанатты жиында Елбасы ең алдымен алғашқы құрылтай өткеннен бергі 25 жыл ішінде еліміздің жеткен жетістіктері мен жүргізілген реформаларды атап өтті. Онда «Қазақстан – 2030» Стратегиясының үлкен жетістігін тілге тиек еткен Мемлекет басшысы сол үрдістің бүгінде «Мәңгілік Ел» идеясына арқау болып, Ұлт жоспарын жүзеге асыру жолындағы ұлы істерге жол ашқанын атап көрсетті. Сонымен қатар, Президент рухани жаңғыру аясында іске асырылып жатқан алты жобаға айрықша тоқталды. Соның ішінде латын әліпбиіне көшу, гуманитарлық бағыттағы үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аудару, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» сияқты жобаларды тыңғылықты атқарудың маңыздылығын айрықша атап өтті.

Елбасы баяндамасында шетелдегі қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасау тұрғысында атқарылатын жұмыстарға да ерекше мән берілді. Президент қандастарымызды қолдаудың маңыздылығы жайында айта келіп «Отандастар» қорын құруды тапсырды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы шетелдердегі елшіліктерге атажұртқа оралуға ниетті қандастарымыздың құжаттарын дайындау және оларға кеңес беру жөніндегі жұмыстарды қадағалап, жеңілдетудің жолын қарастыру туралы тапсырмалар жүктеді. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті іргелес елдерде мемлекеттік телеарналардың көрсетілуі мен мерзімді баспасөздің таралу мәселелерін пысықтау, қандастарымыздың арасындағы дарынды және кәсіби мамандарды елге тартып, оларды бейімдеу тетіктерін қарастыру, еліміздің оңтүстігінен солтүстік облыстарына қоныс аудару бағдарламасына қатысқан азаматтарды орналастыруға жағдай жасап, оларды жұмыспен қамту тетіктерін жетілдіру туралы да ойларымен бөлісті.

Елбасы баяндамасынан кейін жарыссөзге шыққан құрылтай делегаттары алыстағы ағайынның Елбасына сәлемін жеткізіп, дүниежүзі қазақтарының береке-бірлігін нығайтуға қатысты жоба-жоспарларын ұсынды. Сол қатарда Түркі академиясы халықаралық ұйымының (TWESCO) басшысы Дархан Қыдырәлі мәдени жауһарларымызды жаһанға жүйелі таныту мақсатында шетелдерде, әсіресе диаспора шоғырланған елдерде арнайы орталықтар ашылса деген ұсыныс білдірді. Бұл ұсыныстың қолдау табатындығы анық. Құрылтай соңында делегаттар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы етіп қайта сайлады. Ал оның бірінші орынбасары болып Зауытбек Тұрысбеков тағайындалды. Оның кандидатурасын ұсынған Елбасы бұған дейін Украина, Ресей, Молдова, Өзбекстан елдерінде төтенше және өкілетті елші, 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап «Нұр Отан» партиясының хатшысы қызметін атқарған Зауытбек Тұрысбеков шетелдегі 5 миллион қазақтың мүддесін қорғап, мұң-мұқтажын шеше алады деген сенімін білдірді.

Тәуелсіздік сарайындағы салтанатты жиыннан кейін құрылтай делегаттары ҚР Ұлттық кітапханасында өткен «Шетелдегі қазақ диаспорасы: мәдениет, спорт, ақпарат құралдары жөніндегі қолдау көрсету және дін істері мәселесі» тақырыбындағы «дөңгелек үстелге» қатысты. Ондағы көтерілген сұрақтарға Мырзатай Жолдасбеков, Алдан Смайыл, Ғарифолла Есім, Дос Көшім, Ерден Қажыбек сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы Қуаныш Асылов жауап берді. Ал «Нұр Отан» партиясы орталық аппаратында өткен «Рухани жаңғыру және жастар» атты қазақ жастарының I халықаралық форумына «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мұхтар Құл-Мұхаммед, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы Өзгехан Кесижи Елбасының қамқорлығымен Қазақстанға келіп білім алып жатқан жастардың атынан алғысын білдірді. Сонымен қатар, шара аясында Италия, Ирландия, Қытай, Моңғолия, тағы да басқа елдерден келген жастар сөз алып, атажұртқа қызмет етуді парыз санайтынын, шетелден алған білімі мен тәжірибесін Қазақстанның игілігіне жұмсауға дайын екендіктерін жеткізді.

Үш күнге созылған құрылтай осылай өрілді. Қысқасы, Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы жүрекке жалын, өмірге қуат берген салиқалы жиын болды. Ең бастысы, бұл жолғы құрылтай делегаттарының 80 пайызы 45 жастан төменгі жастар болды. Олар бірімен-бірі танысты, болашаққа жоспар жасады, үлкен мақсаттар жолындағы бауырмалдыққа жол салды. Иә, жаңа Астана әлемдегі қазақ жастарының ақыл-парасатын бір қазанда қайнатып, ұлттың мүддесі үшін сарқа жұмсауға жол ашқан ұлы жиын болды. Еске сала кетейік, Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына облыс әкімі Амандық Баталов бастаған, құрамында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Айдар Башбаев, зейнеткер Сәуле Баймолдақызы және осы жолдардың авторы бар, делегация қатысып қайтты.

Астана қаласы.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

АЗАМАТТЫҚ САНА – АРДЫҢ ІСІ
2-бет

ӘКЕНІҢ ЖӨНІ БІР БӨЛЕК
3-бет

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Әміре ӘРІНҰЛЫ және «Жетісу» газетінің ұжымы!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен Алакөл ауданының жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын! Бұл – бүкіл еліміз үшін маңызы зор, мәні бөлек мереке.

Себебі, бұқаралық ақпарат құралдары мен байланыс саласы кез келген мемлекеттің дамуында айрықша орын алады.

Сіздердің тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы мен нығаюына, еліміздің саяси тұрақтылығын, экономикалық жағынан шарықтап дамуын, әл-ауқатының айтарлықтай жақсаруын жан-жақты насихаттауға қосып отырған үлестеріңіз зор.

Халық сіздерге сенеді, сіздерге құлақ асады. Сіздер билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір дәйекті дәнекерсіздер.

Сіздерді тағы да шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Әрдайым шығармашылық табыстың көкжиегінен көріне беріңіздер!

Ә. ЖАҚАНБАЕВ,
Алакөл ауданының әкімі.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Жуырда ауылдық округ ветеринариялық пункттерінің меңгерушілері, аппарат мамандары, барлығы 30 адам Астана қаласында өтіп жатқан «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесін көріп қайттық. Көргеніміз көп, алған әсеріміз мол. Ең бастысы, бізді Елордамыздың ажарын ашқан сәулетті құрылыстары, заманауи көркі мен келбеті қуантты.

Үлкен әсермен оралдық

Жалпы ЭКСПО қалашығы аумағында 115 ел мен 22 халықаралық ұйымның көрмесі орналастырылған. Ондағы ең керемет көрініс – еліміздің «Нұр Әлем» кешені. Қай тараптан қарасаң да дәл ортадан көрінетін кешеннің көрінісі керемет. Алып ғимарат 8 қабаттан тұрады. Онда негізгі энергия түрлері – ғарыш, күн, жел, су және кинетикалық энергия үлгілері көрсетіледі және «Астана – болашақтың қаласы – 2050» экспозициясы ұсынылған. Оның бірінші бөлігінде келушілер Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, осы күнгі тынысымен және болашақтың жоспарымен таныса алады. Ал «Жасампаз қуат» аймағында көрме тақырыбы аясында отандық ғалымдардың үздік жобалары, Мемлекет басшысының энергетика және қоршаған ортаны қорғауға қатысты бастамалары, өнірлерде табысты іске асырылатын «Жасыл экономика» жобалары қойылыпты. «Үздік тәжірибелер аймағы» атты арнайы павильонда тұрақты энергия көздері саласындағы технологиялар мен жобалар көрініс тапқан.

Бүгінгі күні әлем назары Астана қаласына ауды. Астанамыз дәл осындай дүние жүзін тамсандырар тамашасын жүйрік уақыттың жалына жармастырып, замана көшіне ілестірген игілігімен сүйсіндіріп отыр. Әсіресе, ЭКСПО – 2017 көрмесі көрген жанға керемет көңіл-күй сыйлап, барша қазақстандықтарды мақтанышқа бөлеуде. «Жақсыны көрмекке» дейді халқымыз. Жолыңыз түссе сіз де көріп қайтыңыз.

Мырзаш ИЗЕНТАЕВ,
Райымбек аудандық ветеринариялық пунктінің маманы.

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА — 25 ЖЫЛ



Сурет түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Қоғам қауіпсіздігі мен азаматтардың тыныштығын қүзететін полиция қызметкерлеріне артылған жауапкершілік жүгі ауыр. Заңсыздық пен құқықбұзушылықтың болмауын қадағалау олар үшін басты борыш. Соған орай 8 адамды өрттен құтқарған полиция аға лейтенанты Серікбек Алпысбеков және сержант Мақсат Әлиев, қылмыскерді құрықтап, екі газ баллонының жарылуын болдырмаған полиция аға лейтенанты Нұржан Батқалбеков, шұғыл-қызметтік көрсеткіштер бойынша үздік жетістікке жеткен аға лейтенанттар Нұрсұлтан Бекетаев пен Аян Нұрахметов сынды ерлердің есімі ұмытылмайды.

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Осындай жас мамандарға ұлағатты ұстаным мен өнегелі өсиет қалдырған Болат Қожақов, Өмірбек Ізбасаров, Егеубек Өмірзақов, Болат Молдабеков сынды ішкі істер органдарының ардагерлері өскелең ұрпаққа тәрбие беруден танған емес. Мұның бәрі Қазақстан полициясының құрылғанына 25 жыл толуына орай Талдықорған қаласындағы «Жастар» мәдениет және демалыс саябағында өткен салтанатты жиында айтылды.

Жетісу полициясының жетістіктері мен көрсеткіштеріне арналған салтанатты шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов көпшілікті айтулы мерекемен құттықтап, жергілікті полиция қызметіне көрсетіліп жатқан қолдаудың жалғаса беретінін жеткізді. Өз сөзін:

– Құрметті ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ардагерлері! Сіздерді Қазақстан полициясының 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! 25 жыл бойғы қалыптасу кезінде еліміздің ішкі істер органдары күрделі жол кешіп, дамудың жаңа кезеңіне өтті, – деп бастаған Лаззат Махатұлы қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қадағалайтын тәртіп сақшыларына деген ел сенімінің жоғары екендігін айтып өтті. – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Полиция қызметкерлері азаматтардың сеніміне ие болып, олардың қызметі ең алдымен халыққа қызмет көрсетуге бағытталуы тиіс» – деп атап өткен болатын. Әр азаматтың өмірі мен денсаулығы – еліміз үшін басты құндылық. Сондықтан, полициядағы қызмет тәртіп сақшыларына зор жауапкершілік жүктейді. Полиция қызметкерлері азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етеді. Олар күн сайын қоғам дамуына зор үлесін тигізе отырып, қоғамдық тәртіпті қорғайды.

Лаззат Махатұлының айтуынша Алматы облысында 5 мыңға жуық полиция қызметкерлері абыроймен еңбек етуде. Қауіпті де абыройы қызмет жолын таңдаған тәртіп сақшыларының қатарында қызмет кезінде ерлікпен көз жұмған ерлерді ұмытуға болмайды. Азаматтардың өмірін қорғай жүріп қаза тапқан боздақтар полиция майоры Тұрғанжан Тұрдиев, полиция капитандары Азамат Мұртбаев, Ержан Ахметов, Виктор Иванов, полиция лейтенанттары Алмас Алинов, Ерлан Керімбеков, Ғалым Тәттібеков, Еділ Әділжан, старшиналар Ермұқаш Қасенов пен Манас Жұмаділов, полиция сержанты Мүсрет Абдулдаев.

Облыста ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қаржыландыру мөлшері жыл сайын артып келеді. Биыл қызметтік автотранспорт, қажетті техника мен мамандар штатын ашу үшін 12 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп отыр. Одан бөлек, «Қауіпсіз аула» жобасы аясында облыс орталығына құны 4,5 миллиард теңге болатын 800 бейнекамера орнатылады. Дәл қазір облыста орнатылған 360 бейне-бақылау камерасы қоғамдағы тәртіпті қадағалауға қызмет етуде. Сондай-ақ, биылға 62 учаскелік полиция бекетінің құрылысын жүргізу жоспарланған. Онда учаскелік полиция қызметкерінің отбасына арналған қызметтік үй бірге салынады. Осындай жетістіктердің қатары мол екенін жеткізген облыс әкімінің бірінші орынбасары бұдан соң облыстық, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының бөлімшелеріне жаңа 50 автокөліктің кілтін беріп, үздік мамандарға облыс әкімі Амандық Баталовтың Құрмет грамотасын және Алғыс хатын табыстады.

Мінберге көтерілген облыстық ішкі істер департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Мұрат Үрұмханов ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымовтың бұйрығымен кезектен тыс арнайы атаққа лайықтыларды марапаттап, қызметте жоғары жетістіктерге жеткен мамандардың кеудесіне «Қазақстан полициясына 25 жыл» төсбелгісін тақты. Одан бөлек, қоғамдық тәртіпті қадағалауға қажетті жұмыстарды ұйымдастырған мамандарға «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалі және II дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Салтанатты жиын соңы еліміздің эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

ҚҰРЫЛЫС

Талдықорғанда жаңа оқу жылына дейін «Жетісу» футбол клубының жатақханасы, №20 мектептің және қазақ-түрік лицейінің ғимараттары жаңармақ. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР күрделі жөндеу жүріп жатқан білім және спорт нысандарын аралап, жұмыс қарқынымен танысып қайтты.



Күрделі жөндеудің күрмеуі шешілді

Бірінші болып орталық «Жетісу» стадионына бас сұқты. Орталық алаңның сапасы мен жүріп жатқан құрылысты тексеріп, бірқатар тапсырмалар берді. Сын-ескертпелер де айтты.

– Бірінші лига «Жетісу» командасының деңгейі емес. Облыс әкімі «Жетісу» командасына 1.5 млрд. теңге қаржы бөлді. Бұл бірінші лигадағы командалардың бюджетінен төрт есе артық. Сондықтан келесі жылы премьер-лигада өнер көрсетулерің керек. Сонымен қатар, стадионның тек алаңына ғана емес, айналасына да қараңыздар. Жазғы маусымда балалардың кешке футбол ойнауына мүмкіндік жасаңыздар, – деді Жақсылық Мұқашұлы.

Бұдан соң ҰБТ-дан орташа 106,6 балдық көрсеткіші бар № 20 лицейге барып, оқу орнының спортзалы таршылық ететінін көрді. Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары жұмысты сапалы әрі уақытылы аяқтау керектігін алға тартты. Лицейдің құрылысымен 105 адам айналысуда. Әзірге жұмыс қарқыны жақсы. «Тамыз айында оқушылар су жаңа нысанда оқиды», – дейді құрылысшы мамандар.

Осыдан кейін № 19 мектепке барып, күрделі жұмысты талап ететін үйірме залын көріп қайтты. Оқу жылын 280 баламен тамамдаған үйірмеге мектеп оқушылары мен мүмкіндігі шектеулі балалар қатысады. Мектепте шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, би, ән, домбыра, футбол, театр үйірмелері жұмыс істейді. Сонымен қатар, математикадан қосымша сабақ өтеді. Бүгінде дайындыққа әр ауданнан келген оқушылар көп. Жақсылық Мұқашұлы: «Біздің болашағымыз осы жастар. Сондықтан оларға барлық жағдай жасауымыз керек. Сіздер соған атсалысыңыздар. Балаларды үйірмеге тартыңыздар», – дей келе, ғимараттың құрылысы шешімін табатындығын айтты.

Келесі кезекте Жақсылық Мұқашұлы қазақ-түрік лицейіне барды. Ол мұнда жұмыстың баяу атқарылып жатқандығын көріп, құрылысшылар саны мен жұмыс сапасын арттыру керектігін айтты.

– Мына қарқынмен жаңа оқу жылы басталғанша мектеп құрылысын бітіре алмайсыздар. Қазақ-түрік лицейінің 3 ғимаратын жөндеуге алпыс адамды жұмылдыру аз. №20 лицейде бір ғимараттың өзінде 105 құрылысшы жұмыс істейді. Бірінші кезекте – сапа, одан кейін уақыт. Сондықтан жұмысшылар санын көбейтіп, күн-түн демей жұмыс істеу керек, – дей келе арнайы келіп тексеретіндігін айтты. Сондай-ақ, оқу ордасына білім сапасын арттыру керектігін ескертті.

А. НАЗАРҰЛЫ.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 101 (18377)
Сейсенбі, 12 қыркүйек, 2017 жыл.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan



Бес жылдан бері қазақстандықтардың басты назарында болған, баламалы энергияның ерекше мүмкіндігін мүлде басқа қырынан көрсетіп үлгерген «ЭКСПО – 2017» көрмесінің де жабылу салтанаты өтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған түрі бөлек болса да жүрегі ортақ, тілегі телегей жандар иық тіресіп тұрып, осы бір маңызды шараның сәтті аяқталғанына қуанышын білдірді. Әсіресе, көрме қалашығындағы көріністер көңіл қуантты. Үш ай бойы ауылын алысқа тастап, қазақ елінде жүрген шетелдіктер мен көрменің басы-қасынан табылған отандастарымыздың көңілдері шат. Олар көрменің жабылғанына емес, алға қойған мақсат-жоспардың ойдағыдай орындалғанына қуанышты.

Жетісу
Қажет АНДАС

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтарды осынау маңызды шараның сәтті аяқталғанына орай ыстық ықыласпен құттықтады.

Елбасы жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Астана мен елдің барлық өңірінің күш жұмылдыруының арқасында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің табысты өткенін айтты. Нұрсұлтан Назарбаев көрменің Қазақстан экономикасын дамытуға мультипликативтік тұрғыдан оң әсер еткенін ерекше атап өтті. Елбасы атап өткендей, көрме аясында шағын және орта бизнестегі 1400-ден астам кәсіпорын құны 640 миллиард теңге болатын тауарларды жеткізуге және қызмет көрсетуге тапсырыс алды. Туристік сектор жандана түсті. Туроператорлардың қызметіне деген сұраныс 1,8 есе артса, бас қаладағы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10 пайыздан аса көбейді. Елорда бюджетіне қызмет көрсету саласынан түскен салық 1,2 есе өскен. Жалпы, ЭКСПО аясында 6 мыңнан астам түрлі іс-шара өткізіліп, әлемнің интеллектуалдық және технологиялық әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Мұнда жаңартылатын энергия көздері саласындағы 140-қа жуық ғылыми жаңалық көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, ЭКСПО аясында қазіргі заманғы энергетикалық саясаттың басымдықтары жөнінде жаһандық диалог ұйымдастырылып, энергетика мен экология саласындағы заманауи проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар әзірленді. Сондай-ақ, көрменің аяқталуы бірнеше ауқымды жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік береді.

Елбасы айтқандай, Қазақстанның беделін асырып, елімізді әлемге танытқан көрме бұдан кейін де өміршеңдігін жоғалтпайды. Расында, үш ай бойы Астана қаласына қаншама елдің өкілдері келді, қазақ елін мүлде білмейтін жандар кең-байтақ жеріміздегі кеңпейіл халқымыздың қонақжайлығына тәнті болып қайтты. Болашақта атқарылатын келісімдер Арқа төсінде бекітіліп, атқарылуға жол алды. Мұндай кереметтерді санай берсек көп.

Әлем назарын аударған салмақты шараның салтанатын театрландырылған шоу аша түсті. Күрделі инженерлік, көркемдік және қойылымдық көріністер қолданылған ауқымды Hi-Light Show жарықтық иллюзиялар, графикалық проекциялар мен шынайылықты бір арнаға тоғыстырып, тамаша үйлесім тапты. Әуе гимнастикалары қозғалысымен бірге әуеде қалқыған көп тонналы декорациялар және үнемі кейіптенетін сахна көрме қонақтарына фантастикалық болашақ әлеміне сапар жасауға мүмкіндік берді. Көрменің жабылу салтанатының бас продюсері Борислав Володиннің айтуынша, шоуда көрмеде ұсынылған энергетика және технология саласындағы әзірлемелерді көрсетуге ерекше ден қойылыпты.

Басы. Жалғасы 3- бетте.

БРИФИНГ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, Талдықорған!

Әсем қаламыздың мерейлі мерекесі басталып та кетті. Айшықты шара айдың аяғына дейін жалғасады. Қала күні биыл да ерекше тойланады. Соған орай қала әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз конференциясында қала әкімі мерекеге орай өткізілетін шаралар легін атап өтті.

– Өздеріңізге белгілі, қыркүйек айында қала күніне арналған іс-шараларды бастаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай, түрлі шаралар ұйымдастырылады. Талдықорған қаласы тек жарқын да заманауи облыс орталығы ғана емес. Бұл біздің еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан шырайлы шаһар, – деді Бағдат Әбілмәжінұлы. Сонымен қатар, қала басшысы мерекелік бағдарлама толық бекітілмегенін, уақытында тағы да өзгерістер болуы мүмкін екендігін ескертті.

Жыл сайын қала күнін атап өту дәстүрге айналған. Талдықорған – өндірісі өркендеген, өткен ғасыр басында ұлт зиялылары қызмет еткен рухани орда. Облыс орталығының сан ғасырлық тарихи бейнесінде терең саяси, рухани мән жатыр. Сондықтан, Талдықорғанның туған күніне әрбір тұрғын атсалысуы тиіс. Бір айта кететіні, қала күніне бұрын-соңды өңірімізге келмеген өнер жұлдыздары қатыспақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КҮРЕТАМЫР

Жастарға қызмет көрсету орталығының мәжіліс залында «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері» туралы парламенттік тыңдауды жетісулықтар арнайы телеэкраннан көрді. Елорда төрінде өткен басқосуға ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин, Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев, қос палата депутаттары мен мемлекеттік орган өкілдері, әліпби жобасын әзірлеуші Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылым және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Әлем қазақтарын біріктіретін әліпби

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

– Біздің ұлттық санасезім, рухани даму, өркендеу жолымыз, осының барлығы, қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасаудан басталады. Себебі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазақ тілі – ол біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Сонымен бірге, жаңа әліпби бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор, – деді Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин.

Жергілікті агенттіктердің хабарлауынша, әліпби нұсқасын Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек пен Тілдерді дамыту орталығының директоры Ербол Тілешов таныстырды. Жаңа әліпби жобасында 25 таңба бар. Ербол Тілешовтің айтуынша, әліпбиді құрастыруда қазақ тілінің үндестік заңдылығы ескеріліп, нәтижесінде 25 таңба шыққан. Оның айтуынша, әліпби жобасын құрастыруда Тіл білімі институты мен Тілдерді дамыту орталығы мамандарының пікірлері ескеріліп, оған қарапайым азаматтар да қатысқан.

Ерден Қажыбектің сөзіне сүйенсек, Парламентте таныстырылған жаңа латын әліпбиін институт қызметкерлері мен сарапшылар бірауыздан қолдаған. Ол осыған байланысты әліпби жобасын қазақстандық ғалымдардың ортақ пікірі ретінде қабылдауды сұрады.

Отырыс барысында халық қалаулылары мен белгілі саясаткерлер, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, сарапшылар мен тіл мамандары, қоғамдық ұйым мүшелері жаңа әліпбидің жобасын әзірлеген мамандардың еңбектерімен таныстық.

ҚР Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы латын әліпбиінің бірыңғай стандартын қабылдауды, ал 2018 жылы оқу әдебиеттерінде дайындықты бастау міндетін қойған болатын. Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша Елбасы тапсырмасына орай тиісті ұсынымдар қабылданады деп ұйғарылды.

(2-бетке назар аударыңыз).

ЖАЙДАРМАН

СПОРТТЫҚ КЕШЕН бой көтереді

Бұл күнде тұрғындар саны шамамен 80 мыңға жуықтаған Талғар қаласында орталық «Жастар» стадионы салынып, пайдалануға берілгелі, әсіресе, спорткұмар жастарға қолайлы жағдай жасалған. Аталған ауданда спортқа қызығушылар қатары артты. Бұл салада жетістікке жетіп жүргендер саны да аз емес. Тұрғындар саны жыл санап өсіп отырған талғарлықтар үшін тағы бір спорт кешенінің бой көтеретіндігі жағымды жаңалыққа айналуда.

Жаңа нысанға арнайы атбасын бұрған облыс әкімінің міндетін атқарушы Лаззат Тұрлашов құрылыс жұмысына жауапты мердігер компания басшылығымен кездесіп, жұмыстың жайымен танысты. Ақбас Алатауға жақын маңнан бой көтеретін жаңа спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысына облыстық бюджеттен 759 млн. 600 мың теңге қаражат бөлініп, өткен мамыр айынан құрылысты бастап кеткен. Жалпы аумағы 2 гектар жерді құрайтын спорттық кешен заманауи үлгіде салынбақ.

– Негізгі үш блоктан тұратын нысанның бүгінде іргетасы қаланып, жертөлесі жасалды. Биылға 393 млн. 890 мың қаржы бөлінсе, соның 97,6 млн. теңге қаржысы игерілді. Нысан құрылысын 15 айда аяқтау жоспарланған. Жұмыс жоспарға сай атқарылуда, – дейді құрылыс жұмысына жауапты «Еламан» ЖШС-нің басшысы Әбдіғали Миразов.

Спорттық-сауықтыру кешенін сапалы етіп салып, белгіленген мерзімде өткізуді діттеген серіктестікте осы күні жиырмаға жуық жұмысшы еңбек етуде. Құрылысқа жұмылдырылған техника гүрілі тыным табар емес. Ауа райының қолайлылығын ұтымды пайдалануға ұмтылған құрылысшылардың қарқынды қимылы көңіл қуантады.

Келер жылдың жазында аталмыш спорттық-сауықтыру кешенінің пайдалануға берілетіндігіне іштей қуанып қайттық.

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ.
Талғар қаласы.

КҮЗ БЕРЕКЕСІ



ТҰТЫНУШЫЛАР ЛЕГІ толастамады

Миллиондар мекеніне айналған Алматы қаласының Жібек жолы көшесінің бойында облыс аудандарының атсалысуымен ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жылына екі мәрте өткізу дәстүрге айналған бұл ауқымды жәрмеңкеде ауылшаруашылығының 48 түрлі өнімі сауда сөрелеріне шығарылып, 180 млн. теңгеге саудаланды. Бұл көрсеткіш былтырмен салыстырғанда 10 млн. теңгеге артық.

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Жәрмеңке жұмысына облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, Алматы қаласы ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Айдын Керімбек, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов және барлық ауданның аталған салаға жауапты басшылары мен мамандары қатысты.

Жер жаннаты Жетісудың құнарлы топырағында өскен табиғи таза өнімді сатып алуға алматылықтар таңмен таласа келді. Қала базарларының бағасынан 20 пайызға арзан ет-сүт, көкөніс пен жеміс-жидек, бал мен балыққа деген сұраныс мол болды. Тіптен, бір талы 23 теңгеге бағаланған жұмыртқаға тұтынушылар ұзынсонар кезекке тұрды. Сөйтіп, бұл күні 30 мың дана жұмыртқа сатылды.

Қыстың қамын жасап алуды ойлаған қалалықтар қияр мен қызанаққа, сәбіз бен картопқа көп сұраныс тудырды. Ал жаңа сойылған ірі қара мен қой еті, тауық, балық өнімдері еш іркіліссіз саудаланды. Әсіресе, құрт-ірімшік, май мен кілегей, күбіде күрпілдей пісілген сары қымыздың иісі тәбетті ашты. Табиғи өнімнің қадірін білетіндер Райымбек ауданы, Кеген ауылынан келген «Бақдәулет» шаруа қожалығының иесі Рысхан Жұмашеваны айналып өте алмады.

– Жәрмеңкенің өткізілуін асыға күтемін. Себебі, сауда жақсы жүреді. Бүгін 150 литр қымыз, 40 келіге жуық құрт, осы мөлшерде май мен ірімшігімді алып келген едім, бірер сағаттың аралығында орталанып қалды, – дейді Рысхан апа.

Сауданың көрігін қыздырған ауылшаруашылығы жәрмеңкесіне Талғар ауданынан 14,6 тоннаның өнімі әкелініп, 4,5 млн. теңгеге саудалады. Қайта өңдеу ісін мықтап жолға қойған ауданның «Байсеркен-Агро», «Бекон» және «Макария» ЖШС-нің тауарлары жақсы өтті.

1100 гектар жерге бақ отырғызып, тамшылатып суару әдісімен мол өнім алуды жолға қойған атақты «Жаркент-Фрукт» ЖШС-нің шабдалысына сұраныс болды.

– Серіктестік жер көлемі жағынан республика бойынша ең ірі бақ өсірушілер санатында. Озық технологияға негізделген жеміс бағы өнімдерінің сапасы өте жоғары. Бір қызығы, биыл алғаш жеміс берген шабдалы сауда сөресіне шығарылысымен сатып алушылар сөмкесіне түсуде. Соған қарағанда, бұл жәрмеңкені қалалықтардың асыға күткені байқалады, – дейді Панфилов аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қуандық Мұсабеков.

Қала мен ауыл арасына алтын көпір болған ауылшаруашылығы жәрмеңкесін бақылап қана қоймай, алыс-жақыннан тауарын арқалап келген шаруашылық жетекшілерімен, сатушылармен пікірлескен Серікжан Ісләмұлы Еңбекшіқазақ ауданының «Сапар» шаруа қожалығының иесі Ақлима Айтжановаңың сөзіне құлақ асты.

– Шаруа қожалығымызда 12 гектар жерге алманың 24 сорты өсіріледі. Жыл сайын Алматы қаласында өткізілетін «Алма» фестивалінде қатысып, 1-орынды иеленіп келеміз. 10 дипломымыз бар. Бірақ, осы алмамды тұрақты түрде сатуыма қолайлы жер таппай жүргенімді несіне жасырамын. Маған осы мәселені шешуге көмектесеңіздер, – деген өтінішін білдірді.

Алма өсірудің шебері атанған апаның бұл тілегін асықпай тыңдаған Алматы қаласы ауылшаруашылығы басқарамасының басшысы Айдын Жанұзақұлының мәселені бір демде шешіп беруі шаруашылық иесінің көңілін жайландырды.

– Алматы қаласы тұрғындарын табиғи таза ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған жәрмеңкеге бұл жолы 180 млн. теңгені құрайтын 360 тонна өнім әкелінді. Жылдағыға қарағанда өнім көлемі 10 тоннаға артып отыр. Облыс әкімі Амандық Баталов ауылшаруашылығы жәрмеңкесіне белсене қатысушылар арасында байқау жариялағаны белгілі. Сондықтан да бұл жәрмеңкеге тұрақты қатысып, сапалы да құнарлы отандық өнімін ұсынған шаруашылық иелері қараша айының соңында байқау қорытындысы бойынша марапатқа ілікпек. Осыны ескерген барлық ауданның ауылшаруашылық бөлімдері белсенділік танытуда, – деді облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және маркетинг бөлімінің басшысы Талғат Алыбаев.

Сарыала күзде әр шаңырақтың ырысын тасытып, берекесін арттыратын ауылшаруашылығы жәрмеңкесі осылайша қызу өтті. Бұл күнгі жәрмеңкеге сатушы да, сатып алушы да риза болды.

Алматы қаласы.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Үздік теледидар материалы»;**
2) **«Үздік радиоматериал»;**
3) **«Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;**
4) **«Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».**

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше **– 500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб, «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: **8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.**

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

ІЛТИПАТ



Қарттарға құрмет көрсетті

«ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР», – ДЕП БЕКЕР АЙТЫЛМАҒАН. ТӨРДЕ ОТЫРҒАН АҚСАҚАЛДАР МЕН АҚЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕРІМІЗДІ КӨРГЕНДЕ ТӨРТ ҚҰБЫЛАМЫЗ ТЕҢ ЕКЕНІ СЕЗІЛІП, БАЙЛЫҒЫМЫЗ БЕН БАЗАРЫМЫЗ КӨБЕЙІП, КӨҢІЛІҢ БІР ЖАЙЛАНЫП ҚАЛАДЫ. НЕМЕРЕСІН ҚҰШАҒЫНА АЛЫП, МЕЙІРЛЕНГЕН АТА-ӘЖЕЛЕР БАҚЫТТЫ БЕЙНЕСІМЕН-АҚ ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІН КІРГІЗІП ЖІБЕРЕДІ. АЛТЫН БУЫН АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕУДІ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ЕШ УАҚЫТ ЕСТЕН ШЫҒАРҒАН ЕМЕС. ОСЫ ОРАЙДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БАҒДАТ ҚАРАСАЕВ ҚАРТТАР КҮНІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮЗ АРДАГЕРДІҢ БАСЫН ҚОСЫП, ІЗГІ ІЛТИПАТЫН БІЛДІРДІ.

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Халықаралық мереке аясында «Заңғар» мейрамханасына жиылған ата-апалардың құшағы гүлге толып, кеудесін қуаныш кернеген. Жайылған ақ дастарқан басындағы ақсақалдарымыздың алдына Бағдат Әбілмәжінұлы шығып, құттықтау сөзін арнады.

– Елдің киесі де, иесі де сіздерсіздер, құрметті ата-апалар, – деп бастаған қала әкімі Талдықорған қаласының даму барысына тоқталды. Қаламыздың жайнап, құлпыруына қариялардың да үлестері бар екенін айтқан әкім бар ақсақалдарымыздың ұлағатты сөзі мен көрсеткен тағылымды шаралары бүгінгі жастардың қанаттануына көп септігін тигізіп отырғанын жеткізді.

Әр уақытта қоғамдық жұмысқа белсене атсалысатын ардагерлердің еңбегі өлшеусіз. Ақсақалдардың игілікті істерін тілге тиек еткен қала әкімі қарттарымызды төл мерекесімен құттықтап, естелік сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, жастарға ата дәстүрді насихаттауда, қоғамдық жұмысқа атсалысып, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлуде көп еңбек сіңірген Тортай Ізбасқанов, Марат Байханов, Сағым Қабақбаев, Білімдік Қасенов, Дәнекүл Сейтқұлова, Адалят Шарафеев, Барыс Қауысов және Роза Ақжеркенова, Арман Махатов, Елдос Баялышбаев сынды белсенді буын өкілдеріне қала әкімінің Алғыс хаты мен грамотасы табыстталды.

Өнер иелері қарттарымызға арнап әннен шашу шашса, ақсақалдарымыз кезек-кезегімен шығып, құттықтау сөзін арнап, құрмет көрсеткен қала әкіміне және оның аппаратына ризашылықтарын білдіріп, ақ батасын арнады. Бақыт пен шаттықтың құшағында көңілдерін бір серпілткен ардагерлер әуезді әнге би билеп, жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, қуанышпен тарқасты.

САҒЫНЫШ



▼ ӘКЕМ ЖАЙЛЫ ЖАЗУДЫ БАСТАҒАНДА БІРДЕН ЖОРҒАЛАТЫП АЛА ЖӨНЕЛЕМІН ДЕП ОЙЛАҒАН ЕДІМ. БІРАҚ КОМПЬЮТЕРДІҢ АЛДЫНА ОТЫРҒАНДА КӨҢІЛДЕГІ КӨРІКТІ ОЙЛАР САН-САҚҚА ШАШЫРАП, НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛДЫМ. ӨЙТКЕНІ, КӨКЕЙГЕ ТОЛЫ САҒЫНЫШ КӨРІКТІ ОЙЛАРДЫ ТІЗБЕЛЕЙ ЖӨНЕЛУГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРДІ. ӘУ БАСТА НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛҒАНЫМ ШЫНДЫҚ. ОСЫ ТҰСТА ӘКЕМНІҢ ӨМІРБАЯНЫН ТІЗБЕЛЕП, МАҚАЛА ЖАЗСАМ ҚАЛАЙ БОЛАР ЕКЕН ДЕП ТЕ ОЙЛАНДЫМ. ОНЫҢ ДА ҚИЮЫ ҚАБЫСПАДЫ. АҚЫРЫ КӨПТЕН БЕРІ «ӘКЕМ ЕКЕУМІЗ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАЗЫП ЖҮРГЕН КӨЛЕМДІ ЕҢБЕГІМНІҢ КӨРНЕКІ ТҰСТАРЫНАН ҮЗІНДІ АЛЫП, САҒЫНЫШЫМДЫ БАССАМ ДЕГЕН ОЙҒА ТОҚТАДЫМ.

ӘКЕ РҰҚСАТЫ
бес жыл күткен басты құжат

Қазақ ұғымында үйдің үлкені ата баласы саналады. Әпкем екеуміз бала күнімізде атамыздың баласы болып өстік. Сондықтан үлкендердің үйретуімен әкешешеміздің атын атап кеттік. Атамды ауылдастар «Омарақын зәңгі» деп атайтын. Оның қандай мәртебелі атау екенін ержеткенде білдік. Атам ел осылай атаған сайын бойын аулаққа салып, сыпайы күліп, жанына жуытпауға тырысатын. Бала көңіл оның байыбына бармасақ та, атамның әр нәрседен сақтанып, әр жұмысты байыптап, сабырмен салмақтап істейтінін іштей сезінетінбіз. Ал әкем болса үйге көп келмейтін. Ауылдастар кешкі асқа отырған кезде Ұрымхан апам әпкем екеумізді жетелеп, ауылдың маңындағы төбешікке шығатын да: «Әкелерің анау жақта тұрады», – деп қолын ебедейсіз сермеп, әлдебір алысты нұсқайтын. Одан кейін көз жасын бізге көрсетпей сығып алып жататын. Балғын көңіліміз әкеміздің жақын арада қасымызда болмайтынын ғана сезетін.

Атам өмір бойы бес уақыт намазын қаза қылмаған тақуа адам еді. Намаз уақытында әпкем екеуміз есік күзетінде тұратынбыз. Әлдебіреу біздің үйге келе жатса атама дереу хабар жеткіземіз. Құлшылығын өтеп болғаннан кейін төрде ілулі тұрған көнетоз қаптадағы жұқалтаң кітапшаны алып, әр бетін еппен парақтап, ұзақ сүрелерді күбірлеп оқитын. Апам әлгі кітапшаны «Әптиек» деп атайтын. «Әптиектің» не екенін атамнан сұрауға батпай, әпкем екеуміз апамның мазасын алатынбыз. Бірақ апам: «Ол атаңның кітабы», – дейтін де қоятын. Шешемізден сұрай қалсақ, бізге шапалақпен ғана жауап беретін. Десе де, біз үлкендердің күдікшіл әрекеттерінен үйдегі құпияны сыртқа шығармау керектігін мықты меңгердік.

Осындай мұқияттылықтың мәнін кейін ес білгенде, Қытай еліндегі күрделі саяси жағдай жылымық тартқанда барып түсіндік. Сөйтсек, бұл кез атамыздың «Жұртты азғырып, қызыл өкіметке қарсы шыққан, көнелікті жақтап, жаңалықты шеттеткен, ұлтшыл, кері төңкерісші, халық жауы» деген мәртебелі атақтарға ие болып, бақылауда жүрген кезі екен. Жасы ұлғайған адам болғандықтан және денсаулығының нашарлығы себепті үйқамақта отыруға бұйырыпты. Ал әкеміз жастайынан қолына қалам алып, өлең мен өнер қуып ержеткендіктен, «Сары өлең жазып, сары ән орындаушы, Ухан, Жыңтоның (Қызыл өкіметті мойындамаған қытайлық жазушылар) Кеңсудың басына қағып кеткен қазығы» деген айып тағып, еңбекпен өзгертуге жіберіліпті.

Бір күні біздің үйде таң атпастан абыр-сабыр басталды да кетті. Көптен бері есігімізді ашпаған туыстарымыз, «Ассалаумағалейкум» деп алақанымызды ала жүгірсек, теріс айналып кететін ағайлар атамның айналасынан табылды. Есіктің алдындағы қара ағашта байлаулы тұрған ақсарбас қой шиыршық атады. Сол күні әкеміз үйге оралды. Жұрттың аузынан «Төрттік төбе талқандалып, заман тыншыды», – деген сөздерді жиі еститін болдық. Оның не екенін қайдан білейін, әйтеуір әкеміздің ортамызға келгеніне бала көңілмен барынша мәз болдым. Сол күні ауылдық өкіметте істейтін жас жігіт атамның Қаракер атын әкеліп берді. Құлағын қайшылап, маңына жақындағандарға оскырына қарап, тықыршып тұрған жануар атамды көргенде басын мама ағашқа тіреп, тыныш қалды. Араға алты жыл салып барып қайта табысқан атам мен Қаракер біразға дейін көңілімен сыр бөлісіп, сағынышын тарқатқандай болды. Сосын Қаракердің тізгінін әкеме ұстатты. Осыдан кейін әкемді қонаққа шақыратындар көбейді. Қайда барса да мені ертіп алады. Атам денсаулығы сыр беріп жүргеніне қарамай таң атпастан тұрып, Қаракерге жемсуын беріп, ертеп қоятынды әдетке айналдырды. Күншілік жолға шыққанда майда жүрісінен бір танбайтын Қаракер кейін ауыл арасындағы көкпар тартыста мертікті. Атам оны сойдырды да етін ауылдастарға толығымен бөліп берді. Тек қос жауырынның астынан өніп шыққан құстың қанаты сияқты сүйемдей ғана екі сүйекті өзіне алып қалды. Қаракер аттың қанатын қайтыс болғанша басына жастап жатты. Өсиеті бойынша жылдық нәзірін бергенде киізге орап, зиратының басына көміп қойдық. «Ат – ердің қанаты» деген ұғымды бала күнімнен осылай біліп өстім.



Жетісу

Қажет АНДАС

Әкеммен бірге өткізген қызық күндер көпке барған жоқ. Бір күні пошташы қарт алыстағы Үрімжі қаласынан келген хатты үйге жеткізді. «Сол жердегі ақындар әкеңді шақырып, хат жіберіпті», – деп түсіндірді шешеміз. Ол кезде біз қалам ұстағанның бәрін ақын деп есептейтінбіз. Ал Үрімші деген қаланың атын естісек те, оның қай жақта орналасқанын білмеуші едік. Бірақ қазақта «қара шаңырақ» деген ұғым бар. Әкем қарашаңырақтың иесі болғандықтан отбасымыздың Үрімжіге көшуіне туыстар қосылмады. Ақыры үлкендердің шешімімен қара шаңырақ ауылда қалатын болды да, әкем Үрімжіге салт барып, қызмет істеуге аттанды.

Ол кезде Қытайда тұрмыс төмен, ауылдың жағдайы да қиын еді. Ауылдағы жалғыз дүкенге айында бір рет қана тауар келетін. Оның өзін қолында билеті барлар алатын. Әкеміз үлкен қалада жұмыс істейтіндіктен біз елдің баласы кимегенді киіп, жемегенді жеп өстік. Әкеміз келген сайын ауылдағылардың түсіне де кірмейтін неше түрлі затты әкеліп беретін. Қысқасы, біз өскен ауылда бірінші рет ағаштан әдемілеп жасап, әлем-жәлем киіндірген қуыршақ баламен ойнап, ішіне неше түрлі дәмдеуіш себілген конфет, печенье жедік, велосипедті алғаш біз тептік, қолыңа көтеріп кете беретін шағын радио аппарат біздің үйде болды. Ел аузында бір кездегі жаудың баласы енді болған біздер жаһанды жалпағынан басқан байдың баласы атанып шыға келдік. Кешке қарай ауылдың маңындағы төбеге қалың бала жиналып, радио тыңдаймыз. Ол кезде әкеміздің есімі радиодан түспейді. Өлеңі оқылып, айтыстары беріліп жатады. Бала болсақ та мақтануды білеміз. Сондай кезде төбем аспанға бір-ақ қарыс жетпей тұрады.

Әлі есімде, Іле қазақ автономиялы облысының бірінші рет ұйымдастырған ақындар айтысы Алтай аймағының Болбадай жайлауында өтті. Әкемнің сол айтыста барлық ақынды жеңіп, бірінші жүлдені қанжығасына байлағанын радиодан естідік. Айтыс өткеннен кейін облыстың барлық ақыны бас қосып, біздің ауылға қонаққа келді. Ол кезде біз жеңіл көлікті көңке деп атайтынбыз. Анау алыстан қатар-қатар тізіліп, ауылға беттеп келе жатқан бір топ көңкені көргенде ауылдастар абыржып қалды. Айына бір-екі рет дүкенге тауар әкелетін жүк көлігі болмаса, тау сағалаған жұпыны ауылға мұндай көлік тізбегі бірінші рет келіп отыр. Әкем бастаған қонақтардың қарасы көрінгенде атам мені Қаракердің алдына мінгізіп, қонақтарды қарсы алуға барды. Ол кезде денсаулығы сыр беріп жүрсе де білдірмеуге тырысатын. Қалың ақын атаммен сыпайы амандасып, мені бірінен соң бірі көтеріп алып, бетімнен сүйіп, әбден әлпештеді. Танымал жазушы Сұлтан Мәжит ырымдап аузыма түкірсе, айтыскер ақын Буырылхан апам шалғайына орап, батасын берді. Қалың ақын біздің ауылда бір апта қонақ болды. Күн сайын жыр-думан. Бір жағында ақындар айтысса, бір жақта балуандар күш сынасып, ат бәйгесі ұйымдастырылды. Құлжа мен Үрімші қаласынан арнайы шақырылған аспаздар түрлі тағам әзірлеп, ауылдастарды қызықтырды. Сол күннің естелігі мен жеген астың дәмі әлі күнге есімнен кетпейді. Бұл жаны жүдеп жүрсе де берекесін қашырмаған қазақы қасиеттің белгісі еді.

Өкінішке орай, сол жолы атамның сырқаты ауырлай түсті. Ақындар Үрімшіге қайтқанда әкем атамды қимай ауылда қалып қойды. Егер әкем сол жолы Үрімжіге кете бергенде өмірі басқаша өрілер еді. Атама деген адал перзенттік борышы атақ пен даңқты сырып тастады. Алайда әкем өмір бойы бұл шешіміне өкінген емес. Қайта өле-өлгенше атама деген құрметті қастерлеп өтті. Өмірде әкесіне деген шынайы сүйіспеншілікті қастерлеп өткен адам екеу болса бірі, біреу болса ол менің әкем еді. Кейде мен өзіме: «Адамгершілік пен атақ қатар келсе қайсысын таңдаймын?» – деп сұрақ қойып көремін. Алайда нақты шешімін айта алмаймын. «Әке көрген оқ жонар», – деген ғой. Әкемнің жолын қуатын шығармын.

Жұпыны ауылдың жұтаң тіршілігі әкемнің еңсесін әбден түсірді. Арада ауылдағы орта мектепке мұғалім болып жұмысқа шықты. Бірақ көкірек сарайы таяз, әпербақан, менменшіл жандардың қақпайына көп ұшырады. Әкемнің бір мінезі ешкімнің алдында жалтақтап, кішіреймейтін. Көңіліне жақпаса бетің-жүзің демей айтып тастайтын. Осы мінезімен де талай олжадан қағылды. Тағы бір жағынан қызыл өкіметке де сенбей өтті. Талай рет коммунистік партия қатарына өту туралы ұсыныс жасалса да өмір бойы партияға өтпей кетті. Ол да адымын аштырмай, артқа тартты. Кейде: «Егер мен осындай таңдауға бетпе-бет келсем не істер едім?» – деп сұрақ қоямын. Нақты жауап тағы да айта алмаймын.

«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады» дегендей, өмірден біраз жыл қағажу көрген әкем қайта орнынан тік тұрды. Оған 1988 жылы Қытайда халық мұраларын жинау, реттеу, халық қажетіне жарату мақсатында қолға алынған үлкен бастама себеп болды. Бұл міндетті біздің өңірде әкемнен басқа ешкім орындай алмайтыны белгілі еді. Сонымен 1988 – 1993 жылдар аралығында өлкені шарлап, қазыналы қариялармен сұхбат құрып, табанынан тозып жүріп, «Күнес ауданының қисса-дастандары», «Күнес ауданының аңыз-ертегілері», «Күнес ауданының өлең-жырлары», «Күнес ауданының мақалмәтелдері» атты төрт кітапты жазып, баспадан шығарып, ел алғысына бөленді. Осыдан кейін, яғни, 1994 жылы «Күнес ауданының тарихи материалдары» деген желілес кітапты жазу міндеті жүктелді. Бұл кітаптарда қазақ тарихында ең алғаш ірге қалаған Үйсін патшалығынан тартып, бүгінгі Іле өңіріндегі елеулі оқиғалар жайлы тарихты түгендеген 10 кітап жазып, баспадан шығарды. Оның төртеуі қытай тіліне, бір кітап ағылшын тіліне аударылды. «Жылдар ізі», «Сарыкезең сазы» атты жыр жинағы, «Дода» атты айтыстарының жинағы, «Тарих талғарындағы тарландар» атты тарихи зерттеулер кітабы жұрттың ықыласына бөленген еді. Осы еңбектері арқылы Қытайдың Мемлекеттік сыйлығын еншіледі. Айта кетерлігі, әкемнің өмірінде ең алғашқы, ең соңғы, ең бағалы сыйлық осы біреу ғана. Бірақ әкем миллиардтар еліндегі екінің біріне әрең бұйыратын марапатқа ие болғанын айтып, мақтанып, шаттанғанын көрген жоқпын. Басқалар сияқты баспасөзге жазып, жарнамалаған да жоқ.

Әкем бала тәрбиесіне ерекше қатаң қарайтын. Біз үш бөлмелі жер үйде тұрдық. Біреуі ас үй, енді бірі жатын бөлме, енді бірі күн сайын үзілмейтін әкемнің достары мен анамның қонақтары түнейтін бөлме. Ас үйге екі жер үстел қойылған. Бірінде тамақ ішеміз, ал бірінде сабаққа дайындаламыз. Әкем үйде болғанда бізбен бірге жатып, бірге тұратын. Біз сабаққа дайындалсақ, ол кісі шығармашылықпен айналысатын. Әкемнің осы қасиеті балаларының бәріне дарыды. Бірақ әлдебір тапсырманы толық орындамай немесе кездейсоқ кемшілік жасасақ, оған бола ашу шақырып кінәламайтын. Күлетін де қоятын. Соның өзі өңменімізге қанжардай қадалатын.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары атажұртқа оралуды қанша армандағанмен, әкемнің рұқсатын ала алмай бес жыл күттім. Төлқұжаттың уақыты бітуге 15 күн қалған кез еді. Ол кезде бәріміз ержетіп, біріміз үйлі-баранды болсақ, енді біріміз алыс қалада оқуда жүрген кез. Бір күні әкем жетеуімізді үйге шақырды. Сол күні Құран оқылып, тілеу тіленді. Кешкі астан кейін төрде отырған әкем маған қарады да:

– Сен шынымен Қазақстанға кеткің келе ме? – деп төтесінен сұрады.

Мен де:

– Иә, – деп жауап бердім.

– Менің де, әулеттің де жалғыз ұлы сен емессің, бірақ атаң сенен үлкен үміт күтетін. Атажұртқа барам десең бетіңді қақпаймын. Онда да алдыңның жарық сәуле шашылатынына анық. Менің өкінішімді қайталап жатсаң ешкімнен көрме, – деді.

– Иә,– дедім.

Осы уәде мені әлі күнге алға жетелеп келеді. Әр қадамымды басқан сайын жаны жомарт, көңіл көкжиегі кең, пейілі шалқар адамдар алдымнан шығып, биікке жетелейді. Әкем менің де, басқа балаларының да жетістігін көріп, немере-шөберелерінің маңдайынан иіскеп, көңілі жадырап өмірден аттанды. Әрине, аталарымыздың сүйегі жат елде қалса да әкеміз іргемізде жатыр. Жұма сайын зиратына барып, іштей рухымен сырласып, жетістігіммен бөлісіп қайтамын.

Жыр – арнау

Жолбасшы

Арман, мұрат қатар қойдым өлшемін,
Туған елің арқалатты зор сенім.
Әлпештеді өскен ортаң мейлінше,
Ел деп соққан жүрегіңнің бөлшегін.

Асқақ еді арманыңыз, мұратың,
Мығым еді қаламгерлік қуатың.
Мықтымын деп жүргендердің ішінде,
Сіздің орын бөлекше боп тұратын.

Ұстазым ең маған білім сыйлаған,
Шәкіртім деп жамандыққа қимаған.
Том-том болып мұраң қалды артыңда,
Еңбектеніп ел аузынан жинаған.

Сағынады туған мекен Күнесің,
Оған да мол сіңді асыл үлесің.
Аспан таулар арасында енді, аға,
Жас буынға жолбасшы боп жүресің.

Әлиұр ІСКЕНДІРҰЛЫ,
шәкірті.

100 НАҚТЫ қадам

Жетісу жерінің жұртшылығы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының ойдағыдай орындалуы жолында көп жұмыстар атқаруда. Бұл туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың төрағалығымен өткен жиында баяндама жасаған мамандар айтты.

ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ ЖОҒАРЫ

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Алғашқы болып баяндама жасаған облыс әкімі аппаратының жетекшісі Батыржан Байжұманов мемлекеттік қызметкерлердің жұмысының негізгі басымдығы осы Ұлт жоспарын жүзеге асыру екендігі жайында әңгімеледі.

– Ұлт жоспарының «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» бағыты бойынша үлкен жұмыстар атқарылуда. Биылғы жыл басынан мемлекеттік қызметке қабылданған 437 адамның бәрі де тестілеу мен әңгімелесуден қажетті тәртіп бойынша өткізілді. Ең бастысы, сынақ мерзіміне мұқият бақылау жүргізілуде, қазір ол 3+3 тәртібімен өткізіледі. Яғни, қызметкерді үш ай бойы тәлімгер үйретіп, оқытады, жөн көрсетеді. Содан кейін ол осынша уақыт ішінде өзінің жұмысын барынша көрсетуі тиіс, – деген Батыржан Құлаймергенұлы халықты баспанамен қамтамасыз ету ісіне тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі күні мемлекеттік қызметкерлерге 500-ден астам пәтер берілген. Сонымен қатар, мамандардың біліктілігін арттыру жұмысы да жалғастырылуда. Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақысы жұмыстың нәтижесіне қарамастан ұлғайтылады. Әкім аппараты басшысының сөзіне қарағанда «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының алғашқы 10 қадамы толығымен жүзеге асырылуда.

Одан соң мінберге көтерілген жергілікті полиция бастығы Марат Күштібаев Ұлт жоспарын іске асырудың тиімді нәтижелерін таныстырды. Жоспар аясында жүргізілген іс-шаралар негізінде мал ұрлығының көлемі 2,2%-ға және жолкөлік оқиғасының көрсеткіші 18,4%-ға азайған.

– Әрине, біз үшін ең бастысы – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осыған орай біз «100 нақты қадам» бағдарламасын жүзеге асыруды бірден қолға алып, адамдар көп шоғырланатын қоғамдық орындарға бейнебақылау камераларын орнату арқылы қоғамдық тәртіпті қадағалайтын болдық. Одан бөлек, арнайы сатып алынған 30-ға жуық Крис-П камералары арқылы 60 мыңнан астам жол жүру ережесін бұзу деректерін анықтадық, – дейді жергілікті полиция басшысы Марат Әлімқұлұлы.

Мінберге шақырылған облыс әкімінің орынбасары Женіс Тұяқов Ұлт жоспарының «Индустрияландыру және экономикалық өсім» атты үшінші бағытына тоқталып, атқарылған жұмыстардың нәтижесін таныстырды.

– Барлық қадамдарды іске асыру ұзақ мерзімге арналғандықтан біз жұмысты мұқият жүргізуді дұрыс деп таптық. Біз үшін ең басты бағыттардың бірі инвесторлар әкелу болып отыр. Осының арқасында бүгінгі күні Жетісу жеріне 5 трансұлттық компания қызығушылық танытып отыр. Дегенмен бұл межемен тоқталып қалмаймыз. Жалпылай айтқанда, өлкемізге әкелінген инвестицияның көлемі 144 миллиард теңгені құрап отыр, – дегенді баса айтқан Женіс Тұяқов Ұлт жоспарының 57 қадамында көрсетілген туристік кластерді дамыту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелі екендігін атап өтті. «Ақ бұлақ» туристік орталығы мен сингапурлық компания арасында келісілген жоба жұмыс нәтижесіне дәлел болады.

Жиында, сондай-ақ, Ұлт жоспарының сүт және сүт өнімдерінің өндірісін дамытуға арналған 60-қадамы бойынша Алакөл ауданында тәулігіне 100 тонна сүт өңдейтін зауыт ашуды германиялық компанияның жоспарлап отырғаны, 61-қадамда ет өнімдерін өндіруге байланысты Жамбыл ауданында қуаттылығы 8 мың тонналық зауыт құрылысы басталғаны айтылды.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай Ұлт жоспарының «Біртектілік пен Бірлік» атты төртінші бағыты бойынша атқарылған жұмыстарды таныстырды. Оның айтуынша, «Мәңгілік Ел» жобасын халыққа түсіндіру үшін үш көшпелі семинар, отызға жуық «дөңгелек үстел» отырысы, алпыстан астам кездесу өткізілген. Өйткені, жобада халықтар арасындағы өзара сыйластық, достық және келісім мәселелері қамтылған.

Жиынды қорытындылаған Лаззат Тұрлашов:

– Ұлт жоспарын жүзеге асыруды бір сәтке болса да естен шығармауға тиіспіз. Дәл осындай қарқынмен жұмысты жалғастырар болсақ, экономикалық, әлеуметтік салаларда елеулі табыстарға қол жеткіземіз анық, – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев міндеттеген жауапкершілік жайын айрықша атап өтті.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІ ЖҰМЫЛА ҚОЛДАЙЫҚ!

СПОРТШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Сені ел-жұрт танып, көрген жерінде сәлемдесіп жатса жаман ба? Бұл кез келген спортшы үшін, мейлі, өнер адамы болсын, қарапайым жан болсын, ерекше қуаныш сыйлайтын сәт. «100 жаңа есім» жобасына Талдықорған қаласынан енген санаулы адамның тізімінде өзімді көргеніме қуанып-тымын. Баса айтып кететінім, анам үшін бұл үлкен тосынсый болды. Отбасымызбен қуанып жатырмыз.

Дәл қазір Қазақстандағы ауыр атлетика спорты қиын-қыстау сәттерді басынан өткізіп жатыр. Ұлттық құраманы уақытша ірі турнирлерден шеттетті. Бұл кезеңнен де өтеміз. Мақсатымыз айқын, жоспарымыз ретімен орындалып келеді. Келесі меже – 2018 жылы Индонезияда өтетін Азия ойындарында топ жарып, өзіміздің күшімізді көрсету. Осы мақсат жолында талмай еңбек істеп жатырмыз. Күн тәртібіміз өзгеріссіз. Ал өз басым жыл соңында Қырғызстанда өтетін турнирге қатысамын. Дайындық жақсы. Өзімді жаңа салмақта, яғни, 69 келіде сынап көрсем деп жатырмын. Халық барда, қолдаушылар барда қорқатын еш себеп жоқ.

Басқа мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстанның спортшыларға деген құрметі жоғары. Осындай құрмет барда жақсы нәтижелерді көрсетуіміз қажет. Елімізге белгілі, беделді жандарды жұрт назарына ұсынып, олардың еңбектерін тағы бір таразыдан өткізгені құптарлық іс. «100 жаңа есім» жобасының негізгі мақсаты да осы. Мен тек қана қуаныштымын және осындай жобаларды қолдаймын.

Карина ГОРИЧЕВА,
ауыр атлетикадан
Рио Олимпиадасының
қола жүлдегері,
халықаралық дәрежедегі
спорт шебері.









Н. НАЗАРБАЕВ:

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек».



КӨПШІЛІККЕ КЕРЕК ҚАДАМ

Адам баласы туған-туыстарының, қатарластарының, достарындарының көңіл аударғанын қалайды. Тіпті, жеткен жетістікке анасы мен әкесі үшін немесе сүйгені үшін қол созғандар да баршылық. Сондықтан да болар, еліміздің өркендеуі жолында аянбай еңбектеніп, халықтың игілігіне бар ғұмырын арнаған жандар баршылық.

Алайда олардың көпшілігінің ескерусіз, елеусіз қалып жатқаны да жасырын емес. Өйткені ондай жандардың басым бөлігі істеген жақсылығын дабыралатпауды дұрыс көреді. Осыны жақсы білген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде еңбегімен ерекшеленіп көрінген тұлғаларды ұлықтау мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы қолға алынуы керектігін ұсынды.

Алғашында әркім әрқалай түсінген жобаның мақсаты айқын, тірегі терең екендігін жаңа ұғынғандай болды. Сол есімдердің қатарына менің де аты-жөнім кіргені қуантады. Себебі, менің басымдағы жағдай арқылы тағдырдың жазуымен мүгедектіктің зардабын тартқан жандар өмірге деген құлшынысын арттыруы тиіс деп білемін. Шындығында мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамнан, іс-шаралардан, мемлекеттік бағдарламалардан тыс қалмауы тиіс. Сол үшін олардың жасаған қадамына қолдау көрсету, ықылас білдіру өзін саналы есептейтін әрбір жанға тән қасиет.

Осыған орай «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы көпшілікке қажетті қадам екендігін баса айтқым келеді. Еліміздің әр тарапында өз еңбегіне сүйеніп, өзгеге алақан жаймаған қаншама азамат бар?! Солардың атқарған әрбір қадамы ескеріліп, мемлекет пен халық тарапынан рухани қолдау көрсетілсе құба-құп. Оған халқымыздың «Болам деген баланың бетінен қақпа, белін бу» деген даналығы дәлел.

Елдос БАЯЛЫШБАЕВ,
«Асар» реабилитациялық
орталығының директоры.
Талдықорған қаласы.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы жарияланды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік теледидар материалы»;
2) «Үздік радиоматериал»;
3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: 8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

ОЙ-ӨРІМ

● Адамдықтың нұры бол,
Адалдықтың құлы бол.

● Құлынында кісінемеген
ат болар,
Атасын көрмеген ұл
жат болар.

● Ар қайда болса,
ұят сонда.

● Сағынған елін аңсайды,
Сары ала қаз көлін
аңсайды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Облыстық мәдени мұраларды қорғау орталығының ұйымдастыруымен жергілікті өлкетанушылар, тарихшылар, облыстық комиссия мүшелерінен құралған топ Жамбыл, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында болып, бірқатар киелі жерді анықтап қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Экспедиция ең әуелі ел арасына шығып, киелі жерлерді анықтап, аңыздарды жинауды мақсат етті. Сол игі шара абыз Жамбыл атамыз атындағы өңірден басталды. Олар алдымен Алматы қаласынан 100 шақырым қашықтықта орналасқан Жамбыл ауданының Бесмойнақ ауылына қарасты бүгінгі жұрт «Арасан – Қорасан» атап кеткен киелі жерге ат басын бұрды. «Бірақ бұл жердің тарихи атауы бұл емес», – дейді жергілікті өлкетанушылар Әліби Жангелдин атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімдері Жанұзақ Нұқанов пен Халида Исқақова.

Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіне шейін» кітабында «Киелі арасан» делінсе, Қазақ-Совет энциклопедиясында «Жаманты минералды бұлақтары» деп жазылған. Осылай атау жөн сияқты. Өйткені, арасанның іргесінде Жаманты өзені ағып жатыр. Жаманты туралы тарихи кітаптардан көп оқығанмын. Оның үстіне «Осы өңірді мекендейтін шапырашты, дулат руларында Арасан, Қорасан деген ата болмаған», – дейді ауылдың шежіреші қариялары. Демек, бұл жерді жергілікті, тіпті республикалық киелі жерлер тізіміне қосуға әбден болады. Расында, арасанды киелі жер десе дегендей. Бұл маңның табиғатының көркемдігін айтпағанның өзінде тауды тесіп ағып шыққан үш бұлақтың суы өзенге қосылмай жерге сіңіп кетіп жатыр. Әр бұлақтың өзінің емдік қасиеті бар. Бірі асқазан ауруына, енді бірі бүйрек қызметін жақсартуға, енді бірі басқа ауруларға шипа болады. Әр бұлақтың суының суық-жылылығы, дәмі әртүрлі. Тек осы бұлақ сулары туралы әлі күнге бірде-бір ғылыми зерттеу жүргізілмегені қынжылтады.

Арасанның жанындағы тау көшкінінен пайда болған үңгірдің өзі талай құпияны бауырына басып жатқандай. Жерден 70 метр биікке дейін созылған үңгір шапқыншылық жылдары талай отбасын жаудың қанды қылышынан аман алып қалса, қаншама балғын махаббатты үкілегенін санап бере алмаймыз. Ең бастысы, бұл үңгірге біз сияқты қалалықтар емес, жүрегі мықты жігіттер ғана кіре алады екен. Біздің батылымыз жартысына дейін баруға жетті. Арасаннан 500 метр жердегі тас қора мен жартастардағы белгілер тас, қола дәуіріндегі адамдар тіршілігінен сыр шертіп тұр. Қысқасы, беті ашылмаған тұнып тұрған тарихи белгілер. Бір қызығы, қазақ даласының қасиетті орындарына баратын жолдың қиындығы шаршатып тастайды. Кейде осының өзі дұрыс болған шығар деп ойлайсың. Өйткені, сұғанақ қолдар мен арам пиғылдар бізге жеткізбей таптап тастар ма еді? Енді осы жерлерді адамзаттың ортақ игілігіне жарату біздің мойнымызға жүктелген сияқты.

Жамбыл жыраудан бастап бүкіл қазақ айтыскерлерінің ұлы ұстазы болған Сүйінбай Аронұлы бабамыздың мәңгілік мекен еткен жеріне барып қайту кім-кімнің де арманы. Бүгінде бабамыздың кесенесі қайта жаңартылыпты, заманауи құрылыс өнерімен әшекейленген кесене кірген жанға рухани жылылық береді. Ал кесенеңің маңындағы көне бейіттің айналасы толық қоршалып, абаттандырылыпты. Қысқасы, бұл нысан да адам аяғы үзілмейтін киелі жердің бірі. Тағы бір айта кетерлігі, Сүйінбай бабаның кесенесіне тәу етіп келгендер сол ауылдағы Сүйінбай Аронұлы атындағы өлкетану музейіне соқпай кетпейді. Онда ақын бабамыздың өмірі мен өнерінен, осы өлкенің тарихынан сыр шертетін жәдігерлер жинақталған. Біздің экспедиция музейге құралақан келмепті. Экспедиция мүшесі Алматы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас Фатима мен Ілияс бірлесіп жазып, 1935 жылы «Көркем әдебиет баспасында» латын графикасымен бастырған «Сүйінбай ақын» кітабының бірнеше бетінің көшірмесін музей қызметкерлеріне табыстады.

Келесі тоқтаған нысанымыз Түктібай әулиенің зираты болды. Осыдан бірнеше жыл бұрын өңірден шыққан елжанды кәсіпкерлер біраз аумақты алып жатқан зираттың төбесін шынымен күн формалы етіп жауып, айналасын қобыздың шанағы сияқты цемент қадалармен бекіткен екен. Осыған дейін Түктібай әулие қобызын ат бәйгесіне қосып, бас бәйгені жеңіп алғаны туралы аңызды көп естісек те киелі қобызды көрмеген едік. 300 жыл сақталып, бүгінге аман-есен жеткен қасиетті қобызды біз де ұстап көрдік.

Әулиенің мазарына барғанда күн кешкіріп кетіп еді. Сонда да бұл жерге ағылған адамдардың қатары көп екенін көрдік. Әулиенің шөбересі Нұрым Алжанов жыл бойы, күндіз-түні демей келіп, емге шипа сұрап жататындардың көптігін әңгімелеп берді. Оның аузынан әулиеге қатысты біраз аңызды жазып алдық.

Осы жолы Қаскелең қаласындағы Қарасай аудандық өлкетану музейі мен Елбасының ата-анасы мен бауырлары жерленген жерге барып Құран оқып, тілек тілеп қайттық. Тағы бір айта кетерлігі, Қарасай ауданында өлкеміздің баспасөзіне барынша еңбек еткен, талай талантты жанның бағын ашқан қарт журналист Үсенбай Тастанбеков атамызбен кездесіп, ойында жүрген, әлі ешкімге айта қоймаған жер атауына байланысты әңгімелерін жазып алуға мүмкіндік туды. Атамыз Қаскелеңнің бұрынғы атауын және екі нарға қатысты аңыздар мен Кебеже сайына қатысты тарихи оқиғалардың біразын тарқатып айтып берді. Өкінішке қарай, көлігіміз таулы жермен жүре алмағандықтан ол жерлерді көру нәсіп болмады.

Алтын адамның мекені саналатын Еңбекшіқазақ ауданын қазақтың ерте дәуір тарихының кішігірім картасы деуге болады. Өйткені, мұнда ел қызығатын тарихи орындар мен жұрт ағылып жататын киелі жерлер жеткілікті. Сол жерлерден табылған жәдігерлер Есік археологиялық музейінде сақтаулы тұр. Әрине, Есікке келген қонақтар алдымен осы музейді аралап, ел мен жердің тарихынан хабардар болған соң Алатауды бөктерлеп, киелі мекендерге жол алады. Біз де музейді аралап шыққан соң Есік қаласының желкесіндегі Жасыл көлді көріп қайтсақ дедік. Бұл ниетімізді құп көрген Еңбекшіқазақ аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұргүл қарындасымыз бұл көлдің жылдың төрт маусымында төрт түрлі түске өзгеретінін әңгімелеп берді. Ол жайлы елге жетпеген аңыз да бар екен. Сондықтан олар бұл көлді киелі жерлер тізіміне енгізуді жөн көріпті. Ал Түрген шатқалындағы қасиетті бұлақ туралы көп естісек те осы жолы көруге мүмкіндік болды. Тау қойнауынан сылдырап ағып шыққан бұлақтың маңына жергілікті халық түрлі аң-құстың мүсінін орнатып, тал егіп, ырымдап шүберек байлайды екен. Оның жанындағы Алтын адамның алып мүсіні мен тастан қаланған жер және киіз үйлер елді еріксіз қызықтырады.

Бұл ауданда қасиетті бабалардың ескерткіштері мен кесенесі көп. Ал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бұл қатарға Қараша хан және Дәулетбай батырға арнап тұрғызылған кесенелер мен ұста Дәркембай Шоқпарұлы атындағы музейді енгізіп отыр. Музейдің алғашқы және екінші көрме залы шебердің шынашақтай шағынан бастап ағаштан ою ойып, темірден түйін түйген кезіне дейінгі өмір тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен жасанған. Ұста-зергердің фотосуреттері, отбасы, ұстаған бұйымдары, өлең-жырлары, алғаш қолынан шыққан туындылары сақталған. Ал одан кейінгі көрме залынан түрлі музыка аспаптары мен көздің жауын алар зергерлік бұйымдар орын тепкен. Бұл бөлімде мұражай меймандарының көзіне жылыұшырап, ерекше көз тартатын бір өнер туындысы бар. Бұдан кейінгі залда саят пен серуенді ұнататын қазақ үшін қажетті қару-жарақ, түрлі ат әбзелдері, сондай-ақ ұстаның құрал-саймандары орналасқан. Бұл жерден қақпанның да сан түрін кезіктіруге болады. Қақпанмен қатар күрзі тасты, ағаш пен темір шәңгектерді, қазықты да байқай аласыз. Құсбегі мен оның қыранына қажетті заттарды «Саятшының саймандары» деген жерде тұғыр, балақбау, саптыаяқ, томағаға балдақтан көресіз. Олармен таныса жүріп түрлі этноатауларға да қанық боласыз.

Шәкірттері демекші, шебер елін тек өз өнерімен ғана емес, шәкірт тәрбиелей білуімен де тәнті еткен. Бүгінде есімдері ел аузына ілігіп, біраз танылған шеберлер Дәркембайдың алдын көріп, тәлімін алғандар. Дәулетбай батыр мен Қараша ханға қойылған кесене жайлы да экспедиция мүшелері екінің бірінің қолына түсе бермейтін тарихи шындық пен аңыз-әңгімені жазып қайтты.

Қысқасы, бір аптаға жалғасқан жұмыс барысында өлкенің бай мәдениеті мен киелі жерлерінің қасиетіне қаныққан топ облыс орталығына үлкен олжамен оралды. Осы жолы жазып алынған аңыз-әңгімелердің өлкеміздің тарихын тануға септігі тимек.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№124 (18400)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 9 қараша, 2017 жыл.

Біртүйер

● Тәрбие басы – тіл.
Махмұд ҚАШҚАРИ.

● Тілі мәңгі жасаған халық өзі де өлмейді.
Шыңғыс АЙТМАТОВ.

JA`DIGER

NE PAI`DA?

Ko`kte bult so`gilse,
Ko`ktep bolmas, ne pai`da?
Ko`kirekten jan s`yqsa,
Qai`typ kelmes, ne pai`da?
Din musylman bolmasa,
Til musylman ne pai`da?
Qyzda qylyq bolmasa,
Qur s`yrai`dan ne paida?
Erge da`y`let bitpese,
S`u`ldirlegen qyzyl tilden ne pai`da?
Mal arag`a tu`spese,
Qur ai`tqannan ne pai`da?
Bai`dan qaiyr ketken son`,
Mal da keter, ne pai`da?

U`mbetei` jyray`.

ЖӘДІГЕР

НЕ ПАЙДА?

Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас, не пайда?
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес, не пайда?
Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда?
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда?
Ерге дәулет бітпесе,
Шүлдірлеген қызыл тілден не пайда?
Мал араға түспесе,
Құр айтқаннан не пайда?
Байдан қайыр кеткен соң,
Мал да кетер, не пайда?

Үмбетей жырау.

КӘСІПКЕР КЕЛІНШЕКТЕР



Суретті түсірген Руслан Қаныров.

ЕҢБЕКТІҢ наны тәтті

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЙДЕГІ ЖӘНЕ ТҮЗДЕГІ ТІРЛІКТІ ҚАТАР АЛЫП ЖҮРЕТІНІ РАС. КӨБІНЕ МҰНЫ ЕР АДАМДАРДЫҢ БАЙҚАЙ БЕРМЕУІ МҮМКІН. МӘСЕЛЕН, ЕРЛЕР СЫРТТАҒЫ ШАРУАНЫ РЕТКЕ КЕЛТІРІП КЕЛГЕН СОҢ ҚАЛҒАН УАҚЫТЫН ДЕМ АЛЫП, ТЫНЫҒУҒА АРНАЙДЫ. АЛ, ӘЙЕЛДЕР ШЕ? ОЛАР ЖҰМЫСТАН КЕЛГЕННЕН КЕЙІН ДЕ ҮЙ ШАРУАСЫ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІМЕН АЙНАЛЫСЫП КЕТЕДІ. СОНДЫҚТАН, ҚАЗІРГІ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ОТБАСЫ АЛДЫНДА АТҚАРАТЫН РӨЛІ ТЫМ ЖОҒАРЫ. ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ АЛҒА ЖЫЛЖЫП, ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІНЕ ДЕ НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ ҚОСЫП ОТЫРҒАН ҮЛЕСІ ҚОМАҚТЫ. БҰЛ – БҮГІНГІ ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫ.

Жетісу

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бүгінгі әңгіменің кейіпкері табыс тауып, асып-тасып өмір сүрудің қамын күйттеп жүрген жан емес. Әрине, пайда да керек. «Менің жеңісім елімнің жетістігі. Себебі, біздің атқарып отырған кәсібіміздің, отандық өндірістің алға жылжуына аз да болса үлес қосатынына сенемін», – дейді бақанастық кәсіпкер келіншек. Сондай-ақ, ол: «еңбектің наны тәтті» дейді бізбен әңгімесінің бірінде.

Қалай десек те кез келген адамды шыңдайтын – өмір. Ұмтылдыратын – арман. Әрине, бақытқа жету жолы бір күндік емес. Ол да шынайы еңбекті қажет етеді. Тіпті айта берсе, қыз-келіншектер атқармайтын шаруа жоқ. Олар кәсіпорын басшысы, шенеунік, мекеме директоры. Тіпті, соңғы кездері шағын және орта кәсіппен айналысатын әйелдердің де саны артып келеді. Олар қанат жайған бұл үрдісті жандандыруға атсалысып, белсенділік танытып жүр.

Әйел қауымының бизнеске араласуы іскерлікті айғақтаумен қатар сенімді нығайтатындығымен де ерекшеленеді. Сонысымен ескірген әлеуметтік көзқарасты өзгертіп, жаңа түсінікті қалыптастырады. Осындай ер мінезді кәсіпкер әйелдердің батыл қадамына, игі істеріне қарап, іштей қызығасың. Онымен етене араласпасаң да тындырымды тірлігіне қуанып, сүйсінесің. Кейде атына сыртай қанық адамдар болады. Онымен жақын таныса отырып ой бөліскің, сырласқың келеді. Ақыл-кеңесін тыңдап, тәжірибе алмасқанды қалайсың. Мұндай жүгі ауыр, жауапкершілігі мол істі жүргізуге қабілетті өжет қыздар елдің кез келген түкпірінде кездеседі. Солардың бірі деп Ботагөз Советқалиды айтуға болады. Ол жас та болса ұжымды біте қайнастырып, кәсібін дөңгелентіп отыр.

Ботагөздің айтуынша, олардың шаруасы «Шалқыбекова» жеке кәсіпкерлігі деп аталады. Олардың бизнеспен айналысқандарына жиырма жылдай уақыт болыпты. Содан бері іргесі қатайып, іс ауқымы кеңейе түскен. Бүгінде кәсіпкер келіншек барлығы жиырмадан аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Бастапқы жылдары дүкен, содан соң дәмхана ашып, бірте-бірте кәсіптері жанданып, «Мерей» атты тігін цехын ұйымдастырған. Қазір оның жұмысы тігіншілердің жоқтығына, яғни, маман тапшылығына байланысты уақытша тоқтатылыпты. Ал дәмханада сырттан келген қонақтарға тағамның небір түрі әзірленіп, ұсынылады.

Нан күнделікті тұтынатын азық-түліктің бірі. Ал оны пісіру тағам әзірлеу ісіндегі көшбасшы сала болып саналады. Сондықтан ол әрдайым жоғары сұранысқа ие. Осыны ескерген кәсіпкер былтырдан бастап нан пісіруді де қолға алған. Оны өз қаражаттары есебінен жүзеге асырыпты. Қазіргі кезде онда нанның небір түрі дайындалады. Біз оған арнайы барғанда көз жеткіздік.

«Мерей» наубайханасының ішіне кірген мезетте-ақ қайнаған тіршілік әлеміне тап боласың. Буы бұрқырап, сап-сары болып жаңа піскен нан иісі бірден тәбетті ашады. Мұндағы қыз-келіншектердің бірі қамыр илеп, нан пісірумен айналысып жатса, енді бірі пештен жаңа шыққан нанды арнайы ыдысқа салып, майлап, әрлеумен шұғылдануда. Әркім өз ісінің шебері екендігін бірден аңғартады. Нан пісірудің қыр-сырын жетік меңгерген тәжірибелі қыз-келіншектердің жүзі жарқын, көңілдері көтеріңкі. Бұл мекемеде еңбеккерлер үшін барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, арнайы жуынатын жер, асхана, демалыс бөлмесі бар. Мұндағы еңбеккерлер санға емес, сапаға мән беретіндіктерін айтады.

Шағын наубайханада қазір жеті адам еңбек етеді. Нан пісірушілер екі ауысымда қызмет көрсетеді. Дайын өнімнің тұтынушылары да сол ауылдан табылады. Өндіріс орны нан пісіруге лайық барлық қажетті құрал-жабдықпен жабдықталыпты. Бастапқыға қарағанда табыс көзі де молайған.

Кәсіпкердің жұмысына көбіне әкесі Асқар Құлатаев пен анасы Гүлнәр Шалқыбекова және бауыры Бауыржан Құлатаев көмектеседі екен. Табиғатынан жаңашыл іскер жанның кәсіпкерлікте ғана емес, сондай-ақ басқа шаруаға да ерекше мығым, тыңғылықты екені бірден аңғарылды. Әңгімелесу кезінде оның талаптылығы мен ізденгіштігі іштей сүйсіндірді. Тіпті, кісі алдында өзін-өзі ұстауы мен сөйлеген сөзі, сабырлылығы да ерекше қызықтырды. Дәл осы сәтте «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген тәмсілдің мағынасын терең түсінгендей болдым. Нарық пен бәсекеге икемі бар жанды заманның өзі бейімдей беретіні анық. Сөйтіп, кәсіпкерлікпен шұғылдануға біржолата бет бұрған іскер жан уақыт өте келе шындалды, тәжірибе жинақтап, саланы жетік меңгерді. Сөзімен де, ісімен де өзінің қолынан іс келетініне көз жеткізді. Бұл оның бойындағы іскерлік қабілет пен өзіне деген сенімнің нық екендігін аңғартты.

«Қыздың қандай болмағы анасынан» демекші, осы күндерге жетуіне көбіне ана тәрбиесі де ықпал етіпті. Кәсіпкердің алдағы күнге жоспары да көп. Іс ауқымын кеңейтіп, осы бағыттағы жұмысты одан әрі жандандыруды мақсат етіп отыр. Бүгінгі таңда ол іскер басшы ғана емес, шаңырақты шаттыққа бөлеген сүйікті жар, ана. Сондықтан қайда жүрсе де алдымен отбасының амандығын тілейді. Осы кездесуден соң көпке дейін «Әйел бақыты осы-ау» деген ой көкейде тұрды.

Бақанас ауылы,
Балқаш ауданы.

БРИФИНГ

БАСЫЛЫМНЫҢ 500 МИЛЛИОНЫНШЫ ДАНАСЫ ШЫҚТЫ



Суреті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Ұзақ жыл бойы руханияттың шырағданы ретінде маздап, ақпараттың ақ бастауымен шөліркеген елін сусындатқан, ұлттық тұрғыда қоғамдық-саяси, мәдени-рухани даму даңғылының тегеурінді тегершігіне айнала білген «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттері апта басында 500 миллионыншы данасын жарыққа шығарды. Осыған орай өңірлік коммуникациялар қызметінде кезекті брифинг өтті.

Жетісу

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Журналистермен болған басқосуда шара тізгінін ұстаған Жанна Арынбекова алдымен ата басылымдардың 500 миллионыншы данасы оқырманмен қауышқандығын ерекше атап, қос газет ұжымын осы бір тарихи сәтімен құттықтап өтті. Одан кейін шара спикерлерін таныстырып, алғашқы сөзді «Өлке тынысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мейрам Жанәділовке берді.

– Қос басылым алдағы жылы ғасырлық тойын тойлайды. Оны тарихи оқиға деп есептесек, 500 миллионыншы данасын оқырманға жолдаудың өзі де айтулы сәт емес пе? Бұл – біздердің пешенемізге жазылған бақыт. Осы мерейтойға байланысты Журналистер үйі мен «Жастар» спорттық кешені арасында Журналистер аллеясын ашу көзделіп отыр, – дей келе ғасырлық тойға қос газет әу бастан дайын екендігін атап өтті.

Өз кезегінде халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін сөз алып, газеттің қатпар-қатпар тарихынан сыр суыртпақтап, жылдар бойғы жетістігін паш етті. Сондай-ақ, 100 жылдық мерейтой аясында өтетін дүбірлі шаралар жайлы ақпар берді.

– Біздің газеттің ақ бастауы 1918 жылдың 21 маусымынан басталады. Ең алдымен, бүгінгі күннің биігінен сонау дәуірге көз салуымыз керек. Ақпан төңкерісінен кейін ел ішінде дүрбелең басталып, алашапқын шақ орнады. Дәл сол кезеңдерде большевиктер тез арада өздерінің насихатын жүргізу үшін «Жетісу ісші халық мұқбыры» газетін ашты. Газет алғашқы сандарынан бастап халыққа қалыптасқан саяси жағдайды түсіндіріп, таразылайтын мақалаларды басты. Бұл газет шын мәнінде халықтың құқығын қорғады, – деп басылымның ғасырлық тарихын тізбелеп, басшылық еткен қайраткерлерді атап өткен Әміре Әрінұлы келесі кезекте 100 жылдық мерейтой барысында ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталды. Тарихи тойдан күтеріміз көп. Газеттің тарихы, естеліктер мен қызмет еткен қаламгерлердің шығармашылығы топтастырылған «Ғасыр ғұмыр» атты кітап шығару ең бірінші кезекте тұр. Оған қоса, «100 жылға – 100 шара» айдарымен 100 игі шара ұйымдастырамыз. Атап айтсақ, республикалық ақындар айтысы, жыр мүшәйрасы, ардагерлермен кездесу, оқырманмен жүздесу, спорттық турнирлер өтеді. Осы орайда айта кету керек, ұжым 2-3 жылдың ішінде жалынды жастармен толықты. Олардың қайқайсысы да талантымен көпке танылған, болашағынан зор үміт күттіретін журналистер. Олардың бірі қазіргі таңда «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі болып қызмет етуде. Біз жастарды ата басылымда жемісті қызмет етуі үшін баспанамен қамтуды ойластырудамыз.

«Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалым Идигов те ғасыр қойнауынан мол мағлұмат ұсынып, аты орысша болғанымен, заты ұлттық құндылықтардан құралған көне басылымның артықшылықтарын сөз етті.

– Осы уақытқа дейін 42 редактор басшылық етті. Әр жылдары түрлі атаумен оқырманға жол тартқан газет 1963 жылдан бастап «Огин Алатау» атауына ие болды. Басылым орыс тілінде жарық көргенімен атамұра мен ұлттық құндылықтарды құнттап, салт-дәстүрді насихаттап, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатуда жемісті еңбек етіп келе жатыр. Өз басым басшы ретінде журналистің қос тілді жетік білгенін талап етемін, – дей келе, өткен ғасырдың небір тарихи оқиғаларын бедерлеген қос басылымның алдағы тойдан күтері мол екендігін жеткізді. Сонымен қатар, «Огни Алатау» газетінің саны 200 мыңға жеткен күні болғандығын айта келіп, екі газеттің «Алтын жұлдыз», «Алтын самұрық» сыйлықтары сынды марапаттарға ие болған басылым екендігін жеткізді.

Брифингте журналистер тарапынан сұрақтар қойылып, газет басшылары аталған сауалдарға жан-жақты жауап берді. Басқосу соңында газеттің 500 миллионыншы данасына басылым басшылары қолтаңба қойып, жас журналистерге үлестірді.

Елбасының бағдарламалық мақаласына орай облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы экспедиция ұйымдастырып, Жетісудың киелі жерлерін нақтылау жұмысына кірісіп кетті. Бүгінде «Жетісудың киелі жерлері географиясы» бойынша 114 киелі нысанның тізімі дайындалып, белгілі ғалымдар мен сарапшылардың іріктеуімен 16 нысан «Қазақстанның 100 киелі жері» картасына таңдап алынды. Алдағы уақытта еліміз бойынша жергілікті маңызы бар 500 нысанды анықтау жұмысы басталды. Оған облысымыз бойынша 50-ге тарта киелі жер ұсынылып отыр.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

16 НЫСАН ТАҢДАЛДЫ

Жетісу

Қажет АНДАС

Атқарылған жұмыстардың есебін тыңдау үшін «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері Әйгерім Қабышева, Анар Екимбаеваның қатысуымен С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасының оқу залында «Дөңгелек үстел» мәжілісі өтті. Жиында республикалық тізімге енгізілген қосымша нысандардың тарихы, олар жайындағы аңыз-әңгімелер сөз болды. – Елбасының бағдарламалық мақаласын атүсті қарап шығу мүмкін емес. Оның әр сөйлеміне зейін қойып, жүрегіңнен өткізгенде ғана нағыз мәнін, мағынасын түсіне аласың. Көптеген ізгі шараларға түрткі болған мақалада ата-бабаларымыздың табан ізі қалған киелі жерлерді анықтауға қатысты тапсырмалар баса айтылған. Ол аса мұқияттылықты, терең зерттеуді, биік сауаттылықты, әсіресе, жан тазалығын қажет етеді. Біз осындай жауапкершілікті арқалай отырып сіздермен кездесіп отырмыз. Әрине, сіздер ұсынған нысандар зерделеніп, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығындағы комиссияның шешімі арқылы тізімге алынады. Сондықтан осыған қатысты тәртіптерді білгендеріңіз жөн, – деді Анар Сәйлқызы.

Осыдан кейін сөз алған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова өлкеміздің бай мұрасын тілге тиек етті. Оның айтуынша, Жетісу жерінде табиғаттың барлық жауһары бар. Биік шың да, арқыраған өзен де, жыртылып-айырылған аң мен құс та осында. Тіпті, қазақ тарихының өткені мен бүгінін айқындайтын тарихи оқиғалар да осы жерде орын алған. Демек, киелі жерлерді анықтау жұмысы бұл өлкеде мұқият жүргізілгені жөн. Сонымен қатар, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бойынша құрылған облыстық комиссияның мүшелері де өз ойларын білдірді.

Кездесуден кейін Астанадан келген қонақтар Ақсу, Сарқан, Кербұлақ, Панфилов аудандары мен Текелі және Қапшағай қалаларындағы бірқатар тарихи, киелі орындарды аралап, тәжірибелерімен бөлісті.

Күні кеше Елбасының қолы қойылған Жарлыққа байланысты облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен «Жаңа әліпби – ұлы дәуір бастауы» атты жиын өтті. Тіл сарайындағы басқосуға Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, ардагерлер, облыстық басқарма басшылары, қазақ тілінің әліпбиін латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері, «Тіл» оқыту-әдістемелік орталығының оқытушылары қатысты.

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы Айдар Башбаев алдымен барша жиналған қауымды елеулі оқиғамен құттықтады.

– Халқымыз үшін тарихи сәт орын алды. «Жаңа әліпби – ұлы дәуір бастауы» атты жиында өздеріңізбен қауышып отырғанымызға қуаныштымыз. Елбасымыз Жарлыққа қол қойды. Бұл қуанышты еліміз сан ғасырлар бойы армандаған десек те болады. Президентіміздің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланғалы бері талқылау жұмыстары жүргізілді, әртүрлі пікірлер айтылды. Соның аясында жүзеге асқан жарқын жаңалықпен баршаңызды құттықтаймын. Еліміздің тұғыры биік болсын. Тәуелсіздігіміздің іргесі одан әрі нығая берсін, – деген Айдар Карбозұлы ыстық лебізін жеткізді. Әрмен қарай әр саланың өкілдері ұтымды ойларын ортаға салып, бірауыздан қолдау танытып, бірлесе жұмыс атқаруға шақырды.

Әліпби ауыстыру жай ғана таңба ауыстыру емес. Бұл – түптеп келгенде сананы өзгертуге талпыныс, жаңаша өмір сүруге деген ұмтылыс. Ол сапалық та саналы өзгешелікке бастайды. Мемлекеттік тіліміздің беделін үстем етеді.

М. ДАНИЯРҰЛЫ.

ҰЛЫ ДӘУІР БАСТАУЫ

Баспасөз – 2018 ● Баспасөз – 2018 ● Баспасөз – 2018

«Жетісу» газетіне 2018 жылға жазылу жүріп жатыр

Жалпы жазылу:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4644,72	4954,32	9289,44	9908,64
ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	3020,40	3330,00	6040,80	6660,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3155,04	3464,64	6310,08	6929,28
Жалпы жеке жазылу	65469	3291,84	3601,44	6583,68	7202,88

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3600	7200
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	2000	4000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100	4200
4.	Жалпы жеке жазылу	2300	4600

«Жетісудың» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

Электронды форматтағы жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3300	6600
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	1650	3300
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750	3500
4.	Жалпы жеке жазылу	1850	3700

Нұр Отан

Көрсеткіш көңіл қуантады

Жуырда Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен партияның саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өткен. Жиын барысында партия Төрағасы партия жұмысында жаңа механизмдер арқылы қоғамның өзекті мәселелері негізінде күн тәртібін қалыптастыратын жаңғырту жоспарын әзірлеуді тапсырды. Осы тапсырмаға сәйкес облыстық «Нұр Отан» партиясы жылды қорытындылап, жиын өткізді. Жылдық қорытындыға барлық аудандық филиалдар төрағаларының бірінші орынбасарлары және бастауыш партия ұйымының жетекшілері қатысты. Жиынды жүргізіп отырған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев күн тәртібіндегі екі мәселені талқылады.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ
"Жетісу"

Бірінші өткен жылды саралап, екінші келер жылда істелетін жұмыс жоспарын нақтылады. Бұл ретте «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Г. Тойлыбаева баяндама жасап, бірқатар мәселелерді тілге тиек етті.

Жыл басынан бері облыстағы партия мүшелері 14394 азаматпен толығып, партияластарымыздың саны 2017 жылғы 1 желтоқсанға 116378 адамды құрап отыр. Облыс бойынша барлығы 347 бастауыш партия ұйымы тіркелген. Жыл бойына ұйымдастырылған «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауында Панфилов ауданының «Жаркент» БПҰ, Жамбыл ауданының «Айдарлы» БПҰ және Талдықорған қаласының «Жарық» БПҰ жоғары көрсеткішке ие болған.

«Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында партия Төрағасы партияның сапалық құрамын нығайту бағытында жұмыс жүргізуді тапсырған. Аталған тапсырманы орындау мақсатында партияның Орталық аппаратының Саяси менеджмент мектебі мен кадрлық саясат департаменті 2018-2020 жылдарға арналған «Партиялық кадрлар» бағдарламасының жобасын әзірледі.

Партияның кадрлық резервін жасақтау мәселесі де облыстық филиалдың жіті бақылауында. Соңғы екі жылда кадрлық резервке ұсынылған 441 азаматқа қайта іріктеу жасалып, бүгінгі күні облыстың партиялық кадрлық резерві 162 адамды құрап отыр.

Партия Төрағасының қойған міндеттерінің бірі, партиялық кадрлық резерв жұмысын жандандыру. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары осы кадрлық резерв қатарында болу қажет деп атап өтті.

«Нұрлы Жол» және «Нұрлы Жер» мемлекеттік бағдарламасына қатысты бірқатар жұмыс атқарылған.

«Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың және бюджеттік қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалуына бақылау жүргізу бойынша аумақтық партия филиалдары фракциясы жанында тұрақты 5 комиссия құрылған. Облыс аумағында 87 нысан бойынша жұмыс жүргізілсе, бүгінгі күні оның 55-і қолданысқа берілген.

Аумақтық филиалдардан келіп түскен ақпаратқа сәйкес жыл бойы тұрақты комиссия 48 отырыс өткізіп, 71 рейдтік шара ұйымдастырған. Ең көп отырыс пен рейдтік шара ұйымдастырған Текелі және Талдықорған қалалық филиалдарын атап өту қажет.

Ал партиялық бақылау қызмет бойынша аймақтық және аумақтық филиал жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің 87 отырысы өткізіліп, 207 тапсырма берілген, бүгінгі күнге оның 203-і орындалған.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері, түрлі құқықбұзушылықтары және теріс әрекеттері үшін 68 партия мүшесі партиялық жауапқа тартылса, оның 9-ы партия қатарынан шығарылды.

Жыл бойына атқарылған ауқымды істерді айта келе келер жылға нақты тапсырмалар жүктелді. Жиын соңында Ғалиаскар Төлендіұлы әріптестерін жаңа жылмен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 28 қараша
Талдықорған қаласы №533

Алматы облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда №4440 болып енгізілді.

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына, «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 тамыздағы № 397 Қазақстан Республикасы Білім және ғылыммині рінің бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15740 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

4) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жіберуді;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Ж. Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы «__» _____ №_____ қаулысымен бекітілген қосымша

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау»мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстық жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет 2017 жылғы 7 тамыздағы № 397 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15744 тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет өтініштерін қабылдау және нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: білім беру ұйымдарындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау немесе Стандарттың 10-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) құжаттарды қабылдау, тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдау – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдау;

2) құжаттарды қарау және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау – 3 (үш) сағат. Нәтижесі - көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен құжаттарды қарау, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау – 9 (тоғыз) күнтізбелік күн. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау;

4) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау – 4 (төрт) сағат. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау;

5) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы осы регламенттің қосымшасы «Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы» келтірілген.

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау»мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



*Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдары;

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

2017 жылғы 28 қараша
Талдықорған қаласы
№532

Алматы облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 4438 болып енгізілді.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» 2017 жылғы 7 тамыздағы № 396 Қазақстан Республикасы Білім және ғылыммині рінің бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15744 тіркелген) сәйкесАлматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

4) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жіберуді;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Ж. Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы «__» _____ №_____ қаулысымен бекітілген қосымша

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жергілікті атқарушы органдарымен және жоғары оқу орындарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет 2017 жылғы 7 тамыздағы № 396 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15744 тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет өтініштерін қабылдау және нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: тегін тамақтандыруды ұсыну немесе бас тарту туралы еркін нысандағы шешім.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) құжаттарды қабылдау, тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына бұрыштама қоюға жолдау – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдау;

2) құжаттарды қарау және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау – 3 (үш) сағат. Нәтижесі - көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен құжаттарды қарау, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау – 9 (тоғыз) күнтізбелік күн. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау;

4) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау – 4 (төрт) сағат. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау;

5) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

3.Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы осы регламенттің қосымшасы «Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы» келтірілген.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну»мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



*Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдары;

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

2017 жылғы 27 қараша
№528
Талдықорған қаласы

Облыстық әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда 4437 нөмірімен тіркелді.

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 тамыздағы «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 338 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» 2015 жылғы 3 тамыздағы № 338 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3385 тіркелген, 2015 жылдың 1 қазанында «Жетісу» және 2015 жылдың 16 қазанында «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағындағы:

13,14-тармақшалары алып тастасын.

2. «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Алматы облысы аумағында таратылатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж. Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

2017 жылғы 15 желтоқсан
№26-128 Талдықорған қаласы

Облыстық әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда 4452 нөмірімен тіркелді

Алматы облысының 2018–2020 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, «2018–2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2018–2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» 2017 жылғы 7 желтоқсандағы №823 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018–2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 292 140 133 мың теңге, оның ішінде мынадан бөлінуіне:

салықтық түсімдер 35 270 509 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 137 105 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 10 000 мың теңге;

трансферттер түсімдері 256 722 519 мың теңге;

2) шығындар 288 266 770 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 4 905 149 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 6 958 992 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 2 053 843 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 2 465 474 мың теңге, оның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу 2 465 474 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профицит) (-) 3 497 260 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 3 497 260 мың теңге.

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының «Төлем кезінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» коды бойынша түсімдер Қарасай ауданы және Талдықорған қаласы бойынша аудандық және қалалық бюджетке 100% мөлшерінде түсетіні, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының «Әлеуметтік салық» коды бойынша түсімдер Қарасай ауданының аудандық бюджетіне 50% мөлшерінде түсетіні, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы» коды бойынша түсімдер Қарасай ауданы және Талдықорған қаласы бойынша аудандық және қалалық бюджетке 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

5. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте Іле ауданы бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемі 68 200 397 мың теңге сомасында көзделсін.

6. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері 85 504 580 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ақсу ауданына	4 041 100 мың теңге;
Алакөл ауданына	4 590 900 мың теңге;
Балқаш ауданына	3 395 100 мың теңге;
Еңбекшіқазақ ауданына	8 950 230 мың теңге;
Ескелді ауданына	3 970 840 мың теңге;
Жамбыл ауданына	6 486 820 мың теңге;
Қаратал ауданына	3 502 840 мың теңге;
Кербұлақ ауданына	4 732 760 мың теңге;
Кеңсу ауданына	3 480 080 мың теңге;
Панфилов ауданына	5 771 120 мың теңге;
Райымбек ауданына	6 290 145 мың теңге;
Сарқан ауданына	3 769 790 мың теңге;
Талғар ауданына	6 556 350 мың теңге;
Үйғыр ауданына	3 963 280 мың теңге;
Қапшағай қаласына	2 771 400 мың теңге;
Талдықорған қаласына	11 344 835 мың теңге;
Текелі қаласына	1 586 990 мың теңге.

7. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 13 515 161 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беруге 650 098 мың теңге;

денсаулық сақтауға 3 873 333 мың теңге;

әлеуметтік көмекке 3 186 663 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге 822 210 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін ұстемақы мөлшерлерін қайта қарауға 62 263 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушыны ұйымдарға есептелген қосылған құн салығының шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялауға 212 735 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік мидетемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 13 709 мың теңге;

ауылшаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға 1 332 604 мың теңге.

8. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 19 003 216 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беру объектілерін салуға 2 678 078 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салуға 1 465 668 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға 2 234 576 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға 1 298 973 мың теңге;

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 3 717 393 мың теңге;

коллекторлық-дренаждық жүйелерді дамытуға 2 391 430 мың теңге.

9. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 156 003 745 мың теңге сомасында субвенция түсімдері көзделсін.

10. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 5 548 692 мың теңге сомасында қарыздар түсімдері көзделсін.

11. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілет

■ Жаңа кітап



ТАЛДЫҚОРҒАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН САН ТҮРЛІ ПІКІР АЙТЫЛЫП КЕЛДІ. ОНЫҢ БІРІ ҚАЛА ТАРИХЫН 1860 ЖЫЛДАРЫ ОСЫ ӨҢІРГЕ ГАВРИЛОВТАР ОТБАСЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП, ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ЖӘНЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ҚИТҰРҚЫ САЯСАТЫ АРҚЫЛЫ САНАМЫЗҒА КҮШПЕН СІҢІРДІ. ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІН ДЕ ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ҚАЛА ТАРИХЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ОСЫНДАЙ ДЕРЕКТЕРГЕ СЕНІП КЕЛДІ. АЛАЙДА, БҰЛ ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫ ТАРИХШЫЛАР, ӨЛКЕТАНУШЫ ҒАЛЫМДАР МЕН ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТТАР, ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ ЖОҚҚА ШЫҒАРЫП КЕЛДІ. ОЛАР ӘР УАҚЫТ, ӘР ЖЕРДЕ ӨЗДЕРІНІҢ ҚАРСЫ ПІКІРІН БІЛДІРГЕНІМЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙ КЕЛГЕН БОЛАТЫН. МІНЕ, ЕНДІ ТАРИХТЫҢ СОЛ БІР АҚТАҢДАҒЫНА РЕСМИ ЖАУАП БЕРІЛДІ. ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫНЫҢ, ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ҚОЛДАУЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ҚАЛАНЫҢ БАЙ ТАРИХЫ ҰРПАҚ ТАЛҚЫСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ. БҰЛ ЕҢБЕКТІҢ ЕЛБАСЫНЫҢ: «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ОРАЙ ЖАРЫҚҚА ШЫҚҚАНЫН ДА ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ ДЕП БІЛДІК.

Тарихымен тағдырлас ТАЛДЫҚОРҒАН

Расында, осы мақсатта қалалық ардагерлер ұйымындағы ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдері аз еңбек еткен жоқ. Қала тарихын түйіндеу үшін «Тарихы терең Талдықорған», «Тұңғиық сыр тұнған қасиетті Талдықорған» және жаңадан тұсауы кесілген «Тарихымен тағдырлас Талдықорған» атты желілес үш кітап жазылды. Осы барыста тарихшылар деректермен қамтамасыз етсе, археологтар петроглифтерді, қорғандарды анықтауға көмектесті. Осылай жинақталған бай ақпаратты баспасөз саласында ұзақ жылдар жұмыс істеп, бүгінде аузы дуалы ақсақалға айналған Тұрсын Әбдуәлиев, Таңатар Алшабеков, Серік Толғанбаев, Болат Бисұлтанов, Болат Молдабеков, Әли Ысқабай қатарлы абыздар мен қарымды қаламгер, қаламы жүйрік журналистер Әміре Әрін, Гүләйім Түстікбаева, Жұмамет Жайлаубаев, Қажет Андас, дәрігер Ш. Ахметжановтар ылғап, екшеп, тігісін жатқызып, жазып шықты.

Жоғарыда аталған авторлар тобының мақалалары жинақталған үш кітапты танымал тарихшыларымыз М. Қойгелдиев, М. Кәрібаев, О. Мұхатов, философия ғылымдарының докторы А. Қасабеков сияқты ғалымдар таразылап, пікір білдірді. Олар кітаптағы деректердің нақтылығына, ұғымның дәлдігіне, ондағы келтірген дәйектердің дұрыстығына ғылыми тұрғыда сенім білдірді. Сондай-ақ, өлкеміздегі бірден-бір жоғары оқу орны саналатын І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ғалым-ұстаздары арнайы ғылыми-тәжірибелік конференцияларда кітаптағы құнды деректерді жұртшылыққа жайып, қаламыздың он неше ғасырлық тарихы бар екенін дәлелдеуге күш салды. Осы тұста үш кітаптың жарыққа шығуына демеу білдіріп, қолдау көрсетіп, қаржылық және моральдық тұрғыдан қол ұшын созған Талдықорған қаласының бұрынғы әкімі Ермек Алпысов пен қазіргі әкімі Бағдат Қарасаевқа жұрттың алғысы шексіз екенін айта кеткен жөн.



Күні кеше тұсауы кесілген «Тарихымен тамырлас Талдықорған» кітабының да салмағы ауыр. Өйткені осы кітапты жазудың басы-қасында болғандықтан көптеген қиындықтардың болғанын өз көзіммен көріп, бастан өткердім. Десе де, сол еңбек жұртқа ой салар нәтижемен аяқталды.

– Бұл еңбекті қолға алудың да өзіндік себебі болды. Түптеп келгенде, Талдықорған қаласының тарихын 140 жылмен шектеп келген түсінікті жою үшін қалалық ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері 5-6 жылдан бері "Тарихы терең Талдықорған", "Тұңғиық сыр тұнған қасиетті Талдықорған" атты желілес екі кітапты оқырманға ұсынып, түйткілді талай сұраққа жауап берген еді. Енді, міне, соның жалғасы, "Тарихымен тағдырлас Талдықорған" кітабы нақты дәлел, бұлтартпас дәйек, шымыр шындықтар арқылы қала тарихының 1200 жылдан арыда жатқанын дәлелдеп берді, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Халық ағамыз тұсаукесер рәсімінде сөйлеген сөзінде. – Ол ақиқаттар осы үш кітапта сайрап жатыр. Оны оқыған адам түйсінеді.

Ал аталған кітаптың басқа да терең, мағыналы тұстары туралы тарих ғылымдарының докторы Гүлнар Капекова, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, кітап авторлары Тұрсын Әбдуәлиев, Таңатар Алшабеков, Әли Ысқабай қатарлы ардагер ақсақалдар сөз етті. Әсіресе, қала әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаевтің: "Қала тарихы жайлы жазылған желілес үш кітап алдағы уақытта қала мектептерінде насихаттalып, жастардың өлкетануға деген ынтасына сеп болады" дегені көпшілікті қуантып тастады.

Соңында кітаптың лентасы қиылып, көпшілікке үлестірілді. Шараны «Талдықорған әуендері» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің өнерпаздары әсем ән, әуезді күймен қорытындылады.

Қажет АНДАС

■ Жыр-арнау

Қыдыркелді ініме

Сарқылмасын өміріңнің бұлағы,
Өркен жайсын ұрпақ – өмір құрағы.
Ғұмырыңды ұзақ қылсын Жаратқан,
Алауласын бақытыңның шырағы.

Қиындықтар болса сөгіп көбесін,
Жаратушы өзі жар боп жебесін.
Тіршіліктің сайраған даңғылында,
Кезіксе де тосқауылдар көнесің.

Үлкенге іні, кішілерге ағасың,
Жақсылармен тауып жүрсін жарасым.
Ақылға сап, бәрін оймен салмақтап,
Өткел бермес тасқыннан жол табасың.

Биіктей бер асқарларға талпынып,
Қажымағын, қалмағайсың алқынып.
Бұрқасынды дауылдарға қарама,
Жақсы күнің көп болсыншы, жарқыным.

Төзімді боп қиындыққа көне бер,
Ұшталсыншы бойыңдағы көп өнер.
Тіршілікте ғұмыр кешіп бақытты,
Болашаққа желкен тартсын кемелер.

Мейірім мен адалдыққа гүл егіп,
Азаматқа лайық өмір сүрейік.

Дәл өзіңдей арқа тұтар ұлдарға
Жарасымды жарқын өмір тіледік.

Өмір сүргін дауласпай да ұрыспай,
Жігерің да болсын дәйім құрыштай.
Жолдастарың көп болсын, бола берсін,
Жақсы досың артық нашар туыстан.

Сенің дәмді сөзіңді еске аламын,
Басымды ием, өрлей берсін талабың.
Көктей берсін бұтақта жапырағың,
Оңға бассын өмірдегі қадамың.

Татымды сөз ақылдыдан шығады,
Парасатың бейне ақыл бұлағы.
Жақсы азамат күн тәрізді әр кезде
Қиналғанға түсіп жүрер шуағы.

Беделдісің досыңа да қасыңа,
Қиындықтар кездессе де жасыма.
Жылғадағы мөлдір бұлақ тыныспай
Аға берсе дарияға қосылад.

Аулақ болып сенімсіздік, күдіктен,
Қай кезде де көрінгейсің биіктен.
Пейілің мен мейіріңді аңыз ғып
Айтып жүрер елің жақсы үмітпен.

Рахман ЖАРЫҚБАЕВ
Іле ауданы

■ Сағыныш



ЖҰРТ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН

ӨМІРДЕН КӨРГЕН-ТҮЙГЕНІ КӨП, МОЛ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҒАН ЖӘНЕ ОНЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ САНАСЫНА ЖЕТКІЗСЕМ ДЕП ЖАНТАЛАСЫП ЖҮРГЕН АҚ САҚАЛДЫ ҚАРИЯ МЕН АҚ ЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕР, АЯУЛЫ АНАЛАРҒА ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛСЕ ДЕ АРТЫҚ БОЛМАЙДЫ. СОНДАЙ ДАРИЯ КЕУДЕ, ТАУ МҮСІН АҚСАҚАЛЫМЫЗДЫҢ БІРІ, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ, ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ МҮШЕСІ ТОҚТАРБАЙ ҚАНАПИЯНОВ АТАМЫЗ.

Өкінішке орай, күні кеше арамызда асқақ тұлғасымен аталық бейнесін әспеттеп жүрген Тоқтарбай атаны қимастықпен мәңгілік мекеніне аттандырып салдық. «Араздасып ағайын кетер еді, бір қария болмаса бір ауылда», – деп Мұқағали ақын айтқандай, алдымен отбасының, қала берді бүкіл қауымның ынтымағының іргетасы болып жүрген қартымыздың бірі еді. «Жүрген соң баурайында күнде көріп, таулардың асқақтығы байқалмайды» дегендей, арамызда жүргенде көкейіндегі көп дүниесін жазып алуға салғырттық танытқанымызды қазір ойлап өкінеміз. Бірақ, ол кісіден бізге асқақ рух, таза адамгершілік, изгі ниет, тағы да басқа ұлы адамдық қасиеттер қалды.

Тірі болғанда тоқсан алты жасқа келетін атамыз Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында туды. Әкесі Қанапия Қозайдаров ұжымшарда бригадир, шешесі Әсемгайша Ақашбайқызы сауыншы. Әкесі сиыр фермасын басқарып жүріп, 1941 жылы соғысқа аттанады. Ал Тоқтарбай 1942 жылы әскер қатарына алынып, Ташкент қаласындағы радист дайындайтын курсты бітіріп, 1943 жылы шілдеде соғысқа аттанады. Сұрапыл соғыс жылдары Украинаның Днепр өзенін жаудан азат ету шайқасына қатысып, үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады. Өкінішке орай, соғыс барысында ауыр жарақат алып, оң қолынан айырылады да 1944 жылы наурыз айында ауылға қайтады. Келе сала 1944 жылы Қапал училищесінің мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсын бітіріп, Қоғалы ауылына мұғалімдікке жіберіледі. 1944 – 1952 жылдары осы ауданның Қоғалы, Доланалы, Қызылжар орталау мектептерінде алғашында тарих, география пәндерінен дәріс береді. Кейіннен оқу ісінің меңгерушісі, 1947 – 1952 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарады. Бірақ, денсаулығына байланысты 1952 жылдан бастап Көксу ауданы, Еңбекші ауылындағы Амангелді орта мектебіне ауысып, сол мектепке мұғалім, директордың орынбасары, директор болып 35 жыл еңбек етіп, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» сияқты көптеген атақ, мерекелік медальдің иегері атанады. Осы аралықта, яғни, 1954 жылы Абай атындағы мемлекеттік университетке сырттай оқуға түсіп, 1960 жылы тарих мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1987 жылы құрметті зейнеткерлікке шыққаннан кейін Талдықорған қаласына көшіп келіп, қазіргі таңда облыстық ардагерлер ұйымының мүшесі ретінде жас ұрпақтың тәрбиесімен айналысып жүр.

Отбасындағы үш ұл, үш қызы да жолын қуып, ел үшін еселі еңбек етіп жүр. Ел өміріне, қоғам өркениетіне қосқан атамыздың еңбегі еленіп, облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 30 қазандағы №24 – 149 шешімімен «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Бұған дейін де Көксу, Ақсу аудандары мен Талдықорған қаласының Құрметті азаматы атанып, беделге ие болғанын білеміз. Иә, өмірін өрлікпен өрген, білімді ұрпақ өсірген, жастардың жанашыры болып жүрген Тоқтарбай Қанапиянов атамыз бүгін арамызда жоқ. Өткен жылы қараша айында бақилық сапарға аттанып жүре берді. Бірақ тұтас өмірін елдің еркіндігі, жұрттың берекесі, ұрпақтың болашағына арнаған ұлы істері көкейімізде сақталып қалды. Атамыздың ұлы істері жайлы әлі талай ұлағатты дүниелердің көптеп жазылатынына сенімдіміз.

Қ. ОМАРАҚЫН

■ Чернобыль апатына – 32 жыл



ЕРЛІК – ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ

ЕРЛІК ҚАШАНДА ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ, БЕТ-БЕЙНЕСІ. СОЛ АРҚЫЛЫ КІМ ЕКЕНІМІЗДІ БІЛЕМІЗ, ӨЗІМІЗДІ ТАНИМЫЗ. «ТИТАН ІІ» АПАТЫ ПАЛОМАРЕСКЕГЕ ҚҰЛАҒАН СУТЕГІ БОМБАСЫ, КЫШТЫМ ЭКСПЕРИМЕНТІ, УИНДКЕЙЛ ЖӘНЕ ЧЕРНОБЫЛЬ ТРАГЕДИЯСЫ, ФУКУСИМА ЗАРДАБЫ ӘЛІ ДЕ ЕЛ ЖАДЫНДА. БИЫЛ ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА – 32 ЖЫЛ. ОСЫҒАН ОРАЙ ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА ОРНАЛАСҚАН ДАҢҚ ОБЕЛИСКІСІНІҢ АЛДЫНА АРДАГЕРЛЕР, ЖИНАЛҒАНДАР ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЙЫП, ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ҒИМАРАТЫНЫҢ ЗАЛЫНДА АРНАЙЫ «ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ» АТТЫ ЖИЫН ӨТКІЗДІ.

«Жетісу»
Серік ҚАНТАЙ

1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр стансысының төртінші ядролық реакторының бірінде жарылыс болғанда оны залалсыздандыруға сол кездегі Кеңес құрамындағы Қазақстанның да азаматтары жұмылдырылды. Ерлік көрсетіп, алдыңғы шепте болғандары қаншама?! Апатты ауыздықтандырмағанда оның радиоактивтік ластану аймағы қазір Украина, Ресей және Беларусь елдеріне жайылып кететін еді. Бұл аталған елдер үшін ғана емес, әлем үшін қауіпті-тұғын. Чернобыль атом электр стансысының зардаптарын жоюға 600 мыңға жуық адам қатысса, оның 32 мыңы Қазақстанның азаматы. Ал облысымыздан 602 адам қатысты. Жиынға арнайы келген Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев облыс орталығында 102 ардагердің барын айтты.

Ең әуелі ардагерлер және жиналған жұртшылық Даңқ обелискісіне гүл шоқтарын қойып, Украина жерінде ерлік көрсеткен жақындарын, туыстарын, жолдастарын еске алды.

Шарада бірінші болып сөз алған қала әкімінің орынбасары Мәрлен Қапашұлы АЭС-те орын алған апатты залалсыздандыруға қатысқандарды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестірілгенін айтып, жүректе қалған дақтың өшпейтіндігін және келешекте еліміз үшін, халқымыз үшін сабақ болатынын жеткізді.

Екінші болып мінбеге көтерілген Талдықорған қалалық Чернобыль апаты мүгедектер, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұстафа Құсайын сол жерге аттанғандардың ерліктеріне тоқталды. Мұстафа Құсайын: «Бүгінде облыс орталықтарының барлығында Чернобыль апатына қатысқандардың құрметіне қойылған ескерткіштер бар, тек Өскемен мен Талдықорғанда жоқ», – деді.

Бірқатар ликвидатор-жауынгерлерді қала әкімінің орынбасары Алғыс хатпен марапаттап, арнайы мерекелік төсбелгілерді тақты. «Ерлікке тағзым» атты жиын Талдықорған әуендері фольклорлы-этнографиялық ансамблінің концерттік бағдарламасымен аяқталды.

■ Өлең-өрнек

Кеңес Одағының батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы, әлемге әйгілі 316-дивизиясы, кейіннен 8-гвардияның қолбасшысы болған Бауыржан МОМЫШҰЛЫН еске алып, арнаған жыр толғауым.

Автордан.

Батыр ұлы қазақтың



Біз қазақпыз, батыр туған ежелден,
Дұшпанына басын иіп көрмеген.
Ақ найзасы қолдарында жарқылдап,
Жоңғарларды қуып шыққан ерлеген.

Қарашы, әне, Алтай менен Атырау,
Арасында алты айлық жол жатыр-ау.
Осы жерді жаудан қалай қорғаған,
Бабаларым, неткен ғажап батыр-ау.

Тарихымда батырлар көп, өлмеген,
Жұлдыздары жарқырайды, сөнбеген.
Осылардың жолын қуған Бауыржан,
Саған білсем, еш батыр тең келмеген.

Әділдікті, жеңісті арман еткен,
Жауына ажал оғын нөсерлеткен.
Қатерлі ел басына күн туғанда,
Кезің жоқ дұшпаныңа есең кеткен.

Қан майдан, соғыс өрті өрістеген,
Шайқастар жүріп жатты кескілескен.
Қаншама қауіп-қатер төнсе-дағы,
Айқастың Отан үшін берілместен.

Астында ақ боз атың арындаған,
Ешкімге басын иіп, табынбаған.
Айтылған әрбір сөзі сарбаздарға,
Рух беріп, олар от боп жалындаған.

Алға бастап, сарбаздарды демедің,
Немістердің жолын кесіп, бөгедің.

Соққы бердің Москваның түбінде,
Атың шыққан қолбасшының бірі едің.

Қан ұрыста бір болдың Панфиловпен,
Өзіңе қараушы еді зор құрметпен.
316-дивизияның құрамынан,
28 батыр шықты даңқыңменен.

...Жүргенде қанды майдан ортасында,
Оқ тиіп, жараланды арқасына.
Қадалып тұрды осколка омыртқада,
Ет қызумен білмеді арпалыста.

Жіберем енді сізді медсанбатқа,
Деді сестра: «арқадағы ауыр жара».
Қан ағып, денесінен жатса дағы,
Көргем жоқ мұндай мықты дара тұлға.

«Қолыңда барма пинцет алып таста»,
Деп бұйырды, Баукең де қатулана.
Бұйрықты орындады медсестра,
Оқ борап, снарядтар жарылса да.

Оқты алды арқадағы пинцетпенен,
Орады дәрі жағып, ақ марлымен.
Баукең де тұрды орнынан ауырсынбай,
Оқ тиіп, алысса да ата жаумен.

Баруға медсанбатқа мұрша бар ма,
Осындай қырғын соғыс жан таласта.
Саңқ етіп қыран құстай дауысы шықты,
Ұмтылды жауға қарай қаһарлана.

Айрықша қайталанбас дара тұлға,
Көрсеттің ерлігіңді басқаруда.
Мыңдаған елді мекен азат етіп,
6 рет жаудың бұздың қоршауын да.

Жуковқа кім тең келіп қалжың айтар,
Кімдердің арыстандай айбаты бар.
Дәп соның нағыз өзі батыр Баукең,
Түседі еске алғанда осындайлар.

Бейбіт күн нұрын шашып аспанымда,
Қаруды айырбастап қаламыңа.
Өсиет қып көптеген кітап жаздың,
Айналды алтындай боп мұрамызға.

Шаттанам ерлігіңе батыр аға,
Жайылды атақ-даңқың жер шарына.
Құрметтеп Фидель Кастро шақырған соң,
Арнайы барып қайттың Кубаға да.

Ел үшін аямаған қасық қанын,
Кіршіксіз таза ұстаған, атақ-даңқын.
Қадірлеп, халық әркез сақтайды еске,
Танытқан бар әлемге қазақ атын.

Өшпестей із қалдырдың ұрпағыңа,
Жайғастың мәр-мәр тастың тұғырына.
Еліңмен мәңгі бақи бірге жасап,
Ғасырлар куә болар ғұмырыңа.

Қантбек АЯШЕВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Сейілхан БЕКОВ, Әскербек АБАЕВ.

↘ ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам жасағандығын атап көрсетті. Инновациялық технологияның тиімділігі жөнінде кеңінен сөз етті. Қолданыстағы технологияны жаңарту – экономикалық дамуға даңғыл жол ашатыны рас. Заманауи технологиясыз кәсіпорындарды елестету мүмкін емес. Өнеркәсіптік революция отандық технологияның қарыштап дамуына оң серпін береді. Елбасының бұл бастамасы барша жұртшылықтың ойынан шықты

ҚАЗАҚ ТІЛІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ЖАҚЫНДАТУ ҚАЖЕТ

Бастама Жетісу өңірінде де қарқынды жүзеге асырылуда. Оған облысымыздың орталығы Талдықорған қаласының көз ілеспес жылдамдықпен көркейіп, дамып келе жатқаны дәлел. Жалпы халықтың игілігіне жасалып жатқан қамқорлықты әрқайсымыз сезінуделміз. Атап айтқанда, жаңа ғимараттардың бой көтеруі, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қолданысқа берілуі, демалыс алаңдарының ашылуы, тұрғын үйлердің көптеп салынуы өңіріміздің өрісті дамығандығының белгісі.

Аумақтың көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуы елдің еңсесін тіктеуде. Облыстар арасындағы бәсекелестікті арттыруда. Осы өңірде тұрамын, еңбек етемін, отбасын құрамын деген жастардың ертеңгі күніне деген сенімін ұштауда. Әлеуметтік жағдай жасай отырып, жас ұрпақтың бойына терең білім мен рухани құндылықтарды сіңіруге күш салынуда. Жолдауда айтылғандай жастарды ғылыми-зерттеу саласына және инновациялық өндірістік технологиялық ортаға бейімдеу қолға алынуда.

Заманауи технологияларды меңгеру үшін тіл білу керек. Ол үшін жас ұрпақ үш тілді жетік меңгеруі тиіс. Мемлекет басшысы үш тілді еркін меңгерудің маңыздылығына ерекше тоқталды. Яғни, Қазақстанның болашағы үш тілді еркін меңгеруде екендігін қадап айтты. «Қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны қазіргі заманға лайықтау қажет», – деді Президент. Бұл бағытта да, яғни, тілді (мемлекеттік, орыс, ағылшын) меңгеруге облысымызда барлық жағдай жасалған әрі тегін оқытылады.

Сондай-ақ, бүгінгі Еуропада да көп тілді меңгерушілік жалпыға ортақ норма болып саналады. Бірнеше тілде еркін сөйлей, жаза білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Елбасының Жолдауда айтқан қазақ тілінің маңыздылығын арттыру жайындағы тапсырмасы алдағы атқарылар ісімізді жандандыруға оң ықпалын тигізбек. Нұрсұлтан Назарбаев терминдерді қазақ тіліне аудару барысында кездесетін мәселелерге де тоқталды. Мемлекет басшысы соңғы жылдары әлемде қалыптасқан 7 мың терминнің қазақ тіліндегі аудармасы күлкі туғызатынын айтып, терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату қажет екенін жеткізді. Ал латын графикасына көшу аталмыш мәселені реттеуге мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Жолдауда жалпы қоғамымыздың ілгерілеуі жайлы тұщымды тұжырым жасалды. Алдағы мақсат – маңызды мәселелер бойынша нақты шараларды қолға алу.

Олай болса, Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты мақаласындағы ұсыныстар, айтылған ойлар өмірімізге жаңаша серпін беретін батыл қадам екені сөзсіз.

Айдар БАШБАЕВ,
облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы

↘ «BUSINESS CONNECT»

ЖОБА СӘТТІ ЖАЛҒАСТЫ

Талдықорғанда сәуір айында «Business Connect» жобасы бастау алған болатын. Аталған жоба бүгінде сәтті жалғасын жатыр. Естеріңізге сала кетейік, жоба жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға және тәжірибе алмасу мен әріптестік байланысты орнатуға бағытталған.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Жоба аясында кәсіпкерлер палатасы студенттер мен жастарға бизнес өкілдерінің табысты оқиғалар топтамасын ұйымдастырады. «Business Connect» жобасының алғашқы кейіпкері 28 жастағы Дәурен Серікұлы. Ол Талдықорғандағы «La Flamma» мейрамханасы иелерінің бірі. Халықаралық туризм менеджері мамандығын алған кәсіпкер мейрамхана бизнесіне дейін құрылыс және ауыл-шаруашылығымен айналысқан. Ол осы салаларда жинаған тәжірибесін бір жыл ішінде мейрамхананы ең үздік кәсіпорынға айналдыруға жұмсады. Аталған жоба аясында жас кәсіпкермен кездесу ұйымдастырылып, оған студенттер мен жас кәсіпкерлер келді. Дәурен Серікұлы мейрамхана ашпастан бұрын серіктестерімен бірге қоғамдық тамақтандыру саласына терең сараптама жүргізіпті. Кездесу барысында жас кәсіпкер:

– Талдықорған – мегаполис емес, сондықтан біздің әлеуетті тұтынушыларымыз ретінде экономикалық жағынан белсенді азаматтарды санаймыз. Адамдар біздің мейрамханаға үнемі келіп отырулары үшін ерекше тағам түрлерін ойлап таптық, ас мәзірін күнделікті жаңартып отырамыз. Сонымен бірге, біздегі стиль мен дизайн өзгеше. Көптеген келушілер мейрамхананың атмосферасы мен жұмыс істеу тәсілімізге ерекше назар аударады. Бизнес ашу мен жүргізу барысында айтарлықтай қиындықтар болған жоқ. Жалпы, қазіргі таңда кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Сол себепті бизнесті несиеге емес, жеке қаражат есебінен ашқан дұрыс. Қаламызда тұнғі клубтар жиі ашылып, жарты жылдан соң жабылады. Оған әртүрлі себеп бар. Сондықтан әрбір істе жақсы маркетинг болуы тиіс, халықтың әлеуметтік топтары мен барлық талаптілектері ескерілуі қажет. Әрине, мекеме алғаш ашылғанда келушілер саны көп болады. Жас кәсіпкерлер осындай ағылу жалғаса береді деп ойлайды да, жұмыстың бәрін әкімшіге тапсырады. Кәсіпкер қоғамдық тамақтандыру саласында таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеуі керек, – деді.

Осылайша мейрамхана бір жыл ішінде қала тұрғындары мен қонақтары арасында беделге ие болды. Қазіргі таңда мейрамханаға күніне 300-400 адам келеді. Дәурен Серікұлы кәсіпкер үшін көп еңбек етіп, ұжымның пікіріне құлақ асқан жөн екенін, сондай-ақ, ұжымның көзқарасын біліп, оларды сервис пен менеджментті жақсарту бойынша жұмысқа тарту қажеттігін алға тартты.

«La Flamma» мейрамханасында дайындалатын астың дәмі ерекше. Өйткені, тағамдар халал негізінде дайындалады. Бүгінгі таңда кәсіпкер жұмыспен отыз адамды қамтамасыз етуде және алдағы уақытта мейрамхана бизнесін кеңейтуді жоспарлап отыр. Дәурен Серікұлы өз сөзінде жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге әрқашан әзір екенін айтты.

* * *

«Business Connect» атты жоба аясында екінші рет кездесу ұйымдастырылды. Жастар және журналистермен өткен басқосуға «Тау Жетісу» кешенінің негізін қалаушы, «Алға» спорт клубының жетекшісі, Экстремалды спорт федерациясының басшысы Игорь Виршки және «Top travel» туристік компаниясының директоры Табиғат Әбілпейісов қатысты.

Бизнесмендер Өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы Спорт және туризм комитетінің мүшелері болып саналады. Бүгінде Игорь Виршкиді облыс жұртшылығы ғана емес, бүкіл әлем таниды. Игорь Қазақстандағы жетекші парапланеристің бірі. Ол он шақты спортшыны баптап, елде экстремалды спорт түрлерін насихаттауда, сондай-ақ, туризмді дамытуда аянбай еңбек етуде. Бұрын әскери қызмет атқарған Игорь Виршкидің өр мінезі мен табандылығы бизнесте пайдасын тигізді.

– 90-жылдардан кейін алдымда үлкен таңдау тұрды. Ол Ресейде әскери қызметті жалғастыру немесе Қазақстанға оралу болды. Мен екіншісін таңдап, туған өлкеде кәсіп бастауды ұйғардым. Ол уақытта табыс табу қиын болатын. Әсіресе, туризмді дамыту оңайға түспеді, – деп еске алды кәсіпкер өткен күндерін.

Туған өңірдің әсем табиғатына деген ерекше сүйіспеншілігі мен кәсіпкерлікпен айналысуға деген айрықша құштарлығының арқасында кәсіпкер Текелі қаласының маңында «Тау Жетісу» туристік кешенін салады. Қысқа мерзім ішінде бұл кешен демалатын айтулы орынға да айналып үлгерді.

– Біз жұмысты енді бастадық деп ойлаймын. Сондықтан инфрақұрылымға, сервис пен мамандар дайындауға күш салып отырмыз. Бедел үшін еңбектенудеміз. Демалысқа қолайлы жағдай жасау маңызды. Бізге басқа өңірлерден ғана емес, ТМД, Азия және Еуропадан да қонақтар келеді, – деді Игорь Виршки. Жыл сайын кешенге жиырма бес мыңнан аса адам демалуға келеді.

Кәсіпкер, сонымен қатар, «Алға» спорт клубына басшылық етеді және ел бойынша экстремалды спорт, аэротуризмді дамытуға күш салып отыр. Биыл Игорь Виршки елде парапланерлік спортта дәлме-дәл қону бойынша Әлем кубогын ұйымдастырды. Кубок аталған кешенде мамыр айының басында өтті. Спорт жарысына оннан аса мемлекеттен жүз спортшы келді.

Сонымен бірге «Business Connect» кездесуінде сөз сөйлеген «Top Travel» ЖШС директоры Табиғат Әбілпейісов бизнесті 22 жасында бастағанын әңгімеледі.

– Мектепте оқып жүргенде биология пәнінің мұғалімі бізді қоршаған ортаны аялауға баулыды. Туризмді жақсы көрген ол бізді жиі көкке шығаратын. Сөмкелеріміздің асынып алып, табиғатты қуана зерттейтінбіз. Менің арманым заңгер болу еді, ол уақытта заң саласы беделге ие болған. Алайда әкем туризм саласын таңдауымды қалады. Нархозды аяқтаған соң Алматыдағы бір туризм компаниясына жұмысқа тұрдым. Кейін отбасылық және өмірлік жағдайларға байланысты Талдықорғанға қайтып келіп, туризмді қолға алдым, – дейді кәсіпкер.

Жеке компанияны кәсіпкер 2008 жылы ашып, қазақстандықтарды Қытайға апарумен айналысты. Кейін тасымалдар ауқымы артты. Енді Top Travelмен Қазақстанның кез келген жеріне, әлемнің кез келген нүктесіне баруға болады.

– Бірінші кезекте туризммен айналысу үшін адам бұл саланы жақсы білуі шарт, сонымен қатар көп қиындық та кездеседі, соған дайын болу керек. Туризм саласында үлкен бәсекелестік бар, бірақ мүмкіндіктер де зор. Бизнестің барлық саласындағыдай кәсіпкерлер «мини-банкир» болуы керек, – деді Табиғат Әбілпейісов.

Биыл «Top Travel» 10 жылдық мерейтойын атап өтпек. Кәсіпкерлер кәсіп бастағысы келетін жастарға несие алуға иек артпай өз күшіне сенуге шақырды. Кездесу барысында бизнестегі сервис, менеджмент, мемлекеттік қолдау шаралары, кәсіпкерлердің заң жобаларын әзірлеуге, консультациялық-кеңес беру органдарының жұмысына қатысуы сынды мәселелер талқыланды.

Сондай-ақ, Табиғат Әбілпейісов Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылғаннан бастап бизнестің көп мәселесінің шешіле бастағанын және даму жолында кедергілердің азайып, бүгінде «Атамекен» бизнестің сенімді серіктестігіне айнала бастағанын сөз етті. Яғни, бұл ұйымның кәсіпкерлерді біріктіріп, кәсіпкерлердің мүддесі мен құқығын қорғайтынына сенім білдірді.

↘ ТАҒЗЫМ

ҚИЛЫ КЕЗЕҢ

Талдықорған қаласының М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи өлкетану музейінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Зұлмат жылдар жаңғырығы» деген тақырыпта «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Шараның өтуіне М. Тынышпаев атындағы тарихи өлкетану музейі, облыстық мемлекеттік архив, облыстық ІІД-нің ақпарат аналитикалық бөлімі, облыстық С. Сейфуллин атындағы кітапханасы ұйытқы болды.

«Дөңгелек үстелде» сөз алған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Қалқабаева сол бір ақтаңдақ жылдардың халқымызға әкелген қасіретін кеңінен сөз етіп, 1929-1953 жылдар аралығында 40 миллионнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, ашаршылық жылдарында қазақ халқының жартысынан астамы ажал құшқанын атап өтті. Сондай-ақ, музей қызметкері Гүлнұр Бейсембаева «Тарих іздері музей қабырғасында», І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Күлімкөз Сантаева «1928-1929 жылдардағы Жетісудағы байлар зардабы» тақырыбында баяндама жасады. Облыстық мемлекеттік архивінің құжаттарды қамтамасыз ету және сақтау бөлімінің бастығы Ардақ Қайыпжанова, ғылыми-анықтамалық аппарат бөлімінің қызметкері Нұржан Сәдірбекұлы да сол бір зұлматты жылдар жайында тарихи деректерді алға тартты.

Республикалық «Барбанг» курдтар қауымдастығының Талдықорған аймақтық филиалының төрағасы Али Мамуч-оглы ата-бабасының Қазақстанға жер аударылып келген жылдарын есіне алып, қазақ халқына алғысын білдірді.

«Дөңгелек үстел» барысында Саяси қуғын-сүргін жылдары жайында және оның құрбаны болған М. Тынышпаев туралы деректі фильм көрсетілді. Сондай-ақ, шараға қатысушылар сол жылдарды еске салар көрмені аралап, музейге қойылған репрессия құрбандарының тарихи мұрағаттық құжаттарымен, қолданған заттарымен танысты.

Гүлмира НҰҒЫМАНОВА,
№19 мектептің бастауыш сынып мұғалімі

↘ МАМАН МІНБЕРІ

ТАЛАП пен ТӘРТІП

Тәртібі қатаң, міндеті ауыр әскери қызмет қашанда әжет, алғыр әрі жігерлі болуды талап етеді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде өздерін барлық жағынан таныта білетін, мойындата алатын әскери қызметшілер ғана қызмет атқарулары тиіс.

Олар алдымен тәртіппен бұйрықты орындаушы, содан кейін өзіне де, өзгеге де талап қоя біліп, істеріне жауапкершілікпен, ұқыппен қарауы керек. Дәл осындай талаптарды берік ұстау мақсатында Елбасының 2005 жылғы 21 ақпандағы № 32 Жарлығына сәйкес, «Әскери полиция органдары туралы» Заң мақұлданып, қазіргі таңда әскери полиция органдары мен әскери қызметшілер арасында қатаң тәртіп сақтауға бағытталған іс-шаралар өтуде.

Әскери полиция органдарына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік пен Ұлттық ұлан құрамына ұйымдық тұрғыдан кіретін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын арнайы әскери бөлімшелер кіреді.

Атап айтқанда, Сарыөзек гарнизоны әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицерлерімен Сарыөзек және Жаркент гарнизондарында орналасқан әскери бөлімдер мен мекемелерде бөлім командирлерінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарларымен бірлесе отырып, әскери қызметшілерді деструктивті идеологиялық, экстремизм мен терроризмнен қорғау, жеке және отбасы шиеленістері, өзіне-өзі қол жұмсау деректерін, жол – көлік оқиғаларын болдырмау, сонымен қатар, өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу деректерінің алдын-алу мақсатында ұдайы іс шаралар жүргізілуде.

А. МАРАТОВ,
Сарыөзек гарнизоны әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер-анықтаушысы, әділет аға лейтенанты

↘ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

МАМАНДЫҚТЫҢ үлкен-кішісі жоқ

Міне, мектеп түлектері үшін мамандық таңдау маусымы да келіп жетті. Алып-ұшқан асқақ арман әр салаға жол бастары анық. Маңыздысы, өмірлік азығына айналып, шын ниетпен тер төгетін мамандықты дұрыс таңдай білу. Бүгінгі шағын және орта бизнестің өркен жайып тұрған уақытында қоғамымызда жұмысшы мамандықтарына сұраныс артқан.

Ұлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Саңырауқұлақтай қаптаған мейрамханаға аспаз, құрылысқа газэлектр дәнекерлеуші, көз сүріндіретін көлікті жөндейтін автослесарь, киім бүтіндейтін тігінші, электромонтер, компьютерді жабдықтаушы сынды мамандық иелерінің жұмыссыз қалып, қол қусырып отыруына себеп жоқ. Ал аталған мамандықты таңдаған жастарды оқытып, шеберлікке шыңдауға Талғар политехникалық колледжінің материалдық-техникалық оқыту базасында жан-жақты жағдай жасалғандығы туралы білім шаңырағында өткен «Ашық есік» күнінде айрықша аталды. Шара барысында аталған 6 мамандық бойынша білім беретін колледжде көрме ұйымдастырылып, Талғар қаласындағы мектептерден келген жоғары сынып оқушылары мол мағлұмат алды.





Сексен жылдан асқан тарихы бар оқу орнынан сан маман түлеп ұшып, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқандары аз емес. Қазірдің өзінде студент жастардың арасында асханаға икемі бары мейрамхана, кафелерде қосымша жұмыс істеп, табыс табуға бейімделген. Тәжірибе жинақтай келе, олардың өз кәсіптерін ашып, дөңгелентіп әкетудің де мүмкіндіктері жетіп-артылады. Ең бастысы, аталған мамандықтың қайқайсысы да адамның жеке өміріне, тұрмыс-тіршілігіне тигізетін пайдасы ұшан-теңіз екендігін салтанатты шарада Талғар политехникалық колледжінің директоры Райхан Садықова айтты.

– Елбасымыз жұмысшы мамандарға айрықша қолдау көрсетуде. Нәтижесінде, жоғары оқу орындарына бөлінетін грант саны артқан. Бұл сіздердің орта білімнен соң жоғары оқу орындарына түсулеріңізге жол ашады. Сол себепті, көңіл қалаған мамандыққа дұрыс таңдау жасағандарыңыз абзал, – деген Райхан Нұрмырзақызы жас түлектерге сәт сапар тіледі.

– Біздің студенттер екі жылдан бері дуалды оқыту әдісіне көшкен. Бұл дегеніміз, білімді өндірістік істәжірибемен ұштастыра жүргізу. Осы мақсатта Талғардағы ірі кәсіпорындармен келісімшарт жасалған. Атақты «Глазман», «Тексти Маркет» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде тігіншілер, ал «Алатау Жарық» компаниясының Талғар бөлімшесінде электр мамандығын меңгерушілер, сондай-ақ, мейрамханаларда аспаздар мен техника жөндеу орталықтарында автослесарь мамандары тәжірибе жинақтап, колледжден соң әріптестік-серіктестік мекемелерде жұмысқа орналасуына қолайлы жағдай жасалуда, – деді директордың кәсіби оқыту жөніндегі орынбасары Ермек Мамриев.

Жастарға тігіннен Татьяна Сторовойтова, аспаздан Алма Мұсалимова, газэлектр дәнекерлеуден Уәли Әбдиев, электромонтерден Әнуар Халықов, компьютер құрылғыларын жабдықтаудан Қойшыбай Қарымбаев сынды ұзақ жыл ұстаздық етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар дәріс беретіндігін атау орынды.

Аталған колледжде осы күні 633 бала оқыса, олардың 232-сі биылғы оқу жылында диплом алып, болашаққа қанат қағады.

Талғар ауданы

↘ ТАҒЫЛЫМ

Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясында «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасы аясында «Мен – өз елімнің патриотымын» атты тақырыпта әдеби-танымдық кездесу өтті. Ұлттар арасындағы достық пен ынтымақты дәріптеуді, елге деген патриоттық сезімді оятуды, жастарды Отанға адал қызмет етуге, болашаққа сеніммен қадам басуға баулуды мақсат еткен шараға Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, мектеп оқушылары және олардың ұстаздары қатысты.

ШЕЖІРЕЛІ ТАРИХТАН СЫР ШЕРТТІ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Әдеби-танымдық шара төрт кезеңнен тұрды. Алдымен мектептің алдындағы алаңға жиналған көпшілік Мемлекеттік Туды тұғырға қондырды. Келесі кезеңде мектептің фойесінде мұғалімдер мен оқушылардан құралған ансамбль әр ұлт музыкасынан жинақталған поппуриді орындады. Шараның үшінші кезеңі оқу ғимаратының бірінші қабатындағы сурет көрмесін тамашалаумен жалғасты. Көрмеге бастауыш сынып оқушыларының «Туған жер – алтын бесігім» тақырыбымен салған суреттері жинақталыпты. Қабырғаға «Мен – өз елімнің патриотымын» атты орта буын оқушылардың шығармашылық жұмыстары ілінді. Сол жерде танымдық ісшараға келген қонақтарды тіркеп, кеудесіне естелік ретінде оқушылар жасаған «Рухани жаңғыру» төсбелгісі тағылды. Соңында мектептің мәжіліс залындағы аға буын мен оқушылар арасындағы пікір алмасу болды.

Соңғы бөлім Нұржан мен Аружанның орындауындағы «Алтын адам» әнімен шымылдығын ашты. Одан соң тарихтан танымдық сыр шертер қойылым көрсетілді. Төменгі сынып оқушылары көтеріп кірген «Қазақстан тарихы» кітабы тарих қойнауына бастаса, 10-сынып оқушылары алып кірген Абылай хан, Бұқар жырау, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың бейнесі ерлікке жетелей жөнелді. Содан кейін Қазақ хандығының құрылуы, жоңғарларға қарсы күрес, Алаш зиялыларын жазықсыз атуға, айдауға жіберілгені бейнеленген көріністер көптің көңілін толқытты. Жүректі шымырлатқан қойылым тәуелсіз қазақ елінің құрылымымен жалғасып, қанша қатал сынақтан өтсе де, ел рухының жасымағанын, сағы сынбағанын дәлелдеді. Көріністің соңы скайп арқылы шетелде оқып жүрген мектеп түлектерінің тілегін тыңдаумен аяқталды.

Шараны қорытындылаған мектеп директоры Самғат Долаев былтыр шараға 106 оқушы қатысса, биыл 211 оқушы ынта танытқанын айтты. Бұл шара ауқымының кеңейіп, танымалдылығының арта түскенін көрсетеді. Сонымен қатар, мектеп директоры шараға арнайы келген ақсақалдар мен қонақтарға, мектеп ұжымына алғысын білдірді. Танымдық кеш осындай тағылымды істермен мәресіне жетті.

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 593 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

ЖОБА

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармағына және «Жануарлар дүниесі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 30 сәуірдегі №18-03/390 Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11774 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 593 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4505 тіркелген, 2018 жылдың 24 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының кажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ

Алматы облысы әкімдігінің
_____ жылғы «__» _____
№_____ қаулысына 1-қосымша

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 593 қаулысына 1- қосымша

«Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/390 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11774 тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөніндегі қаулысы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы және мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) құжаттарды қабылдау, тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарар қою үшін жолдау – 15 (он бес) минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдау;

2) құжаттарды қарау және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау – 3 (үш) сағат. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау - 4 (төрт) жұмыс күні. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау;

4) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау - 4 (төрт) сағат. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жауапты орындаушыға жолдау;

5) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы беру - 15 (он бес) минут. Нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы осы регламенттің қосымшасы «Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында» көрсетілген.

«Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдалануға аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдары;

– мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

– көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;

— келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

«Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

«Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстың жергілікті атқарушы органымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы/тегін негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/390 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11774 тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде көрсетіледі.

Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру www.e.gov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағына сәйкес порталға құжаттар топтамасын тапсыруы, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы және мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) құжаттарды қабылдау, тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарар қою үшін жолдау – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдау;

2) құжаттарды қарау және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау – 3 (үш) сағат. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру – 2 (екі) жұмыс күні. Нәтижесі – ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысымен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау – 2 (екі) жұмыс күні. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жолдау;

5) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау - 4 (төрт) сағат. Нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жауапты орындаушыға жолдау;

6) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру – 30 (отыз) минут. Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) бірізділігінің сипаттамасы осы регламенттің қосымшасы «Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында» келтірілген.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

8. Жүгіну тәртібін және портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігін сипаттау:


1) көрсетілетін қызметті алушы порталда тіркеледі, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады;

3) сұрау салуды қабылдағаннан кейін, мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдылық бөлімшелерінің іс-қимыл тәртібі осы регламенттің 5-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

«Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



*ҚФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), порталдың өзара іс-қимылдары;

— мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;

— көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;

— таңдау нұсқасы

— келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

■ ЖАЙДАРМАН ■

Еліміз тәуелсіздік алуымен қатар жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жанып, өткен тарихымыз өз келбетін жаңадан айшықтады. Әсіресе, ел жадынан көптен ескерусіз қалған батыр бабаларымыз, шешен-шежірелеріміз ұлықталып, тарихи атаулар қайта жаңғыртылды. Елді мекен, ауыл-аймақ, түрлі мәдени, өнер, білім, тағы да басқа нысандар мен көшелерге қайраткерлердің есімі беріліп, бабаларымыздың ескерткіші бой көтерді. Сол қатарда Алматыдан Талдықорғанға кіреберістегі Жансүгіров көшесін Оңтүстік бағытқа қарай қиып өтетін көшеге 2005 жылы Жұмахан Балапановтың есімі берілді. Бұл игілікті іс Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласындағы тапсырмалар өзегінде түлей бастады.

ЖҰМАХАН БАЛАПАНОВҚА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛАДЫ



Қажет АНДАС

Бүгінде Балапанов көшесінің бойына Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқу ғимараты мен «Жастар» стадионы, Журналистер үйі, Жастарға қызмет көрсету орталығы, «Жастар» саябағы, көпқабатты тұрғын үйлер орналасқан. Заманауи, қала келбетіне сән берген салтанатты ғимараттар да осы көшенің бойына салынуда. Сонымен қатар, «Жастар» спорт кешені мен Оқушылар сарайы, Астана көшесінің бойындағы Салтанат сарайы, Көрме кешені, Б. Римова атындағы театр, Бәйкен Әшімов көшесінің бойындағы музыка мектебі мен №28 орта мектепке баратындардың бәрі Балапанов көшесімен өтеді.

Жасыратыны жоқ, қаладағы маңызды көшелердің бірінің аты берілген Жұмахан Балапановтың аға буын өкілдері жақсы білгенімен, осы көшені бойлап, болашақ арманын ұштап, жігерін жетістігімен жетілдіріп жүрген жастар, студенттер, оқушылар жағы көп біле бермейді. Сол үшін біз алдымен оқырмандарға аталған тұлғаның кім болғаны, ел үшін қандай қызмет істегені, тағы да басқа қырлары туралы қысқаша ақпарат бере кеткенді жөн көрдік.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп Ілияс Жансүгіров айтқандай, Жұмахан Балапанов – өз елі ескерген, елі үшін емірене еңбек еткен дара тұлғалардың бірі. Тұтас өмірін туған өлкесінің бірлігі, тұтастығы, өркендеп-өсуі, отандық ғылымның дамуы мен білімді жастарды тәрбиелеуге арнаған мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, ғылым, білім саласына теңдессіз үлес қосқан экономика ғылымдарының докторы, профессор, ғалым. Ел есінен кетпейтін елеулі есімнің бірі.

Ол 1920 жылы Алакөл ауданының, Қызылащы ауылында туған. 1930 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін тоғыз жасар Жұмахан анасы Бибіжамалдың орнына Алакөл ауданындағы Қоссор көлінен ас тұзын өндіретін өндіріс орнында алғашқы еңбек жолын бастайды.

Өмірдің сан соқпағынан өткен болашақ қайраткер 1932–1936 жылдары Қарабұлақ балалар үйінде, кейіннен Үшарал қаласындағы мектеп-интернатта тәлім алып, сондағы Абай атындағы қазақ орта мектебінде оқиды. 1940 жылы күзде армия қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысып, 1945 жылдың аяғында запастағы капитан болып еліне оралады. Осыдан кейінгі өмір жолы да сан соқпақпен өрілді. Айталық, 1945–1949 жылдары Алакөл аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейін кадр жөніндегі хатшы, ауданның екінші хатшысы сияқты лауазымды қызметтер атқарды. Қызметпен қатар, бос уақытын тиімді пайдаланып, Алматы ауылшаруашылық институтының агрономия факультетін сырттай оқып алады.

Оның бойындағы талантты дөп басқан басшылық содан бастап жауапты қызметтерді жүктей бастады. 1951–1953 жылдары Кербұлақ (Гвардия) аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1953–1956 жылдары Көксу (Киров) ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып, сол аудандардың өркендеп-өсуі үшін барын салды. 1958 жылдың күзінде Мәскеу қаласындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберілді. Бұл орта оның сол тұстағы ірі қайраткерлермен танысып, болашақ қызметі үшін саналық тұрғыда жетілуіне көп септігін тигізді. Аталған оқу орнын бітірген соң 1960 жылы Алматы облыстық ауылшаруашылық бөлімін басқарса, 1961 жылы Талдықорған қаласының айналасындағы бірнеше елді мекенді біріктірген Талдықорған партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Демек, бүгінгі түрленген Талдықорғанның келбетінің айшықталуына әу баста ерінбей еңбек ірі тұлғаның бірі Жұмахан Балапанов десек, артық айтқандық болмайды. Сол кездегі жаңа бастаманың жемісін бүгінгі қалалықтар көріп келеді. Содан кейін осы қызметтен Алматы облыстық, ауылдық кеңес атқару комитетінің төрағасы лауазымына жоғарылатылып, Қазақстан Жоғарғы кеңесінің 7 шақырылымының депутаты және Қазақстан КП ОК мүшелігіне кандидат болса, 1962 жылы Қазақстан КП XXII съезіне делегат болып сайланды. 1963–1965 жылдары Алматы облыстық, ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болды. Оның сан түрлі талантын, қызметтегі жауапкершілігін ескерген, болашағынан үлкен үміт күткен партия ұйымы 1965 жылы Мәскеу қаласындағы қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға жіберді. 1967 жылы аталған академияны бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғаған соң Қазақ экономика және ауылшаруашылығын ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, кейіннен директоры болып қызмет атқарды. Қоғамдық қызметпен қатар ғылым жолындағы ізденісін аяқсыз қалдырмай, 1975 жылы «Қазақстан ауыл шаруашылығы мамандандыруын дамытудың ғылыми негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. 1977 жылы Алматы халық шаруашылығы институты, қазіргі Қазақ мемлекеттік басқару академиясының экономика және ауылшаруашылығы өндірісін жоспарлау кафедрасының меңгерушісі, 1978 жылы Алматы қалалық кеңесінің депутаты болды.

Жұмахан Балапановтың көп уақыты еліміздің ғылым, білім саласын өркендету, жастарды ғылымға бағыттауға арналды. Әр жылдары Алматы халық шаруашылығы институтының жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі арнаулы кеңес төрағасының орынбасары, республикалық ауылшаруашылығы экономикасы жөніндегі мемлекеттік жоспарлау комитетінің кеңесшісі, КСРО білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті ғылыми-әдістемелік комитетінің мүшесі, Мәскеудегі К. Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясы жанындағы ауылшаруашылығы өндірісі тиімділігін арттыру мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің мүшесі, Қазақ экономика және АӨК ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі кеңестің мүшесі, Алматы облысы әкімі жанындағы консультация-экономикалық кеңесінің мүшесі сияқты сан-салалы қызметтер атқарды. Осындай жауапты қызметтерді атқара жүріп, 140-тан астам ғылыми жұмыс жазды. Сондайақ, 10 монография, кітап, оқулық және оқу құралын шығарды. Оның жетекшілігімен 3 докторлық, 29 кандидаттық диссертация қорғалып, ғылым саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Сол қатарда ТМД елдерімен қатар Оңтүстік, Шығыс Азия және басқа мемлекеттен келген аспиранттар да Жұмахан Балапановтың алдынан өтіп, болашақ арманына сәуле құйды. Осындай еңбектерінің арқасында халықаралық Еуразия Экономика академиясының мүшесі, ҚР Ауылшаруашылығы академиясының Құрметті академигі атанды. Отан қорғау, қоғамдық саладағы еңбектері үшін Еңбек Қызыл ту, «Халықтар достығы» ордендері мен 14, оның ішінде екі алтын медальмен марапатталды. 2000 жылы «Адал еңбек, ақ ниет» атты мемуары жарық көрді. Ұл өсіріп ұяға, қыз өсіріп қияға қондырып, отбасындағы асыл әке, қамқор ата да бола білді.


Жоғарыда айтылғандар Жұмахан Балапанов өмірінің қадау-қадау тұстары ғана. Ал оның тәрбиесін көрген, бірге қызметтес болған, облыс пен қала тірлігіндегі талай күрмеулі мәселені шешуге бірге атсалысқан аға буын тұлғалық болмысын, ұқыптылығын, азаматтығын, қайраткерлігін емірене еске алатынын байқап жүрміз.

«Жұмахан Балапановтың Отан қорғау жолындағы, отандық ғылымның жоғары деңгейге көтерілуіне қосқан үлесін айтпағанның өзінде ел мен жердің болашағы үшін төккен тері өлшеусіз. Аңқылдаған ақпейілдігі мен қазақы болмысы әлі күнге көз алдымызда тұрады. Үлкенмен де, кішімен де тіл табысып, келісімге келетін қасиеті бізге үлгі болды. Әсіресе, Алматы облысының өркендеуі мен Талдықорған қаласының қала болып жаңдануы жолындағы талай игілікті істерге бастамашы болғаны ел жадынан кетпеуі керек. Сол үшін де ағамыздың асқақ бейнесін, асыл қасиетін, ізгі мұратын, игілікті ісін жас ұрпақтың санасына сіңіру бүгінгі күннің талабы», – дейді облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт.

Біз де Ермек ағаның пікіріне толық қосыламыз. Десе де Жұмахан Балапановтың ерен еңбегі елге жетпей жатыр деген ойдан аулақпыз. Ол туралы көптеген жұмыс істеліп жатыр. Алайда, «Жұмахан Балапановтың бейнесі өзінің атындағы көшенің бойында қасқайып тұрса осы маңнан өтетін әрбір жас үшін жақсы үлгі болар еді» деген ой көптен бері көңілімізді әлдилеп жүр еді. Жуырда: «Мүшелтой» шағынауданындағы Қонаев көшесі мен Балапанов көшесінің қиылысынан Жұмахан Балапанов саябағы салынып, асыл тұлғаның асқақ ескерткіші бой көтереді» деген хабарды естіп, қуана құптап, көпшілікке жеткізуге асығып, жора-жолдас, ағайын-туғандарына хабарласып едік. Бұл ақпарат шын болып шықты. Көп өтпей Жұмахан Балапановтың асқақ мүсіні жоғарыда аталған мекенжайда бой көтеретін болды. Ескерткішті тұрғызу ісі ел мен жұртшылық тілегін ескерген облыстық және қалалық әкімдіктердің тарапынан да қолдау тауыпты. Қазір ескерткіш орнатылатын жердің орны белгіленіп, оның жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, әне-міне жұмыс басталу алдында тұр. Бұл жерде ескерте кетер жайт, саябақ пен ескерткішті тұрғызуға кететін барлық қаражатты Жұмахан Балапановтың еңбегін бағалаған ел-жұрты мен тәлімін көрген ел ардақтылары және оның ұрпақтары өз мойнына алып отыр.

Айта кетсек, ескерткіш қойылатын жалпы аумақ 3796 шаршы метр, оның 1,7 шаршы метріне 4,2 метр биіктіктегі ескерткіш бой көтерсе, 2677,3 шаршы метрі абаттандырылып, демалыс саябағына айналады. Осы алқапқа 90-ға жуық әртүрлі ағаш отырғызылып, көздің жауын алатын түрлі түсті гүлдер мен көпжылдық шөптер егіледі. Адамдар демалатын 12 орындық қойылып, оның жанына 12 дана қоқыс жәшігі орнатылады. Аумақтың бәрі заманауи үлгідегі 12 дана шаммен жарықтандырылып, кешке қарай келушілерге алаңсыз демалып қайтуға бар жағдай жасалады. Сонымен қатар, ескерткіш пен шағын саябақтың жобасы оның жанына орналасқан Журналистер үйі, Жастарға қызмет көрсету орталығы, Оқушылар сарайы, «Мүшелтой» шағын ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлер және алдағы уақытта ескерткіштің қарсы бетінен бой көтеретін заманауи сауда орталығының жобасымен сәйкестендірілген. Қысқасы, ескерткішке қолданылатын материалдардың түсі, биіктігі, жерге төселетін кірпіштер, орындықтардың формасы, егілетін ағаштың түрі, отырғызылатын гүлдер, жарық шамдар осы аумақтағы көркемдікпен үндесіп, ары-бері өткен жолаушыға эстетикалық әсер береді. Облыс сәулетшілері мен қала әкімдігі «жаңа нысан қала келбетін асырады» десе, «Мүшелтой» шағын ауданының тұрғындары аталған нысан сол маңдағы тұрғындардың демалыс уақытын тиімді пайдалануға қолайлы орынның біріне айналады деп сенім білдіруде.

Жақсылыққа қашанда жаны құмар халықпыз ғой. Осындай игілікті іске бастамашы болғандарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қайта қолға алған жұмыс ертерек тиянағын тауып, көптің қажетіне жараса деген ниетіміз бар. Көптің тілегі осы.



Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

І. ЖАНСҮГІРОВ – 125



АҚЫНЫН АРДАҚТАДЫ

Алты Алаштың ардақты ақыны, жырдың ерен жүйрігі саналған Ілияс Жансүгіровтің туғанына 125 жыл. Осыған орай Жетісу жерінде түрлі рухани шара өріс табуда. Соның бірі «Жансүгіров тағылымы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Шабыты шалқар шайырдың есімін арқалаған І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде орын алған айтулы шараға ақынның туыстарымен қатар Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларынан құрметті қонақтар келді. Ақынын ардақтаған ел алдымен университет ауласындағы шайыр ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімін өткерді. Студенттер арнау жырын тамылжыта оқыса, ғалымдар Ілияс жайлы естелікпен бөлісті.

Конференцияны І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Қуат Баймырзаев ашып, жүргізіп отырды. Ол әуелі келген қонақтарды таныстырып, арқалы ақынның ақық жырымен өрілген өмірінен азды-кем ақпар беріп өтті.

Өз кезегінде, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық орталығының хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова «Ілияс шығармалары мәтінін лингвостатистикалық және фоносемантикалық аспектілерде зерттеудің маңызы», облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай «І. Жансүгіровтің ағартушылық қызметі мен педагогикалық идеялары», «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов «Құлагер» поэмасы: ақиқат пен аңыз», І. Жансүгіров музейінің директоры Нұргүл Жауынбаева «Жыр дүлдүлі» және «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Шара Қияхметова «Мәлім және беймәлім Ілияс» тақырыбында баяндама оқып, тың деректермен бөлісті.

Одан кейін университет ректоры Қуат Маратұлы Ілияс Жансүгіровтің туған немересі Фатима Жандосоваға құрмет көрсетіп, кеудесіне мерекелік медаль тақты. Өз кезегінде сөз алған немересі және Ілиястың баласы Болат Жансүгіровтің зайыбы Қарлығаш Қаптарбаевалар аталмыш білім ордасына ризашылығын білдіріп, сый-сияпаттарын ұсынды.

Айта кетейік, Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына биыл Жетісу мемлекеттік университетінің ғылыми-практикалық орталығы үлкен дайындықпен келген. Олар соңғы 7-8 жылдың ішінде 25 кітап дайындаған-ды. Оның барлығы кезіндегі Ілиястың цензурадан сескеніп, жарыққа шығармаған туындылары. Аталған еңбектер жаз айларында қалың оқырманға жол тартпақ.

Тағылымды шара Достық үйінде өткен «Өлеңнің өрен жүйрігі» атты облыстық байқаумен жалғасын тапты. Жас ақындар арасында ұйымдастырылған шара төрт кезең бойынша өрбіді. Облыстың әр өңірінен келген қатысушылар алдымен «Құлагер» поэмасын жатқа оқыса, сұрақ-жауап кезеңінде ақын өмірі мен шығармашылығынан сыр шертіп, келесі кезеңде берілген тақырыпқа қолма-қол бір-екі шумақ өлең жазып шығармашылық қырын танытса, соңғы сында арнауларын оқыды.

Оқушылар мен білімгерлер арасында өткен байқауда 28 өрен бақ сынап, шара көрігін қыздырды. Алайда, кіл жүйріктер арасында бабы мен бағы қатар шапқан Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің студенті Мадина Тұрдақын бас жүлдені қанжығасына байлап, бағалы сыйлықпен марапатталды. Қалған қатысушылар да жүлде мен сыйдан құралақан қайтпады.

БАБЫ мен БАҒЫ тең түсті

Жыл басынан бері Жетісу жұрты Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына қызу кірісіп кетті. Күні кеше Талдықорған қаласында ақын ұрпақтары, шығармашылық қауым өкілдері жиналып, үлкен ас берілді. Сол игілікті істердің жалғасындай, өткен аптада Ақсу аудандық Молықбай атындағы Мәдениет үйінде мектеп оқушылары арасындағы XII республикалық Ілияс оқулары өте жоғары деңгейде өтіп, жұрттың ықыласына бөленді.



Қажет АНДАС

Аталмыш бәсекеге 13 облыс пен қаладан 24 үміткер қатысты. Олар алдымен Ілияс өскен ортаның көркем табиғатын тамашалап, көңілдеріне көп ой түйді. Шараның ашылу салтанаты Ақсу ауданының әкімі Есім Базарханов пен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен аудандық Молықбай атындағы Мәдениет үйінде өтті. Салтанатты басқосуда алғашқы сөз кезегін алған өнір басшысы:

– «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп соңғыларға үлкен ұлағатты сөз қалдырған Ілияс атамыздың шығармашылық, тұлғалық қарым-қабілетін үлгі ету Мәңгілік Ел болудың жолында еңбек етіп жатқан біздер үшін үлкен үлгі. Биылғы байқау Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласындағы тапсырмаларды орындау негізінде қолға алынды. Мені ең алдымен еліміздің түкпір-түкпірінен келген, Ілияс атамыздың мұрасын құнттап жүрген жастардың көп екендігі қуантты. Әрине, республикалық деңгейдегі байқаудың аудан орталығында өтуі де жауапты жұмыс. Сол үшін үміткерлердің үмітін үкілеу мақсатында қолдан келгенінің бәрін жасадық. Байқау барысында бәріңнің баптарың мен бақтарыңның тең түсіп, жүлдегерлер қатарынан көрінулеріңе сәттілік тілеймін, – деді ол.

Осыдан кейін шараның шымылдығын Ақсу аудандық өнер мектебінің шәкірттері ашты. Өнерпаз жастарды тәрбиелеуде үлкен нәтижелерге жетіп, халықаралық, республикалық деңгейдегі жеңімпаздарды жетілдіріп жүрген оқу орнының шәкірттері барын салды. Ән айтылды, би биленді, күй шертілді. Ең бастысы, балғындардың тақылдаған дауысы, еркін де ерке қылықтары көпшілікті тәнті етті. Осындай жоғары көңіл-күймен басталған бәсеке төрт кезеңнен тұрды. Алдымен үміткерлер Ілиястың өзі таңдаған бір туындысын мәнерлеп оқып шықты, сосын қатысушы Ілияс ақынға арнауын көптің назарына ұсынды, келесі кезекте Ілиястың драматургиялық шығармаларынан көрініс көрсетілді. Соңында әділқазылар әр қатысушы алдын ала қаламгер шығармашылығы туралы жазған жеке шығармашылығын жалықпай оқып, әрбірін белгіленген шарт бойынша бағалап шықты.

Бір айта кетерлігі, бұл реткі байқауда әр қатысушы бүркеншік ат қолданды және бағалаушылардың қойған балы үлкен экран арқылы көпшілік назарына ұсынылып отырды. Ашықтық болғандықтан жүлдегерді анықтауда бұра тартар өрескел жағдай орын алған жоқ. Нәтижесінде, Ақсу ауданы, Ж. Сыдықов атындағы орта мектеп оқушысы Әлібек Бегімбекұлы бас жүлдені қанжығасына байлап, өнір әкімі атынан тағайындалған 500000 теңге арнайы жүлдені жеңіп алды.

«Өскенді жердің баласы өрелі келеді». Әділбек көпшіліктің көзінше өзіне тиесілі қаражатты Ілияс Жансүгіров атындағы қорға ұсынатынын жеткізді. Бірінші орынды Ақмола облысы, Көкшетау қаласынан Ернұр Балмашек, екінші орынға Маңғыстау облысынан Жарас Жүсіпов пен Шымкент қаласынан Аружан Нұрадин лайықты деп танылды. Ал үшінші орынды Шымкент, Алматы, Талдықорған қаласының оқушылары қанжығасына байлады.

Қатысушылардың бәріне сертификат, жүлделі орынға ие болғандарға ақшалай сыйлық табысталды.

Ақсу ауданы

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Тіл сарайында өткен облыстық кеңестің кезекті отырысында өңірдің өркендеуіне қатысты шешімдер мен қаулылардың орындалу барысы талқыланып, жергілікті бюджеттен бөлінген қаржының игерілуі жайлы сөз болды.



Мәди АЛЖАНБАЙ

Алдымен «Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы «Алматы облысының 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №38-211 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімінің жобасы жария талқыланды. Тақырыпқа қатысты облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов мәлімет беріп, енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды таныстырды. Жария талқылауға қатысқан кеңес мүшелері жобаға дауыс беріп, қолдау көрсетті.

Одан кейін облыс әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қазандағы «Ақваөсіру (балық өсіру) өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» №497 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысының жобасы, облыс әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі «Ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» №193 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысының жобасы, облыс әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 тамыздағы «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламентін бекіту туралы» №376 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысының жобасын жария талқылауға кеңес мүшелері бірауыздан дауыс беріп, қолдады.

Жиында қаралған облыс әкімдігінің «Ашық деректердің интернет-порталында орналастыратын ашық деректер тізбесін бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау интернет желісі арқылы жүретіні, соған орай мәліметтердің жинақталуына байланысты жобаны талқылаудан алып тастау керектігі айтылды. Бұл ретте жария талқылауды кейінге қалдыру ұсынысын көпшілік бірауыздан қолдап, арнайы комиссияның карауынан өтуін жөн деп тапты.

Бұдан соң облыстық мәслихаттың «Алматы облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» шешімінің жобасы жария талқыланып, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Абдалиев таныстырған мәліметтер кеңес мүшелерінің назарын аударды. Оның айтуынша, тұрғын үйге мұқтаж отбасылар ең алдымен алатын баспана құнының 20 пайызын алғашқы жарна ретінде банкке құюы тиіс. Бұл сома кепіл ретінде қолданылады. Тұрғын үй сертификаты баспана кезегінде тұрған көпбалалы аналарға, денсаулық сақтау, білім, мәдениет сынды салалардың мамандарына беріледі. Өйткені, бұл жоба ең алдымен үй кезегінде тұрғандарды баспанамен қамтамасыз етуді көздейді.

Жиын соңында облыстық қоғамдық кеңестің биылға арналған жұмыс жоспары талқыланды.

ЖАЙДАРМАН

СУБҰРҚАҚ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Талдықорған жыл өткен сайын құлпырып, тотыдай түрленіп келеді. Былтыр көркі көз тартарлықтай әуенді субұрқақ ашылды. Осыған орай жасыл желекке оранған шаһардың орталық алаңында «Жетісу» атты әуенді жеті субұрқақ фестивалінің кезекті ашылу салтанаты өтті.



Айдар ҚАЛИЕВ

Шара Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан Әбдірайымовтің алғысөзімен бастау алды.

– Бүгін біз керемет кештің куәсі болып отырмыз. Әуенді субұрқақ денсаулықты жақсартады, жанды тыныштандырады. Сондықтан, әлемдік тәжірибеде қаланы көріктендіру үшін субұрқақ салу әдетке айналған. Қаламыздың көркіне айналған нысанның жастарды баурап алатынына, келген қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлайтынына сенімім мол. Елімізбен қатар әлемнің Лас-Вегас, Сочи, Дубай, Нұр-Сұлтан сияқты көптеген қалаларында субұрқақ маусымын ашу дәстүрлері бар. Біз де осы дәстүрді жалғастырамыз, – дей келе, сәуірдің соңғы жексенбісінде субұрқақтың ашылуы тойланатын айтты.

Орталық алаңға жиналған көрермендердің қарасы жетіп-артылады. Аспанға атылған субұрқақ әр әуенге түрлі қимыл жасап, түрлі түсті жарықтарымен мың құбылып көз арбайды. Әуен ырғағымен бір уақытта қосылған жеті субұрқақ жұртшылыққа ерекше әсер сыйлады. Сонымен қатар, қала тұрғындарына 3D SHOW көрсетілді.

Шара соңында мерекенің арнайы шақырылған қонағы, эстрада жұлдыздары Райм & Артур ән айтып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Осыдан 45 жыл бұрын қақаған қыста Іленің арғы бетіндегі Үшжарма орта мектебіне сабаққа бара жатқан оқушылардың қайығы аударылып, он бес бала суға аққанда солардың он екісін жағаға аман алып шығып, туған аналарынан кейін екінші өмір сыйлаған Бейсетай Дәуренбеков ағa өте ақкөңіл жан еді. Жасы сексенге келіп қалса да жеңіл қимылдайтын. Еңсесін тіп-тік ұстайтын. Жас бала тәрізді аузын ашса көмекейі көрінетін қарияны бүкіл ауыл жақсы көретін. Көбісі кеминде тоқсан жас жасайтын шығар деп ойлайтын. Аяқастынан бақилық болып кеткенде жандары ауырмаған жан қалмады.

БАТЫРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Бейсетай ағаның қайтыс болғанына бір жыл толуына орай ауылдастары Аралтөбе орта мектебінде грек-рим күресінен аудан біріншілігін өткізді.

– Ағаның өзі тірі кезінде де жыл сайын осы уақытта спорттың әр түрінен жарыс ұйымдастырылып тұратын. Күні бұрын өзі келіп: «Биыл не істейтін болдық?» – деп ақылдасып, жас балаша жүгіріп жүруші еді. Бір малын сойып тастайтын. Биыл да маған өзі әне-мәне келіп қалатындай болып тұрды. Адамның санасынан жақсы адамның жарқын бейнесінің өшуі де қиын екен-ау», – дейді жарысты ұйымдастырушылардың бірі Аралтөбе орта мектебінің директоры Света Сәскебайқызы.

– Бұл жарыс Аралтөбе тұрғындары үшін дәстүрге айналды. Шынында да Бейсетай ағамыздың есімін тек аудан тұрғындары ғана емес, бүкіл республика халқы біледі. Батыр ағамызбен қалай мақтансақ та болады. Сондықтан да осы турнирді тек Аралтөбе ауылында ғана ұйымдастыруымыз керек. Кім біледі, алдағы уақытта ағамыздың есімі осы Аралтөбе орта мектебіне беріліп те қалар, – дейді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев.

Командалық есепте бірінші орынды Ақдала, екінші орынды Аралтөбе, үшінші орынды Бақанас ауылының жас палуандары иеленді. Жүлделі орын алған жарыс жеңімпаздарына медальдар мен заттай сыйлықтар табыс етілді.

Нұрман МАҚСАТ,
Бақанас аграрлық-индустриалдық колледжінің мұғалімі
Балқаш ауданы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ

Мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеу, қызмет көрсетудің ашықтығына, сапасына және жеделдігіне қол жеткізу сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, азаматтық белсенділіктің артуына жағдай жасайды. Ветеринарлық саладағы мемлекеттік қызметтер ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге сапалы әрі уақытылы мемлекеттік қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Облыстық ветеринария басқармасы төмендегі мемлекеттік қызметтер түрін ұсынады: жануарлар өсіру, союға дайындау (сою), сақтау, өңдеу және сатуды жүзеге асыратын өндіріс нысандарына, сондай-ақ ветеринарлық препараттарды, жем мен жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс нысандарына тіркеу нөмірлерін беру. Бұл қызмет – қызмет алушының тікелей немесе «электрондық үкімет» порталына жүгінуі арқылы тегін көрсетіледі және өндірілетін мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкестігін бақылауға мүмкіндік береді. Ветеринарлық саладағы қызметпен айналысуға лицензия беру қызметі электрондық лицензиялау (elicense.kz) порталы арқылы жүргізіледі.

Жануардан алынатын шикізат пен өнімге ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу қызметі міндетті түрде лицензиялануы тиіс. Себебі, осы жұмыстың сапасы адам денсаулығына тікелей ықпал етеді. Қызмет электрондық форматта ақылы негізде көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы заңнамада белгіленген мөлшерде лицензиялық алым төлейді және лицензияны алғаннан кейін ішкі сауда нысандарында, мал сою және ет өңдеу кәсіпорындарында ветеринарлық сараптама жүргізу құқығын алады. Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісі автоматтандырылған. Облыстық ветеринария басқармасы тарапынан жыл басынан 83 мемлекеттік қызмет көрсетілді, соның ішінде, өндіріс нысандарына 82 тіркеу нөмірі, ветеринарлық салада кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға 1 лицензия берілді. Көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан қызмет көрсету сапасына шағым түскен жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі, оларды ұсыну мерзімі мен шарттары, құжаттар тізбесі мен мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері тиісті стандарттар мен регламенттерде айқындалған. Көрсетілетін қызметтер туралы барлық ақпаратты құқықтық ақпараттық жүйелерден, сондай-ақ, басқарманың veterinarya.zhetysu.gov.kz интернет-ресурсынан алуға болады.

ҚР «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының нормаларына сәйкес толық мәліметтен тұратын мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат ветеринария басқармасы ғимаратындағы қолжетімді жерде орналасқан.

Мемлекеттік қызмет алу кезінде құқықбұзушылық жағдайы туындағанда (құжаттарды негізсіз қабылдамау, стандарт бойынша қарастырылмаған (артық) құжаттарды талап ету, дәйексіз немесе толық емес ақпарат беру) қызмет алушы «Алматы облысының ветеринария басқармасы» ММ немесе Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26 -үйдің 2-қабатында орналасқан мекенжайға (8 (7282) 32-93-44, 40-12-62 телефондары) өтініш қалдыра алады.

А. АХМЕТОВ,
облыстық ветеринария басқармасының мемлекеттік қызметтер және жануарларды есепке алу бөлімінің басшысы

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 59
(18623)
Сейсенбі,
21 мамыр,
2019 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz
@Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

СЕЛЕКТОР

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖОЮ ҚАЖЕТ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жөнінде селекторлық жиын өтіп, еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатысты ұсыныстар тыңдалды.

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттің іргетасын іштен ірітетін парақорлық, жемқорлық сынды жағымсыз әрекеттерді болдырмауға қатысты өз ойын ортаға салып, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевтың баяндамасын тыңдады.

Мәди АЛЖАНБАЙ

– Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке орасан нұқсан келтіріп қана қоймай, мемлекеттің дамуына әсер етіп, мемлекет пен қоғамның негізгі ұстындарын іштен ірітеді. Парақорлық біртіндеп ұлттық мәдениет пен дүниетанымның бір бөлшегіне айналып барады, – деген Президент жемқорлықтың зардабын жан-жақты таныстырды.

– Жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде, тіпті, әрбір елде бар құбылыс деуге болады. Осы келеңсіз үрдіске биліктің төтеп бере алатындығы немесе тыйым сала алатындығы өзекті мәселе болып отыр. Жасыратын ештеңе жоқ, Қазақстанда жемқорлық, нақты айтқанда, пара беру, пара алу жаман әдетке айналып кетті. Жыл сайын елімізде орташа есеппен 2 мыңнан астам жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеліп, 1 мыңнан астам адам жауапқа тартылады. Бұл – өте қауіпті ауру. Батпандап кіріп, мысқалдап шығатын кесел. Осы ауруды шұғыл түрде емдемесек кеш болуы мүмкін. Жемқорлықтың кесірінен алып империялар мен мемлекеттердің құлағанын тарихтан жақсы білеміз. Оған өзіміз де куә болдық. Жемқорлық – өте қауіпті үрдіс. Сондықтан оның тамырына балта шауып, түбегейлі жою қажет. Бәріміз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесіп жұмыс істеуіміз керек.

Осылай деген Қасым-Жомарт Кемелұлы халықтың санасына әбден сіңісіп кеткен парақорлық, жемқорлық ұғымдарын түбегейлі жою керектігін алға тартып, ол үшін қажетті тетік – қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің жұмысын жандандыру қажеттігін ескертті.

Мемлекет қазынасы талан-таражға түспеуі керек. Атыжөні әйгілі тұлғалардың парамен ұсталғандығы жайында ақпараттар жиі таралатын болды. Соңғы үш жылдың ішінде 900-ден астам адам қаржыны жымқырғаны үшін жауапқа тартылған. Соның кесірінен халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлап, тұрмыс деңгейі төмендеп кеткен. Әсіресе, ауызсу мен жергілікті жолдардың сапасы сын көтермейді, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы тоқыраған.

Президент Қ. Тоқаев қоғамның жегіқұрты саналатын парақорлықпен күреске барша жұрттың жұмылуы қажеттігіне, азаматтардың санасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұғым бала күнінен сіңірілуі керектігіне, қоғамдық бақылауды күшейтуге, мемлекеттік шешімдер қабылдаудың ашықтығына, аса маңызды мәселелерді талқылауға Парламенттің, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенді қатысуын қамтамасыз етуге ерекше тоқталды. Одан бөлек, биліктің барлық деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізуге үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыруды, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл институттарын күшейтуді Үкіметке тапсырды.

Бұдан соң тақырыпқа байланысты баяндама жасау үшін минберге шыққан ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшысы Алик Шпекбаев еліміздегі жағдайды таныстырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатысты нақты ұсыныс берді. Оның айтуынша, парақорлық пен жемқорлықтың тамырына балта шабу үшін нақты шаралар қолданып, қоғамның барлық салаларын қамтитын бағдарламалар жүзеге асырылуы керек.

Тақырыпқа байланысты, онда да өңірлердегі ауызсу, жол мәселесіне қатысты Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қумар Ақсақалов, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шүкеев кезекпен жауап беріп, өз облыстарындағы жағдайды баяндады. Селекторлық жиында қаралған мәселелерге байланысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Ауылшаруашылық министрі, Қаржы министрі жауап беріп, өз пікірлерін жеткізді.

Алқалы жиынды қорытындылаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі әкімдер мен басқарма, департамент басшыларының өз орынбасарлары мен қызметкерлері парақорлық, жемқорлық дерегімен жауапқа тартылған жағдайда мемлекеттік қызметтен өз еркімен кетуі керектігін ескертті.

ТУРИЗМ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ИНВЕСТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ инвесторлармен кездесті. Онда туризм саласын дамытуға байланысты әңгіме өрбіді.

Басқосу барысында негізінен Талғар ауданындағы «Ой Қарағай-орманды ертегісі» деп аталатын тау шаңғысы демалыс аймағының инфрақұрылымын өркендетуге қатысты мәселе қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен осы жобаның іске асырылуына мұрындық болып, туризм саласын дамытуға өзіндік үлесін қосып жүрген «Alina» GC компаниялар тобының президенті Ерлік Балфанбаев сөз сөйлеп, аталған кешен аумағында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша баяндады. Айта кетейік, кешен Талғар шатқалында орналасқан. Бүгінде бұл жерде 250 адам жұмыс істейді. Демалыс аймағының күніне екі мыңға жуық адамды қабылдауға мүмкіндігі бар.

Республикалық трассадан нысанға дейінгі алты шақырым автокөлік жолы күрделі жөндеуден өткізілген. Сонымен бірге 35 гектар жер телімі алынып, демалыс орнының егжей-тегжейлі жобасы әзірленген. Бұған қоса 10,5 шақырымды құрайтын электрмен жабдықтау желісі жүргізілген. Қазіргі таңда кешен аумағында бес аспалы жол мен он екі шақырымдық шаңғы трассасы бар.

Десе де мемлекеттік қолдауды қажет ететін жұмыстар да аз емес. Мәселен, аталған демалыс аймағының инфрақұрылымын дамыту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу, жер телімдерін бөлу, жоспарланған инженерлік желі жүйелері, оның ішінде электр, су және газбен жабдықтау, су бұру, байланыс желілері мен кәріз жүйелері, жолдарды жөндеу сияқты жұмыстар кезек күттірмейді. Осыны көлденең тартқан компания президенті жоғарыда аталған жұмыстарды жүзеге асыру үшін көмек керектігін облыс әкімінің қаперіне салды.

Амандық Ғаббасұлы бұл жобаның туризм саласын өркендетуге айрықша әсер ететінін әңгімелей келе аталған ұсыныстарды назарға алды. Соңында сала мамандарымен пікір алмасып, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік, жер, жол, туризм және спорт сияқты салаларға жауапты лауазымды тұлғаларға тапсырма берді. Осылайша жоғарыда қаралған мәселелер бүге-шігесіне дейін сараланып, қажетті шаралардың қолға алынатыны, мүмкіндігінше қол ұшы берілетіні тұжырымдалды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚОРҒАСТА БАС ҚОСТЫ

Алматы қаласы мен облыс аумағында Қорғас – қаржы-экономикалық Еуразия форумы өтті. Аталған форум Алматыда бастау алды. Десе де, негізгі үш күндік жұмысы елдің оңтүстік-шығыс шебіндегі Қорғас өңірінде жалғасты.



Қос құрлықтан келген қаржыгерлер «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асқан халықаралық ірі жобалармен танысып, «Құрғақ порттың» жүк өткізу әлеуетіне қызықты. «Алтынкөлдей» халықаралық бекеттің, Нұркенттей темір-жолшылар қалашығының сән-салтанатына тамсанды. Осындай жаңалықтарға қанық болған қаржыгерлер «Қорғас» шегара маңы халықаралықынтымақтастығы орталығының ҚХР тарабындағы сәулетгерлік сәні ерекше «Достық» үйінде негізгі жұмысын бастады. Қаржыгерлердің алғашқы отырысын ҚР Банктер қауымдастығының президенті Бақытбек Байсейітов ашып, форум жұмысының негізгі мақсаттарын түсіндірді. Ол:

– *Бұл форумның Қорғаста өткізілудегі мақсаты – көптеген Еуразия елдерінің экономикасына қан жүгіртіп, күретамырға айналған Ұлы Жібек жолының жаңаша жаңғырғанын, оның күн өткен сайын халықаралық байланыста әлеуетінің арта беретінін қаржыгерлерге сезіндіру,* – деді.

Ары қарай сөзін жалғаған Б. Рымбекұлы:

– *Тарихи Жібек жолының бойында заманауи өткелдің пайда болуы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» теміржолы мен автодаңғылының қуатын бағамдады. Оның бұдан әрі дами беруіне халықаралық банктер қауымдастығы қолдау көрсетуі керек. Қазақстан, Ресей, Қытай және тағы басқа елдерде құрылған инвестициялық қорлар осы Қорғас жобасының жүзеге асуына дем беруі тиіс. Өкінішке қарай, бұл бағыттағы жұмыстар әлі жүйелене қойған жоқ,* – деп қорытындылады.

Алғашқы пленарлық отырыста ҚХР экономикалық даму аймағы басқармасының төрағасы Сию Синьмин, Алматы облысы әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, Ресей Өнеркәсіп және кәсіпкерлер одағының атқарушы вице-президенті Александр Мурышев,ТМД қаржы-банк үйлестіру кеңесінің төрағасы Анатолий Казаков, Өзбекстан жеке банк төрағасы Икрам Ибрагимов, Рига сауда-өнеркәсіп палатасы басқармасының төрағасы Сергей Федоров сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтады және форумның мақсатына байланысты өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, форумға қатысқан бірнеше мемлекет қаржыгерлері мен кәсіпкерлері жеке пікір алмасу жиындарын өткізді. Форум жұмысының қорытындысында басқосуға қатысқан банк өкілдері өзара меморандумға қол қойды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – 125

АҚЫН АТЫНДА ЭТНОАУЫЛ АШЫЛДЫ

Ақсу ауылында Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдығына орай ақын атындағы этноауыл бой көтерді. Игілікті шараны ауыл тұрғындары мен Ілияс Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырды. Шараға кәсіпкер азаматтар да қолдау көрсетті.

Қажет АНДАС

Шара аталған музейде басталды. Жиналған көпшілік алдымен Ілияс ақынның көзі тірісінде қолданған құнды жәдігерлерін тамашалады.

– Қазір музейде мыңнан астам жәдігер бар. Оның елуден астамы құнды мұралар. Сол қатарда Ілияс атамыздың жолсапарларда тастамай алып жүрген чемоданы, ақын Қуат Терібаев сыйлаған домбыра, 1936 жылы Орал баспасында шыққан «Қолжазба» атты кітабы және Фатима Ғабитованың көзі тірісінде қолданған бұйымдары осы музейде сақтаулы. Қазір мұнда 6 адам жұмыс істейді. 2009 – 2011 жылдары музейге күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, экспозициясы жаңартылды. Өткен жылы музейге 2 мыңға жуық адам келсе, биылғы келушілердің қатары одан да көп болады деп ойлаймыз, – дейді музей директоры Ардақ Құмарова.

Осы ретте музей орналасқан ғимараттың тарихи жәдігер болып саналатынын айта кеткен жөн. Өткен ғасырдың басында Маман Тұрысбектің ұрпақтары салдырған Қарағаш мектебі өртенгенде жанбай қалған бөренелерді Ақсу ауылының адамдары жинастырып, музей тұрған бес бөлмелі ғимаратты тұрғызыпты. Алдымен мектеп, сосын басқа да мақсаттарға пайдаланылған нысан 1991 жылдан бастап Ілияс Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінің еншісінде.

Музейде өткен ашылу салтанатында Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов, Ақсу ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбайұлы, өлкетанушы Жемісбек Толымбеков, ақынның ұрпағы Орал Шүкетова, тағы да басқа қонақтар сөз сөйлеп, игілікті шараның ілгері басуына сәттілік тіледі.

Осыдан кейін көпшілік «Ағынды менің Ақсуым» деп Ілияс жырға қосқан Ақсу өзенінің бойында орын тепкен этноауылға жол тартты. Бұл маңға қатар-қатар ақ шаңқан үй тігіліпті. Үйлердің айналасында алтыбақан теуіп, мәре-сәре болған жастар, өреге құртын жайып, жүнін түтіп, тайқазанға етін асып, қонақжайлығын көрсетіп жүрген ақ жаулықты аналар мен ибалы келіндер шараның сән-салтанатын асыра түсті.

Көпшілік этноауылға жақындағанда ауыл ақсақалдары алдынан шығып, өнерпаздар жырдан шашу шашып, құрметпен қарсы алды. Олар жас спортшылардың өнерін тамашалап, ауыл жастары ұйымдастырған көкпар тарту ойынын көріп, ақ шаңқан үйге жайылған дастарқаннан дәм татты.

Этноауылдың дастарқаны жыл бойы жайылып тұрады. Түрлі ұлттық ойын да күн сайын жаңаланып, келушілерді жалықтырмайтын шаралар қолға алынбақ.

Ақсу ауданы

БАСПАСӨЗ – 2019

«Жетісу» газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу жүріп жатыр

Міне, жаныңызға жақын «Жетісу» газетінің жүз бір жылдық белесінде шығарылған кезекті саны алдыңызда жатыр. Газет тілшілері дайындаған дәйекті дүниелерді асыға күтсеңіз, ел ішіндегі елеулі оқиғаларды ең бірінші болып оқығыңыз келсе, қоғамның сан тарау тақырыбын қаузайтын мазмұнды мақалалар қызықтырса, ойланбастан «Жетісуға» жазылыңыз. Журналистиканың жүз жылдық жақұтымен бірге тыныстаңыз, өрелі оқырман!

Жалпы жазылу:

Жазушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	4500,72	4810,32
Зейнеткерлер үшін	35469	2876,40	3186,00
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	3011,04	3320,64
Жалпы жеке жазылу	45469	3147,84	3457,44

Редакцияға келіп балама жазылу:

Жазылушылар	6 айға
Заңды тұлғалар үшін	3600
Зейнеткерлер үшін	2000
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2100
Жалпы жеке жазылу	2300

Электронды форматтағы жазылу:

Жазылушылар	6 айға
Заңды тұлғалар үшін	3300
Зейнеткерлер үшін	1650
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1750
Жалпы жеке жазылу	1850



Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

3
20.07.2019

ЭКСПЕДИЦИЯ



ІЛИЯСТЫҢ КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН ЖЕР

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларындағы тапсырмаларды орындау мақсатында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы «Ұлттық бірліктің негізі Қазақстанның киелі жерлері» атты экспедиция ұйымдастырып, Ақсу, Сарқан аудандарындағы бірқатар тарихи орын мен Ілияс Жансүгіровтің өміріне қатысты елді мекендерді аралап шықты. Нәтижесінде ел жадындағы көне нысандар жайлы ақпарат жинақталып, оны тарихи орындар санатына қосуға жол ашылды.

Қажет АНДАС

Экспедиция алғашқы қадамын Ақсу ауданының Қарашілік ауылдық округінің аумағында жатқан «Қос батыр» кесенесінен бастады. Қазақ-жоңғар соғысынан сыр шертетін кесене туған жерге деген терең сүйіспеншіліктің белгісіндей бүгінге дейін қалпын бұзбай сақталып келді. Мұнда қазақ даласын шапқыншылықтан қорғау үшін атқа қонып, Абылай хан мен Қаракерей Қабанбайдың қатарынан табылған атақты Шонай батырдың екі ұлы Назар мен Нартайлақ жерленген. Аңырақай шайқасында ерен ерлік танытып, құрбан болған қос ұлының денесін бірнеше күн сақтап, туған жеріне әкеліп жерлеген Шонай батырдың көрегендігіне тәнті болдық. Ұрпағынан қапыда айырылып, жүрегін кек кернеген Шонай батыр жоңғар қолын қазақ даласынан қуып шыққанша аттан түспей, сан жорыққа қатысты. Қос батыр қайтыс болғалы да үш жүз жылдан астам уақыт өтті. Айта берсек, талай ерлік істер ұмытылып, сансыз батырдың қабірі Кеңес одағының тұсында бүліншілікке ұшыраса да қос батыр жерленген жер сақталып қалды. Мұны қасиеттіліктің белгісі, бауырмалдықтың үлгісі демегенде не дейміз?!

Тәуелсіздіктен кейін ақын Жамау Бұқарбаев қос батырдың жатқан жерін анықтап, оларға арнап көлемді еңбек жазып, кесенесін тұрғызып азаматтық танытты. Өкінішке қарай, бұл нысан әлі де мемлекет тарапынан қорғалатын нысандар тізіміне енбей келеді. Экспедиция мүшелері алдымен кесене басына Құран оқып, перзенттік борышын өтеді. Сосын ауыл тұрғындары жайған ақ дастарқан басында алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жайы сөз болды. Өз кезегінде топ жетекшісі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай: «Қос батыр кесенесін мемлекет тарапынан қорғалатын қасиетті нысандар тізіміне енгізіп, тірлігінде жұбы жазылмай, қайтыс болғаннан кейін де бір төбеде жатқан бауырмалдығын жұртқа жеткізу керек», – деген ойын білдірді. Айта кетерлігі, кесене күрежолдан сәл қиыс жатқандықтан оған баратын жолдың жағдайы сын көтермейді. Бұл жергілікті биліктің назарына ілінсе, құба-құп болар еді.

Келесі кезекте Жансүгіров кентінің орталық алаңындағы «Батырлар» аллеясына орнатылған Социалистік Еңбек Ері Құрманбай Жанбаевтың бюстіне тоқтадық. Мұның да өзіндік мәні бар еді. Ілияс Жансүгіров түрлі қызметтің тізгінін ұстап жүрген кезінде уақыт тауып, ауылына соққанда Жанбай ақсақалдың отбасына жолықпай кетпейді екен. Бала жасынан Ілиястың ағалық, азаматтық тұлғасын көріп өскен Құрманбай еңбегімен дараланып, үлкен биіктерге жеткені мәлім. Сондықтан, бұл бюсттің Ілияс өмірінде алар орны ерекше болғандықтан экспедиция мүшелері арнайы ат басын бұрды. Келесі кездесу Қарағаштағы «Мамания жәдит мектебінің» көне жұртында болды. Қазақ даласына, Жетісу өңіріне алғашқы білім нәрін сепкен осы мекеннің Ілиястың тұлғалық болмысына да тигізген әсері аз болған жоқ. Көпшілік ежелгі білім ордасының көне жұртына аялдап, ол туралы тарихи әңгімелерге қанықты. Осы тұста өлкетанушы Жемісбек Толымбеков мектептің орнын көрсетіп, ондағы сәулетті құрылыстарды сипаттап берді. Білім ордасында оқытылған пәндер, ұстаздар, Маман ұрпақтарының қазақ мәдениетіне қосқан үлесін тілге тиек етті.

Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына орай облыс, аудан әкімдіктерінің қолдауымен үлкен жұмыстар атқарылуда. Қазір Ақсу ауданының орталығы Жансүгіров кентінің орталық саябағын және ақын тойы өтетін Ойтоған ауылын абаттандыру жұмысы қызу жүріп жатыр. Аудан орталығына ақынның сәулетті ескерткішін қою, Ойтоған ауылының кіреберісіне бюстін орнату жоспарланған. Сол қатарда ақынның 100 жылдық мерейтойына орай Ойтоған ауылына баратын жол бойындағы Бұрған өзенінің жағалауына орнатылған биік гранит тасқа ақын мүсіні ойылып, арнау өлең жазылған ескерткішті абаттандыру жұмысы да бар. Бұл ескерткіш басында Жаңалықтың өкпе тұсына қойылыпты. Кейін ол жер ары-бері өтетін жолдан алыстау болғандықтан ел қалауы бойынша бүгінгі Ойтоған ауылына кіреберіс жолдың бұрылысына көшіріліпті. Осы нысанға аялдаған көпшілік аудан әкімінің орынбасары Амандос Сабырбаевтың ескерткішті абаттандыруға қатысты жоспарын тыңдап, Ілиястың кіндік қаны тамған жерге қарай бет алды.

Біз осыған дейін Ілияс Жансүгіровтің кіндік қаны тамған жерін бірде Ойтоған, енді бірде Кіндікқоңыр, тіпті, Жаңалық ұжымшары деп жазып келдік. Бұл экспедицияның бір олжасы – ақынның кіндік қаны тамған жерді нақтылап берді. Алдағы уақытта бұл жерге белгі орнатылмақшы.

Осындай бірқатар толғақты сұрақтарға жауап тапқан экспедиция үлкен табыспен оралды.

Ақсу, Сарқан аудандары

ТАРИХ-ТАНЫМ

Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз – тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайық тұлғалар.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.



«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаланың аясында біз туған жеріміздің тұмса табиғатын да, жұмбақ сырларын да, жанкешті батырларын да, сол батырларға жанасерік болған тұлпарларды да үздіксіз сөз етіп келеміз. Бүгін аты әлемді тітіренткен Шыңғыс хан жайлы аз-кем ой қозғадық.

Шыңғыс ханның өз еліне оралуы

Халқымыздың тарихына байланысты жағдай жаңаша қалыптасып келеді. Елге танымал азаматтардың: «Шыңғыс ханға тиіспейік, оған моңғолдар иелік етіп отыр ғой», – дейтін басалқы сөздері мән-маңызын жоғалта бастады. Көзі қарақты ғалымдар мен жазушылар Шыңғыстың шыққан тегіне байланысты ғасырлар бойы елдің санасына құйылған деректердің негізсіздігін, оның бізге бөтен емес екенін дәйектей бастады. Мен де өзімді сол шоғырдың қатарына жатқызамын. «Тайпаның тағдыр талайы», «Ұлтшыл болсақ, қанеки», «Деректерді құбылту кімге керек?» атты орталық газеттерде жарияланған мақалаларымда скептиктердің көзқарасымен келіспейтінімді, Шыңғыс ханның қазақ екенін, оның «Алаша хан» кесенесінде жерленуі мүмкін екендігі туралы болжамымды жариялядым. Бұл болжамның тиянақтылығына былтыр жазда бір топ жерлестеріммен бірге «Алаша хан», «Жошы хан» кесенелеріне зиярат ету барысында тағы да көз жеткіздім. «Сан ғасырлар бойы мұрты бұзылмай сақталған бұл ғимараттар әкелі-балалы хандарға тән», – деген пікірімді «Ұлытау өңірі» газетінде жарияланған мақалам арқылы жергілікті жұрттың назарына ұсындым.

Бұндай қорытынды жасау үшін қандай деректерге сүйендім. Соны тарқатып айтып берейін. Шыңғыс ханның өз өмірінің ақырына таман, ширек ғасырға созылған әскери жорықтары нәтижесінде бағынған ұлыстарды төрт ұлына еншілеп беріп, Ұлытауға келуі Әбілғазы шежіресінің «Шыңғыс ханның өз еліне оралуы» деген тарауында хатталыпты. Бұқарадан шығып, Самарқанд арқылы Ұлытауға бағыт ала тұрып, «Сүйікті балам, мен келе жатырмын», – деп, Жошыға хабар береді. Бұл сөздерде қағанның тұңғыш ұлына деген ыстық ықыласы сезіледі. Осы жерде Жошының тегі туралы өріп жүрген лақаптар алдымыздан көлденеңдейді. Ол Шыңғыс пен Бөрте қосылған алғашқы жылдардағы дүрбелеңге байланысты шыққан қаңқу сөздер. Рашид ад-дин былай деп түсіндіреді: «Шыңғыс хан меркіт руымен соғысып жатып, олар үстем келген кезінде Бөрте Жошыға жүкті еді. Меркіт руы оны тұтқындап алып кетті. Ол заманда меркіт пен Оң ханның арасында бітімгершілік қарым-қатынастар болғандықтан, олар Бөртені Оң ханға беріп жіберді. Оң хан оны аялап, құрметтеп ұстады. Оң хан Шыңғысты «балам», – деп айтатын.

Шыңғыс хан Оң ханға жалайыр Сартақ нояннның әкесі Спаны жіберіп, әйелін сұратады. Оң хан Бөртені Спаға тапсырып, олар жолда келе жатқанда Бөрте босанады. Жолда туғандықтан нәрестеге Жошы (Жолшы) деген ат беріледі». Рашид ад-диннің бұл дерегіне күмәнмен қарауға негіз жоқ. Олай дейтініміз, шежіреші бұл шығармасын Иран елінде отырып жазған. Ол – Шағатайдың, Хұлағудың қарамағындағы ел, Жошы әулетіне тәуелді емес. Ар-ұяты бар адам ретінде шындықты бұрмаламай жазып қалдырған.

Шыңғыс ханның Ұлытауға келуі Жошы хан үшін кездейсоқтық емес, әке мен бала арасындағы келісілген шара екенін оның тартуларынан байқаймыз. Шежіреші былай дейді: «Жошы жүз мың ат тарту етті, оның жиырма мыңы-көк, жиырма мыңы – торы, жиырма мыңы – қара, жиырма мыңы – шұбар, жиырма мыңы – боз болатын». Бұл тарту Шыңғыс ханның алдынан Ұлытауда өткізілсе керек деп түйдік. Шыңғыс хан да өз кезегінде Жошыға сыйсияпат жасапты. Бұл шараға әулеттің түгел қатынасқанын «Жошы хан інілерін бауырына тартып, ағалық сезімін білдірді», – деген шежіре дерегі айқындап тұр.

Шыңғыс ханның ұлдары мен әулетіне айтқан өсиеттері де осы тараудан орын алған. Өсиеттерінің ішіндегі «…балалары – әкесіне, інілері ағасына бағынуды қатаң ережеге айналдырды» деген қағиданың астын сызамыз. Бұл жерде әулет ішіндегі қарым-қатынас аясында Шыңғыс ханнан кейін Жошы тұрғаны анық. Демек, ол – мұрагер ханзада.

Батысқа қарай жорыққа дайындық жүріп жатқан шақта күтпеген жағдай болады. Саятшылық кезінде Жошы мерт болады. Ол оқиғаның мән-жайы қазақ арасында кеңінен мәлім. Жошының әскери қолбасшыларының бірі, үзеңгілес жолдасы Кет Бұға өз көзімен көрген оқиғаны қағанның алдында «Ақсақ құлан – Жошы хан» тарихи күйі әуенімен жеткізеді. Шежіреде күй туралы әңгіме жоқ. Тек қысқа ғана былай делінеді: «Жошы хан мажар, башқұрт, орыс, кәрел және неміс жұрттарына аттанбақ болып, жеті жылдық сапар жорығының қамын жеп жатқанда ауырып, қайтыс болды. Шыңғыс хан немересі Бату ханға «әкең қай жерге барамын деп дайындалса, сен сол жерге бас салып барасың», – деп хүкім қылды. Сайын хан әскерін жиыстырып жүргенде Шыңғыс хан өлді»

Шыңғыс ханның Жошы өлімінен кейін көп ұзамай, жылға жетпей, 1227 жылы 65 жасында қайтыс болғаны мәлім. Шежіреде былай делінеді: « Үш ай бойы жанжақтан халық келіп, аза тұтып, ханзадалардың қайғысына ортақтасты. Аза тұту аяқталған соң, әркім өз жұртына кетті. Мемлекеттің жаңа құрылысы жайлы ешкім ештеңе ойлаған жоқ».

Шыңғыс ханның үкімімен Бату Жошы ұлысының ханы болып тағайындалды. Ұлыс атауы «Алтын Орда» атын алды. «Алтын Орда» деген не? Рашид ад-диннің жазуынша, ол – уықтары алтыннан жасалған, айнала мата тұтылған, ішіне мың адам сиятын үлкен үй. Бату билеген хандықтың «Алтын Орда» атануы осы хан шатырына байланысты дүниеге келгені анық. Бұл атау Шыңғыс ханның өмірінің ақыры Ұлытауда өткенінен дерек береді. Шыңғыстың өзге ұлдары билеген ұлыстардың бұл атауға қатысы жоқ.

Тарихшы В.Л.Егоров «Алтын Орданың мемлекеттік және әкімшілік құрылымы» деген еңбегінде Жошы әулеті мемлекеттігін білдіретін бұл атаудың әуелде Шыңғыс хан ордасының атауынан пайда болғанын, кейін келе саяси терминге айналғанын жазады. Орыс жылнамаларында «Великая Орда Золотая», «Золотая Орда» атаулары Бату билеген ұлысты білдіреді. Оның түп негізі Шыңғыс ханның немересіне қалдырған ордасынан келіп шыққаны белгілі болып отыр.

Бұл атырапқа 1245 жылы келген тарихшы Плано Карпини былай деп жазады: «… там на одной прекрасной равнине, возле некоего ручья между горами, был шатер, называемый у них «Золотой Ордой». Бұнда Сарыарқа даласы да, Ұлытау да, Қаракеңгір өзені де көрініс тапқан. Жиһанкез тарихшының айтуынша, бұл үйге, яғни хан шатырына қағанның әйелдерінің бірі иелік етіп отырған. Өйткені Бату хан бұл кезде Еділ бойында Сарай Бату қаласын салдырып, сонда қоныс аударған. Иелік етіп отырған Шыңғыстың Бөртеден кейінгі екінші әйелі – Құлан ханым. Құлан осында қайтыс болып, Ұлытауда жерленді. Оған арналған кесене Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендерінің түйіскен жерінде, Жошының қызы Болған ана бейітінің тап іргесінде тұр. Бұл – Шыңғыс ханның Ұлытауда о дүниелік болғанын айғақтайтын нақты деректердің бірі.

Алтын Ордасы Ұлытауда тұрғанда Шыңғыс хан басқа жаққа барып өлмейді де, жасырын көмілмейді де. «Оның қасасын үш ай бойы азалады», – деп шежіреде ашық жазылып тұр емес пе? Ендеше оның тәні Ұлытауда. Жошы ханға кесене салдырған Бату атасына кесене салдырмады дегенге кім сенеді. Алаша хан кесенесі деген тамаша кесене Шыңғыс ханға арналғаны анық. Кесенеде үш бейіт қатар жатыр. Ортадағы ұзын бейіт Шыңғыс ханға, одан кейінгі Бөртеге, кіші бейіт Шыңғыс ханның немересіне тән деп ойладық. Шыңғыс ханның сүйікті немерелерінің бірі жорықта қаза болғаны шежірелерде айтылады. Екінші әйелі Құланнан басқа әйелдеріне енші берілгені тарихтан мәлім.

Жиһанкез П.Карпини аталмыш кесенелерді көрген соң «Бұл халықтың өткен атабабаларына құрметі таңғалдырады», – деп жазыпты.

Қазақ тарихынан хабардар адам ретінде айтарым, Қазақ хандығы құрылғанға дейін де, одан кейін де Алаша хан кесенесіне жатқызылатын Шыңғыстан өзге ханның ретін таба алмадық.

Оңғар НАҚЫПҰЛЫ

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы

(«Қазақ әдебиеті», 12 шілде, 2019 жыл).

ТҰСАУКЕСЕР

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚАРЫМЫ

Уақыт дүкенінде сатылатын ең асыл дүние – кітап. Бұл пәлсапаны тарих тақтасына бедерлеп, ғұлама ғасырлар мөрін қойған-ды. Жер ғаламшары жаралғалы адамзат өмірден мағына іздеумен айналысты. Оның бірін өлең түрінде өрді, бірін проза кейпінде кестеледі. Қалам ұшымен дәуір құпиясын ашуға тырысты. Замана құбылысын зерттеді, зерделеді. Содан жазудың жаңа тәсілін ойлап тапты. Рухы байыды, мәдениеті кемелденді. Ал соның бастауында әдебиет тұрды. Қағаздың иісі руханияттың әтіріне айналды.

Мұхтар КҮМІСБЕК

Көмейімізге бұқтырып келген ойлардың төгіле кеткені. Шағын шарадан осыншама әсер алған біз ғана емес, сол жиынға қатысқан әрбір оқырман осындай пікірде қалғаны шындық. Жетісу төрінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 томдық Жетісу кітапханасы» жобасымен жарық көрген 41 жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Ауа температурасының 41 градусты көрсеткеніне қарамастан, "дөңгелек үстелді" айнала отырған қатысушылардың қарасы қалың болды. Бәрі де баспадан шыққан судай жаңа автордың туындысымен танысуға асық. Жиынды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Марлен Көлбаев жүргізді. Сонымен қатар, Жетісу әдебиетінің алтын сарайы С. Сейфуллин атындағы әмбебап кітапханасының ұжымы да атсалысып, авторлардың еңбегін насихаттауды қолға алғандарын мақтанышпен жеткізді.

Тұсаукесерге аймақтағы еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өз үлесін қосып келе жатқан зиялы қауым өкілдері мен ақын-жазушылар, басқа да танымал адамдар қатысты. Жиналған қалам иелері алдында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев:

«Бүгінгі оқырманға жол тартып отырған жаңа басылымдардың барлығы облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен жарық көрді. Соның тең жарымы ертеңінен үлкен үміт күттіріп отырған жастардікі. Олардың арасында аймағымыздың мақтанышына айналған өткір ой, шұрайлы тілімен бүкіл елімізге танымал бола бастаған небір үздіктер бар. Сондықтан жалпы қаламгерлердің қаламына қарым, өздеріне ерекше дарын тілейміз», – дей келе жиынға жиналған қаламгерлермен бірлесіп, кітаптардың лентасын киды.

Осыдан соң Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бақыт Беделхан жалпы кітап авторларын көңіл қуанышымен құттықтап, ұлтымыздың әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан өнір басшысына айрықша алғысын білдірді. Әрі алдыда әлі талай бірлесе жұмыс атқаратындарын айтты.

Биылғы «100 томдық Жетісу кітапханасы» жобасының бір ерекшелігі 20 жас қаламгер жинағының жарық көруі және оның ішінде 18 автордың тұңғыш кітабының оқырманға жол тартуы болды. Бұл Жастар жылына орай Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесе жұмыс істеген облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасы. Осы қуанышқа ие болған «Дарын» жастар сыйлығының иегері, әдебиет сыншысы Елдос Тоқтарбай да бар. Ол өз кезегінде сөз алып, облыс басшысына алғысын жаудырды.

– Жетісудың әдебиет, өнер айдынындағы көші ешқашан тоқтаған емес. Ешқандай облыс бұған дейін жастардың кітабын шығарған жоқ. Сондықтан біз Жетісудың перзенті екенімізді мақтан тұтуымыз керек. Туған жеріңнің қолдауымен шыққан кез келген дүние ыстық. Осы үстел басында отырған жиырма жастың алды республикаға танымал, үлкен ақын-жазушылардан бата алған, болашағынан зор үміт күтетін қаламгерлер. Сондықтан осындай жас буынға үлкен серпін беріп, шығармашылығының одан әрі дамуына үлес қосқан облыс басшысы Амандық Баталовқа жастардың атынан ризашылығымды білдіремін. Жасай берсін, Жетісу, – деді ол көңіл көбелегін самғатып.

Одан кейін жиырма жас ақынды іріктеп алып, қанат қағуына жол ашқан Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының директоры, ақын Ерлан Жүніс басшылыққа құрмет білдіріп, атқарылып жатқан игі шараларды тілге тиек етті.

– Жыл сайын облыс әкімінің қолдауымен аймағымыздағы ақын-жазушылардың көптеген кітаптары жарық көреді. Мәселен, өткен жылы 37 кітап жарық көрсе, биылғы жылдың алғашқы жартысында, мінекей, 41 кітап баспадан шықты. Осы кітаптар жастардың алғашқы шығармашылық өміріндегі алтын қазығы, тіпті, Жетісудың, қазақ әдебиетінің өміріндегі үлкен бір тарихи сәттердің бірі болды деп санаймын, – деді Ерлан Төспайұлы.

Иә, өмірдегі алғашқы баспалдақтардың әрбірі жүрек төрінде құйма алтындай таспаланып қалатыны даусыз. Бүгінгі кештегі жастардың жалыны күннің сәулесінен де ыстық болды. Аға толқынның ізін өкшелеп келе жатқан жас буынның жүзі қылыштай өткір, жасындай жарқын. Оған сол кеште көзіміз анық жетті. Өлең оқып, таңдайына салықалы сөз бүрлеген жас ақын-жазушылардың әдебиеттегі сапары оң болуын тіледік. Шара соңында естелік суретке түсерде бір-біріне еміреніп тұрған олардың жанарынан үлкен бір ізгіліктің ұшқынын аңғардық.

№88-89 (18797) 15 тамыз, 2020 жыл
Jetisy
7



БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БАБАШЕВ

Ақ сәлде киген қариядай қасқайып тұрған шыңдардың ұшар басына жанар қадап, сан ғасырдың дауылы мен жауынын өткерсе де болмысы мүжілмеген мығым тауларға сүйсінген баяғының адамдары: «Табалдырығымнан тау шығар», – деп Жасағанына ақ тілек ұшырады екен. Осынау аталы сөздің астарына зер салсақ, ұрпағымды ұлт саялар ұлық ет деген ақ ниет жатқанын аңдаймыз. Таудай тұлғалы, тұғырлы перзенттер сол сүйегіне қына түскен бабаларымыздың аңсар тілегінің жемісі ретінде қазақ сахарасында көптеп төбе көрсетті. Тұлға ретінде тұғырлы тұрпатпен тарихта қалды. Есімі ел жадында сақталды. Өрлігі мен ерлігі, өсиеті мен өнегесі кемел келешектің темірқазық жұлдызындай әр ұрпақтың соқпағына сәуле шашып тұр. Міне, сондай тұлғалы жандардың сапында соғыс және еңбек ардагері, Отан соғысы орденінің иегері, Ескелді, Көксу аудандарының Құрметті азаматы Қаймолда БАБАШЕВТЫҢ бары даусыз.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Ағымдағы жылдың сарша тамызында, яғни, тамыз айының 20-жұлдызында Қаймолда Бабашевтың туғанына 100 жыл толады. Ұлт намысын майданда қорғап, берекесін еңбек даласында шалқытуға күш салған, саналы ғұмырында мемлекеттік қызметте болып, маңдай терін шүмектеткен қазақтың біртуар перзентінің өнегелі өмір соқпағын жаңғыртып, өрлігін еске алып, ерлігін ұрпаққа үлгі ету мақсатында Жетісу жеріне белгілі зиялы азаматтар Наурыз Қылышбаев, Қараша Қараман, Қалабек Тастанбаевты редакциямызға арнайы шақырған едік. «Жетісудың қонақжай шаңырағы» айдары бойынша аталған жұрт жақсылары жүрек сөзін өрнектеп, бабаның тұғырлы тұрпаты, асқақ болмысы өміршең өнегесі тұрғысында көңіл күмбезінде сақталған естеліктерін тарқатты.

Халық деген қасиетті көптің ортасында өмірге келіп, елдің маңдайға басқан тұлғаларының жұртым деп тіршілік кешетіні заңдылық екенін жеткізіп, сонау бір еңбек жолын Қаратал ауданынан бастаған шағынан күні кешеге дейін Қаймолда Бабашевтың өнегелі өміріне куә болғанын белгілі журналист Қараша Қараман әңгімесінің әлқиссасында атап өтті.

– «Халық үшін еңбек еттім дегенше, тарих үшін өрнек төктім десеңші». Осы бір дана жұрттың нақылына дәлел болар тұлға деп Қаймолда Бабашевты айтар едім. Талаптың тұлпарына мініп, жас маман ретінде қасиетті Қаратал ауданына келгенде лауазымды қызметтегі ағаларға қарап бой түзедік. Сөзі дуалы, ісі берекетті жайсаңдардың сапында маңдайы жарқырап Қаймолда аға жүретін. Журналист ретінде газет науқанымен, басылымның кезек күттірмес мыңдаған шаруасымен, іскерлік жұмыс барысымен жүргенде де атпал азаматпен жиі ұшырасатынбыз. Парасаты мен пайымы, сәні мен сымбаты келіскен аға ол шақта аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметінде еді, – деп Қ. Қараман әдепкі таныстықтың тінін ақтарды.

Келесі кезекте кейіпкеріміздің рухани болмысы, іскерлік қабілеті сынды қасиеттеріне тоқталды.

– Соғыстан кейінгі кезең бейбіт болып көрінгенімен, нағыз мылтықсыз майданның, еңбек даласындағы жанталасқа толы науқанның заманы еді. Сонда Қаратал ауданының көшін бастаған аға өзіне жоғарыдан түскен бұйрықты бұлжытпай орындап, тапсырманы тап-түйнақтай тындырып, мемлекет тапсырысын екі есе көрсеткішке жеткізіп отыратын. Ұйымдастырушылық пен іскерлік қабілеті ерекше еді. Жиындарда аталы сөзіне қанықтық. Тұрпатына тәнті болып, іс-қимылына қызықтық. Ол тұс еңбек заманы болған соң, өзіне артылған жауапкершілікті жоғары дәрежеде орындаған, ауданның экономикасы былай тұрсын, ел еңсесінің көтеріліп, жалпы халықтың тұрмысының жақсаруына үлес қосқан «еңбекторы» азаматтың бірі екенін де өз қажырқайратымен көпке мойындатты. Қаратал ауданы мемлекетке тапсыратын қант қызылшасы, ет, жүн, сүт сынды көптеген тапсырысын аға артығымен орындайтын. Мұны ұйымдастырудың өзі үлкен шаруа екенін, жүздеген техника мен мыңдаған адам күші қажеттігін, олардың үздігін анықтап, сыйақы тағайындау сынды, әрбір жұмысшының тұрмыстық жағдайынан бастап тұлға болып өсуіне дейінгі дүниенің, жалпы жауапкершілігі жоғары шаруаны көнекөз адамдар жақсы білетін. Міне, осындай шаш етектен келген шаруаның бәрін Қаймолда Бабашев абыроймен атқарды.

Жел тербеген сабақты өскіннің бір түйір дәні алқапта қалмаған сол кезеңдегі қым-қуыт тірлік, қызыл қырман қарбаласқа толы жұмыстың шебер үйлестірушісі Қаймолда Бабашев қаталдау адам болған көрінеді. Темірдей тәртіп пен талапшыл мінезін аңдаған аудан жұртшылығы «Қараталдың Жуковы» деп те атапты. Жақсының жақсылығын, абзал қасиеттерін жіпке тізген журналист осынау естелігінде сол сом дүниелерді айшықтап өтті.

– Өз басым 100 жылдығын атап өткелі отырған Қаймолда Бабашев ағаның бауыры болып келемін. Бүгінгі Ескелді өңірі Талдықорған ауданы болып тұрған жылдары ағамыз көп жыл атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Дегенмен, еңбек жолы шежіредей атпал азамат жайлы елдің аузындағы аңызға қанықпын. Өткен ғасырдың басында дүниеге келіп, ауыртпашылықтың бәрін басынан өткізген, Ұлы Отан соғысына қатысып, қан майданнан аман-есен елге оралып, халық шаруашылығының қалпына келуіне аянбай тер төккен, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары білгір басшы болғанынан құлағдармыз. Ағамыз жайлы жазылған қаламгерлердің еңбегін де зейінмен оқыдық. Қаймолда ағаның мен білетін бір ерекшелігі, ол – жастарға деген қамқорлығы. Жастардың білім алуына, ғылым жолына түсуіне Қаймолда Бабашев ерекше пейіл танытқан тұлға. Ауданымыздағы Жетісу ауылынан академик Еділ Ерғожин, Немеребай Нұрахметов сынды 32 ғылым докторы, ғалымдар шыққан. Бұл бір ауданның емес, бір ауылдың жетістігі! Мақтана айтарлық дүние емес пе? Сол 32 азаматтың ғылым шыңына шығуына аға қамқорлық танытып, жағдайларын жасап, жетістіктеріне шын қуанып жүретін. Кейін де Бақтыбай ауылында ақсақалдар төрағасы болып, бас көтерер, сөзге тоқтау айтар абыз ақсақал ретінде халқына қызмет еткен Қаймолда Бабашев елдің берекесі мен бірлігінің артуына қазына кеуделі қария ретінде жол нұсқады. Кеңес дәуірінде қанша жерден атеистік көзқараста тәрбие көрсе де, дін жолына түсіп, мешіт имамының елге не айтып, қандай мазмұнда уағыз насихаттап жүргеніне дейін қадағалап жүрді. Ел іші болған соң келіспей қалатын жағдайлар орын алып тұрады емес пе? Соның бәріне тоқтау айтып, аталық жол көрсетіп отырушы еді, – деп өткен жылы 99 жасында бақиға бет түзеген Қаймолда Бабашаевтың бабалар ұлағатын кеудесіне тоқыған, ел басқарып қоймай, абыз ақсақалдыққа жеткен тұлға екенін Қалабек Тастанбаев тебірене термеледі.

Өз кезегінде Алматы облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев қаралы хабар естірткен жылы Қаймолда Бабашевтың немересі Нұржан Егінбаевқа көңіл айтқанын, ендігі абыздың ағайын-туысының қазасына ортақтығын атап өтті. «Көрген жерде көңіл айт» деген қазақы үрдіспен ата басылым арқылы тұлға әулетіне ниет білдірген ол кейіпкеріміздің болмысын жып-жылы естеліктерімен айшықтай түсті.

– Қаймолда Бабашев екі ғасырдың куәсі болған тұлға. Қарапайым шаруа отбасында дүниеге келіп, заманның зіл батпан ауырлығын өткеріп, тектілігімен тұғыр сайлаған жан. Қолдан жасалған індет – ашаршылықты, қазақ зиялыларын қынадай қырған қасіретті жылдарды бастан өткерді. Қылшылдап тұрған шағында соғысқа қатысты. Ерлігі мен өрлігін, білімділігі мен тектілігін көрсетпесе, қазақ жігіті Қиыр Шығыста командирлік дәрежеге көтерілер ме еді? Жапондарды дәргейіне келтірер ме еді? Міне, осындай асқар иықты, аршын жүрісті жанның ерлігі мен өрлігін ескерген өкімет үлкен қызметке алды. Қарап отырсақ, тартымды өмір, табанды еңбек қалыптастырған Қаймолда аға заманында қиянатты да көп көрді. Соның бірі – жастарға қамқорлық жасаймын деп қызметтен босауға тура келгені, – деп Н. Қылышбаев тарихтың қатпарынан сыр ақтарды.

Заманында қазақ сахарасына әйгілі Баянауыл аулынан 24 академик шыққан екен. «Болсаң Қаныштай бол» деген даңқты жебеу сөз жұрт арасына кең тарап тұрған. Содан Қаныштай болуды мұрат еткен, онсыз да жастарға шарапаты мол, бір ауылдан 32 ғалым өрбіткен кен кеуде кісі үлкен тойдың үстінде: «Сиыршыдан шыққан қаншауың бар?» – деп сұраулы ұран тастайды. Талдықорған не Жетісу жері емес, бір рудың атын атап сұрау салғанда, Байқау Бабаев бастаған 32 жас тік тұрыпты. Осы үшін «ұлтшыл» деген айыппен қызметтен босаған екен. Бұл заманның заңғар тұлғаларға жасаған қиянатының бірі еді. Өйткені, Ескелді биді «Би ата» деп ұлықтап, ұлының соқпағына түсуді мұрат ететін жетісулықтардың баба жолын жаңғыртқанын, ұлы тұлға мен ұрпақ сабақтастығы үзілмегенін көрсету мақсатында «Сиыршыдан шыққан қаншауың бар?» деп тастаған ұран емес пе еді бұл!

Тарихтың тың беттерінде жасырынып, бүгінге жетпей тұрған осындай саф оқиғаларды естелігінде тіріліткен Наурыз Қылышбаев тағы бір дүниені айрықша атап өтті. Ол да осы сарындас, ағаға деген қиянаттың қанатын қырыққан оқиға еді.

Бірде бюро мүшелері мен штаб қызметкерлерінің алқақотан отырысы өтіпті. Арада аз уақыт өткенде қазақ ұлтына бағышталған даттау, қаралау сарынындағы сөз басталады. Сонда мінезі адуынды, «Жуков» атанған Қаймолда Бабашев намыстанғаны сонша, орнынан өре түрегеліп, езуі көпіріп тұрған Алексей Степановичті балағаттап кеп жібереді.

Жұрт сілтідей тынады. Азаматтардың дені демін ішіне тартып, алмас қылыштай жарқ еткен азаматтың ертеңгі күніне алаңдайды. Алайда ертесінде Наурыз Қылышбаевтың бөлмесіне келіп, кешегі күні артығырақ кеткенін, енді кешірім сұрау керек пе, соны кеңесіп алмаққа келгендігін айтады. Сонда ағасының намысын жанып Наурыз: «Біреудің тапсырмасымен емес, жоннан таспа тілгендей ашы мысқылға ашынғаннан тілдедіңіз! Сіздікі жөн! Күлбілтелемей кесіп айтқан, намыс оты шарпылған жерде кешірім сұрауға болмас», – деп жасы үлкен болса да жолы бір ағасына қолдау білдіріп, бюро кеңесінде де қарғып тұрып, Қаймолданың қателеспегенін жеткізіп, кіжінгендердің қиянатына қалқан болыпты.

Осынау оқиғадан Қаймолда Бабашевтың ұлтжандылығын, елінің елдігіне кір келтірмеген батылдығын аңдасақ, қазақ азаматтарының бірбіріне тар қолатта сүйеу, шыңылтыр мұзда тіреу болған асыл қасиетін аңдаймыз. Сүйсінеміз. Тебіренеміз.

«Бабашевтай болайық» деп талай жас үлгі тұтатын, Талдықорған өңірінің сол кездегі асыл азаматтары ерекше құрметтеген Қаймолда Бабашев туралы ел сыйлаған азаматтар осылай деп естелік тарқатты. Торқалы тойдың алдында айтылған бұдан өзге де жып-жылы, жұп-жұмыр оқиғалар алдағы уақытта да талай жазылары сөзсіз.

Ошақтың үш бұтындай болған Қаратал, Ескелді, Көксу ауданынан арнайы келіп, ардақты жанның ғибратты ғұмырынан сыр тартып, өмірінен өнеге алар тұсты тізбелеген зиялылардың сырлы ойынан кейін біз де зерделі оқырманға Қаймолда Бабашевтың ғұмырбаяндық-хамсасынан бірқатар дерек сөйлеттік.

Қаймолда Бабашев 1920 жылдың тамыз айында Бақтыбай аумағына қарасты Өтенай елді мекенінде өмірге келген. Жастық жылдары елдің жаппай ашаршылыққа ұшырауы, қазақ зиялыларын қынадай қыру, Отан соғысының дабылы қағылған ауыр кезеңге тұспатұс келген Қ. Бабашев майдан даласына ерте аттанғандардың бірі. 17-ші армия қатарында болған ол қарапайым жауынгерден бөлімше командирі, старшина, взвод командиріне дейін көтерілген. 288-ші атқыштар дивизиясы 815-ші полкінің рота командирі және аталмыш дивизияның 855-ші полкінің дивизион командирі ретінде жапондарды жаныштап, 11 мыңға жуық әскері мен офицерлерін тұтқынға түсірген, Харбин қаласын азат ету жорықтарына қатысқан, бірінші және екінші дәрежелі Отан соғысы ордені және 17 медальмен марапатталған ержүрек батыр бабамыз. Сондай-ақ, Талдықорған, Киров, Қаратал аудандарында партия комитетінде, аудандық атқару комитеттерінде жауапты қызмет атқарған. Ескелді, Көксу аудандарының Құрметті азаматы болды.

Отбасында да ардақты әке, асқар таудай ата болған Қаймолда Бабашевтың ұрпағы бүгінде үлкен әулетке айналған. Осынау ғибратты ғұмыры ұрпаққа үлгі, ұлтқа мұра болып сақталары ақиқат!

Жетісу жері жел мен күн, су қуатын пайдаланып, балamалы энергия көзін өркендетуге қолайлы аймақ. Өйткені, жеті өзен өрнектеген Жетісу жері су қорынан тапшылық көрмейді. Бүгінде тұтас облыс тұрғындарын осы өзендер арнасына салынған ірілі-ұсақты су электр станcылары жарық қуатымен қамтамасыз етіп келеді. Ал облыстың солтүстік шығысында жыл бойы тынбай соғатын Ебінің желін тиімді пайдаланса, жел күші арқылы энергия қайнарын молайтуға әбден болады. Ал облыс аумағына күн нұрының жазғы, қысқы түсу уақыты да солтүстік немесе батыс облыстарға қарағанда анағұрлым ұзақ. Бұл да күн нұрын пайдаланып, энергия өндіруге таптырмас мүмкіндік береді. Жалпы, аймағымыз орналасу жағдайына қарай балamалы энергия өндіруде жақсы жетістіктерімен ерекшеленуде.

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯНЫҢ ПАЙДАСЫ МОЛ



Қажет АНДАС

Көптеген экономистер мен сарап¬шылардың мәлімдеуінше, адамзаттың ендігі болашағы «жасыл экономикамен» тығыз байланысты өрілуі тиіс. Соның ішінде, әсіресе, күн мен жел, биомасса қуаттарын пайдаланып өнді¬рілетін балamалы энергияға ерекше еқпін берілуде. Мә¬се¬лен, 2017 жылы әлемде 51 ГВт күн қуатын өндіретін қон¬дырғылар орнатылса, мұның 15 ГВт-ын бір ғана Қытай өндірген.

Сарапшылардың пікі¬ріне қара¬ғанда, Қытай нақ осы жылы күн қуа¬тын игеру жағынан әлемде бірінші орынға шығып отыр. Ал 2018 жылы әлемде 76 ГВт-тық күн қондырғылары орнатылды деген дерек бар. Салыстыру үшін айта кетейік, Ресейдің жарты ғасыр бойы орнатқан атом стан¬сыларының қуаты 26 ГВт электр қуа¬тын өндіруге ғана жетеді екен. Демек күн қуатын пайдаланып, балamалы энергияны өркендету уақыт талабы.

Бұл тұрғыдан келгенде еліміздің үлесі басым болмақ. Атап айтқанда, Қазақстанда қуаттылығы 936,8 МВт. болатын жаңартылатын энергия көздерінің 83 нысанының 18-і жел, 27-сі күн, 35-і су электр стансысы және үшеуі – биоэлектр стансысы. Алдағы 2025 жылға қарай еліміздегі жаңартылатын энергия нысандары ең аз дегенде 3000 МВт. белгіленген қуаттылықпен жұмыс істейтін болады. Бұл көрсеткішке Алматы облысы да өзіндік үлес қосып келеді.

Еліміздегі «Жасыл экономиканы» дамыту бағытында «Самұрық-Қазы¬на» Ұлттық әл-ауқат қоры ауыз толтырып айтарлықтай қомақты жұмыс атқарып отыр. Олар отандық ірі компаниялар мен кәсіпорындарды іске қоса отырып, соң¬ғы жылдары менеджментті жақсар¬ту¬ға негізделген трансформация бағдарламасымен белсене шұ¬ғылданып келеді. Аталған қордың қолдауымен балamалы энергия көзін нығайту мақсатында өткен жылы «Қаскелең 220» қосалқы стансысының іске қосылғанын жұрт біледі. Аталған жобаны «Самұрық-Қазына»Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамындағы «Самұрық Энерго» АҚ-на қарасты «Алатау Жарық компаниясы» мен Алматы облысы әкімдігі бірлесе отырып жүзеге асырды. Бұған республикалық бюджеттен 4,7 млрд. теңге қаржы бөлінген. «Қаскелең 220» жобасы Алматы қаласының батысындағы өндірістік аймақтың, Жамбыл, Қарасай мен Іле аудандарының 6184 жеке тұлғасы мен 404 заңды тұлғасының сұранысын толықтай өтейтін болады.

Тұрғындар санының еселеп өсуі, Жамбыл, Қарасай мен Іле аудандарында өнеркәсіп нысандарының артуы, Алматы қаласындағы өндіріс орындарының облыс аумағына көшірілуі электр қуатына деген сұранысты арттырғаны белгілі. Бұрынғы қолданыстағы қондырғылар мен желілердің қуаты бұл сұранысты өтеуге жеткіліксіз болатын. Аталған қосалқы стансы іске қосылғалы бері сол өңірлердегі электр қуатына тапшылық мәселесі толықтай шешіліп, өндіріс пен өнеркәсіптің өрлеуіне тың серпін әкелді.

Су күшін пайданылып, энергия өндіруде де аймағымыздың үлкен табысқа жеткені анық. Бұл орайда бірнеше жыл бұрын салынып, қолданысқа берілген, аймақты ғана емес, еліміздің өзге де өңірлеріндегі маңызды нысандарды жарық энергиясымен қамтамасыз етіп жатқан Мойнақ ГЭС-ін атап кеткен жөн. Бүгінде облыста мұндай нәтижелі істің жалғасын тауып, күн энергиясын пайдалану арқылы тұрғындардың жарыққа деген қажеттілігі өтеліп жатқанын көріп жүрміз.

Өткен жылы Қапшағай қаласындағы «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ-ның қолдауымен қуаттылығы 100 МВт күн электр стансысы қолданысқа берілді. Бұл да «Жасыл экономиканы» дамытуға қосылған үлестің бірі. Жоба 270 гектар жер теліміндегі күн паркін, 220 кВ қосалқы стансысын және 220 кВ жоғары вольтты желінің құрылысын қамтиды. Стансының жобалық жалпы құны 27,7 млрд. теңгені құрады. Іске асыру барысында инвесторлар 300 мыңнан астам күн панельдерін орнатты. Жоба бойынша электр стансысы жыл сайын 160 млн кВт/сағ электр энергиясын өндіреді. КЭС көмірқышқыл газдың атмосфераға шығарындыларын жылына 150 мың тоннаға азайтады.

Аталған нысанда қуатты кернеумен жұмыс істейтін күрделі құрылғылар орнатылған. Сонымен бірге, тұтынушыларға көрсетілетін қызмет түрлерін оңайлату, оларды сандық жүйеге ауыстырудың толық жүзеге асқаны аңғарылады. Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалар үшін техникалық сараптаулар, электр желілерін қосуға қажетті құжаттарды қабылдау, тұтынылған электр қуатының мөлшерін анықтау онлаин-режимде ғаламтор арқылы жүзеге асырылады.

Аймақты электр жарығымен қамтамасыз етуде «ТАЭТК» АҚ-ның үлесі басым екендігін де жасырмаймыз. Аталған компания кейінгі жылдары Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша электр стансыларының қуатын арттыру, ұлттық және өңірлік электр тораптарын дамыту, электр желілері мен жабдықтарды жөндеу және пайдалануды жүзеге асыру міндетін қолға алды.

Күнделікті өмірді жарықсыз елестету мүмкін емес. Демек, тірлік-тіршілігімізді электр энергиясымен қамтамасыз ететін сала мамандарының еңбегі ерен.

Қазіргі таңда облыс тұрғындарының электр тұтыну көрсеткіші жылына 5-7 пайызға өсіп отыр. Мұндай жетістіктерді «ТАЭТК» АҚ-ның атқарып отырған жұмысынан айқын көруге болады. Олар 2016 – 2020 жылдарға арналған бағдарлама аясында 3 млрд. теңгеге жуық қаржы жұмсап, жоспар бойынша өңір тұрғындарын электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуде.

Қазіргі кезде шешімі табылмай жатқан мәселелердің бірі – ескірген, кеңес дәуірінен қалған құрал-жабдықтар мен желілерді заман талабына сай жаңғыртып, жаңарту мәселесі. Қолданыстағы тарифте желілерді жаңарту, жөндеу жұмыстарына қарастырылған қаражат өте аз, ал желілердің тозуы жеделдей түсуде. Жалпы республика бойынша осындай жағдай орын алуда. Егер мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмесе жағдайдың бұдан да нашарлауы мүмкін.

Облыс бойынша «ТАЭТК» АҚ-на қарасты 11 аудандық электр желісі, 19 бөлім мен қызмет бар. Оларға қарасты электр желілерінің жалпы ұзындығы 12309 шақырымнан асады. Ондағы қызметтер 108 төмендетуші қосалқы стансы, 2017 трансформаторлық қосалқы стансысы арқылы жүзеге асады. Айта кетерлігі, қосалқы стансылар мен электр желілері 1965-1990 жылдар аралығында салынғандықтан көбі ескірген. Сол себепті, «ТАТЭК» АҚ кейінгі жылдары өзіне қарасты электр желілерін жаңғыртып, жаңалап келеді.

Облысымыздың ел экономикасындағы алар орны ерекше. Екі миллионнан аса тұрғыны бар облыстағы Қарасай, Талғар, Іле аудандарында өндірістің 70 пайызы орналасқан. Демек, бұл өңірдің электр қуатына деген сұранысы өте жоғары. Қапшағай ГЭС-і, Райымбек ауданындағы Бестөбе су қоймасының мүмкіндіктері, Қапшағай қаласындағы сингапурлық компаниямен бірігіп жасалған 100 МГВтық күн электр стансысы, Еңбекшіқазақ және Іле аудандарындағы әрқайсысы 50 МГВ электр қуатын өндіретін күн қондырғыларының құрылысы бұл сұранысты қамтамасыз етуде.

Десе де облыс аумағындағы 6 өндірістік аймаққа жаңа инвестициялар тарту үшін қосымша қуаттың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты «Алатау Жарық компаниясымен» алдағы уақытта Көкөзек бағытына жаңа желілер тарту жөнінде келісімдер жасалған. Бұл жоба жүзеге асатын болса, аймақта индустрияландыру қарқыны арта түспек. Сонымен қатар, алдағы уақытта ағыны қатты тау өзендерінің мүмкіндігін пайдалану арқылы Талдықорған қаласындағы үйлерге жылу берумен қатар 400 МГВ электр қуатын өндіруге қабілетті жылу электр стансысын салу жүзеге аспақ. Осылайша облыс электр қуатын тұтынушы қатарынан өндіруші және өзге өңірлерге таратушы сапына қосылуы мүмкін.

"РУХАНИ ҚАЗЫНА" – 2021



Жуырда Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасын іске асыру аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Рухани қазына» атты онлайн фестивалі өтті. Онда мәдениет және өнер саласы ұйымдары қызметкерлерінің шығармашылық жетістіктерін анықтау және шығармашылық ұжымдар мен орындаушыларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

ЖЕРЛЕСІМІЗ топ жарды

Республика деңгейінде IV рет өткен байқауға кітапхана, Мәдениет үйлері және музей саласында еңбек етіп жатқан 300-ден астам мәдениет қызметкерлері қатысып, бақ сынады. Фестивальдің қорытынды кездесуіне байқау жеңімпаздары ғана шақырылып, Ақмола облысының Бурабай шипажайында демалып, Көкшетау қаласындағы "Болашақ" сарайында ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың қатысуымен өткен жиынға қатысты.

Марапаттау салтанаты «Rixos Burabai» қонақүйінің заманауи зәулім сарайында өтті. Сол қатарда Панфилов ауданындағы "Жауынгерлік даңқ" музейінің меңгерушісі, жерлесіміз, тарихшы Қали Ибырайымжанов музей саласы бойынша соңғы үш жылдық жұмыс нәтижесінің көрсеткіші бойынша «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік музей қызметкері» номинациясы бойынша марапатталып, заттай сыйлыққа ие болды.

Осы тұста республикалық «Рухани қазына – 2021» фестивалінде бақ сынаған үміткерлер мен шығармашылық ұжымдардың жетістігін саралауда қазылар алқасының төрағасы, ҚР Орталық мемлекеттік музейінің директоры, профессор Нұрсан Әлімбай, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дархан Мыңбай, «Бозоқ» музей-қорығының директоры Сәуле Бөрібаева ханым мен Kazmuseum.kz сайтының бас редакторы, музеология магистрі Нұрсерік Жолбарыс пен ЮНЕСКО аясындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары Айбек Сыдықовтар болғанын айта кеткен жөн.


Жеңімпаздар марапаттау рәсімінен өзге басқа да көңілді кездесулердің куәсі болды. Олар бағдарлама бойынша «Айнакөл» қонақүйінде ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н. Дәуешов пен Мәжіліс депутаттары Қ. Иса, Р. Думанұлы және М. Тәжмағанбетова, өнер майталмандары А. Иманбаева, Ж. Сейдоллаұлының, сондай-ақ, Ақмола облыстық мәдениет басқармасы мамандарының қатысуымен өткен кездесуде мәдениет саласының жетістіктері мен негізгі өзекті мәселелер жайында ой бөліссе, Көкшетау қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музейін, Бурабай кентіндегі музей мен «Абылайхан" алаңындағы сал-серілер ауылын, «Абылайханның жайлауы» және «Ботай» аспанасты ашық музейлерін аралады. Бурабай көлі, «Оқжетпес» пен «Жұмбақтас», Бөлектау сынды табиғат таңғажайыптарын да көріп, көңілдері көтерілді.

Қали Тұрдығазыұлының республикада топ жарып, аймағымыздың мәртебесін асырған жетістігіне ризашылығымызды білдіріп, алдағы уақытта да үлкен биіктерден көріне бер дегіміз келеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Жаркент қаласы, Панфилов ауданы

ТЕАТР



"ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ" әр қоғамның мұңы

Жүз жыл бұрын жазылған шығарма сияқты әлі кешпей, қолымызға қазір тиіп отырғандай әсерге беледі. Құдды заңғар жазушы бізбен бірге осы қоғамда өмір сүріп жатқандай. Бүгінгі уақыттың зары мен мұңын айнадан көргендей алдымызға жайып салды. «Көркем шығарма гой» деп көз жүгіртіп өте шығуға мүмкіндік бермеді. Көңіл пернесін доп басып, жүрек тебірентіп, көзге жас үйірді.

Жұматай ӘМІРЕ

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрында Әуезов әлемімен қайта қауыштық. Ұлы Даланың дана перзенті, дара қаламгері Мұхтар Омарханұлының өміршең шығармасы ғасырмен бірге жалғасып кете беретіндігін көрсетті. Мұхтар туған өлкенің талантты ұлы, «Дарын» Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Фархат Молдағали «Қорғансыздың күнін» Талдықорған театрының сахнасында жаңаша бағытта көрерменге ұсынды. Жас та болса режиссерлігімен талайды тамсандырған Фархаттың Би апамыздың ұжымымен жұмыс істеуі мұндағы актерлерге тың серпін әкелгені де рас. Қазіргі таңда Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының көркемдік жетекшісі Фархат Молдағали: «Мұхтар Әуезов атамыздың бұл шығармасын ертеректе оқығанда аса әсер ете қоймаған еді. Тіпті, жазушының көп шығармасының бірі ретінде ғана қабылдағанмын. Арада жылдар өтіп, осы туындыны қолыма қайта алғанымда мүлдем басқа әлемге тап болдым. Жаңадан жазылған шығарма оқып отырғандай күйге бөлендім. Бұған дейін де сахна көрген шығарманы басқа бағытта көрерменге ұсынғым келді. Ойыма бірден Талдықорған театры орала кетті. Осы театрдағы Халық әртісі Алмахан апамның болмысынан осы шығарманың діңгегі болып отырған кейуананың бейнесін көрдім», – деп осы театрдың режиссер таңдауына қалай түскені туралы ой бөлісті.

Әуезовтың бұл шығармасы дайын пьеса емес. Ал әңгімені сахналық қойылымға айналдыру үлкен шеберлікті талап ететіні анық. Режиссер Фархат Молдағали туындының кілтін таба білген. Бір сағаттық қойылымнан бүкіл бір қоғамды көрдік. Шымылдық ашылған сәттегі ананың әлдиінен бастап, тоқтаусыз жауып тұрған қар мен үдей соққан бораннан халқымыздың басынан өткерген небір қилы заман, қиын кезеңді сезіндік. Қойылымды бір отбасының ғана басынан өткерген ауыртпалық десек, онда автор мен режиссердің ойынан алшақтап, аясын тарылтып алар едік. Әрине, әркім өзінше қабылдап, өзінше талдау жасайды. Жазушы шығармада Ғазизаның әкесі Жақыптың қайтыс болып кеткенін ғана айтады. Ал режиссер оны өмірге әкеліп, бақытты отбасының тірегі ғана емес, ел ішіндегі бас көтерер азамат ретінде көрсетіп, осы жолда құрбан қылды. Кәрі кемпірдің зарлы әлдиімен басталып, ары қарай іркес-тіркес жалғасқан оқиғалар ұлтымыздың небір тар жол, тайғақ кешу жылдарын көз алдымыздан сырғытып, өткізіп отырды. Жақыптың өлімі кешегі кеңестік кезеңде жаптым жала, жақтым күйенің құрбаны болған Алаш арыстарының жиынтық образындай әсер етті. Көпшілік сахнасындағы әйелдер сол арыстардың қуғын-сүргінге ұшыраған аяулы жарларындай елес берді. Ал кәрі кемпір, соқыр келін, кішкентай қыз сол қоғамдағы арыстай азаматтарының бірінен кейін бірінен айырылып, қорғансыздың күнін кешкен қазақ халқының бейнесіндей сезіндік. Дастарқан басында асын ішіп отырып, арам ойын іске асырған Ақан мен жылпос Қали миллиондап өсірген малымыз бен тонналап дайындаған азық-түлігіміздің қызығын көре тұра, озбырлығын жасаған кеңестік жүйені еске түсірді. Енді бірде сол қоғамнан жалғасқан қорғансыздың күні бүгінгі күнмен ұштасып кеткендей күй кештік. Ананың зары ғана емес, жалпы халықтың мұңы естілгендей. «Бізде бәрі тамаша» деп жауырды жаба тоқығымыз келгенімен, сөз шындықтан бұзылмайды, жұмсақтап айтқанда, қазіргі уақытта да бір кем дүниенің бары рас. Қандай жерде де ұлттың мүддесі кейінге шегеріліп, тіліміз тасада қалып, қорғансыздың күнін кешіп келе жатқанымыз да ақиқат. Қойылым соңындағы зорлық көрген Ғазизаның «Бұл не мазақ?!» деген жалқы сұрағы жалпы қоғамдағы көптеген түйткілді мәселеге төтесінен қойылып отырғаны шандық.

Қойылымнан әркім әртүрлі әсер алып, өз таным-түсінігімен қабылдайтыны рас. Дегенмен, көбіміздің ойымыз бір арнада тоғысып жатқаны хақ. Қаусаған кемпірдің ролін сомдаған Халық әртісі – Алмахан Кенжебекова, соқыр келінді ойнаған – Роза Қапашева, Ғазиза – Әмина Ержанова, Ақан – Ерлік Қалибек, Қали – Еркебұлан Айдымбаев пен көпшілік сахнадағы әртістер санамызға сілкініс жасайтын жұп-жұмыр дүниені ұсынды. Театр ұжымы һәм режиссер Фархат Молдағалиға шығармашылық биіктіктен төмендемесе екен деген тілек қалды тіл ұшында.

РУХАНИЯТ

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының кандидаты, ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Талдыбек НҰРПЕЙІСОВ пен «Қазақ университеті» баспасының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ Кеген ауылының орталығындағы Кеңес НҰРПЕЙІСОВ атындағы мектеп-лицейдің кітапханасына екі жүзден астам кітап сыйлады.

КІТАП ҚОРЫ МОЛАЙДЫ

Атап айтқанда, тарих ғылымының докторы, академик, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иесі Кеңес Нұрпейісов туралы «Өнегелі өмір» сериясымен, оның сыртында тарихи, мәдени, көркем әдебиет, өлкетануға арналған кітаптар, республикамыздың белгілі ақындарының жыр жинақтары бар.

Кеген ауданы әкімінің орынбасары Кеңес Қабылбеков пен К. Нұрпейісов атындағы мектеп-лицейдің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Бақтыгүл Көшімбаева мәртебелі қонақтарға лицей кітапханасын қажетті, құнды, бағалы кітаптармен толықтырғандары үшін шынайы алғыстарын айтып, еңбектеріне жеміс тіледі.

Қ. САТЫБАЛДЫ

Кеген ауданы

МАМАН МІНБЕРІ

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – БІЛІКТІЛІК ӘЛЕУЕТІ

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 — 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мақсатының бірі: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту». Бүгінгі күні қарышты қадаммен дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар әлемі еліміздің экономикасын дамытумен қатар, білім беру жүйесін де орасан зор өзгерістермен танытуда.

Ал қазіргі заманда жаһандық бәсекеде орын алған ақпараттық техникамен байланысты жаңа білім беру педагог мамандарының кәсіби шеберлігін қажет етеді. Осы орайда мамыр айында «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы «География пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» шеңберінде «ZOOM» бағдарламасы арқылы екі апталық курстан облыс аудандарынан 20 ұстаз өз біліктіліктерін арттырды. Курсты «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы облыс бойынша ПҚБАИ «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының тренері, аға оқытушы Ләззат Дүнгенбайқызы Адыбаева жүргізді.

Курстың «Білім беру мазмұнын жетілдіру жағдайында география пәні мұғалімдерінің теориялық білімдерін және практикалық дағдыларын дамыту» мақсатына сәйкес Ләззат Дүнгенбайқызы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін айқындайтын 3 модуль: педагогикалық-психологиялық, мазмұндық және технологиялық, нормативтік-құқықтық бойынша өткен дәрістері арқылы курс тыңдаушыларымен бірлесе әр модульдің мақсаты мен ерекшелігін өзіндік практикалық жұмыстары арқылы саралай отырып, тиімді әдістерін ұсынды.

Тренер 5-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасында берілген бөлімдердің мазмұны мен талаптарын жүйелі түсіндіре отырып, оның оқушының кең ауқымды дағдыларын дамытуда спиральділік қағидатына бағытталғандығы туралы ресурстарымен бөлісті.

Курста балалардың танымдық қызметін дамытуда оқыту үдерісіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін әдістердің бірі жобалық әдістің оқушының білімді өз бетімен игеруін, шығармашылық ойлауын дамытуына ықпал ететінін үйретті.


Курс барысында тренер «Блум таксономиясы» негізінде оқу тапсырмаларын құрастыруда ойлау дағдыларының оқу мақсатына байланыстылығы, оқу жоспарын құрастыруда оқушының қажеттілігін ескеру маңыздылығын, кері байланыстардың айқын болуын, сондай-ақ АКТ ресурстары арқылы карта, графикалармен жұмыс істеу жолдары мен география пәнін оқытудың әдістерін ресурстар және қызықты тренингтер арқылы меңгерте білді.

Жаңа білім мазмұнын жетілдіруде оқу тәжірибесіне көлемді біліктілік шеберлігін жете меңгерген, табысты ұсынған дәрістер арқылы кәсіби құзыреттілігі мен біліктілік әлеуеті шыңдалған курстың барлық ұстазы атынан тренеріміз Ләззат Дүнгенбайқызы Адыбаеваға үлкен алғысымызды білдіреміз.

Раиса БАЙМҰХАНБЕТОВА,
Ж. Жапаров атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі

Қызылжар ауылы, Кербұлақ ауданы

ALAMAN
«Jetisýdyń» sport alańy



ПАРАЛИМПИАДА

ЕЛ ҚОРЖЫНЫНДА БЕС МЕДАЛЬ

Жапонияның бас шаһарында өтіп жатқан «Токио – 2020» паралимпиада ойындары ертең аяқталады. Әзірге ел қоржынында 5 медаль бар. Күншығыс елінің түндігін алтынмен түрген ел спортшылары қоржынымызға тағы 4 медаль салды. Оның үшеуі күміс, біреуі қола медаль.

Ал екінші күмісті 73 келі салмақта өнер көрсеткен Теміржан Дәулет еншіледі. Ол ширек финалда Николай Корнхасттан (Германия) басым түссе, жартылай финалда Георгий Калданидің (Грузия) жауырынын жер иіскетті. Бірақ, ақтық сында өзбекстандық Феруз Саидовқа жол беріп, күміс жүлдені қанжығасына байлады.

Үшінші күмісті парадзюдодан әйелдер арасында сынға түскен Зарина Байбатина иемденді. 70 келі салмақта белдескен парадзюдошымыз ширек финалда моңғолиялық Алтанцэцэг Ниямааны тізе бүктірсе, жартылай финалда Италия дзюдошысы Каролина Костаны жеңді, Алайда ақтық бәсекеде әзірбайжандық балуан Дурсадаф Каримовадан жеңіліп қалды. Осылайша тұғырдың екінші сатысынан көрінді.

Осыдан кейін Нұрдәулет Жұмағали 100 метрге брасс әдісімен (SB13 категориясы, көзі дұрыс көрмейтін спортшыларға берілетін классификация) жүзіп, қола жүлдегер атанды. Алтынды германиялық Талисо Энгель, күмісті американдық Дэвид Генри Авраамс иеленді.

Айта кетейік, ел спортшылары дүбірлі додаға тұңғыш рет 25 жолдама ұтып алды. Байрақты додаға 136 мемлекеттен 4 мыңнан астам спортшы 22 спорт түрінен сынға түсіп жатыр.

Костанайда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 2004-2005 жылы туған жасөспірімдер арасында грек-рим күресінен ел чемпионаты өтті.

ГРЕК-РИМ

Айдар ҚАЛИЕВ

Жарыстың алғашқы күнінде-ақ 54 келіге дейінгі салмақта пауэрлифтингтен өнер көрсеткен Давид Дегтярев алтыннан алқа тағып, ел абыройын асқақтатты. Зілтемірді білегінде ойнатқан Давид 174 келіні бағындырып, сары алтынның сыңғырын сарғая күткен жұртшылыққа үлкен қуаныш сыйлады.

Дүбірлі додада үш бірдей парадзюдошымыз жүлдегерлер қатарынан көрініп айды аспаннан бірақ шығарды. Бұған дейін тарихта қазақстандық спортшылар паралимпиада ойынында дзюдо спортынан жүлде алмаған еді. Алғашқы медальді 60 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Әнуәр Сариев еншіледі. Азия чемпионатының күміс жүлдегері алғашқы кездесуінде моңғол балуаны Сухбаатарды атынан аударып тастаса, жартылай финалда венесуэллалық Бланконы екі «вазари» ұпайымен оп-оңай жеңді. Ал ақтық сында әзербайжандық Вугар Шырынлымен күресті. Белдесу тартысқа толы болды. Екі спортшы да алғашқы минутта әбжіл әдіс қолданып, «вазари» ұпайын еншіледі. Өкінішке қарай, соңғы секундта әзербайжандық балуан жеңісті жұлып алды. Осылайша, қазақстандық парадзюдошы күміспен күптелді. Ал қола жүлдені түркиялық Режеп Чефчи және румыниялық Алекс Балога қанжығасына байлады.

ЛЕБІЗ

Облыста қандай спорттық іс-шара өтсе де ардагерлер қалыс қалған емес.

Үнемі жайдарман жаңалықтың басы-қасында жүреді. Кәсіби спортшылар күнінде де спорт саласына елеулі үлес қосқан ардагерлер шақырылып, сый-сияпат алды. Осыған орай ардагер тоғызқұмалақшылардың еңбегін, спорттағы жетістіктерін елеп-ескеріп, құттықтағаны үшін облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаевқа шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Спортты жанына серік етіп қана қоймай, қиындығы мен қызығы мол салада еңбек етіп жүрген жанның деніне саулық, жұмысына табыс тілейміз.

Айтмолда СҮГІРОВ,
еңбек және тыл ардагері
Талдықорған қаласы



ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Байрақты бәсекеде Ақдала орта мектебінің түлегі Бекарыс Мейрамбек 51 келі және Бақанас ауылының балуаны Бекнұр Арыстанбай 48 келі салмақ дәрежесі бойынша сынға түсіп, қос балуан да II орын иегерлері атанды.

Қостанай қаласында Алматы облысының намысын қорғап, ауданымыздың абыройын асқақтатқан балуандарды аудандық спорт мектебінің ұжымы аудан орталығындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің алдында күтіп алып, жеңіспен оралған спортшыларға құрмет көрсетті. Шараға аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ғабит Бегімжанов арнайы қатысты. Жеңіс тұғырынан көрінген балуандарға құрмет көрсету барысында құттықтау сөз алған аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Хамит Сембаев балуандардың жеткен жетістіктеріне қуанышын жеткізіп, алдағы күндері өткен спорт күні мерекесінде аудан әкімінің Алғыс хаты мен ақшалай сыйлығын табыстап, «жеңісті күндерің көп болсын!» деген ақжарма тілегін жеткізді. Тәуелсіз елдің Көк байрағын биікте желбіретіп жүрген жас балуандардың осындай биіктерден көрінуіне сүбелі үлес қосқан, Бақанас спорт мектебінің жаттықтырушылары Фархат Мұсаев, Назтай Мейрамбек және Лебай Жәнібектің еңбектері орасан екені даусыз.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

МӘСЕЛЕ

«Қарыз қатынас бұзады» дейді халық даналығы. Алайда тірлікті тұрмысқа тізгіндеп қойған нарықтық қоғамды қарызсыз елестету мүмкін емес. Бұл қоғам қарыз берушілер мен қарыз алушылардан құралған. Әлбетте, қарыз беретіндер аз, қарызға мұқтаждар көп. Адамнан бастап мемлекетке дейінгі масштабты алсаң да көрініс өзгермейді. Қарыздың түр-түрі бар. Атауы әртүрлі болғанмен, табиғаты бір. Қарызыңа өсім қосып қайтарасың. Коммунизмге барамыз деп социалистік идея ұстанған елдерде де, өсімді харам санайтын діншіл мемлекеттерде де бар бұл.



ҚАРЫЗДАН ШЫҒАР ЖОЛ БАР МА?

Әлем алпауыттарының бірі АҚШ-та халықтың 90 пайыздан астамы «қарызға» өмір сүреді екен. Қарыздың жылдық үстемесі 3-5 пайыз екенін ескерсек, американдықтар несие тарихын жақсарта отырып, өздерінің рахатына керектің бәрін тұтынады. Айналып келгенде несие берген ұйымнан да, несиеге алынған тауардан да алым-салық ел қазынасына тамады. Халықтың да жағдайы жақсы, мемлекеттің де бүйірі тоқ.

Ал бізде қалай? «Қарыз алдың – қайғы алдың» деген елдің ұрпағымыз ғой. Елдегі банктердің бірінен несиеге 1 млн.теңге алған жақынымыздың 5-6 жыл ішінде үстіне тағы 1,2 млн.теңге қосып қайтаратынын естігенде, еріксіз американдық болғың келеді. Көпшілік отандастарымыз үшін несие алғанда оның үстіне қанша қосып қайтаратыны маңызды емес. Ай сайын қанша қайтаратыны маңызды. Себебі, жалақы аз, күнкөріс қымбат.

Аса қажет болғандықтан 1 млн.теңге несиені 1 жылға рәсімдедім. Үстіне қосып қайтаратыным – 260 мың теңге. Жылдық үстемесі – 26 пайыз. Ал АҚШ-та мигранттарға берілетін несиенің үстемесі 8-9 пайыз. Салыстыра беріңіз.

Отау көтергелі бері қаржылық саутталық мектебінің түрлі сатысынан өттік. Үй, көлік, түрлі тұрмыстық техника, жиһаз, қала берді компьютерлер мен смартфондарға да осы қаржылық құралдардың арқасында қол жеткізгеніміз жасырын емес. Әр несиені рәсімдеп, айма-ай төлеген сайын, сауатың да арта түседі. Алғашқыда бәрін несиеге алсақ, яғни, үстіне ақша қосып қайтарсақ, келе-келе несиені мерзімінен бұрын жабу, бөліп төлеу дегендердің тиімді екенін түсіндік. Несие тарихыңды үнемі жақсартып отырсаң, банктердің де саған деген көзқарасынан «қамқорлық» байқалатынын білдік.

Қайбір жылдары халықтың қаржылық сауатсыздығын пайдаланушылар бір күнде бірнеше банктен несие әпереміз деп жарнама жасады. Тіпті, алған ақшаны қайтармасаңыздар да болады, кейін кешіріле салады деп те соқты дерсің. Аңғалы бар, арамы бар сондай қызметке жүгінушілер де көп еді. Бір туысымыздың бір күнде 2-3 банктен 2 млн.теңгеден несие алып, оның 10 пайызын қызмет ұсынушыларға ұстатқанын естігенде аза бойым қаза болып еді. Он жылдан аса қарызын қайтармаған сол кісілердің бүгінгі жағдайында тіптен мән жоқ. Заңды жұмыс жоқ, шегара асуға рұқсат жоқ. Бас ауырып, балтыры сыздаса, емханалар да қабылдамайды. Түйінін өзіңіз түйіңіз.

Статистикалық деректерге сенсек, қазақстандықтардың несиелік берешегі 22 трлн.теңгеге таяпты. Әр 100 отандасымыздың 60-ында несиелік карта бар көрінеді. Сондай картаның 2-3-уі өзімде де бар еді. Қаржылық мәдениет пен сауаттың аздығынан алғашқыда картамен төлеу әрі қызық, әрі тегін секілді көрінетін. Қарызға қалай кіріп кеткеніңді айлық алғанда бірақ білесің. Бертін келе бонус жинайтын, қайтарымында жеңілдігі бар картаны қалдырып, қалғандарын жауып тындым.

Аларынан бұрын берерін ойлаған халықтың қарыз туралы айтып кеткендеріне зер салсаң, қарыздан қашық жүрмекке тырысасың. Алайда тұрмыс тезіне салғанда, атадан қалған ақылды ада қып, банк бөлімшесінде бейшара күйде отырғаның отырған. Несиесін несиемен жауып отырған қаракөздеріміз жан-жағымызда тым көп-ақ.

Айналып келгенде, жерінің асты мен үсті қаншалықты бай болғанымен Қазақстан халқының үлкен бөлігі соншалықты кедей екенін амалсыз мойындайсың. Осыған өзіміз кінәлі шығармыз?! Қалай болғанда да қазір қарызсыз өмір сүре алмаймыз. Ендеше алған қарызды қайтарғанша қалайда сауатты жұмсауды үйрену керек. Қарызды алардан бұрын берерін ойлаған жөн.

Данияр БОЛЫСБЕКҰЛЫ

БІЛІМ

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ

Ұстаз – ұлт тәрбиешісі. Педагогика саласында еңбек етіп келе жатқаныма 30 жылдан асты. Осы уақыт ішінде ұлт ағартушысы болған мұғалімдер мәртебесінің қаншалықты төмендегенін де, одан қайта көтеріле бастағанын да көрдім. Кезінде балаларға білім берумен қатар білім ордасының шаруашылық қызметін де атқарғанбыз. Ал қазіргі ұстаздар таза өз міндетімен айналысады.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінің бірінде осы мәселені көтеріп, мұғалімдер мәртебесін көтеріп тастағаны есімде. Содан бері де ұстаздар қауымына барынша жағдай жасалып, алаңсыз білім беруіне мүмкіндік берілді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында да педагогтар қауымын назардан тыс қалдырмады. Ұстаздар айлығының жыл санап өсіп келе жатқанын айтып, дарынды оқушылар тәрбиелеген мамандарды ынталандыру керегін атап өтті.

Тоқырау жылдары мұғалімдік міндетін тастап, саудаға кеткендерді көрдік. Кейіннен педагогикалық мамандықтарға үлгерімі төмендеу талапкерлердің құжат тапсырып, әйтеуір бітіріп шыққанына да куәміз. Ондай оқу бітіріп шыққан мұғалімдердің кейін жарқ ете алмасы да айдан анық еді. Сол кезде біздегі білім саласы терең тоқырауға түскен деп ойлайтынмын. Себебі, профильдік министр ауысқан сайын білім беру саласындағы бағыт-бағдар да ауысып, сала түрлі реформалардан көз аша алмай қалып еді.

Соңғы жылдары жағдай түзелгенін көз көрді. Президентіміз Жолдауында айтқандай, қазіргі кезде мұғалім боламыз деген жастар көбейді. Педагогикалық мамандықтарға арналған байқаудың деңгейі көтерілді. Бұл ұстаздар қауымын қуантады. Ісімізді жалғастыратын, ұл-қыздарымызды оқытатын жалындаған жастардың мектептерге келе бастауы біздің мәртебемізді өсіреді.

Президент өз сөзінде «Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз» дегені мұғалімдер үмітін үкілей түсті. Мұғалімнің тұрмысы түзелсе, бала тәрбиелеу, білім беру саналатын негізгі міндетін жақсы атқарады. Ондай ұстаз алдын көрген бала да қоғамнан өз орнын табатын азамат болып өседі. Келешегіміз білімді, тәрбиелі азаматтардың қолында болады деп сенемін.

Алтын ЖОМАРТОВА,
Тоқжайлау политехникалық колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Алакөл ауданы

ДЖИУ-ДЖИТСУ



САҢЛАҚТАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Украинаның Киев қаласында джиу-джитсудан «Combat Ju-Jutsu World Championship Kyiv – 2021» атты әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде ел намысын қорғаған алакөлдік өрендер топ жарып, абыройымызды асқақтатты.

Осыған орай аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов Әлем чемпионатында жеңіске жеткен Айбол Жарболұлы, Ілияс Құмарұлы, Елдос Жандосұлы және жаттықтырушылары Арнұр Нұрланұлын құттықтап, жеке қабылдады.

Шара барысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары: «Жас болса да елдің намысын арқалап жүрген спортшыларымызға алдағы уақытта Олимпиада биігін бағындырып, ауданымыздың даңқын әлемге паш етіп, қайратты спортшылары атануларына шын жүректен тілектеспін», – деп ізгі лебізін білдіріп, арнайы сый-сияпаттарын табыс етті.

Бірнеше алпауыт мемлекеттердің басын қосқан дүбірлі додада аудан спортшылары еліміздің Көк байрағын биікте желбіретіп, үздіктер қатарынан көріне білді. Бұл жеңіс тек Алакөлдің ғана емес, еліміздің жетістігі.

Қасиет АРЫСТАН,
Алакөл ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

БӘРЕКЕЛДІ!

ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Облысымыздың спортшылары байрақты бәсекеден жүлдемен оралды.

Атап айтсақ, бокстан 2005-2006 жылғы жасөспірім қыздар арасында (БАӘ) Дубай қаласында Азия чемпионаты өтті. Дүбірлі додада ел намысын қорғаған Талдықорған спорт интернатының оқушысы Еңлік Бостыбаева 50 келі салмақта күміс жүлдегер атанды. Сонымен қатар, 60 келі салмақта Жұлдыз Шаяхметова күміс, 66 келіде Анар Тұрсынбек қола жүлдегер атанды.

Ханты-Мансийск қаласында (Ресей Федерациясы) бильярдтан әлем чемпионаты өтті. Турнирге 19 мемлекеттен 74 спортшы қатысты. Бұл сында облысымыздың спортшысы Ернар Чимбаев бильярдтың «Еркін пирамида» түрінен Әлем чемпионы атанды. Ол финалда 3 дүркін әлем чемпионы ресейлік Никита Ливаданы 7:4 есебімен ұтты.

Чемпионды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев жеке қабылдап, жеңісімен құттықтады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ХАБАРЛАНДЫРУ

2021 жылы 4 қазанда сағат 15.00-де Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241 (қалалық ТҮКШ бөлімі ғимаратының акт залы) мекенжайында «Талдықорған қ. «Шығыс» шағынауданындағы жұқпалы аурулар ауруханасының аумағын абаттандыру» жұмыс жобасы бойынша және ҚОӘБ (қоршаған ортаға әсерді бағалау) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өтеді. «ZOOM» конференция идентификаторы: **857 0643 8232, кіру коды – 123456789.**

Филиал РГП на ПХВ «Казгидромет» по Алматинской области объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по рассмотрению материалов «Оценка воздействия на окружающую среду» (ОВОС) по рабочим проектам: «Строительство люлечной переправы на гидрологических постах р. Теректы – с. Шатырбай, по адресу: Саркандский район а. Шатырбай», «р. Коксу – с. Мамбет, по адресу: Коксуский район а. Мамбет» 10 октября 2021 года в 15.00 в формате онлайн-конференции. Для принятия участия просим перейти по данным снизу.

Идентификатор конференции: **688 453 6737**
Код доступа: **8Qh4hf**

По вопросам обращаться по номеру
8 (7282) 41-84-32, 8 (7282) 41-84-38.

Егер сіз облыстық «Jetisý» газетіне құттықтау, еске алу, жарнама, мақала, хабарландыру бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
Талдықорған:
8 (7282) 40-20-69,
Ұялы тел.:
8 747- 410-69-09
8 747-706-13-73.
Алматы:
8 (727) 279-13-37,
Ұялы тел.:
8 747-688-17-41.
Электронды пошта:
Jetisu2002@mail.ru
Jetisu_almaty @mail.ru

Алматы облыстық соты және Алматы облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымы Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Әділет Бақытұлы Бақытовқа әкесі
Бақыт Мауылұлы Салиевтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облыстық соты және Алматы облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымы Талдықорған қалалық сотының судьясы Бейбіт Тұрспекұлы Тұрұсовқа анасы
Гүлжиян Ғайсинқызы Тұрұсованың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ



Энергияны пайдалану тәртібі

Электр энергиясын есепке алу құралын пайдалануға байланысты толғандырған сұрақтарды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Ерікбай НАРМҰРАТОВҚА жолдап, төмендегідей жауап алдық.

– Ерікбай Әзіретқұлұлы, күнделікті өмірді электр қуатынсыз елестету мүмкін емес. Осыған байланысты тұтынушыларда көптеген сұрақ туындап жатады. Жалпы, тұрғындар электр қуатын есепке алу құралдарын орнатуға міндетті ме?

– Электр энергиясын пайдалану қағидаларының 9 параграфына сәйкес, электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылар электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынсыз электр энергиясы қабылдағыштарын қосуға болмайды. Яғни, бұл ереже есепке алу құралдарын орнатуды міндеттейді.

– Көп жағдайда тұрғындар есепке алу құралын тексеруге келген мамандардың жұмысына кедергі келтіріп жатады. Бұл қаншалықты заңды?

– Негізінде, тұтынушылар электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның өкілдері қарап тексеруі үшін кедергісіз жерге орнатуы керек. Сонда түсініспеушілік кездеспейді. Егер энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдеріне жұмыс уақытында тұтынушылар кедергі жасаса энергия өндіруші ұйым тұтынушыға электр энергиясын беруді толығымен тоқтатып тастай алады.

– Электр есептегіш жиі тексеріліп тұра ма?

– Электр есептегіштерді тексеру – есепке алу құралының жарамдылығына жүргізілетін сараптама. Тексеріс екі түрлі жағдайда жүргізіледі. Бірі – ҚР өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде көрсетілген мерзімдегі тексерісаралық интервалға сәйкес жүргізіледі. Енді бірі – мүдделі тараптардың өтініші бойынша жоспардан тыс салыстырып тексеру жасалады. Жоспардан тыс салыстырып тексеру кезіндегі шығынды тексеруді өтінген тарап өтейді.

– Тұтынушылардың есептеу құралдарын өз бетінше орнатуына бола ма?

– Болмайды. Оны тек электр энергиясын есепке алу құралдарын орнатуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйым ғана жүзеге асырады.

– Түсінікті. Ендеше есептеу құралдары кімнің есебінен орнатылады?

– Жаңа салынып жатқан және қайта құрылатын объектілерде электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралы тұтынушының есебінен, ал электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылардың бұрын қойылған коммерциялық есепке алу құралын ауыстыру, аталмыш норма электр энергиясы тарифінің ішіне кіретін жағдайда энергия беруші ұйымның есебінен жүргізіледі.

– Тұтынушының есепке алу құралы бұзылған жағдайда қалай болады?

– Тұтынушының есепке алу құралының бұзылғаны анықталған жағдайда тұтынудың есебін энергия беруші ұйым алдыңғы немесе электр энергиясының қаржысы мен есепке алу схемасы түзетілген келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді. Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап қалпына келтіру күніне дейінгі аралықты қамтиды. Алайда, ол мерзім күнтізбелік 30 күннен аспауы қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Қ. ОМАРАҚЫН

ЕЛДІҢ ЖАЙЫ

ЖЕТІСУДЫҢ болашағы зор

Алматы облысы екіге бөлінді. Әркім өзі тұратын өңірдің болашағына алаңдаулы. Әсіресе, Жетісу облысының халқы «республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы азайып, жағдайымыз төмендеп кете ме» деген дүдәмал ойда.

Алайда, алаңдауға негіз жоқ. Өйткені жаңа кәсіпорындар іске қосыла бастады. Мысалы, биыл Қаратал өңірінде жоғары сапалы кремний өндіру қолға алынды. Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидасының тоқтаусыз іске асырылып келе жатқандығының айғағы. Жаркент өңірі – өзінше бір экономикалық аймақ. «Қорғас» кеденінен облыс қазынасына түсер салық едәуір. Болашақта аталмыш елмен сауда-саттық бұрынғыдан да жанданбақ. «Достық» кеденінде үлкен порт ашылғалы жатыр. Бұрын екі елден келген пойыздар қатар тоқтап, жүктерді бір-біріне қолмен лақтыратын. Бұл қауіпті және көп уақыт алатын. Енді тек вагондарды бір-бірімен алмастыратын болады. Жүк те сынбайды, артық күш те жұмсалмайды. Яғни, жүк тасымалы жақсарады.

Жетісу облысының шұрайлы өлкесі – Алакөл. Айдынды өңірдің суы мен балығы – тағы қант қызылшасынан сүрлем сығатын цех. Алдағы уақытта Молалы стансысы мен Жансүгір кенттерінің арасына теміржол салу ойда бар. Мұның барлығы жүзеге асқанда экономикалық жағдай бұрынғыдан да жақсара түседі. Сондықтан Жетісу өңірінің болашағы зор. Алдағы уақытта өндіріс пен ауылшаруашылығы өркен жаяды.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
облыс әкімі аппаратының
Әдеп жөніндегі уәкілі

ӘРЛЕУ

Техникаларын жаңартты

Кәсіптік-техникалық білім беру саласын нығайту мақсатында 180 колледжде сұранысқа ие мамандықтар бойынша «Жас маман» жобасын енгізу жоспарланған.



Жобаны іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Алматы облысы әкімдігі арасында меморандумға қол қойылған.Осы жобаға сәйкес Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі заманауи ауылшаруашылығы техникаларымен қамтамасыз етілді. Негізгі мақсаты – кәсіптік колледждерді халықаралық стандарттар негізінде модернизациялау.

Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі болып саналатын жобаға «Фермер шаруашылығы» мамандығының «Ауылшаруашылығы өндірісінің трактортшы-машинисі» біліктілігі бойынша кірген. Мемлекет тарапынан 240 млн. теңге бөлініп, оған заманауи тракторлар мен комбайн және ауылшаруашылығына арналған машиналар мен агрегаттар сатып алынды.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ
Жамбыл ауданы

ТУРИЗМ

Ұлттық қорық жануарларға өте бай. Мұнда қарақұйрық, құландар мен бөкендерден бөлек, омыртқалы жануарлардың 200-ден аса түрі кездеседі. Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында балықтың 32 түрі бар.

«Алтынемел» кереметі

Ұлттық қорық аумағы таулар, таулы қыраттар, жазықтар мен жоталардан тұрады. Өсімдіктер, омыртқалы жануарлар мен құстардың сан түрі бар. Олардың 40-ы Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Күз айларына қарай қорықтың тау бөктерінде шетен шоқтары қызара бастайды. Ал жазық далада қыркүйек,қазан айларында жусан мен сораңшөптер гүлдейді. Кейбір эндемикаларды,жоңғар аспарасын тек осында кездестіресіз. Бұл өсімдіктерді әлемнің өзге елінен іздесеңіз таба алмайсыз, тек Шолақ тауында бар. Ұлттық саябақты туристер қабылдайтын арнайы қонақүйлер орналасқан.

«Бесшатыр» археологиялық тарихи мұражайын,Ақтау тауында динозаврлар паркі мен палеонтологиялық мұражай, туристік кемпингтер, этнографиялық ауылдар, шатырлы лагерьлер салу жоспарлануда. Қорықта қолдан ештеңе істеудің қажеті жоқ. Жаратылыстың өзі қазаққа сыйлаған «Айғайқұм», «Бесшатыр» қорғандары, тау сілемдеріндегі сұлулық, Ақтау, Қатутау, 700 жылдық тарихы бар киелі ағаш, сирек кездесетін аң-құстар саяхатшылар үшін таптырмас көрініс. Тек біздің қорықшыларымыз осы сұлулықты сақтап, жабайы аң-құсты қорғап, сақтай білсе болғаны.

«Бұл жолы Ақтау мен Қатутау тауларын,700 жылдық тарихы бар киелі ағашты көруге мүмкіндік болмады. Қорықтың директоры Халық Баяділовтің айтуынша, қорықты бір-екі күнде толық аралап шығу мүмкін емес. Алыстан ат арытып келетін шетелдік туристер мұнда апталап жатып, табиғаттың жаратқан кереметін асықпай аралайды.

Қайрат БАЙЖҰМАЕВ,
Алтынемел МҰТП мемлекеттік инспекторы

Басши ауылы,
Кербұлақ ауданы



ДАЙЫНДЫҚ

Көл бойы көркейе түспек

Лепсіден көл жағалауына дейінгі 27 шақырым жолға 2955,334 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмысы бас мердігер «Казстройцентр» ЖШС-нің еншісінде.



Балқаш көлінің жағалауында қазіргі уақытта 18 демалыс аймағы жұмыс істейді. Өкінішке қарай, көл жағасында спорттық-бұқаралық ойындар өткізуге арналған спорттық алаң жоқ. Сонда да жыл сайын шомылу маусымы ашылғанда жағажай футболы мен волейболдан жарыс өтіп жүр.

Қажет АНДАС

Биылғы шомылу маусымының ашылуына жағажай волейболы, арқан тарту, гір көтеру және армреслинг бойынша сайыстар өткізу жоспарланған. Ойын алаңынан бөлек бұл жақта жол мәселесі де әлі өзекті. Айталық, 2017-2020 жылдары бюджеттен 10 млрд. теңгеге жуық қаржы шығынданып, «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автомобиль жолының тек 35 шақырымы ғана жасалды. Бас мердігер «Жол» ЖШС тақтайдай жол төсеп, жобаны сапалы атқарып шықты.

Өткен жылы «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35-110 шақырым аралығы қайта есептеліп,жол құрылысы 13693,555 млн. теңгені құрады. 2023 жылға дейін толық аяқтау «Жол» ЖШС-не тапсырылған. Сондай-ақ, Лепсіден көл жағалауына дейінгі 27 шақырым жолға 2955,334 млн. теңге бөлініп,құрылыс жұмысы бас мердігер «Казс- тройцентр» ЖШС-нің еншісіне тиіпті. Олар жобаны келесі жылдың шомылу маусымына дейін аяқтайтынына сенімді.

Қазір аталған аумақтарда топырақтың өсімдік қабатын алу, айналма жолды жайластыру, жер қазу және құбырлы және тюбенді өткелдердің құрылысы, тағы да басқа жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен,көлге шомылуға баратын жүргіншілер 2017 жылдан бері жыл сайын сағызша созылып келе жатқан жол құрылысына наразы. Осы жағдай биыл да қайталанғалы тұр. Сондықтан Балқаш көліне келетін демалушылардың қатарын көбейту үшін автожолды тездетіп жөндеген жөн.

Тағы бір айта кетерлігі,қазір демалушылардың талғамы жоғары. Өйткені, шетелдің жанға жайлы, демалысқа қолайлы жерлеріне жиі баратындар елдегі демалыс айлақтарынан да сондай жағдайды талап етеді. Бұл ретте Сарқан ауданындағы туризм мен демалыс орындарын дамыту мақсатында 2012 жылдан бастап«Балқаш туристік-рекреациялық аймағын» жоспарлау жобасы қолға алынды.

Тынымсыз жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік сараптаманың және бас жоспардың оң қорытындысымен 860 гектар аумақты құрайтын бас жоспардың 560 гектарының техникалық экономикалық негіздемесі әзірленген. Оның жобасын «Казгипроград» жобалау институты» ЖШС 23 320 000 теңгеге орындапты. Бас жоспар Сарқан аудандық мәслихатымен 2013 жылғы 17 сәуірдегі №16-87 қаулысымен бекітілді. Бас жоспарда балық аулау және аңшылық демалыс аймағы, жастар аймағы, климат, су және балшықпен емдеу аймағы, қыс мезгіліндегі демалыс аймағы, балалар демалыс аймағы, отбасылық демалыс аймағы, элиталық демалыс аймағы сияқты 7 демалыс аймағы мен бірнеше кешен қамтылған.

Есептік мерзімге жобаланған аумақтың жалпы сыйымдылығы шамамен 44,92 мың демалушыны және рекреациялық салада 7,5 мың адамды қамтиды. Олар жайлы демалып қайтуы үшін таза ауызсу желісі мен көріз жүйесі тартылып,сорғы стансылары салынады. Электрмен толық қамтамасыз етіліп, көл жағасына жүргіншілер жүретін тротуар, оның бойына жарық шамдар орнатылмақ. Осы жұмыстар толық жүзеге асса, Балқаш көліне баратын демалушылардың қатары көбейе түспек.

Сарқан ауданы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ



Энергияны пайдалану тәртібі

Электр энергиясын есепке алу құралын пайдалануға байланысты толғандырған сұрақтарды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Ерікбай НАРМҰРАТОВҚА жолдап, төмендегідей жауап алдық.

– Ерікбай Әзіретқұлұлы, күнделікті өмірді электр қуатынсыз елестету мүмкін емес. Осыған байланысты тұтынушыларда көптеген сұрақ туындап жатады. Жалпы, тұрғындар электр қуатын есепке алу құралдарын орнатуға міндетті ме?

– Электр энергиясын пайдалану қағидаларының 9 параграфына сәйкес, электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылар электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынсыз электр энергиясы қабылдағыштарын қосуға болмайды. Яғни, бұл ереже есепке алу құралдарын орнатуды міндеттейді.

– Көп жағдайда тұрғындар есепке алу құралын тексеруге келген мамандардың жұмысына кедергі келтіріп жатады. Бұл қаншалықты заңды?

– Негізінде, тұтынушылар электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның өкілдері қарап тексеруі үшін кедергісіз жерге орнатуы керек. Сонда түсініспеушілік кездеспейді. Егер энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдеріне жұмыс уақытында тұтынушылар кедергі жасаса энергия өндіруші ұйым тұтынушыға электр энергиясын беруді толығымен тоқтатып тастай алады.

– Электр есептегіш жиі тексеріліп тұра ма?

– Электр есептегіштерді тексеру – есепке алу құралының жарамдылығына жүргізілетін сараптама. Тексеріс екі түрлі жағдайда жүргізіледі. Бірі – ҚР өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде көрсетілген мерзімдегі тексерісаралық интервалға сәйкес жүргізіледі. Енді бірі – мүдделі тараптардың өтініші бойынша жоспардан тыс салыстырып тексеру жасалады. Жоспардан тыс салыстырып тексеру кезіндегі шығынды тексеруді өтінген тарап өтейді.

– Тұтынушылардың есептеу құралдарын өз бетінше орнатуына бола ма?

– Болмайды. Оны тек электр энергиясын есепке алу құралдарын орнатуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйым ғана жүзеге асырады.

– Түсінікті. Ендеше есептеу құралдары кімнің есебінен орнатылады?

– Жаңа салынып жатқан және қайта құрылатын объектілерде электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралы тұтынушының есебінен, ал электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылардың бұрын қойылған коммерциялық есепке алу құралын ауыстыру, аталмыш норма электр энергиясы тарифінің ішіне кіретін жағдайда энергия беруші ұйымның есебінен жүргізіледі.

– Тұтынушының есепке алу құралы бұзылған жағдайда қалай болады?

– Тұтынушының есепке алу құралының бұзылғаны анықталған жағдайда тұтынудың есебін энергия беруші ұйым алдыңғы немесе электр энергиясының қаржысы мен есепке алу схемасы түзетілген келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді. Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап қалпына келтіру күніне дейінгі аралықты қамтиды. Алайда, ол мерзім күнтізбелік 30 күннен аспауы қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Қ. ОМАРАҚЫН

ЕЛДІҢ ЖАЙЫ

ЖЕТІСУДЫҢ болашағы зор

Алматы облысы екіге бөлінді. Әркім өзі тұратын өңірдің болашағына алаңдаулы. Әсіресе, Жетісу облысының халқы «республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы азайып, жағдайымыз төмендеп кете ме» деген дүдәмал ойда.

Алайда, алаңдауға негіз жоқ. Өйткені жаңа кәсіпорындар іске қосыла бастады. Мысалы, биыл Қаратал өңірінде жоғары сапалы кремний өндіру қолға алынды. Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидасының тоқтаусыз іске асырылып келе жатқандығының айғағы. Жаркент өңірі – өзінше бір экономикалық аймақ. «Қорғас» кеденінен облыс қазынасына түсер салық едәуір. Болашақта аталмыш елмен сауда-саттық бұрынғыдан да жанданбақ. «Достық» кеденінде үлкен порт ашылғалы жатыр. Бұрын екі елден келген пойыздар қатар тоқтап, жүктерді бір-біріне қолмен лақтыратын. Бұл қауіпті және көп уақыт алатын. Енді тек вагондарды бір-бірімен алмастыратын болады. Жүк те сынбайды, артық күш те жұмсалмайды. Яғни, жүк тасымалы жақсарады.

Жетісу облысының шұрайлы өлкесі – Алакөл. Айдынды өңірдің суы мен балығы – тағы қант қызылшасынан сүрлем сығатын цех. Алдағы уақытта Молалы стансысы мен Жансүгір кенттерінің арасына теміржол салу ойда бар. Мұның барлығы жүзеге асқанда экономикалық жағдай бұрынғыдан да жақсара түседі. Сондықтан Жетісу өңірінің болашағы зор. Алдағы уақытта өндіріс пен ауылшаруашылығы өркен жаяды.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
облыс әкімі аппаратының
Әдеп жөніндегі уәкілі

ӘРЛЕУ

Техникаларын жаңартты

Кәсіптік-техникалық білім беру саласын нығайту мақсатында 180 колледжде сұранысқа ие мамандықтар бойынша «Жас маман» жобасын енгізу жоспарланған.



Жобаны іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Алматы облысы әкімдігі арасында меморандумға қол қойылған.Осы жобаға сәйкес Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі заманауи ауылшаруашылығы техникаларымен қамтамасыз етілді. Негізгі мақсаты – кәсіптік колледждерді халықаралық стандарттар негізінде модернизациялау.

Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі болып саналатын жобаға «Фермер шаруашылығы» мамандығының «Ауылшаруашылығы өндірісінің трактортшы-машинисі» біліктілігі бойынша кірген. Мемлекет тарапынан 240 млн. теңге бөлініп, оған заманауи тракторлар мен комбайн және ауылшаруашылығына арналған машиналар мен агрегаттар сатып алынды.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ
Жамбыл ауданы

ТУРИЗМ

Ұлттық қорық жануарларға өте бай. Мұнда қарақұйрық, құландар мен бөкендерден бөлек, омыртқалы жануарлардың 200-ден аса түрі кездеседі. Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында балықтың 32 түрі бар.

«Алтынемел» кереметі

Ұлттық қорық аумағы таулар, таулы қыраттар, жазықтар мен жоталардан тұрады. Өсімдіктер, омыртқалы жануарлар мен құстардың сан түрі бар. Олардың 40-ы Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Күз айларына қарай қорықтың тау бөктерінде шетен шоқтары қызара бастайды. Ал жазық далада қыркүйек,қазан айларында жусан мен сораңшөптер гүлдейді. Кейбір эндемикаларды,жоңғар аспарасын тек осында кездестіресіз. Бұл өсімдіктерді әлемнің өзге елінен іздесеңіз таба алмайсыз, тек Шолақ тауында бар. Ұлттық саябақты туристер қабылдайтын арнайы қонақүйлер орналасқан.

«Бесшатыр» археологиялық тарихи мұражайын,Ақтау тауында динозаврлар паркі мен палеонтологиялық мұражай, туристік кемпингтер, этнографиялық ауылдар, шатырлы лагерьлер салу жоспарлануда. Қорықта қолдан ештеңе істеудің қажеті жоқ. Жаратылыстың өзі қазаққа сыйлаған «Айғайқұм», «Бесшатыр» қорғандары, тау сілемдеріндегі сұлулық, Ақтау, Қатутау, 700 жылдық тарихы бар киелі ағаш, сирек кездесетін аң-құстар саяхатшылар үшін таптырмас көрініс. Тек біздің қорықшыларымыз осы сұлулықты сақтап, жабайы аң-құсты қорғап, сақтай білсе болғаны.

«Бұл жолы Ақтау мен Қатутау тауларын,700 жылдық тарихы бар киелі ағашты көруге мүмкіндік болмады. Қорықтың директоры Халық Баяділовтің айтуынша, қорықты бір-екі күнде толық аралап шығу мүмкін емес. Алыстан ат арытып келетін шетелдік туристер мұнда апталап жатып, табиғаттың жаратқан кереметін асықпай аралайды.

Қайрат БАЙЖҰМАЕВ,
Алтынемел МҰТП мемлекеттік инспекторы

Басши ауылы,
Кербұлақ ауданы



ДАЙЫНДЫҚ

Көл бойы көркейе түспек

Лепсіден көл жағалауына дейінгі 27 шақырым жолға 2955,334 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмысы бас мердігер «Казстройцентр» ЖШС-нің еншісінде.



Балқаш көлінің жағалауында қазіргі уақытта 18 демалыс аймағы жұмыс істейді. Өкінішке қарай, көл жағасында спорттық-бұқаралық ойындар өткізуге арналған спорттық алаң жоқ. Сонда да жыл сайын шомылу маусымы ашылғанда жағажай футболы мен волейболдан жарыс өтіп жүр.

Қажет АНДАС

Биылғы шомылу маусымының ашылуына жағажай волейболы, арқан тарту, гір көтеру және армреслинг бойынша сайыстар өткізу жоспарланған. Ойын алаңынан бөлек бұл жақта жол мәселесі де әлі өзекті. Айталық, 2017-2020 жылдары бюджеттен 10 млрд. теңгеге жуық қаржы шығынданып, «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автомобиль жолының тек 35 шақырымы ғана жасалды. Бас мердігер «Жол» ЖШС тақтайдай жол төсеп, жобаны сапалы атқарып шықты.

Өткен жылы «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35-110 шақырым аралығы қайта есептеліп,жол құрылысы 13693,555 млн. теңгені құрады. 2023 жылға дейін толық аяқтау «Жол» ЖШС-не тапсырылған. Сондай-ақ, Лепсіден көл жағалауына дейінгі 27 шақырым жолға 2955,334 млн. теңге бөлініп,құрылыс жұмысы бас мердігер «Казс- тройцентр» ЖШС-нің еншісіне тиіпті. Олар жобаны келесі жылдың шомылу маусымына дейін аяқтайтынына сенімді.

Қазір аталған аумақтарда топырақтың өсімдік қабатын алу, айналма жолды жайластыру, жер қазу және құбырлы және тюбенді өткелдердің құрылысы, тағы да басқа жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен,көлге шомылуға баратын жүргіншілер 2017 жылдан бері жыл сайын сағызша созылып келе жатқан жол құрылысына наразы. Осы жағдай биыл да қайталанғалы тұр. Сондықтан Балқаш көліне келетін демалушылардың қатарын көбейту үшін автожолды тездетіп жөндеген жөн.

Тағы бір айта кетерлігі,қазір демалушылардың талғамы жоғары. Өйткені, шетелдің жанға жайлы, демалысқа қолайлы жерлеріне жиі баратындар елдегі демалыс айлақтарынан да сондай жағдайды талап етеді. Бұл ретте Сарқан ауданындағы туризм мен демалыс орындарын дамыту мақсатында 2012 жылдан бастап«Балқаш туристік-рекреациялық аймағын» жоспарлау жобасы қолға алынды.

Тынымсыз жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік сараптаманың және бас жоспардың оң қорытындысымен 860 гектар аумақты құрайтын бас жоспардың 560 гектарының техникалық экономикалық негіздемесі әзірленген. Оның жобасын «Казгипроград» жобалау институты» ЖШС 23 320 000 теңгеге орындапты. Бас жоспар Сарқан аудандық мәслихатымен 2013 жылғы 17 сәуірдегі №16-87 қаулысымен бекітілді. Бас жоспарда балық аулау және аңшылық демалыс аймағы, жастар аймағы, климат, су және балшықпен емдеу аймағы, қыс мезгіліндегі демалыс аймағы, балалар демалыс аймағы, отбасылық демалыс аймағы, элиталық демалыс аймағы сияқты 7 демалыс аймағы мен бірнеше кешен қамтылған.

Есептік мерзімге жобаланған аумақтың жалпы сыйымдылығы шамамен 44,92 мың демалушыны және рекреациялық салада 7,5 мың адамды қамтиды. Олар жайлы демалып қайтуы үшін таза ауызсу желісі мен көріз жүйесі тартылып,сорғы стансылары салынады. Электрмен толық қамтамасыз етіліп, көл жағасына жүргіншілер жүретін тротуар, оның бойына жарық шамдар орнатылмақ. Осы жұмыстар толық жүзеге асса, Балқаш көліне баратын демалушылардың қатары көбейе түспек.

Сарқан ауданы

21 MAÝSYM
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ


Jetisý

№69 (19064)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЛЕПСІ – 2022

МАЛШЫЛАР ТОЙЫ ДҮРКІРЕП ӨТТІ



Алакөл ауданының Лепсі ауылында «ZHERSU» корпорациясының ұйымдастыруымен республикалық малшаруашылығы өнімдерінің көрмесі өтті. Екі күнге созылған шара аясында алыс-жақын шетелден келген қонақтар мен жетісулықтар халықаралық конференцияға қатысып, шаруашылықтардың тыныс-тіршілігімен танысты, ат спорты мен балуандар сайысын тамашалап, мал шаруашылығы өнімдерінің көрмесін көрді. Үздіктер марапатталып, дүбірлі той болды.

Қажет АНДАС

қолға алғанымен, аз жылдың ішінде жақсы жетістікке жетті, – дейді халықаралық сарапшы Фрэнк Грэвс.

Дегенмен де, елімізде асыл тұқымды мал өсіру және оның өнімін экспорттауда шешуге тиісті түйін жетерлік.

– Бағаның өсуі, ет экспортына қойылған шектеу салдарынан фермерлер өз мүмкіндігін толық іске асыра алмай келеді. Осыған дейін Қазақ ақбас және Әулиекөл тұқымдарын көп өсіріп едік. Енді етті бағыттағы ірі қара тұқымын жерсіндіріп, мол пайдаға кенеліп отырған шаруашылықтар көбеюде. Алайда, мен ірі қараның ана тұқымы пайдалы, мына тұқымы нашар деп бөліп-жармаймын. Бірақ шаруалар жер жағдайы, ауа райы, тағы да басқа мүмкіндікті қарастыра отырып, өзіне үйлесімді тұқымдарды өсіргені жөн. Оған мемлекеттік қолдауды аямаған дұрыс, – деп қорытты сөзін Асылжан Сарыбайұлы.

(Соңы 3-бетте)

ҮЙРЕНЕР НӘРСЕ КӨП

Үшарал қаласындағы З. Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйінде өткен халықаралық конференцияны «Қазақстанның ет одағы» бірлестігінің басшысы Асылжан Мамытбеков жүргізіп, шетелдік сарапшылар тәжірибесімен бөлісті.

Расында, 2020 жылдан бастап еттің бағасы үнемі өсіп, биылғы мамыр айында ең жоғары көрсеткішке жетті. Еліміздегі сиыр еті бағасының өсуіне жем-шөптің қымбаттауы, тасымал құнының артуы әсер етті. Бірақ Жетісу жеріндегі жағдай қалыпты көрінеді.

Алайда мал өнімдерін шетелдерге экспорттаудағы қиындықтар салдарынан шаруалар қаржыдан қағылып жатыр. Ол үшін шетелдердің ет экспорты саласындағы тәжірибесін үйренуге тура келеді. Бұл жайлы Чехиядағы етті мал шаруашылығы қауымдастығының атқарушы директоры Камил Малат, Румыния Абердин-ангус тұқымы қауымдастығының жетекшісі Марчелли Олтеану, Ресей сиыр етін өндірушілер ұлттық одағының бас директоры Роман Костюк және басқа да сарапшылар ұтымды ұсынысымен бөлісті.

– Ірa қараның Ангус тұқымын әлемнің біраз елі өсіреді. Олардың жағдайын жақсы білемін. Бірақ етті бағыттағы сиырларды өсіруді қазақстандықтар кешігіп

«JETISÝ» -АҚПАРАТ

Тау бөктеріндегі дүбірлі дода

Ескелді ауданы, Екпінді ауылында орналасқан «Тау-Жетісу» демалыс аймағында парапланерлік спорттың дәлме-дәл қону түрінен әлем кубогы жалауын желбіретті.

27 мемлекеттің спортшылары бас қосқан дүбірлі дода 27 маусымға дейін жалғасады. Жарысқа қатысушылар, ең алдымен, әлем кубогын сарапқа салады. Одан кейін 21 маусымнан бастап 27 маусымға дейін Азия чемпионаты жалғасады.

Тау бөктерінде жалауы желбіреген жарыстың ашылу салтанаты өтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген спортшылар жер жаннаты Жетісудың табиғатына тамсанып, доданың ұйымдастырылуына таңдай қақты. Бірінші болып сөз алған Ескелді ауданының әкімі Рустам Әли спортшыларға сәттілік тілеп, Жетісу жерінің тарихына үш тілде кеңінен тоқталды. Келген спортшыларға толық ақпар бере келе, әр командаға естелік сыйлық табыс етті. Одан кейін Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Алмат Үшкемпіров сөз сөйлеп, спортшыларға тілегін білдірді.



Сонымен байрақты бәсекеге қатысушылар таудан парапланмен ұшып, белгіленген нүктеге дәл түсулері керек. Аталған дода Жетісу облысында осымен екінші мәрте өтуде. Жарыстың ашылу салтанатынан кейін қонақтарға ән мен күйден шашу шашып, қазақтың ақшаңқан үйлері тігіліп, салт-дәстүрімізден сыр шертетін шағын көрме таныстырылды. Сонымен қатар, ұлттық тағам ұйымдастырылып, қонақтарға дастарқан жайылды. Жарыстың нәтижесін жеңімпаздар анықталған уақытта жазатын боламыз.

Әмір САНА

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ

Екі басқарма бірігеді

Жетісу облыстық мәслихатының кезектен тыс II сессиясы өтіп, қайта құрылатын облыстық басқармалардың тізімі таныстырылды.

Мәди АЛЖАНБАЙ

15 депутат қатысқан кезектен тыс сессияны ашып, жүргізіп отырған облыстық мәслихат хатшысы Гүлнар Тойлыбаева жиынға Алматы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері шақырылғанын жеткізіп, күн тәртібінде қаралар мәселелерді таныстырды. Оның айтуынша, сессияда екі мәселе – Жетісу облысының басқару схемасы және облыстық мәслихаттың 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіледі.

Алғашқы мәселеге орай сөз алған Алматы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірханов:

– Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-шы бабына сәйкес облыстық әкімнің ұсынуы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің басқару схемасын бекіту облыстық мәслихаттардың құзыретіне жатады. Осыған орай Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өз ұсынысын енгізген болатын. Сондықтан Жетісу облысының басқару схемасын сіздердің бекітулеріңізді сұрап отырмыз. Басқару схемасы облыс әкімдігінің аппаратынан және 23 басқармадан тұрады. Бұрынғы Алматы облысында болған басқару схемасынан айырмашылығы жоқ. Тек дін істері басқармасы мен ішкі саясат басқармасы біріктіріліп, қайта құрылады. Қалған басқармалар өз орнында. Осы схеманы бекітіп берулеріңізді сұраймыз, – деп мәселені төтесінен қойды.

Ұсынысқа ашық дауыс берген кезектен тыс II сессияға қатысушылар мәселені бірауыздан қолдап, облыстық басқармалардың өз жұмысын жүргізуіне мүмкіндік берді. Сонымен облыста екі басқарма бірлесіп, «Қоғамдық даму басқармасы» құрылды.

Одан соң облыстық мәслихаттың 2022 жылдың қалған мерзіміне арналған жұмыс жоспары бекітіліп, көпшіліктің қолдауын тапты.

БӘРЕКЕЛДІ!



Саябақты әткеншекпен әрледі

Күнделікті тірлікте жұмыстың жоқтығын сылтауратып, ішімдікке салынатын, босқа ас ішіп, аяқ босататын, отбасында жанжал тудыратын жігіттер бар қоғамда.

Отбасынан береке қашырып жүрген осындай жандарға Нұршат Нұғыманұлының мына бір тірлігін үлгі ретінде ұсынуға болады. Шағын қаладағы «Жастар» саябағындағы балалар әткеншегі қолдан жасалған. Ал оның 1-топтағы мүмкіндігі шектеулі жанның қолынан шыққанын естігенде бастапқыда сенбегеніміз рас. Орайы келгенде Нұршат Нұғыманұлымен танысып, әткеншекті көріп қайттық. Алыстан қараған адам оны зауыттан шыққан әткеншек деп ойлайды әрі қарапайым адам жасағанына мүлде сенбес еді.

– Балаларды қуанышқа бөлейтін осындай әткеншектің қажеттілігін көріп, саябақта балақайларға қызмет көрсететін Рақым Байқожаға өзім ұсыныс айттым, – дейді шебер қолды Нұршат. – Тапсырыс иесінің келісімін алған соң ғаламторға үңіліп, үлгілерге қарап, 15 күннің ішінде жасап шықтық. Темірлерді қажетті қалыпқа иіп, оны дәнекерлеуге, бояуға достарым көмектесті. Орындықтарды арнайы тапсырыспен Алматыдан алдырдық. Түрлі түсті болып жанатын жолақ шамдар орнаттық. Қауіпсіздік жағына да баса мән бердік.

Үйінде тұрмыстық техникаларды жөндейтін шағын шеберханасы бар Нұршат Қытайдан 2006 жылы келген. Үкіметтің қайтарымсыз қаржысына қол жеткізіп, қолдан келетін кәсібімді кеңейтсем деген ниеті де бар. Арнайы тапсырыс түссе бұдан басқа да дүниелер жасауға дайын Нұршаттың талпынысын қуаттап, ісіне сәттілік тілейік.

П. ЖЕҢІСХАН
Сарқан ауданы
Жетісу облысы

БАЛА – БОЛАШАҚ

9 ай, 9 күн – мектепте...

Жазғы демалыс – балалардың асыға тосатын мезгілі. Алайда, қазір лагерьдің денін мектеп жанынан ашылған жазғы алаңдар құрап отыр.

Жазғы алаң барлық мектепте 1 маусымнан бастап, 28 шілдеге дейін жұмыс істейді. Демалыс алаңы тегін қызмет етеді. Түскі тамақтану қарастырылмаған. Ашық алаңның кешендік бағдарламасына тәрбиелік-сауықтыру және танымдық шаралар жоспарға сәйкес енгізілген. Сонымен қатар, командалық-спорттық ойындар, саяхаттар, табиғат аясындағы ойындар, қызықты фильмдер көрсету, флешмобтар, түрлі тақырыпта асфальтта сурет салу байқаулары және басқа да шаралар өткізіледі.

Демалыс кезіндегі ең басты мәселе – балалардың қауіпсіздігі. Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары жазғы демалыс басталмас бұрын жаздық алаңдарда өрттен сақтану қондырғылары орнатылуын қадағалап, онда жұмыс атқаратын қызметкерлерді сынақтан өткізген. Балаларды тасымалдау қауіпсіздігі мен жарақаттанудың алдын алу бағытындағы шаралар да өз деңгейінде қарастырылған.

Қалай болғанда да, жылдың 9 айын мектепте өткізген баланы тағы да 9 күн білім ұясы маңында ұстау үйлесімді жайт емес. Сондықтан қала сыртынан өндірістік, практикалық, шығармашылық лагерьлерді көбейту керек-ақ. Бұл іске бала болашағын ойлаған кәсіпкерлер қолдау танытса нұр үстіне нұр болар еді.

Қ. ОМАРАҚЫН
Талдықорған қаласы

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША «ЖОЛ КАРТАСЫ» ЖАСАЛАДЫ

Алматы облысының әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ өткен аптада Талғар және Қарасай аудандарының тұрғындарымен кездесті

Талғар ауданы:

Өзекті жайттар қозғалды



Кездесу барысында өңір басшысы «Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы» баяндама жасады.

– Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында Талғар ауданының үлесі зор. Ауданда 216 кәсіпорын болса, оның 158-і өңдеу өнеркәсібі. Биылғы жылдың 5 айында олар 15 пайыз өсіммен 34,5 млрд. теңгенің өнімін шығарды. Ауданда пластикалық құрылыс материалдарын шығаратын «KERUENPLUS», полиграфиялық өнімдер шығаратын «ИНТЕЛЛСЕРВИС», жиһаз шығаратын «КПК ZETA», комбинезондар мен формаларды тігу бойынша «Клотвелл» және тағы басқа ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бар. Бұл кәсіпорындардың өнім көлемі облыстың жалпы өнеркәсіп өнімінің 30 пайызын құрайды, – деген облыс әкімі Талғар ауданының экономикалық-әлеуметтік ахуалын жіпке тізгендей тарқатып өтті.

– Ауыл тұрғындарының наразылығын тудыратын түйткілді мәселе – жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі. Мониторинг барысында 78,9 мың гектар ауылшаруашылығы мақсатындағы пайдаланылмайтын жерлер анықталған, оның ішінде егістік – 7 мың гектар, көпжылдық дақылдар – 544 гектар болса, жайылымдық жерлер 71,4 мың гектарды құрайды. Қабылданған шаралар нәтижесінде 3,2 мың гектар мемлекет меншігіне қайтарылды, – деген өңір басшысы бұдан әрі инвестициялық жобалар жайын тарқатты.

2026 жылға дейін Алматы өңірінде жалпы құны 1 трлн. теңге болатын 134 инвестициялық жобалар пулы құрылды. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде 9 мыңға жуық жұмыс орны ашылатын болады.

Алматы облысы әкімінің есептік кездесуіне келген тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың дені әлеуметтік мәселелерді арқау етті. Тұрғын үй кезегіне жете алмау, жеке мүлікті заңдастыра алмау, жол мен су, электр жарығының жеткіліксіздігі, жұмыссыздық, Талғар қаласы мен ауыларалық қоғамдық көліктің жоқтығы, сондай-ақ, денсаулық саласындағы кемшіліктер мен медициналық пункттың тапшылығы, жайылымның жоқтығы сынды өзекті мәселелер сөз болды. Кездесу соңында Марат Сұлтанғазиев көтерілген мәселелердің шешімін жеке бақылауына алатынын айта келе, өз аппаратына әлеуметтік мәселелердің Жол картасын әзірлеуді тапсырды.

Ұ. ИСАБЕК
Талғар ауданы
Алматы облысы

Қарасай ауданы:

Қордаланған дүние шаш-етектен

Өңірдегі атқарылып жатқан игі істер мен жекелеген кемшіліктерге кеңінен тоқталған Марат Елеусізұлы облыстың өнеркәсіп өнімінің 29 пайызын қамтамасыз етіп отырған Қарасай ауданының даму қарқынына оң баға берді.



Шынымен, бүгінгі күні Қарасай ауданы өңір қазынасына қомақты қаржы құйып отырған «донор» аудан болып есептеледі. Мұнда 317 кәсіпорын тіркелген болса, оның 256-сы өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Ағымдағы жылдың 5 айында олар 15,9 пайыз өсіммен, 200,9 млрд. теңгенің өнімін өндірді. «RG BRANDS Kazakhstan» ЖШС, «Coca-Cola Almaty Bottlers», «Hamle Company LTD», «Asia Agro Food», «Efes Kazakhstan», «Kagazy Recycling», «Kelun Kazpharm» сияқты аудандағы өнеркәсіп өнімінің 70 пайызын шығаратын 7 кәсіпорын аудан, облыс қана емес, еліміздегі жетекші өндіріс орындары қатарына жатады.

Баяндамада әлеуметтік сала, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіндегі жұмыстар да жан-жақты талданып, халқының саны күн емес, сағат санап артып келе жатқан өңірде үш ауысымды мектептердің жайы, медицина мамандарының жетіспеушілігі, жол мен жарық, ауызсу мен көгілдір отын мәселелері әлі де толықтай шешімін таппағаны айтылды. Сөзінің соңында Марат Елеусізұлы алдағы атқарылар жұмыстарды анықтап, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Осыдан кейін жиынға келген тұрғындар өздерін алаңдатып жүрген мәселелерге әкім назарын аударып, күрделі жайлардың күрмеуін шешіп беруін талап етті. Алғашқы болып микрафонға келген зейнеткер Әмина Әбдраманова 70 мыңнан аса тұрғыны бар Қаскелең қаласында жас ұрпаққа рухани және мәдени тәлім-тәрбие беретін өнер орталығының жоқтығын тілге тиек етті.

Қошмамбет ауылының тұрғыны Сайлаубек Тасырбаев елді мекенде мектептің жетіспеушілігінен 600-ге жуық бала тасымалданып оқитынын, мектепке барар жолда аспалы көпірдің жоқтығынан балаларға қауіп төнетінін, ескі көшелер күрделі жөндеуді қажет ететінін, жарық, газ және су сияқты стратегиялық маңызы бар қызметтерді жекеменшік иелігінен алып, мемлекет қарамағына беру қажеттігін айтты.

Аты-жөнін атамаған тұрғын Алмалыбақ – Мерей – Боралдай елді мекендерінің арасын жалғап тұрған облыстық мәртебедегі жолдың тозығы жеткенін жеткізсе, өнер саласының маманы Дана Мейірбекова Қырғауылды ауылында «Этноауыл» ашқанын айтып, осы жерде тұрғын үйлердің жанына өндірістік нысандар салынғандықтан адамдардың денсаулығына нұқсан келіп жатқанын жеткізді.

Абай ауылынан арнайы келген зейнеткер Тұраш Қалмұратова елді мекенде кәріз жүйесінің жоқтығын, жолдардың сапасы сын көтермейтінін, жастардың шығып өсуіне қажетті спорт үйірмесінің тапшылығын, балалар ойнайтын алаңдардың болмауын ашына айтқан. Ол, сонымен қатар, дәрігерлік амбулаториядағы мамандардың мәдениеті мен кәсіби біліктіліктеріне де күмән келтірді.

Жаңатұрмыс ауылының тұрғыны Диана Пак көшелердегі қоқыс-қалдықтарды шығаратын «Тазалық» ЖСШ компаниясының жұмысына сын айтып, әкімшілік қызметкерлері солардың мүддесін қорғап отырғанына шағым жасады.

Ал, Абай ауылының тұрғыны, блогер Бағдагүл Андреева болса «Алтын Орда» әмбебап базарының Алматы қаласына немесе облысқа қарайтыны толық анықталмағандықтан «жедел жәрдем» шақыру кезінде бірбіріне сілтейтінін, ал автобус қатынасы кешкі 9-дан кейін тоқтап қалатынын айтып, осы мәселелерді шешу қажеттігіне тоқталды. Алмалыбақ ауылының тұрғыны Зәуре Ешмұханбетова елді мекендегі негізі 60 жыл бұрын қаланған саябаққа қауіп төніп тұрғанын, ол жерге Мәдениет үйін салу жоспарланғанын айтқан. Бұл сауалға жауап берген облыс басшысы Мәдениет үйіне басқа жер тауып, саябақты жаңартуға тапсырма берді.

Көксай ауылының тұрғыны, қоғам белсендісі Әсет Аманбаев Балалар жылында балаларға ешқандай жақсылық жасалып жатпағанын айтып, мектептерде оқушыларды тамақтандырудың сын көтермейтінін, көп мектепте футбол, волейбол, баскетбол алаңының жоқтығын жеткізді. Ол сонымен бірге мемлекеттік ауруханалардың жекеменшікке сатылуына, облыстық көпсалалы аурухананың үндістерге берілуіне қарсылық білдірді.

Облыс басшысымен кездесуге келген көпшілік мектеп, жол, ауызсу, жарық, балалар ойнайтын алаң мен тоқтап қалған «Арт спорт» бағдарламасы жайында, өзге де ұсынысын айтып, аталған мәселелер бойынша шара қабылдауын сұрады. Тұрғындар сауалына Марат Елеусізұлы мен Жандарбек Ермекұлы және өзге де басқарма басшылары ұсыныстардың алдағы жұмыс жоспарына енгізетіні жөнінде уәде берді.

Бұл басқосудың тағы бір ерекшелігі – аудан әкімі Жандарбек Далабаевтың зейнет жасына келуіне байланысты Құрметті демалысқа шығарылуы болды. Облыс басшысы Жандарбек Ермекұлының өңірдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдіріп, Алғыс хат пен гүл шоқтарын жиналған жұртшылық алдында табыс етті.

Қ. ҚАЙРАНБАЕВ
Қарасай ауданы

ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Талдықорған тұрғындарын жол сапасы, ауланы абаттандыру, балалардың ойын алаңдары жайлы мәселелер қатты алаңдатады. Әсіресе, жаңадан салынған шағынауданда тұратын жандардың айтар арыз-шағымы жетерлік.



ЖАҢАНЫ ҚАЙТА ЖАҢАЛАУДАН БАСҚА ЖҰМЫС ЖОҚ ПА?

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Олар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шын мәнінде іске асып, талап-тілектерін жергілікті атқарушы органдар ескеріп, тиісті шара қабылдаса екен дейді.

Айталық, «Бірлік» шағынауданындағы көппәтерлі тұрғын үйлердің барлығы дерлік пайдалануға беріліп қойды. Алайда, көлік тұрмақ, жаяу адамның өзі ауладан көшеге шығуы мұңға айналған. Неге десеңіз, аталмыш шағынауданда орналасқан Ж.Балапанов көшесіне тас төселіп, біраз жылдан бері сол қалпы тұр. Тым болмағанда жол жиегіндегі шұңқырлар да жабылмай, ашық күйінде жатыр.

– Көріп тұрғандарыңыздай, жолдан шаң шығады. Таза ауамен тыныстамақ түгіл, терезе ашып, үйдің ішін желдете алмаймыз. Күні бойы жеңіл көліктен бөлек, жүк көліктері ары-бері өтіп, шаңдатады. Терезе ашудан қалдық. Аулаға кіретін жол тіпті сорақы. Су құбырын тарту үшін қазылған шұңқыр қоршалмаған, балаларымыз құлап кетсе, кім жауап береді? Құбырдан тамған суды тоқтатпаса, жаны опырылып түседі. Әрең дегенде шетіндегі топырақты ары итертіп, жол ашқыздым, – деген сол шағынауданның тұрғыны Болат Нужанов, есік алдында балалардың ойын алаңы тұрмақ, көлік қоятын тұрақ салынбағанын айтты.

Шындығында ауладағы балалардың ойын алаңдары «Бірлік» шағынауданында ғана емес, «Болашақ», «Көктем» шағынаудандарында да жоқтың қасы. Ата-аналардың көбі балаларын көрші орналасқан «Самал» шағынауданына апаруға мәжбүр. Ал, балаларды өздігінен жібреуге қорқады.

Жоғарыда сөз еткен Ж. Балапанов көшесіндегі бордюр жақында ғана ауыстырылды. Ендігі кезекте асфальтты қырып, оны да жаңалап жатыр. Бұл туралы журналист, Жетісу облыстық мәслихат депутаты Самал Қабышева:

– Мұнда жаңа асфальт жатқан болатын. Бірақ біздегі шенеуніктер сол жолды қырғызып тастап, жаңа жолды қайтадан жаңаламақ. Тура осы жолдағы бордюрлерді де ауыстырды, әлі де ауыстырып жатыр. Жаңаны қайтадан жаңалауда алдарына жан салмайды. Сол дұрыс па? Ақша текке жұмсалуда. Жетісу облысына әкім болып тағайындалған Бейбіт Исабаев мұндай жағдайларға алдағы уақытта жол бермейді деп ойлаймын. Шын мәнінде, Талдықорғанда әлі жөндеуді қажет ететін, шұрық тесікке толы қаншама жол бар, – деп мұның барлығы текке ақша шығындау екенін жеткізді.

Жолдың сапасына көз жеткізу үшін облыс орталығын аралап шықтық. Нәтижесінде, жөндеуді қажет ететін біраз көшені кезіктірдік. Мысалы, Н. Алдабергенов, Желтоқсан, Сланов, Набережная көшелерінде шұңқыр бар. Сонымен қатар, «Қаратал» шағынауданын басып өтетін Набережная көшесіндегі бордюрлердің ауыстырылуын тұрғындар қолдамайды. Оның үстіне құрылыс жұмыстары әлі де аяқталмаған.

Аралау барысында кейбір көшелердегі люктердің отырып кеткенін байқадық. Тіпті, негізгі көшелердің бірі саналатын Ілияс Жансүгіров көшесіндегі люк көліктерге кедергі келтіруде. Осыдан екі күн бұрын ғана Абай мен Ілияс Жансүгіров көшесінің қиылысында люк ашық қалып, нәтижесінде екі көлік соқтығып, адам жарақаттанды. Ал «Шығыс» шағынауданында арықтардың бетін жауып тұрған люктер ұрланған. Жүргізушілер күндіз байқар, ал, түнде тесікке түсіп кетуі мүмкін. Осындай олқылықтарды жылдам ретке келтірмесе, зардабын қарапайым халық тартады.

«Самал» шағынауданында орналасқан 25, 26, 27, 28, 29, 30 тұрғын үйлерге кіретін негізгі көшенің сапасы сын көтермейді. Талай жылдан бері бұзылып жатыр. Оның үстіне тек бір ғана көлік сиятындай етіп жасалған. Сондағы бұрылыста ашық жатқан люктің беті көліктің дөңгелегі түскеннен кейін ғана қайта бітелді. Көше бойындағы бордюрдің әбден тозығы жеткен. Ауыстыруды қажет етеді. «Жол жыры» мәселесі қала ішінде ғана емес, қала маңындағы саяжайларда да өте өзекті. Мысалы, «Қызыл тас» саяжайындағы көшелерде жаңбыр жауса, балшыққа батып, жүру мүмкін болмай қалады. Жол мәселесі «Көктал», «Солтүстік-Батыс», «Ынтымақ», «Жастар 2» шағынаудандарындағы тұрғындарды да мазалап келеді.

Қорыта келе айтарымыз, аталған жайттарға тиісті мемлекеттік мекемелер мән беріп, мәселені шешу жолдарын ұсынса...

Талдықорған қаласы

МАЛШЫЛАР ТОЙЫ ДҮРКІРЕП ӨТТІ



(Басы 1-бетте)

• Оспановтардың тәжірибесі

Конференциядан кейін «ZHERSU» корпорациясының төрағасы Бауыржан Оспанов қой, жылқы, сиыр түлігін өсіретін шаруашылықтарды аралатып, оларды бағып, асылдандырудың қыр-сырымен бөлісті. Көпшілік алдымен Шынжылы ауылындағы «Шынжылы» шаруашылығына ат басын тіреді.

Қажет АНДАС

«Мал баққанға бітеді» дегендей, «Шынжылы» шаруашылығы австриялық әдіспен ірі қара өсіріп жатыр.

– Сиыр шаруашылығы – өте қиын сала. Бұрын сүт бағытында жұмыс істедік. Ет бағытына ауысқалы ірі қара басы жылдан-жылға өсіп, көбейіп жатыр. Оның саны бүгінде 20 мыңға жетті. Кейінгі жылдары Ангус сиырын өсіруді жоспарлы түрде қолға алдық, – дейді Бауыржан Кеңесбекұлы.

Қара малдың етті тұқымы «Абердин-Ангус» деп аталатын асыл тұқымды табын түстіктің климатына бейімделіп алыпты. Бұзауы тез өсіп, жылдам салмақ қосады. Бабына келсе, әр ірі қара бір тоннаға дейін таза ет береді.

– Мамандардың есебінше, әрбір сиыр жыл сайын төлдеп отырса, 5 жыл көлемінде мал басын 4-5 есеге көбейтуге мүмкіндік бар. Шаруашылық бүгінде мал басын көбейтіп, жаңадан туған бұқаларды бордақылап, етін сатып пайда табуда. Осы арқылы ауданның ет өндіру әлеуетін ұлғайтуды мақсат етіп отырмыз, – дейді «Шынжылы» шаруашылығының бас мал дәрігері Бауыржан Сиқымов.

Тентек өзенінің бойындағы тепсеңде үйіріліп тұрған «Alakol Asyl Zhylkisy» ЖШС өнімдерін көргенде таңдай қағып, тағы да тамсандық.

Бауыржан Оспанов жылқыларды асылдандырудағы басты мақсат – қазақ жылқыларын ірілендіру екенін жеткізді. Мәселен, тұқымынан жорғалығы үзілмеген жылқыларды бір бөлек сұрыптаса, ақалтеке, бәйге және спорттық ойындарға қатысатын жылқылар бөлек күтімге алынған.

Қазіргі кезде Қазақстанда қазақы тұқым, Маңғыстау, Атырау облыстарында өсірілетін жеңіл типті «Адай» жылқысы, спорттық бағыттағы «Қостанай» тұқымы, ет-сүт бағытындағы «Көшім» және Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда облыстарында шығарылған «Мұғалжар» тұқымы сияқты төрт отандық жылқы тұқымы бар. Міне, енді оған Алакөл асыл жылқысы қосылды. Тынымсыз еңбек үлкен жетістікке жетелеп келеді.

Қой өсірудің де көпжылдық тәжірибесінен өткен корпорация жүн бағытындағы «Меринос», «Қазақтың биязы жүнді қойы», ет бағытындағы Дорпер, Еділбай, Тексель, тағы басқа тұқымдарын өсіруде. Бүгінде корпорацияда 50 мыңға жуық қой бар. Селекциялық жұмыстардың арқасында қой тұқымын асылдандыру ісі де назардан тыс қалмаған. Нәтижесінде, екі айлық қозының салмағы 30-32 келі тартатын жағдайға жетіп отыр.

– Егер етті бағыттағы қошқарларды еліміздегі шаруашылықтар сатып аламын десе, қолжетімді бағада беруге дайынбыз. Сондай-ақ, ұсақ шаруашылықтарды қолдай отырып, өнімдерін шетелдерге сатуға да көмектесеміз. Сондықтан ұсақ шаруашылықтарды бірлесе жұмыс істеуге шақырамыз, – дейді Бауыржан Оспанов.

• Алакөлдегі аламан

Таң атпастан атшабарға жиналған халық бәйгенің басталуын асыға күтті. Атшабардың бір жағында топ бәйге, аламан бәйгеге шабатын жүйріктер мен су жорғалар тізімделсе, екінші жақта белдесетін балуандар ретке тұрып жатты. Шараның ең қызықты тұсы – күн арқан бойы көтерілгенде басталды. Алдымен жұрттың қуанышын Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың құттықтау сөзі еселеді:

– Қымбатты шетелдік қонақтар, қадірменді жерлестер, айдынды Алакөл өңірінде өтіп жатқан республикалық мал шаруашылығы өнімдері көрмесіне қош келдіңіздер. Ата-бабаларымыз ежелден мал бағудың қыры мен сырын терең меңгеріп, төрт түлікті шөбі шүйгін, суы таза жайлауда өсірген. Жетісу облысы – ауылшаруашылығына қолайлы, мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы өңір.

Алдағы уақытта алыс және жақын шетелдерге мал өнімін экспорттауға қатысты жоспарлар бар. Ол өз ретінде орындалады деп сенем, – деді ол.

Марапаттау салтанатынан кейін топ бәйге, жорға сайыс, аламан бәйге басталып, боз кілемнің үстінде еліміздің әр өңірінен келген балуандар белдесті.

Ат – қазақтың қанаты ғой. Бәйге біткенше жиналған қауымның делебесі қозып, балуандар күресін қызыға тамашалаған көпшіліктің көңіл күйі көтеріңкі болды. Желмен жарысқан жүйріктер жарысының қорытындысы бойынша 1-орынды Жамбыл ауданы, Көкбастау ауылының тұрғыны Тастан Әбдібайдың сәйгүлігі жеңіп алса, балуандар белдесуінде Қызылорда облысының балуаны Мақсат Исағабылов қарсыластарын шаң қаптырды. Екеуі де «ZHERSU» корпорациясы жүлдеге тіккен автокөліктің иесі атанды.





Көпшілікті тағы бір қызықтырғаны – Лепсі атшабарының кіреберісіндегі аумаққа орналасқан мал шаруашылығы өнімдерінің көрмесі болды.

• Мал шаруашылығы өнімдерінің көрмесі

Көрмеге еліміздегі асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын шаруашылықтардың ірі қараның етті бағыттағы Абердин-ангус, Лимузин, Қазақ ақбас, Герефорд, Қалмақ, Әулиекөл тұқымдары мен ұсақ малдық етті және жүнді бағыттағы Еділбай, Тексель, Қазақтың биязы жүнді қойы, Ақ дорпер, Қарабас дорпер, Суффоль тұқымдары, сондай-ақ, Алакөлдің асыл жылқылары қойылды.

Сонымен қатар, көрменің бір тұсында мал азығы мен жем-шөптің де түр-түрі көпшілік назарына ұсынылды. Ал оған қарсы шатырларда мал шаруашылығына керекті бұйымдар өндіретін шеберлердің дүниесі жинақталса, бір қатарға ара шаруашылығымен айналысатындардың бал өнімдері жайғасты. Көрме орналасқан орталық пен атшабардың айналасына ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, онда ұлттық тағамның түр-түрі пісіріліп, көрмені тамашалай келген ауыл тұрғындары мен шетелдіктерге қазақтың қонақжайлығын таныта түс ауа бағдарлама бойынша шаруашылықтардың асыл тұқымды малдары арасында байқау өткізілді. Байқаудың бас төрешісі американдық, халықаралық сарапшы Фрэнк Грэвс болды. Жан-жақты сараптау және салыстыру арқылы төрешілер бұл жолғы мал шаруашылығы өнімдері көрмесінің абсолютті жеңімпазын анықтады. Сонымен Солтүстік Қазақстан облысының «Мамбетов и К» шаруашылығы «Лепсі–2022 республикалық мал шаруашылығы өнімдері» көрмесінің жеңімпазы болып танылды.

Екі күнге созылған шара Алакөл ауданының Ақши ауылындағы «Koktem Grant RESORT» демалыс айлағындағы кешкі Гала-концертпен аяқталды.

ӨҢІР ТЫНЫСЫ

Туристік инфрақұрылым дамиды

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ алғашқы жұмыс сапарын Алакөл ауданынан бастап, өңірдің туристік әлеуетін арттыру үшін көл жағалауындағы инфрақұрылымды дамытуды тапсырды.

Жалпы, Алакөл жағалауын дамытудың бас жоспарына сәйкес, сумен, электрмен қамту, кәріз жүйесін жүргізу қолға алынған. Биыл жағалауда 3 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып, ірі демалыс орындары іске қосылыпты. Оларда жалпы саны 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, жобаларға 3 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылған.

Жағалауды қоршау жұмыстары бойынша Ақши мен Көктұма ауылдарында жалпы ұзындығы 13,4 шақырым жағалау қоршалуға тиіс. Әзірге 770 метр жері қоршалыпты. Жобаға бөлінген 6 млрд. теңге кезең-кезеңімен игерілмек.

Жуық арада 210 туристік нысанның орталық кәріз жүйесіне қосылуға мүмкіндігі бар. Жоба бойынша 69,1 км кәріз жүйесі тартылып, 8 сорғы стансысының 3-еуі орнатылған. Енді жоспар бойынша 5-еуі орнатылса, қарашада құрылыс жұмысы аяқталады.

Инфрақұрылымдарды жүргізіп жатқан мердігер компаниялардың өкілдерімен тілдескен Бейбіт Исабаев бюджет қаржысын оңды-солды жұмсауға жол берілмейтінін қадап айтты.

– Осындай ірі жобалардың конкурсына қатысар алдында кез келген компания өз мүмкіндігін шынайы бағамдауы керек. Жұмыс көлемі, кадр саны мен біліктілігі, техниканың мүмкіндігі – бәрін де салмақтаған жөн. Барлық тәуекелдерді, соның ішінде баға өсімін де зерделеу керек. Соның бәрін конкурсқа дейін түсініп, шешіп алу керек еді. Бұл бюджеттің қаржысы, халықтың ақшасы. Жобаға түзету енгізу туралы өтініштеріңіз негізді ме, жоқ па, алдымен қараймыз. Нақтыланса, қолдау көрсетуге әзірміз. Басқаша болған жағдайда қатаң шаралар қолданатын боламыз, – деді облыс басшысы.

Мамандардың айтуынша, Ақши ауылын сумен қамту мәселесі шешілген. Өткен жылы желтоқсанда жағалаудағы су жүйесі іске қосылыпты. Қазір Тоқжайлау, Қоңыр, Бибақан, Кеңес ауылдарына су тартудың қажетті құжаттары әзірленуде. Теректі, Лепсі, Көктұма, Бұлақты ауылдарындағы су жүйесі қайта жаңғыртылады. Ақши ауылына электр желісі тартылады. Облыс әкімі бұл бағыттағы жұмыс ауқымын да жан-жақтылы сұрап білді.

Сапар барысында облыс әкіміне «КазАвтоЖол» мекемесінің өкілі Талдықорған – Өскемен автожолының жай-күйі, құрылыс жұмыстарының қазіргі ахуалы жайлы баяндады. Оның айтуынша, бірінші қабат асфальт төсемі биылғы жылы төселіп бітуге тиіс. Бастысы, көпірлердің құрылысы аяқталуға жақын. Төменгі бірінші төсем жасалған соң көлік қозғалысын жүргізуге болады. Ал асфальттың негізгі қабаты келесі жылы төселеді. Облыс әкімі құрылысқа тиісті техникалардың көптеп тартылуын, жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырды. Сол сияқты уақытша жасалған айналма жол учаскелеріне су себу, ретке келтіру жұмысының ойдағыдай еместігін сынға алып, тиісті мекемеге ескерту жасады.

Үшарал әуежайында ұшып-қону жолағы кеңейтіліп, қайта жаңғыртылуда. Осыған байланысты облыс әкімі аталған нысанға да ат басын бұрды. Жұмыс аяқталғанда Үшаралға үлкен ұшақтар да еш кедергісіз қатынамақ. Ұшақ қонатын жолды жаңарту жұмысы аяқталып қалды. Құрылыс жұмысын шілде айының ортасында толық бітіреді. Сонда күніне 8 рейс қатынап, 500-дей жолаушы қабылданбақ.

Балқаш көліне апаратын жолдың құрылысы да назардан тыс қалмай, облыс басшысы Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай және Лепсі – Балқаш көлі бағытындағы жолдарды да қарап, мердігер мекемелерге тиісті тапсырмалар берді.



Қ. ОМАРАҚЫН

Жетісу облысы

ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ



Өмір мен өнер егіздей

Шамалған ауылдық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Медицина қызметкерлері күніне орай "Екі жұлдыз" байқауы өтті. Аталған байқауға медицина саласының қызметкерлері мен кәсіби әншілер жұп болып қатысты.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Көрермені көп болған мерекелік шара «LANA dance» тобының би шашуымен ашылып, алғашқы болып сөз алған Шамалған ауылдық округінің әкімі Ержас Тоқтасынов ақ желеңді абзал жандарды төл мерекемен құттықтады. Сонымен бірге, ауылдағы іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, халықты өнерге баулып жүрген Мәдениет үйінің директоры Шәрбану Қалиева да алғысын білдірді.

Қарасай аудандық Мәдениет үйінің «Замандастар» вокалды-аспапты ансамблінің жетекшісі Нұрлан Ташев пен Шамалған ауылдық көпсалалы ауруханасының дәрігер-психологі Рая Шалдибекова жұптасып, алғашқы патриоттық әнімен кешті бастап берді. Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Айсұлу Ернауан мен балалар дәрігері Әсем Мақұлбаева, әнші Нұрлан Қасымов пен жалпы тәжірибедегі дәрігер Гүлбану Баймұрзаева, әнші Аягөз Ахметова мен балалар бөлімінің мейірбикесі Гүлдана Дауылбаева, Береке ауылдық Мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі Қонақбай Жалмаханов пен медбике Мағрипа Ақылтайлар жұптасып ән салды.

Байқаудың қатысушыларына дәстүрлі әнші Гүлжайна Ғибатоллақызы, Қарасай аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Айжан Балажанова, Қарасай аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Мақсат Жарылқасын төрелік етіп, баға берді. Шара барысында Шамалған ауылдық көпсалалы ауруханасының бас дәрігері Ерлан Серіков әріптестерін кәсіби мерекесімен құттықтап, кешті әнмен әрледі. Сегіз қырлы, бір сырлы өнерлі жұптар жанды дауыста өнер көрсетіп, жиылған жұрт бірінен-бірі озған қызықты әндер мен қойылымдардың куәсі болды.

Байқау соңында бас жүлдені Нұрлан Қасымов пен Гүлбану Баймұрзаева, 1-орынды Нұрлан Ташев пен Рая Шалдибекова, 2-орынды Қонақбай Жалмаханов пен Мағрипа Ақылтай, 3-бәйгені Аягөз Ахметова мен Гүлдана Дауылбаева және Айсұлу Ернауан мен Әсем Мақұлбаева қанжығасына байлады. Шамалған ауылдық Мәдениет үйі мен ауылдық аурухана қызметкерлері қатысқан байқауда барлық өнерпаздарға диплом мен сыйлық табыс етілді. Көрерменнің ыстық ықыласына бөленген өнерпаздардың құшағы гүлге толды.

Кешті жүргізген әнші Елемес Нұрсұлтан да әуезді ән шырқаса, Илана Сәкенқызы биімен кештің сәнін келтірді. Сонымен қатар жас өнерпаз Жүнісбек Әлібектің гитарамен шырқаған әні де көптің қошеметіне ие болды.

Шамалған ауылы,
Қарасай ауданы
Алматы облысы

Хабарландыру

"Alacem" (Алацем) "ЖШС қоғам мүшелерін келесі жобалар бойынша жария талқылаулар түріндегі қоғамдық тыңдалымдардың ұйымдастырылатынын хабарлайды:

1. "Alacem" ЖШС цемент зауыты үшін берілетін шығындардың нормативтері».

2. «Алматы облысы Кербұлақ ауданында цемент өндірудің құрғақ тәсілін пайдалана отырып, өндірістік қуаты тәулігіне 3200 тонна клинкер цемент зауытын салу (бейімдеу)»жобасына қосымша жобалауға қоршаған ортаға әсерін бағалау.

Өтетін орны: Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Қызылжар а/о, Қызылжар ауылы, Қызылжар тас жолы, 8 км, 1 ғимарат. Күні мен уақыты: 29 шілде 2022ж., сағат 10.00.

Бастаушысы: ТОО Alacem (Алацем). БИН 150740001687. Тел. +7 727 3441369.

Жобаларды әзірлеуші: "Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты" ЖШС, БСН 150740001687, Тел. +7 727 3441369.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады (https://ecoportal.kz/) ескертулер мен ұсыныстар беру үшін. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: Асель Найманбаева, тел.+7 7018177330, e-mail: nay-ma@mail.ru

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша қағаз немесе электрондық нысандағы ескертулер мен ұсыныстарды «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Алматы облысы, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к., 26, email: 329683@mail.ru жіберуге болады.

Объявление

ТОО Alacem (Алацем) информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проектам:

1. «Нормативы допустимых выбросов для цементного завода ТОО «ALACEM».

2. Оценка воздействия на окружающую среду на дополнительное проектирование к проекту «Строительство цементного завода производственной мощностью 3200 тонн клинкера в сутки с использованием сухого способа производства цемента в Кербулакском районе Алматинской области (адаптация)».

Место проведения: Алматинская область, Кербулакский район, Кызылжарский с/о, с.Кызылжар, шоссе Кызылжар, 8-й км, здание 1.

Дата и время: 29 июля 2022 года в 10.00.

Инициатор: ТОО Alacem (Алацем). БИН 150740001687. Тел. +77011112650.

Разработчик проектов: ТОО «Центрально-Азиатский институт экологических исследований», БИН 120640019274. Тел. +7 727 367 16 83.

С пакетом проектной документации можно ознакомится на едином экологическом портале (https://ecoportal.kz/) для предоставления замечаний и предложений. Для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности: тел.+7 7018177330, e-mail: nay-ma@mail.ru, Асель Найманбаева. Замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания, также можно направить в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», по адресу Алматинская область, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26, email: 329683@mail.ru

● ТҮЗЕТУ

«Jetisý» газетінің 2022 жылғы 19 маусымдағы № 68 санында «Адам өміріне төнген қауіпті сейілтуден артық бақыт жоқ» тақырыбымен жарияланған мақаладағы «осыдан 2 жыл бұрын Алматы маңында «FlyArystan» ұшағы апатқа ұшырады» деген сөйлемде қате кеткені үшін «FlyArystan» әуекомпаниясынан кешірім сұраймыз. Шындығында, «FlyArystan» ұшағы ешқашан апатқа ұшырамаған.

АЛТЫН ҰЯ

Жолың болсын, жас түлек

Басшы ауылында биылғы мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсырылды. Аудан әкімі Ғалиасқар Сарыбаев ел абыройын асқақтатқан ұстаздар мен ата-аналар еңбегін ақтаған талапты ұл-қыздарға ізгі тілегін жеткізді.

– Сіздерге алдағы уақытта тек сәттілік тілеймін, көптеген жетістікке қол жеткізіңіздер. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп кемеңгер дана Абай атамыз айтпақшы, өмірден өз орындарыңды адаспай тауып, биік белестен көрініңіздер. Арман-дарыңа сүрінбей жетіңіздер! Өйткені, сіздер мектеппен қоштасып, үлкен өмірге қанат қағып барасыздар, – деді Ғалиасқар Төлендіұлы.

Мерекелік шараға қатысқан көпшілік мектеп бітірушілерге ақ тілектерін жаудырып, еркелікпен есейіп ел үмітін ақтаған, айдары алтынмен апталған бүгінгі түлектердің Отанымыздың қазынасы, елдің ертеңгі елеулі тірегі болатынына сенімділік танытып, үлкен үміт артты. Айта кетейік, аудан бойынша 487 түлек мектеп бітіріп, оның 20-сы «Алтын белгі», 60-ы «Үздік аттестат» иегері атанды.

Раушан БИСЕМБЕКОВА

Кербұлақ ауданы
Жетісу облысы

Өмір мектебіне жолдама

Сапалы білім беруде жақсы көрсеткішке ие озық білім ордасының бірі – 150 жылдық тарихы бар Н. Островский атындағы мектеп-лицейінде мектеп бітіру кешіне арналған салтанатты шара өтті.

Шара барысында мектеп түлектеріне орта білімін растайтын аттестат табысталды. Сарқан аудандық білім бөлімінің басшысы Панар Әнуарбекқызы:

– Мектепті бітіріп, үлкен өмірге қадам басқан барша жас түлектерді шын жүректен құттықтаймын! Бүгін сіздер үшін де, ата-аналар мен ұстаздар үшін де маңызды сәт. Қимас мекен, алтын ұяға айналған мектептегі алаңсыз күндер аяқталып, енді сіздерді азаматтық жауапкершілігі мол өмір мектебі күтіп тұр. Мектеп қабырғасында алған білімдеріңіз осы үлкен өмір жолында сіздерге серік болады деп сенемін, – деп барша ұстаздар қауымын кезекті оқу жылының аяқталуымен құттықтап, мектеп бітіруші жас түлектерге ақ жол тіледі.

Биыл аудандағы 30 мектептің 394 түлегі мектеп бітіруде. Олардың 52-сі «Алтын белгі» иегері атанса, 34-і «Ерекше үлгідегі аттестат» алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЛЕБІЗ

«Мектептің жаны – мұғалім»

Балаға білім нәрін құйып, ең алғаш қалам ұстатқан бастауыш сынып мұғалімінің орны қашанда бөлек. Сондай ұстаздың бірі – Д. Қонаев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Ғалия Смайлханова.



Ғалия Үйсінбайқызы – ұзақ жылдар бойы білім беру саласында абыройлы еңбек етіп келе жатқан зерттеуші мұғалім, мектеп тренері.

Ұстаздың айтуынша, бүгінде білім балаларға дайын күйінде берілмей, оқушылардың сыни ойлауына, өз бетімен және топта өзара диалог құрып, бір-бірінен үйрене, үйрете отырып ортақ шешімге келуі негізінде жүзеге асуға тиіс. Осылайша әр оқушының білім алуға деген құлшынысы артады. Оқуға деген қызығушылығы бар бала алған білімін өмірде қолдана алады.

Білім ұясының табалдырығын енді аттаған бүлдіршіндердің сеніміне кіріп, жаңа ортаның тәртібін, мектеп ережесін түсіндіріп, бейімдеу оңай іс емес. Ол ұстаздан мейірім мен терең біліктілікті, тәжірибені талап етеді. Алғашқы ұстаз оқушыға білім берумен қатар, сыныптастарымен тату болу, өзін-өзі ұстау сынды әдет-дағдыларды меңгертеді.

Әр сабақты қызықты өткізу мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты. Бұл ретте Ғалия Үйсінбайқызы әріптестерінің кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында тәлімгерлік жұмысты қолға алған. Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетіп, мектепішілік, аудандық, облыстық деңгейде семинар, шеберлік сыныбын, коучинг, вебинарлар өткізіп, тәжірибесімен бөліседі.

«Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса мектебі де ьәм сондай болмақшы» деп ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, қаншама ұстазға бағыт-бағдар беріп, бір мақсатқа жұмылдыра білетін Ғалия Үйсінбайқызы – шындығында, мектептің жаны мен жүрегіне айналған ұстаз.

Жанна ӘМІРҒАЗИНОВА,
Д. Қонаев атындағы орта мектептің мұғалімі

Алакөл ауданы
Жетісу облысы

ЕСКЕ АЛУ



Көксу ауданы, Қаблиса ауылының тумасы, асқар таудай әке, отбасының тірегі, саялы бәйтерегіміз **Жеңіс Омарбек-Сақбекұлы Дауренбаевты** сағына еске аламыз. Бар өмірін білім саласына арнап, ұлағатты ұстаз атанып, талай шәкіртті қанаттандырған ардақты әкеміздің өмірден өткеніне жыл толып отыр.

Ұлағатты ұстаз жолын таңдаған,
Бар ғұмырын тек білімге арнаған.
Ардақты әке, ақылды ата, асыл жар,
Бабалардың өнегесін жалғаған.
Білім беріп шәкірттерге мыңдаған,
Талай түлек қанат қағып, самғаған.
Мәңгі өмірің жұмақ болсын, жақсы адам,
Ешқашанда қиянатқа бармаған.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жары, ұлдары, қызы, немерелері.

Жетісу облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің атынан Алматы облысының қоғамдық кеңес мүшесі болған, «Байтақ-Болашақ «Экологиялық одақ» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облысы бойынша өкілеттігінің директоры

Қайрат Мұқатайұлы Нұрхановтың

мезгілсіз қайтыс болуына орай, отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 619
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110,
Оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.

30 МАЙСЫМ
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№73 (19068)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ӨҢІР ТЫНЫСЫ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

НАРЫҚ ТАЛАБЫНА БЕЙІМДЕЛУ МАҢЫЗДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Ескелді ауданына іссапармен барды. Алғашқы кезекте «Дүйсенбинов А.К» шаруа қожалығының егістік алқабын аралап, жай-күйіне қанықты.

Алма ЕСЕНБАЙ,
Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Шаруашылық иесі Айдын Дүйсенбинов биыл егіс алқаптарына қант қызылшасы, соя, бидай егілгенін, олардың өнімділін арттыру бағытында жұмыс жүріп жатқанын жеткізді. Алайда құбыр тартуды мойнына алған мердігердің өз жұмысын дұрыс атқармауы салдарынан соңғы үш-төрт жылда су тапшылығы мәселесімен бетпе-бет келіп отырғанын жасырмады. Мәселенің мән-жайына қанығып, оны шешу жолдарын зерделеп көрген әкім: «Қант қызылшасын егу шаруашылыққа пайда әкеле ме?» – деп сұрады.

«Біз үшін басқа дақылдарға қарағанда қант қызылшасынан келер пайда зор. Көп еңбек пен шығынды талап еткенімен өзін-өзі ақтайды. Былтыр 400 гектар жерге қант қызылшасын егіп, Көксу және Ақсу зауыттарына тең бөліп өткіздік. Биыл көлемін азайтып, 270 гектар жергеektік. Егістік басында қазір 50 адам, маусым кезінде 100 адамға дейін жұмыс істейді» – деді А. Дүйсенбинов.

Бұдан соң облыс әкімі Жастар ауылындағы Көксу ауылшаруашылық колледжінің материалдық-техникалық базасымен танысты. Мұндағы оқытылатын мамандықтардың маңызына, түлектердің жұмыспен қамтылу жайына мән берді.

– Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуы – 87 пайыз, бұл – жоғары көрсеткіш. Десек те, колледждер бүгінгі нарық талабына сай қай жерде өндіріс орындары ашылып жатса, соған орай жедел мамандар даярлау бағытында да жұмыс істеуге тиіс. Кейбір мамандықты екі-үш жыл оқытпай-ақ, бірнеше ай оқытып та жастарға немесе жұмыссыз отырған ауыл тұрғындарына меңгертіп, жұмыспен қамту жағын қолға алу керек. Осында оқып жатқан түлектерді де аудан ғана емес, облыс көлемінде, ірі қалаларда ашылып жатқан немесе жұмыс істеп тұрған өндіріс ошақтарына жұмысқа орналастыру жағын үнемі бақылауда ұстау қажет, – деді өңір басшысы.

(Соңы 2-бетте)

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Елдің жаңалығы мен жетістігін жұртқа жеткізіп жүрген журналистердің еңбегі адал. Сондықтан қалам ұстаған әріптестеріміз үшін қандай да бір сый-құрметтің орны бөлек. Талдықорғандағы Журналистер үйінде Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ баспасөз өкілдерімен кездесіп, кәсіби мерекемен құттықтады.

«Журналистер үйіне БЕЙСЕН есімі берілсе...»

Қажет АНДАС

– Мемлекет дамуының жаңа тарихи кезеңінде билік те, азаматтық институттар да, оның ішінде БАҚ-та уақыт талабына сай жаңаша жұмыс істеуге бейімделуі керек. Еліміздің ішкі тұрақтылығы, ақпараттық қауіпсіздік пен идеологиялық дербестік, қоғамның бірлігі мен елдің ортақ мақсат-мұраттар төңірегінде топтасуы маңызды. Әлеуметтік желідегі шындыққа жанаспайтын жел сөз бен өсек-аяңға тосқауыл қоя алатын да – кәсіби журналистиканың біліктілігі мен сарабдалдығы, – деді өңір басшысы.

Осыдан кейін облыс әкімі журналистика саласына бар ғұмырын арнаған Әли Ысқабай мен Кенжехан Рақыштың кеудесіне «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісін тағып, өңірдегі жылт еткен жаңалықты жұртқа жеткізуде табандылықпен еңбек етіп жүрген республикалық, облыстық, аудандық және қалалық басылымдар мен облыстық телеарна журналистеріне Алғыс хат тапсырып, құрмет көрсетті.

Келесі кезекте сөз алған «Жетісу» телекомпаниясының директоры Серік Әбікенұлы әріптестерін мерекемен құттықтай келе, журналистер қауымының көкейінде көптен бері жүрген ұсынысты ортаға салды:

– Бүгін бәріміз кәсіби мерекеміз аясында кездесіп отырған ғимарат 2014 жылы пайдалануға берілді. Осы ғимарат «Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйі деп аталса», деген арманымыз сіздің тарапыңыздан қолдау табады деп сенеміз, – деді ол.

Қазіргі таңдағы ақпарат кеңістігінде дәстүрлі журналистикамен қатар жаңа медианың ауқымы да кеңи түсті. Түрлі сайт, интернет портал, ақпараттық ресурстардың жұмысында жылдамдық, ашықтық алдыңғы орынға шықты. Бұл – әлемдегі бүгінгі ақпараттық кеңістікке тән құбылыс. Дегенмен, баспасөзде, теледидарда, сайттарда ақпараттың шынайылығы баршаға ортақ болғаны жөн. Осы жайлы ой қозғаған облыстық «Огни Алатау» газеті бас редакторының орынбасары Забира Сайдилдина тілші қауымының көкейінде жүрген ойын жеткізді.

Мерекелік басқосудан кейін облыс басшысы мен журналистер естелік суретке түсіп, тарқасты.

МӘСЕЛЕ



ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮ амалы қарастырылуда

Жетісу өңірінде қант қызылшасынан алынатын өнім соңғы жылдары төмендеп кетті. Оның әртүрлі себебі бар. Біріншісі, су тапшылығы. Бұған су қоймаларына судың толмауы және арықтарды шөп басып, ысыраптың көбеюі себеп. Екінші, ауыспалы егіс жүйесін сақтамау.

Гүлжан ТҰРСЫН

Өңірде майбұршақ өсіруші шаруашылықтар саны жыл сайын көбеюде. Оның себебі, өнімге сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Аталмыш дақыл топырақтың құнарын төмендетіп жібереді. Егістік алқаптарына су жіберу үшін бірнеше жылдан бері ирригация жүйелері жөнделуде. Арық жүйелеріне науа қойылуы керек. Науасыз су жерге сіңіп кетеді. Каналдарда қаулап өскен қамыстар да судың тоқтаусыз ағуына кесірін тигізуде.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев жақында Жетісудың ірі кәсіпорындарын аралады. Сонда Талдықорғандағы «Темір-бетон» зауытына ат басын тіреді. Ол кәсіпорынның мүмкіншілігін саралай келіп, сала басшыларына болашақта алқаптарға су тарту үшін қолданылатын науаларды осы зауыттан алу керегін ескертті.

Бүгінде су тапшылығы мәселесін шешу барысында нақты шаралар қолға алынған. Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Қанат Болатұлының мәліметінше, егістік алқаптарға суды молынан жіберу үшін облыста суару жүйесінің құрылысы қолға алынуда. Жалпы, облыстың 8 ауданында суару жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланып, бүгінгі күні Ескелді, Ақсу аудандары мен Талдықорған қаласында жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, Ақсу ауданында Қызылағаш алқабының суару желілерінің құрылысы басталады. Мердігерлер сөзінде тұрып, су тарту жүйесі уақытында жаңаланса, бірнеше шаруа қожалығы тәтті түбір екпекші.

(Соңы 2-бетте)

АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІ

Алматы облысы ежелден аграрлы аймақ болғанымен, бүгінде өнеркәсібі өркендеген индустриалды өлкеге бағыт алуда.

Жерге жүйе мен ие керек

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Дегенмен, мұнда әлі де ауылшаруашылығының мүмкіндігі көп. Әсіресе, өзен-суы мол, түгін тартсаң майы шығатын Қарасай ауданы елімізге қажетті азық-түлік тауарларын көптеп өндіре алатынына ешкім дау айта алмайды. Алып мегаполис – Алматының іргесінде орналасқандықтан мұнда өндірілген өнімді өткізу мәселесі де шешіліп қойған. Енді сол мүмкіндікті аудан аграршылары қалай пайдалануда деген мәселеге келейік.

Ауданда жер көлемі өзгелермен салыстырғанда шағындау. Өткен жылы бақшалық алқаптарды аралағанымызда суармалы жерде тек қана сырттан келген, атап айтқанда, Жамбыл облысында тұратын дүнгендердің жұмыс істеп жүргенін көрген едік. Нақтылы жердің иесі кім екенін анықтау оңай шаруа емес екен. Білгеніміз – қомақты жерлерді жекешелендіріп алған лауазымды тұлғалар суармалы алқаптарды соларға жалға беріп қоятын көрінеді. Ал, ауыл тұрғындары күнкөріс жасайтын жерлерінің жоқтығынан қалаға барып жұмыс жасауға мәжбүр.

(Соңы 3-бетте)

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Тасқын, өрт – тілсіз жау. Апат айтып келмейді. Жуырда нөсер жауын салдарынан Кеген ауданында екі бірдей төтенше жағдай орын алды.

«ҚАШАНҒЫ ҚОРҚЫП ОТЫРАМЫЗ?» дейді тұрғындар



Айдар ҚАЛИЕВ

Тау суы Түменбай ауылындағы тұрғын үйлердің бірін басып, 11 үйдің ауласына жайылған. 4 баспанаға материалдық шығын келтірілген. Сонымен қатар, Кеген ауданында республикалық маңызы бар Көкпек – Кеген – Түп – Жаланаш – Саты – Көлсай көлі жолының 10-11 шақырым аралығындағы жиекті нөсер жаңбырдан кейінгі сел шайып кеткен. Оқиға орнына аудан әкімі, Кеген ауылдық округінің әкімі, төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің қызметкерлері барды. Апаттың салдарын жоюға бірнеше техника жұмылдырылды. Аталған учаскеде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу мекемесі, аудан әкімшілігі, полиция қызметкерлері, ДЭУ-91 мекемесінің өкілдері тарапынан кезекшілік ұйымдастырылып, жол қозғалысы қалпына келтірілді.

(Соңы 2-бетте)

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖЫР- ҒҰМЫР



Айтақын ӘБДІҚАЛ, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты

Бүгін маған сағыныш... өткен өмір...

Ей, Замандас!
Сен де, мен де
Періште емес,
Пендеміз.
Қателесіп, сүрінгенбіз,
Бірде алдап, бірде алданып,
Тоналып та, оңалып та көргенбіз.
Иә, біз де періште емес, пендеміз,
Тағдыр сынын, өмір сырын көргеміз.
Басқа түскен сынақтарға көнгеміз.
Есті адамның өсиетін ескермей,
Кей суайттың айтқанына сенгеміз...
Кешір, Алла!
Біз осындай пендеміз.

* * *

Ашынып, тасынып,
Құбылған заманды,
Байлыққа бас ұрып,
Жұлынған адамды,
Иманнан адасып,
Кірленген санамды,
Бүлінген ғаламды,
Ойлап бір, мұнданам.
Қоғамға, адамға ой салу –
Шын парыз бұл маған.
Адам аз дәл қазір,
Естінің айтқанын тыңдаған.

* * *

Кемшілік сенде де бар, менде де бар.
Адам жоқ «пенделіктен» кенде қалар.
Өмірдің соқпақтары – бұлың-бұлың,
Жолында шыңырау құз, өр де болар.
Өзгерген адамзаттың сан жасағы,
Күн мен түн, өмір... өлім... алмасады.
Қара жерді ақ мамық қар басады.
Тіршілік
үзіледі...
жалғасады...

* * *

Өткен бір дәуірлер мен замандарда,
Өмірде қиналмаған адам бар ма?
Сен қателік жібердің... ол сүрінді,
Енді соны түзеуге шамаң бар ма?
Иә,сондай замандар өткен, кеткен,
«Бұлбұл» болып сайраған жаман қарға.
Өкпе айтпа қоғамға да, заманға да,
Ойланғын, бәлкім кінә адамда ма?
Оқыс келген қасірет көпке ортақ,
Батпайды ол сенімен маған ғана.

* * *

Басымды тауға да ұрдым,
тасқа да ұрдым.
Білсем деп жұмбақ сырын қас-қағымның
Сенің ойың – ақша мен байлық шығар
Ал мендегі – басқа арман,
басқа-а-аа-а бір мұң.

* * *

Не болады күні ертең?..
Болжап білу мүмкін бе?..
Ұрлап жиған байлығың,
Бақытым деп жүрсің бе?
Бүгін маған сағыныш... өткен өмір,
Оралса ғой жастық шақ, көктем-өмір.
Қартаң шақ қызығы аз, мұңы басым,
Суық күздей сұрықсыз неткен өмір?..



ТАНЫС ТА БЕЙТАНЫС

ОДАМАН АҚЫН

Қазақтың айтыс өнерінің өкілі ретінде аты аталып, жыры жатталып жүрген тұлғалар жетерлік. Десе де, еңбегі елге жетпегендер де көп. Соның бірі – Одаман ақын.



Қажет АНДАС

Ежелден қазақ халқында жер мен жесір дауы бітпеген, барымта мен сырымта тоқтамаған. 1882 жылы Ресей-Қытай арасындағы «Іле шекараны ажыратып, бекіту» келісімі жасалғаннан кейін де шекараны жағалай қоныстанған рулар арасында келіспеушілік жиі орын алып тұрды. Осыған орай, екі елдің өкілдері әр екі жылда бір рет съезд ашып, ел арасындағы дау-шарды шешіп отыруға келіседі.

Сол съездердің ішіндегі ең іргелісі – албан, суан, қызай рулары арасындағы 1889 жылы өткен «Кеген съезі» еді. Съезде дау ұзаққа созылып, екі жағы да жеңістік бермейді. Осы тұста орыстың ояздары мен қытай тарабының мансаптылары дауды қазақтың дәстүрлі ақындар айтысы арқылы шешуді ұйғарады. Қай жақтың ақыны жеңсе, сол жаққа жеңісті бермек болады. Сонымен Ұлы жүз, Орта жүз руларына бұл бекімді жеткізіп, жаушы аттандырады. Албан, суан жағы Одаманды алдырады. Одаман – адамның сөзгері, асқан ақын, «алысқанын алмай қоймайтын арыстан» деген дақпырты бар, тек үйсін еліне ғана емес, арғын, найман, меркіт, қоңырат, қыпшақ, тобықты елдеріне аты кең таралған ақын. Одаманның атақ-даңқынан хабардар қызайдың атқамінерлері онымен айтыстыратын ақын таппай қиналады. Осы кезде Оразәлі Жанпейісұлы Одаманмен айтысуға өзі сұранады.

Сол тұста өзін мақтап, қарсы жағын даттау, шымбайына батар шындығын дәл тауып айту, сол арқылы қарсыласын сүріндіру айтыстың басты шарты болып есептелетін. Сөз сайысында Оразалы сол жылы Одаманның әкесі Кезеңқара бұрын жайлауға көшкенін естіп, соны алға тартып, жүйеден ұтады. Өйткені, Қытай қазақтарының арасында «Кезеңқараның көші» деген көш осы күнге дейін айтылады. Кезеңқара – Одаманның әкесі, ал атақты Мұқа болыс та осы ауылдан шыққан. Кезеңқара ауылы көшкенде аттарына таққан алтын-күмістен айнала жалт-жұлт еткен сағымға оранып жүреді екен. Оның салтанатынан именген басқа ел Кезеңқара ауылы жайлауға көшпей, көшті қозғамайтын болған. Сол жылы Одаман әкесінің үйінен бұрын жайлауға көшіп шығып алған екен.

Жүйеге жығылған Одаман жеңілгенін мойындап, азаматтар Оразәліні ақ киізге көтеріп, жеңісін тойлайды. Ең бастысы, бұл айтыс қазақ тарихында ақындар айтысы арқылы елдің дауын шешкен алғашқы және ең соңғы жағдай ретінде аңыз болып қалды.

Ақынның шөбересі, танымал әнші, сазгер Бақберген Асқарбеков былай дейді:

– Одаман атамды көрмесем де, жиі еститінмін. Әкем Нұршабек, атам Асқарбек, ары қарай Одаман болып жалғаса береді. Үлкендердің айтуынша, бұл кісі суырыпсалма ақын, шебер күйші болған екен. Атам жайлы бала кезімізде үлкендер: «Төрде отырып күй шерткенде бөксесімен сырғып, далаға шығып кететінін білмей қалатын» деп жиі айтатын. Дүние күйіп бара жатса да күй біткенше басқаға назар аудармайды деседі. Әбілхақ Шапахатов атамыз тірлігінде Одаманның шығарған әнін, 98 күйін біледі екен. Құнттамай жүріп, қайран қазынадан айырылып қалдық.

Әлі есімде, 1983 жылы Дәнеш аға, Төлепбай Байысов, Білісбек Қонысбаев бар, 7-8 әртіс Кербұлақ ауданының Қызылжар ауылына концерттік сапармен бардық. Ол кезде кешке үй-үйге бөлініп, қонып шығамыз. «Дәнеш аға келді» десе, елдің бәрі елеңдеп тұрады ғой. Біз қонатын үйдің ауласына адам толып алыпты. Бір кезде ақ самайлы әже Дәнеш ағаға келіп амандасып, бәріміздің аты-жөнімізді шетімізден сұрай бастады. Маған жақындап келді де: «Мынау ұзын шаш бала кім?» – деп сұрады. «Асқарбектің немересі» деп жатты біреулер. «Е, онда Одаманның шөбересі екен ғой», – деп арғы атамның атын атады да, жаныма келіп жайланып отырып, әңгімесін бастады:

– 1928 жылы атаң Одаман Жаркент-Арасанда 19 жасар қызбен айтысып еді. Сол айтыс ел арасында біраз жылға дейін тарап жүрді.

Жылқының тоқтағаны аңырғаны,
Ақынның тоқтағаны жаңылғаны.
Шырағым, жап-жас қана бала екенсің,
Арасанға келіп едің не қылғалы.

Кел, қашалық, қашалық қашар болсаң,
Арқама сап көтерейін нашар болсаң.
Алтын-Емел асқанша көтерейін,
Одан ары қарай аяғыңды басар болсаң, –

деп басталатын айтысты толығымен айтып шықты. Ол кезде сөзді таспалап алатын құрылғы жоқ. Есімде осы жолдары ғана жатталып қалыпты...

Одаман ақын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсында арғы бетке өтіп, мәңгілік мекені сол жақтан бұйырды. Қазір ҚХР Қорғас ауданы Кеген ауылының тұсындағы Шөлжота деген дөңеске жерленген. Бүгінде жұрт оны «Одаманның бейіті» деп атайды. Халқымызда: «Ат аунаған жерде тұқ қалады» деген нақыл бар. Шындап кіріссек, ел ішінде әлі де талай қазына жатыр. Оны елеп-екшеп, тәптіштеп іздесек, мол байлыққа жолығарымыз анық.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Мамания» мектебі қайта жаңғырды

«Алтын адам» Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігі Текелі қаласындағы Орталық Азия университетінің ғимаратынан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оқыту орталығын ашты. Оны «Мамания» шеберлік орталығы деп атады.

«Мамания» мектебінің негізін 1889 жылы ағартушы, меценат Тұрысбек Маманов қалаған. Қазақ даласына білім шырағын жаққан оқу ордасының бірі. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Жетісу жерінен түлеген ұлт көшбасшыларының дені осы мектепте білім алған. Орталықтың атын «Мамания» деп атаудың да мәні терең.

– Мақсатымыз – «Мамания» мектебінің игі істерін қайта жаңғырту. Бұл жерде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім береміз. Болашақта ауқымын кеңейтіп, шеберлер мектебіне айналдыру ойымызда бар, – дейді «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» ҚБ төрайымы Дина Бакирова.

Қамкөңіл жандарға жасалған осындай қамқорлық қала басшылары мен тұрғындарын да бейжай қалдырмағаны анық. Ашылу салтанатына Текелі қаласының әкімі Батыр Молдахметов арнайы қатысып, ізгі ниетін білдірді.

Орталықта мүмкіндігі шектеулі балалар тегін білім алып, өнерін өрістетеді. Ондағы мүмкіндігі шектеулі 38 балаға 4 шебер кескіндеме, сурет салу, безендіру, моделдеу, киіз басу, бесмер тігу, сабын жасау сияқты үйірмелерде қолөнерден сабақ береді. Олардың алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалғаны көрініп тұр.

– Орталықты ашар алдында мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін кіріп-шығуына көңіл бөлдік. Ғимараттың кіріп-шығу құрылғылары, есік, үстел, орындыққа дейін еуропалық стандарт бойынша орналастырылды. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істеуде тәжірибеміз мол. Осы жерге келген әр адам жақсы білім алып, шеберлігін шыңдап, ешкімге жалтақтамай, жеке кәсібін ашуға керекті біліктілік жинап қайтса, қуанар едік, – дейді Орталық Азия университетінің әкімшілік өкілі Райхан Сейсекенова.

Орталық аталған бірлестіктің жеке қаржысымен ашылды. Алдағы уақытта басқа аудан, қалалардан да осындай игілікті жұмыс қолға алынбақ.

Қ. ОМАРАҚЫН

Текелі қаласы
Жетісу облысы

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Қарғалы ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Прокопенко Михаил Алексеевич 100 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Өмірі – өнеге

Серік САТЫБАЛДИЕВ

1922 жылы туған Михаил Алексеевич 1942 жылдың ақпанында Алматыдан әскерге шақырылып, 1944 жылдың мамыр айында Екінші Беларус майданының құрамында Белоруссия жерінде болған қиянкескі ұрыстарға қатысады. Сол жылы 23 маусымда Могилев бағытында шабуылға шыққанда танкісіне снаряд тиіп, өртенеді. Денесін күйік шалған ол ауыр жарақатпен госпитальға түседі де, әскерден босатылады.

Майданнан оралған соң нәтижелі еңбек етті. 1955 жылы топографтар курсын бітіріп, Орталық Азия географиялық тресінде техник-топограф болды, Қарғалы шұға комбинатында жұмыс істеді. Қоғам өмірінен қол үзбей, ауданның өсіп-өркендеуіне үлес қосты.

Бүгінде аудан бойынша көзі тірі екі ардагердің бірі еді. Қаралы митингке қатысқан аудан әкімі Нұрлан Ертас майдангердің ерлігі мен өнегелі өмірі жерлестерінің жадында мәңгі сақталатынын айтты.

Қарғалы ауылы
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

21 shilde,
2022 jyl
beısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

№81 (19076)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ӨЗЕКТІ

ТӘТТІ ТҮБІР өсіруге қолдау қажет

Жетісу – қант қызылшасын өсіруге қолайлы аймақ. Кезінде Алакөл, Сарқан, Ақсу халқы нәпақасын тәтті түбірден тапқан. Шөптеу, түптеу жұмысына барлық ауыл тұрғындары мен оқушылар тартылатын. Оқушылардың демалыс және еңбек лагерьлері болатын.

Гүлжан ТҰРСЫН



Онда мектеп жасындағы ұл-қыздар таңнан тұрып, қант қызылшасы алқабында еңбек ететін. Ал, сенбі-жексенбі күндері балаларды арнайы автобуспен тарихи орындарды аралатып, ойын-сауық ұйымдастыратын. Сонымен бұл жақтың балалары да ес білгеннен еңбек пен білімді ұштастырып ержететін. Сондай лагерьлерге бала күнімізде өзіміз де барып, тәтті түбірдің ащы терінің дәмін татып өстік.

Соңғы жылдары қант қызылшасының алқабы қысқарып кетті. Оған себеп, тәтті түбірді өсіруге кететін шығын мен түсетін табыстың қиыспайтындығы. Жер еміп өскен егіншілер тұрақты кәсібінен айырылайын деп айырылмады. Кәсібінің нәсібін көре алмады. Жағдайды шаруаның сөзімен баяндалық. Ақсудағы «Даниал» шаруа қожалығының басшысы Әшімғали Жұмагелдин тәтті түбір өсірумен көптеген жылдан бері айналысады. «Қант қызылшасын өсірудің азабы көп. Шығын өзіндік құнынан асып кетеді. Суға берілетін субсидия аз. Су шаруашылықтары аудан әкімдігіне бағынбайды. Мысалы, шағын алқапқа 150 литр су жіберсем, ақысына 8-10 мың теңге төлеймін. Осылайша егіндікті он шақты рет суарсам 100 мың теңге ақша төлеуге тиіспін. Сондықтан Үкімет суды тұтынуға шыққан шығынның жартысын төлеуге субсидия берсе шығын азаяр еді. Жағармай таситын арнайы көлік жоқ. Оны жалдауға кем дегенде 70-80 мың теңге кетеді. Қоймадан тыңайтқыш, тұқымды тиеп, Жансүгір ауылына жеткізіп берушілердің әрқайсысына 150 мың теңгеден ақы төлеймін. Техника да жоқтың қасы. Ескі көліктердің жүргенінен тұрғаны көп. Ақпарат көздерінде «Шаруалар техника сатып алатын болса Үкімет 25 пайызын төлеп береді» дейді. Бос сөз. Шындығында 12 пайызын ғана төлейді. Мысалы, мен 250 млн. теңгеге техника алып, бірнеше жыл болды ақысын әлі төлеп келемін. Техниканы алуға берілетін көмек-қаржы да көбейтілсе», – дейді шаруа адамы.

(Соңы 3-бетте)

«JETISÝ» - АҚПАРАТ

Талдықорғанда әйгілі әскери қолбасшы, Кеңес Одағының батыры, генерал-майор Иван Панфиловқа ескерткіш тұрғызылды.

Ерлігі ел жадында

Талдықорған гарнизонының десанттық-шабуылдау құрамасында өткен ескерткішті ашу салтанатына Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Мұхамеджан Таласов пен Мемлекеттік әскери-тарихи музейі Алматы филиалының басшысы, әйгілі қолбасшының немересі Алуа Байқадамова арнайы келіп қатысты. Алдымен жұртқа генерал-майордың өмірі жайлы мәлімет берілді.

Шарада сөз алған генерал-майор Мұхамеджан Таласов көпшілікті ескерткіштің ашылуымен құттықтап:

– Қазақстандық әскери қызметшілердің жадында Иван Васильевичтің аңызға айналған есімі, жанқияр ерлігі, Отанын шексіз сүйген перзенттің үлгісі болып мәңгі қалады, – деп атап өтті.

Батырдың немересі Алуа Байқадамова шараны ұйымдастырушыларға ризашылық білдірді.

Шара соңында қатысушылар ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойып, артына өшпес із қалдырған қолбасшының рухына тағзым етті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Есірткі тәркіленді

Қонаев қаласында жүргізілген арнайы операция барысында облыс орталығы маңында синтетикалық есірткі дайындайтын зертхана анықталды.

Есірткі зертханасы қаладан 5 шақырым жерде, кісі тұрмайтын екі үйдің қоршалған учаскесінде орналасқан. Нысан «Мефедрон» дайындауға қажетті жабдықтармен жабдықталған.

Алматы облысы ПД баспасөз қызметі нысанды тексеру кезінде 21-24 жас аралығындағы үш жігіттің ұсталғанын мәлімдеді. Олардың бірі Алматы қаласының, қалған екеуі Іле ауданының тұрғындары болып шыққан. Арнайы операция кезінде сұйықтықтар мен ұнтақ заттары бар көптеген пластикалық контейнерлер, сондай-ақ өлшегіш шкала, сорғыш, респираторлы маскалар, цилиндрлі металл ыдыстар және т.б. заттар табылды. Тәркіленген заттар үлгісіне жүргізілген сараптама бойынша, «Мефедрон» есірткі затының жалпы салмағы – 52,86 грамм. Сонымен қатар, арнайы операция кезінде жалпылай 2 тоннаға жуық химиялық зат тәркіленді. Қазір аталған факті бойынша қылмыстық тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Рай көліне бардың ба?..

Ел аузында Рай көлі атанып кеткен тұзды көл Ақсу ауданының Матай ауылы аумағында орналасқан. Қасиетті нысан көркемдігімен, табиғи емдік шипасымен қызықтырады. Көлдің суы мен тұнбасының денсаулыққа пайдалы екенін білетіндер жыл сайын келіп-кетуді әдетке айналдырған. Сондай-ақ, оны білмейтіндердің де қатары көп.

Қажет АНДАС



Емдік қасиеті көп

Ел аузындағы аңыз-әңгімелерде осы өңірде Рай есімді әйел адам тұрған деседі. Үстіне шыққан жарадан ауыл адамдары шошынып, оны елсіз жерге апарып тастайды. Ол жапан далада күнелтіп, тұзды көлге шомылып жүріп жарадан арылады. Мұны көрген ауыл тұрғындары оны еліне қайтуға үгіттегенімен, көл басында өмір сүре береді. Қартайған шағында қайтыс болады. Басына тобылғылы зират тұрғызылады. Ол зират қазір де бар. Осы аңыз бойынша тұзды көл «Рай көлі» атанып кеткен.

Шын мәнінде, Рай – өмірде болған адам, Бабеке батырдың жары. Бабеке ер Тоқпанбеттен бата алып, Айтқожа бидің алғысына бөленген. Лепсі өзенінің алқабында «Бабеке тобылғылары» деген жер атауы бар.

Рай көлі емдік, шипалық қасиетімен танымал. Әдетте, судың құрамында натрий мөлшері көп болса, фтор, йод, сульфат сияқты емдік металлдардың мөлшері артады. Рай көлінде магний, кальций, калийдің мөлшері жоғары, ал, марганец, кобальт, молибден, мыс пен иод, фтор, бром мен бордың мөлшері аз екені зертханалық талдау барысында анықталған. Сондай-ақ, көлдің табанында шөккен тұнбалардың физикалық-химиялық қасиеті шипажай мен физиоемдеуде қолданылатын емдік балшықтың көрсеткішіне сәйкес келеді. Оның құрамында магний, кальций, натрий, мыс, хром, марганец иондар мен сульфаттың үлесі басым.

Рай көлі күн сәулесімен емделуге тиімді. Соның нәтижесінде жүректің жұмысы, тыныс алу түзеліп, адам ағзасына оттегінің келуі көбейеді. Ағзадағы зат алмасу үрдісі реттеліп, дене шынығады. Көлдің табанына шөккен тұнбаның құрамындағы тұз, өсімдік шіріндісі қол-аяқ сырқырап ауырғанға, буын, тері ауруына шипа болумен қатар, ішкі секреция бездеріне әсер етіп, ағзадағы зат алмасу үрдісін реттейді, ауырсынуды басады. Көл суындағы химиялық элементтер кейбір сырқатқа кері әсер беруі де ықтимал. Сондықтан көлге барудан бұрын дәрігер кеңесіне жүгінуді де еске саламыз.

Тағы бір ескеретін жайт, көл түбіндегі тұнбаның емдік қасиетін түсінгендер бұрындары қайтарында қалталап алып кетуді әдетке айналдырған. Табиғаттың бүлінбеуін қадағалағандар көлге кіреберіске «Тұнбаны шелектеп алып кетуге тыйым салынады!» деп ескертілген тақта іліп қойыпты. Демек, жергілікті жұрт көлдің экологиялық жағдайын қорғауды өз жауапкершілігіне алғаны көрініп тұр. Ал дәрігерлер тұнбаны тек көл бойында денеге жағып, суға түскенде ғана әсер етіп, дертке шипа болатынын айтады. Алып кетіп қолданған балшықтың ешқандай емдік рөлі болмай қалады.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

Текелідегі №8 мектептің маңында жайқалып тұрған көптеген қарағай түбірімен кесіліп кеткен. Ағаштардың құлап жатқанын көрген тұрғындар дабыл қағып, заңсыз кесілгенін айтуда.

Ақ-қарасы анықталмақ

Айдар ҚАЛИЕВ

Моноқала тұрғыны Екатерина Тусупбаева:

– Мектеп маңындағы ағаштар заңсыз кесілді. Бұл дұрыс емес. Нақты бір шешім шықса үндемес едік. Мектеп басшыларының қарағайлардың балаларға қауіп төндіріп тұрғанын, болашақта мұнда шырша ағашы егілетінін айтып жатыр. Егер тамырын алып қарасақ, қарағайдікі жайылып, шыршанікі тік өседі. Яғни, шырша ағашы одан да қауіпті, – дейді.

Қала тұрғындарының бірқатары «қауіпсіздікті ойласа, мектепке қарама-қарсы орналасқан жатақхана ауласындағы құлайын деп тұрған қарағайларды неге шаппаған» деп реніш білдірді.

Тұрғындардың кейбірі «білім ошағы басшысының ағаштарды рұқсатсыз кескені дұрыс емес шығар, бірақ, ол ең алдымен қауіпсіздікті ойлады» деп ақтауда.

Мектеп директоры Жанар Жақыпбекова:

– Кінәмді мойындаймын. Мектепте мыңнан аса бала оқиды. Кішкентай 30 бүлдіршініміз балабақшада жүр. 100-ден аса қызметкер бар. Оқушылар мектептің ауласында жүгіріп жүреді. Мен бұл жерде ағаштарды емес, балалардың, мектеп қызметкерлерінің қауіпсіздігін көбірек ойладым, – дейді.

Жалпы, мектеп ауласынан 16 қарағай, 7 қарағаш, 1 терек кесілген. Бұл мәселе әлі қаралуда. Білім ошағы басшысының кінәлі, кінәсіз екені жайлы нақты шешім жақын арада шығады.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

23 shilde,
2022 jyl
senbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

№82 (19077) АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуіне қатысты. Шара Қырғыз Республикасы, Шолпан-Ата қаласында өтті.



ТАТУЛЫҚ – ТАУСЫЛМАС БАҚЫТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Консультативтік кездесулердің халықаралық саясаттың маңызды факторына айналғанын атап өтіп, оның мемлекеттер басшыларына аймақтың одан әрі даму бағытын өзара сенімге негізделген рухта айқындауға мүмкіндік беретініне тоқталды. Оның айтуынша, құбылмалы геосаяси және әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында өткен кездесу Орталық Азия елдерінің ынтымағы берік екенін көрсетеді. Сондай-ақ, жаңа сынқатерлер мен қауіптерге бірлесіп қарсы тұруға деген ортақ ұмтылысымызды білдіреді.

– *Біздің қатынастарымыздың ерекше сипаты Орталық Азияны XXI ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы бүгін қабылданатын шартта бекітілген. Бұл құжат мазмұны мен тарихи перспективасы тұрғысынан бірегей саналады. Оған елдеріміз арасындағы мемлекетаралық дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығында қол қойылуының символдық мәні бар. Бұл тарихи құжат бесжақты стратегиялық серіктестігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқанымызды білдіреді,* – деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Қауіпсіздік және дипломатия саласындағы өзара іс-қимылдарды нығайту күн тәртібіндегі негізгі мәселе ретінде аталды. Президенттің айтуынша, Орталық Азия орнықты әлеуметтік-экономикалық дамудың, жан-жақты ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен өркендеудің кең аймағына айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттер басшылары өңірдегі әлі де сақталып отырған тұрақсыздық факторларын барынша жою үшін барлық мүмкіндікті жасауы керек.

– *Мемлекетаралық шекаралардағы әрбір мылтық даусының жаңғырығы екі елге ғана емес, бүкіл өңірге жағымсыз әсер етеді. Керісінше, дәл қазіргі дағдарыс жағдайында мемлекеттеріміз қайшылықтарды еңсеру ісінде өркениеттіліктің, жауапты лықтың үлгісін көрсетуге тиіс. Шекараны заңды түрде рәсімдеу үдерісінің өте күрделі әрі қиын екенін өз тәжірибемізден білеміз. Даулы мәселелер шынайы тату көршілік пен халықаралық құқықтың іргелі қағидаттарына құрмет көрсету арқылы тек қана бейбіт жолмен шешілуі мүмкін. Бұның басқа жолы жоқ,* – деді Президент.

Оның айтуынша, Қазақстан посткеңестік кеңістікте өзінің шекарасын толық делимитация жасаған жалғыз мемлекет ретінде өзара тиімді шешімдер іздестіруге барынша көмектесуге дайын.

Мемлекет басшысы көпжақты ықпалдастықтың берік экономикалық базасын қалыптастыру өзекті міндет болып қала беретініне назар аударды.

– *Соңғы 5 жылда Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы тауар айналымы 42 пайызға артып, 6,3 миллиард долларға жетті. Өзара сауда-саттықты кеңейту үшін зор мүмкіндіктер бар екенін ескере отырып, алдағы уақытта бұл көрсеткішті 15 миллиард долларға дейін жеткізуге ниеттіміз,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті экономикалық әлеуетті және тиімді географиялық орналасудың артықшылығын толық пайдалану үшін құрылымдық және инфрақұрылымдық шектеулерді жоюды көздейтін өзара тығыз ықпалдастықты жолға қоюдың маңызды екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы аймақтың транспорттық байланысын арттыру және транзит шарттарын біртіндеп жақсарту қажет деп санайды. Сондай-ақ Президент ғылым және білім саласындағы ықпалдастықты кеңейтуге шақырды.

– *Бүгінгі Саммиттің қорытындысы Орталық Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік және өркендеу үшін аймақтық кооперацияны дамытудың жаңа кезеңі болады деп санаймын. Қазақта «Татулық – таусылмас бақыт» деген даналық бар. Уақыт сынына төтеп берген тығыз әрі сенімді қарым-қатынасымыз, ортақ тарихи және рухани тамырымыз елдеріміз арасындағы достығымыздың сарқылмас көзі болатынына сенемін,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар, Консультативтік кездесуде Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінің бірлескен мәлімдемесі, Өңірлік ынтымақтастықты дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған жол картасы, Орталық Азия мемлекеттерінің көпжақты форматтар аясындағы өзара іс-қимылдар тұжырымдамасы, Орталық Азияға арналған «Жасыл күн тәртібі» аймақтық бағдарламасы қабылданды. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы Орталық Азияны XXI ғасырда дамытуды көздейтін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарт келісілді және оған қол қою рәсімі басталды. Сонымен қатар, Аралды құтқару халықаралық қорының құрылтайшы мемлекеттері басшыларының Аралды құтқару халықаралық қоры президентінің өкілеттіктерін ұзарту туралы шешімге қол қойылды.

Akorda.kz

«JETISÝ» - АҚПАРАТ

Райымбек ауданы бойынша биыл 187 мың тонна мал азығын дайындау жоспарланып отыр. Соңғы апталарға дейін 71 мың тоннасы дайындалып, мал қыстауларының жанына жиналды.

Өнімді еңбек

Төрт түлік малдың азығын дайындау жұмысы аудандағы Текес, Тегістік, Қайнар, Қақпақ, Сарыжаз ауылдық округінде қарқынды жүргізіліп жатыр. Оған ауа-райының ашықтығы мол мүмкіндік туғызуда. Шабындыққа шалғы түскен сәтте күннің жадырай ашылып, көгінен шуақтың шашылып тұрғаны диқандардың да көңілін өсіріп отыр.

Текес ауылдық округіне қарасты Мұрат Малдыбаев басқаратын «Ерік» және Күмісжан Қошмұратова басқаратын «Өркен» шаруа қожалықтары мал азығының кепілді қорын жасайтындарына сенімді. Өйткені, мұндағы бітік шыққан көпжылдық шөптің берері көп, берекесі тасып тұр. Тегістік ауылындағы Қабылжан Құлмамыров басқаратын «Тәуекел» шаруа қожалығы, Қақпақ ауылындағы Бақыт Қуан басқаратын «Бақыт» шаруа қожалығының да жұмыс қарқыны жақсы.

Қ. САТЫБАЛДЫ
Райымбек ауданы
Алматы облысы

Талғар ауданында коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу бойынша сақтық шаралары жүргізілуде.

Сақтық шаралары – басты назарда

Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемесі ұсынған мәлімет бойынша, соңғы тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 16 науқас тіркелген. Олардың барлығынан симптом белгілері анықталған.

Инфекция жұқтырған науқастарды емдеу мақсатында орталық аудандық ауруханадан 80 төсек, оның 8-і жансақтау бөлімінде қарастырылған. Ауданда 19 мобильді топ жұмыс істейді. 150 оттегі балоны мен 70 оттегі концентраты бар. Бір өкініштісі, «МедНұрПлюс» орнатқан 1 оттегі станциясы жұмыс істемей тұр. Жалпы саны 226 оттегі нүктесі мен 31 өкпені жасанды желдеткіш, 25 – HIGHFLOW аппараттарымен қамтылған. Науқастарға жұмсалатын дәрі-дәрмек қоры екі айға жеткілікті. Ауданда індетке қарсы екпе салу жұмыстары жалғасуда. Тұрғындарға екпе салуда 4 тоңазытқыш, 27 автотоңазытқыш және аудан бойынша 18 екпе салу пункті мен 1 ПМК жұмыс істейді.

– Жыл басынан бері мониторингтік топтың ұйымдастыруымен 805 нысанда COVID-19 жұқпасының алдын алу бойынша 217 рейд жасалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде биылғы жеті айда карантин шараларын бұзған жағдайлар тіркелмеді, – дейді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Сыдықайұлы.

Ұ. БӨРІБАЙ
Талғар ауданы
Алматы облысы

Балалар жылы 2022

Күн күлімдеп, жаз жайнап



Сурет түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Қонаев қаласындағы «Күншуақ» жазғы сауықтыру лагері оқуда озат болып, өнер, спорт, білім бәсекесінде биік белестерді бағындырған оқушыларға салтанатты түрде есігін айқара ашты.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Аталмыш демалыс орнының ашылу салтанаты қазақтың күмбірлеген күйімен бастау алды. Өз кезегінде Қонаев қаласы білім бөлімінің басшысы Рахым Асылбек сөз алып, маусымашар салтанатқа қатысып отырған жас жеткіншектерге, шараға арнайы келген ата-аналарға жүрекжарды лебізін арнады. Ол:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ағымдағы жыл «Балалар жылы» деп бекітілді. Осыған орай, биыл «Күншуақ» жазғы сауықтыру лагері 500 балаға қуаныш сыйлағалы отыр. Соның алғашқы легі сіздерсіздер, – дей келе, алғашқы маусымға келген 100 оқушыға білімде озат, өнерде алғыр да жеңімпаз болуды тіледі. Сонымен қатар, егемен елдің ертеңі мен келешегінің кемел болуы салауатты да салиқалы, парасатты жастардың қолында екенін айшықтады.

Ақжарма лебізден кейін көмекейі бүлкілдеген балауса қыз-жігіттер ән салып, салалы саусағын қасиетті домбыраға жүгірткен өнерпаздар күй төгілтті. Мәселен, халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаттары Дәрия Бейбітқызы, Мұратбек Эльбрус, Рузия Аллаберген, Алтынай Жақсылық, скрипкашылар ансамблі, Қонаев қаласындағы балалар шығармашылық орталығының жеткіншектері өнер көрсетті.

2012 жылдан бастап жұмыс жасап жатқан «Күншуақ» жазғы сауықтыру лагері осы күнге дейін 4 мыңнан астам балаға қуаныш сыйлап үлгерген. Шілде-тамыз айларында төрт ауысыммен жұмыс жасайтын мемлекеттік демалыс лагері жыл сайын 400 балаға есігін айқара ашатын. Балалар жылына орай аталмыш демалыс орны 500 бүлдіршінге қуаныш сыйламақ. Оның алғашқы легі – Қонаев қаласының намысын қорғап, түрлі байқауларда топ жарған дарынды жастар мен білім көкжиегінде өзін ерекше тұсынан көрсетіп жүрген 100 оқушы.

Аталмыш демалыс лагерінде түрлі үйірмелер, спорттық ойындарға ыңғайлы алаңдар заман талабына сай жарақтанған. Үстел теннисі, шахмат ойыны, сурет салу, қолөнерге арналған жеке бөлмелер жұмыс істеп тұр. Одан бөлек биыл жазғы лагерь алаңында Қонаев қаласлық білім бөлімінің қолдауымен салынған жаңа хауыз да іске қосылған.

АТАМЕКЕН



Құдіретті көргің келсе... тауға бар

Қора шатқалы – табиғатты сүйетіндер, экстремалдар, өлкетанушылар, натуралистер, альпинистер үшін табылмайтын таңғажайып жер. Демалуға келген қонақтар Будда артефактін, Бұрқанбұлақ сарқырамасын, Әулие тасты, таңғажайып жайылымды көріп, таза табиғатта тыныстап қайтады.

Қажет АНДАС

Осы арада керемет бір тыныштық, әсемдік пен үйлесімділік орнаған. Таулар алысқа қол созып, алып ағаштар тізіліп, даланың көк шалғыны жайқалып тұр. Мыңжылдық, тіпті одан да арыдағы табиғат сырын тамырынан жұлынып, сұлап жатқан қарт қарағайлардан ұғынасыз. Жалама жартасқа жаңғырыққан дыбыстар мен сарқырап аққан өзен гүрілінен құлағың тұнады. Бірақ осы әсемдіктің парқына жете алдық па?

(Соңы 8-бетте)

ЖОЛЖАЗБА

Сарыжазық жайлауында

Жайлаудың жайын білмекке Суықтөбе тауын бетке алдық. Жол талғамайтын жеке көлігін тізгіндеген – аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Дүйсеналы Еңкелешевтің өзі. Саланы бес саусағындай білетінін төрт түлік төңірегіндегі тиянақты жауабынан аңғардық. Жолай кездескен жер-су аттарынан да сыр тарқатады.Сойтсек, осы ауданда мал дәрігері болып жұмыс істеп келе жатқанына 50 жылдан асыпты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Биыл жайылымның шөбі шүйгін, төрт түліктің біразы жылдағыдай жайлауға шығарылған. Көктемде ұсақ малдан 428 мыңнан аса қозы-лақ алыныпты. Алты айдың қорытындысы бойынша қой-ешкінің саны ауданда бүгінде 1 миллион 127 мыңнан асыпты. Соның 610 мыңы қазір жайлауда. Ал 140 мыңнан астам ірі қараның 68500-і, 50 мың бастың үстіндегі жылқының 28 мыңы жайлауда бағылуда. Ауданда 1736 бас түйе бар. Бұл аудан қой-ешкі, ірі қара және жылқы санынан облыста алдыңғы орында.

(Соңы 5-бетте)



ЭКСПЕДИЦИЯ

ЕРЛЕРДІҢ ІСІ БІТКЕН БЕ?..

Биыл бабамыз Қаракерей Қабанбайдың 330 жылдық мерейтойы. Осыған орай, еліміздегі тарихшы, өлкетанушы, тағы да басқа азаматтардан құралып, мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қанат Еңсеновтың бастауымен 9-19 шілде аралығында "Батыр бабалар жолымен – Сырдария – Жетісу – Шығыс" атты республикалық тарихи-танымдық экспедиция ұйымдастырылды.



Қажет АНДАС

– Бұл жарты Қазақстанды шарлап шығатын, маңызы мен мәні зор экспедиция. Қабанбай бабамыз 60 жыл аттан түспей осы ел мен жерді қорғағаны анық. Сол жолда жоңғармен де, қазақ жеріне сұқтанған қытаймен де ара - ағайындыққа сызат түсірген қырғыз бауырлармен де қақтығысқа барды. Мұнан бөлек, Қоқан хандығы Ташкент, Түркістан, Сайрам қалаларына жасаған сұғанақтығының бетін қайтарып, сауда керуендерінің алаңсыз кәсіппен айналысуына мүмкіндік тудырды. Осы арқылы елдікті нығайтып, Қазақ елінің территория тұтастығын сақтады.

Сапарымызды 9 шілде күні Ақмола облысы аумағындағы Қаракерей Қабанбай батыр кесенесінен бастағаннан бері тоқтаусыз жүріп келеміз. Ұлытаудағы Қабанбай батыр қатысқан «Бұланты – Білеуті» шайқасы өткен жерді қарап шығып, Жезқазған, Қызылорда бағытына жол тарттық. Қызылордада Тайлақ батыр ұрпақтарымен кездестік. Жаңақорғандағы Төлегетай баба мен Қылышты ата кешеніне бардық. Кезінде Мұхаметжан Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары» Сауранды айналып өткені жайлы жазды. Осыны ескеріп, Сауран қаласына бұрылдық. Одан кейін қасиетті Түркістанға келдік. Қабанбай бабамыздың Түркістанды қорғағаны тарихтан мәлім. Қожа-Ахмет Яссауи және Арыстанбаб кесенесіне тәу етіп, осы кесенеге жерленген Қабанбай батырдың замандастарына Құран бағыштадық. Сапарымыз одан ары қарай жалғасып, Құлан қаласынан 30 шақырым жерде өткен Ойранды шайқасы болған жерге, Әулиебұлақ, Сәмен төбесі, Сәмен ту тіккен тасына, Жетісу өңіріндегі әйгілі Аңырақай шайқасы өткен жерге, Таңбалы қорық-музейіне, Алматы қаласындағы Райымбек пен Әлмерек батыр және Кербұлақ ауданындағы Сәмен батыр кесенесіне, Абылай ханның сегізінші Бәсентин Малайсары Тоқтауылұлы батыр жатқан жерге барып, тәу етіп, тарихи деректерді жинадық. Осы сапарда батыр бабамыздың бір ниет, бір тілекте болып, бір майданда соғысқан замандастарының ұрпақтарымен кездесіп, сұхбат алдық. 6 мың шақырым жолды басып өтуімізге демеу көрсеткен Нұрланбек Тоқтабаев, Кәкен Тоқтаров және Аслан Ғафуров сияқты азаматтарға алғыс айтамын. Міне, бүгін жер жаннаты Жетісу жеріне қадам басып отырмыз, – дейді топ жетекшісі.

Үлкен мақсат, ұлы мұрат арқалап, Жетісу жеріне жеткен экспедиция мүшелерін «Нақ бірлік» қоғамдық қорының төрағасы Мақсұт Қалажанов пен Ақсу ауданының ел ағасы Серік Серпербаев бастаған азаматтар Арқарлы асуынан күтіп алып, тарихи орындарды аралатты. Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, қаланың қадірменді ақсақалы Оралбек Жақиянов бастаған зиялы қауым өкілдері Талдықорған қаласындағы Қабанбай батыр ескерткішінде қарсы алып, сыр-сұхбат құрды. Сол күні Талдықорған қаласында түнеген азаматтар ертесі Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы тарихи орындарды аралауға аттанды.

Сол сапарда Ескелді ауданының аумағында орналасқан Ақын Сара Тастанбекқызының ескерткішіне Құран бағыштап, келесі кезекте Жансүгіров кентіндегі Бөрібай батыр кесенесіне тоқтады. Оларды Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов бастаған ауыл ақсақалдары мен азаматтары қарсы алып, Бөрібай батыр туралы естеліктер айтылды. Ал Сарқан қаласындағы Алдияр батыр кесенесінде Сарқан ауданының әкімі Талғат Қайнарбеков қарсы алып, қонақжайлық танытты. Бұдан кейін зерттеушілер Көтен тәуіп Қоңырбайұлы кесесінесіне жол тартты. Кесененің шырақшысы Талғатбек Кәріпжанов әулие баба туралы тың деректермен бөліссе, Абылай ханның Көтен тәуіпті Жалаңаш әулие атағаны жайлы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Жалаңаш баба" атты тарихи мақала жазғандығы туралы дерек таныстырылды. Ал Үшарал қаласына кіреберісте орналасқан Қабанбай батыр кесенесінде аудан әкімі Алмас Әбдинов пен аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сатай Бекболатов бастаған алакөлдік ағайын күтіп алып, экспедиция мүшелерін Қабанбай батыр өскен Жарбұлақ ауылына қарай шығарып салды.

Махамбет бабамыз: "Еңку, Еңку жер шалмай, ерлердің ісі бітер ме?" – деп тегін айтпаған ғой. Ақмоладағы Қабанбай батыр кесенесінен бабамыз туып-өскен Жарбұлақ, Үржар, Мақаншы жеріне дейінгі 6 мың шақырымнан астам жолды басып өтті. Қол жеткізген нәтижесі де ерен. Ол туралы Тарбағатай жерінде Қабанбай бабамыздың 330 жылдығына орай өтетін ғылыми-танымдық конференцияда айтылады.

Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандары Жетісу облысы

МӘСЛИХАТ

Талдықорғандағы Тіл сарайында Жетісу облыстық мәслихатының кезектен тыс VI сессиясы өтті. Онда облыс бойынша тексеру комиссиясының ережесін бекітіп, комиссия төрағасының міндетін атқарушы лауазымына уақытша төраға тағайындап және облыс әкімінің екінші жартыжылдықта жоспарланған халықпен кездесулерінің күнтізбесін келісу туралы үш мәселе қаралды. Облыстық мәслихат хатшысы Гүлнар Тойлыбаеваның төрағалығымен өткен жиынға облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов және 10 депутат офлайн, 8 депутат онлайн қатысты.

ТОЛЫҚТАЙ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Әуелі республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес «Жетісу облысы бойынша тексеру комиссиясының» ережесі депутаттарға алдын-ала ұсынылып, жиында дауысқа түсті және қарсылық болмады. Ал «Жетісу облысы бойынша тексеру комиссия» төрағасының міндетін атқарушы лауазымына Жеңіс Шылбынұлы ұсынған кандидат – Қуаныш Сағымбаев тағайындалды. Еңбек жолын Райымбек ауданында қаржы бөлімінің жетекші маманы болып бастаған 38 жастағы Қуаныш Мұсаұлы 2018 жылдан бүгінгі күнге дейін Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі болып келген.

Облыстық мәслихат хатшысы Гүлнар Тойлыбаева: – *Бұл құрылып жатқан Жетісу облысындағы маңызды құжаттар. Жаңа мемлекеттік органдарды құруда жергілікті атқарушы органдардың кедергісіз жұмысын жүргізуіне осындай тиісті нормативтік құжаттарға сәйкес негізгі мемлекеттік органдардың құрылуына мәслихаттың шешімі, депутаттардың қолдауы ықпал етеді. Жетісу облысының қазіргі уақыттағы жоспарға сәйкес құрылыс нысандарының іске асырылуы, әлеуметтік нысандардың құрылысы басқа да маңызды газ тарту, жол мәселесі сынды жағдайлар тікелей депутаттар назарында,*– деді.

Жетісу облыстық мәслихатының 2022 жылдың 24 маусымындағы «Жетісу облысы әкімінің 2022 жылдың 1-ші жартыжылдығының қалған мерзіміне және 2-ші жартыжылдығына арналған халықпен кездесулерінің икемді күнтізбесіне келісу туралы» №3-10 шешіміне өзгерістер енгізу туралы осыған дейін айтылған ұсыныс депутаттардан толықтай қолдау тапты.

Қали АСҚАР

Жетісу облысы аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 73-бабы 6-тармағына сәйкес Жетісу облысының сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына келесі кандидаттардың тіркелгенін хабарлайды:

Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлы, 1963 жылы туған, Кербұлақ ауданының әкімі, Талдықорған қаласында тұрады;

Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлы, 1977 жылы туған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің деканы, Талдықорған қаласында тұрады;

Тынышбаев Берік Тынышбайұлы, 1974 жылы туған, "Әлихан" ШҚ басшысы, Жансүгіров ауылында тұрады;

Ақшабаев Ермек Сүндетбайұлы, 1984 жылы туған, Жетісу облысы тілдерді дамыту басқармасы басшысының м.а., Талдықорған қаласында тұрады;

Башбаев Айдар Карбозұлы, 1972 жылы туған, Қаратал ауданы әкімінің орынбасары, Талдықорған қаласында тұрады.

Т. ДАУТОВ,
облыстық сайлау комиссиясының төрағасы

Төрт түліктің төресі



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

(Басы 1-бетте)

Жетісу өңірінде Ойсылқара түлігіне деген сұраныс төмен еді. Шұбат пен түйе еті қолданыла бермейтін. Ал жеңіл әрі жылы киімдер тоқуға лайықты жүні, түрлі ісіктерді жазуға мың да бір ем болатын шудасы қауесет ретінде ғана құлаққа жетіп жататын. Осындай жағдайда түйе өсірумен айналысуға шешім қабылдау – ерлікпен пара-пар десе де болады. Алайда, алған бетінен қайтпайтын Сыдық Әбуұлы жұмысты бастап кетеді.

Аз жылда түйе саны 5 мыңнан асып, өңдеу өндірісін кеңейтуге көңіл бөле бастайды. Алғашқы жылдары еліміздің шұбатқа деген сұранысын толық қамтамасыз еткен серіктестік, енді шетелдерге түйе сүтін экспорттамақ. Шетелдердің сырттан келетін тауарға қойылатын талабы қатаң. Сондықтан сапасы жоғары, майлылығы талапқа сай келетін құрғақ сүт шығару зауытын салу қолға алынған.

Түліктің басым бөлігі – сүтті көп беретін түркмендік жалғыз өркешті «Аруана» тектес түйесі, қалғаны – қазақы екі өркешті «Бак-триан» тұқымы. Дәстүрлі қолмен сауу кезінде сүттің майлылығы кемітінін ескеріп, неміс технологиясы бойынша машинамен сауу аппараты орнатылған сүт фермасы жұмыс істей бастағанына да біраз уақыт болыпты. Және аруананы идіру үшін өзгелердегідей медициналық әдісті пайдаланбай, ботасын емізіп барып сауу да өз нәтижесін беріп келеді. Күнделікті осындай қимыл-әрекетке енесі мен ботасы да көндігіп қалғандай.

Шаруашылықты өркендету үшін Алматы қаласынан түйе сүті мен етінен ұлттық тағам әзірлейтін дәмхана, құрт, ірімшік, балқаймақ және өзге де таңсық тағамдар шығаратын шағын зауыт ашып үлгерген. Қазақтың құдалық-құндалық дәстүріне, шетелдерден келген туристерге ұлттық дәм ретінде алып кететін, әсем етіп безендірілген сый-қораптары қазақ елінің бірегей брендіне айналып келе жатқаны анық. Онымен қоймай, болашақта түйе етінен қарақұмық, күріш қосып әзірленген қалбырдағы бұқтырмалар жасау жобасы әзірленіп жатқан көрінеді.

Бекет атаның жетінші ұрпағы ретінде Сыдық Әбуұлы «малдан зекет» деген дәстүрді бағдар етіп, қайырымдылық шараларын ұйымдастыруды әдетке айналдырған. Осы мақсатта сол өлкедегі әулиебилердің басына кесене салып, жанына шырақшы үйін тұрғызып келеді. Шаруашылық жұмыс жасай бастағаннан бері Ақши ауылындағы аз қамтылған отбасылары мен жалғызбасты аналарға арнап 12 баспана салып, тегін сыйға тартыпты. Елдімекен тұрғындарына серіктестікке тиесілі дүкендер, тойхана мен балабақша өз қызметін ұсынып келеді. Ал 50 адамға арналып ашылған шипажайда ауруынан айыққан жандар шұбат ішіп, денсаулығын қалпына келтіру үшін жүйелі түрде келе бастаған. Олардың қатарында өз елімізді қойып, Ресей мен Түркменстаннан, Украинадан, тіпті алыс шетелдерден келгендер де бар. Шипажай ашылған екі жыл ішінде 3 мың адам денсаулығын түзегені көп нәрсені аңғартса керек.

Іле ауданы
Алматы облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

5

13.08.2022

РУХАНИЯТ

Музейдегі құнды құжат

Әдетте көзге елеусіз көрінетін музейлердің өзінде қаншама құнды жәдігер бар! Сол себепті музейлерде көнеден қалған мұраларды сақтап, оны көпшілікке көрсететін орын ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы десе де болады. Осы орайда Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейінің қорында сақталған бір құжат жайлы сыр шертпекпін.



Үмбетәлі ақын 1889 жылы туып, 1969 жылы 80 жасында дүниеден өткен. Ол – атақты Сүйінбай мен Жамбылдың ең сүйікті шәкірті ғана емес, олардың шығармаларын кейінгілерге жеткізуші де. Көкірегі ояу, көзі ашық ақын арабша төте жазуды жақсы білген. Оның айғағы – музейде сақталған, ақынның өз қолымен жазған қолжазбалары.

Жалпы, Үмбетәлі ақынның музейінде ақынның жеке өзіне және ұстаздары мен замандастарына, ізбасарлары мен ұрпақтарына қатысты 2500-ден астам жәдігер бар. Осыдан бірнеше ай бұрын ата музейіне ақынның қызы Әлия апай келіп, үйінде сақталған көне фотосуреттер мен құжаттарды өткізген еді. Негізінен, Әлия апайымыз – ұзақ жылдар мектепте ұстаз болған, көне құжаттар мен қағаздарға ұқыпты адам. Музейге де айтарлықтай көмектесіп, әртүрлі іс-шараларға белсене қатысып жүреді. Әлия апай әкелген дүниелердің бір сыпырасы музей қорында бар болғандықтан, алғашқыда аса мән бермедік. Біраз уақыт өткеннен соң сол заттарды қайта қарап отырғанымда «Қазақ ССР Ғылым академиясы» деп жазылған көне куәлік көзіме оттай басылды. Асықпай оқып шықтым. Онда былай деп жазылған: «Дана Академией наук Казахский ССР народному акыну Карибаеву Умбеталы, в том, что он действительно является корреспондентом АН Казахский ССР, Алматинской области по сбору фольклорных материалов. Просим оказать помощь». Астында Қазақ ССР Ғылым академиясының сол кездегі Президенті Қ. Сәтпаевтің және Қазақ ССР Ғылым академиясы жанындағы Қазақ тілі мен әдебиеті институтының директоры Е. Исмайловтың қолы қойылып, мөрі басылған. Алайда қойылған қолдың сиясы өшкен, әрең көрінеді. Десек те бұл құжатты Үмбетәлі ақынның кезінде қазақ ауыз әдебиеті мен көне жыр-дастандарды жинастыруға өзіндік үлес қосып, Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болғанын дәлелдейді. Бұрын-соңды музейде бар құжаттар арасынан мұндай мәлімет кездеспеген еді.

Үмбетәлі атам қайтыс болғанда мен он жастағы бала едім. Анам Зейнеп Үмбетәлінің туған қызы болғандықтан әрі бәріміз бір ауылда тұрғандықтан, балалық шағымызда нағашы атамыздың үйінде көп жүретінбіз. Кейін ес білгенде апамыздан естігеніміз, әкесі Үмбетәлінің үйіне қазақтың майталман ақын-жазушылары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғали Орманов, Кенен Әзірбаев, балуан Қажымұқанның жиі келетіндігі. Ол кісілерге анамыз өз қолымен шай құйып берген екен.

Анамның тағы бір нықтап айтып кеткені – Жамбыл мен Құлманбеттің айтысын Ғали Орманов әкемнің үйінде бірнеше күн жатып жазғаны. Тіпті бір кездері Қазақстан жазушылар одағынан Үмбетәліге Кенесары туралы да өлең жазуға тапсырма беріліпті. Бірақ жоғары жақтың тапсырмасы, сол кездегі саясат бойынша Үмбетәлі Кенесарыны қанышер, жауыз етіп көрсетуі керек болған. Атамыз олардың дегеніне көнбей, өз білгенінше жазған көлемді шығармасын Жазушылар одағы жаратпай тастаған. Тіпті жазған қолжазбасын да қайтармаған. Кім біледі, сол қолжазба шаң басып бір архивте жатқан шығар. Іздесек, әлі көптеген құнды дүнилерді табуға болады-ақ!

Әуелбек ЫСҚАҚ,
Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейінің меңгерушісі
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Семей ядролық сынағының зардабын тартқан Кәкім Қарабаев ақсақалдың отбасы «Харекет» қайырымдылық қоры сыйлаған үйде тұрып жатыр.

«Харекет» қоры қуантты



Кәкім ата жалдап тұратын баспана іздеп, ары-бері сабылмайтынына шүкір дейді. Алайда ядролық сынақ алаңындағы ауылда тұрған отбасы батпандап кірген аурумен күресіп келеді. Сондықтан олар ауруханаға жиі жағалайды. Текелідегі «Достық» шағынауданындағы үш бөлмелі аядай үйге қазір Кәкім Хамзаұлы аузындағы тәубесімен кіріп шығады, айналасындағы алты сотық жерді әл-дәрмені жеткенше аударып, қияр, қызанақ, асқабақ, жүгері егіп, баптап жүр. Болашақта қора-қопсы салып, тірлік жасасам дейді. Оған қолғабыс етуге отанасы Күлбағи Шәмбілбекқызының денсаулығы жарамайды. 1996 жылдан бері екінші топтағы мүгедек.

– Ядролық сынақтың зардабын талай адам көрді ғой. Әлі қанша ұрпаққа зиянын тигізетінін бір Алла біледі. Мен 1949 жылы туғанмын. Семей полигонында әскерде болып, жұмыс істедім, сол маңайда көп жыл тұрдым. Менің құндылығым – Отаным, отбасым. Бұрын үйім де, көлігім де, бәрі болған. Радиацияның кесірінен ауру болған балаларымды емдетемін деп жүріп, барлығын саттым. Неше рет банктен кредит алдым. Бірақ қанша тырыссам да, үш бірдей ұлымнан айырылып қалдым. Бір немерем шетінеді. Төртінші балам да ауруға шалдығып, аяғын кесті. 2-топтағы мүгедек. Сол қайғыны көтере алмаған әйелім де ауру болды, жүйке жүйесі шаршаған, басы ауырады, басқа әлемде жүргендей күйге түсе береді. Тағдыр басқа салған соң көнбеске лажымыз жоқ. 70-тен асқан шағымда жарымжан балам мен ауру әйелімнің күнделікті тіршілігі үшін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылдым. Келінім жұмыс істемейді. Күйеуі мен енесіне қарайды. Төрт немерем бар. Солардың болашағына алаңдаймын. Текелі қаласы таулы жер болғандықтан, денсаулығымызға байланысты көшіп келдік, – деген К. Қарабаевтың «Харекет» қорына алғысы шексіз. «Алла тағалаға, «Харекет» қоры арқылы жәрдемдескен халыққа ризамын. Сегіз жан бір жарым бөлмеде сығылысып тұрып жатқан хәлімізді көріп, жанайқайымызға құлақ асқан қордың өкілдері бізді Алматыдағы Республика сарайына Сәкен Майғазиевтің концертіне алып барып, сол жерде «Харекет» қорының 665-баспанасы Қарабаевтар отбасына» деп жазылған сертификат табыстады. Енді тырбанып тіршілік етеміз ғой», – дейді Кәкім Хамзаұлы.

Ол кезінде Семей ядролық сынақ полигонында әскери міндетін өтеген қазақстандық сарбаздардың өздеріне «ардагер» мәртебесін беріп, әлеуметтік жағдай жасау туралы талабы орындалады деген үмітте.

Ал жарымжан ұлы Серік келіншегі, төрт баласымен емхана, ауруханаға жақындау жерде жалдамалы пәтерде тұрып жатыр. Биыл егіз бөпелері дүниеге келіп, келіншегі Айгүл көпбалалы ана атанды. Осы санатпен тұрғын үй кезегіне тұрды. Мүмкіндігі шектелгеніне мүжілмей, балаларының ертеңі үшін күш-қайратын жинаған Серіктің рухы сынбағаны дәтке қуат.

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

Текелі қаласы
Жетісу облысы

БІЛІМ

Үздік тәрбиеші

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» республикалық байқауында жеңімпаз атанған Текелі қаласындағы №2 балабақша тәрбиешісі Айжан Маткаримова Елорда төрінде «ҚР білім және ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін» төсбелгісіне ие болды.



Байқауды ұйымдастырған «Bilim orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы республика бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің байқауға өткізген жұмыстарын сараптап, осыған дейінгі жетістіктерін ескерді. І дәрежелі дипломмен марапатталған А. Манапқызы төсбелгімен бірге өзінің өмірбаяны енген «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» кітабын иеленді.

14 жыл балабақша тәрбиешісі болып, бүлдіршіндердің жүрек түкпірінен орын алған үздік тәрбиешінің ізденіске, жаңашылдыққа толы еңбегін әріптестері де, балаларын қолына сеніп тапсыратын ата-аналар да жоғары бағалайды.

Бастапқыда банк саласында қызмет істеген Айжанның бүйрегі педагогтік жұмысқа бұрды да тұрды. 2008 жылы №2 балабақшаға тәрбиеші болып орналасты. Құштарлықпен айналысқан әр ісі жемісін беріп жатты. Бірде баламен бала болды, бірде мейірімді ана, ұлағатты ұстаз, тіпті, кей балаға әже де болды. «Балдәурен» санаторлық-сауықтыру тобында тәрбиешілік еткелі әр баланың денсаулық жағдайына, ой-өрісімен қатар, физикалық тұрғыдан жетілуіне ерекше мән берді. Тәрбиеші ағылшын тіліне де жүйрік. Бос уақытында әдеби, тарихи кітаптар оқиды, компьютерлік бағдарламаларды да шырқ үйіреді.

– Әдіскерлермен, жоғары санатты тәрбиешілермен бірігіп «Табысты тәрбиеші» атты педагогтер альянсын құрдық. Тәлімгерлік көмек көрсету мақсатында «Шеберлік баспалдағы» атты жас мамандар мектебі жұмыс істейді. Енді жергілікті әдістемелік кабинетпен ақылдасып, қалалық «Үздік тәрбиешілер» қауымдастығын құру жоспарда бар, – деген Айжан Манапқызы ұрпақ тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап келеді.

Тәрбиешілік міндетіне адал Айжан – көпбалалы ана, отбасының ұйытқысы. Өмірлік серігі Асыл Тайыржанұлының үнемі қолдап-қуаттауы оған күш-жігер сыйлап, шығармашылық еркіндікпен алаңсыз айналысуына мүмкіндік береді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Текелі қаласы
Жетісу облысы

БІЛІМ

«Армандар орындалатынына көзім жетті»

Ұзынағаш ауылындағы Т. Рысқұлов атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі Гүлзия Құрманқұл Оңтүстік Флорида штатындағы университеттің магистратурасына «Болашақ» бағдарламасы арқылы грант жеңіп алды. Бұл жайында біз Гүлзия Құрманқұлдың өзінен сұрап, сұхбаттасқан едік.



– Гүлзия, сіздің ағылшын тілін меңгергеніңізге қанша болды? АҚШ-қа оқуға түсуге тілді жетік меңгергеніңіз септігін тигізді ме?

– Бәріміз ауылда мектеп қабырғасында ағылшын пәнін белгілі бір деңгейде оқыдық қой. Мектепті тәмамдаған соң университетте неміс тілін үйрендім. Бірақ мектепте сабақ бергендіктен өз шәкірттерімнің халықаралық олимпиадаларда жеңімпаз болуын армандайтынмын. Ол үшін алдымен, әрине, тіл білуің керек. Тілдің ішінде де сұранысқа ие болған ағылшын тілін білу өте маңызды. Сол үшін мен алдымен өз білімімді жетілдіруге тырыстым.

– АҚШ университетіне қалай түстіңіз?

– Өз білімімді жетілдіру үшін көптеген ұстаздардың сабақтарын қарастырдым. Солардың ішіндегі ең тиімдісі әрі оңайы Диас Жорабеков атты ұстаздың сабақтары болды. Оның оқуының ақысы да қолжетімді әрі өзі – «Болашақ» бағдарламасының екі дүркін стипендиаты атанған. Алғашында мен Диас Жорабековтың сабақтарын ютуб желісі арқылы қарап дайындала бастадым. Күніне 5-6 сағат уақытымды жұмсадым. Басында бәрі қиын болды. Ағылшынша сөйлемек тұрмақ, дұрыс оқи да алмайтын едім. Сөйтіп бірнеше ай қиналып жүріп, тілім жаттықты, сөздік қорым көбейді.

– Ағылшын тілін қанша уақытта меңгердіңіз?

– Бір жарым жыл уақытым кетті. Содан кейін IELTS тестін тапсырдым. Ең жоғары балл жинап, «Болашақ» бағдарламасы арқылы АҚШ-тың грантын ұтып алдым.

– АҚШ-қа оқуға қашан аттанбақсыз?

– Қазіргі таңда виза рәсімдеп жатырмын. Армандар орындалатынына көзім жетті. Тек сол армандар орындалуы үшін талмай еңбек ету керек. Сонда ғана нәтижеге жетуге болады. АҚШ-тан білімімді шыңдап, еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін.

Елдар ЖАҚЫПБЕКОВ

Ұзынағаш ауылы
Алматы облысы

МӨЛТЕК МӘЛІМЕТТЕР

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов мектеп бағдарламасына жол қозғалысы ережелерін оқытуды енгізуді тапсырды. Сонымен қатар, мектептерде ТЖМ өкілдері де арнайы сабақтар өткізбек.



Инспекторлар жол ережесін оқытады

«Білім министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, жол қозғалысы ережелерін оқуды білім беру бағдарламасына міндетті түрде енгізу, бұл жұмысқа инспекторларды тарту мәселесін қарастырсын», – деді Әлихан Смайылов.

Жиында Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов 22 тамыз бен 12 қыркүйек аралығында жолдарда балалардың жарақат алуын азайтуға бағытталған жедел профилактикалық іс-шараны өткізу жоспарланып отырғанын айтты. Барлық өңірлерде жол белгілерінің, таңбалардың болуы, бағдаршамдардың жұмысқа жарамдылығы тексерілетін болады. Сондай-ақ, мектеп автобустарының балаларды тасымалдауға рұқсаты тексерілмек. «Сонымен қатар, Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп, мектептерде өрт, жер сілкінісі, ланкестік әрекеттер – осы жағдайларда қалай әрекет ету керектігі жөнінде арнайы сабақтар өткіземіз. Сонымен қатар, полиция қызметінің басшылары мектептерде қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша сабақтарды ұйымдастырады», – деді министр Марат Ахметжанов.

Бұған дейін Ішкі істер министрлігінің басшысы қазақстандық мектептерде қандай заңбұзушылықтар анықталғанын айтқан болатын.

«Айбоз» әдеби сыйлығы тағайындалмақ



2023 жылдан бастап қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін арнайы Президенттік әдеби сыйлық тағайындалады. Бұл туралы Павлодар облысында халықпен кездесу барысында Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев айтты.

Енді 18 жастан 29 жасқа дейінгі авторлар жоғары марапатқа ие бола алады.

Сондай-ақ министр жас әдебиетшілерді қолдау бойынша жүзеге асырылып жатқан басқа да жобалар туралы түсінік берді.

«Біз «Жаңа қазақ әдебиеті» атты жаңа жобаны қолға алдық. Оның аясында дарынды жас авторлардың кітаптары 3 мың дана таралыммен басып шығарылады. Бұл жұмыс жас ұрпақтың жаңаша ойлау жүйесін дамытуға көмектеседі, олардың шығармашылық көңіл күйі мен инновациялық идеяларын қолдайды. Сонымен қатар қазір жалпы жүлде қоры 35 млн. теңгені құрайтын «Айбоз» тұңғыш ұлттық әдеби сыйлығына өтінімдер қабылдау жүріп жатыр. Осылайша біз әдебиетімізге жаңа туындылардың қосылуына ықпал етіп, қаламгерлер мен баспагерлерді қолдаудың жаңа тетіктерін қалыптастырамыз», – деді Дәурен Абаев.

Гуманитарлық салада үміткер көп

Магистратураға түсуге биыл 17 мың жас маман өтініш берді. Құжат қабылдау 12-15 тамыз аралығында жүргізілді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, конкурс нәтижелері 25 тамызға дейін жарияланады.



Жалпы, 2022-2023 оқу жылына магистратураға 13 мыңнан астам грант бөлінді. Грант конкурсына құжат жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары арқылы дәстүрлі форматта және виртуалды комиссиялар арқылы онлайн қабылданды.

«Бірнеше жыл қатарынан өтініштердің көбі «Педагогикалық ғылымдар», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» мен «Бизнес, басқару және құқық» сияқты бағыттарға берілді. Қабылдау науқанының нәтижесіне сәйкес, болашақта қазақ тілі және әдебиеті, шет тілі мұғалімдері, инженерлер және дипломаттар арасында бір гранттық орынға ең үлкен конкурс болады деген болжам бар», – дейді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Гранттар тағайындау жөніндегі шешімді республикалық конкурстық комиссия қабылдайды. Комиссия құрамына министрліктің, мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіподақтарының, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, БАҚ, Қазақстанның азаматтық альянсы және қоғамдық ұйым өкілдері кіреді.

Білім гранты иегерлерінің тізімі Ұлттық тестілеу орталығының сайтында және әлеуметтік желілерінде 25 тамызға дейін жарияланады. Жоғары оқу орындарына құжаттарды тапсыру 28 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Білім беру гранттары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, сондай-ақ жұмыс берушілердің кадр қажеттілігі бойынша деректері негізінде бөлінген.

Жанар ҚОЙЛЫШ

ТАРИХ-ТАНЫМ

Су ортасындағы кесене

Шеңгелді ауылының тұсынан өткен жүргіншілер Қапшағай су қоймасының ортасындағы Өтеген төбесі (кейде Әулиетөбе) деп аталатын төбедегі күнге шағылысып жалт-жұлт етіп тұратын ақ түсті кесенені жиі көреді. «Ұшақпен төбесінен қарайтын болсаңыз, су ортасындағы төбе айбалта пішіндес», – дейді жергілікті тұрғындар.

Қажет АНДАС



Демек, бұл жер бауырына талай тарихты бүгіп жатқан қасиетті мекен. Онда XVIII ғасырда өмір сүрген батыр, Абылай ханның сенімді серігі, көрші елдерге жіберетін елшісі қызметін атқарған Өтеген батыр Сәбденұлы және оның жақындары жерленген. 2017 жылдан бастап батырдың ұрпақтары тынымсыз еңбектенудің нәтижесінде төбеге сәулетті кесене тұрғызды.

Аңыз бен ақиқат

Өтеген батыр – XVIII ғасырдағы жоңғарға қарсы соғыста Ескелді би, Балпық, Қабан жырау, Саурық батырлармен қатар жүрген жаужүрек батыр, парасатты саясаткер. Жалпы, зерттеушілердің еңбегіне сүйене отырып, үш қасиетін бөліп атауға болады. Бірінші – батырлығы, өзінің айналасындағы жас қолбасыларға, батырларға ұстаздық ету, қарапайым жұртқа әрі өз туысқандарына көмек көрсетуі. Ол 18 жасынан бастап ел қорғау жорықтарына қатысып, Аңырақай, Қалмақ қырылған, Бұланты-Білеуті, тағы да басқа шайқастарға қатысқан. Қазақтың 44 мыңға жуық қолы және қалмақтың да соған жетекабыл әскері қатысқан Ойрантөбе шайқасында Өтеген батыр ел көзіне ерекше түседі.

Екінші – мәмілегер ретінде танылуы. XVIII ғасырдың 30-40-шы жылдарында қазақ ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанның қасында болып, сол кездегі қазақ билеушілерімен тізе қосып, қазақ елінің ішкі, сыртқы саясатын белгілеуге қатысуы.

Үшінші қасиеті – жиһанкездігі. Асанқайғы бабамызша, жер кезіп, елінің тыныштығын, жұртының амандығын күзеткен парасаттылығы. Ауған, Үнді, Қиыр Шығыс пен Қытай, Тибетке жолы түскен деседі. Дастан-жырлар мен аңыздарда бұл жайлы көп айтылады.

Шежірешілер, құймақұлақ қариялар мен батыр ұрпағынан алынған дерек бойынша, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тұсында Өтеген батыр Текелінің тауын мекендейді. Осы жерде жол тосып, жоңғар қолының Жетісу жеріне ішкерілей еніп кетуінің алдын алады. Сол тұста жас жігіттерді батырлыққа тәрбиелеп, жауға қарсы күрестің болашағын бекемдейді. Мысалы, жалайырдан шыққан әйгілі Кәшке батыр Өтегеннің тәрбиесімен ержетсе, кейін ел-жұрты Өтеген мен Кәшкені бір жерге жерлейді.

Ел ішіндегі аңыздарға жүгінсек, Абылай сұлтан ашуланғанда Өтеген батыр ғана сабырға шақырады екен. 1743 жылы Ресей патшасының араласуымен Абылай сұлтан қалмақ тұтқынынан босатылып, 200-дей адам қазақ даласына бет алады. Олардың алдынан Төле би бастаған 90 адам шығады. Бұдан хабар алған қытайлар Текелінің тауында Абылай мен оның серіктерін өлтірмекші болады. Осы кезде жалайыр Өтеген батыр атақонысы болған Текелі тауларының соқпақ жолдарымен Абылай мен Төле би бастаған топты аманесен елге жеткізеді.

Ерлікпен пара-пар

Иә, айта берсек, Өтеген батырдың осындай ерлік істері өте көп. Ал Қапшағай су қоймасының дәл ортасындағы төбеге аталарының алып кесенесін тұрғызған ұрпақтарының қажырлылығын бүгінгі күннің батырлығы деуге болар. Кесененің биікті 16 метр, 1,65 см қалыңдықтағы қабырғаның іші темірмен бетондалып, сырты Ресейден әкелінген ақ мәрмәрмен қапталыпты. Формасы 7 бұрышты етіп салынған нысанның әр тұсы әйнекті тереземен бөлінген. Ал кесененің айналасында үш бесіктас бар. Ол жерде Өтеген батырдың жақын адамдары жатыр. Ал ішкі қабырғасы, күмбездің ішкі бөлігі ою-өрнекпен әшекейленіп, көрген жанды таңғалдырады. Кесене ішінің дәл ортасына Малайзиядан арнайы алдырған жасыл таспен батыр жатқан жерге бесіктас қойылыпты. Айналасына орындықтар орналастырылып, келушілердің Құран оқып, тәу етуіне жағдай жасалған. Төңірегі абаттандырылып, төбеге шығатын жол мен кесененің айналасына өрнекті тастар жатқызылған. Қайық келіп тоқтайтын жер темірмен қоршалып, адамдардың қайықтан түсіп-шығуына жағдай жасалған. Жалпы, еліміздің сәулет өнеріне тағы бір тың дүние қосылды деуге болады. Әрине, мұндағы айтпағымыз кесененің әдемілігі емес.

– Бұл кесенені 2017 жылдан бастап тұрғыза бастадық. Кесенені салу үшін жағалаудан 5 шақырым жердегі төбеге құрылыс материалдарын қайықпен тасып жеткіздік. Кранмен көтеріп, көлікпен жеткізетін ауыр темірлер мен гранит тастарды судан кішкентай қайықпен өткізіп, жағалаудан 50 метрдей биіктіктегі төбеге қалай жеткізгеніміз қазір түс сияқты.

Құрылыс жұмысы басталғаннан бүгінге дейін ешқандай оғаш жағдай болған жоқ. Атамыздың аруағы жебеп тұрған шығар, – дейді батырдың ұрпағы, кәсіпкер Жеңіс Смайлов.

Бұл жерде әлі де атқарылар шаруа жетерлік. Енді кесененің айналасындағы ашық жатқан қорымдарға белгі қойып, төбенің айналасын темір шарбақпен қоршау, жазда келгендердің шомылып, демалып қайтуы үшін жағалауды абаттандырып, арнайы демалыс айлағын жасау жұмыстары қолға алынбақ.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Заманауи би жарысы

Айдынды Алакөлде «Алматы облысы ауыл жастарының одағы» қоғамдық бірлестігінің ұйытқы болуымен «Alakol Street dance – 2022» облыстық заманауи би байқауы түңлігін түрді. Додаға Жетісу өңірінен 8 команда қатысты.



Сайыстың басты мақсаты – жастардың арасындағы достық қарым-қатынасты бекіту, сыйластық пен бауырмалдыққа баулу, саяси тұрғыдағы сауаттылықтарын арттырып, жаһандық бәсекелестікке бейімдеу.

Екі күнге созылған би байқауының қатысушылары «Алатау» демалыс орнында тынықты. Сайыстың алғашқы күнінде қатысушыларға арнайы семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Көлдің қызығы – шомылу. Арнайы тренингтерден кейін бос уақыт беріліп, жетісулық ұл-қыздар көлде көңіл көтерді. Жағалауда би билеп, ән айтып, түрлі спорттық ойындарға да қатысты.

Қызықтың барлығы кешқұрым басталды. Заман талабына сай салынған Ақши ауылының орталық саябағында би жарысы басталды. Құрамалар таныстырылып, олардың реттік саны белгіленді.

Ұйымдастырушылардың өкілі Дәулет Ауданбаев: «Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету – әркімнің міндеті. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Оларды білім жолына салып, түзу бағыттан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу-білімнің тізгінін ұстату – басты парыз», – дей келе, доданың өту тәртібімен таныстырып, бишілерге сәттілік тіледі.

Бір қуантарлығы, керемет кешке көрермендер де көп жиналды. «Бұған дейін мұндай ауқымды шараларға қатыспаппын. Көлге келіп, суға шомылып, одан әрі үйді-үйімізге тарасатынбыз, – дейді көрермендердің бірі Ғабит Алтайұлы.

Көп ұзамай алғашқы топ та сахнаға шықты. Қабанбайлық қыздар сүйреген көш барлығымызға да жағымды әсер қалдырды. Кезек-кезегімен өз өнерлерін ортаға салған жастардың қимылына, музыка ырғағын түсіне білуіне тәнті болды.

Арнайы дайындаған билерінен кейін барлық командалар өзара батл ұйымдастырып, тосыннан қойылған әнге билеп, шеберлік көрсетті.

Шара соңында аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Бейбіт Айтахметов өзінің жүрекжарды тілегін білдіріп, жиналғандарды құттықтады.

Байқаудың қорытындысы бойынша сарқандық «Грация» командасының қыздары 3-орынға көтеріліп, 50 мың теңге сыйлыққа ие болды. Ал 2-орынға талдықорғандық «ТХТ» командасы жайғасып, тиісінше 70 мың теңгенің сертификатын қанжығалады. Ал «Arlan Fam Crew» тобы өзгелерден оза шауып, 1-орынды олжалады. Оларға 100 мың теңгенің сыйақысы берілді.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Алакөл ауданы
Жетісу облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

5
27.08.2022

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА



ҚЫЗЫЛЖАР ШАЙҚАСЫ

Бір ғасырға ұласқан қазақ-жоңғар соғысында талай ерлік істер мен батырлықтың өлшемі болған үлкенді-кішілі шайқастар өткені мәлім. Бірақ кейінгі ғасырлардағы қоғамдық, саяси, әлеуметтік, тағы да басқа жағдайларға байланысты соның көбі ұмытылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін сол ұмытылған тарих мемлекеттің қолдауы және жергілікті жердегі тарихшы, өлкетанушылардың тынымсыз еңбегінің арқасында қайта оралды. Соның бірі 1640 жылы қазақ-жоңғар арасындағы «Орбұлақ шайқасы» болса, оның жалғасы болған «Қызылжар шайқасы» да қайта жаңғырды.

Қажет АНДАС

Бұрым

Бала шағымызда ата-әжелеріміздің тізесіне сүйеніп жатып, ол кісілер айтқан аңызға құлағымызды түретінбіз. Соның бірі былай өрілетін: осыдан 300 жыл бұрын қазақ ауылдарына тосыннан шапқыншылық жасаған жоңғарлар жолындағысының бәрін жайпап, қалың елдің көз жасы көл болып ағады. Осы тұста Құдайназар батыр ел ішінен іріктеп 100 сарбазды жинап, ел қауіпсіз жерге көшкенше қорған бола тұруды ойластырады. Әкесімен бірге ел қорғау жорығына 17 жастағы қызы Гүлайым да аттанады. Олар жауды Қызылжар деген асуда тосып отырады. Қызылжар – ортасында арқырап өзен ағып жатқан, екі беткейі жалама жартаспен қоршалған тар шатқалда орналасқан асу. Еңістен келген жау төбеге шығатын басқа жол таппай, осы мойнақтан аспақ болады. 100 батыр жан алысып, жан берісіп шайқасады.

Үш күндік жанталас шайқас барысында 100 сарбаз саны көп, күші басым жаудан жеңіліп, тегіс құрбан болады. Шайқас бітіп, шамалы уақыт өткен соң жауынгерлерін іздеген ел азаматтары мүрдесі өртелген 100 батырдың шашылып жатқан сүйектеріне тап болады. Тек қол бастап жүрген Құдайназар батырдың күрек қасқа тісі мен қызы Гүлайымның өртелмей қалған бұрымынан танып, олардың сүйегін жинап, Құдайназар батыр мен қызы Гүлайымды бір жерге, басқаларын бір жерге арулап көміп, 100 батыр жерленген жерді «Жүз оба», батырдың қызы жерленген жерді «Қыз бейіті» деп атап аттанады. Содан бері 300 жыл бойы осы қоныстан қиыр жайлап кеткен ел ұрпақтарына осы шайқастың болғанын айтып, құлағына құюмен болды. Жылдар өтуімен қатар басқаларының аты ұмытылып, тек Құдайназар мен қызы Гүлайымның аты Қызылжар шайқасымен қатар аталып жүрді. Сол аңыз міне, бүгін ақиқатқа айналып, өз бағасын алуға мүмкіндік туды.

Жүз оба

Жетісулық өлкетанушылар мен Құдайназар батырдың ұрпақтары осы бір тарихи оқиғаның орнын анықтау үшін бірқатар ізденіс жасады. Жалпы, еліміздің әр өңірінде «Қызылжар» деп аталатын 24 жер атауы кездеседі. Өлкетанушылар оның бәрін сараптап, жергілікті тұрғындардан деректер жинап, аңыз-әңгімелер негізінде аталған шайқастың орнын Ақсу ауданына қарасты Қапал шатқалында болған деп тұрақтандырды. Әрине, аңыз болып жеткен ақиқатты анықтау үшін сол өңірдегі жергілікті тұрғындар пікірі де салмақты. Ауыздан-ауызға айтылып жеткен аңыз-әңгімелер, тарихшылар мен шежірешілердің жазбасына және ақын-жазушылардың өлең-жырларына да қарауға тура келді. Сол қатарда өткен ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Досбер Саурықұлының «Есенгелді би» дастанын атауға болады.

Ең қызығы, Қызылжар шайқасы болған асуда тұрып, осы дастанды оқысаңыз, өлеңде өрнектелген жер өзі сөйлеп кетеді. Осындай дәлелдер мен дәйектерді назарға алған Алматы облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығы және жетісулық өлкетанушылар, Қызылжар шайқасының батыры Құдайназар Тәңірбердіұлының ұрпақтарынан құралған экспедиция 22 маусым күні Ақсу ауданы, Қапал ауылына қарасты жергілікті жұрт «Жүз оба», «Қыз бейіті» атап кеткен тарихи орын мен Қызылжар шайқасы болған асуға сапар шекті. Көпшілік батыр мен оның қызы және 100 сарбаз жерленген қорым мен шайқас болған асуға белгі қойып, тарихты қайта жаңғыртты.

Түптен келгенде, Қызылжар шайқасы – XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында орын алған, ел қорғау жолындағы ұлы шайқастардың заңды жалғасы саналады. Қазірге дейін шайқаста қайтыс болған 100 сарбаздың екеуінің аты мәлім. Ал қалған 98 батыр сол кездері осы шайқас болған өңірді мекендеген төрт төлегетайдың, жалайыр, албан, суан, дулат руларының азаматтары деген болжам бар. Бұл ақиқатты анықтау алдағы уақыттың еншісінде.

Тарихтың жаңа беті

«Игі істің басына, жақсы келер қасына» дегендей, Жетісу өңіріндегі тарихшылар, өлкетанушылар, облыстық ақсақалдар және аналар кеңесінің мүшелері Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында өткен «Қызылжар шайқасы: Құдайназар бастаған 100 сарбаздың тарихи рөлі» атты конференцияда бас қосып, тарихтың жаңа бетін ашты. Шара аясында бірнеше баяндама оқылып, көптеген азаматтың ұсыныс, өтініші тыңдалды.

Соңында конференцияға қатысушылар Қызылжар шайқасы қазақ батырларының ел қорғау жолында тізе қоса ұрыс жүргізген ерлік шайқасы деп танып, Қызылжар асуы мен Құдайназар батыр мен қызы Гүлайым және қазақтың 100 сарбазы жерленген, жергілікті тұрғындар «Жүз оба» мен «Қыз бейіті» деп атап келген қорымды Қазақстанның жергілікті маңызы бар қасиетті нысандары тізіміне енгізуді ұсынды. Сондай-ақ, шайқаста мерт болған 98 батырдың тұлғасын анықтау, Талдықорған – Қапал жолы бойындағы Шынбұлақ арқылы Қызылжар шайқасы болған жерге баратын бұрылысқа жол белгісін қою, Қызылжар шайқасы болған асуды Жетісу облысының туристік картасына енгізу, М. Тынышпаев атындағы облыстық музейден Қызылжар шайқасының тарихы жинақталған шағын бұрыш және Талдықорған мемлекеттік архивінен Қызылжар шайқасына қатысты деректерді жинақтайтын арнайы орын ашу, тарихи орынды абаттандыру, Гүлайым Құдайназарқызының есімі мен ерлігін мектеп оқулықтарына енгізу, Жетісу өңіріндегі әлі де өз бағасын алмаған ел қорғау жолындағы шайқастарды анықтап, оны тарих керуеніне қосу мақсатында «Қызылжар шайқасы» жетісулық өлкетанушылардың қоғамдық бірлестігін құруға қатысты өтініштер айтылды. Конференцияға қатысқан әртүрлі мекеме өкілдері бұл ұсыныстарды қолдайтынын білдірді.

Талдықорған қаласы
Жетісу облысы

КӘСІБІ – НӘСІБІ



«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді қазақ. Бүгінде істің қиюын келтіріп, нәпақасын кәсібінен тауып жүрген жандарды көргенде іштей қуанасың. Ауыз толтырып айтуға оңай болғанымен кәсіп ашып, оны одан әрі дөңгелетіп әкету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, қандай да бір істі бастағанда кедергілер мен қиындықтарға тап болатының рас.

Сүйікті ісің шаршатпайды

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сондықтан оған да үлкен еңбек, сабырлылық пен ептілік және терең ізденіс қажет. Сонда ғана ойлаған биікке көтеріліп, арман-мақсаттарға жетуге мол мүмкіндік туады. Қазір көптеген кәсіпкер мемлекет қолдауының арқасында ісін бастап, кәсіптерін кеңейтуде. Мұндай іскерлерді аймағымыздың кез келген түкпірінен кездестіруге болады.

Солардың бірі – Бақыт Қаржаубаева. Кәсіпкер келіншекпен әңгімелесіп, «Береке» жеке кәсіпкерлігінің жұмысын көру үшін арнайы іздеп бардық. Қонаев қаласындағы шағын ғимараттың бір бөлмесін жалға алып, сән салонын ашып, кәсібін дөңгелетіп отырған кәсіпкер қыз-келіншектердің бет-әлпетін сұлуландырып, кірпік, қас жасаумен айналысады. Тырнақ бояп, ретке келтіреді және шугаринг жасайды. Бүгінде өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған Бақыт Қаржаубайқызы кәсібі жайында әңгімелеп, атқаратын қызметімен таныстырды. Айтуынша, мамандығы – бағдарламашы. Бірақ ол сауда саласында жұмыс істеген.

Кейіннен кәсіппен айналысуды ойға алып, Қонаев қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығына барып, «Еңбек» бағдарламасының екінші бағыты бойынша тың идеяларды жүзеге асыруға мемлекеттік грант алуға жүгінген. Осылайша кәсіпкер келіншек өткен жылы 583 400 теңге көлеміндегі грантқа қол жеткізеді. Бұл қаражат сән салонын ашуға қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалады.

– Кез келген іскер келіншек өз ісінде биіктен көрініп, жетістікке жетуді қалайды. Ал оған қалай қол жеткізуге болады? Әрине, алдымен үлкен еңбек керек. Кәсіп бастар алдында арнайы оқудан өттім. Қазіргі ісім өзіме ұнайды. Таңертең жұмысқа асығып барамын. Себебі, сүйікті ісіңмен айналысу шаршатпайды. Жастарға айтарым, еш нәрседен қорықпау керек. Тек, еңбектену керек, – дейді кәсіпкер келіншек.

Қазір оның тұрақты тұтынушылары да бар. Бұл жерге әдемілену үшін күніне орта есеппен 5-6 қыз-келіншек келеді. Бақыт Қаржаубайқызы Үкімет тарапынан көмек беріліп жатса, соны пайдаланып, келешекте ісін кеңейтуді қалайды.

Алматы облысы

ӨРЛЕУ

«Ізденген жетер мұратқа»

Талғар қаласында тұратын көпбалалы ана Жанерке Темірғалиеваның жаңа кәсіп ашуына мемлекет қолдау көрсетті. Ол «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында 1220 970 теңге грантқа қол жеткізді. Тиісті қаражатқа тігін машиналарын сатып алып, жұмысына белсене кірісті.

сын меңгерген соң, кәсіп ашуды көздейді. Сол мақсатпен аудандық жұмыспен қамту орталығына барып, «Бизнес бастау» жобасына қатысады. Комиссия тарапынан оның жұмыстары оң бағаланып, жоғарыда айтқан грантқа ие болады.



Болат МӘЖИТ

Кәсіпкердің қолынан шыққан бұйымдарға көпшілік дән риза. Ол тіккен көрпе-жастықтың тыстары, перделер, мектеп оқушыларының киімдері сапа жағынан ешкімнен кем емес. Ісінің ілгері басуына тігін машиналары мол мүмкіндік беріп отыр.

Жанеркенің бұл салаға бет бұруына қыздары себеп болыпты. Гимнастикаға қатысатын Әмина мен Алуаға спорт киімдерін тігіп жүріп, осы өнерге машықтанған.

– Екі қызым да гимнастикамен айналысады. Жарысқа барғанда спорт киімдерін жалға аламыз. Оның бір күндік бағасы – 15000 теңге. Кейде спорт додасы 4-5 күнге созылады. Сондай кездерде қалтаң көтермейді. Осы киім-кешектерді неге өзім тігіп көрмеймін деген ой келді. Бастамамды қыздарым қуана құптады. Қолдан шыққан бұйымдар оларға бірден ұнады. Бірте-бірте біздегі жаңалықты айналамыздағы жұрт естіп, тапсырыстар түсе бастады, – дейді Жанерке Темірғалиева.

Көпбалалы ана тігін технологиясын меңгерген соң, кәсіп ашуды көздейді. Сол мақсатпен аудандық жұмыспен қамту орталығына барып, «Бизнес бастау» жобасына қатысады. Комиссия тарапынан оның жұмыстары оң бағаланып, жоғарыда айтқан грантқа ие болады.

– Мемлекеттік қолдаудың арқасында шағын бизнесіме жол ашылды. Таяуда кәсіпкерлікке даярлау курсын толық тәмамдаймын. Ол жерде көп нәрсеге қанықтым. Ары қарай бастаған істі өрістетіп, дамытуға күш саламын, – дейді Жанерке.

«Ізденген жетер мұратқа». Кәсіпкер келіншектің іскерлігіне біз де тәнті болдық. Жаңадан жұмысын бастаған «Арафат» ательесінің үлкен тігін цехына айналатын күні де алыс емес деп ойлаймыз.

Талғар ауданы
Алматы облысы

СЕЛЕКТОР

ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАУ күн тәртібінен түспейді

Селекторлық режімде өткен Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023-2025 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заң жобалары қаралып, алдағы 3 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасы мақұлданды.



Мәди АЛЖАНБАЙ

Отырыста қаралған заң жобаларына ашық дауыс беру арқылы қолдау танытқан министрлер одан соң еліміздегі қант жетіспеушілігін болдырмау шаралары нәтижесін талқылады. Тақырыпқа орай Үкімет басшысы:

– Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және нарықты отандық өнімдермен толықтыру – біздің стратегиялық міндетіміз. Қалыптасқан жағдай кейбір тауар позициялары бойынша, әсіресе, қант нарығында проблемалардың бар екенін көрсетті, – деп мәселенің өзекті екенін ұғындырды. *– Біз қант тапшылығы мен оның қымбаттауына қатысты халықтың наразылығын көріп отырмыз. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы тарапынан да әділ сын айтылды. Осыған байланысты, аталған саланы дамыту бойынша кешенді жоспар әзірленді. Біздің алдымызда, бірінші кезекте, қант зауыттарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету міндеті тұр.*

Ол үшін егіс алқаптарын 11,5 мыңнан 38 мың гектарға дейін, яғни 3 есеге арттыру жоспарланып отыр. Бұл алдағы 5 жылда отандық шикізаттан қант өндіру көлемін жыл сайын 250 мың тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, қант зауыттарын барынша жаңғырту және олардың өндірістік қуатын арттыру қажет. Жалпы, қантпен қамтамасыз ету жағдайы тұрақталды. Қанттың қажетті қоры бар. Өңірлерде дүрлігуге жол бермеу қажет. Сондықтан қант бағасына қатысты түрлі манипуляциялардың алдын алып, алыпсатарлық әрекеттер мен қажетсіз делдалдарды анықтау қажет, – деді.

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірдегі қант қызылшасына қатысты мәліметтерге тоқталып, биыл облыста 6,0 мың гектарға салынған тәтті түбірден 210 мың тонна өнім алу жоспарланып отырғанын, өңірдегі Көксу және Ақсу қант зауыттары биыл 85 мың тонна қант өндіретінін, оның 25 мың тоннасы қант қызылшасынан, 60 мың тоннасы қамыс құрағынан алынатынын жеткізді.

– 2026 жылға дейін егіс алқабын 15 мың гектарға және жалпы түсімін 525 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда. Сонымен қатар, қант зауыттарын жаңғырту көзделуде. Көксу қант зауытында қызылшаны қайта өңдеу қуаттылығын 2 есе ұлғайтып, Ақсу қант зауытында қант құрағын қайта өңдеу желісін толық іске қосып, жаңа қойма салу қолға алынуда, – деген Бейбіт Өксікбайұлы, межелеген міндеттерге тоқталып өтті. *– Нәтижесінде, 2026 жылға дейін қызылша мен қант құрағынан өндірілген қант көлемі 190 мың тоннаға дейін ұлғаятын болады. Оның сыртында, Жаркент крахмал-сірне зауытын жаңғырту есебінен өнеркәсіптік мақсаттарға пайдаланылатын шәрбат өндірісі артады.*

Жалпы, облыста аталмыш салаға жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетілуде, атап айтқанда, 420 техникамен жабдықталған 19 сервистік-дайындау орталығы құрылды. Шет елдік селекция мен отандық өндірістің тұқымдарын жеткізу жолға қойылды. Көксу қант зауыты тарапынан фьючерстік келісімшарт негізінде шаруашылықтарға көктемгі дала жұмыстарына қажетті материалдық шығындарға қаржылай қолдау көрсетілді. Өткізілген қант қызылшасының сатып алу бағасы тоннасына 22 мың теңгеден 30 мың теңгеге дейін көтерілді.

Әкімнің айтуынша, қант саласын дамытуға қажетті суару жүйелерін жаңғырту арқылы 8 мың гектар жерді сумен қамту жұмыстары жүргізіліп, су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін 5 мың гектарға ұлғайту, өнімділікті арттыру үшін егістіктерге минералды тыңайтқыштарды енгізу жұмыстары атқарылды. Сондай-ақ, қант қызылшасына берілер субсидия мөлшерін республикалық бюджет есебінен 10 мың теңгеге, яғни тоннасына 15 мыңнан 25 мың теңгеге дейін көтеруді сұраған Б. Исабаев, дикандар үшін субсидияның аса өзекті екенін ұғындырды.

Айтылған ұсыныстар мен пікірлердің ескерілетінін жеткізген Үкімет басшысы қант тапшылығын болдырмау күн тәртібінен түспейтінін баса айтып, Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыс әкімдеріне тапсырма жүктеді.

Мерекеде мектеп ашылды

(Басы 1-бетте)

Мектептің ашылуында сөз сөйлеген Қуаныш Сұлтанов осы мектептің түлегі екенін және бұл ауылдан елге танымал талай азамат шыққанын атап өтті. Аудан әкімі Марат Сағымбек мектептің ашылу салтанатында құттықтауын жеткізіп, өңірде білім саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Жаңа оқу жылы қарсаңында бұдан бөлек Сарыбел ауылындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, пайдалануға беріледі. 732 миллион теңге бөлінген мектеп толықканды материалдық базамен жаңартылып, ауласы спорттық алаңдармен толықтырылды. Бұдан бөлек, Шежін, Сарытөбе, Бөрібай би ауылдарында жаңа мектеп құрылысына қаржы қарастырылған, – деді әкім.

Жалпы Панфилов ауданында 50 мектеп бар. Биыл өңірде 26 548 бала мектепке барса, солардың 2 900-ы мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы
Жетісу облысы

Жолдар мен шақырымдар

(Басы 1-бетте)

Ендігі мәселе, «Асыл Арман» тұрғын-үй кешенінен Алматы бағытындағы жолға қосылатын «құбыр» типті аспалы айналма жолдың ұзаққа созылуы болып тұр. «Даулет-Дорстрой» және «Қостанай жолдары» ЖШС жауапкершіліктеріне алған, бар-жоғы 260 метр болатын бұл жоба бүгінде мердігерін ауыстырып, жұмысы баяу болса да басталған. Мұнда құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты қаражат қайта есептеліп жатқан көрінеді. Әдеттегідей, бұл жерде қаржы қымқырудың сенімді тәсілі қолданылмады деп ешкім де айта алмасы анық. Бізді қазынаның миллиардтаған қаржысын желге ұшырып жатқан компаниялар неге жауапқа тартылмайтыны таңдандырады.

Осы жерде тағы бір айта кететін жайт, Алматы – Бішкек жолының үстінен салынатын жаяу жүргіншілер көпірлерінің құрылысы тым ұзаққа созылып кетіп жатыр. Жауапты тұлғалардың сөзіне сенер болсақ, мұнда да құрылыс материалдарының қымбаттап кетуі кедергі болған көрінеді. Алайда, бұл «дәстүрлі» қаражат жымқырудың тәсілі дегенге көбірек иланамыз. Осылайша Райымбек және Алмалыбақ ауылдарының тұрғындары үшін аса қажетті көпір көзге күйік болып әлі тұр.

Қарасай ауданының аумағында салынып жатқан республикалық маңыздағы жолдар мұнымен де түгесілмейді. Соның бірі – Шамалған стансасын айналып өтіп, бүгінгі кептелістерді азайтуға мүмкіндік беретін Алматы – Екатеринбург күре жолы. Бұл жоба бойынша 3 аспалы жол, 20 су өткізетін құбырлар салынуға тиіс. Жұмысы жедел жүргізілетін болса бұл ірі нысан үстіміздегі жылдың қазан айында пайдалануға берілуі керек.

2020 жылы қолға алынған Алматы қаласының үлкен айналма жолы (БАКАД) құрылысының қарқыны көңіл көншітерліктей. Қарасай, Іле, Талғар аудандарының аумағынан өтетін бұл жолдың ұзындығы – 66 шақырым. Оның ішінде 52,5 шақырымы 6 жолақты, 13,5 шақырымы 4 жолақты болмақ. Түркияның «Алсим Аларко+-Макиол» және Оңтүстік Кореяның «ЭсКей Экоплант+Корея Экспрессвей Корпорэшн» компаниялары салып жатқан бұл жол келер жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жолдар – біздің күнделікті өміріміздегі қажеттілік болумен қатар, мемлекеттің әл-ауқатын көрсететін маңызды сала. Атқарылып жатқан жұмыстар әлеуетіміздің әлді екенін аңғартса керек еді. Тек «әттеген-ай» дегізер тұстар қолбайлау болып тұр.

Қарасай ауданы
Алматы облысы

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылында Қабанбай батырдың туғанына 330 жыл толуына орай ұлан-асыр той өтті. Сол тойға Жетісу жұрты атынан қоғам қайраткері Ардақ Сыдық, «Нақ-Бірлік» қоғамдық қорының төрағасы Мақсұт Қалажанов, Алакөл ауданы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сатай Бекболатов, Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім меңгерушісі Төлеужан Ғұмаров бастаған бір топ азамат қатысып қайттық.

Қажет АНДАС



БАРҚЫТБЕЛ БАУРАЙЫНДАҒЫ ТОЙ

ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Мемлекет басшысының шешімімен Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бөлініп, бұрын Ақсуат ауданының құрамындағы Ақжар ауылы жаңадан құрылған Тарбағатай ауданының орталығы атанып, ажары кіре бастапты.

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Жұмаділовтың айтуынша, бүгінде «Тарбағатай ауданын кешенді дамыту жоспары» бекітілген.

Ақжардың орталық саябағына айналдыра 25 ақ шаңқан киіз үй тігіліп, ортасына үлкен сахна құрылған. Сахнаның айналасы театрландырылған көріністер қоюға, спорттық шаралар өткізуге ыңғайланыпты. Ал аудандық Мәдениет үйінде «Бабалар ерлігі – ұлтқа мұра, ұрпаққа – үлгі» тақырыбында конференция өтті.

Айта кетерлігі, Қабанбай батырдың 330 жылдық тойы қарсаңында «Сырдария – Шығыс – Жетісу» атты экспедиция ұйымдастырылып, батырға қатысты тың дүниелердің беті ашылды.

– Биылғы экспедициядағы ең үлкен жетістігіміз – Қабанбай батыр басшылық еткен, бірақ көмескі болып келе жатқан Ұржар-Еміл шайқасының нүктелерін анықтадық. Әйгілі Аңырақай шайқасы өткен жерді зерттеп, Үш жүздің батырлары салған таңбаны кездестірдік. Сондай-ақ, Мәскеу, Омбы көне мұрағаттарын қарап, Қабанбай батырға, Қазыбек биге, тағы да хан-сұлтандарға қатысты көптеген деректерді кездестірдік. Олар алдағы уақытта ғылыми айналымға түседі. Ақтаңдақтарды айқындау үшін экспедиция алдағы уақытта жалғасады, – дейді осы істің басы-қасында жүрген тарихшы Қанат Еңсенов.

Ақжар ауылының тумасы, жазушы Нұрдәулет Ақыш Қабанбай батырдың айналасында жүрген батырлардың өмір дерегін зерделеп, көркем әдебиеттер жазудың қажеттілігіне тоқталса, ақын Ұлықбек Есдәулетов: «Батырларын бағалай білген ел ғана ұлы халық болып саналады», – деген екен бір қолбасшы. Ақжар өңірі елге тұтқа, ұлтқа ұран болған Қабанбай бабамыздың ерлігін әспеттеп, кереметтей қастерлеп жатқанын көріп, өзімнің де кеудемді қуаныш кернеді, – деп ағынан жарылды. «Дарабоз батырдың ерлігін жас ұрпаққа дәріптейтін фильм түсіретін кез жетті», – дейді кино саласының мамандары.



Биылғы тойдың жоғары деңгейде өтуіне шығыстағы ағаайындар барын салыпты. Ғылыми-тәжірибелік конференция, жазба ақындар мүшәйрасы, балаларға арналған бағдарлама, балуандар күресі, жаппай көкпар, аламан бәйге, аудан өнерпаздары мен облыстық «Ертіс концерт» шығармашылық ұжымының концерті, Гала-концерт, облыстық драма театрының қойылымы аса жоғары деңгейде өткенін атап өткен жөн.

Сол игілікті шараны ұйымдастыру алқасының төрағасы, Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының президенті Талғат Мәзібаев:

– Тарбағатай жеке аудан болып бөлініп шыққан соң ауылдастар: «Жақсы істің бастамасын Қабанбай бабамыздың тойымен бастасақ» деген ұсыныс білдірді. Содан игілікті істі бастап кеттік, – деді ағынан жарылып.

Батырдың тойы болғасын білекті де жүректі жігіттер сынға түсіп, тұлпардың тұяғы ен даланы шаңдататыны заңдылық. Сондықтан ұйымдастырушылар тойдың көрігін қыздыру үшін үш жүздің азаматтарына сауын айтып, республикалық деңгейде ұйымдастырылған қазақ күресі мен басқа да спорттық сайыстарға, бабы келіскен тұлпарлар ғана мәреге жететін Аламан бәйгеге алдын ала шақырту жолдапты. Балуандар 80 келі және одан жоғары салмақ бойынша сынға түсті. Нәтижесінде, 80 келіге дейінгі салмақтағы ақтық сында семейлік Мансұр Әлшеков-пен жолы түйіскен үржарлық Ерсін Сейітқазынов жеңіске жетіп, «Өгіз палуан» атағына ие болып, «темір тұлпар» тізгіндеді. 80 келіден жоғары ауыр салмақта Үржар ауданы, Мақаншы ауылынан Саят Шәмшиев пен Ақсуат ауданынан барған Ерасыл Қажыбаев белдесіп, Ерасыл өзінің басымдығын көрсетті. Ерасылдың лақап аты – «Қабанбай» екен. Сөйтіп, Қабанбай батырдың тойында Қабанбай жеңіске жетіп, «темір тұлпар» мінді. Бұл да бір сәйкестік болса керек.

Аламан бәйгеге 30 ат шапса, соның тең жарымы ғана мәре сызығын кесіп өтті. Бас бәйгені алған ақсуаттық Аян Сембаевтың жүйрігі «темір тұлпар» иеленсе, екінші келген атқа 1 млн. теңге, үшіншіге мотоцикл, төртіншіге 300 мың теңге, бесінші орынға 200 мың теңге берілді. Үржар, Самар, Көкпекті, Ұлан, Ақсуат, Тарбағатай аудандары, Мақаншы, Таврия ауылдық округтері, Шымкент, Талдықорған қаласының көкпаршылары жаппай көкпарда көпшіліктің ықыласына бөленді. Демеушілер әр салымға 50 мың теңгеден, 20 салымға дейін сыйақы тағайындапты. Ал 21-салымға «темір тұлпар» берілді.

Бұл тойда спортшылар мен бәйгеге шапқандар ғана емес, өнер, мәдениет саласында ұзақ жыл еңбек етіп, Ақжар ауылының өркендеп-өсуіне үлес қосқандар да назардан тыс қалмады. Мысалы, Ақжар ауылдық Мәдениет үйінде 32 жыл бойы қызмет етіп келген Үмітгүл Баянбаева «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» атанды. Ал жазба ақындар мүшәйрасында Сарыөлең ауылының тумасы Мұратхан Ахметбек бас жүлдені иеленді. Оған «Ыдырыш» шаруа қожалығы Эльмира Шакенқызының атынан шаруашылықтың басшысы Асхат Әбілмәжінов екі жасар арғымақ мінгізді. Жетіаралдық жас ақын Ринат Қожахметов той қоры атынан тай жүлдені иеленді. Қалған ақындарға да ақшалай жүлде табысталды. «Адал еңбек абыройға кенелтеді» деген осы шығар.

ЖҮЛДЕЛІ ЖҮЙРІКТЕР

ҚАЙТАР ЖОЛДА...

Ақжар ауылынан Талдықорғанға аттанғандар Ақсуатты айналып өте алмайды. «Жетісулық бауырлар келіпті» дегенді естіген Ақсуаттың бір топ азаматы Жамбыл Жұманбаев ақсақалдың бастауымен Ырғызбай әулие кешенінде бізді күтіп алды. Ырғызбай ата кесенесі жай ғана мазар емес, басында кітапхана мен мұражайы бар, асханасы мен қонақүйі салынған үлкен руханият орталығына айналған. Сондай-ақ, мазардың қасынан үлкен мешіт бой көтеріпті. Барқытбелдің етегіндегі мешіттің төрт мұнарасы алыстан көз тартады. Мешіттің қасындағы «Дала даналары кітапханасы» атты ғимаратта сирек кездесетін әдебиет жинақталған. Ал «Аманат» мұражайында дала халқының тұрмыс-тіршілігін сипаттаумен қатар Ырғызбай әулиенің көзі тірісінде ұстаған жәдігерлері сақталған. Ырғызбай әулиенің мазар-кешені бүгінде Абай облысы, Ақсуат аудандық мәдениет бөлімінің иелігінде. Қызметкерлерге айлық беріп, зиярат жасаймын дегендерге жағдай жасап қойған. Бұл да біздің киелі жерлерге деген құрмет болса керек.

Ширек ғасыр бір қазанда қайнаған Ақжар мен Ақсуат ауылы бірі-бірінен бөлінгісі келмесе де, Ақжардың аудан орталығы болғанына ақсуаттықтар қуанышты. Өйткені, «ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген елдің ұрпағымыз ғой.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
17.09.2022

ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ һӘМ ТІЛІ

(Басы 1-бетте)



Жоғарыдан көрсетілетін көмек мемлекеттік тапсырысты алумен ғана шектелді. Олардың да айтатын жауабы дайын. Мемлекеттік тапсырысты алға тартады. Бар басылымды бір шаңырақтың астына топтастырудан ештеңе өзгермейді. Баспасөз бағытынан жаңылмаса, қалған пайданы көріп тұрған жоқпыз. Газет-журнал идеологияның басты қайнар көзі. Біз осы тұнық бастауды өз қолымызбен лайлап жатырмыз. Әсіресе аудандық газеттердің халі мүшкіл. Кей аудандық газеттер жабылудың аз-ақ алдында. Өйткені мемлекеттік тапсырысқа қол жеткізе алмай әбігерге түседі. Ханталапайға түскен мемлекеттік тапсырысқа таласып, ұтқаны майлы жілікке қарық болады, ұтылғаны шелектің түбін жалап, көз жасын төгеді. Бұдан бірінші кезеңде аудандағы оқырман сорлайды. Ұтып алған басылым, ауданға қатысы жоқ басқа өңірдің газеті болуы мүмкін. Мемлекеттік тапсырысты орындадым деп, ауданның бір-екі жаңалығын жылт еткізеді де шырт түкіріп жүре береді. Меніңше, мемлекеттік тапсырысты бөлудің жүйесін қайта қарастыру қажет. Барлығына бірдей мүмкіндік беріп жатырмыз дегенімізбен, біз оқырман мен сан жылғы тарихы бар басылымдарды күйретудеміз. Мұның соңында халық тұрғанын естен шығармағанымыз абзал. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет– халықтың көзі, құлағы, һәм тілі», – деді. Ұстаз айтқан тәмсілге қарсы жұмыстың жемісі халықтың көзін соқыр, құлағын керең, тілін дүбәра күйге түсірді.

Сондықтан газет – халықты тәрбиелейтін құрал екенін естен шығармағанымыз жөн. Қаңтар оқиғасында көшеге шығып кеткен жастар интернеттегі әлеуметтік желіде желдей ескен жалған ақпараттың соңына ілесті. Әрбір қазақ басылымы халықтың бірлігіне, тыныштығына, сауаты мен ой-өрісін кеңейтуге, сөздік қорын байытуға жұмыс істейді. Жанарбек Әшімжан айтқан «Балдырған» мен «Ақ желкен» талай бүлдіршіннің қанатын қомдап, сауатын ашып, зейінін еселейді. Облыстық газеттер сол өңірдің оқырманын жақсылыққа үндейді. Бір сөзбен айтқанда газет-журналға деген биліктің көзқарасы өзгеше болса дейміз. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «БАҚ туралы» Заңды қолға алып, баспасөздің басынан кешіп жатқан проблемаларын реттеуі керек. Бұл ұлттың болашағы үшін кезек күттірмейтін шаруа. Интернеті бізді он орап алатын дамыған елдер де газетін жойған жоқ. Газет-журнал оқу үлкен мәдениеттілік екенін қоғам болып көрсетуіміз керек.



Бұрын қойшының етігінің қонышында тозатын газет-журнал, бүгінде биліктің қолынан жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр. Қазіргі жағдай ауылдағы қой баққан шопанның мәдениеті бүгінгі интернет аңдыған қала қазағынан он есе жоғары екенін айқындап тұрғандай. Біз, қай-қайысымыз болса да мәдениетсіз, бейәдеп, нақты ақпаратсыз сөйлейтін кейбір блогердің соңына емес, аталы сөз айтатын, ой-толғамы жоғары, қара сөздің қаймағын қалқыған газет-журналдың соңына ілесейік.

БӘРЕКЕЛДІ!

Алакөл ауданының рухани өмірінде елеулі жаңалық болды. Тамыз айының соңында Ақтүбек ауылында жалпы құны 657 млн. теңге тұратын жаңа Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Мұнда 150 орынды мәжіліс залымен қатар, 16 мыңнан астам кітап қоры бар, оқырман залы жасақталған кітапхана ашылды.

Ақтүбектегі қуаныш

Жалпы алаңы 2 мың шаршы метр болатын екі қабатты ғимарат «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен салынған. Бірінші қабатында 150 орынды көрермен залы, қызметкер кабинеттері, асхана, медпункт, киім ілетін орын қарастырылған. Екінші қабатта би залы, оқырман залы бар кітапхана, үйірмелер жұмысына және шаруашылық қажеттіліктеріне арналған бөлмелер орналасқан. Ғимараттың қатты отынмен жылытатын жеке қазандығы бар. Нысанның маңайы абаттандырылып, 30 жас шырша, қарағай мен емен отырғызылған. Құрылыс жұмыстарын «Алакөл-Асыл-Құрылыс» ЖШС мердігер мекемесі жүргізді.

Ақтүбек тұрғындарын қуаныштарымен аудан әкімі Алмас Абдинов құттықтады.

Жалпы, Ақтүбек ауылындағы тұрғындардың тең жартысы – жастар. Олардың саны 520-ны құрайды. Сондықтан жаңа нысан жастардың бос уақытын тиімді өткізуге, қоғамның рухани-мәдени өміріне белсене қатысуына мүмкіндік береді.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Jetisý» газетінде жарияланған «Қасиетті жерлер қашанғы қараусыз жатады?» тақырыбындағы мақалада Қапалдағы Қазақстанның қасиетті жерлерінің тізіміне енген 3 нысанға назар аударылмай жатқаны жайлы дабыл қағылған еді. Сол жазбада талай тарихи оқиғаның куәсі болған, Кеңес кезеңінде бүлініп, тоқырау жылдарында қараусыз қалған «Қапал мешіті» туралы айтылған. Ел назарын аударған жағдай оң шешімін табатын болды. 1865-1867 жылдары татар саудагері Ғалиәкпар Сейфулмүліков қажының жеке қаржысымен бой көтерген ғибадат үйі қайта жаңғыртылмақ. Ғалиәкпар қажының ұрпақтары Димаш атамыздың жеке дәрігері болған Ахат Муликов, медицина саласында үлкен жетістіктерге жеткен Гариф Әминұлы және кәсіпкер Тахир Гарифұлының рұқсатымен жаңғырту жұмысын кәсіпкер Сабыр Қадырұлы және Ілияс Сабырұлы жүргізетін болды. «Алдын ала болжам бойынша қайта жаңғырту жұмысына 100 млн. теңгеден астам қаржы кетеді», – дейді бізге берген сұхбатында Сабыр Қадырұлы.

Қапал мешіті қайта түлейді

Қажет АНДАС

«Қапал мешітін» қайта жаңғыртуға қатысты бастама көтерген басқосуға алыс-жақыннан ел жүгін арқалап, ұрпақ болашағына үмітпен қарайтын азаматтар жиналды.

«Қапал мешіті» туралы ең алғаш жазба қалдырған Петр Семёнов-Тянь Шаньский Қапал өңірінің табиғаты жайлы айта келіп, осында қоныстанған мұсылмандарға мешіт-медресе үйі керектігін жазады. Оның осы ойын Тәнеке батыр бастаған ел мешіт 1918-1928 жылдары жабылып, мұнарасы қиратылады. 1991 жылға дейін қойма, асхана, дүкен, тағы да басқа мақсатқа пайдаланылып, тәуелсіздікпен бірге мешіт үйі болып қайта ашылады. Бірақ кейіннен түрлі себеппен қараусыз қалып, тозып, тоналды. Ғалиәкпар қажының кіндігінен Ұлықпан, Сықтық, Хакім, Сұлтан атты 4 ұл тараған. Бүгінде өсіп, өнген әулетке айналып отыр. Аталарының қолының табы қалған тарихи нысанның қайтадан түлейтініне қажы ұрпақтары да қуанышты.

– Аталарымыздың осы



асылдары құптап, 1866 жылы Ғалиәкпар қажының ұйымдастыруымен 92 ел ағасы Қапалда бас қосып, генерал-губернатор Герасим Колпаковскийге ұсыныс хат жолдайды. Бұл ұсынысты қолдаған генерал-губернатор Омбы қаласына барып, мешіт құрылысын жүргізуге қажетті құжаттарды реттеп, келесі жылы архитектор Никитин бастаған шеберлер құрылыс жұмысын қолға алады. Содан бергі бір жарым ғасырдағы аумалы-төкпелі оқиғалардың бәрін бастан өткерген мешіт бүлінсе де бүгінге жетті. Осы мешітті қайта жаңғыртамыз деп білек сыбанып кіріскен Сабыр Қадырұлы мен Ілияс Сабырұлының бес атасы да Меккеге барып, қажы атанған адамдар», – деп тарихтан сыр тарқатты өлкетанушы Жемісбек Толымбеков.

Мешіттің іргетасы таудан жеткізілген көгілдір кесек тастармен өріліп, қабырғасы қалыпта құйылған саз балшықпен қаланады. Ғибадат үйі 300 орынға арналған. Ұзақ жылдар халыққа үзіліссіз қызмет еткен нау өлкенің тарихын түлетуге қосқан үлесін қашанда мақтанышпен еске алып отырамын. Айталық, Ғалиәкпар қажы атамыз – Шоқан Уәлихановтың Қашқар сапарында бірге болған көпестерінің бірі. Мешіт құрылысы біткен соң 2 жылға Меккеге сапарға аттанады. Кейінгі кезде архив деректерінен атамыздың Меккеде қонақүй салып, қажылыққа барғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткені жайлы деректер табылды. Кеңес одағы келіп, қажылыққа баруға тыйым салынған соң мешіт жұмысы да тоқтады. Студент кезімде бұл нысан қойма болатын. Жазғы демалыста ауылға келіп, зат тасушы болып уақытша жұмыс істеуші едік. Бір жылдары Ғалиәкпар қажы балаларына арнап салған үйге жөндеу жұмысы барысында жертөледен мешіттің төбесіне орнатылған жарты айды тауып алдық. Оны әкеміз қызыл белсенділер лақтырып тастаған жерінен тауып, жасырып қойған екен. Тәуелсіздік келіп, мешіт қайта ашылғанда оны мешіттің төбесіне қайта орнаттық, – дейді қажының ұрпағы Гариф Муликов.

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы басталғанда нысан өңірлік маңызы бар нысандар тізіміне енгізілді. Сондай-ақ, мешіт үйі Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының балансында тұр. Ендігі кезекте: «Нысан қайта жаңғыртудан өткеннен кейін қандай мақсаттағы құрылысқа айналады?» деген сұраққа жұрттың көңілі ауғаны анық. Бұл жайлы ауыл ақсақалы, «Матай-Бөрібай» қорының төрағасы Берікбол Қасымов: «Матай-Бөрібай» қорының бастамасымен ауданымызда бірқатар игі жұмыс атқарылуда. Алдағы уақытта Қызылорда облысындағы Төлегетай баба кешенін жөндеу жұмысына қолдау танытпақпыз. Міне, меценат Сабыр Қадырұлы отбасының қолдауымен тағы бір тарихи іс өз жүлгесін тапқанын көрдіңіздер. Жетісу өңірінде діни бағыттағы музей бар дегенді естімедім. Осы нысанды сол бағытта жұмыс жасатса деген ойым бар», – дейді. Ал Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжановтың айтуынша, қазір бұл нысанды медресе ретінде ашу, тарихи нысанға айналдыру, тағы да басқа ұсыныстар түсіп жатыр. Алдағы уақытта аудан әкімдігі, жергілікті тұрғындар, Ғалиәкпар қажының ұрпақтары және меценаттармен бірлесе отырып, бір шешімін шығарады.

Көпшілік бұл бастаманы Жаңа Қазақстанды құру жолындағы игілікті істің бірі деп қабылдағаны анық.

Қапал ауылы
Ақсу ауданы
Жетісу облысы

МАСҚАРА

Ұрпаққа – зиян, ұлтқа – ұят

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деп толғанған хакім Абайдың даналығы бүгінгі таңда күнкөріс қамымен бас ауыртып кеткен көпшілікті бәлендей мазалай қоймайтын сияқты. Елге қызмет етуді мінезден екенін атап өткен ұлт көсемі Әлиханның сөзін де бірі білсе мыңы білмейді-ау!

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Бұлай деп ой топшылауға, әрине, тарқатып айтар болсақ, мысал көп. Дей тұрғанмен біз жақында ғана орын алған бір жағдайды ғана айшықтайық. Қазақ әдебиетіндегі кесек-кесек шығармалармен азды-көп сусындаған, ұлт пен тіл, діл дегенде бір тамыры артық соғатын Мөлдір Қуандық есімді қазақтың қаракөз қызы бар. Бұрымының өзін бағзыдағы Данагүл, Айғанымдарға еліктеп отырып өретін сол қыз әлеуметтік желіге көгілдірлердің өмірін насихаттайтын кітапты салды. Әрине, жарнамалап емес, «жанайқайға» басып. Қос еркектің сұлбасын мұқабаға басқан аталмыш кітаптарды «Меломан» сауда дүкені сатылымға шығарыпты.



Рухани шығармаларды насихаттап келе жатқан сауда дүкенінің табан астында өзге сүрлеуге түсіп, арсыздықтың асқан шегі саналатын «көгілдірлер» әлемін әңгімелеп берер кітаптарды жарнамалай бастағанына таңданысын жасырмады.

Ұлттың күретамыры, текті тегершігі болған төл әдебиетіміздегі ұлы шығармаларды жастарға дұрыс насихаттап, «кітап оқу» мәдениетін қалыптастыра алмай отырған уақытта батыстан тағы бір қара бұлт қаптап келді. Апайтөс Алматыдағы дүкенге келіп түскен гейлердің өмірі жайлы жазылған кітаптың қазақ оқырманына керегі қаншалықты деп ойландық. Түршіктік, тітіркендік.

«Меломан» сауда дүкенінде сатылымда тұрған көгілдірлер кітабының нақты санын айта алмаймыз. Дегенмен Эл Си Розен, Кевин Ван Уай, Фил Стэмпер, Люси Даймонд, Тилли Коул, Эмма Скотт, Андре Асиман сынды шетел авторларының орыс тілінде басылған «Назови меня своим именем», «В открытое небо», «Найди меня», «Лагерь», «Встречайся со мной, Брайсон Келлер» «Сила нашего притяжения» кітаптары сөреде сіресіп тұр.

Аталған сауда желісінің мамандарымен сөйлесіп, мұндай кітапты қазақ қоғамында еркін әрі ашық сатылымға шығарғаны үшін үстінен шағым түсіріп, тиісті жерге арызданатынын Мөлдір дер шағында ескертіпті. Мұны біз де қуаттап, тиісінше сатылымнан алып тастауға, ендігіде мұндай «шіріген қоғамның» күл-қоқысын қазақтың руханиятына жолатпауға күш салайық деп едік. Алайда дүкен иелері: «Сатылымнан алып тастай алмаймыз. Бұл тек үлкендерге сатылатын кітап. Бүлдіршіндерге берілмейді. 18+ белгісі тұрған жоқ па?!», – деп жауап қатты. Осынау қысқаша диалогтан кейін «қазақтың қазаққа жаны ашымауы осындай елеусіз дүниеден басталады екен-ау» деген ойға қалдық. Өйткені, бізге осынау жауапты берген де қазақтың баласы еді. Онымен қоса бұл сорақы кітаптар орыс тілінде басылды дегенмен, бүгінгі қазақ оқырманының дені орыс тілінде кітап оқып, әлем әдебиетінің классикалық туындыларын сол тілде тілшелеп жатқан жоқ па? Орыс тілінде сөйлеуді мақтан көріп жүрген қалалық жастардың көпшілігі қазақ тілінде басылған кітаптарға жоламайтынын тағы ескеріңіз...

Еркектің еркекке, әйелдің әйелге үйір болуы бүгінгі күні пайда болған жайт емес. Бұл сорақылықтың түп бастауы Лұт қауымына барып тірелетінін дін тарихынан хабары бар ел біледі. Байлық пен барақатты ғұмырдан безініп, ләззат атаулының бәрінен жалыққан Лұт қауымы ақырында еркек пен әйелді талғамайтын күйге жеткен. Тиісінше Жаратқанның қаһарына ұшырап, жермен жексен болған. Ал бүгінгі күні қазақ қоғамында мұндай адамдарды «рухани мешел» жандар деп бағалайтындар да бар. Қалай бағаласақ та, бұл айуандық қатынасқа нақты тыйым салатын заң да болмай тұр. Біржыныстыларға шек қоя алмаған билік, тәрбиесін түзден алған қазақ баласына кейін тәк дей ала ма? Қазақ руханиятының бесігі болған Алматының қақ төріне тексіздікті тәлім еткен кітап келгенде мінезін көрсетпеген сатушыдан бастап, осынау жайтқа «көзжұмбайлық» жасап отырғандар ертең ұлтқа қызмет еттім деп айта ала ма?!

Бұл сауалдардың да, көгілдірлер кітабын жарнамалаған зауалдың да түбінде сұрауы болары хақ.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Қазан айының басы әдеттегідей мерекелерге толы болды. Жұртшылық 1-қазан – Халықаралық қарттар күнін тойлаумен қатар, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп келе жатқан Ұстаздар мерекесін атап өтті. Қос қуанышқа арналған мерекелік шараны Қарасай ауданына қарасты Райымбек ауылдық округінің тұрғындары да жоғары дәрежеде өткізді.

Шуақ шашқан күн



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бұл күні Қырғауылды орта мектебінің мәжіліс залында таңертеңнен абыр-сабыр дайындық басталып кеткен. Оқушылар аяулы ұстаздарын құттықтап, өз өнерлерімен қуантуды мақсат етсе, ұлтымыздың асыл қазынасы саналатын қарттарымыздың мәртебесін асыруды ойлаған мұғалімдер мерекелік концерттің дайындығына қарбалас кіріскен.

Осылайша, алдымен ұстаздар қауымына арналған салтанатты шара өз мәресіне жетіп, соңын ала қарияларымызға қошемет көрсету басталды. Ел экономикасын дамытуға, білім-ғылымға, өнер мен мәдениетті өркендетуге өз үлесін қосқан аға буын өкілдерін алдымен мектеп директоры Перизат Әбдібаева құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Мерекеге келген қауымды Райымбек ауылдық округінің ақсақалдар алқасының төрағасы Леміс Әбдікерімов, аналар алқасының төрайымы Бәтимә Үрпеджанова, округ әкімдігінің қызметкері Нұрғали Әбдіманапұлы құттықтап, қарттарға зор денсаулық тіледі.

Бұл күні зейнет жасына жетіп, құрметті демалысқа шыққаны-на қарамастан қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген бір топ аталар мен әжелер Ауған соғысы ардагерлері тағайындаған «Бауыржан Момышұлы» медалімен, «Ана жүрегі», «Қолдаушы», «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Осындай абырой иелерінің қатарында өзіне тиесілі жерді мешіт салуға берген Тұрсынхан Әбдіғапаров, мұсылмандар зиратын өз қаражатына қоршатқан Сәбет Дәрібаев, Мәлс Елеусізов басқаратын «Табиғат» қорынан мектеп салуға үш гектар жер бөлгізген Нұрмұрат Тәңірбергенов, округтегі қайырымдылық шараларына қолдау көрсетіп жүрген Гүлдария Жапарқұлова, Раушан қажы Боранқұлова, Ардақ Несіпбаеваларды ерекше атап өткен жөн.

Мерекелік шара барысында мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Перизат Түстікбаева ән шырқап, кеш қонақтарын би алаңына шақырды. Ақ жаулықты аналарымыздың өздері де әуелете ән айтып, жастық шақтарын тағы бір еске түсіргендей шат-шадыман болып тарқасты.

Алматы облысы

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Баласаз баурайындағы тарих

Бағыздан Баласаз атанып, талай тарихты бауырына бүгіп жатқан ауыл тұрғындарының пейілі кең, мәрттігі үстем, елім дегенде еміреніп тұратынын байқадық. Тоқырау жылдары тұрғындары сиреп қалса да біртіндеп ес жиып келеді. Бұрындары көшіп кеткендер қайта орала бастапты. Жаңарған ауылдың жағдайын көріп, ата-баба аруағына арнап берген асына қатысып, сол маңдағы тарихи орындардың біразын аралап қайттық.

Тоналған алтын кені

Баласаздың күн шығысында, жартастың саңылауынан сыздықтап, тамшылап ағып жатқан тағы бір су көзі бар. Оны жергілікті жұрт «Шипалы – Тамшыбұлақ» деп атайды. Содан сәл өрлеп, тау ішіне сұғынып кіргенде алдымыздан Кеңес одағы кезінде алтын қазылып, кейінгі жылдары жұмысын тоқтатқан кен орнына жеттік. Бұл жерде ең алғаш Омар, Алқан төрелердің ұрпағы Тұрсын төре алтын шайқаған екен. Жақпарлы тау жынысын ішкерілей қазып кірген кен орнының төбесінен аққан тамшылар тағанын суға толтырып тастапты. Кеннің ішіне кіріп, біраз жерге барып көрдік. Мұздай су аяғымызды тоңдырса, ішіне енген сайын естілетін дүңгірлеген дыбыс пен қорқынышты қараңғылықтан көп жүруге дәтіміз жетпеді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, осы үңгірмен жүре берсе тау басынан шығады екен. «Жүріп өттім» дегендерді кездестірмедік.

– Кейінгі кезде қорым тонайтындар қаптап кетті. Оның үстіне заңсыз алтын шайқайтындар көбейді. Соның салдарынан байлығымыз тоналып, табиғатымыз бүлініп жатыр. Осыған бір тоскауыл қойылса жақсы болар еді, – дейді ауыл тұрғындары. «Бұл нысанды да қайта жаңғыртып, тау туризмін дамытудың мақсатына пайдаланудың тиімділігі көп» деген пікірге тоқталдық.





Омар төре қорымы

Төбесі біраз опырылған алып мазар – Баласаздың Маңдайшоқысынан асып түскенде өткен-кеткендер тоқтап, тәу ететін жердің бірі. Омар төре тірі кезінде мазарды аттың қылы мен ешкінің қылшық жүнін ешкі майына қосып, батпаққа араластырып, ішін бөлмелерге бөліп, күмбез қылып салдырыпты. Кесененің төбесі қызыл әскерлер салдарынан ойылғаны болмаса, басқа жағы бұзылмай сақталған. Өкініштісі, бір жарым ғасыр бойы бұзылмай сақталған кесене Қазақстанның қасиетті нысандарының тізіміне енбей келеді. Көпшілік: «Кесенені мемлекет қорғауына алмаса, қолда бар асыл дүниеден айырылып қалуымыз мүмкін» дегенді айтады.

– Осы өңірде кешегі сақ, ғұн, түркі дәуірінен қалған қорымдар көп кездеседі. Оның біразы Алматы облыстық тарихи, мәдени мұраны қорғау орталығының тізіміне енген. Ал Омар төре қорымы қазақ хандығының соңғы жылдарындағы тарихи ескерткіш санатына жатады. Оны тізімге алып, қорғап, ұрпақ ұлағатына айналдырған абзал, – дейді Алматы облыстық тарихи, мәдени мұраны қорғау орталығының бөлім меңгерушісі Жандос Адамжанов.

Тоғызқұмалақ тақта тасы

Баласаздың жоғары жағында «Көксу» шаруа қожалығының иелігіндегі аумақта көптің көңілін аударған екі тарихи қоныс тұр. Бірі – өткен ғасырдың алдыңғы жартысына тән көне қорым. Ондағы зираттар өзен аңғарынан тасып жеткізілген малта тастармен қоршалып, әр қабырдың маңдайына тасқа қашалған латын, кирил, төте жазуы бар белгі қойылыпты. Соның біразы өшіп, оқуға қиындық тудырды. Осыған дейін тархшылар мен өлкетанушылардың назарына ілінбеген қорымды зерттеу керек. «Бұл 1930 жылдардағы қуғын-сүргін кезінде қайтыс болғандарды жерлеген жер болуы мүмкін», – дейді тарихшы Ербол Бекболатов.

Ал Баянжүрек тауының жоғары жағында Көксай өзенінің аңғарындағы жотадан тасқа ойылған тоғызқұмалақ тақтасын байқадық.

– Бұрындары тоғызқұмалақ ойылған тақта тастың екі жағында адам отыруға ыңғайлап жасалған, түрлі таңба ойылған екі үлкен қара тас болушы еді. Бірнеше жыл бұрын оны әлдекімдер қазып, көлігіне тиеп алып кетіпті. Осы тасты да бір күні ұрлап кетпесін деп күні-түні күзетіп жүрміз. Бұл байлықты ел болып қорғағанымыз жөн, – дейді ауыл тұрғындары.

Тастағы ойын тақтасының уақытын дөп басып айту қиын. Алайда, маңайындағы қорымға қарап кейінгі орта ғасырға тән деуге болады. Оны суретке түсіріп, елімізге танымал археологтерге жіберіп едік. Олар ашық аспан астындағы ойын тақтасы Австралия, Швейцарияда кездескен деген болжам айтты. Терең-ірек зерттеуді талап ететін жаңалық.

Баласаз – осындай қасиет пен құпияны бауырына бүгіп жатқан жер. Оның тарихын түгендеп, сырын ашсақ, туризмнің төріне айналар еді.

Қажет АНДАС
Ақсу ауданы
Жетісу облысы

БАСПАСӨЗ – 2023

ҚАРА СӨЗДІ ҚАДІР ТҰТҚАН ХАЛЫҚ БАР

Райымбек ауданының тұрғындары «Алатау арайына» шынайы ықылас білдірді

Райымбек ауданы десек, қазақ поэзиясының Хантәңірі Мұқағали Мақатаев көз алдымызға келеді. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Бердібек Соқпақбаев, Еркін Ібітанов, Сағат Әшімбаев, Баққожа Мұқаидың жарқын бейнесі оралып жатады.

Қанат БІРЖАНСАЛ





Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Ұлтымыздың әдебиетіне дәл осындай бетке ұстар қаймақтарын, дара тұлғаларын берген өлкеден шыққан ақын-жазушылар жетіп-артылады. Қазақстанның Халық әртістері Нүкетай Мышбаева мен Алмахан Кенжебекова есімдері өнер өлкесінің көркін аша түседі. Қыр жайлаған ауылдарда Мұқағалидың ең кемі бір-екі өлеңін жатқа айтпайтын қарадомалақ кемде-кем. Райымбектей батырларымыз, Мұқағалидай ақындарымыз шыққан өлкенің тұрғындары жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуда көш бастап жүретіні бар. Биыл да солай болатыны сөзсіз.

Облыс әкімдігінің, «Өлке тынысы» ЖШС-нің, облыстық «Алатау арайы», «Огни Алатау» газеттерінің басшылық құрамы Райымбек ауданына жасаған сапары тұсында өңір үшін айтарлықтай жаңалықтар орын алып жатқан еді. Дәлірек айтсақ, Нарынқол ауылының кешегі бір баласы, бүгінгі айтулы азаматы Берік Дүйсенбаев аудан әкімі болып тағайындалып, іске кіріскен еді. Мұны да жақсылықтың нышаны деп бағаладық. «Жас келсе, іске», – деп жатады атамыз қазақ. Беріктің әр қадамы құтты, еңбегі жемісті, мерейі үстем болсын дедік.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында оқырманмен жүздесу өрнек тапты. Жылы да жайдары жүздесуде ауыл әкімдері, мектеп, мекеме, сала басшылары орта толтырды. Аудан әкімінің орынбасары, жас та болса бас болып өңірдегі бір саланың тізгінін қолына бекем ұстаған азамат Нұрбол Сағатбекұлы жүздесудің мақсатына тоқталып өтті.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, елімізде көптеген жаңалықтар болып жатыр. Орталығы Талдықорған болып Жетісу облысы дүниеге келді. Қапшағай Қонаев қаласы деп аталды. «Жетісу» газеті Жетісу облысымен аттас болғандықтан сол өңірге таралатын болды. Облысымыздың жаңа қоғамдық-саяси басылымы «Алатау арайы» деген атпен жарық көруде. Басылым жаңа болғанымен, онда «Жетісу» газетінің құрамында жұмыс істеп келген журналистер еңбек етуде. «Өлке тынысы» ЖШС негізінде облысымыздың жаңа сайты ашылды. Алдағы уақытта өзіміздің жедел ақпарат таратып отыратын телеарнамыз болады. Осылайша, аудандарыңызда, ауылдарыңызда және облыс аумағында болып жатқан жағымды жаңалықтар, елеулі оқиғалар дер кезінде облыс тұрғындарына жетіп отырады, – деді облыс әкімінің баспасөз хатшысы Ғалымұрат Жүкел.

– Газет – ежелден халықтың тілі мен көзі, құлағы. Біз де сол үдеден шығаратынымыз анық. Өздеріңіз бұрыннан серік етіп келе жатқан «Жетісу» газетінде көрініс берген жақсы дүниелеріміз одан әрі жалғасады. Шаруашылық, ағымдағы мәселелер ғана емес, әдебиет, мәдениет, спорт, руханиятқа қатысты тақырыптар да үнемі назарда болады, толғақты мәселелер қамтылады. Ел ішіндегі сан қырлы талант иелерін де көрсетіп отырсақ дейміз. Аудандарыңызда газетіміздің ардагер журналисі, меншікті тілшіміз жұмыс істейді. Тілшіміз үлгере алмай, қамти алмай жатқан дүниелер болса, өздеріңіз де атсалысып, үн қоссаңыздар құба-құп, – деді «Алатау арайы» газетінің редакторы Роза Қараева.

Ортақ мақсаттағы әңгімені «Өлке тынысы» ЖШС директорының бірінші орынбасары Әлия Құрманбайқызы, «Огни Алатау» газетінің редакторы Хасан Еспанов одан әрі жалғады.

– Жаңа жылдан бастап облысымыздың аумағына таралатын «Алатау арайы» газетінің шығармашылық ұжымына табыс тілеймін! Ауданның барша тұрғындары болып мерзімді басылымдарға бір кісідей жазылып келеміз. Әрқашан солай болады. Өзім еңбек ететін Сүмбе ауылының елі-жұрты «Алатау арайына» көптеп жазылатыны анық. Жазарларыңыз көп болсын! – деді Сүмбе ауылдық округінің әкімі Елжан Бестібаев көпшіліктің атынан сөз алып.

Аудан әкімінің орынбасары Нұрбол Сағатбекұлы жылы жүздесуді қорытындылап, Аспантаулар аясын мекендеген ел мен жұрттың алдағы уақытта да мерзімді басылымдармен бірге болатынына үлкен сенім білдірді.

Аудандағы ахуал

Райымбек ауданы – ежелден ауылшаруашылығына негізделген өңір. 11 ауылдық округте 42 мың халық тұрады. Бір жағына Ойқарағай, Шалкөде, екінші жағына Шұбартал мен Көккемер секілді таңғажайып өңірлер көрік берген өлкеде жақсылық мол, ауызға алар дүние баршылық. Жерінің асты да үсті де байлығына толы. 2018 жылы орталығы Нарынқол ауылы болып Райымбек ауданы қайта құрылғаннан бері қарай өңір құрылыс алаңына айналды. Нарынқол ауылында күні кешеге дейін 100-ден аса тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Заманауи спорттық-сауықтыру кешені игілікке айналды. Мемлекеттік қызметкерлер, бөлім, сала мамандары, республикаға қарайтын басқармалардың қызметкерлері заманға лайық жаңғыртылған, жылы да жайлы ғимараттарда алаңсыз жұмыстарын істеп келеді. Өткен 8 айдың көлемінде ауылшаруашылығының өнімдері 15 851 миллион теңгені, өнеркәсіп өнімінің көлемі 1 139 миллион теңгені құрады. Таулы өңірге 8 айда 4 134 миллион теңгенің инвестициясы тартылды. Осы мерзімде аудан бойынша 2 миллиард теңгеден астам құрылыс жұмыстары жүргізілді. Қарасаз ауылында сүт өңдейтін цех ғимараты салынды. Сүт, қаймақ, ірімшік, құрт, айран секілді сүт өнімдерін шығаратын цех іске қосылуға жақын. «Қонаев и Компания» атты ЖШС Қақпақ ауылының маңындағы тау өзенінен қуаттылығы 2,2 мв.т болатын су электр стансысының құрылысын жүргізіп жатыр. Соңғы жылдар ауқымында ауданда 5 мектеп, 2 балабақша күрделі жөндеуден өткізілді. Дәл қазіргі уақытта 3 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жамбыл, Қақпақ ауылдарында жаңадан фельдшерлік-акушерлік пункт ғимараттары салынып, игілікке айналды. Таулы өңірде көп жылдардан «Ойқарағай» көмір кеніші, алтын кеніштері жұмыс істейді. Туризм саласында да ауызға алар дүние баршылық.

Ауданға сапар барысында кіммен жүздесіп, кіммен әңгімелессек те мерзімді басылымдар, оның ішінде облысымыздың жаңадан жарық көріп жатқан айнасы – «Алатау арайы» туралы жақсы пікір естідік. Шын мәнінде, жаңа басылымның ел ішіндегі тұсаукесерінде жүргендей әдемі әсерде болдық. Жаңа аптаның алғашқы күндерінде жаңа басшылы болып жатқан өңір тұрғындарының алдағы істеріне, толайым шаруаларына тілеулес екенімізді білдірдік. Ең бастысы, бір күндік жарық сәулелі, бір күндік қонақ дүниелі тіршілікте жеке бастың бітпейтін күйбең тірлігінен рухани азықты жоғары қоятын ақынжанды, өлең мен өнерге ықыласты, ізгі дүниелерге пейілді аудан тұрғындарына бар жақсылықты тілеп аттандық.

Алматы облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ШЕБЕР

Халқымызда: «Шебердің қолы ортақ» деген нақыл бар. Бүгінде ұлттық өнерімізді ұлықтап, оның бай табиғаты мен құнды құпиясын заман талабына сай бейімдеп, ел назарын аудара бастаған жас шеберлердің қатары күн санап көбейіп келеді. Сарқан қаласында тұратын Назигүл Батырхан есімді шебердің құрақтан тігілген неше түрлі мата бұйымдары осы күнде үлкен сұраныска ие бола бастады.



Он саусағынан өнер тамған

Қажет АНДАС

Бастапқыда ұлттық қолөнеріміз саналатын «құрақтап тігу» әдісімен түрлі көрпе тігуден бастаған көпбалалы ана Назигүл Батырханқызының қолынан шыққан бұйымының түрлері көп. Тұтынушылардың қажеттілігі және олардың талғамына сай неше түрлі тұрмыстық бұйымдарды сан түрлі нақышпен әрлеп тігеді. Әсіресе, сатып алушыларының қалауына сай интерьерін ұлттық нақышта безендіруге арналған ыңғайлы және сәнді «Үй тұмары» аксессуарын тігуде. «Үй тұмары» – Назигүлдің шығармашылығының өзіндік ерекшелігіне айналды, олардың әрқайсысы тек түсімен ғана емес, ою-өрнектердің ерекше тартымды және өзге қолөнер шеберлерінің туындысынан сапалылығымен ерекшеленеді.

Тарихи Отанына оралғаннан кейін Назигүл Батырханқызы шеберлігін дамыту туралы шешім қабылдады. Жас ананың бүгінде 5 баласы бар. Алдымен тек өзінің отбасы мен туыстары үшін құрақ бұйымын тігуден бастаса, бірте-бірте өніміне көршілерінің қызығушылығы артып, жиі тапсырыс түскен. Осылайша сүйікті ісі табыс әкелетін шағын бизнеске айналды.

Оның айтуынша, бұл өнер ұрпақтар бойы жалғасып келе жатқан қанда бар қасиеттен дарыған. Апасы Зейнеп, апайы Әуесхан, шешесі Қуантай, басқа бауыр-туыстары да шетінен ұлттық өнерді ұлықтаған жандар. Ал әкесі Батырхан Мажайұлы қазақтың өрімшілік өнерін жоғары өреге жеткізген. Темірден түйін түйген шебер, ат-әбзелдерінің сан түрін жасайтын өнертапқыш. Өкінішке қарай, ол кісілердің жасампаздығын жұртқа жеткізу өмір сүрген дәуірінде мүмкін болмапты. Алайда сол саф өнер Назигүл арқылы қайта жаңғырып жатқандай сезілді.

Шеберге алдыңғы буыннан көрген тәжірибесі мен интернеттегі бейнесабақтар көрпе тігу әдістерін игеруге өз септігін тигізіпті. Күнделікті қолын машықтандырып, алған білімі мен жинаған дағдысын әдемі ұштастыра білген ол осы күнде сан түрлі жаңа идеяны өмірге әкелуде. Нәтижесінде бір жарым жылда 100-ге жуық сәнді көрпе, жастық дайындап шығарған.

Десе де, осындай жаңа идеялар мен қолы берекелі қолөнер шеберлерін қолдау ісі әлі де кенжелеп келеді. Назигүл алдағы уақытта мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз көмекке бақ сынап көрмекші. «Егер мемлекет тарапынан қолдау болса, өнерімді одан ары жетілдіріп, ұлттық өнердің бәсекелестігін жоғарылатуға күш салар едім», – дейді ол.

Біз алдағы уақытта өз тарапымыздан қолдау танытуға уәде бердік.

Сарқан ауданы

✓ ҚАЗЫНА

Әбіш әлемі

Әбіш Кекілбаев бүкіл саналы ғұмырын туған халқына арнады. ҚР алғашқы Мемлекеттік хатшысы, Парламент Сенатының депутаты, «Құрмет белгісі» мен «Отан» ордендерінің, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі еңбегі өлшеусіз құрметке ие.

Толассыз ізденгіштігі мен зерттеушілігін поэзия, проза, драматургия, сын, публицистика, аударма жанрларында әр қырынан таныта білді. Бұл қасиеттің әрқайсысы оның абыройын асырып, ірі тұлғаға айналдырғаны сөзсіз. Туындылары көркемдігі, кейіпкерлерінің шешендігі, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, оқырманын астарлы ой дариясының тұңғиығына жетелейді.

Алғашқы «Алтын шуақ» өлеңдер жинағы 1962 жылы жарық көрді. «Бір шөкім бұлт», «Дала балладалары», «Тырау-тырау тырналар», «Бір уыс топырақ», «Құс қанаты», «Үркер», «Елең-алаң», «Азаттықтың ақ таңы», «Сыр десте», «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке» атты шығармаларында өткен күннің жарқын бейнесін жасап, бүгінгі күннің көкейкесті мәселесін терең қозғады.

Кітап – адам баласының рухани азығы. Кітаппен шынайы дос болсаң, ой-өрісің, дүниетанымың кеңейіп, жан-дүниең байитыны ақиқат. Әдебиет пәнінің мұғалімі бізге қазақ жазушыларының әртүрлі жанрдағы шығармасын оқуға кеңес береді. Маған жазушының «Үркер» атты романын ұсынды. Романды оқып, ерекше әсер алдым, кейіпкерлермен бірге қуану, толғануды бастан өткердім. Ерлік пен батырлықтың асқақ арманына, құндылық пен қасиетке «Үркер» романындағы тарихи тұлғалар бейнесі жетелейтінін, оның барлығын дәріптеу – болашақ жастардың еншісінде екенін зерделедім.

Қаламгер шығармаларын жалпы адамзаттық және ұлттық дүниетаным тұтастығын танытатын мұра тұрғысында бағалауды үйрендім. Бүгінгі кітапсүйер достарыма, озық ойлы жасөспірімдерге Әбіш Кекілбаевтің шығармашылығына бойлауға, оқуға кеңес берер едім.

Әдебиетіміздің алып тұлғасы Әбіш Кекілбаев кемелділік пен парасатқа толы осындай шығармасы арқылы халық жадында мәңгі сақталатынына сенемін.

Елтай ҚЫМБАТ,
Жетісу орта мектебінің
9-сынып оқушысы

Ескелді ауданы

✓ БІЛІМ

«Zhansugurov College» І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жанынан ашылған құрылымдық бөлімше болып табылады. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын білім шаңырағының өскелең ұрпаққа жол көрсету бағытындағы жетістіктері жетерлік.

Мамандар ұстаханасы

Аталмыш колледж ұжымында 2 профессор, 1 ғылым кандидаты, 17 ғылым магистрі, 6 жоғары санатты және 5 бірінші санатты, 6 екінші санатты тәжірибелі педагог маман бар.

Аталған мекеменің іргетасы 2018 жылы қаланған. Бүгінге дейін ел көлеміндегі және облыс деңгейіндегі колледждер арасындағы рейтингте жоғары көрсеткіш көрсеткен. Алматы облысы бойынша алғаш «Worldskills Қазақстан-2020» аймақтық чемпионатын ұйымдастырған 3 құзыреттілік орталық болып табылатын білім шаңырағында ілкімді істер жетерлік. Сонымен қатар, шәкірттеріміз де биік белестерді бағындырып үлгерді. Атап айтсақ, өткен жылы өрнек тапқан VII республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында колледж студенті Аяулым Нұрдәулет «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша күміс медаль иеленсе, «Кіші сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша Елнұр Мұхтарбекқызы «Үздік маман» марапатын иеленді.

Колледж ұжымы ерекше жоғары ынтамен, бүкіл күш-қуаты мен жасампаз мұраттарды алға қойып еңбек етуде. Колледж 12 мамандық, 18 біліктілік бойынша білім үрдісін жүргізеді. «Ілияс ізбасарлары» атты студенттік өзін-өзі басқару орталығы бар.

Колледждің инновациялық жобалары, мәдени іс-шаралары, поэзия кештері, спорттық жарыстар мен тапқырлар алаңы сияқты көптеген танымдық-тәрбиелік жұмыстары білімгерлерді алға жетелеп отырады. Жалпы, шаттық пен қуаныштың, білім мен тәрбиенің мекені болған «Zhansugurov College» барша білімге, өнерге, инновацияға құштар жастарды оқуға шақырады.

А. ҚАРАСАЕВА,
«Zhansugurov college» биология пәнінің оқытушысы
Лицензия № KZ36LAA00018662

✓ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ

Ескелді ауданы ПБ ювеналдық полиция тобының қызметкерлері өңірдегі мектеп оқушыларына жол жүру ережесін сақтау турасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Шараның негізгі мақсаты – балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жүргізушілер мен ата-аналардың қырағылығын арттыру. Одан бөлек мектептерге бектіліген оқушыларды тасымалдайтын автобус жүргізушілеріне қосымша жол ережелерін түсіндіріп, сұрақ-жауап алынды. Техникалардың да жағдайына тексеріс жүргізілді. Алдағы уақытта ата-ана, жүргізуші және оқушылардың қатысуымен аудандық акция ұйымдастырылып, тексеру жұмыстары тұрақты өтпек.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ ЖАЙДАРМАН

Үштөбе қаласында жаңа жанармай құю стансысы салтанатты түрде ашылды. Бұл нысан ескі мұнай базасында орналасып, ұзақ жылдар бойы жұмыс істемей тұрған.



Жанармай стансысы ашылды

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

Қаратал ауданына келген кәсіпкерлердің жеке инвестициялары арқасында жанар-жағармай құю стансысы толықтай қайта құрудан өтіп, түркиялық отын-тарату колонкаларымен жабдықталды. Инвестиция көлемі 323 млн. теңгені құрады.

Сонымен қатар, инвесторлар шикізатты сатып алуға 2 млрд. теңге жұмсайтынын жеткізді. Барлық жанармай құю және төлем жасау процестері ойластырылған. Жүргізушіге машинадан шығудың қажеті жоқ, оператор барлық міндетті өзі орындайды.

Кәсіпорында 15 жаңа жұмыс орны құрылды. Болашақта инвесторлар мұнай базасының аумағында жаңа спорт кешенін, жабық бассейн мен 25 бөлмелі қонақүй салуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, мотор майларын шығару, битум жасау үшін бу генераторын орнату да ойларында бар. Нәтижесінде 185 тұрақты жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Жалпы, өткен жылы Қаратал ауданында инвестициялар ағынының өсу қарқыны байқалады. Былтыр сомасы 9 млрд. теңгеге инвестициялық жобалар іске асырылды. Бұл өз кезегінде 300-ден астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Қаратал ауданы

«Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі «ЖетісуГазСервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры лауазымына конкурс жариялайды. Конкурс 2023 жылдың 8 ақпанында Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26, 5-қабат, 502-кабинетте өтеді.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау орны: Талдықорған қ. Қабанбай батыр көшесі, 26, 5-қабат, 505-кабинет, тел.: 32-92-64, e-mail: goz.kz@mail.ru., 2023 жылдың 19 қаңтарынан 2 ақпанын қоса алғанда, жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Конкурс туралы толық ақпаратты басқарманың сайтынан көре аласыздар. https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-hcs/about?lang=ru

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Болатхан АЙТМҰХАМЕТОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67**, жауапты хатшы — **40-10-30**, бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15**, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78**, фототілшілер — **40-20-79**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09**.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — **8-777-388-57-77**, Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**,
Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет– сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 74
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015.
Индексі – 65469.

Айыппұлмен құтыла ма?



(Басы 1-бетте)

Хош, сонымен облыс орталығында оқып жатқан мектеп жасындағы бойжеткендердің бейәдеп сөздері мен көргенсіз қылықтары халықтың жағасын ұстатты. Артынан бейнетаспаға түсірген қыз бен әкесі кешірім сұрап, күмілжігеніне куә болдық. Ал, оқушыға жұдырық жұмсаған үш қыздың ата-анасына қатысты сот отырысы өтіп, әрқайсысына 69 мың теңгеден айыппұл салынғаны белгілі болды. Ол аздай қатарластарын жабыла сабаған үш қыздың үстінен қозғалған әкімшілік іс сот қарауында жатыр. Оларға айыппұл салынуы немесе 15-20 тәулікке қамалуы мүмкін. Ондайды халқымыз: «ақылды қыз білімге жүгінер, ақылсыз қыз сөзге ілінер» – деп тұжырған. Рас сөз. Үміт еткен ата-анасы, бауырлары, ағайын-туысы білім алып жатыр деп есептеген 15-17 жастағы қыздар күллі елдің алдында ұятқа қалды. Бұл табалау емес, «жағымсыз әрекет жалғаспаса екен» деген тілеу.

Әлқисса, әдетте біз бір мәселенің себептерін салдарына үңілудің орнына нәтижесімен күресуге кірісеміз. Ендеше, керісінше жасап көрелік, осы қыздар отбасындағы тәлім-тәрбиені жалпақ жұртқа паш етті. Әке-шешесінің аузынан шыққан боқтық сөз сорғыш қағаз секілді санаға сіңіп, ойдың өзегіне айналды. Реті келгенде тілден төгілген былапыт тіркес айналасына шашырап, тыңдаушыны былғайды. Біз бұны қатар жүрген құрбыларына жабыла жұдырық сілтеген бойжеткендердің өзінен естідік.

Күллі Қазақстанның халқына масқара болғандардан таяқ жеген 15 жастағы Мәдина есімді қыз қазір Талдықорғандағы облыстық балалар ауруханасында жатыр. Миы шайқалып, қатты қорқып қалғанын дәрігерлер айтады. Әжесі Бағдагүл Тымақбаева немересінің жайына алаңдаулы. Ал, алдымен жұдырық жұмсаған Айсұлу есімді бойжеткеннің жасы 17-де, Үштөбе қаласындағы техникалық колледждің 1-курс студенті. Екінші қыз Талдықорғандағы кешкі мектептің 9-сынып оқушысы Мейрамгүл. Үшінші қыз Талдықорғандағы Жетісу колледжінің 1-курс студенті Жансая. Бұлардың ары қарай білім алуын тексеру комиссиясы шешеді. Бәлкім, желкілдеп өсіп келе жатқан жанның тағдыры қалай қалыптасатыны содан белгілі болар?! Қалай болғанда да бойжеткендерге оңай емес. Өкіністің өзекті өртер уын татып, ұяттан өртеніп жатқан шығар, кім біледі?!

Сөзімізді қазақтың айтқыштығынан бастап едік, мақал-мәтелімен түйіндейік. «Сыныктан басқаның бәрі жұғады» деген ойға сенер болсақ, әлі де көрер масқара мен тартар зардаптан сақтану керегін байқау қиын емес. Жаратқан Алла Тағала бағып-қағып отырған ұл-қызымызды бәле-жаладан, жамандықтан, жағымсыз әрекеттен, ұятсыз тірліктен, өрескел әдеттен, орынсыз шошаңдаудан сақтасын!

✓ «БИЗНЕС БАСТАУ»

Кәсіп – ынталыға нәсіп

Сағакүрес ауылында 26 жасар жас кәсіпкер отбасылық кәсіп ашып, ауылдастарын нан өнімдерімен қамти бастады. Оның наубайшылықпен айналысуына мемлекеттен берілген грант көмек болған.

Бұған дейін Ақсу аудандық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген Айдос Жұманов өткен жылы «Бизнес бастау» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін меңгеріп, сертификат алды. Одан әрі бизнес жобасын қорғап, соның арқасында 1,2 млн. теңгеден аса сома қайтарымсыз грантқа ие болды. Бұл қаражатқа жас кәсіпкер нан пісіретін пеш, қамыр илейтін машина және нан қалыптарын сатып алған. Сөйтіп, өткен жылдың мамыр айында кәсібін бастап, қазір Сағакүрес елді мекенінде ауылдастарын бөлке нанмен қамтып отыр.

– Біздің ауылдағы дүкендерге нан сырт жақтан жеткізіледі. Қысқы ауа райының қолайсыз күндері нан әкелінбей қалатын күндер жиі болады. Сондықтан ауылда осы наубайшылық кәсіп ашсам деп ойладым. Бұл ойымды отбасым құптап, қуана қолдады. Сөйтіп, «Бизнес бастау» арқылы оқып, грант алып, керекті құрал-жабдықтарға қол жеткіздім. Мұны отбасылық бизнес десем де болады. Үйде бөлке нан пісіруді анам, ағам, қарындасым, бәріміз бірге атқарамыз. Қазіргі қыс кезінде өнімді тек ауылдың ішінде өткіземіз. Ал жазғы уақытта Жансүгіров, Қарашілік сияқты жақын маңдағы ауылдарға жеткіземіз, – дейді Айдос Жұманов.

Қазір шағын кәсіп иесі күніне орта есеппен 150 бөлке нан пісіріп сатса, жазғы уақытта тапсырыс көлемі ұлғаяды. Қаражат айналымын арттырғаннан кейін Айдостың нан түрін көбейтпек ойы бар.

Жетісу облысында мұндай мысал көп. Мәселен Ескелді ауданының 26 жасар тұрғыны Кәусар Нұрданғазы да мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріп, омарта шаруашылығымен айналысып отыр. Осыдан 4 жыл бұрын істі алғаш 10 ұямен бастаған Кәусар Нұрданғазы 1 млн. 225 мың теңгенің грантына 21 ара ұясын сатып алған. Аз уақыт ішінде ара ұясының санын 80-ге жеткізген. Грантқа ие болғаннан кейін кәсібіне деген сенімі еселеніп, өнімін «Жамбо» брендімен шығара бастапты. Бүгінде бал өнімдерін отбасына ғана емес, өзі тұратын Жетісу ауылының тұрғындарына да ұсынып отыр.

Жалпы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, 2022 жылы мемлекеттік грант үшін 840,9 млн. теңге бөлінген. Соның нәтижесінде 1 жылда 617 адам бизнес жобасын қорғап, грантқа ие болды, яғни бұл – жоспардың 90 пайызы. Атап өтсек, гранттың көмегімен шағын кәсібін бастағандардың 212-сі – жастар.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Қоян жылында қоян қырылып жатыр

(Басы 1-бетте)

Мән-жайды білмекке ҚР АШМ ВБҚК Қаратал ауданы аумақтық инспекциясының басшысы Саламат Нұрланұлына хабарласқан едік.

– «Бұл жағдайдан құлағдармыз. Бізге шаруалар хабарласып, өлген қоянды беріп жіберген. Негізінен біз үй жануарларына қатысты жұмыс жүргіземіз. Даланың жабайы аңдарына басқа мекеме жауапты. Бірақ, бір аудан болғандықтан шаруалардың өтінішіне құлақ асып, кесел шыққан болса, ертең үй жануарларына кесірі тимесі үшін алдын алу жұмыстарын жүргіздік. Әкелген қоянды облыстағы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау инспекциясына тексеруге жібердік»,–деді.

Расымен де, бұл мәселеге бейжай қарамау керек. Сарышұнақ аяз жоқ, айдың күні аманында дала қояндарының өлуі алаңдататын жайт. Оның үстіне қояндардың қыста қатып қалғаны жайлы бұрындары тіркелмеген. Сондықтан биылғы жағдайды мұқият зерттеу қажет. Қансонарда жалғыз қоян жабағының бір жылда жүретін жүрісін бір түнде жортып тастайды екен. Бұл нені білдіреді, қатты суықта қатып қалмау үшін, түнімен тоқтамай жорта береді. Енді осыны ескерсек, айтарлықтай аяз жоқ қазіргі кезде қояндардың қатып қалуы екіталай. Сонымен аталған инспекцияға хабарласып, жауапты мекеменің жауабын тыңдадық.

«Төменгі Қаратал аумағында қояндардың өздігінен өліп жатқаны жайлы аудандық ветинспекция хабарлады және өлген қоянды сақтық шарасын орындай отырып, бізге жіберетінін жеткізді. Біз оны арнайы тексеру зертханасына тапсырамыз. Сол жерде нақты шешімі анықталады. Әзірге ештеңе айта алмаймыз, сараптама шешімі шыққан кезде, сіздерге арнайы жауабын жолдаймыз», – деді Жетісу облысы орман шаруашылығы жануарлар дүниесін қорғау инспекциясының басшысы Нұрқуат Қонысбаев.

Міне, әзірге қояндардың қырылуы жұмбақ болып тұр. Сараптама жұмысы бір-екі аптадай болады. Себебі анықталған кезде бұл мәселеге қайта ораламыз.

Қаратал ауданы



✓ МЕДИЦИНА

Тұрғындар дән риза

«Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы 330 тұрғынды Жетісу облыстық ауруханасының мамандары 3 күн бойы медициналық тексеруден өткізді.

Терапевт, невропатолог, травматолог, хирург, пульманолог, көз дәрігері әр адамды ыждағатпен қабылдап, ақыл-кеңестерін айтты. ЭКГ, УДЗ аппараттарымен тексерді. Кейбіреулерден қан талдамасын жасау үшін қан алды. Орталықтағы қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандар әрдайым дәрігер бақылауында. Дегенмен, олар облыстың орталық ауруханасының білікті мамандарының арнайы келіп, өздеріне көңіл бөлгендеріне дән риза.

Тағы бір қуанышты жаңалығымыз, Текелі қалалық ауруханасына екі ай бұрын жаңа бейнеэндоскопиялық кешен алынып, асқазан-ішек жолдарын барынша анық және жан-жақты тексеріп, зерттеуге мүмкіндік туған еді.

Жаңа аппараттың артықшылығы – ішкі ағзадағы көрініс экранда алақанға салғандай анық көрсетеді. Аталған кешеннің тілін меңгерген эндоскопист дәрігер Николай Бугров пен медбике ИринаПащенко «Sonoscape» маркалы жаңа аппараттың көмегімен бронхоскопия, эндоскопия және колоноскопия жасалатынын, таңертеңгі 9-дан түске дейін күн сайын 5 адамды қабылдап жатқандарын айтты. Бұған дейін жұмыс істеп тұрған «Olympus» маркалы аппаратпен қазіргі уақытта бөлек бөлмеде тек колоноскопия жасалса, жаңа аппарат асқазан, ішек жолдарын тексеруге бағытталыпты. Сонымен қатар, эндоскоптарды дезинфекциялап, зарарсыздандыратын арнаулы жуу бөлмесі де бар. Мамандардың өңеш, асқазан, он екі елі ішектің қабынуын, созылмалы ауруын немесе қатерлі ісіктің бар-жоғын анықтап, дер кезінде ем-дом тағайындауына аталған құрылғының себі мол.

Торғын ТҰРЛЫБАЕВА

✓ ЕРЕКШЕ БАСТАМА

Талдықорған тұрғыны өз еркімен сұрыптап, бөлектеп жинаған тұрмыстық қатты қалдықтардың кәдеге асыратындарын қабылдаушыларға өткізіп, одан түскен ақшаны қайырымдылық қорларына аударады. Ол осылайша қоқысты сұрыптап, қайта өңдеу арқылы экологияның тазалығына үлес қосып қана қоймай, сырт көмекке мұқтаж жандарға жәрдемдесіп, алғыс арқалауда.

Экоеріктінің құптарлық қадамы

Талдықорғандық экоерікті Ғазиз Аманжолұлы облыс орталығындағы ғана емес, өңірдегі игі істердің, қайырымдылық қадамдардың, мәдени шаралардың бел ортасынан көрініп, үнемі белсенділігімен ерекшеленіп жүреді. Және ондай істерін жарнамалауға да құштар емес. Содан да болар. Ғазиздің өз үйінен шығатын тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап, бөлектеп жинап, қағаз, целлофан, пластик, металл сынды қайта өңдеуге келетіндерін арнайы мекемелерге өткізіп келе жатқанына 2 жыл болғанын жұрт енді біліп жатыр.

Экоеріктінің айтуынша, сұрыпталған қоқыстан соңғы іріктелген шикізатты қабылдап алушы компанияларға өткізіп, түскен қаржыны қайырымдылық қорларына аударады. Олардың арасында талай жанға үй тарту еткен «Харекет» қоры да бар.

«Менің бұл бастамам бір оқпен бірнеше қоянды атқандай пайдалы. Үйден шыққан қағаз, металл, пластик, целлофан сияқты қайта өңдеуге жарайтын қалдықтарды сұрыптап, бөшкелер толған кезде арнайы мекемелерден қабылдаушыларға хабарласамын. Олар келіп, жиналған қалдықтарды өлшеп, менен сатып алады. Ал түскен қаржыны бірден қайырымдылық қорларына жіберемін. Әр келгенде орташа есеппен 2000-3000 теңгеге қалдық өткіземін. Әкем жолаушы тасымалдайтындықтан, күнделікті көлігінде жолаушылардан қалған 5-6 пластик бөтелкені әкеліп береді. Сондықтан пластикке арналған бөшке тез толады. Сонымен қатар денсаулыққа қауіпті саналатын жарық бергіш шамдар мен батареяларды да бөлек сұрыптап, арнайы контейнерлерге тастаймын. Қағаздар бір бөлек, целлофандар бір бөлек дегендей. Осы ісім арқылы экологияға да өз үлесімді қосамын, қайырымдылықты да назарымда ұстаймын», – деген Ғазиз барша азаматтарды осынай сауапты әрі пайдалы іске шақырады.



Жалпы, барлығымыз білетіндей, табиғаттың қоқыспен ластануы біздің елдегі ғана емес, бүкіл әлемдегі басты проблеманың біріне айналып отыр. Дүние жүзіндегі мемлекеттердің аумақтарына, тіпті айдын-шалқар теңіздер мен мұхиттарға, асқар таулар мен ормандарға орны толмас зардап тигізуде. Жанған қоқыстардан улы химикаттар бөлініп, ауаны бұлдіріп, жаны барлардың тірлігіне қауіп төндіре бастады. Өкінішке қарай, соның бәрін күнделікті көріп, естіп, оқып жүрген адамдар қоқысты сұрыптау мәдениетін дамыту арқылы табиғатты қорғап, қоршаған ортаны сақтап қалатынымызды естен жиі шығарып алады. Сондықтан талдықорғандық экоеріктінің қайырымды әрі қайырлы қадамын бүкіл ел болып құптаған жөн. «Таза болса табиғат – аман болса адамзат» дегенді жадыда ұстап, қоршаған ортаны қорғайық!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Талдықорған қаласы

✓ ҚИЫРДАҒЫ ҚАНДАСЫМ

«ОМБЫДАҒЫ ҚАЗАҚТАР»

ұлт руханияты үшін тегін қызмет етуде



Омбыдағы 100 мың қазақтың өз газеті болуы керек деген оймен 10 студент бас қосып, 2009 жылы «Атамекен» деген газет шығара бастадық. Сол кездегі Омбы политехникалық университетін редактор мамандығы бойынша бітірген Дастан Бейсебаевты бас редактор етіп сайладық.

Редакциялық алқа мүшелерінің арасында кәсіби журналист болған жоқ. Бізді тек қазақ газетін шығару керек деген ой жетеледі. Газет шығарған студенттерге айына 5000 рубль керек болды. Содан стипендиямыздың 500 рублін осы газетті шығаруға жұмсадық. Бірақ бұл біз үшін көп ақша еді. Сондықтан қаражатымыз 5-ақ нөмірге жетіп, өкінішке қарай, «Атамекен» газеті ұзақ өмір сүрмеді. Қаражаттың жетіспеуінен басылым жабылды. Газетті қайта шығару үшін көп уақыт қажет болды. Қазақ газеттің алғашқы саны 2014 жылдың наурыз айында қайтадан жарық көрді. Осы уақытқа дейін жаңа ұжым жиналды, ақсақалдардан қолдау болды. Сөйтіп, газет шығаруды жаңаша қарқынмен қолға алып, «Омбы қазақтары» деген жаңа атаумен оқырманға жол тарттық. Газет беттерінде жергілікті авторлардың түрлі тақырыптағы мақалалары, «Менің ауылым», «Ел мақтанышы», «Қара шаңырақ», «Спорттық рух» айдарларын жүргіздік. Газет айына 1 рет шығатын болды. 2014 жылдың қазан айында «Ресей поштасымен» келісімшартқа отырып, жазылу науқанын жүргізе бастадық, жарты жылдан кейін Омбы қаласының әкімшілігінен газетімізге грант ұтып алдық. Бұл бізді шабыттандырды. Осылайша газет 2018 жылға дейін шықты. Газетке жазылатындардың аздығы өз алдына, бизнесмендер тарапынан қолдау көрсетілмей қалды. Қаражаттан қиналған соң редакция қызметін тоқтатуға мәжбүр болып, бұл істі тоқтата тұрайық деп шештік. Өйткені ұжымдағы редакция мүшелері тегін жұмыс істеді. «Дұрысы, жауып тастаңдар» дегендер де болды. Бір-ақ жауып тастасақ, кейін газетті қайта ашу қиын болатынын түсініп, уақытша тоқтата тұрдық. Сол кезде Максим Споткай бастаған 1 топ еріктілер осында «Замандас» газетін шығарды. Мен оларға: «2 газет шығару қиын. Жазатынымыз бір нәрсе. Бәріміз бірігіп, 1 газет шығарайық» деп ұсыныс айттым. Бірақ олар бұған аса мән бермеді. 1 жылдан соң біздің газет қайта ашылып, керісінше, «Замандас» жабылып қалды да, онда істегендер біздің редакциялық кеңеске кіріп, жұмысымыз жандана түсті. Сөйтіп, ерекше қарқынмен, жаңа дизайнмен басында 4 бет болып шыққан газетіміз айына 1 рет 16 беттен шығатын болды. Алғашқы 1 жылда бас редактордың жұмысын Нәзия Исакова атқарды. 2021 жылдан бастап өзім бас редакторы болып еңбек етіп келемін. Бүгінгі күні редакция алқасында 11 адам тегін жұмыс жасап жүр.



Подпишись в отделении ПОЧТЫ РОССИИ по Индексу ПР 779

Әрине, цифрлық дәуірде кез келген елдің газет саласы үлкен қиындықты бастан кешуде. Қоғам әлеуметтік желіге тәуелді болып бара жатыр. Бірақ біз оқырман тартуда аянбай еңбек етіп жатырмыз. Біздің оқырман негізінен ауылды жердің қазақтары, егде жастағы адамдар, қазақ тілінде оқу білетін, бізге хат жаза алатын жандар. Газетіміздің таралымы 2000 дана. Әрине, біз өз еркімен жазылатындарға таратумен шектеліп қалмай, көп жұмыс істеуіміз керек. Ауқымды іс-шаралар мен концерттерде біз газетімізді сатып, «Омбы қазақтары» туралы айтып, жаңа оқырман тартамыз. Мемлекет тарапынан берілетін гранттарға жобалар ұсынамыз.

Технология

Жасанды интеллект – кез келген нәрсеге қабілетті, болжамдардан бастап, кескіндерді жасауға дейін мүмкіндігі бар. Жасанды интеллекттің нәтижелеріне қарап технологиялардың қалай жұмыс істейтінін, оның қазіргі және болашақ ұрпақ үшін әсерін түсіну маңызды.

Негізінен жасанды интеллект тәжірибе үшін маңызды. Себебі, ол мәселелерді шешуге, алдағы уақытты жоспарлауға, білім алуға, жаңа жағдайларды импровизациялау мен жаңа нәрселерді үйренуге көмектеседі.

Жасанды интеллект күнделікті өмірде кеңінен қолжетімді. Смартфондағы Алиса, Siri немесе Google дауыстық көмекші қосымшалар соған дәлел. Тағы ChatGPT, Google Bard сияқты жасанды интеллект чат-боттар қолданысқа енді. Мысалы, ChatGPT немесе Алисадан ауа райын не болмаса елдің астанасын сұрасаңыз, сіз машинаның оқыту алгоритмдердің нәтижесі болып табылатын жауаптар аласыз.

Кез келген технологиялық прогресті қайтармайын деген шығар, ақыры басшылық мақұлдады. Бас редактордың орынбасары Жұматай Оспанұлын басшылыққа алып, Қуаныш Тұңғатар (оның да аталары сол ауылдікі) бар, тағы бір досымызды қосып алып, ауыл жаққа тартып отырдық.

Мектепті аралау, Мәдениет үйіндегі кездесу, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысу... Ақыры, кеш бата киреберістегі үлкен паркте жастарды жинап, алау жағып ұйымдастырған кеш... Ауыл тұрғындарымен кездесуде екпіндей сөйлегенім есімде. Қазір күлкілі, бірақ, ол кезде «үлкен шаруа» бітіріп жүрген (ауылымды танытып жатырмын ғой!) жас жігіт үшін бұл әрі кешірімді, әрі жарасымды деп ойлаймын. Ауылдастарым да солай қарағаны болар, кім біледі, әйтеуір, газеттің келесі сенбілік нөмірінің қос бетін алып шыққан Қайнар ауылы үшін кейін біраз кісілер қолымды алды.

Сәл кейіндеу дәл осындай сапармен Алакөл ауданындағы Қабанбай ауылына бардық. Сондағы кездесуде ауылдың бір ақсақалы: «Біздің ауылды да анау Райымбек ауданындағы Қайнар ауылы сияқты қылып шығарыңыздаршы. Тегі, сол ауылды аралап жүргендей болдық», – деді. Бұл жолғы жолбасшымыз Жәкең – Жанкүміс Жәменеңке болатын, «сол ауылды шығарған, міне, мына бала, жолдарыңыз болды», – деді. Бірақ, Қабанбай ауылы дәл сол деңгейде шықпады ғой деймін. Оның себебі, алдымен уақыт тарлау болды, екіншіден, мен өз ауылымды жақсы білемін ғой. Оның үстіне, аунап-қунап үш күн жаттық. Таңғы сағат 5-те тұрып, ауылдың тіршілігін сырттай бақылап, суретке түсіріп, өріске мал өргізіп болған соң ғана үйге қайтқанымыз, өрістен мал қайтқан кешкі қарбаласты тамашалағанымыз бар, ауыл адамдарының мінезі бар, «бағажымыз» толып қайтқан, Қуаныш екеуміз екі жақтап, барымызды салған қосымша ғой...

«Жетісуда» жүрген кезде алғашқы кітабым шықты. Проза. Тұсаукесерін керемет қылып ұйымдастырып береміз деп жүрді ағалар. Бірақ, мен кітаптың «сигнальныйы» қолға тие сала Алматыға қашып кеттім. Бас редактор Жақыпжан Нұрғожаев та, орынбасарлар да жұмыста жоқ еді, арызымды жазып, қалдырдым да тайып тұрдым. Қоштасар сәтте Ришад Тұрғанбайұлы құшақтап: «Енді Нобель сыйлығын ал, жолың болсын!» деді. Оның мәнісі «мен енді бірыңғай әдебиетпен айналысам, проза жазам, журналистикадан кетем» дегем. Әдебиетпен айналысуға мүмкіндік болды, бірақ, проза әзірге тоқырап тұр. Ал, журналистикадан кете алмадым. Мейлі ғой, адамның дегені кейде болады, кейде болмайды, әйтеуір, «Жетісуда» бір қауым тілеулес ел бар екенін білем. Тек, облыс бөлінді, енді бұл газетті біздің ауыл оқи ма, оқымай ма, осы жазғаным оларға жете ме, жетпей ме, білмеймін...

Алмас НҰСІП,
«Жас Алаш»
газетінің бас редакторы

Ол кезде Алматы облысы бөлінбей тұрған. Жаңа қосылған кезі десе де болады. Үйге екі газет келеді: «Жас Алаш» пен «Жетісу». Баламыз ғой, «Жас Алаштағы» тақырыптарға тісіміз батпады ма екен, көбіне «Жетісу» газетінің авторлары көбірек есте қалыпты. Студент кезімізде де Талдықорған жақтан келетін газетке бір шығуды ара-тұра ойлап қойып жүрдік, өйткені, бұл газетті біздің ауыл оқиды. Ал, сен сол газетке шықсаң, басқасын былай қойғанда, ауылдастарыңның алдында зор мақтан...

«АУЫЛЫМДЫ ҚАЛАЙ ТАНЫТТЫМ?»

Магистратураны бітірер қарсаңда «Жетісудан» бір-ақ шықтық. Сәуірдің 23-інен бастап қарашаның 1-іне дейін «Жетісу» арқылы, басқаны қайдам, ауылдастарыма әбден «танылдым». Әрине, жазған-сызғаныңды оқиды, бірақ, менің «танылуымның» сәл басқаша мәні бар. «Жетісуда» күзде «подписка» – жазылым науқаны жүреді. Тілшілер команда-командаға бөлініп, аудандарды кезектесе аралайды. Алғашқы сапарды шалғайдағы Райымбек ауданынан бастайтын болдық. Бұл сапардың реті мынадай: алдымен аудан әкімдігіне соғып, әкіммен (әлде орынбасарларының бірімен) кездесіп, одан ары бір ауылға барасың. Бүкіл ауданды араласаң не жазарыңды білмей малтығып қаласың, ал, бір ауылды таңдап алу – сәтті ойлап табылған жоба. Жоспар кезінде мен өз ауылымды ұсындым. Бірінші орынбасар Жанкүміс Жәменеңке миығынан күліп «сен неге өз ауылыңа тартасың?» деді. Басқа ауылдар күнде шығып жүргендей «Біздің ауыл осы уақытқа дейін бір рет те болса шықпапты» деймін. «Жазатын не бар?» «Жетеді». Мақтап тауыса алмайсың мұндайда. Меселін қайтармайын деген шығар, ақыры басшылық мақұлдады. Бас редактордың орынбасары Жұматай Оспанұлын басшылыққа алып, Қуаныш Тұңғатар (оның да аталары сол ауылдікі) бар, тағы бір досымызды қосып алып, ауыл жаққа тартып отырдық.

Мектепті аралау, Мәдениет үйіндегі кездесу, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысу... Ақыры, кеш бата киреберістегі үлкен паркте жастарды жинап, алау жағып ұйымдастырған кеш... Ауыл тұрғындарымен кездесуде екпіндей сөйлегенім есімде. Қазір күлкілі, бірақ, ол кезде «үлкен шаруа» бітіріп жүрген (ауылымды танытып жатырмын ғой!) жас жігіт үшін бұл әрі кешірімді, әрі жарасымды деп ойлаймын. Ауылдастарым да солай қарағаны болар, кім біледі, әйтеуір, газеттің келесі сенбілік нөмірінің қос бетін алып шыққан Қайнар ауылы үшін кейін біраз кісілер қолымды алды.

Сәл кейіндеу дәл осындай сапармен Алакөл ауданындағы Қабанбай ауылына бардық. Сондағы кездесуде ауылдың бір ақсақалы: «Біздің ауылды да анау Райымбек ауданындағы Қайнар ауылы сияқты қылып шығарыңыздаршы. Тегі, сол ауылды аралап жүргендей болдық», – деді. Бұл жолғы жолбасшымыз Жәкең – Жанкүміс Жәменеңке болатын, «сол ауылды шығарған, міне, мына бала, жолдарыңыз болды», – деді. Бірақ, Қабанбай ауылы дәл сол деңгейде шықпады ғой деймін. Оның себебі, алдымен уақыт тарлау болды, екіншіден, мен өз ауылымды жақсы білемін ғой. Оның үстіне, аунап-қунап үш күн жаттық. Таңғы сағат 5-те тұрып, ауылдың тіршілігін сырттай бақылап, суретке түсіріп, өріске мал өргізіп болған соң ғана үйге қайтқанымыз, өрістен мал қайтқан кешкі қарбаласты тамашалағанымыз бар, ауыл адамдарының мінезі бар, «бағажымыз» толып қайтқан, Қуаныш екеуміз екі жақтап, барымызды салған қосымша ғой...

«Жетісуда» жүрген кезде алғашқы кітабым шықты. Проза. Тұсаукесерін керемет қылып ұйымдастырып береміз деп жүрді ағалар. Бірақ, мен кітаптың «сигнальныйы» қолға тие сала Алматыға қашып кеттім. Бас редактор Жақыпжан Нұрғожаев та, орынбасарлар да жұмыста жоқ еді, арызымды жазып, қалдырдым да тайып тұрдым. Қоштасар сәтте Ришад Тұрғанбайұлы құшақтап: «Енді Нобель сыйлығын ал, жолың болсын!» деді. Оның мәнісі «мен енді бірыңғай әдебиетпен айналысам, проза жазам, журналистикадан кетем» дегем. Әдебиетпен айналысуға мүмкіндік болды, бірақ, проза әзірге тоқырап тұр. Ал, журналистикадан кете алмадым. Мейлі ғой, адамның дегені кейде болады, кейде болмайды, әйтеуір, «Жетісуда» бір қауым тілеулес ел бар екенін білем. Тек, облыс бөлінді, енді бұл газетті біздің ауыл оқи ма, оқымай ма, осы жазғаным оларға жете ме, жетпей ме, білмеймін...

Алмас НҰСІП,
«Жас Алаш»
газетінің бас редакторы

✓ «JETISÝ» АҚПАРАТ

ЖОБАЛАРЫ ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындағы Г. Титов атындағы орта мектептің қос бірдей оқушысы ғылыми жобаларға арналған «Дарын» республикалық байқауында жүлдеге ие болды.

Аталған білім ұясының 10-сынып оқушылары Ерасыл Ерланұлы мен Елдар Ержанұлы 9-11-сынып оқушыларына арналған «Дарын» республикалық ғылыми жоба байқауында жаратылыстану-математика бағыты бойынша сынға түскен. Олар аудандық, облыстық жарыста қара үзіп шығып, республикалық сайысқа қатысуға мүмкіндік алған. Жақында өткен республикалық кезеңде III орын алып, облыс абыройын бір көтеріп тастады. Екі оқушының жетекшісі – Күлтай Асылбек. Ұстаз екі бірдей шәкіртінің биік белесті бағындыруы үлкен еңбек пен терең ізденістің нәтижесі дейді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Жасанды интеллект. Артықшылық па, кемшілік пе?

ТЕХНОЛОГИЯ

Жасанды интеллекттің адам өмірі үшін пайдасы:
– Мәліметтерді тез арада алу;
– Жаңа және инновациялық жұмыс орындар;
– Қатемен жұмыс;
– Медицинада жетістікке жетуге әрі дерттерді жоюға көмектеседі.

Жасанды интеллекттің теріс ықпалы:
– Жұмыс орындарының азаюы;
– Қымбат техника;
– Шығармашылық өнердің болмауы;
– Эмоцияның түбегейлі жойылуы.

Жасанды интеллекттің адамдарға қарағанда артықшылығы мен кемшілігі қандай? Бұл сұраққа әр адам әртүрлі жауап беруі мүмкін. Жасанды интеллектінің оң және теріс жағы бар. Сондықтан да пайдасы мен зияны жөнінде, артықшылығы мен қаупі турасында пікір көп. Жасанды интеллекттің артықшылығы – адамның қателесуінен сақтайды, тәуекелді жояды. Жасанды интеллектті енгізудегі артықшылық – адам қателіктерін, сондай-ақ, адам үшін қауіпті азайтады.

Қателік жасанды интеллектте де, адамда да болады. Әсіресе, қиын тапсырмаларды орындау үшін жасанды интеллектті пайдалану – адам қателіктеріне жол бермейді. Жасанды интеллектті адамдардың орнына қауіпті жерлерге жіберуге ыңғайлы. Мәселен, радиациясы жоғары жерлерден роботтар арқылы ақпарат алса болады. Егер роботтың сынуына әкелетін қателік орын алса, роботты қайта жасауға мүмкіндік бар.

Назым КӨШКІНБАЙ,
ЖУ-дің студенті

• *Шежіре-керуен*



1920 жылдың 4 қаңтарынан газет «Ұшқын» деп аталды. Бір жыл өтер-өтпесте басылым атауы «Бұқара» болып ауысты. Дәл осы атаумен газеттің 17 саны шықты.

✓ Жыр арқауы – «Jetisý»

Ғасыр-ғұмыр

(Үзінді)

Алдымда газет жатыр – жүз жастағы,
Осында – Жетісудың гүл бақтары.
Осында – бүгінгінің нұрлы аспаны,
Осында – кешегінің жұмбақтары.
«Жетісу» деген аты қандай гажап,
Секілді сиқырлы әннің ырғақ, мәні.

Бұл газет жаратылған арлы мұңнан,
Зар шеккен заманаңың тарлығынан.
Шыңғырған, шыңдалған да, шыныққан да,
Сұрынан саясаттың сан құбылған.
Халықтың қасіретін, қасиетін,
Табады іздегендер мәңгі бұдан.

«Жетісу» жел өтінде не көрмеген,
Еріні қанша кеуіп, кезермеген.
Аштық пен құғын-сүргін, соғыс, сойқан,
Зардабын шеге тұрып кемелденген.
Батыр ұл, ақын ұлдың бесігі бұл –
Даңқы да дараланар сол ерлермен!

Жаршысы ол – ел мен жердің қызығының,
Дәм, түсі ол – Жеті өзеннің тұнығының.
Жаршысы ол – Алатаудың, Іленің де,
Сыншысы ол – тұлпар шығар құлынының!..
Жас кезден жырын емген, нұрын емген,
Мен-дағы «Жетісудың» бір ұлымын!

Әбубәкір ҚАЙРАН,
Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý 105 жыл

Тоқсаныншы жылдардың соңына қарай Талдықорған қаласы, бұл қатарға осы аттас облысты қоссақ та болады, не қиындық көрмеді дейсіз?! Сондай қиындықтар қосарлана келе, өкінішке қарай, қаншама жылдардан бері тоқтаусыз шығып келе жатқан облыстық «Жеруйық» газетін де жауып тынған болатын.

ҚҰТ МЕКЕНДІ ҚИМАДЫҚ

Бір ай емес, бірнеше жыл бойы газетсіз қалған жерұйық өлкенің тұрғындары «Жетісу» газеті көшіп келгенде қалай қуанғандары есімде. Салқар көш шаһарға ат басын тірегенде «Қоныстарың баянды болсын!», «Ұзағынан сүйіндірсін!» дегендей ақ тілектер тоқтаусыз ағылып еді.

Сірә, сол тілектер періштенің құлағына шалынған болуы керек, Жетісудың өзегі саналатын Талдықорған аймағы басылым үшін құт мекенге айналды. Газет журналистері тұралап қалған аймақ экономикасына қан жүгіртken жаппай құрылыстың барысы мен өңір тіршілігін жандандырған басқа да жарқын жаңалықтарды күн құрғатпай жазып, қалың оқырманына сүйіншілеумен болды.

Қос басылым («Жетісу» мен «Огни Алатау») тілшілерінің Алматыда шешімін таба қоймаған тұрғын үй проблемалары сол кездегі Талдықорғанда толықтай шешілді деуге болады. «Үй болмай күй болмайды» деген ақиқатты құлақтарына құйып өссе де жайшылықта «жантақ жеп жүрген» журналистердің бірқатары жаңа салынған, енді бірқатары күрделі жөндеуден өтіп, су жаңа қалыпқа келген жайлы пәтерлер алып, көңілдерін демдеді.

Жаңа қоныс, жайлы мекенде «Жетісудың» таралымы рекордтық деңгейде шарықтап, сол кездегі облыс әкімі Серік Үмбетовтің тұсында 55 мың данаға жетті. Сол әкімнің тұсында бүгінде «Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйі» деген құрметті атаққа ие болған Баспа үйін салу жайында шешім қабылданып, әлденеше мемлекеттік БАҚ, олардың арасында «Жетісу» мен «Огни Алатау» да бар, жайлы баспанаға ие болды.

Материалдық қолдау шығармашылық шабыттың шарықтауына себеп болып, сол жылдары «Жетісу» Қазақстан Журналистика академиясының Алтын Жұлдызына, облыстық басылымдар арасында тұңғыш рет республикалық «Үркер» сыйлығына қол жеткізді.

Бұл орайдағы жақсылықтар тізбегі «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінің 100 жылдық тойы өтіп жатқан кезеңде де жалғасып, мерейтой аясында әлденеше тілшіге пәтер кілті табысталды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, Жетісудың жауһар қаласы қос газеттің ұжымы үшін де жайлы қоныс, құт мекенге айналды. Осындай құт мекенге біржола тұрақтаған «Жетісу» Алматы облысының «Алатау арайы» газетіне өз ортасынан отау тігіп, бөлек шығарды. Бір ғасыр бойы «Жетісумен» жұбы жазылмай келе жатқан «Огни Алатау» газеті болса, айдынды көл жағасындағы Қонаев қаласына қоныс аударып, жерұйық өлке Талдықорғанда «Вестник Жетісу» деп аталатын жаңа басылым шаңырақ көтерді.

Иә, түптеп келгенде «Алатау арайының» ұжымы «Жетісу» газетінің журналистеріне сыйлы әріптес қана емес, кеше ғана бір ұжымда бірге қызмет атқарысқан қимас дос, сыйлас құрбы, бауыр да болып келеді. «Алатау арайының» бас редакторы ақын Кәдірбек Құнпияұлы досым айтқандай, қос басылымның тарихы ортақ, тамыры бір, торқалы тойлары да ортақ қашанда. Ендеше тойымыз дәйім тойға ұласа берсін, ағайын!

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

✓ АҚЖАРМА

– Алакөл атырабы қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұрттың өзегін талдырған емес. Өнеркәсібі өркендеген, ауыл мен мал шаруашылығы дамыған Алакөлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі аурудың емі, балығының өзі республикаға танымал.


Орны бөлек басылым

Кейінгі жылдары өңірде жаңа өндіріс орындары іске қосылып, шаруа қожалықтарының саны арта түскен. Тұрғындардың тұрмысы түзеліп, жағдайы жақсарды. Осы жайлы облыстың бас басылымы – «Jetisý» газетінде жиі жазылып жатқаны қуантады.

Ал «Jetisý» газетіне келетін болсақ, аталған басылымды аудан жұртшылығы қызыға оқып келе жатыр десем, артық айтқандық емес. Тіпті, көптеген жерлесіміз «Jetisý» газетінде еңбек етіп, өркендеп, өсуіне үлес қосты. Бұл басылымның орны бөлек, тарихы терең, бағыты айқын. Газет тек мемлекеттік саясатты, облыста атқарылып жатқан бастамаларды, ел өркениетіндегі жетістіктерді ғана жазып қоймай, сан тақырыпты қаузайды. Оның ішінде ұлттық құндылық пен жастар тәрбиесіне қатысты жазылған мақалаларды аудан тұрғындары қызыға оқиды. Облыс бөлініп жатқан тұста баспасөз қызметіне де салмақты жүк түскені анық. Оқырман осы бір тарихи оқиғаларды да «Jetisý» газеті арқылы біліп отырды. Алдағы уақытта да оқырманының санын арттырып, баспасөзді қолдауға қашанда дайынбыз әрі 105 жасқа келген ата басылымның ғұмырлы болуына тілектеспіз.

Алмас ӘБДІНОВ,
Алакөл ауданының әкімі

• Шежіре-керуен



2.1918 жылдың 12 желтоқсанынан бастап газеттің атауы «Көмек» болып өзгертілді. Бұл кезде басылым аптасына екі рет шығып, 1500 данамен тегін таратылды.

«Көмек» сөзінің астында «саяси және қоғамдық мұсылман-түрік бұқараларының газеті» деген сөйлем бар. Бұл газеттің бағыты мен бағдарын айқындайтын көрсеткіш.

✓ Жыр арқауы – «Jetisý»

ЖЕР ЖАННАТЫНЫҢ МАНДАТЫ

(Үзінді)

«Жетісу» бұл – мәуелі ағаш киелі,
Айдың нұры, күннің көзі сүйеді.
Жерұйықта тамыр тартып тереңнен,
Шапағаттан жаратылған сүйегі.

Қара ормандай оқырманның тұмары,
Парақтамай тарқамайтын құмары.
Жықпыл-жықпыл өткелектен өткізген,
Таразылап тарғыл тарих сынағы.

Кең өлкенің жезкиігі секілді,
Алай-түлей кезеңдермен жетілді.
Арпалысқан, жанталасқан заманда,
Сұмдықтарды көзі көрді не түрлі.

...Бәрі, бәрі қаттаулы бет ішінде,
Көз тартады періштелі пішінде.
Кенересі ғасыр асқан «Жетісу»
Бәз-баяғы буырқанған күшінде.

Орысбай ӘБДІЛДӘҰЛЫ

✓ ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Бір күні жұмыс бабымен іздеп келген көксулық азамат «Шаған тауындағы қасиетті бұлақтың басында тасқа түскен табан ізі бар екенін айтып қалды. Соны көруге аңсарым ауып жүргенде «Shagan Fest» фестиваліне шақырту келді. Қуана қабыл алдық. «Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі біте ме?» деп Махамбет бабамыз айтқандай, көппен бірге осы сапарға аттанып кеттік.

Қажет АНДАС



ШАҒАН ШЫҢЫ ШАҚЫРДЫ

Алматы қаласы, Алматы мен Жетісу облыстарының жер-жерінен келген тауға жүріп жаттыққан спортшысы, фестивальге қызығушылық танытқан жастар бірлестіктерінің өкілдері, кабинеттен шықпайтын балтыр еті піспеген біз сияқты ақ жағалылар бар, 200-ден аса адам бірнеше автобусқа бөлініп мініп, Талдықорған қаласынан таңғы 7-де Шаған тауына қарай жолға шықтық. Алғашқы тоқтаған жеріміз Көксу ауданы, Ақтекше ауылының маңы болды. Ұйымдастырушылар мұнда киіз үй тігіп, шатыр құрып, плакаттарын іліп, шараның шырайлы болатынын көрсетіп қойыпты. Осы жерде біраз дамылдап, сапардың мақсаты мен маңызын түсіндірген кездесуден соң көпшілік Шаған тауының шыңына қарай жолға шықты.

Ұйымдастырушылардың талабы бойынша, көпшілік Шаған тауының шыңына дейінгі 2551 метр биіктікті бағындыру керек және шың басына жаяу көтерілетіндіктен жеке қауіпсіздігіне өздері жауапты болады. Сондай-ақ, сапар басталған жер мен шың басының дәл ортасында сусын ішіп, демалып аттанатын арнайы дайындалған орын және күтіп алушылар бар екені ескертілді. Өрт сөндіру, «Жедел жәрдем» және полиция көлігі оқыс оқиға орын алса немесе 7 жастан 70 жасқа дейінгі фестивальге қатысушылардың денсаулығы сыр берсе, дәл кезінде көмектесуге сақадай-сай тұрды.

Басында топпен бірге топырлап жүре жөнелгенімізбен 1-2 шақырымды артқа тастағанда өкпеміз бен балтырымыз сыр бере бастады. Кәнігі тауға шығушылар көз ұшына ұзап кетті де, біз сияқты жолдан қосылғандар жиі-жиі тоқтап, арт жағымызға жалтақтап қарай бердік. Бірақ «Ерді намыс өлтіреді» деген бар ғой. Көптен бөлініп, артқа қайтып кетуге тағы да жігіттігіміз жібермеді.

«Мың шақырымдық жорыққа, бір шақырымдық сапарға аттансаң да бес қаруың сай болсын» делінсе де, бұл жолғы сапарға дайындықсыз шыққаным сезіле бастады. Тау басына күре жолмен тартқандықтан бұта-бүргенге көп талана қойған жоқпыз. Қысқа жең жейде, шолақ шалбар, басымызға баскиім де кимегендіктен аптап ыстық ашық денемізді әбден аймалады. «Қап, тұра тұр, осыдан қалаға бара сала тауға шығуға арналған киім-кешек, құрал-жабдықтарды сатып алмасам», – деп өзімді-өзім қайрап қоямын. Бірақ жол бойында туризм индустриясын өркендетумен қосымша айналысып жүрген қазақтың қыз-жігіттерімен танысып қалдым. Соның өзі де үлкен олжа болды деп түйдім. Соның бірі – Алматы қаласындағы №57 жалпы білім беретін мектептің физика пәнінің мұғалімі, Алатау тауларына барушыларға гид (экскурсия) қызметін көрсететін Жасұлан Жұмахан:

– Туризм индустриясы жекелеген мүдде үшін емес, өлкеміздің көрікті жерлерін халық арасында насихаттау, шетелдік туристердің елімізге деген қызығушылығын арттыру мақсатына қызмет етуі керек. Осыған байланысты туризм саласындағы гидтердің атқаратын қызметі ерекше. Олар еліміздің тарихи және мәдени мұрасын, жергілікті жердің ерекшелігін, ұлттық ғұрып пен дәстүрін түсіндіріп, таныстыру мақсатында қызмет атқарады. Туристердің қауіпсіздіктері мен амандықтары үшін де баса жауапкершілік алады, – дейді. Әңгіме арасында атқарған жұмысын инстаграмдағы pohody_kz парақшам арқылы білуге болатынын қосты.

– Осыған дейін Жасұлан Мұратханұлының бастауымен Алатау тауларындағы Мәншүк Мәметова өзені, Мыңжылқы бөгеті, «Терра» жазығы, Үлкен Алматы шыңы, Үлкен Алматы көлі (Жосалы көлі), «Қайрақ», «Бұтақты сарқырамасы, Қара сарқырамасы, Богданович мұздығы, Титов шыңы, Фурманов шыңы, Букреев шыңы, Көкжайлау, Құмбел шыңы, Көне жапон жолы және тағы да басқа көрікті жерлерді көріп қайттық, – дейді тағы бір жолсерігіміз, Алматы қаласындағы №38 М. Ломоносов атындағы Қазақ-Ресей мектеп-гимназиясының физика пәнінің мұғалімі Нұрила Үсенқызы.

Қазақ жастарының осындай жалынды істерін естіген сайын жігерім таси түсті. Десе де аузым кеберсіп шөлдеп, сүйенетін таяқ таппай, екі тіземіді кезек ұстап, жиі-жиі демалып, ілбіп жүріп шың басына жеттік, әйтеуір. Бізден бұрын межелі жерге жеткендердің қарасы көп. Олардың қатарынан Жасұлан мен Нұриланы да көріп қалдым. Дегенмен, менен кейін де біраз адам шаршап-шалдығып шыңға жетті. Шың басында күтіп алған ұйымдастырушылар мойнымызға фестивальдің медалін тақты. Талай марапатқа ие болып жүрсек те бұл медальдің құны қымбатқа түсті. Өйткені ол тап-таза маңдай тер, күйген тері, сыздаған бұлшық еттің бодауымен келді.

Шыңға шығып, біраз демалған соң шаршағанымыз басылып, жанжағымызға қарай бастадық. Енді көп естіп жүрген Әулие бастау мен оның маңындағы таңғажайып құбылыстарды да көріп кетуге аңсарым ауа қалды. Әулие бастау өткен ғасырдың 70 жылдары облыс тұрғындарына телевизиялық сигнал тарату үшін орнатылған қондырғының сәл төмен жағында екен. Тауға шыққанша қиналғанымен төмен түсу қиындық тудырмады. Тез жеттім.

«Әулие бастаудың» үш көзі бар екен. Таудың қалың қыртысты жақпарынан шығып жатқан бұлақ суы тым аз болғанымен айналасындағы табиғат таңғалдырды. Бір қызығы, бұл жердегі аршалар жерге жайылып өспей, тік өседі екен. Әлемнің қанша жерін шарлап жүрсем де мұндай таңғажайыпты бірінші рет көруім. Бұлақтан сәл төменіректегі бір шаршы метрдей жалпақ тастың үстінде расында адамның сол аяғының тасқа батып түскен суретін көрдік. Оның анықтығы соншалық, аяқтың бес саусағының табы анық көрінеді. Іздің жанында үш таяқпен шұқығандай ойық бар.

Сол маңды ақтарып жүріп, көптің көзіне түспеген жартас суреттері мен белгілерді кездестіріп қалдым. Жартасқа басылған бұл сурет 1970 жылғы телевизиялық сигнал тарату қондырғысымен тікелей қатысты екені байқалады. Өйткені, бұл суретті сол кездегілер салған. Себебі, суретте көрсетілген белгілер сигнал қондырғысы мен оның айналасындағы жота-жондардың белгісі екені анық. Бұлақ суының құрамын тексерту үшін жарты литр сынама құйып алдым. Реті келсе, алдағы уақытта оның қорытындысын қосымша айтармын.

Таудан төмен түсу аса қиындық тудырған жоқ. Жеңіл болды дей де алмаймын. Қазақтың туризм индустриясын өркендетемін деп еңбектеніп жүрген Жасұлан және қазақтың қаршадай қайсар қызы Нұриламен мәдениет, өнер, туризм саласындағы түрлі тақырыпта әңгімелесе жүріп, межелі жерге қалай жеткенімізді білмей қалдық.

Қоштасарда Жасұлан:

– Аға, енді күнделікті жүгіріп, реті келсе тауға шығып тұруды әдетке айналдырыңыз, – деген інілік тілегін айтты.

Бұл тілекті орындай аламын ба? Оны алдағы уақыт көрсетеді. Бірақ, балаларды осындай әдетке тәрбиелеу керегін түсіндім.

Ақтекше ауылы,
Көксу ауданы

ALAMAN

«Jetisýdyń» sport alańy

«Аламан» мүйісін жүргізген Серік ҚАНТАЙ

✓СПАРТАКИАДА

Талдықорғандағы «Жастар» саябағында жергілікті атқарушы органдар арасында болатын республикалық спартакиаданың ашылу салтанаты өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Бекболат Байжанов қатысты.



Суретті түсірген Рустам ҚАДЫРОВ

Кәсіби мереке құрметіне

– Бұл жарыс Жетісу жерінде алғаш рет өтіп отыр. Мемлекеттік қызметшілер үшін дене тәрбиесінің маңызы зор. Өйткені халыққа қызмет ету үшін қызметкердің жаны да, тәні де сау, бойы сергек болуы тиіс. Бұқаралық спортқа деген қолдау облысымызда жақсы. Сондықтан да спортты серік еткендер көп. Ал бүгінгі жарыстың жөні бөлек. Барша қатысушыларға сәттілік тілеймін , – деді өз сөзінде Рустам Әли.

Спартакиадаға еліміздің барлық өңірінен мыңға жуық спортшы келді. Олар 7 спорт түрі бойынша (шағын футбол, волейбол, қазақ күресі, үстел теннисі, жүзу, тоғызқұмалақ пен бильярд) сынға түседі. Жарыс бір аптаға созылады. Бұл жарыс 2011 жылдан бері тұрақты өтіп келе жатыр. Еске сала кетейік, былтыр спартакиада Петропавл қаласында өтті. Жалпы есепте Батыс Қазақстан облысының командасы топ жарған. Ал Ақтөбе мен Павлодар үздік үштікті түйіндеген.

– Барша мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби мерекесімен құттықтай отырып осындай үлкен мереке ұйымдастырып жатқандарға алғысымызды білдіреміз. Мемлекеттік қызметкер жан-жақты әрі көпшілікке үлгі болуы керек. Ал спорттық сайыстар арқылы мінез қалыптасып, денсаулық нығайып, рух оянады. Спартакиадаға қатысушыларға сәттілік тілеймін, шын мықтылар жеңіс тұғырына көтерілсін, – деді Бекболат Байжанов.

Ашылу салтанатының соңы концерттік нөмірге ұласты.

Қали АСҚАР

✓ЗДОРОВЬЕ

СПИД – есть!

Узнайте, как сделать так, чтобы его не было!

Доконтактная профилактика



Несмотря на меры, принимаемые государственными структурами, неправительственными и международными организациями, в Республике Казахстан продолжается рост случаев ВИЧ-инфекции, число которых за период с 2010 г. по 2023 г. увеличилось в 3,5 раза, преимущественно за счет ключевых групп населения – уязвимых по отношению к ВИЧ-инфекции: т.е среди лиц, употребляющих инъекционные наркотики и их половых партнеров, женщин, оказывающих коммерческие услуги мужчинам, мужчин, имеющих половые связи с мужчинами, трансгендеров и их близкого окружения.

Для противодействия эпидемии ВИЧ-инфекции при центрах ВИЧ работают Дружественные кабинеты. Вся работа которых направлена на профилактику заражения ВИЧ инфекцией.

Доконтактная профилактика (ДКП) – это чрезвычайно эффективный способ предотвращения передачи ВИЧ-инфекции при условии его регулярного применения. Как правило, ДКП заключается в ежедневном пероральном приеме препаратов в форме таблеток.

ДКП рекомендуется людям, не зараженным ВИЧ инфекцией, но попадающим в зону высокого риска заражения. Это мужчины имеющие половые отношения с мужчинами, трансгендерные лица, женщины, оказывающие коммерческие услуги мужчинам, пары, у которых ВИЧ-инфицированный партнер.

Те, кто решил начать **ДКП,** должны иметь отрицательный ВИЧ-статус и каждые три месяца заново проходить тестирование. Побочные эффекты от ДКП обычно носят умеренный и кратковременный характер. Риск развития устойчивости к препаратам ДКП крайне невелик, если перед началом лечения пациент имеет подтвержденный отрицательный ВИЧ-статус.

В последние годы **ДКП** получает все большее распространение. ДКП дополняет набор хорошо зарекомендовавших и уже используемых методов профилактики и должна использоваться в сочетании с ними, например, с мужскими и женскими презервативами, добровольным медицинским мужским обрезанием.

ДКП имеет целый ряд преимуществ – как психологических, так и физических – и может способствовать снижению уровня тревожности и чувства изоляции у людей, которые не могут контролировать степень риска заражения ВИЧ.

ДКП дает таким людям больше независимости в плане половых отношений, помимо прочего снижая уровень риска.

ДКП может способствовать улучшению общения и укреплению близости с партнером, снижению опасений по поводу насилия со стороны интимного партнера, повышению самооценки и большей заинтересованности во всех аспектах здоровья.

В любом случае получаем положительные результаты как для отдельно взятого человека, так и для профилактики ВИЧ в целом.

ДКП не является обязательной для всех и не предназначена для постоянного применения. После ДКП, как правило, проводится регулярный анализ более общих показателей здоровья, включая диагностику и лечение заболеваний, передающихся половым путем, и, при необходимости, обсуждение подходящей стратегии комплексной профилактики ВИЧ и контрацепции.

Если вы привержены к получению ДКП обращайтесь по адресу: г. Талдыкорган, ул. Медеу, 3. Телефоны: 87776806804, 87715835881.

Людмила БРОННИКОВА,
врач дерматовенеролог
ГКП на ПХВ «Областной центр по профилактике ВИЧ-инфекции» ГУ «Управление здравоохранения области Жетісу»

✓«JETISÝ» ГАЗЕТІ – 105

Басылым жігіттері топ жарды

Ғасырдан астам сүрлеу түзген «Jetisý» газетінің жарыққа шыққанына биыл 105 жыл. Осынау қуанышқа орай ата басылым мен облыста жаңа құрылған «Вестник Жетісу» газетінің басын біріктірген «Жетісу Медиа» МКК ұйымдастыруымен БАҚ өкілдері арасында аймақтық турнир өтті.



Алғаш Алаш арыстарының асыл арманы, мұрадым-мұратымен құрылған, ұлт зиялыларының терсіңді еңбек, тегеурінді екпіні нәтижесінде газет болып оқырманға тараған «Jetisý»-дың 105 жылдығына орай өткен дүбірлі дода «Жастар» спорт кешенінде өрнек тапты.

Аладоп бәсекесінің ашылу салтанатында сөз алған аталмыш басылымның бас редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері, ақын Жұматай Оспанұлы газет тарихына қысқаша тоқталды. Ғасыр бойы түрлі атаумен шығып келген басылымның басты мақсаты елге, ұлт руханиятына қызмет ету екенін айшықтап, газет 1963 жылдан бері «Jetisý» атауына ие болғанын, оған да 60 жыл уақыт өткенін айшықтады. Шара барысында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Башбаев лебіз білдіріп, жарысқа сәттілік тіледі.

Өңірдегі журналистердің басын қосқан доп додасына «Jetisý» газеті, «Жетісу» радиосы, «Жетісу» телеарнасы, қоғамдық даму басқармасы командалары қатысты. Бір-бірімен кезекпенкезек кездескен 4 команда өзара мықтыны анықтады.

Дода барысында қарсыластарынан оқ бойы озық тұрған әрі ұпай бермеген ата басылым ұжымы 1-орын иегері атанды. 2-орынды «Жетісу» радиосы, 3-орынды «Қоғамдық даму басқармасы» командасы еншіледі.

Облыстық деген атауы болмаса республикалық дәрежеде сыйлық тағайындалған дода тартысқа толы болды. Әрбір журналист қанатын жазып өнер көрсетті. Жарысқа қатысқан 4 команда да жүлдеден қалыс қалмады.

Сондай-ақ, «үздік қақпашы», «үздік ойыншы», «үздік ардагер ойыншы», «үздік шабуылшы», «үздік қорғаушы» сынды жекелей аталым бойынша да дара деп танылған аяқдопшылар марапатқа ие болды.

АРДА БИ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Достык Темир Логистик» ЖШС (келесіде – Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларды Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бәсекелес кірмежол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірмежолды беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша Серіктестіктің 2023 жылдың 1-ші жартыжылдық қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті тыңдауға шақырады.

Қызмет көрсету орны: Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Достық стансысы.

Тыңдау өтетін күні мен орны: 2023 жылдың 26 шілде күні сағат 11.00-де, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13К 1В, 3-қабат, 302-кеңсе. Zoom арқылы онлайн конференция өткізу бойынша қосымша ақпарат Серіктестіктің https//:dtl.com.kz жеке интернет-ресурсында орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8 (777) 955-53-90, 8 (701) 933-71-26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Достык Темир Логистик» (далее – Товарищество) приглашает всех заинтересованных лиц на слушание отчета по итогам деятельности за 1-ое полугодие 2023 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы Товарищества по оказанию регулируемой услуги предоставления подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути перед потребителями и иными заинтересованными лицами.

Место предоставления услуги: область Жетісу, Алакольский район, станция Достык.

Дата и место проведения слушания: 26 июля 2023 года, в 11.00 часов, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 13К 1В, 3 этаж, офис 302. Дополнительная информация по проведению онлайн конференции посредством Zoom будет размещена на собственном интернет ресурсе Товарищества https://dtl.com.kz.

Телефоны для справок: 8 (777) 955-53-90, 8 (701) 933-71-26.

✓ВЕЛОСПОРТ

Жетісулықтар – жүлдегер

Талдықорғанда тас жолдағы велоспорттан ҚР VI Жазғы спартакиадасы өтіп жатыр. Жарыстың бірінші күнінде ерлер мен әйелдер арасындағы 2х15 шақырымға аралас командалық эстафета өтсе, екінші күні ерлер 30 шақырым, әйелдер 25 шақырым қашықтықта сынға түсті.

Аралас командалық жарыста мәре сызығын Солтүстік Қазақстан облысының құрамасы (ерлер – Глеб Брусенский, Даниил Пронский, Николя Винокуров, әйелдер - Махаббат Үмітжанова, Полина Братчикова, Надежда Морозова) бірінші болып кесті (0:38:40). Екінші орынды Жетісу облысы (ерлер – Антон Кузьмин, Игорь Чжан, Өркен Сламжанов, әйелдер – Фаина Потапова, Акпейіл өсім, Виолетта Казакова) иеленді (0:39:09). Үздік үштікті Алматы қаласының командасы (ерлер – Сергей Лущенко, Лев Порошенко, Батырхан Алик, әйелдер – Виктория Колесникова, Елизавета Достовалова, Дильназ Рузукулова) түйіндеді (0:41:38).

Ерлер арасында 30 шақырым болатын жекелей жарыста Солтүстік Қазақстан облысының намысын қорғайтын Алексей Луценко жеңімпаз атанды. Ұлттық құрама көшбасшысы бұл қашықтықты 34 минут, 34 секундта өтті. Екінші орынды Павлодар облысының өкілі Дмитрий Груздев иеленді (0:35:58). Ол жеңімпаздан 1 минут, 24 секундқа қалып қойды. Үздік үштікті Жетісу облысының шабандозы Антон Кузьмин түйіндеді (0:36:09). Ал әйелдер арасында 25 шақырым қашықтықта сынға түсіп, 36 минут 3 секунд уақыт көрсеткен Махаббат Үмітжановаға (СҚО) тең келер ешкім болмады. Күміс және қола жүлдені Жетісу облысының спортшылары Виолетта Казакова (0:37:11) мен Ақпейіл Өсім (0:37:21) алды.

Жарысқа 12 аймақтың спортшылары қатысып жатыр. Спартакиада аясында тас жолдағы велоспорттан андерлер, жасөспірімдер және паралимпиадашылар арасында Қазақстан чемпионаты өтеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

ЕСІРТКІГЕ ЕС АЛДЫРМАҢЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуге тиіс», – деген еді. Яғни, қоғамға есірткі қаупі төніп тұр.

Есірткілік заттарға анықтама бергенде «психобелсенді заттар» деген түсінікті білуіміз керек. Адамның орталық жүйке-жүйесін басқарып, эйфория шақырып, психикалық және физикалық тәуелділікті тудыратын еліктіргішті психобелсенді заттар деп атайды. Сонымен қатар, есірткінің үш критерийі бар. Бірінші – медициналық. Яғни, есірткілік зат орталық жүйке-жүйеге әсер етеді. Седативтік – ұйқы шақыратын әсер. Галлюциногендік – белгілі бір анализатордың психотикалық бұзылысы. Есту галлюцинациясы – ол естудің психотикалық өзгеруі. Көру галлюцинациясы дегеніміз – көру анализаторының қалыпты жағдайдан шығуы. Висцеральді галлюцинация – адамның ішкі құрылысында бөгде тірі зат бар деп ойлау. Осылайша адам өз ағзасын түсіне алмайды. Кейде адам өзінің асқазанының ішіне «тірі жануарлар кіріп кетті» деп сезіктенеді. Есірткі заттарын қолдану кезінде осындай галлюцинациялық бұзылыстар орын алады. Есірткілік заттардың екінші критерийіне әлеуметтік қауіпқатерді жатқызамыз. Яғни, есірткі заттарын қолдану мемлекеттің негізгі байлығы – адам ресурсына қауіп-қатер төндіреді. Есірткінің бірнеше түрі бар. Синтетикалық есірткі әртүрлі психобелсенді заттардың қоспасынан жасалады.

Синтетикалық есірткілік заттар неге көп деп ойлайсыз? Себебі, адам оны қолдан жасаған соң тезірек сату үшін ерекше көзге түсетін қорапшаларға салады. Жастарға тартымды форматта жасалады. Синтетикалық есірткі қолдан дайындалғаннан кейін құрамында табиғи есірткі болуы мүмкін. Әсері табиғи есірткіден бірнеше есе күшті. Синтетикалық есірткілерді дизайнерлік есірткі деп те атайды. Өйткені, есірткінің қоспасы өзгертіліп, көзге түсетін дизайнмен әзірленеді.

Синтетикалық есірткілердің кең тараған түрлеріне «ванна тұздары», «мефедрон»(ауызекі тілде «меф»), «спайс» деген түрлері жатады. Олар ақ түсті кристалл немесе ақ ұнтақ болады. Ваннаны тазартатын ұнтаққа ұқсауы да мүмкін. Аталған синтетикалық есірткіні мұрын арқылы ішке тарту, темекі түрінде шегу, суға езіп, бұлшық етке инъекция түрінде егеді. Аталған синтетикалық ерітінділердің ең басты қаупі – бір рет қолданғаннан кейін-ақ тәуелділік пайда болады. Психикалық тәуелділік – есірткі жайлы ойлау. Мида «ләззәт орталығы» немесе «есте ұстап қалу орталығы» деген орталық бар. Мидағы «ләззат орталығы» рахат сәтті қабылдап алады да ақпараттық код ретінде сақтап алады. Одан кейін ләззат орталығы сол сигналды іздеп тұрады. Келесі жолы дәл сондай рахаттану сезімін сезіну үшін бұрынғыдан көбірек дозаны қабылдауға тура келеді. Адам есірткіні қабылдау жөнінде ойлай бастайды.


Миыңыздағы өзгерістер ойлауыңызға, мінез-құлқыңызды басқаруға немесе эмоционалды теңгерімді сезінуіңізге кедергі келтіреді. Есірткіге тәуелділік адами қасиеттерді төмендетеді.

Адамның барлық мақсаты мен ойы есірткі қабылдауға бағытталады. Одан басқа ешнәрсені ойлағысы келмейді. Физикалық тәуелділік дегеніміз – есірткіні қолдануды тоқтатқаннан кейін пайда болатын ауырсыну белгілері. Есірткіні қабылдауды дереу тоқтатқаннан кейін дірілдеу, тырысу, аяқ қолдың тартылуы, үрейлену, галлюцинация, сандырақтау пайда болады. Осындай белгілердің жиынтығын абстинентті синдром деп атайды. Ол есірткіні қолданып жүріп дереу тоқтатқан кезде болатын соматикалық, неврологиялық және психикалық бұзылыстар. Емдеу мекемелерінде физикалық тәуелділіктен арылуға болатын болса, ал психикалық тәуелділік өмір бойына қалып қояды. Есірткіге тәуелділіктің келесі белгісі – тұлғалық төмендеу деп аталады. Тәрбиелі болып өскен бала есірткі қажет еткен кезде әдепсіздік таныта бастайды. Яғни, көпшілік ортада мінез-құлқын бақылаудан шығарып алады. Мамандар көпшілік ортада нашақорды бірден байқайды. Есірткіге әуестену қоғамға қауіпті. Болашаққа балта шабумен тең. Есірткіге әуестенудің салдары да әртүрлі. Сондықтан баланың кіммен араласатыны, немен шұғылданатыны әрқашан бақылауда болуы керек. Есіңізді есірткіге алдырмаңыз!

Еркебұлан МОЛДАХАНОВ,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» МҚК психиатр-нарколог дәрігері

✓ ӨЗЕКТІ

ҚЫЗЫЛТАСТАҒЫ DAY-DAMAЙ





Осымен екінші рет Қызылтас тауына шығуға тура келді. Бірінші рет осыдан 5 жыл бұрын Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен қаланың ерте және бүгінгі тарихын түгендеген үш томдықты құрастыру жұмысы басталғанда барып едік. Сол тұста бастамашыл азаматтармен бірге Қызылтас саяжайындағы қорымдарды аралап, Қызылтас тауындағы жартас суреттерін көріп қайтқанбыз.

Қажет АНДАС

Ол жайлы материал «Тарихымен тамырлас – Талдықорған» атты кітаптың 68-бетінде жергілікті археолог Михаил Антоновтың авторлығымен берілді. Онда Қызылтас петроглифтері мен олар туралы анықтама айтылып, бірқатар жартас суретінің фотосы жарияланған еді.

Бұл жолғы сапардың салмағы ауыр, санаға түсіретін жүгі де өзгеше болды. Қызылтас петроглифтерінің тарихын түгендеу емес, бүлініп, қираған, қоқыс үйіндісінің астында қалған жәдігерлерді көріп күйініп қайтуға тұра келді. Мен ғана емес, осы жолғы сапарға қатысқан Астана, Алматы қаласынан келген газет, портал, сайт журналистері, қоғам белсенділері, жастар ұйымдарының өкілдері мен еріктілер де әрі-сәрі күй кешкені белгілі.

Естеріңізде болса, жақында талдықорғандықтар жиі барып, демалатын Қызылтас тауындағы Талдықорған тасбақасы туралы жанжал туындаған еді. Сол кезде экобелсенділер сол маңнан қиыршықтас өндіріп жатқан «Темірбетон» ЖШС-нің өндіріс аумағындағы петроглифтердің бүлініп жатқанын көріп, дабыл қақты. Соның әсерінен адами әрекеттердің кесірінен бүлініп жатқан тарихи жәдігерлердің мүшкіл халі мемлекеттік мекемелер, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйым өкілдерінің назарын аудартты. «Түн ұзарса түс бұзылады» дегендей, Талдықорған тасбақасы айналасында өрбіген жанжал, міне, осылай бір-екі жетінің ішінде тұтас қоғамды дүр сілкіндірген мәселеге айналды.

Өткен жексенбіде Қызылтас петроглифтеріне ұйымдастырылған кездесуде сан тараптың сөз сайысы тағы да қыза түсті. Қиыршықтас өңдеумен айналысатын «Темірбетон» ЖШС, алып тарихи кешеннің бір бөлігі саналатын жерден өндіріс орнын ашуға рұқсат еткен «Қазархеология» ЖШС өкілдері де өздерінің істеп отырған істерінің заңдылығын дәлелдеп жанталасты. Облыстық тарихи, мәдени мұраларды қорғау орталығының мамандары өз тараптарынан атқарылған жұмыс нәтижесін көпшілік алдында жайып салды.

Жалпы, «Темірбетон» ЖШС-нің аталмыш жанжалдың экономикалық-әлеуметтік тұрғыдағы маңыздылығына баса мән беретіндігін байқадық. Өйткені жұмыс орны жабылса 700-ге жуық талдықорғандық жұмыссыз қалады. Олармен бірге отбасы мүшелері де қиналатыны анық. Ал «Қазархеология» ЖШС 45 жылдан бергі жұмыс нәтижесін алға тартып, өздерінің шешіміне имандай сенетіндігін дәлелдеп әбігер болды. Бірақ ежелгі бабалардың ақыл-парасаты мен тарихы өрнектелген жәдігерлердің бүлінген жағдайын көріп көңілің құлазиды. Беткейдегі жартас суреттерін жалықпай тексеріп шықтық. Өкінішке қарай, 5 жыл бұрынғы өз көзіммен көрген жартас суреттерінің көпшілігін бұл жолы байқай алмадым.

Біз кімдікі дұрыс, кімдікі заңсыз екендігіне қорытынды шығаруға құқымыз жоқ. Ол жайлы тиісті мекемелер алдағы уақытта нақты жауабын айта жатар. Жерлестеріміздің жұмыспен қамтылып, отбасын қысылмай-қымтырылмай асырауына қашанда тілектеспіз. Бірақ, өз тарихын қастерлемеген елдің болашағының да болмайтынын өткен тарихымыз сан мәрте көрсетті. «Осы бір тарихи кешенге жасап жатқан қиянатымыз ертеңгі сорымыз болмаса екен» деп тіледік іштей.

Талдықорған қаласы

✓ МАМАН МІНБЕРІ

Қызылша жұқпасының АЛДЫН АЛАЙЫҚ



● Жұқпалы вирустық кесел саналатын қызылша адамнан адамға ауа арқылы жұғады. Ауру – дене қызуының көтерілуі, жоғары тыныс жолдарының шырышты қабығының қабынуымен сипатталады. Алғашында бөртпе қанық қызыл түсті болып, кейіннен ашық қызыл ірі даққа айналады.

Тамыз айынан бастап облыста қызылша жұқпасын жұқтырғандар саны өсіп келеді. Бүгінде алғашқы нақтамамен 484 жағдай тіркеліп, оның ішінде 350-і расталды. Науқастанғандардың басым көпшілігі 5 жасқа дейінгі балалар. Жұқпаға шалдыққандардың 60%-ы бүлдіршіндер. Бүгінгі күні облыс бойынша расталған жағдайлардың 84%-ын бұрын қызылшаға қарсы екпе алмағандар құрайды. Қызылшаның алдын алудың бірден-бір жолы – вакцина. Аурудың таралуын болдырмау үшін екпе алмаған адамдарды толықтай вакциналау керек. Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға қызылшаға қарсы жоспарлы егу 12-15 айлығында және қайта егу 6 жаста жүргізіледі.

Қызылшамен ауырғандар санының көбеюіне байланысты республика көлемінде 6 қарашадан бастап қосымша иммундау 6 айдан 10 ай 29 күндік балаларға жүргізілуде. Желтоқсан айынан бастап 2 жастан 4 жас 11 ай 29 күндік балалар, бұрын екпесін өткізіп алған 18 жасқа дейінгі ересектерге және медициналық қызметкерлерге жүргізіледі.

Қосымша иммундаумен бүгінгі күні облыста 2974 адам қамтылды. Қызылшаға қарсы иммундау тексеріп, қарап, денсаулық жағдайы бағаланып, дәрігер рұқсат еткен кезде, арнайы кабинетте жүргізіледі. Вакцинаға қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы біріктірілген вакцина қолданылады. Бұл үндістандық препарат «Serum Institute of India Pvt. Ltd», ДДҰ-мен сертификатталған және Қазақстан Республикасында тіркелген. Вакцина өте тиімді, сенімді. Құрамында тірі әлсіздендірілген вирус бар. Қоздырғыш ауру тудыра алмайды, бірақ, ағзаны сенімді иммундайды.

Қоғамға қауіп төндірген жұқпаның көбейіп кетуі адамдардың екпе алмағандығының салдарынан. Егуден бас тартудың себептері әртүрлі. Мысалы, діни наным-сенімге байланысты. Әлеуметтік желідегі жалған ақпараттарға сенгендіктен. Қызылша жұқпасы асқынған кезде қауіп артады. Асқынулардың түрлері кең таралған. Тыныс алу жүйесінің қабынулары жиі кездеседі. Ларингит (көмейдің тарылуы), ортаңғы құлақтың қабынуы (отит), өкпенің қабынуына іріңді инфекцияның қосылуы (пневмония) себеп болуы мүмкін. Ең ауыр асқыну – бұл жүйке жүйесінің асқынулары (панэнцефалит, энцефалит, менингит).

Егер медициналық шектеулер қойылса, егуді денсаулығы жақсарғанда алуға болады. Тұрақты медициналық шектеу болса, адамдар шоғырланған жерге бармай, ауру белгілері бар адамдармен байланысты шектеген дұрыс. Үй-жайларды жиі желдетіп, гигиенаны сақтау қажет. Ауру белгілері пайда болғанда оқшауланып, дәрігерге қаралу керек. Өздігімен емделмей, дәрігер шақыртқан жөн.

Вакцина алғаннан кейін де қызылшамен сырқаттану мүмкін. Бірақ, егілген бала ауырса жұқпа жеңіл түрде өтеді. Мұндайда бөртпелер бірен-саран немесе болмауы да мүмкін. Осындай жағдайларда асқыну қаупі төмен. Себебі, вакцина 95% қорғайды.

Вакцинадан кейін иммунитет түзілуі үшін кем дегенде 2-3 апта уақыт қажет. ДДҰ мәліметі бойынша, қызылшаға қарсы ұжымдық иммунитет қалыптасу үшін халықтың 95%-ы вакцинациялануы қажет.

Осы көрсеткіштерге жеткенде сырқаттанушылық төмендейді. Бұл халықтың белсенділігіне байланысты. Сондықтан медициналық шектеулеріңіз болмаса, белсенділік танытып, егілуге шақырамын.

Асхат ЧАРАПИЕВ,
облыстық санитарлық- эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы

✓ ӨРЛЕУ

Қанат жайып келеді

● Сарқан қаласында орналасқан «AZIA GOLD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дәрілік өсімдікті өңдеп, шикізатты өндірумен, дәнді бұршақты, дәнді майлы дақылдарды өндірумен айналысады.

Сонау еліміз тәуелсіздік алған кезеңде іргетасын бекіткен шаруашылық сол жылдардан бері қанатын кеңге жайып, шарықтап келеді. Дәрілік өсімдік шикізатын сыртқа шығарып, заңнама бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырады. Серіктестік неміс елінің жетекші фармацевтикалық кәсіпорындарымен тәжірибе алмасып, бірлескен жұмыс жүргізуде. Дәрілік шөптер және фармацевтика саласындағы өсімдік шикізатын өндіруде көшбасшы саналады.

Шаруашылық басшысы Алексей Коржиковтың мәлімдеуінше, 55 адамнан құралған ұжым өнімдерін 100 пайыз шетелге шығарады. Негізгі тұтынушылары Германия, Ресей, Түркия, Польша мемлекеттері.

Шаруашылықтың иелігінде дәрілік шөптерді өңдеу жөніндегі өндірістік қоймалары, 4,774 28 гектар алқапты құрайтын жер телімдері, Германия, Беларусь және Ресей мемлекеттерінде шығарылған техникалар, Қарауылтөбе ауылында орналасқан машина-трактор шеберханасы бар.

Жоғарыда айтылған жер учаскелерінде валериан, жүгері, жалбыз, лимон бальзамы, күнбағыс, тары, бидай және түймедақ өсіріледі.

Тәжірибе ретінде қалақай, жолжелкен, күлгін және шалфей өсімдіктерін өсіру қолға алыныпты. Шалфей өсімдігі 1,5 гектар алқапқа тұқымдық материал алу үшін себілген екен. Қарғалы ауылына түймедақ өсімдігі де отырғызылған. 2 жыл бойы фенхель өсімдігін де тәжірибе ретінде отырғызып көрген. Бірақ жерсінбегендіктен дұрыс өнім берген жоқ. Дәрілік өсімдіктерді өсіріп, өңдеп, шет мемлекеттерге өткізіп жүрген шаруашылықтың аудан бюджетінің еселенуіне қосып отырған үлесі зор.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

Медициналық бұйымдар шығарады

● «Медисон-2008» ЖШС медициналық мақсаттағы формалар мен жиһаз, жабдықтар шығарумен айналысады.

Талдықорған қаласында орналасқан компания өзінің қуатты өндірістік базасына ие. Онда 50-ден астам білікті маман жұмыс істейді. Олар әсіресе өнімнің сапалы шығуына ерекше мән береді. Бұл жерде медициналық кереует, арба, диван, үстел, дәрі-дәрмек сақтауға арналған шкаф сияқты медициналық жиһаздың небір түрі бар.

Сондай-ақ, өндірісті одан әрі дамыту үшін компания мемлекеттік қолдауды пайдалана отырып, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы шеңберінде «Нұр Банк» АҚ-дан несие алды. Кәсіпкер үшін несие мөлшерлемесі жылдық 8%-ды құрайды.

Компания жетекшісі Алексей Шайкин алдағы уақытта медициналық мекемелерді техникалық жабдықтауды ғана емес, сонымен бірге медициналық киім тігумен айналысатын қызметкерлердің жұмыс үдерісін оңтайландыруды ойға алуда.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Талдықорған қаласы

✓ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Көрме кешенінде облыс аумағында салынып жатқан нысандарға облыс кәсіпорындары өндіретін кабель-өткізгіш өнімдерін пайдалану мәселесі бойынша кеңес өтті.

Өзіме болсын дегеннің өзегі талмайды

Жетісу облыстық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Дәурен Оңалбаев жүргізіп отырған жиында «Талдықорғанкабель» ЖШС коммерциялық бөлімінің менеджері Олжас Жетпісов, облыстық энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының және Талдықорған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің мамандары баяндама жасады.

Баяндамашылардың айтуынша, бүгінде мемлекеттік сатып алу саласында кез келген объектілерді салуға, жаңғыртуға, жөндеуге арналған тауарларды сатып алудың тәртібі сатып алу нысаны мен сатып алу құрамындағы келісімдер негізінде орындалады.

Онда негізінен мердігерлік немесе делдалдық ұйымдар «жұмыстарды» жеткізуші саналады. Осының себебінен көп жағдайда отандық тауар өндірушілердің мұндай сатып алуларға тікелей қатысуға мүмкіндігі болмай жатады. Атап айтқанда, сатып алулар бюджетінің 60-70 пайызы тауар құнын құрайды.

Облыста «Талдықорғанкабель» ЖШС электр сымдары мен кабельдерін өндіру бойынша республикадағы негізгі өндіріс орнының бірі ретінде зауыт кабель-өткізгіш өнімдерінің 3 мыңға жуық түрін өндіреді. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда тапсырыстардың болмауына байланысты кәсіпорын мүмкіндігін толық іске асыра алмай келеді.

– Талдықорғанда өндірілетін сапалы кабель-өткізгіштер республиканың басқа аймақтарында сұранысқа ие болғанымен облыстағы құрылыс, тағы да басқа нысандарда қолданылмайды, – дейді «Талдықорғанкабель» ЖШС коммерциялық бөлімінің менеджері Олжас Жетпісов.

Бүгінгі таңда облыс аумағында құрылыс жұмысы қарқын алып, Талдықорған қаласында көшелерді жарықтандыру бойынша жобалар іске асырылуда. Одан бөлек, аймақтағы шағын және орта кәсіпкерлік саласының да кабель-өткізгіштерге деген сұранысы мол. Бірақ олар өздеріне керекті дүниені жергілікті кәсіпорыннан емес, басқа жақтан алдырады. «Өзіме болсын дегеннің өзегі талмайды» дегендей, жерлестеріміздің өнімін пайдалану қаражат жағынан да, қарым-қатынас тұрғысынан да тиімді екендігін айтқымыз келеді.

Соңында жиынға қатысқан әр сала өкілдері облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындарының жобаларын іске асыру шеңберінде ынтымақтастықты белсенді дамыту экономикалық әлеуетімізді дамытады деген сеніммен тарады.

Қ. ОМАРАҚЫН

18 shilde

2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№81 (19220)

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓БӘРЕКЕЛДІ!

Алакөл ауданының Ақши ауылында елді елең еткізген кезекті жаңалық тіркелді. Көпшілік жақсы білетіндей, осыдан біраз бұрын облыс әкімінің Панфилов ауданындағы резиденциясы балалардың емдеу-сауықтыру орны ретінде қайта жабдықталған еді. Енді, міне, сол игілікті іс Алакөлде жалғасын тапты. Аудан әкімдігінің Ақши ауылындағы демалыс үйі бұдан былай жеткіншектердің демалып, денсаулығын түзететін демалыс орны ретінде қайта құрылып, жабдықталып, салтанатты түрде ашылды.





Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ

«ЖАНСАЯ»
жаңға сая орталық

«Жансая» күндізгі болу орталығы – оңалту бөлімшесімен» КММ-нің Алакөл ауданы, Ақши ауылындағы «Жансая» жазғы демалыс үйі ресми түрде жұмысқа кірісті.

Демалыс үйінің аумағы кең, барлық қолайлылықтар қарастырылған, жасыл желекке бөленген. Аумағында орналасқан ғимараттың жалпы пайдаланатын алаңы 200,3 шаршы метр. Ғимараттың жобалық қуаты 40 орынға арналған. Жаз айларындағы әр демалыс маусымы 5 күннен тұрады. Жазғы демалыс кезіндегі 5 маусымда 200 бала қамтуды жоспарланған. Демалушыларға жазғы кезеңде 24 штаттық бірлік қызмет көрсетеді. Демалыс орны балаларға арналған жатын төсектер, жеке заттар, киімдер салынатын шкафтар, түрлі жұмсақ жиһаздармен түгел қамтылған. Асхана қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Сыртқы аулаға ойын алаңқайлары мен су бассейні салынған. Сонымен қатар, жазғы кезеңде демалушылардың өмірі және денсаулық қауіпсіздігіне байланысты алғашқы медициналық көмек көрсетуге және өртке қарсы дабыл беру, өрт сөндіруге қажетті құралдарымен қамтылып, бейнебақылау орнатылып, ғимараттарда мүгедектердің жүріп-тұруына қажетті жағдайлар жасалыпты.

Демалыс орнының ашылу салтанатына арнайы келген аудан әкімі Алмас Әбдінов: «Құрметті ата-аналар, қадірменді халайық! Өздеріңіз білетіндей, біздің елде балалар ерекше қамқорлықта. Мемлекет басшысының өзі осы бағыттағы жұмыстарды бақылауға алған. Осы орайда Жетісу облысында жеткіншектерге барлық жағдай қарастырылғанын айта кеткен жөн. Облыс әкімінің қолдауымен үлкен істер атқарылуда. Бейбіт Өксікбайұлы ауданымызға келгенінде көл жағалауында мүгедек балаларға арналған демалыс орнын ашу қажеттігін айтқан еді. Бүгін сол тапсырманың орындалғанына куә болып отырсыздар. «Жансая» оңалту орталығының жаздық демалыс үйі пайдалануға беріліп, алғашқы демалушыларын қабылдады. Сырт көмекке мұқтаж жеткіншектеріміз осында демалып, ем алатын болады. Алдағы кездері де балаларға қамқорлық, қолдау істері жалғасады. Бүгінгі қуанышпен құттықтаймын!» – деді.

Одан кейін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ермек Мизамбаев демалушыларға тілегін арнап, облыста осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сатай Бекболатов ақ батасын беріп, игі істерге ілгерілеу тіледі. Демалып, ем алуға келген балалардың ата-аналары атынан сөз алған Сәлима Төлепбергенова жан жылуына мұқтаж жеткіншектерге жағдай жасап отырған жандарға ата-аналардың алғысын жеткізді.

Айдын көлдің жағасындағы демалыс орнының лентасы қиылып, шашу шашылды. Құрметті қонақтар мен демалушы балалардың ата-аналары ғимаратты, ауланы аралап көріп, жеткіншектерге қажетті жағдайдың бәрі жасалғанына көз жеткізді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ
Алакөл ауданы

● Оқушылар демалысы



Жаз жайнатып, күн күлдіріп

2

● Өнеге мен өсиет



Дәстүр даналығы

4

● Өзекті



Бұралқы ит пен мысықтан қауіп жоқ

4

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

8 747 390 09 90

✓МӘСЕЛЕ

САСЫҚКӨЛ ДАУЫ:
23 мың гектардағы экожүйені қалай сақтаймыз?



«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген ғой. Алакөл ауданында сол көк сиырсыз-ақ дау туындап отыр. Тарқата айтсақ, аудан аумағындағы Сасықкөл атты көлдің маңындағы 10-ға жуық көлшіктің ұлтаны құрғап, тіршілігінің аңқасы кепкен. Сол көлшікті мекендеген құс пен аң қазір басқа жаққа ауыпты. Өйткені қорек жоқ, сол қоректі қамтамасыз етер су жоқ. Табиғат жанашырлары 23 мың гектарға жуық аймақтың экожүйесі мен фаунасы құрдымға кетті деп дабыл қақса, балық шаруашылығы инспекциясының өкілдері Сасықкөлдің суы мен балығы далаға кетіп жатқанын алға тартады. Редакцияға базынасын жеткізгендердің шақыртуымен Алакөл ауданына ат басын бұрып, мән-жайға қанықтық.

Дастанбек САДЫҚ

Соңы 3-бетте

✓ШОПАНДАР ТОЙЫ

АҚТЕКШЕДЕ
жақсы дәстүр жаңғырды



Қажет АНДАС


Шараның ең қызықты тұсы күн арқан бойы көтерілгенде басталды. Жұрттың қуанышын Көксу ауданының әкімі Марлен Көлбаевтың құттықтау сөзі еселеді.

– Қымбатты қонақтар, қадірменді жерлестер, Көксу өңірінде өтіп жатқан шопандар тойына қош келдіңіздер. Ата-бабаларымыз ежелден мал бағудың қыры мен сырын терең меңгеріп, төрт түлікті шөбі шүйгін, суы таза жайлауда өсірген. Жетісу облысы – ауыл шаруашылығына қолайлы, мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы аймақ. Оның осы саладағы бәсі басым. Бүгінгі күнде ауданда 197 түйе, 20 мыңға жуық жылқы, 43 мыңнан аса ірі қара, 170 мыңнан аса қой мен ешкі бар. Оған 175 шаруашылық жұмылдырылған. Осы көрсеткіш арқылы мал шаруашылығы бойынша облысымызда алдыңғы қатарда келеміз. Десе де оны баптап, өсіру сіздердің – шопандардың, фермерлердің, шаруашылық иелерінің еңбегінің арқасында жүзеге асады.

Таң атпастан Шаған тауының етегіне жиналған халықтың қарамы қалың. Бөктерге ақшаңқан киіз үйлер мен шатырлар тігіліп, ыңғайлы жердің біріне сахна орнатылып, қатар-қатар орындық қойылыпты. Алаңқайдың бір жағында аудан кәсіпкерлері келген жұртқа қызмет көрсетсе, аламан бәйгеге шабатын жүйріктері мен су жорғаларын жаратып жүрген шабандоздар мен белдесетін балуандардың сайыстың басталуын асыға күтіп жүргенін байқадық.

Соңы 2-бетте

✓ ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ТАРИХ





ДАЛАСЫ ДАСТАН, ҚОЙНАУЫ ҚАЗЫНА

Даласы дастан, қойнауы қазына Жетісу жері – тарихи құндылыққа бай өлке. Мұнда жылдар бойы жүргізілген қазба және зерттеу жұмыстары нәтижесінде көптеген археологиялық ескерткіш табылды. Ерте темір дәуірінен бастау алатын ежелгі сақ, үйсіндердің қорғандары, обалар, балбал тастар, орта ғасырға тиесілі көне қалалар, тастағы бейнелер мен жазулар, сондай-ақ, қазба жұмыстары кезінде табылған заттар – Жетісуды мекен еткен халықтардың мәдени-тарихи өмірін айқындайды.

Жетісу жерінде ежелден сақтар және олардың мұрагері үйсіндер мекен етіп, өздерінің мәдени өмірін, өркениеті мен дәстүрін көрсетіп кетті. Оған археологиялық қазба жұмыстары мен зерттеулер куә. 1957 жылы көне қорымдар қатарына жататын сақтардың Бесшатыр қорғанына Кемел Ақышевтің экспедициясы жұмыс жүргізді. Қорым Кербұлақ ауданы, Іле өзенінің оң жағалауында, «Алтынемел» табиғи қорығының территориясында орналасқан. Зираттарда патша әулеті мен ақсүйектер жерленген. Мұнда үлкенді-кішілі 31 оба бары анықталды. Зерттеу барысында қазылған 18 орынның үшеуі үлкен, қалғаны орташа және кіші обалар. Үлкен қорғанды шеңбер құрып, айналдыра 45 тас дуал тізіліп тұр. Тақташа тәрізді тастардың бетіне таутеке, қабан, қасқыр және басқа да жануардың суреттері бейнеленген. Сақтар бұл жерде өлілерді еске алып құрбан шалып, әртүрлі діни рәсімдер өткізетін болған. Бұл шеңбер тастар одан бөлек астрономиялық маңызға да ие. Ондағы адамдар тастарға қарап күн мен айдың бағытын анықтап, тіпті, аспанға қарап ауа райын болжаған.

Қорымдағы ең басты ерекшеліктің бірі – ол зираттағы шырша бөренелерден қаланған жерасты өткелдері. Үлкен Бесшатыр қорымы ең ірі құрылымға жатады. Мұнда тас үйінділердің астында жерасты жолдары арқылы жерлеу камераларына баруға болады. Қазба жұмыстары кезінде археологтар қылыш, қанжар, ұштары қоладан жасалған жебелер, темір пышақтар, шаш қыстырғыштар мен алтынмен безендірілген киімдерді тапқан. Алайда, бұл қорымдардың кезінде тоналғаны белгілі болды. Қорған астындағы күрделі құрлыс техникасына қарап сақтардың ағаш өңдеу, үй салу, құрылыс жүргізудің технологиясы мен әдістәсілін білетінін, мәдениет пен өркениеттің озық үлгісін қолданғанын пайымдаймыз. Қорым тек діни-тарихи ескерткіштердің қатарына ғана емес, сонымен қатар, табиғи-мәдени көріністің ерекше түріне жатады. Алыптығы мен күрделілігі жағынан Бесшатыр бүкіл Орталық Азияда теңдесі жоқ. Дәл осы қорымдарға ұқсас Қапал ауылынан 4-7 шақырым қашықтықта шығысқа қарай тасжол бойында бірнеше сақ қорғаны кездеседі. Олар есепке алынғанымен толық зерттелмеген. Дәл Бесшатыр қорымындағы дөңгеленген шеңбер тәрізді тізілген тастар Баянжүрек тауының оңтүстігінде «Қалақай» деген жерде де бар. Бұл шеңбер іші тастармен географиялық дәлдікпен төртке бөлінген. Әрбір бөлінген сызық әлемнің төрт бұрышын көрсетіп тұр. Бүгінге дейін сақталған бұл ескерткіштер мен қорымдар әлі де зерттеуді қажет етеді.

Ең алғаш зерттеліп ғылымға енген «Таңбалы тас» петроглифтері екені белгілі. Ол жерде 5000-нан аса сурет кездессе, Көксу өзенінің оңтүстігіндегі Ешкіөлмес тауында 10 000-дай сурет бар. Ешкіөлмес петроглифтері – әзірше еліміздегі петроглифтердің ең үлкен жинағының бірі. Саны жағынан көп, сызбалары мен сюжеті алуан түрлі, көркемдік жағынан ерекше суреттер кешені. Ең алғаш 1970 жылдардың соңында анықталған. 1982 – 1990 жылдар аралығында археологиялық-экспедициялық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Ал қазіргі уақытта Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының әртүрлі экспедициялары зерттеу жұмысын жалғастыруда. Ешкіөлмес жотасындағы петроглифтердің киелілік маңыздылығына зер салсақ, тастағы суреттерде қола дәуірінен бастап, орта ғасырларға дейінгі ежелгі тұрғындардың діни-мифологиялық дүниетанымының толық бейнесі көрсетілген. Ал Қапалдан шығысқа қарай 25 шақырым жерде орналасқан Баянжүрек тауының беткейі мен күнгей тастарында да әртүрлі формада салынған петроглифтер бар.

Мұндағы суреттерді 1994 жылы ЮНЕСКО-ның «Орталық Азия петроглифтері корпусы» жобасы аясында іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізген қазақтың белгілі археологы Бекен Нұрмұханбетов көрсеткен. 1995-2006 жыл аралығында және 2009 жылдары Зейнолла Самашұлы бір топ археологпен бұл ескерткіштерді суретке түсіріп, зерттеу-анықтау жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде суреттерді салудың техникалық тәсілдері арасында соққы іздерінің ұсақ түрі көбірек кездесетінін, кейбір суреттің салынуында накыштау, қырнау және аралас техника кездесетінін анықтаған. Ондағы суреттердің мазмұны да, сипаты да әртүрлі. Басым бөлігінде салт атты сарбаздар, сондай-ақ, күн басты бейнелер кездеседі. Өте ірі суреттер де, мүлдем шағындары да бар. Аң стиліндегі және басқа да суреттерге қарап құрбандық малды мүшелеу идеясы мен оның түсін сипаттауға деген талпыныс байқалады. Мұнда көп кездесетін бұқа, жабайы таутеке ежелгі адамдардың дүниетанымымен және күнделікті тіршілігіне байланысты алуан түрлі сюжетке арқау болған. Баянжүрек суреттерінің арасында сирек кездесетін, бірақ тарихи құндылығы аса жоғары көне түркі заманының таңбалары, көне түркілердің руникалық жазулары бар. Бұл ескерткіштер ЮНЕСКО-ның мәдениет картасына енген. Қапал өңірінде Баянжүрек тауынан бөлек Көкқия тауының беткейлерінде, Қапал маңында өзен бойларындағы жақпар тастарда кездеседі.

Жетісу өлкесінің сайын даласында кездесетін петроглифтер кешеніне мәдени-хронологиялық мағына дарытып тұрған түрлі археологиялық ескерткіштер куә. Бұған дәлел жоғарыда келтірілген Ешкіөлмес, Баянжүрек петроглифтерінен бөлек Арқарлы, Қарабұлақ, Қаратал, Ыналы, Алакөл өңіріндегі петроглифтер де тұнып тұрған тарих.

Халықаралық сауда жолының тарихы б.з.б. 3-2- мыңжылдықтардан бастау алады. Шығыс Түркістаннан Иран, Мысыр, Қытай мен Сирияға лазурит пен нефрит тасудан басталады. Б.з.б. 138 жылы Қытай императоры У Ди Батыстың беймәлім елдеріне елшілік керуенін жібереді. Ол алғаш рет Қытайдан Орталық Азияға тіке жол тартады. Сапар барысында сауда үшін қолайлы жолдар анықталып, Ұлы Жібек жолының негізін қалады. Ұлы Жібек жолының бір тармағы Жетісу жерін басып, Қазақстанның оңтүстігімен өтіп, Сарайшық қаласына жетеді. Бұл жолдар елдің экономикасы мен сауда-саттығының дамуына үлкен жол ашты. Жол бойында керуен сарайлар, қалалар салынып, батыс пен шығысты байланыстыратын өркениет дамыды. VIII - XIII ғасыр аралығында Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісудың орта ғасырлық отырықшы және қала мәдениетінің дамығандығы туралы жазба деректемелер мен археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде анықталған. Оған – Сарқан ауданындағы Қойлық, Көксу мен Қаратал өзенінің бойынан табылған Дүнгене, Екі Өгіз, Панфилов ауданындағы Ілебалық, сондай-ақ, Алакөл ойпатынан табылған қалалар жатады. Қойлық қаласына келсек, ол XI ғасыр мен XIII ғасырдың басына дейінгі аралықтағы жазбалардан Қаялық атауымен қарлұқ жабғуларының астанасы ретінде белгілі болған. Қала қарахандар қағанатындағы түркі-қарлұқтардың орталығы болды. Тарихта Қойлық қаласы туралы жазбалар қазақ тарихшыларында ғана емес, әлемдік тарихта да айтылған. Франция королі Людовик IX Вильгельм Рубрукты саяхатшы ретінде 1253 жылы Орта Азия елдеріне елшілікке жібереді. Осы кезеңде Вильгельм Рубрук Қойлық қаласына тоқтап, мұнда қонақ ретінде қабылданып, жергілікті халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысады. Ол негізі тарихта будда храмы туралы, сонымен қатар, хамам моншасы жайлы жазып қалдырады. 1998 жылы Дмитрий Воякин мен Карл Байпақов зерттеу жүргізіп, осы жерден жаңа аталған хамам монша мен будда ғибадатханасын, мешіт пен шіркеудің орындарын табады. Бүгінде Мұхамеджан Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінде Қойлық қаласынан табылған жәдігерлер бар. Олардың ішінде айта кететіні – су құбыры, қыш ыдыстар, кірпіш пен қола айна, үлкен хум ыдыстар Қойлық – 3 діннің, сан түрлі мәдениеттің тоғысқан жері болғанын білдіреді. Сондықтан 2013 жылдан бастап, Қойлық Дүниежүзілік тарих және мәдени ескерткіштер тізіміне еніп, ЮНЕСКО қамқорлығына алынды.

Жалпы, ата-бабаларымыздың өмірі, өткен жолы мен тарихы жайлы баяндайтын жәдігерлер аз емес. Қазақстанның ежелгі дәуірдегі және орта ғасырдағы тарихын жаңғыртуда құнды мағлұмат беретін әрі жақсы зерттелген археология ескерткіштері жоқ емес. Алайда, әлі де зерттеуді қажет ететін орындар да жетерлік. Археологиялық ескерткіштер жер астында жасырулы. Сондықтан олар жер қазу жұмыстарында кездейсоқ табылып жатады. Көптеген монета немесе басқа құнды заттар музейлерде сақтаулы. Осының бәрі біздің тарихымыз үшін құнды мағлұматтары бар археологиялық ескерткіштер қатарына жатады.

Қалқаман АБДРАХМАНҰЛЫ,
М. Тынышбайұлы атындағы
тарихи-өлкетану музейінің
бөлім меңгерушісі
Талдықорған қаласы

✓ ЗАМАНДАС



Елге адал қызмет ерлікпен тең. Қашанда қарақан басының қамын ойламай көптің мүддесі үшін жан аямай жұмыс істейтін және сол еңбегін бұлдамайтын адамдарды көпшілік қадір тұтады. Әрине, елге адал қызмет ету жаспен өлшенбейді. Қайта жасаған ісі қоғамның дамуына, елдің бейбіт тіршілік етуіне көмектескен жақсылығымен бағаланады. Міне, осындай ершімді ісімен жұрт сүйіспеншілігіне бөленіп жүргендердің бірі – әр салада қызмет атқарып, майор шеніне ие болған Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы Жанат СЕМБАЕВ.

АНТЫНА АДАЛ АЗАМАТ

Қажет АНДАС

Жанат Мұрашұлы бала кезінен әскери маман болуды армандап ержетті. Оның балабақшадағы, мектептегі түрлі шараларда әскери киіммен түскен суреттері осыны дәлелдейді. Сондай арманшыл Жанат Сембаев 1978 жылы 18-ші желтоқсанда Кербұлақ ауданы, Басши ауылындағы ынтымағы бекем, мейірімі тасыған отбасында дүниеге келді. Балалық шағы ауылдың қарапайым тірлігімен бірге өрілді. Қатарлас балалармен бірге қозы-лақ бағып, тай үйретіп, асық атып ержетті. Бала жасынан еңбекпен ержеткендіктен кейінгі қызмет сатыларында да сол табандылығы, еңбексүйгіштігі, қарапайымдылығы белестен-белеске жетелеп отырды.

Туған ауылындағы Райымбек батыр атындағы орта мектептің бастауыш сыныбының табалдырығын аттағаннан бастап өзін батыр атасы сияқты ержүрек азамат болуға бейімдей бастады. Сондықтан мектеп қабырғасындағы еркін күрес, үстел теннисі, волейбол және футбол секцияларына белсене қатысты. 1995 жылы орта мектепті бітіріп, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің дене тәрбиесі және спорт факультетіне түсіп, оны 1999 жылы бітіріп шықты. Жоғары оқу орнында жүрген кезінде де спорттан қол үзбей, дзюдомен айналысып, жарыстарда топ жарып жүрді. Спорттың осы түрінен алған бірінші разряды бар.

Оқуды бітірген жылы еңбек жолын Талдықорған қаласындағы №19 Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп-гимназиясында дене тәрбие пәнінің мұғалімі болып бастады. Сол жылдың күзінде мерзімді әскери қызметке шақыртылып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып қайтады. Әскерден оралған соң білімін жетілдіру мақсатында 2001 жылы Алматы қаласындағы нарық және құқық академиясының заң факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, «Заңгер» мамандығын алады. Мұнан кейін Талдықорған қаласындағы Дәнеш Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернатына алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып қызметке тұрып, 2002 жылы алғашқы офицерлік лейтенант әскери атағын алады. 2003 жылы Алматы облысы өртке қарсы қызмет департаментінің Талдықорған қалалық өртке қарсы қызмет бөлімінің инспекторы болып жұмысқа тұрды.

– 2008 жылы Алматы облысы өртке қарсы қызмет департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі майор Элдор Райымбеков Астана қаласына ТЖМ-нің баспасөз қызметіне ауысуына байланысты осы қызметті нәтижелі жүргізетін маман қарастыра бастадық. Таңдау облыстық департаменттің нормативтік-техникалық бөліміне жаңадан жұмысқа кірген Жанат Сембаевқа түсті. Алғашқы күннен бастап аптасына бір рет эфирге шығып жүрген ол «01 хабарлайды» бағдарламасын сәтті жалғастырып жүргізіп кетті және кейіннен ол бағдарлама «Құтқару қызметі» болып ауыстырылды. Ал 2009 жылы Жанат «Құтқарушы» газетін қолға алып, айына бір рет шығарып тұрды. Әрине, өртке қарсы қызметтің баспасөз хатшысы үлкен жауапкершілік талап ететін қызмет. Алайда Жанат Мұрашұлы туабітті табандылығы мен ізденгіштігінің арқасында оның үдесінен шыға білді, – дейді ҚР ТЖ министрлігінің құрметті ардагері, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полковник Дәурен Данаев.

Көзіқарақты көрермен өз уақытында облыстық «Жетісу» телеарнасынан аптасына бір рет шығатын «Құтқару қызметі» бағдарламасын ұмыта қоймағаны анық. Осы бір тілсіз жаудың қоғам байлығына, адам өміріне ауыр қатер төндіретіні анық. Сондықтан ол жайлы құқықтық сауаттылықты дұрыс меңгерген жөн. Ал Жанаттың бағдарламасы көптеген адамға осы тұрғыдан кеңес беріп, келешегін қамтамасыз етуге жол нұсқағаны белгілі. Ал «Құтқарушы» газетінің де қазақ баспасөз тарихында өз орны бар басылым ретінде тарихқа таңбаланып қалғанын терістей алмаймыз. Осы қызметті атқара жүріп, 2007 жылы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақмола облысы Көкшетау техникалық институтының «Әскери іс және өрт қауіпсіздігі» мамандығының сырттай бөліміне оқуға түсіп, 2011 жылы үшінші жоғары дипломын алған. Осыдан кейінгі өмір жолы әскери саламен тығыз қатынаста өрбіді. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне қызметке ауысып, Талдықорған қаласындағы десанттық-шабуылдаушы әскерлерінің 18404 әскери бөлімі 1-ші десанттық-шабуылдаушы батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары лауазымында қызмет атқарады.

– Төтенше жағдай қызметінде майор шенінде болған Жанат Қарулы Күштерге келгенде арнайы майор атағы әскери тәртіпке сай келмей алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ретінде офицерлік лейтенант әскери атағында қалады. 2014 жылы Талдықорған қаласындағы 48386 әскери бөліміне ауысып, тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі бөлімінде идеологиялық жұмыс және арнайы насихат жөніндегі аға офицер лауазымында болды. Сол қатарда «Көкжал», «Қазақстан әскері» қатарлы газеттерді шығарып, оқырманның ықыласына бөленді. Аталған әскери бөлімде 5 жылдай абыройлы қызмет атқарып, 2018 жылы Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек ауылындағы 29108 әскери бөліміне тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі бөлімінің мемлекеттік тілді дамыту және мемлекеттік-құқықтық дайындық жөніндегі аға офицер лауазымына қызметке жіберілді. Содан жауынгерлік дайындықтың қыр-сырын жақсы меңгеріп, әуеден парашютпен секіріп, оқу-жаттығуларда мол тәжірибе жинақтады. Сонымен 2020 жылы Қарулы Күштерде алғаш ашылған гарнизондық баспасөз қызметіне келеді. Осы жерде адал қызмет атқара жүріп, екінші рет майор шенін иығына қадады. Бүгінде Жетісу гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы қызметін атқарып жүр. 2021 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі атанды, – дейді Жетісу облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Нұрдәулет Дарманқұлов.

Осы тұста ол әскери қызметте жүрген кезінде жұртпен берекелі, саптастарымен ынтымақты, қызметіне адал болды. Бұл жайлы 61993 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, подполковник Бақытжан Қырғызалиев: «Майор Жанат Сембаев 2018 жылы Жетісу облысы, Сарыөзек кентіндегі 29108 әскери бөлімнің тәрбие және идеологиялық жұмыс бөлімінің мемлекеттік құқықтық даярлық және мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі аға офицері лауазымын атқарған тұстары әскери қызметшілерді тәрбиелеуге үлкен үлес қосты, офицерлер мен сержанттар, мерзімді қызмет сарбаздарын тәрбиелеуде және оқытуда үлкен абыройлы қызмет жасады», – десе, 48386 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Владимир Ульянов: «Майор Жанат Сембаев Жетісу гарнизонының баспасөз қызметінің бастығы ретінде өзін әрдайым талпынысы мол қызметкер ретінде таныта білді. Жұмысты жоспарлы түрде ұйымдастырып, жауынгерлік дайындық барысында фото-бейне түсірілімін жасады. Материалдарды уақытында жариялап, әскери қызметтің абыройлы міндет екенін жұртқа жеткізіп тұрды», – деп жазыпты бір сұхбатында.

Жетістікке сарқылмас сабыр мен темірдей төзім жеткіземіз. Қайтпас қажырқайрат пен өз ісіне деген шексіз сүйіспеншілік адамды абыройға жетелейді. Әрине, қазақтың әрбір азаматы елінің патриоты болуы тиіс. Жанат Сембаев осындай тазалығы, жанқиярлығы, біліктілігі арқасында ел құрметіне бөленіп жүрген азамат. Алдағы уақытта да еліне осылай еңбек ете бермек.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ



Қазақ халқы ежелден ит баптап, мысық өсірген. Көкжал мінезді қазақы иттер жылдың төрт маусымында төрт түлікті дала тағыларынан қорыса, қансонарда аңшының көмекшісі атанды. Сондықтан да халқымыз итті жеті қазынаның қатарына қосты. Ал бабаларымыз мысық тұқымдас жануарлардың бағалы терісі буын ауруларына табылмайтын ем екенін ертеден білген.

ИТ пен МЫСЫҚТЫ ЧИПТЕУДІҢ қажеттілігі неде?

Қажет АНДАС



Сондай-ақ, мысықты кеміргіштерден қорғану үшін де қолданған. Алайда, қазіргі таңда ит пен мысыққа деген көзқарас мүлдем басқаша. Қала мен далада қаңғыбас ит қаптап, кез келген бұрыш-бұрышта ашыққан мысықтың тамаққа таласқан шуылын күнде еститін болдық. Осыған орай жұрт пікірі де екіге жарылды. Ит пен мысыққа құштарлығы жоқ тұрғындар: «Бұралқы ит пен мысықтың көзін жойып отыру керек» десе, зооқорғаушылар: «Ит пен мысық өздері қалай өмір сүргісі келсе, соған еркіндік беру керек» деп қарайды. Екі пікірдің қайсысын жақтарын білмеген ветеринарлардың басы қатып жүр.

Жалпы, елімізде үй жануарларын ұстаудың өзіндік ережесі мен тәртібі қалыптасқан. 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №97 «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң қабылданған. Бірақ көптеген адам осы заң туралы нақты білмегендіктен ондағы ережелердің керекті тұстарын ғана игілікке асыруға ұмтылатындардың себебінен түрлі қайшылықтар туындап жататыны рас. Шынында, моральдық немесе заңдық тұрғыдан болсын үй жануарларын ұстауға ешкім көлденең тұра алмайды. Бірақ үй жануарларына қызығушылығы бар немесе үй жануарларын ерекше ұнататын зооқорғаушылар көптің пікірімен келісе отырып, заңдық нормаларды бағыт етіп, жұмыс жүргізгені дұрыс.

Әрине, бүгінде әлеуметтік желі деген бар. Неше түрлі сұмдықты содан көріп, жағамызды ұстаймыз. Сол қатарда қаңғыбас ит пен мысықты аулаушыларды жерден алып, жерге салып жатқан бейнебаяндарды көзіміз жиі шалады. Дәрменсіз үй жануарларының қорғалуына қарсы емеспіз. Алайда, қала мен далада қаптап жүрген қаңғыбас жануарлар экологиялық ортаны мейлінше бұлдіріп, адам денсаулығына залал келтіріп жатқанын да ескеруіміз керек.

Жетісу облыстық ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаевтың айтуынша, қазіргі таңда 11088 бұралқы ит пен 132 мысық ауланып, 724 ит және 32 мысық иелері мен зооқорғау ұйымдарына берілген. Одан бөлек 1383 бас бұралқы ит пен мысыққа кастрация жасалып, 554 бас ит пен мысыққа стерильдеу жұмыстары жүргізіліпті. Қалған 8069 бұралқы ит пен мысық ізгілік жолмен (эвтаназия) жойылған. 194 бас бұралқы ит пен мысық уақытша ұстау изоляторына орналастырылып, белгіленген 4 бағдарлама бойынша шаралар атқарылуда.

Ең ойландыратыны, биыл аталған басқармаға аймақтағы денсаулық сақтау мекемелерінен 600 адамды ит пен мысық тістеу, тырнау, тағы да басқа себептерімен дәрігерге жүгінгені туралы шұғыл хабарламалар түскен. Аудандық, қалалық, ауылдық округтегі ветеринариялық дәрігерлер иесі бар 324 ит, 34 мысық және 9 басқа жануарды клиникалық бақылауға алып, нәтижесінде иесіне 356 анықтама берсе, 195 ит, 34 мысық және 4 басқа жануардың (қаңғыбас) иесі табылмаған.

– Осындай бұралқы, иесі жоқ ит пен мысықтың кесірінен адам денсаулығына орасан зор залал келтіретін 40-тан астам ауру таралады. Биыл жыл басынан бері ит пен мысықтан жұғатын эхинококкоз ауруына 26, қышыма ауруына 2 адам, дерматомикоз ауруына 49, туберкулезге 25 адам, дерматофития ауруын жұқтырған 6 адам тіркелсе, трихофитияға 1 және бруцеллез ауруына 63 адам шалдыққан. Өте қауіпті саналатын микроспория, альвеококкоз, токсокароз ауруы анықталмағанына ветеринарлар шүкіршілік етіп отыр. Арамызда ауруын жасырып жүргендер де бар шығар, – дейді басқарма басшысы Нұрлан Қайдарұлы.

Осындай қауіп-қатерлерді болдырмау үшін облыстық ветеринария басқармасы барын салып жұмыс жүргізіп келеді. Соған сәйкес ҚР 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №97 «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңдағы нормативтік-құқықтық актілерді іске асыру бойынша биыл бекітілген 4 бағдарламаны орындау үшін облыстық бюджеттен жалпы 170 млн. теңге қаражат бөлініпті. Мемлекеттік сатып алу порталына конкурс жарияланып, 115,2 млн. теңгені ұтып алған өтінім берушілер анықталды.

Айталық, «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жою жұмыстарын жүргізу» бағдарламасы бойынша «РАЙХАН» ЖҚ Ескелді, Панфилов, Алакөл, Ақсу, «КазНурПроект» ЖШС Қаратал, Текелі және Талдықорған қаласы, «ARLAN BM» ЖШС Көксу, «ҚАЙЫРБЕК» ЖҚ Сарқан, Кербұлақ аудандарымен келісімшарт жасаған. «Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды уақытша ұстау» бағдарламасы бойынша «КазНурПроект» ЖШС Қаратал, Кербұлақ, Ескелді, Сарқан, Көксу аудандары мен Талдықорған қаласымен, «ҚАЙЫРБЕК» ЖҚ Текелі қаласы, Панфилов пен Ақсу ауданымен, «РАЙХАН» ЖҚ Алакөл ауданымен келісімшарт жасасқан. «Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру» бюджеттік бағдарламасы бойынша техникалық қызмет көрсету үшін «Таңба кезекте» келісімшарт жасалған. Осы бағыт бойынша «VET HELP» ЖШС Панфилов, Кербұлақ, Ақсу, Алакөл, Сарқан және «Nur-Logistics» ЖҚ Ескелді, Қаратал, Көксу аудандары мен Текелі, Талдықорған қалаларымен келісімшартқа отырған. «Қаңғыбас жануарларды егу және зарарсыздандыру» бағдарламасы бойынша «КазНурПроект» ЖШС Сарқан, Панфилов, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласымен, «Nur-Logistics» ЖҚ Көксу, Қаратал, Ескелді аудандарымен, «Алакөл ветстанция» Алакөл ауданымен, «Кербұлақ ветстанция» Ақсу ауданы «Текелі ветстанция» Текелі қаласымен келісімшарт жасасып, жұмыс жүргізуде. Бұларды нақтылап жазудағы мақсатымыз, егер қай елді мекенде үй жануарларына қатысты сұрақтар туындаса, жоғарыда көрсетілген мекемелермен хабарласуға болатындығын білдіру.

Аталған 4 бағыттың ішінде бүгінгі күні ең өзекті болып тұрғаны – «Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды сәйкестендіру» бағдарламасы. 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңның «Үй жануарларын есепке алу қағидаларын және есепке алынатын үй жануарларының тізбесін бекіту туралы» тақырыбы бойынша, облыс аумағындағы иелері бар ит пен мысықты өз қаражаты есебінен бірдейлендіруден (чиптеу) өткізу заңдық күшке енді. Чиптеуге кететін қаражат ит пен мысық иелерінің есебінен өтеледі. Егер де өз меншігіндегі ит-мысықты бірдейлендіруден өткізбеген жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны хабарланды. Ал «Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын сәйкестендіру» бойынша жалпы облыстық бюджеттен 21 млн. теңге қаражат бөлініп, қазіргі уақытқа мемлекеттік сатып алу порталына конкурс берілген. Сонымен қоса, Қаржы министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №527 бұйрығының 458 бюджеттік бағдарламасына сәйкес жануарлар үшін панажай (питомник) және жануарларды уақытша ұстау пункттерін салу бекітілген. Бүгінгі таңда бұл жұмыс облыс орталығы Талдықорған қаласында және аудан, қалаларда қолға алынуда.

«Алмақтың да салмағы бар» дегендей, бүгінде үй жануарларын сәйкестендіруден көптеген адам хабарсыз. Хабары бар деген күннің өзінде оған немқұрайды қарап жүргендердің де қатары көп. Осы бағыттағы жұмысты жүйелі жүргізу үшін облыстық ветеринария басқармасы полиция департаменті, зооқорғаушылар және қаңғыбас жануарларды аулау қызметінің қатысуымен мамыр айынан бастап Талдықорған қаласында әр жұма сайын қараусыз қалған иттер мен мысықтарды аулау мақсатында рейд өткізуде. Тұрғындар арасында жануарлармен қарым-қатынастың жауапкершілігі туралы ағарту жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар, жоғарыда облыс аумағында үй жануарларын сәйкестендіру жұмысымен тек екі-ақ мекеме айналысатынын айттық. Олардың чиптеуге алатын ақысы тым қымбат. Осы мәселені ескерген облыстық ветеринария басқармасы аудан, қала, ауылдық жерлердегі ветеринарлық пункттерге де үй жануарларына чип орнату мүмкіндігін берген. Осы жұмыспен облыстағы мыңға жуық ветеринария маманы айналыса алады. Бұл тұрғындардың қалтасына жүк түсірмейді.

Осы тұста: «Ит пен мысықты чиптеудің маңыздылығы неде?» деген сұрақ туындайтыны анық. Біріншіден, үй жануарларын ұстауға деген тұрғындардың заңдық жауапкершілігін күшейтіп, ит пен мысық асырауға қатысты тәжірибесін тереңдетеді. Екіншіден, қаңғыбас ит пен мысықтың санын азайтып, адамдарға төнетін қауіпті төмендетуге, қауіпті аурулардың таралуын тежеуге болады. Дегенмен, 1 қыркүйектен бастап қолындағы ит пен мысығын чиптемеген тұрғындар айыппұл арқалайтынын да ескерте кетейік. Чипте ит пен мысық иесінің барлық дерегі көрсетілетіндіктен үй жануары өз өмір сүру аумағынан тыс жерлерде адамдарға қауіп төндірген жағдайда жануардың иесі жауапкершілік арқалайтыны анық. Сондықтан үй жануарын ұстаймын десеңіз «жеті рет өлшеп, бір рет кескеніңіз» жөн.

✓ РУХАНИЯТ

48-ші маусымның ашылуы

● Театрдың басты өнімі – спектакль. Жаңа сахна туындысының салмағын саналы көрермен ғана бәрінен гөрі тереңірек салмақтап, анықтай алады. Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының 48-ші маусымының ашылуы болды.

Маусымашар драматург Қолғанат Мұраттың «Мұғалім» қойылымымен басталды. Бұл тек мектеп өмірі ғана емес, өмір мектебі, міндетсінген ата-ана, отбасындағы диктатура жайлы туынды. Алғашқы махаббат, арадағы кикілжіңдер, жалпы қазіргі заманда болып жатқан отбасылық келеңсіздіктер, балалардың психологиясы және ең бастысы, мұғалімге деген құрметті көрсете білген қойылымға келушілердің саны көп болды. Тақырыбы «Мұғалім» болғанымен қоғамда бар мәселелерді алға қойып, халық назарына ұсынған спектакль көрерменнің қошеметіне бөленді.

Шара соңында театр директоры сөз алып, өнерсүйер қауымға ыстық лебіз білдірді.

– Бүгін келген барлық көрерменге алғыс айтамыз. «Мұғалімді» көруге келген әр адам өзіне бір түйін жасап, ой толғаса дейміз. Тек классикалық шығармалармен шектеліп қалмай, театрымызға жаңа леп әкеліп, әлеуметтік-драма қойылымын ұсынуды ұйғардық. Биыл Бикен апамыздың 100 жылдығына орай алға қойған жоспарымыз көп. «Мұғалім», «Ревизор» қойылымдарымен еліміздің Астана, Қарағанды сияқты қалаларына гастрольдік іссапармен барып қайтпақшымыз. Биыл театрдың құрамы жас актерлермен толысқан. Данияр Базаркүловтың режиссерлігімен қойылған шығарма сәтті сахналанды. Сіздер осылай бізді қолдап жүрсеңіздер, біздің де сіздерге қояр қойылымдарымыз көп болмақ, – деді Ерлік Жуасбек.

Қойылымда актерлік шеберліктерімен тәнті еткен театр жастары жұрт қошеметіне бөленді. Өнер иелеріне облыс әкімінің ықылас гүлі табысталды.

Даналық қазынасы дәріптелді

● Кітап оқудан тыйылу – ой ойлаудан тыйылу екенін ұққанымыз жөн. Өренің биік болмағы ізденуге байланысты. Ал іздеген нәрсең осы бір асыл заттың ішінде қатталып жатады. Оның қадірін бабалар «Даналықтың қазынасы» деп бекер биіктетпесе керек. Осы орайда Талдықорғанда «Kitap Time – 2023» II жалпы республикалық кітап фестивалі өтті.



Айтулы шара облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапханада ұйымдастырылды. Жиынға қала колледждері білімгерлері мен мектеп оқушылары, ақын, журналист Қуат Қайранбаев, Гүлбақыт Қасен және Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облыстық филиалының төрағасы Жангелді Немеребай қатысты.

Фестиваль барысында 2023 жылғы мерейтой иелерінің кітаптарына арналған «Кітап-дефиле» өткізді. Онда Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабай, Сұлтанмахмұт Торайғыр сынды ұлы тұлғалардың шығармалары насихатталды.

Шара жас ақындар мен оқырман арасын байланыстырған «Поэзия Time» атты кездесумен жалғасты. Ақындар кітап жөнінде ой толғап, өз шығармашылығынан өлең оқыды. Кітапсүйер қауымның сауалына жауап берді.

Сондай-ақ, фестиваль аясында оқырмандарға арналған «Сирек кітаптар және бабалар аманаты» атты ашық диалог жүргізілді. Онда Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, жазушы, журналист Қажет Андас жас буынға тарихи деректер туралы ақпар берді.

Оқырмандар жиында «Кітап – әлеміне саяхат» атты көрмемен танысты. «Art-vision» қолөнер шеберлері мен суретшілер павильонын тамашалады. Сонымен қатар, «Kitapland Travel» атты викториналық ойындар ойнады. «Biblio sport» алаңында тоғызқұмалақ және шахмат турнирі өтті, робототехника инклюзивті ойындары ұйымдастырылды.

Жетісу облысының әкімдігі мен облыстық мәслихат Еңбек Ері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Алматы облысының және Қаратал ауданының Құрметті азаматы

Төлеген Құлахметовтың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 23 қыркүйек, сенбі күні шығады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 1085
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015. Индексі – 65469.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

10 qazan
2023 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

№115 (19254) ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ■ Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

✓ ҰЛАҒАТ

Ұстаз аты - биік, әрі мәңгілік



ҰСТАЗ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ қатысуымен өткен «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты салтанатты шарада 100 шақты білікті маман, ұлағатты ұстаз марапатталып, көпшілік керім кештің куәгері болды.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайындағы салтанатты жиыннан бұрын көпшілік «Жеңімпаздар аллеясы» сурет көрмесін тамашалап, «Білім әлеміне жол» атты әдеби-театрлық композициямен жанар суарды.

Алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Бейбіт Исабаев ұлт болашағының ең негізгі күретамыры білімде жатқанын айшықтап, ұлағат иелерінің мәртебесі мен міндеті туралы рух жанитын пікірін ортаға салды. Сонымен қатар ол: *«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кешегі өткен республикалық педагогтер съезінде «Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие мен озық білім беру – өте маңызды міндет». Бүгінде еліміздің болашағы жарқын болып, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүр. Бұл орайда соңғы жылдары мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі заң жүзінде айқындалып, жалақысы едәуір өскенін жақсы білесіздер. Биылғы оқу жылының басынан балабақша тәрбиешілерінің де еңбекақысы 30%-ға көтерілді. Облыста білім беру саласының бюджеті осы жылы 109 млрд. теңгеге жетті. Оның 3,7 млрд. теңгесі білім нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ауылдық мектептерді қайта жаңғыртуға жұмсалып отыр. Бұл – балалардың алаңсыз білім алуына, мұғалімдердің әлеуметтік, моральдық және материалдық жағдайын жақсартуға мемлекеттің ерекше назар аударып отырғанының айқын айғағы»,* – дей келе бүгінде облысымыздың білім саласында 20 мыңға жуық педагог қызмет етіп жатқанын, олардың арасында үздік нәтиже көрсетіп, дарынды шәкірт тәрбиелеп жүрген ұлағат иелері мен бүкіл ғұмырын ұстаздық жолға арнаған ардагерлердің есімін айрықша атап өтті.

Жылы лебізінен кейін аймақ басшысы білім саласының қызметкерлерін марапаттау рәсімін өткерді. Айталық, салтанатты жиында облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің салалық марапаттары табысталды. Сондай-ақ, «Еңбек ардагері» медалін Самархан Абдилдинов, Майра Ақанбаева, Заир Атабаев, Ләззат Базаркұлова, Парида Бекмұратова, Жакен Бершімбекова, Күлшар Букабаева, Бақытгүл Кәрібекова, Күлжамал Көптілеуова, Махаббат Чуйкенова, Несіпбала Молдабековалар өңіріне тағынды.

Өз кезегінде облыстық «Үздік сынып жетекші» байқауының жеңімпазы Панфилов ауданы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектебінің 9-сынып жетекшісі Жанар Кегенбаева 1 млн. теңгелік сертификатқа ие болды. Сол секілді «Үздік балабақша», «Үздік ауыл мектебі», Үздік кәсіптік білім беру ұйымы», «Үздік қосымша білім беру мекемесі» байқауларының жеңімпаздары қараталдық «Балбөбек» балабақшасына, көксулық Жетіжал орта мектебіне, Талдықорған жоғары политехникалық колледжіне, көксулық «Өнер мектебіне» 1 миллион теңгенің сертификаты табыс етілді. Ал «Жетісу ұстазы» байқауының жеңімпазы Сарқан ауданы №1 мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі Іңкәр Рахмановаға автокөлік сыйлады. Саналы ғұмырын білім саласына арнап келе жатқан әулеттер арасында өткен облыстық «Ұстаздар әулеті» байқауының жеңімпазы саналған кербұлақтық Байғалық әулеті «Ұлағат жолындағы ұстаздар» аталымы бойынша, талдықорғандық Жапақовтар әулеті «Ұстаздықты ұлық тұтқан әулет» аталымы бойынша, жаркенттік Үмбетовтер әулеті «Өмірін ұстаздықпен өрнектеген әулет» аталымы бойынша мерейленіп, әрқайсысы 200 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Еңбегіне қарай ел ықыласына бөленгендердің мерейлі сәтінен кейін Астана қаласында өткен республикалық падагогтар съезінің делегаты, №28 ІТ лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Индира Байғожина сөз алып, ұлағат пен ұстаз тұрғысында тағылымды ой қозғап, лебіз білдірді. Көпшілікті кәсіби мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара соңы облыс өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

○ Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ ○

✓ ФОРУМ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ана тілінде оқытылуы керек


Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Талдықорғанда «Қазақстанның жаңа тарихындағы идеологиялық бағдарлардың серпіні» атты республикалық форум өтті. Шарада тарих, тіл, дін, әлеуметтік сала сыны ауқымды тақырыптар талқыланды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Форумның алғашқы бөлігі Жастарға қызмет көрсету орталығында өтті. Мұнда Алматы мен Астанадан келген әлеуметтанушылар «Аймақтағы әлеуметтану: өзгеруге дайындық», «Тарихи фильмдер негізіндегі – кино коуч» сынды тақырыптар бойынша дәріс оқыды.

Осыдан кейін Салтанат сарайында пленарлық отырыс өтті. Басқосуды облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли жүргізіп отырды.

– Бүгінгі басқосу Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауы негізінде өтіп отыр. Президентіміз өз сөзінде: «Енді елімізге барша халыққа түсінікті болатын және шын мәнінде, азаматтарымыздың сұранысына сай келетін идеология қажет», – деп атап өткен еді. Осы шара барысында азаматтық қоғам мен әлеуметтік-саяси дүниелер талқыланады. Форум шеңберінде зерттеу ұйымдары мен ғылыми қызметкерлердің әлеуметтік зерттеу нәтижелері мен материалдары ұсынылады, – деді Рустам Әли.

Жиында алғаш болып сөз алған «Стратегия» және әлеуметтік зерттеу орталығы қоғамдық қорының президенті Гүлмира Елеуова дін саласындағы өзекті мәселелерді қозғады. Спикердің айтуынша, дінді дұрыс түсінбей, жат ағымға кіріп кетіп жатқандардың көбі 31-49 жас аралығындағы азаматтар. Сондай-ақ ол: «Мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлерге хиджаппен жұмысқа баруға бола ма? Мектепте дін саласы бойынша сабақ оқытылу керек пе?» деген тақырыптарда мониторинг жұмыстары жүргізілгенін атап айтты.

Осыдан кейін «Ел үміті» қоғамдық қоры директорының кеңесшісі, «Kazakhstan Sociology Lab» әлеуметтанушылар мектебінің басшысы Әлия Сәрсекеева әлеуметтік тақырыпта баяндама жасап, қоғамда орта топтағы адамдардың әрқайсысында несие барын, ғалымдар мен мемлекеттік қызметкер бірігіп жұмыс істеу керектігін тілге тиек етті. Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы Мансия Садырова «Қазақстандағы кедейлік пен жұмыссыздық салдары» деген тақырыпта баяндама жасап, елімізде оқығысы, жұмыс істегісі келмейтін жастар көбейіп отырғанына, сонымен қатар, үлкен қалаларда халық саны артқандықтан жұмыссыздық басты мәселеге айналып, кедей халық көбейіп келе жатқанына тоқталды. Атап айтқанда, кедейлік бойынша Жетісу облысы Түркістан облысынан кейін 7,6 пайызбен екінші орында тұр. Бұл мемлекеттік деңгейде реттеуді қажет ететін мәселе.

Өз кезегінде тарих ғылымдарының магистрі Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Phd докторы Меруерт Тілебалдиева «Тарих пен тіл ұлттық идеологияның құралы» тақырыбында баяндама жасап, тіл – ұлттың жаны, тарих – ұлттың тамыры екенін, қазақ тарихын қазақ тілінде оқыту керектігін айтты. Әр сала мамандары баяндама жасап болғаннан кейін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әміре Әрін сөз алып, өзге тілде баяндама жасаған мамандарды сынға алды.

– Елдің алдында жүрген, сөз ұстайтын сіздер мемлекеттік тілді құрметтемесеңіздер, онда қалай болғаны?! Сіздер үлкен қызметте отыратын азаматсыздар. Сондықтан келешекте осы ойларыңызда болсын. Мемлекет басшысы мемлекеттік тілді жетік білетін әрі өзге тілді білетін кадрларға үлкен көңіл бөліп жатыр. Дана халқымыз: «Жол білген адам керуенге жалтақтамайды» дейді. Президентіміз билікке келгелі небір реформаларды жүзеге асырып, қоғамды да халықты да оң бағытқа өзгертуге барын салып келеді. Бүгінгі идеология мәселесіне келсек, көтеріліп отырған шаруалардың барлығы Мемлекет басшысының қолдауымен іске асып отыр, – дей келе баяндамашылар қозғаған әр тақырып бойынша пікірін білдірді. Сонымен қатар, дінге соқыр сеніммен емес, терең білімімен келу керектігін, жат ағымға ерудің басында діни сауатсыздық тұрғанын қадап айтты. Соның салдарынан үрген итке жүрген иттің ілесіп кетіп жатқанын жеткізді.

Жиын соңында қатысушылар ауқымды төрт тақырыпты бір ғана форумға сыйғыза алмайтынын айтып, келешекте бірігіп жұмыс істейміз деп тарқасты.

✓ ЕРКІН АУЫЛЫНА – 90 ЖЫЛ


● Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ ●

ӨТКЕНІ ЕРЕН, КЕЛЕШЕГІ КЕНЕН

Талдықорған қаласының іргесіндегі Еркін ауылы шағын ғана елді мекен болғанымен тарихтың талай құпиясын бауырына басып, елдікпен үндесіп жатқан құтты қоныс. Ырысы шайқалмаған ауылдың азаматтары ауызбіршілік танытып, ауылдың 90 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өтті. Той шымылдығы ауылдың батыс жағындағы алаңқайда түрілді. Айналасын ағаш қоршаған табиғаттың өзі қолмен орнатқандай дөңгелене біткен жазыққа 30-дан аса киіз үй тігіліп, дәл ортасына мерекелік шара өтетін үлкен сахна қойылыпты.

Қажет АҢДАС,
Серік ҚАНТАЙ

Тойға жиылған қауымның қарасы көп. Араларында Еркін ауылынан түлеп ұшып, еліміздің әр өңірінде еңбек етіп жүрген азаматтар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері көптеп ұшырасады. Киіз үйлердің айналасында асқа дайындалып жүрген қыз-келіншектердің көңіл-күйі шадыман, ал мерекенің қызығын арттыратын құлдыраңдаған балалардың қызыққа толмайтын қылығы әркімді еліктіреді.

Мерейтойлық салтанатқа облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, көпшілікті қуаныштарымен құттықтады:

– Ерте кезеңнен-ақ Талдықорғаннан іргесі бөлінбеген ауыл. Солай бола тұра қаймағы бұзылмаған қазақылықтың, берекесі қашпаған ынтымақтың ортасы болып отырған Еркін ауылының тарихы ғана емес, өзіндік салт-дәстүрі бар, сол дәстүрін қалыптастырған аға ұрпағы бар, елдікті, қазақы мәдениетті сақтаған болмысы бар, айрандай ұйып отырған ауызбірлігі бар қазақы ауылдардың бірі. Мұндай береке-бірлігі мол ауылдың болашағы бұдан да зор болады ғой деп ойлаймын. Президенттің бастамасымен қолға алынып жатқан барлық реформалардың негізгі мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Сондықтан біз қаланың шет аймақтарына соңғы жылдары көп назар аударып, көмек жасап келеміз. Саяжайларға дейін газ жеткіздік, су тартып, жарық беріп, жолын жөндеп жатырмыз. Алдыңғы жылы Еркінге жаңа дәрігерлік амбулатория салынды. Былтыр қабылдауыма келген азаматтардың өтініштеріне орай Еркінге бір мектеп пен Мәдениет үйін салып беруге құжаттарын әзірлеп жатырмыз.

(Соңы 2-бетте)

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ТУҒАН ТОПЫРАҚ



ЕСКЕРТКІШТЕР ескірмейтін жәдігер

Алакөл қазақ тарихындағы талай құпияны бауырына басып жатқан өңір. Сондықтан ондағы тарихи оқиғалар мен ел өміріндегі ерекше кезеңдерге тән ескерткіштердің қатары көп. Алайда сол құнды мұраларға кейде бейжай қарайтынымыз жасырын емес. Соның салдарынан туған топырағымыздағы талай тылсымы терең дүниелерді қараусыз қалдырып немесе дәл бағасын сезінбей тоздырып алып жататынымыз анық. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай» дегендей, өткеніміздің қалай болғанын ұғындыратын сол ескерткіштерді аялап, сақтаудың орнына кетеуін кетіріп алғанымыз жараспайды, әрине. Осындай "әттеңі" көп ойларды Алакөл ауданына журналистік сапармен шыққан кезде байқап қалдым.



Жалаңашкөл мен Достық шегара өткелінің арасындағы тау бөктерінде тастан үйілген қорым мен жылқының жалы, ешкінің майымен топыраққа араластырып, құйылған кірпіштен қаланған кесенелер бар. Оның кейбірі жарым-жартылай мүжілсе, біразы жермен-жексен болыпты. Ал тас қорымдар сол баяғы қалпымен тарихтың тұңғиығынан сыр шертеді.

Суреттерді түсірген автор



Қажет АНДАС

● АҒАШ МЕКТЕП

Жұрт аузынан «Алакөлде ағаш мектеп бар» дегенді жиі еститінбіз. Осы жолы сол нысанға бас сұғып, онда жұмыс істеп жүрген қарапайым жандармен кездесудің реті келді. Ел айтатын «Ағаш мектеп» өткен ғасырдың басында, тіпті XIX ғасырдың соңғы жылдары бой көтерген көпестердің үйінен мектепке лайықталған білім ордасы болып шықты. Сыртқы келбеті бізді бірден еліктіріп әкетті дей алмаймын. Сол баяғы бірнеше бөлмелі, төбесі шатырланған, ауылдың киреберісіндегі жотаға мінгестіре салған кәдімгі үй. Мектеп тұрған орын Жыланды ауылдық округіне қарасты Көкжар ауылы.

Бүгінде бұл ауыл кезіндегі сәулетінен айырылған. Осыдан бір, бір жарым ғасыр бұрын салынған ағаш үйлердің иесіз қалғандары тозып, бүлінгені бүлініп, бүлінбегенінің қаңқасы тұр. Ауылдың өткенімен тамырлас іргеде ағып жатқан Тентек өзенінің бір саласы Қызылсу деп аталады екен. Оны біреулер: «Кезінде атаман Анненков осы жерден өткенде тұрғылықты халықты қырғаннан қалған атау» десе, енді бірі оны жоққа шығарып: «Ол аңғардың тасы қып-қызыл болып жатады. Сондықтан Қызыл су деп аталған» дейді. Қалай болса да осы топырақ талай шарасыздықты бауырына бүгіп жатқаны анық.

Есесіне бүгінде ауылда тоқырау жылдары көшпей қалған аз санды өзге ұлт өкілдері болмаса, дені қаракөз қандастарымыз мекендейді. Өткен ғасырлардағы үстемшіл, зорлықшыл күштердің себебінен туған жерінен қиыр көшіп, шет жайлап кеткен халықтың ұрпақтары атақонысына қайта орныққанын көрдік. Қазақ халқы қашаннан Қазыбек би айтқандай: «Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзымызды ақтай білген елміз». Сол қасиет бүгінде шағын ауылдың берекесін кіргізіп тұрғанын сезіндік.

Көңілді құлазытатын жағдайлар да жоқ емес. Ауылдың өткен тарихын білетіндердің көбі өмірден өтіп кетіпті. Сондықтан ауылдағы ағаш үйлердің дәл қай жылдары бой көтергенін дөп басып айтып беретіндер табылмады. «XIX ғасырдың екінші жартысынан бері тағаны қалана бастаған» деп мөлшерледік. Бірақ бұл жердің тарихы одан да ертеректен өріледі.

– Көкжар ауылының айналасында Құрман жайлауы, Көктұғыл, Қараалма деген жер атаулары бар. Ол бүгінгі күннің емес, ертеден келе жатқан жер атаулары. Аталарымыздың аталары осылай атаған. Демек, осы жер атаулары осы өңір кімнің құтты қонысы болғанын айғақтайды. Ал өткен ғасырда бұл маңда орыс ұлтының өкілдері тығыз қоныстанды. Біз ес біле бастаған кезде осы ауылда Абдырайымов, Мырзагелдинов, Әбжанов, Стамғазинов, Дүйсенбеков, Базылжанов, Тұрғанбаевтар әулеті тұрып, малшы, омарташы, трактористі болып жұмыс істеді. Ол кезде ауылдағы ағаш мектепте 160-қа жуық бала оқыдық. Сабақ орыс тілінде жүретіндіктен менің замандастарым өзге тілде білім алды, – дейді ауыл тұрғыны Мұрат Әбжанов.

Ауылдағы бүтін сақталған тек Алакөл аудандық білім бөліміне қарасты Көкжар ауылдық мектебінің ғимараты. Оны жұрт «Ағаш мектеп» деп атайды. Мектептің құжатында бекітілген уақыты деген жерде «1895, 1932 жыл» деген екі түрлі цифр тұр. Бұл ағаш үй 1895 жылы салынып, 1932 жылы мектеп ретінде пайдалануға берілген дегенді білдірсе керек.

– Мен 1950 жылдардың соңында осы мектепте оқыдым. Апам да осында білім алдым деп жүретін. Ол кісі 1990 жылдары сексеннің сеңгіріне келіп қайтыс болды. Біздің кезімізде ауылда 700-ден астам үй болды. Қазақтар аз еді. Екінші дүниежүзілік соғысқа ауылдан 200-ге жуық адам аттаныпты. Мектептегі сабақ орыс тілінде жүретін, – дейді ауыл тұрғыны Василий Мырзагелдинов.

Тәуелсіздіктен кейін ауылдағы өзге ұлт өкілдері өз елдеріне көшіп, қазақтар қоныстана бастапты.

– 1997 жылы осы мектепке математика пәнінің мұғалімі болып келдім. Ол кезде мектепте 65 бала оқитын, – дейді ұстаз Гүлмира Әбжанова.

Ішкі құрылымы 10 бөлмеден тұратын нысанда ауылдың бір ғасырлық тарихы мен білім беру саласының табан ізі жатыр. Бүгінде мектепалды даярлығымен қоса 1-9-сынып аралығында 20 шақты бала оқиды. Оларға 16 мұғалім сабақ береді.

Мектеп құрылысы кейінгі жылдары жаңғыртылғаны болмаса, сыртқы келбеті сол қалпында сақталған. Ауылда интернет желісі болмағандықтан мектептің киреберісі мен үлкен бөлмесіне орнатылған бейнебақылау камерасы жұмыс істемейді. Ұстаздар сыртқы әлеммен жұмыс телефоны арқылы байланысады. Ауылдағы ағайынға алғашқы көмек көрсететін медбике бар. «Жедел жәрдем» Жыланды ауылының орталығы немесе алыстағы Қабанбай ауылынан келеді. Сондықтан бұл ауылда ауруға төзімді адамдар тұрады.

Көкжар ауылына бізбен бірге барған Жыланды ауылдық округінің әкімі Мақсұт Асқарбекұлы ауылда интернет желісінің болмағаны ауыл тұрғындарының санының аздығымен байланысты екенін айтып:

– Қазір ауыл іргесіне сигнал тарататын қондырғы орнатылып жатыр. Алдағы уақытта бұл қиындық шешіледі, – деген еді бізге. Одан бері біраз уақыт өтті. Ауылдағылар интернетке қосылып, мәре-сәре болып жатқан шығар?!

Айта берсек, «Ағаш мектептің» біразға созылатын хикаясы бар. Мақсатымыз – тырнақ астынан кір іздеп, келеңсіздікті табу емес. Бір байқағаным – ғасырмен құрдас, тіпті одан да ұзақ тарихтан сыр шертетін осы бір сәулет ескерткішінің (солай атауға болады) тарихи мұраны қорғау мекемелерінің назарына ілінбей келе жатқандығы. Біз Әділетті Қазақстан құрамыз десек, онда әр дәуірдің тарихы мен мәдениетіне әділеттілік тұрғысынан қарауға үйренуіміз керек. Сондықтан бұл мектепті тарихи сәулет ескерткіштері қатарына қосып, мемлекет тарапынан қорғалатын нысандар тізіміне енгізуге сұрау салу қажет.

● ЛЕПСІ ТҮРМЕСІ МЕН ПУГАСОВТЫҢ ҮЙІ

Лепсі ауылы Қазақстан тарихында, әсіресе, Жетісу өлкесінде маңызды рөл атқарды. Бұл аймақта жыл сайын ағылып келетін туристердің қызығушылығын оятатын ерекше орындар баршылық. Соның бірі меценат Бауыржан Оспановтың демеушілігімен ашылған Лепсі ауылдық өлкетану мұражайы. Мұражайға келген әрбір демалушы Лепсі ауылының тарихымен танысып қана қоймай еліміздің әртүрлі кезеңдегі геосаяси жағдайы туралы қызықты мәліметтерден хабардар болады.

Бүгінде мұражайда 781 экспонат бар. Тарихи-өлкетану мұражайында өлкенің ежелгі тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен шығармашылығы ұсынылған. Сондай-ақ, мұнда КСРО, Азаматтық және Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі экспонаттар сақталған. Олардың барлығы 30 жыл бойы жергілікті тұрғындардың күшімен жиналған екен. Айтпақшы, ауылдағы музейдің бірегей экспонатының қатарында «Түркі обатасы» аталатын бітік тас бар. VI-VIII ғасырдың аралығын қамтитын таңбалы тас Лепсі аймағының жанынан табылған деседі. Сонымен қатар, ел ішінен жиналған Алаш полкі сарбаздарының киімдері де еліміздің басқа мұражайларында кездесе бермейтін теңдесі жоқ жәдігерлер санатында. Сондай-ақ, Лепсі өңірі ақтардың да, қызылдардың да көп жортқан жері. Олардың табан ізі қалған жерден қазақтың қасіреті қылтиып тұратыны анық. Алдағы уақытта мұражай Лепсі ауылының тарихын тереңдей тануға, шарықтап, дамуына өзіндік үлесін қосады деп үміттенеміз.

Сол мұражайдың іргесінде тағы да бір тарихи нысан бар. Оны жұрт «Пугасовтың үйі» деп атайды екен. Архив құжаттарында Пугасовтың өте бай және Жетісуға ғана емес, Түркістан өлкесі, Сібір, Құлжа аймағы және Ресейге дейін танымал, құрметті тұлға болғаны жазылады. Бізді тарихи нысанның ішіндегі ғасыр бұрынғы сол өлкенің өркениетінен сыр шертетін жәдігерлердің құпиясы мен құндылығы еліктіріп әкетті. Бірден бөлме-бөлмені аралап, қызықты дүниелерді тамашалап кеттік. Жертөле мен бірінші қабатындағы жәдігерлер бұрынғы қалпына келтіріліп, ыңғайлап қойылып, музей үйіне айналдыру жұмысы жалғасып жатыр екен. Әсіресе ғимарат қабырғасының қалыңдығы мен жертөледегі еденге төселген кірпіштердегі ою-өрнектің сол қалпында сақталғаны таңғалдырды. Өз кезінде салтанатты сәулетімен ауылға сән беріп тұратын ғимарат тоқырау жылдарында жекешеленіп, бір мезгіл қараусыз қалыпты. Кейін осы үйді меншіктеніп отырған азаматтан меценат Бауыржан Оспанұлы сатып алып, тарихи нысанды өз қорғауына алып, музейге айналдыруға септесіпті.



Пугасовтың үйі деп аталған музей Лепсі өлкетану музейінің іргесінде тұр. «Екі музей бір ауылға көптік етпей ме?» деген сұрағымызға:

– Әр мұражайдың өз қызметі бар. Келушілер Лепсі ауылдық өлкетану музейінен осы ауылдың өткені мен бүгінге дейінгі тарихын таныса, Пугасовтың үйіндегі жәдігерлерден патшалық Ресей тұсында Жетісудағы сауда-саттық, іскерлік қарым-қатынастың қалай болғанын біледі. Көпестердің үй-жайлары, қолданған заттары, тұрмыс-тіршілігінен хабардар болады. Сондай-ақ, сол тұстағы ел өміріне елеулі үлес қосқан меценаттардың игілікті істерін түсініп, үлгі алады, – дейді «Лепсі өңірі» ЖШС директоры Фархат Абузяров.

Демек, бұл нысанның әлі де толықтайтын тұсы көп. Ол қаржымен шешілетін дүние. Ел игілігіне жұмыс істеп жүрген азаматтар оның қиюын табады. Бірақ бұл үй мемлекет тізіміндегі XX ғасырдың сәулет ескерткіштерінің қатарына кірмеген.

Лепсі ауылындағы саяси қуғын-сүргін, ашаршылық тұсында талай боздақтың тағдырын тас-талқан еткен Лепсі түрмесінің қаусап тұрған ғимаратын көргенде жүрегіміз ауырды. Әрине, түрме десе онсыз да жүрек шаншиды. «Бетін аулақ қылсын» деп жақсылық тілейтініміз де бар. Бірақ бұл қаусаған қабырға мен шайқалған шаңырақтың ішінде халқының келешегі үшін құрбан болған қаншама ер-азамат қорлық көрді?! Кеңес билігі кезінде ондай азаматтардың атын атаудың өзі қиын болғанын әркім біледі. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында осы түрмеге қамалып, тағдыры ойрандалған, елім деп еңіреген азаматтардың тізімін анықтау жұмысы басталды. Нәтижесі кейін айтылады. Қазір бұл нысан жеке тұлғаның иелігінде. «Мүмкін болса, нысанды мемлекет меншігіне қайтарып, сақтап қалудың қамын жасау керек» деп ойладық. Өйткені тарихи түрме жермен-жексен болса, өскелең ұрпаққа халқымыздың нәубет жылдардағы көрген азабын түсіндіретін дәлел қалмайды.

● СОҢҒЫ ШАЙҚАС БОЛҒАН ЖЕР

Әлі де тарихын түгендеп бітпеген Қазақ-жоңғар соғысы туралы тың деректер жыл өткен сайын жарыққа шығып жатыр. Том-том кітап жазылғанмен тасада қалған құпиялар жетерлік. Бір жарым ғасырға созылған қазақ-жоңғардың соңғы рет күш сынасып, тұяғынан хал кеткенше қарсыласқан шайқасы туралы бірнеше нұсқа бар. Десе де Алакөлді бойлай қоныстанған елдің ұрпақтары қазақ-жоңғардың соңғы шайқасы Тоқта тауының етегіндегі қалың қорым жатқан тұсты белгілейді. Расында Жалаңашкөл мен Достық шегара өткелінің арасындағы тау бөктерінде тастан үйілген қорым мен жылқының жалы, ешкінің майымен топыраққа араластырып, құйылған кірпіштен қаланған кесенелер бар. Оның кейбірі жарым-жартылай мүжілсе, біразы жермен-жексен болыпты. Ал тас қорымдар сол баяғы қалпымен тарихтың тұңғиығынан сыр шертеді.

Кейінгі жылдары аталарымыздың батырлығы мен ел қорғаудағы ерлігін ұлықтаған ел төбе басына ту шаншып, кейбір қорымға сайғақ қадап, енді біріне белгітас қойып, сай ішіне киреберіс жерге үлкен тақта орнатып, сол жойқын шайқаста қайтыс болған үш жүздің батырларының есімін жазып қойыпты. Ортасын өзен бөліп тұрған екі дөңнің айналасындағы қаптаған қорымның бүгінге дейін нақты анықтамасы айтылған жоқ. Жұрт тәу ететін қасиетті жерге айналдырған орынның осы күнге дейін тарихшылардың, өлкетанушылардың, зерттеушілердің де назарына ілінбей келгеніне таңғалдық. Оны қойшы, тарихы мен тағылымы әлі толық анықталмаған тарихи орынның жанынан Үшарал – Достық жолын салуға керекті қиыршық тас өндейтін карьердің қара жерді тескілеп, тарихтың бетін тас-талқан етуге таяп қалғанын көрдік. Мүмкін, Достық – Мойынты темір жолын салуға керекті шикізат та осыннан алынатын шығар?! Тас өндейтіндерге тас үйілген қорымның қажеті шамалы. Егер осы орын тез арада қорғауға алынбаса, жер сыйпап қалуымыз мүмкін.

● Біз осы мақаланы көргенімізді көпке жеткізіп, тарихи, мәдени мұраны қорғайтын мекемелердің назарына ұсынып, ескеріліп те, есепке алынбай жатқан ескерткіштерді сақтап қалудың жолын қарастыру үшін дайындадық. Ендігі сөз байламы соларда.

Алакөл ауданы

✓ ҚҰРМЕТ

БЕЙНЕТТІҢ ДЕ ЗЕЙНЕТІ БАР

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне әсер ететіні сөзсіз. Бұл ретте саялы Сарқан ауданы Жетісу облысындағы аграрлы аймақтың бірі. Бейнеттің де зейнеті бар. Сондықтан Ауылшаруашылығы қызметкерлерінің күні өңір үшін маңызды мереке.



Аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, өңір еңбеккерлерінің жетістіктерін, ауылшаруашылық саласында атқарылған жұмыстарды сөзіне арқау етті. Бұл шараның негізгі мақсаты дала еңбеккерлерінің мәртебесін көтеру, уақытпен санаспай еңбек етіп, өңірдің дамуына өзіндік үлес қосқан азаматтарды ардақтау.

Аталмыш жиында мал, егін шаруашылықтары бойынша өз қатарларынан озық шығып, дараланған үздіктер сала министрлігінің, облыс және аудан әкімінің Алғыс, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Сонымен қатар, ауылшаруашылығы, білім, спорт, құқық қорғау салаларына елеулі үлес қосқан бір топ азаматқа Сарқан ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Осы салада бел жазбай еңбек етіп, өңірдің дамуына үлес қосып, 145 гектар жерге қант қызылшасын сеуіп, одан 11 500 тоннадан астам өнім алған қарабөгеттік «Абылқасымов» шаруа қожалығының басшысы Балтабек Абылқасымов Жетісу облысы әкімінің I дәрежелі дипломымен, ауылшаруашылығын өркендетудегі үздік көрсеткіштері үшін облыс әкімінің бағалы сыйлығы – трактормен марапатталды.

Ауылшаруашылығы саласын дамытуға қосқан үлесі көп және тәтті түбірді өсіруде 1000 центнерден жоғары өнім алғаны үшін аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен бағалы сыйлық – трактор алмалылық Ерлан Бекишевке табыс етілді.

Сондай-ақ жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген Қарабөгет ауылдық округі әкімі Жабайхан Рабиғұловқа аудан әкімінің ауыспалы кубогы берілді.

Шара соңы өнерпаздардың дайындаған концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

✓ СЕМИНАР

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Тіл сарайында «Қоғамдық кеңес мүшелері мен мүдделі тұлғалар үшін қоғамдық мониторинг және бақылау жүргізу, бюджетті талдау бойынша дағдыларды қалыптастыру» атты облыстық семинар өтті. Оған облыстық қоғамдық даму басқармасының өкілдері, облыстық, қалалық, аудандық қоғамдық кеңестер мен қауымдастықтардың төрағалары, өңірлік үкіметтік емес ұйымдардың белсенділері, қоғам қайраткерлері, қоғамдық пікір көшбасшылары, әртүрлі деңгейдегі депутаттар қатысып, келелі мәселелерді талқылады.

Жиынды Жетісу облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Ерғазы Қошанбеков баяндама жасап, Алматы қалалық қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекнұр Қисықов Алматы қаласының әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуде қоғамдық кеңестің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тиімді нысандары туралы тренинг жүргізді.

Баяндамашылардың айтуынша, қазіргі уақытта Жетісу облысында 11 қоғамдық кеңес әр салада тиісті жұмыс атқарып, өңірдегі қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуда. Биыл облыстық қоғамдық даму басқармасы тарапынан қоғамдық кеңестердің жұмысын жандандыру мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша арнайы жоба іске асырылды. Жалпы облыс бойынша 10 семинар, 10 диалог алаңы өтіп, өңірлердегі мәселелер талқыланды.


Семинар аясында Қазақстан Республикасы «Қоғамдық бақылау туралы» Заң тараптарын түсіндіру, қоғамдық кеңес мүшелері мен мүдделі тұлғалар үшін қоғамдық мониторинг және бақылау жүргізу, бюджетті талдау бойынша дағдыларды қалыптастыру туралы оқулар өтіп, қатысушыларға кітапшалар таратылды.

Тіл сарайында өткен семинар осы мақсатты істердің нәтижесін қорытындылап, озық тәжірибелермен бөлісуге арналды. Сол барыста әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуде қоғамдық кеңестің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тиімді нысандары туралы айтылып, қоғамдық кеңестердің нақты қызметі туралы азаматтарды ақпараттандыру және халықпен байланыс бөлігінде әлеуметтік желілерде жұмысты жандандыру үшін қоғамдық кеңес мүшелерін SMM оқыту жүргізілді.

Қ. ОМАРАҚЫН

✓ ТҰСАУКЕСЕР

Тың туынды жол тартты



Жетісу жерінің тумасы, белгілі композитор Мақсат Жәутіковтың «Тамшылар» атты ән кітабы жарық көрді. Тың туындының тұсаукесер рәсімі ҚР Ұлттық кітапханасында өтті.

Рухани шарада Қазақстанның халық жазушысы Бексұлтан Нұржеке-ұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ағайша Исағұлова, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Сайлаубай Тойлыбаев, Шаяхмет Алжамбаев, Бақыт Беделхан, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Шөмішбай Сариевтың зайыбы Жұмагүл апай, Гүлнар Дәнешқызы және өзге де зиялы қауым өкілдері сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.

Аталмыш кітаптың бірнеше данасы ҚР Ұлттық кітапханасының қорына сыйға тартылды. «Тамшылар» кітабына композитордың 64 әні мен оның шығармашылығы жайлы музыка әлемі саңлақтарының пікірлері енген. Сондай-ақ, сазгердің халықаралық, республикалық байқаулардан алған деректі құжаттамалары мен 300-ден астам фотосуреттері топтастырылған.

Шара аясында қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Айбек Мұхамедәлі, Мақсат Жәутіковтың шәкірттері, халықаралық «Бозторғай», республикалық «Тамшылар» ән байқауларының лауреаттары өнер иесінің әндерін шырқап, жиналған қауымды ерекше күйге бөледі.

Аталмыш ән кітабы мектептегі музыка пәні мұғалімдеріне, музыка мектептеріндегі ұстаздарға, үйірме жетекшілеріне, сонымен қатар, барша өнерсүйер қауымға ұсынылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ РУХАНИЯТ

Қазақтың бай мұрасы мен салт-дәстүрінің қайшықты жерлерін аңғартып, көмескі тұсын ұрпаққа таныту – бүгінгі күннің басты мәселесі. Заман дамып, елдің тең жарымы шаһарларда тірлік кешіп жатқан осы шақта қалада өскен балаларды атакәсібіміз болған мал, ауылшаруашылығына қатысты атаулармен қанықтырып, ғасырлар бойғы ұстанымға байланысты тірлік тегершігіне айналған дүниелермен, жоралғылармен қанықтыру да күн тәртібіндегі дүние.

Дәстүр дәріптелді

Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясында өткен «Салт-дәстүр – таусылмайтын байлығым» атты рухани шарада осынау ойдың мақсат болғаны анық. Десе де жастардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және мәдениетке деген қызығушылығын оятуды көздеген шараға аталмыш мектептің 7-сынып оқушылары белсенді қатысты. Онда балалар қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысып, жұмбақ шешіп, Отан туралы әңгіме, өлең, әндер тыңдады.

Іс-шара барысында аға буын өкілдері қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы айтып, олардың мағынасын түсіндірді.

Балаларға арналған ең қызықтысы театрландырылған қойылымда ұсынылған «Ерсұлық», «Шашбау», «Шолпыға тағу» дәстүрлерін көрсету болды. Сонымен қатар, асық ату, бестас ұлттық ойындарынан шағын жарыс өтті. Мектеп педагогтары тәрбиеленушілердің қолдан жасаған жұмыстарының көрмесін ұйымдастырды.

Жетісулықтарға белгілі ертегіші әжеміз Жұмабала Балақаранова шара барысында: «Қазақ халқының салт-дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, бір-бірін толықтырып, мәдени өмірдің әртүрлі жағын қамтыған. Егер әр мектепте осындай іс-шара өткізілсе, әрине, біздің халқымыз ешқашан мұрасын жоғалтпайды», – деп пікір білдірсе, қазақ дәстүрімен дара, салтымен саф болмысты ұлт екенін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұргүл Ақмадиева айшықтады. Тағылымды кеш соңы, әрине, дәстүр-салтымызға сай батамен тамамдалды.

АРДА БИ

✓ ӨЛЕҢ-ӨРНЕК



Екіаша

Жаз-жайлау құлазиды ел болмаса,
Үйрек-қаз жүзетұғын болмаса.
Ел мен жер егіз ұғым сияқтанар,
Айтайын соның жөнін тым болмаса.

Екіаша дейтін ауыл болып еді,
Рулы ел осы маңға толып еді.
Зардабын замананың тартып келіп,
Ыңғайлап осы араға қонып еді.

Ауызша «арғы бет» деп аталатын,
Қытай жақ дейтін оны атап атын.
Бір мезгілде шегарада тыныш болып,
Алаңсыз бейқам ұйықтап
жата алатын.

Ал енді Екіашаны суреттейін,
Ауылдың кей жеріне су жетпейтін.
Тұрғындар тау сағалай арық қазып,
Балшықтан кірпіш құйып, илектейтін.

Кішкене Мазы дейтін өзен бар-ды,
Толтырды сол өзеннен арықтарды.
Ақыры отырықшы жұрт тәрізді,
Бір мезгіл ішіп-жемге жарып қалды.

Екіаша екі айырық аңғар еді,
Жан-жағы қоршап тұрған таулар еді.
Әр сайдың қалтарысты жоталары,
Ұшқан құс, бығып жүрген аңдар еді.

Туыппын жылан жылы осы арада,
Іңгәлап жатсам керек тошалада.
Былайша ата-ананың кенжесі екем,
Тұрмайтын байлап қойсаң босағаға.

Болыпты дәуір аунап ту-талақай,
Өтіпті шегарада «қанталапай».
Баяндап бұрындары жазып едім,
Тоқтайын оның бәрін қайталамай.

Ойқамау

Көңілдің көк дөнені шаба алмай жүр,
Өзіне керектісін таба алмай жүр.
Шабандап, кібіріктеп аяқ-алыс,
Діттеген жеріне де
бара алмай жүр.

Жай ғана жазық жерде сүрінесің,
Теңселіп, мас кісідей білінесің.
Бағынбай босаңсыған буындарың,
Тірліктен ыбылжыған түңілесің.

Кеудеңде жаның барда үміттеніп,
Қаласың кәріліктен күдіктеніп.
Ажалдың мұның бәрі хабары ма?
Жаныңда алмайды ғой күліп келіп.

Әйтеуір бұл тірліктің өңі бөтен,
Өтті ғой осылайша небір көсем.
Еріксіз отырасың ойқамауға,
Жазмыштың әуелдегі соңы ма екен?!

Тонау

Тірлігінде адамзат,
Дүние-мүлік таңдайды.
Жетіспесе алаңдап,
Әр нәрсені қамдайды.
Осыған да тәубе деп,
Өзін-өзі алдайды.

Келе сала өмірге,
Алданумен келеміз.
Өкіметке, ұлыққа,
Жалданумен келеміз.
Қорыққаннан құдайдан,
Сұрағанын береміз.

Жаратқанын Тәңірдің,
Тартып алды халықтан.
Басқа түгіл әуелі,
Дәметпейсің балықтан.
Мал менікі болса да,
Құтылмайсың салықтан.

Жекеменшік өз үйің,
Ол да сені тонайды.
Төлемақы дейтіндер,
Пошташыға қолайлы.
Хатталғанын көрсетіп,
Жинап алу – оңайы.

Қалып тұр-ау күн мен ай,
Айтпай кетсем ұятты.
Үңірейді ой-сана,
Қорқыттың көрі сияқты.

Шүкірлік

Жер басып жүрсең ақырын,
Айналаға қарайсың.
Сексен асқан батырым,
Ей, Кенжехан қалайсың?

Жер басып жүрсең ақырын,
Айналаға қарайсың.
Шыққан күнді мақұлдап,
Батқан күнді санайсың.

Жер басып жүрсең ақырын,
Айналаға қарайсың.
Уақытқа қарайлап,
Денсаулықты тонайсың.

Жер басып жүрсең ақырын,
Айналаға қарайсың.
Барасың-ау қартайып,
Дегенменен жарайсың.

Жер басып жүрсең ақырын,
Бәрібір үйге келесің.
Шүкірлік ет Тәңірге,
Түбінде бір өлесің.

Адамзат

Адамзат жаралғаннан зерек болған,
Айнала жаратылыс керек болған.
Хауа-ана, Адам-ата балалары,
Уақыға бізге жеткен дерек болған.

Хауа-ана қатарынан егіз тауып,
Солардан басталыпты қатер-қауіп.
Сыйыспай Абыл, Қабыл екі бауыр,
Қыздарды қызғаныпты көңілі ауып.

Ақыры бір-бірін өлтіріпті,
Болмысқа зұлымдықты келтіріпті.
Жамандық жақсылықпен жағаласып,
Бастапты осылайша ел тірлікті.

Өтіпті содан бері талай ғасыр,
Адамзат өсіп-өніп, келе жатыр.
Жалғаннан жойымпаздық жойылмаса,
Түбінде болар дейді заманақыр.

Дегенмен, адамзаттан дана туды,
Білікті, ақылы асқан дара туды.
Жердегі бар байлықты ізденп тауып,
Көздеді бір кәдеге жаратуды.

Байқады одан кейін айға барып,
Ұшаққа керектісін жайлап алып.
Әлі жүр жер серігін тіміскілеп,
Бұл адам оңар екен қайда барып?!

Нұрғайша

Туыппыз сонау шығыс Түркістанда,
Ойыма сен келесің жыр қысқанда.
Сол жақта кіндігіміз кесіліпті,
Тағдырлас екеумізді етіпті Алла.

Қойыпты және-дағы көрші қылып,
Біздерге жараспайды ерсі қылық.
Әз ана, балалардың әжесісің,
Бергендей туыстарға енші қылып.

Жайылып дастарқаның жақындарға,
Мұндайда көршілерден
жақын бар ма?!
Қолы ашық, берекелі бәйбішесің,
Ұқсайсың бұрынғы өткен асылдарға.

Өмірден түйгенің мол сарындысың,
Сарабдал, салиқалы дарындысың.
Жай ғана қарапайым жайшылықта,
Ықпалды керек кезде жалындысың,

Көп жерде мінез-көркің дараланды,
Қазақтың сендей болсын аналары.
Үйдегі кішіпейіл келіндердің,
Өзіңе ұқсап тусын балалары!

Кенжехан РАҚЫШ,
Қазақстанның Құрметті журналисі, ақын



«КҮРЕҢБЕЛ КӨРКЕЙТУ» ЖШС, БСН 080440003439, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Түркісіб көшесі, 32-үй.

Утерянный международный бланк разрешения категории «С», выданный 03.11.2023 года на автотранспортное средство гос. номер 290ABZ19, состоящее на учете на ИП Абдрасилов М.А., считать недействительным.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактордың орынбасары:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76,
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айғаным АЙТМҰХАН

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет– сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 1482
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015.
Индексі – 65469.

✓АЙТАР МЕЗЕТ



Ахат Баққожаев есімі өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газеті арқылы оқырмандарға таныла бастаған болатын. Әлеңдері таңғы шықтай таза, көркемдікпен кестеленіп, шебер қолдан шыққандығын айғақтап тұратын. 1977 жылы С. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің табалдырығын аттағанда бізден бірер жыл бұрын журналистика факультетінің сырттай бөліміне түскен Ахат ақынмен сессия кезінде дидарласып, жақын араласқаным есімде. Осы таныстық 1980 жылдың жазында облыстық газетте өндірістік практикадан өткенімде одан әрі тереңдей түсті. Күнделікті газет жұмысынан қол қалт еткенде көңіл түкпірінен туындаған жырларымен танысқан кезім де сол жылдар еді.

Ахат ақын есімі ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС

Оның әлеңдегі өрнегі төмендегі «Көктем», «Ауылға хат» туындыларынан айқын аңғарылады:

Жер-ананың бар-жоғы түгелденіп,
Күлімдейді күн көзі жылы өң беріп.
Көктем тігіп далаға өз отауын,
Қойыпты қырға жасыл кілем керіп.
Жұпар желі жүзіңді желпіп желең,
Жас көңіл тәтті иіспен елтиді ерен.
О, далам, жырға айналдың сен жүректе,
Осынау сырға толы кейпіңменен.
Сылқылдап сең-сең белден бұлақ құлап,
Ғашықтар әуенімен жыр атты бақ.
Шартарапқа жыр бітіп жатыр, міне,
Көмейінен көктемнің күй атқылап, –

десе, азаматтық борышын өтеп жүрген кезінде жазылған «Ауылға хаты» шынайылығымен көңіліңе орнығады:

Мен үшін абыройы асқақ,нарқы мәр-мәр,
Ауылым, аманбысың алтын ордам.
Тұр таңын тыныштықтың нық күзетіп,
Мендегі өзің берген жарқын арман.
Ассалаумағалейкум, ақ тарландар,
Ақ таң үшін айқасқа аттанғандар.
Отан үшін сан отқа қақталғандар,
Табаныңда танкінің тапталғандар.
Жалын кешіп, сұрапыл ақтарғандар,
Өлім оғын төс тосып қаққан жандар.
Мәңгі өлмейтін ерлердің белгісі боп,
Үлгі боп бұл күнге сақталғандар.
Армысыңдар, аяулы ақ әжелер,
Шебер қолдар, төгілген ғажап өнер.
Өсиеттерің жасымнан бойға сіңген,
Қасиеттер бар менде таза нелер.
Арма, ақылшы әз аға, наз қарындастар,
Құшағы гүл, ойы ортақ абзал достар.
Болашақтың балауса шеруі үшін,
Қанат қаға беріңдер арманға асқар.
Байлығыңмен көл-көсір ырғын-егін,
Бақытыңды әлемге білдір, елім.
Шайқалмайды тыныштық дариясы,
Күзетінде көз ілмей тұрмын өзім.

Сарқан ауданының Көкөзек орта мектебінің музыка пәнінің оқытушысы болып зейнет демалысына шыққан Мырзахмет Сәрсенов ақын досы туралы тебірене әңгімелейді:

«1973-1975 жылдар аралығында мен Москва түбіндегі Можайск қаласында азаматтық борышымды өтедім. Сол жылдары жаныма жылу берген жауынгерлік достарымның арасынан Ахат Баққожаұлының есімін мәңгі жадымнан шығармаймын», – дейді Мырзекең алыста қалса да күні кешегідей жадында жатталып қалған жастық шағын есіне алып. – Ол 1953 жылы 6-сәуірде Ақсу ауданы Қызылтаң ауылында дүниеге келген. Ахаттың ақындық таланты ерте ашылған көрінеді. Кейіннен араласа жүріп оның 1971 жылы Қызылтаң орта мектебін бітіруші түлектердің «Соңғы қоңырау» кешінде оқыған «Ұстазыма» деген өлеңі қолыма түсті. Оқушының қаламынан туды демесеңіз мұнда ақындық арын бар.

Жайдары жаз – көңілің, жарқын жаның,
Бір өзіңде ғажайып бар шың дарын.
Білім бұлақ өзіңнен ағылады,
Ешкім бірақ көрген жоқ сарқылғанын.
Шәкірт ойын дөп басып ғажап танып,
Жан сырыңды шертесің сан ақтарып.
Балауса арман бөбектер болашаққа,
Сен арқылы самғайды қанат қағып.
Даналықпен кіршіксіз ақ көңілмен,
Орын алдың үміттің нақ төрінен.
Саған шаттық арнаған қайнар көзің,
Өз арнасын мәңгілік тапса өмірден.
Заман гүлдеп тұрғанда уақыт жырлап,
Ұстаз мерей бәрінен асып тұрмақ.
Бақыттысың, бастаушым сен өйткені,
Бар адамға келесің бақыт сыйлап.

Ахат Баққожаев мектеп кезінен армандаған оқуына түсті. ҚазГУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқып жүргенде әскерге шақырылып, Москва түбіндегі Можайск қаласында офицерлер сапында азаматтық міндетін атқара жүріп өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Оның «Достарға естелік» деген өлеңі маған арналған еді:

Адал дос, жақсы жолдас Мырзахмет,
Жауынгер жыл есігін бірге ашып ек.
Бір ырғақ тілге келіп үйірілді,
Болғандай бірер шумақ жырға тиек.
Бар қазақ, бөлек жандар болсақ тағы,
Біз үшін қуаныш, қайғы ортақ бәрі.
Тигенмен жанға ауырлау, көңілге жат,
Жүрерміз бұл күндерді аңсап та әлі.
Бұл өзі қайталанбас қызық күндер,
Жүр дейсің қасиетін біліп кімдер.
Мен үшін бәрің достар бір-бір төбе,
Апайтөс, арыстандай жігітсіңдер!
Еш айырымы жоқ жандар біз ұққайтын,
(Бұл достыққа жүр екен қызықпай кім!).
Жан достар – аңқылдаған адал достар,
Мен сендерді өлгенше ұмытпаймын!

Ақын осылай деп толғана келіп 1974 жылдың 16-қазанында төмендегі жалқы шумақты қағазға жеке түсіріпті:

Тұрмасам да ақын боп есіп-ағып,
Бірер шумақ жазғаным несіне айып?!
Осы жолдар көзіңе түскен сайын,
Жүрсең болды мені де есіңе алып!

Жылдар өтті. Қазір Ахат бұл дүниелік емес. Ол 1984 жылы өмірден озды. Соңында отбасы, балалары қалды. Бірақ ақын мұрасын жинақтаған жан жоқ. Ахат Баққожаев тірі болғанда биыл 65 жасқа толар еді.

Ахат жазуды солақай қолмен жазып, домбыраны солақай қолмен тартатын. Сонымен қатар әнші, күйші, суырып- салма ақындығы да бір төбе болатын.

Мені ақындыққа баулып, Талдықорғанда талай айтысқа қатыстырғаны есімде. Бірде қазақтың ақын қызымен айтыстырып жатқанда жаттанды өлеңдерім таусыла бастап жеңілуге айналдым. Ахат соны сезіп ақырын сыбырлай бастады. Мен өзім шығарғандай шебер орындап шықтым. Айтыскер қызымыздың «Айтыстың тәртібін бұздыңыздар», – деп шығып кеткен кезі болған. Ахат болса менің жеңісіме балаша қуанатын. Ақын-жазушылардың өлеңдерін жадына тоқитын, әсіресе Мұқағали Мақатаевтың, Төлеген Айбергеновтың өлеңдерін жатқа айтатын.

Талдықорғандағы орталық саябақта «Киіз үйдің» ішінде қымыз сатылатын еді. Жұмыстан соң немесе демалыс күндері сол «Қымызханада» талай қазақтың зиялы қауымымен таныстырды. Менің өнерге деген құлшынысымды қолдап, жігерлендіретін Ахат досым еді.

Әкесі Баққожа кейінде Қаратал ауданы Абай ауылында көп жылдар математикадан сабақ берген өнегелі ұстаз, ақын. Бес уақыт намазын қаза жібермеген діндар адам еді, сонымен бірге аңшылығы да бір төбе. Ахат жазған өлең-жырларын әкесіне тексертіп, түзеттіріп отыратын да, әкесі ақыл-кеңесін аямайтын. Артында сүйген жары Биғайша және екі ұлы қалды. Сегіз қырлы, бір сырлы осындай досыммен жүрегі тоқтағанша қарым-қатынасымыз үзілмегенін жаныма медеу тұтамын».

Өнер десе ішкен асын жерге қоятын Мырзахмет Сәрсеновтың жан тебіренісі ойландырмай қоймайды. Мүмкін Ахаттың төл тумалары жерлестерінде, замандастарында, отбасында сақталған болар. Ахат ақынның соңында қалған мұрасы жинақталса Ақсуда туып, Қаратал да есейіп, Талдықорғанда тұлғаланған ақын есімі айшықтала түсері анық. Бойындағы сан қырлы талантының толық танылуына, өкінішке қарай, адымын ажал құрсаулап, өткінші уақыт мұрсат бермеді. Дегенмен отыздан, еркін аспай-ақ журналистикадағы қолтаңбасымен, поэзиядағы өзіндік үнімен ортасын мойындатқан Ақат Баққожаевтың жырлары ескі басылымдардан жинақталса, жарыққа шықса деген арманымыз көмескіленбесе екен...

Жомарт ИГІМАН

✓ТЕАТР

Қамауда қалған АРМАН

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының актрисасы Марал Анарбек басты рөлін сомдаған «Қамауда қалған арман» атты драмалық туынды Құман Тастанбеков атындағы аудандық Мәдениет үйінде сахналанды.

Ширек ғасырдан астам өнер жолында жүрген Марал Анарбек Көкжиде ауылының тумасы. Жастайынан өнер десе ішкен асын жерге қоятын арманшыл қыз талантты актерлер сапына қосылған. Туған жерге жасаған гастрольдік сапарында жерлестеріне ұсынған қойылымын белгілі театр және кино актері Нұржан Тұтов сахналапты. Шағын ғана кейіпкерлері бар спектакльдің өн-бойында актрисаның шеберлігі, тәжірибесі, роль табиғатын, болмысын жете сезінетіндігі айқын көзге ұрып тұрады. Сондықтан болар, бір сағаттан астам уақытқа созылған қойылымның көріністері, шиеленістері, оқиғалардың даму динамикасы көермендерді ынтықтырып, алдыға жетелеп отырды.

– Біздің мақсатымыз – қоғамдағы келеңсіздіктерді көрсету арқылы көермендердің санасын сілкіндіру. Спектакльден кейін көермендердің бір-бірімен әсерлерін бөлісуін естігенде сол мақсатымыздың орындалғанын біз де сезіндік, – дейді қойылымның режиссері Нұржан Тұтов.

Зал толы көерменді күлдіре отырып күйіндіре білген спектакльді тамашалаған тұрғындар салмақты ой арқалап қайтты.

Ж. ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

✓ТАНЫМ

● Қашанда қасиетті орындарға ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ, халықтың жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар кіреді. 2017 жылы қолға алынған «Қазақстанның қасиетті орындарының географиясы» жобасы аясында облыс бойынша жалпыұлттық объектілер тізіміне 17, өңірлік объектілер тізіміне іріктеліп 41 нысан енгізілген. 2018 жылы киелі нысандар бойынша «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы 2 томдық кітап дайындап, алғашқы нұсқасы шықты. 2019 жылы аталған тізім тағы да толықтырылып, қасиетті орындар қатарына енгізу үшін қосымша 12 нысан ұсынылып, оның тоғызы қосымша тізімге алынған болатын.

ҚАСИЕТТІ НЫСАНДАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ



Қажет АНДАС

Өткен жылы Жетісу облысы өз алдына шаңырақ көтеріп шыққаннан кейін Жетісу облысының тарихи, мәдени мұраларды қорғау жөніндегі орталығына салмақты міндеттер жүктелді. Сонымен Жетісу облысындағы қасиетті нысандардың тізімін толықтыру мақсатында ауқымды жоба қолға алынып, биыл Жетісу облысының тарихи-мәдени мұраларды қорғау орталығы мен «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жетісу – киелі мекен» экспедициясы 1–3 қараша күндері Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарын, 15-17 қараша күндері Кербұлақ, Панфилов аудандарын аралап, ондағы тарихи орындар, кесенелер, қасиетті жерлерді тексеріп, ауыл ақсақалдары, өңірдің тарихын зерделеп жүрген қаламгерлермен сұхбаттасып, аңыз-әңгімелер мен деректер жинады. Экспедиция құрамында Жетісу облысының тарихи-мәдени мұраларды қорғау орталығының мамандары мен «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің тарихшы, археолог, өлкетанушы және географтары болды.

Экспедиция барысында Ақсу ауданы, Баласаз ауылының іргесіндегі Омар-Әлхан төре кесенесі, Сарқан ауданына қарасты Базарбай би кесенесі, Алакөл ауданының аумағында орналасқан Борша қырғыны болған орын, Тоқболат батыр, Қарға батыр, Ермырза батыр, Қандығатай әулие, Сыбанбай би, Шағырай әулие, Тоқта тауының бөктеріндегі қазақ-жоңғар ортасында соңғы шайқас болған жерлер зерттеушілердің назарын аударды. Жалпы, 3 күнге жоспарланған экспедиция барысында 20-дан астам нысан қарастырылды. Кербұлақ ауданына қарасты Шиырбай бастаулары, Тезек төре кесенесі, Нұрым ауылының іргесіндегі Бердіқожа қажы күмбезіне тоқтап, зерделеу жүргізді. Сондай-ақ, Шоқан Уәлихановтың ескерткішіне тәу етіп, қайтадан жаңғырту жұмысы жүргізілген Шоқан Уәлихановтың мемориалды музейінде болды. Сол барыста Тезек төренің ұрпағы Азамат Ақылбеков, Бердіқожа қажының ұрпағы Нұрлан Берікұлынан тың деректер мен ақпараттарды жазып алды. Сондай-ақ, Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылы аумағындағы Найзатапқан минералды су көзі мен Шормақ батыр кесенесіне тәу етіп, Ынталы қорымын көрді. Талды ауылдық округіне қарасты Құрашы сайының басында орналасқан Аққұмбез қорымы, Сақ обалары, Қожбанбет би кесенесі, Көктал ауылдың округіндегі Салпық би кесенесі, Бірлік ауылдық округіне қарасты Шежін қорымы, Шойнақ батыр кесенесі қатарлы нысандарды тексеріп, жергілікті тұрғындар және тарихи тұлғалардың ұрпақтарынан естеліктер жиналып, өлкетанушы Қали Ибрайымжанов пен Айдаржан Нүсіпов, Тоқтасын Сатыбалдиевтардан сауалнама алынды.

Экспедиция аясында жинақталған ақпараттар комиссия мүшелері арасында қаралып, қорытындысы С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада өткен «Жетісудың қасиетті жерлері» атты конференцияда шықты. Сонымен қатар, экспедиция барысынан жинақталған кітаптың таныстырылымы өтті. Комиссия мүшелерінің шешімімен Ақсу ауданынан 100 оба, Қыз бейіті қорымы, Алакөл ауданынан Қос келіншек ескерткіші мен Тоқта тауындағы соңғы шайқас болған жер, Кербұлақ ауданындағы Төре қорымы, Панфилов ауданындағы Аққұмбез қорымы республикалық қасиетті нысандар тізіміне, тағы да 20 нысан өңірлік маңызы бар қасиетті нысандар тізіміне енгізілді.

Алдағы уақытта республикалық және өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгендер жұртқа насихатталып, оны қорғау мен ел игілігіне айналдырудың жобалары атқарылатын болады.

● ГАЛА-КОНЦЕРТ



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

АРМЫСЫҢДАР, АДАМДАР!

■ Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған кез келген ән естір құлақты елітіп әкететіні жасырын емес. Ақынның жырларына үйлестірілген әндерді бұл күні шырқамай жүрген қазақ кемде-кем. Осы орайда Д. Рақышев атындағы облыстық филармониясында «Армысыңдар, адамдар!» атты әншілер байқауының Гала-концерті өтті.

Медет ЖҰМАБАЙ

Шара шымылдығын Мұқағали Мақатаевтың жерлесі, ақын Жұматай Оспанұлы түрді. Көпшілік алдында сөз сөйлеп, ақиық ақынның өлеңдерінің өміршеңдігі жөнінде ой өрбітіп, ұйымдастырылып отырған байқаудың мән-жайына тоқталды.

– *Мұқағали қара өлеңмен халықтың жүрегінде бірге жасап келе жатыр. Осы өткізіліп отырған ән-байқауы соның дәлелі десек те болады. Бұл шара Алматы облысы болып тұрғанда қолға алынып, соңғы 15 жылдай уақытта әр жыл сайын ақынның туған күнінде «Жырлайды жүрек» деген атпен өтіп келе жатқан. Облыс бөлінгеннен кейін былтырғы абыр-сабырда аталмай қалды. Бірақ биыл Жетісу облысы үрдісті қайтадан жаңғыртты,* – деді ол.

Сөз кезегін алған Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әміре Әрін халық алдында Мұқағали Мақатаевтың көзін көріп, сұхбаттасқаны тұрғысында әңгімеледі. Ол Мұқағалиды қазақ поэзиясының арнасын кеңейтіп, Абайдан кейін жаңа бір көркемдік деңгейге көтергені туралы ой айтып, пікір білдірді.

– *Ол оқиға 1974 жылы болды. Сол заматта студентпіз. Жанымда Төлеген деген досым бар, екеуміз асханаға ауқаттануға барғанбыз. Сол жерден бір таныс дауыс естілді. Әлгі тұсқа жақындағанда Мұқағалиды анық таныдық. Бұрын өлеңдерін газет-журналдан, теледидардан естіп жүрген, бір көрсек деп армандап жүрген ақынмен аядай ғана бір асханада ұшырастық. Бізді Мұқаңның өзі қасына шақырды. «Мені білесіңдер ме?» деген сауалына «Білгенде қандай, сіз Мұқағалидың өзісіз ғой» дедік. «Майгүлге» деген өлеңін оқып та бердік. Маңдайымыздан сыйпап жанына отырғызды. Көп әңгіме айттық,* – деді Әміре Әрін.

Ән додасында аудан, қалалардан іріктеліп, облыстық кезеңге өткен 30-ға жуық әнші өнерлерін ортаға салды. Олардың тек 19-ы ғана іріктеуден өтті. Өнерпаздар дәстүрлі, эстрадалық ән бағыттары бойынша сайысқа түсті.

Аталған байқаудың басты мақсаты – М. Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндер мен 35 жасқа дейінгі жаңа орындаушыларды анықтап, жастар арасында өнерге деген құштарлықты арттыру, ақын мұрасын кеңінен насихаттау.

Байқау қорытындысына сәйкес «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша 3-орын Гүлжайна Ғибатоллақызына бұйырса, 2-орынды Дина Ахмед еншіледі. 1-орыннан «Жарас» дуэтінің әншілері Санжар Бексұлтан мен Мирас Құрманақын көрінді. Бас жүлдені «Қара дала» этнорок ансамблі иемденді.

Ал «Эстрадалық ән» номинациясы бойынша 3-орын Ерасыл Қабдығалиевке, Айнұр Букенбайға, Айзада Смағұлға тиесілі болса, 2-орын Дамир Шаяхметовке бұйырды. 1-орынды Жандос Сергазинов алды. Бас жүлде Бекжан Қайратұлының қанжығасына байланды.

Мұзбалақ ақынның рухын өнерімен асқақтатқан байқау жеңімпаздарына ақшалай сыйлық пен диплом табысталды. Марапат иелері көпшілік алдында өнер көрсетіп, Жетісу көгін әнге бөледі.

ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы қызметіне Айдос Нұрланұлы Дауешев тағайындалды.

Айдос Нұрланұлы ДАУЕШЕВ



1989 жылы Талдықорған қаласында туған Айдос Дауешев Еуразия гуманитарлық институтын «құқық» мамандығы, Қазақ гуманитарлық заң университетін «құқық» мамандығы бойынша бітірген. Қызмет жолын 2012 жылы Астана қаласындағы ҚР ҚОҚМ «ҚазҒЗИ» РМК экологиялық жобалар басқармасының сарапшысы болып бастаған Айдос Нұрланұлы «Жасыл даму» АҚ-ның қатты металл бөлімінің маманы, «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС Халықаралық ынтымақтастық және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының жетекші маманы қызметтерін атқарған.

Мемлекеттік қызметте 2018 жылдан бері істейді. ҚР Инвестиция және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті құқықтық қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық актілерді дайындау және сүйемелдеу басқармасының бас сарапшысы, аталған комитеттің құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы міндеттерін атқарған.

2020 жылдан ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитеті заң жұмысы басқармасы, норма шығару қызметі, превенция және мемлекеттік сатып алу жұмысы басқармасының бас сарапшысы болды. 2022 жылдың 11 шілдесінен ҚР Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласын талдау және мониторингілеу басқармасының басшысы және аталған комитеттің бақылау және үйлестіру басқармасының басшысы қызметтерін атқарды.

2024 жылдың 22 қаңтарынан ҚР Сауда және интеграция министрлігінің аппарат басшысының №157 бұйрығымен Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы қызметіне тағайындалды.

● ЖИЫН

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ АРТА ТҮСЕДІ

■ Облыстық кәсіпкерлер палатасында өткен жиында құрылыс материалдарын өндіруді дамыту, білім беру, денсаулық сақтау, энергетика және ТҮКШ саласында іске асырылуы тиіс жобалар пысықталды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сондай-ақ, Талдықорған қаласында жобаларды іске асыру кезінде отандық тауар өндірушілердің өнімін пайдалану, нысандар салу, құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алу, шағын және орта кәсіпкерлікке қатысты мораторийді алып тастау және мобильді аударымдар (ҚР Заңнамасына енгізілген өзгерістер), жалпыға бірдей декларациялау, бөлшек салық режимі, салмақ өлшеу аппараттары туралы мәселелерге ден қойылды. Осыған байланысты салаға жауапты лауазымды тұлғалардың баяндамалары тыңдалды.

Жиында облыстық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Дәурен Оңалбаев бүгінде облыста құрылыс индустриясы бойынша 30-дан аса кәсіпорынның жұмыс істейтінін, құрылыс бұйымдарын өндіру өнеркәсіптің басым салаларының бірі екенін, өткен жылғы қорытындыға сәйкес сала кәсіпорындарының орташа жүктемесі 50-70%-ды құрағанын атап өтті. Сондай-ақ, бүгінде мемлекеттік сатып алу саласында кез келген нысанды салу, қайта жаңғырту, жөндеу барысында қажет тауардың бәрі құрылыс-монтаж жұмыстары кезінде сатып алынатыны, осы сәтті ұтымды пайдалана білетін мердігерлер немесе делдалдардың тиісті жерге тауар жеткізетіндері, ал отандық тауар өндірушілердің сатып алуларға тікелей қатыса алмайтыны, бұл ретте мұндай сатып алулардың 60-70% -ын «тауарлар» құны құрайтыны, тиісінше, мемлекеттік органдар атынан тапсырыс берушілер нысанды жобалау кезінде жергілікті тауар өндірушілердің мүдделеріне басымдық беру керек екені сөз етілді.


Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов ойын жеткізді. Белгілі болғандай, биыл өткен жылдан ауыспалы түрлі саладағы 292 нысанды іске асыру жалғасады. Тұрғын үй құрылысы бөлігінде 331,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 4 мың шаршы метрге артық. Осы мақсатқа бюджеттен 8,5 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінген. Бұған қоса, 178 жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жоспарлануда. Оның ішінде 104 жоба бойынша сараптамалық қорытынды алынады. Нәтижесінде биыл аймақта құрылыс жұмыстарының қарқыны артады. Осы жобаларды іске асыруда жергілікті тұрғындарды баспанамен қамту мәселесі оң шешімін тауып, мәдени, спорттық, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтермек. Сонымен бірге салық түсімдері мен өнеркәсіптік өндіріс көлемін арттыру көзделуде. Алдағы уақытта күш-жігер отандық тауар өндірушілердің жобаларын іске асыруға жұмылдырылмақ.

Соңында күн тәртібінде қаралған барлық мәселенің назарда болатыны ескертіліп, сала қызметкерлеріне тапсырмалар жүктелді.

● ОБЛЫСҚА – 80 ЖЫЛ

ӨТКЕНІ ӨНЕГЕ, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

■ Сарыбұлақ асыл тұқымды қой зауыты 1944 жылдың 5 сәуірдегі кеңестік Халық комиссиялар кеңесінің №358 қаулысымен бұрынғы Гвардия ауданы Ленин атындағы кеңшардың бөлімшесінен құрылды. Оның негізі Ақсу ауданының Қопа ауылындағы қой кеңшарының адамдарынан қалыптасты. Содан бергі 80 жылдық тарихында Сарыбұлақ ауылы өңірдің өркениеті мен өсуінің барлық кезеңін бастан өткерді.



Қажет АНДАС

Кербұлақ аудандық мемлекеттік архивінен алынған деректерге назар аударсақ, «Сарыбұлақ» қой кеңшарының алғашқы құрылған кездегі аумағы 130236 шаршы метр, 10 ұлт өкілінен тұратын 3027 тұрғыны болған. Кеңшар алғаш құрылғанда құрамына Қарағаш, Қазынсу, Сарыбұлақ, Шилісу ауылдары кіріп, Қарағаш орталық болған. Асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлініп, ет-сүт өнімін өндіру бағытында жұмыс істеді.

Құжатта елді мекеннің алғашқы іргетасын қалаған, Ақсу ауданынан қой айдап келіп, кеңшардың құрылуына аянбай қатысқан Мұхаметшәрі Иманбеков, Нұржәмилә Дәуренбекова, Бадыр Битебаев, Сара Битебаева, Кенжехан Өмірбеков, Шәлдібек Белгібаев, Әбітай Бектеміров, Омарбай Смағұлов, Сиязбек Қадыров, Мырзабек, Күнпая Мырзатаевалар аталады. Ал 1945 жылы кеңшар директоры Сакиев, №1 ферманың меңгерушісі Сексембаев, бас мал дәрігері Берентаев, веттехник Сафина, №2 ферманың меңгерушісі Ысқақ Жолмырзаев, бас мал дәрігері Шалакин, веттехник Нұрумин болғанын да қор құжаттары нақтылайды. Сонымен қатар, құжаттардан 1945 жылдың 25 сәуіріндегі ақпарат бойынша кеңшардағы броньдалған әскери міндеттілер, арнайы қоныс аударушылардың тізімінде кездестіруге болады.

Ветсанитар, тыл ардагері Мафруза Яруллақызы Сафина, Есжан Ысқақов, Аққозы Солтанбеков пен зайыбы Жамалкия Солтанбекова, Шынасыл Төребеков, Ұлтай Оразбаева, Нұрланбек Рүстембеков, Нұрихан Рүстембекова, Сазанбай Бектілеуов, Қажыбай ата, Серікбай Байсалақов, Ермұханбет Сексенбаев, Мұсабек Тазабеков, Құлмұқан Сенбаев, Ділдәбек Садықов, Сәтия Енсебаева, Естай Қарасаев, Игібай Байқадамов, Дегенбай Бестереков, Болат Байқадамов, Әсембай Белгібаевтар 1949 жылы отбасымен Балқаш ауданынан көшіп келіп, ауыл тұрғындарының санын еселеп, шаруашылықтың дамуына мол үлес қосты.

Асыл тұқымды қой шаруашылығын өркендеткен кеңшардың даму жолында тер төгіп, еңбек еткен аға буындар көп болды. Зауыт көрсеткішкері үшін республика одақтың ауыспалы Қызыл Туымен үнемі марапатталды. Осы тұста аға шопандардың атқарған ерен еңбегі елеусіз қалмады. Ұжым КСРО Халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің (ВДНХ) медалін иеленсе, Социалистік Еңбек Ері Дүйсенбай Мақанов 1961 – 1973 жылдары кеңшар директоры қызметін атқарды. №1 ферманың меңгерушісі Сейіткерім Бектеміров, атақты шопандар Батқолда Акимбаев, Мұхаметшәрі Иманбеков, Қанапия Рахимжанов, Есжан Ысқақов Ленин, Октябрь революциясы, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Архив құжаттарындағы деректерге сүйенсек, 1950 жылы «Сарыбұлақ» кеңшарының әкімшілігінде 24 адам қызмет атқарған. Ал 1971 жылғы мал санының есебінде: «қой 46791, сиыр 344, жылқы 713, түйе 633, түйетауық 2500 басқа өскен» деп көрсетілген. 1979 жылы Сарыбұлақ селолық кеңесі бойынша 4 кітапхана, 1 қызыл отау, 1980 – 1981 жылдары 640 орынды орта мектепте мыңға жуық оқушы білім алса, №1 фермада 150 орынды мектеп- интернаты мен 90 орынды балабақша жұмыс істеген.

Талдықорған облысы Алматы облысының құрамына бірде қосылып, бірде бөлінген сайын «Сарыбұлақ» кеңшарының да әкімшілік құрылымы сан өзгерді. 1973 жылдың 25 желтоқсанында Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы құрылған кезде Сарыбұлақ ауылдық округі деп аталып, Қарағаш ауылы орталық болып нақтыланады. 1988 жылдың 9 шілдесінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Талдықорған облысы, Гвардия ауданы таратылып, оның жер аумағы Кербұлақ ауданына қосылып, орталығы Сарыөзек кенті болып белгіленген. 1997 жылы 22 сәуірде Кербұлақ ауданы Алматы облысының құрамына енгізіліп, 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап Сарыбұлақ ауылдық округі атанып, орталығы Қарағаш ауылы болып өзгерді. 2022 жылы Жетісу облысы құрылғанда Сарыбұлақ ауылы Кербұлақ ауданының құрамында қалды.

Сарыбұлақ ауылы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырауды, кейінгі жылдардағы қайта өркендеуді басынан өткерді. Айталық, ауылдық округте 2001 жылы 373 отбасы, 1991 тұрғын, 2004 жылы 332 отбасы, 2006 тұрғын болса, 2007 жылы бұл көрсеткіш 332 отбасы, 2089 адамға жеткен. Бүгінде 297 отбасы, 1605 адам тұрады. Округ орталығы Қарағаштағы ауылдық орта мектепте 176 бала оқиды.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша «Сарыбұлақ» қой кеңшары алғаш құрылғанда 15 мың қой болса, кейін 100 мың тұяқтан асқан мыңғырған малы бар кеңшарға айналды. Мектеп-интернат, клуб, балабақша, монша, алма бағы ауылға сән берді. Мыңнан аса үй, бірнеше мыңдаған тұрғыны болды. Ауыл және мал шаруашылығы жұмыстарына пайдаланылатын 90-нан аса трактор, 100-ден аса машина, 56 комбайн, 22 «К-700», 70 су таситын көлік, тағы басқа техникалар самсап тұратын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезеңінде қолда бар мүмкіндік көзден бұлбұл ұшты. Дегенмен, ауыл азаматтарының береке-бірлігі, тынымсыз еңбегі, облыс, аудан басшылығының қолдап-қуаттауының нәтижесінде қазіргі ауылдың тынысы ашылып, тіршілігі түзеліп келеді.

Бүгінде ауыл толығымен электр жарығы, ауызсумен қамтамасыз етілген. Өткен жылы Талдықорған–Алматы күрежолынан Сарыбұлақ ауылдық округінің орталығы Қарағаш ауылына дейінгі жолға асфальт төселіп, Қарағаш ауылынан Сарыбұлақ ауылына (2-ферма) электр жарығы жеткізілді. Спорт алаңы, балалар ойын алаңдары салынып, ауылішілік жолдар реттелді, пошта, медициналық пункт тұрақты жұмыс істейді. Былтыр ауыл әкімшілігі ғимаратының жанынан «Өлкетану» мұражай бөлмесі ашылып, онда ауыл тарихы мен тұрғындардың өткенінен сыр шертетін жәдігерлер жинақталды. Күн тәртібінде тұрған ауылды құм басу мәселесі бойынша жұмыстар атқарылуда. Ауылдастардың мал саны өсіп, жер емшегін еметін дикандардың жағдайы да, техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі де жақсара түсті.

Айта кетерлігі, биыл Жетісу облысының құрылғанына 80 жыл болса, Сарыбұлақ ауылының іргетасы қаланғанға дәл сондай уақыт өтті. Осыған орай «Туған жерге туыңды тік» деген қағиданы ұстанған ауыл азаматтары жыл басынан бері ауыл тарихын түгендеп, ауыл, аудан, облыстың құрылуы мен гүлденуіне тер төккен адамдардың үлесін жинақтап, тарихи-танымдық еңбек жазуды қолға алыпты. «Ауылдың барлық бет-бейнесі сол еңбекте көрініс табады» дейді бастамашыл азаматтар. Дегенмен, Сарыбұлақта туып, арман қуып, мақсат арқалап еліміздің әр аймағында қызмет етіп жүрген азаматтардың кейбірі осы игілікті істен хабарсыз көрінеді. Сондықтан азаматтар: «Туған ауылының өткені мен өрлігі, өзінің отбасы, жекебасына қатысты құнды ақпараттар болса, saribulak_akimat@mail.ru электронды поштасына жіберсе» деген тілегін газет арқылы білдіре кетсеңіз деген еді. Біле жүріңіздер.

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

13 ақпан,
сейсенбі,
2024 жыл
№19 (19302)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТӨККЕН ТЕРДІҢ ӨТЕУІ

■ Экономиканың аграрлық секторын одан әрі дамытуға, әрі осы дамудың арқасында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экспортты облыста нақты шаралар атқарылып жатыр. Жерлестеріміздің басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Сондықтан да ауылшаруашылығын дамыту арқылы ауылдағы әлеуметтік мәселелері шешімін табады. Дегенмен қалалы жерлерді азық-түлікпен қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлген жөн. Бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі қолға алынып жатқанын баспасөз туры аясында көз жеткіздік.

Қажет АНДАС

Кейінгі жылдары Талдықорғандағы «Овощепром» және «Жетісу Агро кешені» ЖШС, «Мақмұт Нұргүлсін», «Түлкібай», «Шарапиев Т», «Майлыбаев» жеке кәсіпкерліктері жылыжай шаруашылығымен айналысып, тұрғындарды экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс атқаруда. Жалпы аумағы 1,52 гектарды құрайтын жылыжайларда қызанақ, қияр, түрлі салат жапырақтары өсіріледі. Алдағы уақытта 1 гектар жерге жылыжай кешенін салу жоспарланған.

Осындай өз қаржысымен кәсіп ашып, жұртқа үлгі көрсетіп, игілікті істің басы-қасында жүрген азаматтың бірі Еркін ауылындағы 40 сотық жерге жылыжай салып, нәсібін еселеп отырған «Майлыбаев» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Бағдат Нұрғалиев.

– Жылыжай – ұқыптылық пен табандылықты талап ететін кәсіп. Біз 2019 жылдан бастап жылыжай шаруашылығымен айналысуды ниет етіп, жұмысқа кірістік. Бастапқыда 10 сотық жерге жылыжай салып, бағытымызды айқындадық. Кейін оның көлемін ұлғайтып, бүгінде 40 сотық жерге жеткіздік. Негізінен қияр өсірумен айналысамыз. Алғаш жұмыс бастағаннан бүгінге дейін 80 млн. теңгеге жуық қаражат жұмсалды. Бүгінде 6 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмыз, – дейді кәсіпкер Бағдат Нұрғалиев.

Еркін ауылының аумағына орналасқан кәсіпкерлік нысанының бүгінгі жағдайы көңіл көншітеді. Бір апта бұрын егілген жасөскіндер жайқалып өсіп келеді. Олар наурыз айының басында базарға шығарыла бастайды.

Жас кәсіпкердің бар назарын жылыжайдың құрылысына ғана арнамағанына куә болдық. Жылыжай орналасқан жердің жанынан жұмысшыларға арналған тұрғын үй де салыпты. Жылуы, суы толық қамтамасыз етілген үйде жұмысшыларға керекті барлық жағдай жасалған.

Дегенмен жылыжайдың әлі де толықтайтын, заманауи құрылғылармен қамтамасыз ететін тұстары жетерлік. Бірақ оған мемлекеттің қолдауы керек. Олар алдағы уақытта жеңілдетілген пайызбен берілетін мемлекеттік гранттарға қатысып, кәсібін ұлғайтуды да мақсат етіп отырғанын жеткізді. Әрине, осындай азаматтарға қолдау көрсету кәсіпкерліктің өркендеуіне үлкен көмек болатыны да белгілі.

Талдықорған қаласы





Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

● БРИФИНГ

Маска тағу режимі енгізілді

■ Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде «Жетісу облысында қызылша, ЖРВИ, тұмау және коронавирустық инфекциялардың эпидемиологиялық жағдайы» атты брифинг ұйымдастырылды. Спикер Жетісу облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Асхат Чарапиев.

Гүлжан ТҰРСЫН

Облыста қызылшамен сырқаттанушылық тұрақталып келеді. Былтырғы қараша айында 144, желтоқсанда 218 жағдай тіркелді. Жыл басынан бері 156 адам ем алуда. Қазіргі таңда алғашқы нақтамамен 1122 жағдай тіркеліп, оның 797-і расталды. Балалардың қызылша жұқпасымен сырқаттануы қараша айының соңындағы жағдаймен салыстырғанда біршама төмендеп отыр. Иммундық статустар бойынша қызылшамен ауырғандардың көбі егілмеген.

«Облыс бойынша расталған жағдайлардың 79,4% бұрын қызылшаға қарсы вакцина алмаған. Сырқаттанушылық облыстың барлық аумақтарында тіркелді. Қызылша сырқаттанушылығын төмендету мақсатында бірқатар шаралар атқарылуда», – дейді Асхат Сәкенұлы.

– 1 және 6 жастағы балалар жоспарлы түрде қызылшаға қарсы егіледі. Мысалы, 2023 жылы 1 жастағы 12217 бала егіліп, 6 жастағы 12321 бала қамтылды. 18 жасқа дейінгі қызылшаға қарсы егілмегендердің иммундық мәртебесіне ревизия ұйымдастырылып, екпе жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, иммундық мәртебесі белгісіз және бұрын екпе алмаған 8527 адам егілді. Жұқпа ошақтарында басқалармен қатынаста болған 127567 адам анықталды. Эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша егілуге жататын адам саны 3497, егілгені – 2075, 1422 адам иммундаумен қамтылған жоқ. Себебі, 245 адамға медициналық шектеу қойылған, 1177 адам екпеден бас тартқан. Қазіргі кезде бұрын екпе алмаған балалар, медициналық шектеулері болғандармен және вакцинадан бас тартқандармен жұмыс жүргізіліп жатыр. Қызылша бойынша жағдай тұрақты бақылауда, эпидемияға қарсы шаралар жалғасып жатыр.

Облыста коронавирустық инфекцияның эпидемиологиялық ахуалы тұрақты. 2024 жылдың қаңтар айында КВИ-дің зертханалық расталған 2 жағдайы тіркелген. Тұмау жұқпасының 129 жағдайы анықталды. Осы инфекциялардың барлығы ауа тамшылар жолымен таралатындықтан бетперде қолданған дұрыс. Бұл жөнінде 2024 жылдың 8 ақпанында Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің №2 қаулысы шықты. Тұрғындар арасында ауа тамшы жолы арқылы берілетін инфекциялық қызылша, COVID-19, тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың таралуының алдын алу мақсатында медициналық ұйымдарда пациенттер мен келушілер маска киюі тиіс. Сонымен қатар, адам көп шоғырланған жерлерде бетперде кию ұсынылады. Дәрігерлер жергілікті атқарушы орган, орталық мемлекеттік орган, меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғаларға халықтың көп жиналатын әуежай, теміржол вокзалдары, автовокзал, базар, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, театр, кинотеатр, ХҚКО, банктер және тағы басқа қоғамдық көлік, әуе, теміржол көлігіне мінгенде медициналық немесе матадан тігілген маскаларды пайдалануды ұсынады.

Спикер сөзінің қорытындысында кәсіпкерлік субъектілеріне шектеу шаралары қойылмағанын, ковид бойынша жағдайдың тұрақты екенін ескерте келіп, алаңдауға негіз жоқ екенін айтты.

● ЖАЙДАРМАН

СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

■ Шегараның шебінде орналасқан Достық ауылы аудан орталығы Үшарал қаласынан 180 шақырым қашықтықта орналасқан. Бүгінде 6735 тұрғыны бар ауылдың Қазақстан – Қытай шегара өткелінен, Қазақстан теміржол жүк тасымалымен еншісі мол. Сондықтан бұл ауылдың ажарлана түскені аудан, облыс, тіпті республиканың бет-бейнесіне де шырай кіргізері анық. Өткен жылы Достық ауылы жайлы көлемді материал дайындап, елді мекеннің шешілмей жатқан түйткілдері туралы біраз дүниені оқырман талқысына ұсынған едік.



Сол ұсыныстардың дені орындалып, ауыл тұрғындарының сеніміне бөленгенбіз. Сол қатарда ауылда салынып жатқан спорт кешені туралы да қуана хабарлағанбыз және осы жылдың басында қолданысқа берілетінін айтқанбыз. Кеше ғана сол жазбамызға өзек болған Достық ауылындағы 80 орынға арналған спорт кешені пайдалануға беріліп, жұрттың қуанышын еселеді. Кешеннің салтанатты ашылуына облыстық спорт және денешынықтыру басқармасының басшысы Ұлан Рысқұл, аудан әкімі Алмас Абдинов қатысты.

– Алакөлдіктер спортты дамытуға ынталы. Оған, біріншіден, Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту бойынша берген тапсырмасы серпін берсе, екіншіден, Алакөл қазақ спортының туын желбіреткен талай саңлақ шыққан өңір. Сол үрдісті жалғастыратын талантты жастарымыз да қаулап өсіп келеді. Оларға бағыт беріп, қолдау таныту қашанда басты міндетіміз, – дейді аудан әкімі.

Бүгінде 134 спорттық нысан аудан тұрғындарына қызмет көрсетуде. Оның ішінде 2 стадион, 5 спорт кешені, 53 спорт зал, 74 жазғы құрылғылар бар. Жаңадан ашылған Достық ауылындағы спорт кешені игілікті істердің қатарын көбейте түсті.

Нысанды облыстық құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша мердігер «Даулет-Серпін 603» ЖШС жоғары деңгейде, сапалы салып бітірді. Оған облыстық бюджеттен 1 млрд. 72 млн. теңге қаржы бөлінген.

Спорт кешенінің жалпы аумағы 4595,45 шаршы метрді құрайды. 2 қабатты ғимаратта жас спортшыларға арналған дзюдо және қазақ күресі, еркін күрес, грек-рим, бокс, кіші футбол, волейбол, баскетболға арналған әмбебап залдар мен басқа да жаттығу орындары қамтылған. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған кешенде ауыл жасөспірімдері спорттың саналуан түрімен айналысуға мүмкіндік алды.

Спорт кешені заманға сай сапалы салынды. Оған ауыл тұрғындарының да үлесі мол. Әсіресе, нысан құрылысы Алакөл аудандық мәслихаты депутаттарының жіті қадағалауында болды. Оны әлеуметтік желідегі жазбалардан жиі оқып жүрдік.

– Жаңа нысан ауылдастардың рухани, мәдени өмірін байыта түседі. Сапалы салынды, заманауи құрылғылармен толық жабдықталды. Алдағы уақытта кешеннің жанынан спорт мектебін ашып берсе, нұр үстіне нұр болар еді, – деген өтінішін білдірді ашылу салтанатына қатысқан Алакөл аудандық мәслихатының депутаты Жайлаубай Тұрсынов.

Қ. ОМАРАҚЫН
Достық ауылы,
Алакөл ауданы

● АУҒАН СОҒЫСЫНА – 35 ЖЫЛ

Сұрапыл соғыс қасіреті

■ Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай Панфилов аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен «Ауған алауы жадымызда» атты кездесу кеші өтті.

Кездесудің қонағы, тәжік-ауған шегарасындағы қақтығысқа қатысқан, Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ғайни Айтымбетов алапат соғыс жайлы, жолдастарынан айырылу күйінішін әңгімелеп, студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді.

Шара барысында соғыс жайлы бейнеүзінді көрсетіліп, «Диана» жоғары медициналық колледжінің студенттері Ауған соғысына арналған өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Кездесуді аудандық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Сара Оспанова қорытындылап, қан майданда ерлік көрсеткен ардагерге алғысын білдірді. Сонымен қатар, кітапханашы Ақерке Аязбекова «Ауғанның асуында от кешкендер» атты кітап көрмеге библиографиялық шолу жасады.

Елерке СМАҒҰЛ,
Панфилов аудандық
кітапханасының қызметкері

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

БҮГІНГІ САНДА:

● Облысқа – 80 жыл

2
Өткені өнеге, келешегі кемел

● Жүрек сөзі

3
Айбарым едің, арысым

● Руханият

4
Көңіл шалқытқан поэзия сағаты

● МАМАНИЯ – 125

АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ

тарихтан сыр шертеді



Жетісудың шұрайлы өлкесі Ақсу өңіріндегі «Мамания» мектебінің орны тарихтан сыр шертеді. Қазір кезіндегі алғашқы қазақ мектебінің іргетасы да қалмаған. Құран оқыта барғанымызда байқағанымыз, топырақ пен шөптің арасынан құрылысқа пайдаланылған жақпар тастарды табуға болады. Қазір мал су ішіп жүрген тұма сол кездегі қазақтың зиялылары мен ұлтты білім нәрімен сусындатамыз деп мектеп тұрғызған атымтай жомарт азаматтардың шөлін қандырған бұлақ. Мөлдір бұлақтың суын алақаныма толтырып тұрып Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» деген өлеңінің: «Кесені қолыма алып қарай бердім, ішінде нақақ көзден жас бар ма деп» деген жолы тіліме оралды. Шөлімізді қандырған салқын судан сыр іздегендей болдым. Бірақ, табиғат тамашасы өткен күннен дерек бермеді. Тек дәл осы қалпымда ғасырлар бойы адамзатқа күш беремін дегендей сылдырап аға берді. Орнында бардың оңалатынын ұғындырғандай.

Гүлжан ТҰРСЫН

«Қарағаш» қалашығының орнында Үкімет тарапынан қойылған белгітас бар. Онда бұл жер «Мамания» мектебінің орны екендігі жазылған. Тарихты Маман құт әулетінің зираттары дәлелдеп тұр.

Қасиетті қара шаңырақты ақтың әскері қиратқан. Бұл жайында Қарағаш коммуна жастар мектебінің оқушысы Алтынай Есболатқызы қаз-қалпында айтып берген еді. Паровоз жүргізгендіктен ол кісіні ел-жұрты «Паровоз апа» атап кеткен. Әскери қызметте болған апа ғасырға жуық ғұмыр кешті. Өзінің айтуынша, жас кезінде басына ауыртпалық түскен жандарға қамқор болған кейуана ұзақ жасауының сырын сол адамдардан алған алғыспен астастыратын. Есін білер-білмес кезінде жетім қалыпты. Ашаршылық жылдары өз қолымен тоқыған тоқымасын көрші ауылға апарып тоқашқа айырбастап келемін деп кеткен анасы шаңырағына қайта оралмаған. Көршілері апаң келгенше коммуна мектебінде оқи тұрасың деп Қарағаш мектебіне апаруға алып шығады. «Қыстықүні еді. Бір сайдан өтіп бара жатқанымызда анамның күртешесі мен аяққиімін көрдім. Сөйтсем мені аш қалдырмайын деп тамақ алып келе жатқан анашымды қасқыр жеп кетіпті, – деп күрсінген Алтынай апа. – Біз оқуға барған 30-шы жылдары «Мамания» мектебі жоқ еді.

Қарағаш ауылы мен Мамания мектебінің ғимараты 1918 – 1920 жылдары ақтардың бекінісіне айналды. Ақтардың атаманы Анненковтың қарамағындағы Бедарев пен Осиповтың отрядтары Қарағашқа бекініп, 1920 жылы Қытайға ауарында мектепті өртеп кетіпті.

Ал, 1924 жылы осы мектепті үйлердің өртенбей қалған жерлерін қайта қалап, мектеп-интернатқа айналдырыпты. «Мәкей Еркінбеков, Төтенов деген директорларымыз болған. Мәкейдің әйелі Сара тәрбиеші еді. Абдоллаев, таланшы Қасым Мәсімов, Немеребаев, Төребаев, Үсенов, Прошулин деген ұстаздарымыз болды. Маман – Тұрысбектердің 12 бөлмелі үйінде оқыдық. Атала, қаракөже қайнатып беретін. Бір күні орыстар трактор әкеліп, Маман қажыға қойылған құлпытасты құлатты. Бір жеті жүріп, қақ ортасынан бөлді. Күміспен латынша жазылған жазуы болған. 1930 жылы қызылдардың осындай оспадар қылықтарына ренжіген тұрғындар көтеріліске шықты. Көтерілісшілер: «Бөрібай, Бөрібай» деп атпен шауып келгенде көпшілік бір орынға жиналатын. Сол жерде ақылдасу, қару-жарақ жинау, мінетін ат беру мәселесі айтылатын. Олардың келгенін ауылға айту бала болсам да маған жүктелген. Үйдің төбесіне шығып отырамын, көтерілісшілер келе жатса бар даусыммен әндетемін. Сонда ауылдағылар бөрібайшылардың келе жатқанын білетін. Балалар үйінің тәрбиеленушілерін жазда Баласаз жайлауына апаратын. Бүлдірген жейтінбіз. Кейіннен 32 жылы балаларды Қарағаштан Тақыртұмаға жаяу апарды. Неге өйткенін білмедім. Шыққанда қырық адамға бір адам жетпейтінбіз (39). Тақыртұмаға 18-і ғана жетті. Ірілеу едім, «тәте, тәте» деп жылаған бір қызды өзім арқалап бардым. Қалғаны жүре алмай жолда қалды. Сол жылы қараша, желтоқсанда аштық қатты қысты. Бірақ, мұғалімдер бізді аш қалдырмады. Қатты ашыққанда «Қаракеней» деген шөптің тамырын, «Жаужұмырдың» пиязын жейтінбіз,–деген Алтынай апа Қарағаш коммуна мектебінде оқыған кезін еске алатын. Ол сол кездегі бір жағдайды жаны ауыра отырып баяндайтын. «Түн ортасы ауғанда жатақханамыздың терезесінің алдына бір апаның сұлбасы келетін. Ол Маман әулетінің анасының рухы еді. Сенесіңдер ме, мен сол апаның кескінін көзіммен көрдім. Ақ кимешек киген апа еді. Терезенің қасына келіп: «Құртты-ау, бүлдірді-ау, киратты-ау» деп зарлап жылайтын. Баларының ақ ниет, еңбекпен салған мектебінің күлге айналғанына күйініп, күніренетін. Сол апаның рухының келетін уақытын да біліп жататынмын», – дейді Алтынай апа. Жарықтық «Паровоз апа» қиындықты көп көрсе де мойымады. Шежіре қарт 100 жасқа қарағаш шағында дүниеден өтті.

Алғашқы қазақ мектебінің іргетасын кімдер қалады? Мектепті ашушылардың оқу бағдарламасы, үлгі-өнегесі жалғасын тапты ма? Ақсудағы «Мамания» мектебінің 125 жылдығына орай қандай шаралар жүргізіліп жатыр? Енді сол жайында қалам тербесек.

«Қазақтарда бір Мамановтар мектебінен басқа мектеп, медресе жоқ. Тіпті, оқыту үшін қайғырушы бір адам жоқ», – деп «Айқап» газетінің 1912 жылғы №3 санында Сабыржан Ғаббасов «Қапалға да ай туды» деген мақаласында жазған екен.

Сол Мамановтар, яғни «Мамания» мектебін тұрғызу жайлы бастама 1899 жылдан басталған. Алдымен Хасен мен азаншы Омар оқушыларға Құран сүрелерін оқытады. Білім орнында дін және жадитше дәріс беріледі. Бұл жөнінде Адай Есенқұловтың «Ғасыр ғұмырлы мектеп» атты мақаласында «Мамания» медресесінде қазақ тілі, есеп, иман-шарт, Құран, орыс тілі, пайғамбарлар тарихы, жағрапия, зоология, ислам діні тарихы, татар тарихы, хадис (Пайғамбарлар өсиеті) оқытылғандығы тіркелген.

Маман-Тұрысбек әулеті «Мамания» мектебін Ғалия медресесі сияқты сапалы білім беретін ордаға айналдыруды мақсат етеді. Төрт кластық мектепке Қарқаралы уезінің қаракесек руынан Мұстақым Малдыбаев меңгеруші болып тағайындалды. Қарағаштағы Маман әулетінің қаржысына салынған «Мамания» медресесі 3 жылдықтан басталып, 1904 жылы 6 жылдыққа, кейін 1909 жылы 8 жылдыққа ұзартылып, мектеп дәрежесін иеленеді. Қарағаштағы «Мамания» мектебінің ашылу салтанатына Барлыбек Сырттанов пен Мұстақым Малдыбаевтың арнайы шақыртуымен атақты әнші Майра Уәлиқызы келеді. Ол бір жылдай оқушыларды өнерге баулып, содан кейін еліне қайтады. Сол кезде:

«Хош боп тұр, туған жерден алыстағы ел,
Мектеп ашып, той жасап, толысқан ел.
Лепірген асау Ақсу өзеніндей,
Әндері дәулетімен молысқан ел.
Қарағаш ән шырқадым баурайында,
Сөзімді ізгілерге арнадым да», – деп кетерінде «Қоштасу» әнін арнайды.

Мектеп ашылған жылдары 8 оқу бөлмесі, 4 үлкен зал, 60 орынды интернат үйі болған. Маман құттың ұлдары Тұрысбек, Сейітбаттал, Есенқұл қажылар білікті мұғалімдерді «Қазақ» және «Айқап» журналдары арқылы мектепке шақырады. Білім-білігі жоғары, жаңаша дәріс беретін, бірнеше тіл білетін мұғалімдер әлеуметтік жағдайының жан-жақты жасалатынын естіп, көптеп келеді. Олардың барлығына үй салып береді. Білім шаңырағына ұстаздар Стамбұл, Қазан, Уфа қалаларынан шақырылады. Файзрахман Жиханғеров, Мұхаметқали және Фатима Есенгелдиндер өте білімді дәріскерлер еді. Ал Ғабдолғазиз Мұсағалиев ұстаз Каир университетін бітірген заң қызметкері, сегіз елдің тілін білген ғалым, ойшыл-философ, шығыс елдері тарихы мен әдебиетінің зерттеушісі. Ғабдолғазиз Мұсағалиев Барлыбек Сырттановтың шақыруымен келеді.

Бүгінде Ақсу ауданында «Мамания» атында мектеп бар. Онда тарихи мектептің оқу бағдарламалары жүргізіледі. Ақсу ауданының әкімінің орынбасары Күләйхан Дәулетбековадан «Мамания» мектебінің 125 жылдығы аясында қандай шаралар ұйымдастырылып жатқандығы жайлы сұраған едік. «Мектепті тарихи орынға айналдыру жайлы ұсыныстар айтып жатырмыз. Оған мемлекет тарапынан қаржылай көмек керек екенін білесіздер. Өз тарапымыздан сәуір айында тазалық күнін өткізбекшіміз. Оның да жоспары жасалуда. Білім шаңырақтарында «Алғашқы қазақ мектебі» тақырыбында жазылған шығармаларға байқау жарияланып, тәрбие сағаттары өтіп жатыр. Шығармалардың қорытындысы күзде жарияланады. Қазан айында ғылыми конференция өткізбекшіміз. Алқалы басқосудағы баяндамалардың мағлұматы мол, пайдалы болуына мән бермекшіміз. Сондай-ақ, жақсы-жайсаңдар тиімді бастамалар көтеруіне мән бермекшіміз, - дейді Күләйхан Тұрсынбекқызы. Биыл Байқажы әулеті салдырған «Мамания» мектебінің 125 жылдығы. Мектеп орны тып-типыл. Өткенімізді білмей, жаңаны қадірлеу мүмкін емес. Сондықтан, тарихи орынға жол салынып, қарағаштар мен қасиетті бұлақ қорғауға алынса. Мектеп құрылысына пайдаланылған жақпар тастарды пайдаланып, оқу ғимаратының шағын ғимаратын жасаса.

Наурыз

ҚАЗАҒЫМНЫҢ үнісің сен, ДОМБЫРА

Алтайдан Атырауға, Батыс Сібірден Тянь-Шань тауларына дейін созылып, кең-байтақ өлкені алып жатқан қазақ жері қазынаға бай. Соның бір тармағы – қолөнер. Қолөнер бұйымдары ағаш, темір, тері, мақта-жүн, мата, қыш, тас, сүйек секілді материалдан жасалады. Ал ұлттық музыкалық аспаптар негізінен ағаштан дайындалады. Соның ең танымалы домбыра екендігі баршаға мәлім.



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Қажет АНДАС

Қазақ ұлттық музыкалық аспаптарын ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби ішекті, ыспалы, ұрмалы, үрмелі және сілку арқылы үн шығаратын аспаптар деген түрлерге бөлді. Домбыра шертпелі музыкалық аспап. Қазақтың ежелгі музыкалық аспаптарын қайта жаңғыртуға Х. Арғынбаев, Ә. Марғұлан, Ө. Жәнібеков сияқты ғалымдар көп еңбек сіңірді. Ал Таласбек Әсемқұлов домбыра пернесінің атына дейін анықтап берді. Бұл домбыра жасаудың өркендеуіне септігін тигізді.

Бүгінде сол музыкалық аспаптарды жаңғыртып, жұрт кәдесіне жаратып жүрген азаматтар баршылық. Оның бірқатары музыкалық аспаптарды жасаумен айналысып оның ежелгі қалпын бұзбай өңдеу, дамыту, жандандыру нәтижесінде көптеген нәтижеге қол жеткізді. Бұл қатарда ҚР мәдениет қайраткері, профессор Д. Шоқпарұлы, ҚР мәдениет қайраткері, профессор Ж. Тұрдығұлов және басқаларды атауға болады. Енді біреулері музыкалық аспаптарды жасаудың ғылыми негізін қалыптастыру жолында ізденіс жасап жүргендер.

Біз сөз еткелі отырған кейіпкеріміз педагогика ғылымдарының кандидаты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры Нұрәли Адамқұлов бір жағынан қазақ музыкалық аспаптарының ғылыми негізін қалыптастыру үшін көп тер төккен ғалым. Осыған дейін «Ұлттық музыкалық аспаптар дайындау технологиясы», «Жиһаз өңдеу технологиясы», «Термебау өнерінің технологиясы» «Саз аспаптарының тарихы», «Домбыра жасау өнері» атты кітаптарды, 100-ден астам оқулық жазып, халықаралық, республикалық ғылыми журналдарда 500-ден астам ғылыми мақала жариялады. ТМД елдерінде 100-ден астам шеберлік сағатын ұйымдастырып, шәкірттеріне домбыра жасаудың технологиясын үйреткен.

Ғылым жолындағы үлкен жетістігімен қатар бос уақытында жабдықталған шеберханасында музыкалық аспаптар жасаумен де шұғылданады. Осылайша қазақтың бай мұрасын сұрыптай отырып, музыкалық аспаптардың түпнұсқасын жоғалтпай, заманымызға лайықтап, дамытып, ұрпаққа аманаттап жүр. Айта кетерлігі, Нұрәли Адамқұлов домбыраның ежелгі түрлерін ерінбей зерттеп, 24 түрін өзі жасап шықты.

– Халқымызда шіңкілдек күй домбырасы, әнге арналған шіңкілдек домбыра, аша (екі жақты) домбыра, ащы дауысты домбыра, ән домбыра, Абай /Ибраһим/ Құнанбаевтың домбырасы, Жамбыл Жабаев домбырасы, балдырған домбыра, бас домбыра, бес ішекті домбыра, тұмар домбыра, Дәулеткерей атамыздың домбырасы, жуан дауысты домбыра, қоссаз домбыра, қозықұйрық домбыра, кең шанақты домбыра, контрабас домбыра, куыс мойын, торсық домбыра, кепілді бұраулы домбыра, қоңыр дауысты домбыра, үшем домбыра сияқты 24 түрлі домбыра бар. Олардың жасау технологиясы, дыбыс шығару ерекшелігі әртүрлі болады, – дейді шебер-педагог.

Бүгінде Нұрәли Мерекебайұлы жасаған домбыраларды еліміздегі танымал өнер ұжымдары қолданып жүр. Ал оның оқулықтарын пайдаланып, домбыра жасау технологиясын меңгергендер Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінде кәсібін дөңгелентуде.


Расында, мен де осыған дейін домбыраның тек бір түрі ғана бар деп ойлайтынмын. Нұрәли Адамқұлов жасаған 24 түрлі домбыраның ерекшелігімен танысқан кезде барып түсінігім тереңдеді. Осы домбыралардың жасалу жолдары «Ұлттық музыкалық аспаптар дайындау технологиясы» атты еңбекте егжей-тегжейлі таныстырылған. Домбыра жасауға қызыққан немесе домбыраны жанымен сүйетін адамдар сол еңбекті тауып, танысып шығуға болады.

● ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ТАРИХ

ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНІҢ ЖАҢА ШОҒЫРЫ АНЫҚТАЛДЫ

■ Петроглифтер – қазақ даласындағы өткен ғасырлардан сыр шертетін ең құнды жәдігерлердің бірі. «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің өлкетанушылары жұрт назарына түспеген тағы бір жартас суреттерінің шоғырын анықтады. Ашутас тауындағы Сарыбұлақ шатқалы қола, сақ, түркі кезеңінен бастап халық жиі қоныстанған аумақтың бірі. Оны осы аумақтағы ежелгі қоныстар маңындағы бұғы, таутеке, қозғалыстағы жыртқыш аңдар және ат мінген, алауды қоршай билеген, аң аулаған адамдар бейнеленген антроморфты суреттер айғақтайды.







Қажет АНДАС

Сарыбұлақ ауылының айналасы тұнып тұрған жартас суреттеріне бай. Өкінішке қарай, осы тарихи жәдігерлер әлі күнге есепке алынып, еңбектерге енген жоқ. Жалпы Сарыбұлақ ауылының маңындағы жартас суреттерін төмендегідей бірнеше топқа топтастыруға болады.

I. Ашутас тауының солтүстік-батыс бөлігіндегі Сарыбұлақ шатқалындағы Жөңкебай жартас суреттерінің шоғыры.

II. Малайсары тауының солтүстік беткейіндегі Тесіктас табиғат ескерткішінің маңындағы қола, сақ, түркі кезеңдерінің беті тегіс жартастарға қашалған суреттер.

III. Жапанқұдық қонысының аумағындағы шоқыдағы суреттер.

Бұл маңдағы негізгі жәдігер – жақпар тастар бетіндегі петроглиф. Жартасқа қашап салынған сансыз суреттер галереясы негізінен қола дәуіріне тән. Олар Арқарлы, Малайсары жоталарындағы, Талдықорған іргесіндегі Қызылтас, Үйтас, Ескелді ауданына қарасты Ешкіөлмес жартас суреттерімен терең қатынасы бар. Тағы бір ерекшелігі, жәдігерлер осы өлкеде адамзат мәдениетінің бастау алғандығын да айғақтайды.

Демек, Сарыбұлақ ауылы – байырғы сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі бабалар өркениетінің табы қалған тарихи қоныс. Сарыбұлақ шатқалындағы жартас суреттері Жетісу жартас суреттерінің құрамдас бөлігі және оны басқа жерлерден кездестіре бермейтін жаңа бейнелермен толықтыра түседі. Жалпы, Жөңкебайдағы тастағы бейнелердің бәрі пикетаж техникасында, кейбірінің темір аспаптың көмегімен немесе таспен ойып салынғанын байқаймыз.

Тастағы суреттердің ғылыми-танымдық негіздері де жеткілікті. Зер сала қарасақ, халықтық көркемөнермен қатысты жартас суреттеріндегі шеберлік, қарапайым сызылған адам тұрқы және тасқа бедерленген рутайпалардың таңбасы, адам, жылқы, сиыр, бұғы, керуен суреттері үлкен шеберлік пен табандылықты және жоғары деңгейдегі талғампаздықты көрсетеді. Жартаста қашап салынған суреттердің енді біреулері қазақтың тайпалық-рулық бірлестігін білдіретін айқындама – таңбалы белгілер. Бұл әрбір қазақ руының шығу тегін, көршінің туыстық тұрғыдағы жақындығын, сондай-ақ, халықтың тарихи жағдайын және шаруашылық жүргізу тәсілін көрсету ниетімен кең көлемде қалыптасқан белгі. Жөңкебай жазығынан сақ кезеңі мен біздің заманымыздың XV ғасырын қамтитын көптеген қорғандарды кездестіруге болады.

Жөңкебайдағы суреттер шағын жартас тақталарының оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейлеріне қашап салынған. Суреттердің арасында адамдардың және жануарлардың бейнелері кездеседі. Көпбейнелі үлкен композициялардан ешкі және арқар аулау көріністерін көруге болады. Бұл суреттер аласа жақпар тастардың бетіне салынған.

Сарыбұлақ жартас суреттерін зерделеу барысында ежелгі суретшілердің шебер жасағаны арқардың немесе қошқардың басы, мүйізі. Ол зергерлік істер (жүзікте, білезікте, мойын алқада, шолпыда) жиі кездеседі. Бұл ежелгі дәстүр қазақ заманына жетіп, «Қошқармүйіз» қазақ өнерінің ұлттық түріне айналды.

Демек, жартас бетіндегі суреттердің мазмұны бірден-бірге байып, оқиғасы кемелденіп отырған. Бұған әуелі ертедегі сызбалар мен кейінгі сызбалардағы айырмашылық дәлел бола алады. Мысалы, алғашқы сызбаларда жалғыз адам немесе аң, тағы басқа да зат бейнеленсе, кейін келе жыртқыш аңдармен болған күрес, табындағы малды қорғау жолындағы ерлік анық көрсетіледі. Сарыбұлақтағы жартас суретінде садақ тартып тұрған адаммен бірге жебелердің ұшу бағытын көрсеткен суреттер өте көп.

Десе де жартас бетіндегі ежелгі стиль біртіндеп құлдырағанымен қазақ халқының сурет өнерін өзіндік өзгешелігімен тарихқа таңбалап кетті. Жалпы, петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Оны аялап-сақтау ғана басты міндет. Десек те Сарыбұлақ жартас суреттері орналасқан жерлерден де вандализмнің белгілерін кездестірдік.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Норвегия, Швеция секілді Скандинавия елдері мемлекеттегі әр ескерткішті мемлекет қазынасы деп санап, алтыннан артық қорғайды екен. Тіпті Франция мемлекетіндегі үңгір ішіндегі осындай петроглифтерді туристік мекенге айналдырып, келушілердің ауызынан бөлінген ауаның әсерінен петроглифтерге зақым тиюі мүмкін деп, ескерткіштердің жасанды көшірмесін жасап, туристерді сонда жібереді екен.

Ел аумағында ежелгі үңгір суреттерінің қанша шоғыры бар екені нақты белгісіз. Археологтар 1000-ға жуық орынды сипаттап, тіркеген. Ғаламторда шамамен 3 мың деген ақпарат шығады. Десе де Сарыбұлақ ауылының іргесінде жатқан жәдігерлер әлі де ғылыми айналымға түскен жоқ. Тіпті, жергілікті жұрт «Тесіктас», «Үңгірқора» атап кеткен табиғаттың таңғажайыбын әлі күнге дейін білмейді.

Осы мұраларды ел қазынасына айналдыратын уақыт келді деп есептейміз.

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

● БРИФИНГ

■ «Темир» карьеріне баратын грунттық жолды салу кезінде археологиялық қорғандарға қатер төнгені ел ішінде қызу талқыға түскен еді. Дегенмен, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталықтың аралассуымен ескерткіштерге зиян тигізетін жұмыс түрлері тоқтатылды.

«Темир» карьерінің жұмысы тоқтатылды

Көпке аян, былтыр «Темирбетон» ЖШС-іне қарасты карьердің кесірінен мәдени мұрамыз талқандалып жатқаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде желдей ескен еді. Осы ретте тарихи объектілерді сақтау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков және қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков журналистерге баяндады.

«2023 жылғы 5 желтоқсанда Қызылтастағы петроглифтер және «Тасбақа» деп аталып кеткен табиғи тасқа байланысты Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы келіп зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жиын өткізді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобының ақпараты негізінде комиссия ұсыныстарына сүйене отырып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы анықталған петроглифтерді басқа жерге көшіруге келісім берді», – деді Ж. Андабеков.

Оның айтуынша, «Қызылтас» саяжайындағы «Темир» карьеріндегі жарылыс жұмыстары толығымен тоқтатылған. Ал Қуаныш Сұлтанұлының сөзіне сүйенсек, алдағы уақытта ондағы петроглифтер мемлекет қорғауына алынады.

«Облыста бітік тастар мен ежелгі қорымдардың үлкен шоғыры бар. Бүгінде ғылыми негізделіп, тарихи мұралар тізіміне енген табиғи нысандар туристердің көзайымына айналып отыр. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі 51 петроглиф мемлекет қорғауына алынған. Қызылтас петроглифтері де сол қатарға қосылады», – деді Қ. Сүлейменов.

Осы мәселе төңірегінде жүрген азаматтар арнайы кездесіп, археологиялық ескерткіштерді сақтау бойынша өзара ынтымақтастық орнатуға бел байлаған. Ел депутаттары да карьер мәселесін шешуге жәрдемдесетін болады.

Аталған кәсіпорын бұрын пайдаланылған карьер мерзімін ұзарту туралы құжаттарын қалпына келтіру үшін сотқа арыз берді. Сот шешімі шыққанға дейін барлық жұмыс тоқтатылды.

Мұхтар КҮМІСБЕК

● «ТАЗА ӨЛКЕ»



Сурет түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Аула абаттанып, ағаш отырғызылды

■ Көк тебіндеп шыққан соң ауламызды тазартып, ағаш отырғызып, бұлақ көзін ашып, гүл егіп, қоршаған ортаны көркейтудің қамына кірісетініміз анық. Сол дәстүр биыл да «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жетісу өлкесінде жалғасын тапты. Облыстық әкімдікке қарасты басқармалар, аудан, қала әкімдіктері, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, тағы да басқа салалар әр сенбі сайын өздеріне қарасты ұйымдардың аумағындағы жерлерді тазалап, жанға жайлы орта қалыптастыруда.

Мұндай игілікті іс өткен демалыс күндері де жақсы ұйымдастырылды. Әсіресе облыстық білім басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар көңіл көншітерлік. Бұл іске Талдықорған қаласындағы агротехнологиялық колледжінің ұжымы белсене қатысқанына куә болдық. Біз барғанда мектеп оқытушылары, техникалық қызметкерлер мен студенттер мектеп ғимаратының айналасын қоқыстан арылтып, ағаштардың құраған бұтақтарын кесіп, жол жиегіндегі бордюрлерді ақтап, белгіленген орынға гүл отырғызып жатыр екен. Облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменовті де осы жерден кездестірдік:

– Жалпы, облыстық білім басқармасына қарасты 500-ге жуық мектеп, балабақша, колледж, тағы да басқа білім беру ұйымдары бар. Көктемгі тазалық акциясына осы мекемелер толық атсалысады. Осы реткі сенбілікке облыс орталығы, аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарының мұғалімдерін, техникалық қызметкерлерді, облыстағы 20 колледждің студенттерін қоса қанда 20 мыңнан астам адам қатысып, 500 тонна қоқыс шығарылды. 1500 түптен артық ағаш отырғызылып, гүл егілді, – деді ол.

Білім басқармасы көктемгі тазалық акциясымен ғана шектеліп отырған жоқ. Басқа күндері де студенттерді ынталандыру арқылы соғыс, тыл және еңбек ардагерлерінің, жалғызбасты қариялар мен жағдайы төмен отбасылардың ауласын тазалауға көмектесіп тұрады.

Бірақ «Көп жұмылса көл толады» дегендей, ауруханаының 300-ге жуық қызметкері жұмыла жұмыс істегендіктен ауланың іші-сыртын көп уақыт жұмсамай тазалап тастады. Арасында гүл егіп, жасыл желектерді суарып та үлгерді.

– «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деген сөз қашанда дәрігерлердің есінде жүретін қағидасы десек те болады. Тазалық айлығы басталғалы сенбі сайын осындай акция ұйымдастырып, ауламызды қоқыстан арылтып тұрамыз. Оған кезекшілік ететін дәрігерлерден басқа мамандар толық қатысуға тырысады. Жай күндері ауруханаының шаруашылық бөліміне қарасты 80-ге жуық қызметкер күнделікті тазалау жұмысын жалғастырады, – дейді Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Гүлнара Темірбаева.

Жалпы, біз көрген мекемелерде қызу еңбек жүріп жатты. Осы күні сенбілікке шыққан барлық мекемеде жағымды жақсылықтардың болғаны анық.

Қ. ОМАРАҚЫН

● ӨЗЕКТІ

Дәрілік заттарды таңбалау

Облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы салалық сауда кеңесінің отырысы аясында дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалауды енгізу мәселесі талқыланды.

Жиын көтерме сауда ұйымдары мен дәріханалар желісі өкілдерінің қатысуымен өтті. Айта кетейік, өткен жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен таңбалауға жататын тауарлар тізбесіне өзгеріс енгізілген болатын. Онда барлық дәрілік заттар биылғы 1 шілдеден бастап міндетті түрде таңбалауға жатады. Дәрілік заттарды таңбалау және қадағалап отыру дәрілік препараттардың сапасын фармакологиялық қадағалау мен бақылаудың тиімділігін арттыру, дәрілік заттардың өндіріс кезеңінен соңғы тұтынушыға дейінгі кезеңді мониторингілеу, заңсыз айналым, оның ішінде жалған өнімге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында енгізіледі.

Бұл тетік дәрілік заттарды сатып алуды ұтымды пайдалануға және жоспарлауға, сондай-ақ, тұтынушыны шынайы дәрілік затпен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Облыс бойынша интеграциямен қамту небары 18,4 пайыз немесе дәрілік заттарды таңбалауға және қадағалауға қатысатын 374 дәріхананың 69-ын құрайды. Өңірде 58 медициналық ұйым «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалымен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасты, оның 28-і облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты.

Денсаулық сақтау басқармасы облыстық медициналық ұйымдары бойынша дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау үшін қажетті жабдықтарға талдау жүргізді. Аталған талдаудың қорытындысына сәйкес таңбалауға арналған жабдыққа жалпы қажеттілік 9 млн. теңгеден асты.

– Бүгінгі таңда барлық 28 медициналық мекеме 143 бірлік 2D сканер, сондай-ақ 18 медициналық ұйым 26 бірлік деректер жинау терминалын сатып алды, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық фармацевтикалық бақылау комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Надима Белтаева.

Отырыс аясында бірқатар ұсыныс айтылды. Мәселен, салалық сауда кеңесінің төрағасы Еділ Қазақпаев шағын және шағын бизнес кәсіпкерлерін дәрілік заттарды бөлшек саудада тауарларды таңбалау мен қадағалау ақпараттық жүйесіне ерікті түрде тіркеуді енгізу жөнінде ұсыныс жасады.

Сондай-ақ, ол тауарға ілеспе жүккұжат және ЭШФ модуліндегі электрондық шот-фактураны сандық қайталаудың қажетсіздігіне байланысты бөлшек сауда үшін дәрілік заттарды қабылдау, тапсыру актілерін растауды алып тастау, нұсқа ретінде АЕК растау мерзімін 1 күннен 20 күнге дейін ұлғайту, тағы бір ұсыныс қабылдау, тапсыру актілерін растау жүйесін жеңілдету және 10-16 күнде дәрілік заттарды айналымнан автоматты түрде шығаруды қамтамасыз ету маңызды екенін айтып, ой қорытты.


Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

● ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ТАРИХ

ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНІҢ ЖАҢА ШОҒЫРЫ АНЫҚТАЛДЫ

■ Петроглифтер – қазақ даласындағы өткен ғасырлардан сыр шертетін ең құнды жәдігерлердің бірі. «Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігінің өлкетанушылары жұрт назарына түспеген тағы бір жартас суреттерінің шоғырын анықтады. Ашутас тауындағы Сарыбұлақ шатқалы қола, сақ, түркі кезеңінен бастап халық жиі қоныстанған аумақтың бірі. Оны осы аумақтағы ежелгі қоныстар маңындағы бұғы, таутеке, қозғалыстағы жыртқыш аңдар және ат мінген, алауды қоршай билеген, аң аулаған адамдар бейнеленген антроморфты суреттер айғақтайды.







Қажет АНДАС

Сарыбұлақ ауылының айналасы тұнып тұрған жартас суреттеріне бай. Өкінішке қарай, осы тарихи жәдігерлер әлі күнге есепке алынып, еңбектерге енген жоқ. Жалпы Сарыбұлақ ауылының маңындағы жартас суреттерін төмендегідей бірнеше топқа топтастыруға болады.

I. Ашутас тауының солтүстік-батыс бөлігіндегі Сарыбұлақ шатқалындағы Жөңкебай жартас суреттерінің шоғыры.

II. Малайсары тауының солтүстік беткейіндегі Тесіктас табиғат ескерткішінің маңындағы қола, сақ, түркі кезеңдерінің беті тегіс жартастарға қашалған суреттер.

III. Жапанқұдық қонысының аумағындағы шоқыдағы суреттер.

Бұл маңдағы негізгі жәдігер – жақпар тастар бетіндегі петроглиф. Жартасқа қашап салынған сансыз суреттер галереясы негізінен қола дәуіріне тән. Олар Арқарлы, Малайсары жоталарындағы, Талдықорған іргесіндегі Қызылтас, Үйтас, Ескелді ауданына қарасты Ешкіөлмес жартас суреттерімен терең қатынасы бар. Тағы бір ерекшелігі, жәдігерлер осы өлкеде адамзат мәдениетінің бастау алғандығын да айғақтайды.

Демек, Сарыбұлақ ауылы – байырғы сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі бабалар өркениетінің табы қалған тарихи қоныс. Сарыбұлақ шатқалындағы жартас суреттері Жетісу жартас суреттерінің құрамдас бөлігі және оны басқа жерлерден кездестіре бермейтін жаңа бейнелермен толықтыра түседі. Жалпы, Жөңкебайдағы тастағы бейнелердің бәрі пикетаж техникасында, кейбірінің темір аспаптың көмегімен немесе таспен ойып салынғанын байқаймыз.

Тастағы суреттердің ғылыми-танымдық негіздері де жеткілікті. Зер сала қарасақ, халықтық көркемөнермен қатысты жартас суреттеріндегі шеберлік, қарапайым сызылған адам тұрқы және тасқа бедерленген рутайпалардың таңбасы, адам, жылқы, сиыр, бұғы, керуен суреттері үлкен шеберлік пен табандылықты және жоғары деңгейдегі талғампаздықты көрсетеді. Жартаста қашап салынған суреттердің енді біреулері қазақтың тайпалық-рулық бірлестігін білдіретін айқындама – таңбалы белгілер. Бұл әрбір қазақ руының шығу тегін, көршінің туыстық тұрғыдағы жақындығын, сондай-ақ, халықтың тарихи жағдайын және шаруашылық жүргізу тәсілін көрсету ниетімен кең көлемде қалыптасқан белгі. Жөңкебай жазығынан сақ кезеңі мен біздің заманымыздың XV ғасырын қамтитын көптеген қорғандарды кездестіруге болады.

Жөңкебайдағы суреттер шағын жартас тақталарының оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейлеріне қашап салынған. Суреттердің арасында адамдардың және жануарлардың бейнелері кездеседі. Көпбейнелі үлкен композициялардан ешкі және арқар аулау көріністерін көруге болады. Бұл суреттер аласа жақпар тастардың бетіне салынған.

Сарыбұлақ жартас суреттерін зерделеу барысында ежелгі суретшілердің шебер жасағаны арқардың немесе қошқардың басы, мүйізі. Ол зергерлік істер (жүзікте, білезікте, мойын алқада, шолпыда) жиі кездеседі. Бұл ежелгі дәстүр қазақ заманына жетіп, «Қошқармүйіз» қазақ өнерінің ұлттық түріне айналды.

Демек, жартас бетіндегі суреттердің мазмұны бірден-бірге байып, оқиғасы кемелденіп отырған. Бұған әуелі ертедегі сызбалар мен кейінгі сызбалардағы айырмашылық дәлел бола алады. Мысалы, алғашқы сызбаларда жалғыз адам немесе аң, тағы басқа да зат бейнеленсе, кейін келе жыртқыш аңдармен болған күрес, табындағы малды қорғау жолындағы ерлік анық көрсетіледі. Сарыбұлақтағы жартас суретінде садақ тартып тұрған адаммен бірге жебелердің ұшу бағытын көрсеткен суреттер өте көп.

Десе де жартас бетіндегі ежелгі стиль біртіндеп құлдырағанымен қазақ халқының сурет өнерін өзіндік өзгешелігімен тарихқа таңбалап кетті. Жалпы, петроглифтер мұрасы жағынан Қазақстанға тең келер ел жоқ деуге де болады. Оны аялап-сақтау ғана басты міндет. Десек те Сарыбұлақ жартас суреттері орналасқан жерлерден де вандализмнің белгілерін кездестірдік.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Норвегия, Швеция секілді Скандинавия елдері мемлекеттегі әр ескерткішті мемлекет қазынасы деп санап, алтыннан артық қорғайды екен. Тіпті Франция мемлекетіндегі үңгір ішіндегі осындай петроглифтерді туристік мекенге айналдырып, келушілердің ауызынан бөлінген ауаның әсерінен петроглифтерге зақым тиюі мүмкін деп, ескерткіштердің жасанды көшірмесін жасап, туристерді сонда жібереді екен.

Ел аумағында ежелгі үңгір суреттерінің қанша шоғыры бар екені нақты белгісіз. Археологтар 1000-ға жуық орынды сипаттап, тіркеген. Ғаламторда шамамен 3 мың деген ақпарат шығады. Десе де Сарыбұлақ ауылының іргесінде жатқан жәдігерлер әлі де ғылыми айналымға түскен жоқ. Тіпті, жергілікті жұрт «Тесіктас», «Үңгірқора» атап кеткен табиғаттың таңғажайыбын әлі күнге дейін білмейді.

Осы мұраларды ел қазынасына айналдыратын уақыт келді деп есептейміз.

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

● БРИФИНГ

■ «Темир» карьеріне баратын грунттық жолды салу кезінде археологиялық қорғандарға қатер төнгені ел ішінде қызу талқыға түскен еді. Дегенмен, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталықтың аралассуымен ескерткіштерге зиян тигізетін жұмыс түрлері тоқтатылды.

«Темир» карьерінің жұмысы тоқтатылды

Көпке аян, былтыр «Темирбетон» ЖШС-іне қарасты карьердің кесірінен мәдени мұрамыз талқандалып жатқаны туралы ақпарат әлеуметтік желіде желдей ескен еді. Осы ретте тарихи объектілерді сақтау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Абибеков және қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков журналистерге баяндады.

«2023 жылғы 5 желтоқсанда Қызылтастағы петроглифтер және «Тасбақа» деп аталып кеткен табиғи тасқа байланысты Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы келіп зерделеу жұмыстарын жүргізіп, жиын өткізді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған арнайы жұмыс тобының ақпараты негізінде комиссия ұсыныстарына сүйене отырып, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы анықталған петроглифтерді басқа жерге көшіруге келісім берді», – деді Ж. Андабеков.

Оның айтуынша, «Қызылтас» саяжайындағы «Темир» карьеріндегі жарылыс жұмыстары толығымен тоқтатылған. Ал Қуаныш Сұлтанұлының сөзіне сүйенсек, алдағы уақытта ондағы петроглифтер мемлекет қорғауына алынады.

«Облыста бітік тастар мен ежелгі қорымдардың үлкен шоғыры бар. Бүгінде ғылыми негізделіп, тарихи мұралар тізіміне енген табиғи нысандар туристердің көзайымына айналып отыр. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі 51 петроглиф мемлекет қорғауына алынған. Қызылтас петроглифтері де сол қатарға қосылады», – деді Қ. Сүлейменов.

Осы мәселе төңірегінде жүрген азаматтар арнайы кездесіп, археологиялық ескерткіштерді сақтау бойынша өзара ынтымақтастық орнатуға бел байлаған. Ел депутаттары да карьер мәселесін шешуге жәрдемдесетін болады.

Аталған кәсіпорын бұрын пайдаланылған карьер мерзімін ұзарту туралы құжаттарын қалпына келтіру үшін сотқа арыз берді. Сот шешімі шыққанға дейін барлық жұмыс тоқтатылды.

Мұхтар КҮМІСБЕК

● «ТАЗА ӨЛКЕ»



Сурет түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Аула абаттанып, ағаш отырғызылды

■ Көк тебіндеп шыққан соң ауламызды тазартып, ағаш отырғызып, бұлақ көзін ашып, гүл егіп, қоршаған ортаны көркейтудің қамына кірісетініміз анық. Сол дәстүр биыл да «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жетісу өлкесінде жалғасын тапты. Облыстық әкімдікке қарасты басқармалар, аудан, қала әкімдіктері, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, тағы да басқа салалар әр сенбі сайын өздеріне қарасты ұйымдардың аумағындағы жерлерді тазалап, жанға жайлы орта қалыптастыруда.

Мұндай игілікті іс өткен демалыс күндері де жақсы ұйымдастырылды. Әсіресе облыстық білім басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар көңіл көншітерлік. Бұл іске Талдықорған қаласындағы агротехнологиялық колледжінің ұжымы белсене қатысқанына куә болдық. Біз барғанда мектеп оқытушылары, техникалық қызметкерлер мен студенттер мектеп ғимаратының айналасын қоқыстан арылтып, ағаштардың құраған бұтақтарын кесіп, жол жиегіндегі бордюрлерді ақтап, белгіленген орынға гүл отырғызып жатыр екен. Облыстық білім басқармасының басшысы Марат Сүлейменовті де осы жерден кездестірдік:

– Жалпы, облыстық білім басқармасына қарасты 500-ге жуық мектеп, балабақша, колледж, тағы да басқа білім беру ұйымдары бар. Көктемгі тазалық акциясына осы мекемелер толық атсалысады. Осы реткі сенбілікке облыс орталығы, аудан, қалалардағы білім беру ұйымдарының мұғалімдерін, техникалық қызметкерлерді, облыстағы 20 колледждің студенттерін қоса қанда 20 мыңнан астам адам қатысып, 500 тонна қоқыс шығарылды. 1500 түптен артық ағаш отырғызылып, гүл егілді, – деді ол.

Білім басқармасы көктемгі тазалық акциясымен ғана шектеліп отырған жоқ. Басқа күндері де студенттерді ынталандыру арқылы соғыс, тыл және еңбек ардагерлерінің, жалғызбасты қариялар мен жағдайы төмен отбасылардың ауласын тазалауға көмектесіп тұрады.

Бірақ «Көп жұмылса көл толады» дегендей, ауруханаының 300-ге жуық қызметкері жұмыла жұмыс істегендіктен ауланың іші-сыртын көп уақыт жұмсамай тазалап тастады. Арасында гүл егіп, жасыл желектерді суарып та үлгерді.

– «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деген сөз қашанда дәрігерлердің есінде жүретін қағидасы десек те болады. Тазалық айлығы басталғалы сенбі сайын осындай акция ұйымдастырып, ауламызды қоқыстан арылтып тұрамыз. Оған кезекшілік ететін дәрігерлерден басқа мамандар толық қатысуға тырысады. Жай күндері ауруханаының шаруашылық бөліміне қарасты 80-ге жуық қызметкер күнделікті тазалау жұмысын жалғастырады, – дейді Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Гүлнара Темірбаева.

Жалпы, біз көрген мекемелерде қызу еңбек жүріп жатты. Осы күні сенбілікке шыққан барлық мекемеде жағымды жақсылықтардың болғаны анық.

Қ. ОМАРАҚЫН

● ӨЗЕКТІ

Дәрілік заттарды таңбалау

Облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы салалық сауда кеңесінің отырысы аясында дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалауды енгізу мәселесі талқыланды.

Жиын көтерме сауда ұйымдары мен дәріханалар желісі өкілдерінің қатысуымен өтті. Айта кетейік, өткен жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен таңбалауға жататын тауарлар тізбесіне өзгеріс енгізілген болатын. Онда барлық дәрілік заттар биылғы 1 шілдеден бастап міндетті түрде таңбалауға жатады. Дәрілік заттарды таңбалау және қадағалап отыру дәрілік препараттардың сапасын фармакологиялық қадағалау мен бақылаудың тиімділігін арттыру, дәрілік заттардың өндіріс кезеңінен соңғы тұтынушыға дейінгі кезеңді мониторингілеу, заңсыз айналым, оның ішінде жалған өнімге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында енгізіледі.

Бұл тетік дәрілік заттарды сатып алуды ұтымды пайдалануға және жоспарлауға, сондай-ақ, тұтынушыны шынайы дәрілік затпен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Облыс бойынша интеграциямен қамту небары 18,4 пайыз немесе дәрілік заттарды таңбалауға және қадағалауға қатысатын 374 дәріхананың 69-ын құрайды. Өңірде 58 медициналық ұйым «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалымен медициналық қызмет көрсетуге шарт жасасты, оның 28-і облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты.

Денсаулық сақтау басқармасы облыстық медициналық ұйымдары бойынша дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау үшін қажетті жабдықтарға талдау жүргізді. Аталған талдаудың қорытындысына сәйкес таңбалауға арналған жабдыққа жалпы қажеттілік 9 млн. теңгеден асты.

– Бүгінгі таңда барлық 28 медициналық мекеме 143 бірлік 2D сканер, сондай-ақ 18 медициналық ұйым 26 бірлік деректер жинау терминалын сатып алды, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық фармацевтикалық бақылау комитетінің облыс бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Надима Белтаева.

Отырыс аясында бірқатар ұсыныс айтылды. Мәселен, салалық сауда кеңесінің төрағасы Еділ Қазақпаев шағын және шағын бизнес кәсіпкерлерін дәрілік заттарды бөлшек саудада тауарларды таңбалау мен қадағалау ақпараттық жүйесіне ерікті түрде тіркеуді енгізу жөнінде ұсыныс жасады.

Сондай-ақ, ол тауарға ілеспе жүккұжат және ЭШФ модуліндегі электрондық шот-фактураны сандық қайталаудың қажетсіздігіне байланысты бөлшек сауда үшін дәрілік заттарды қабылдау, тапсыру актілерін растауды алып тастау, нұсқа ретінде АЕК растау мерзімін 1 күннен 20 күнге дейін ұлғайту, тағы бір ұсыныс қабылдау, тапсыру актілерін растау жүйесін жеңілдету және 10-16 күнде дәрілік заттарды айналымнан автоматты түрде шығаруды қамтамасыз ету маңызды екенін айтып, ой қорытты.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

● ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Облыстық мемлекеттік архивтен Кеңес билігі орнағаннан кейін Жетісу өңіріндегі жер-су атауларын жаппай өзгертуге қатысты құжаттарды қарадық. Сол құжаттардың арасынан «1936 жылы Талдықорған ауданының құрамындағы ұсақ ұжымшарлар ірілендіріліп, оның саны 43 болды» деген дерек кездесті. Осы 42 ұжымшар кейін келе әкімшілік бөлініс бойынша Талдықорған қаласы, Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарының құрамына енгенімен бүгінде ауыл немесе ауылдық округтерге қарасты елді мекен ретінде жалғасып келеді. Тек осылардың қатарындағы «Нұра» кеңшарын іздеп таба алмадық.

АТЫ БАР ДА ЗАТЫ ЖОҚ АУЫЛ



1

Қажет АНДАС

«Ел құлағы елу» деген емес пе?! Нұра ауылына қатысты тарихи деректер мол Олжабай Ізбасарұлының *(1сурет)* қолжазбасын Айман Олжабайқызы сақтап отыр дегенді естіп, Бақтыбай ауылында тұратын апамызды іздеп бардық. Жылы шыраймен қарсы алып, әкесінің тірлігінде жиып-теріп кеткен қолжазбасын алдымызға жайып салды. Оның ішінде Нұра ауылына қатысты деректер тым көп екен.

Атамыздың жазуынша, Нұра ауылы ең алғаш құрылғанда 6 үй болған екен. Олар Малай атасынан тарайтын Қозыбай, Нүсіп, Намазбай, Шора атасынан тарайтын Төтен Бітебаев пен Оспан, Қосы атасынан тарайтын Жайшы мен Қорабай балалары екен. 1922 жылы Ескелді болысы құрылып, алғашқы төрағасы Беке Андасбаев, хатшысы Сіләмжан Мәсәлімұлы болыпты. Сол тұста болыстықтың құрамында Жылкелдіден тарайтын Ескелдіден 140, Естайдан 40, Қосыдан 70, Досайдан 110, Бектұрғаннан 2 түтін болыпты. Олар Көксу мен Қаратал өзенінің бойындағы елді мекендерге қоныстанып, тіршілігін түтеткен. Өз кезінде Жетісуға қоныстанған елге Ескелді бабамыз жер бөлгенде Нұра ауылының аумағы Байымбеттен тарайтын Қосы атаның балаларына беріліпті. Өкінішке қарай, 1922 жылғы санақта «Ескі Нұра ауылында 70 үй бар» деп көрсетілсе, 2000 жылға келгенде Қосы атадан тараған ұрпақтар 20 түтінге әрең толған. Оған 1918-1919 жылдардағы ақ пен қызыл соғысының зардабы, 1925 – 1929 жылдардағы тәркілеу мен 1931-1933 жылдардағы ашаршылық және 1937 жылдан басталған саяси қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, майданнан қайтпай қалғандардың көп болуы себеп болыпты. Бұл Олжабай атаның естелігінде тайға таңба басқандай жазылып тұр.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегіндегі ақ пен қызылдың соғысынан зардап шеккен Сарқандағы ағайынға Нұра ауылындағы Қосы атаның балалары астық пен ет жеткізіп, көп көмек көрсеткен. Бұл туралы Фәтима Ғабитова бір естелігінде: «Аштыққа ұшыраған Садыр-Матай қосшыларын азық-түлікпен, сол кездегі бүлінбеген бүтін ел жалайыр елі қамтамасыз етті» деп жазса, Олжабай Ізбасарұлының дерегінде Сарқанға азық-түлік жеткізетін топты бастаған Ізбасардың қарауында 24 азамат болғаны айтылған. Ақтар мен қызылдардың шабуылына ұшыраған олардың арасынан Мұса Шайшынов, Тәліп Байғұттықұлы, Әубәкір Майшыбекұлы, Зейділбек Меңлібаев қаза болып, артында ұрпағы қалмайды.

Сол тұстағы Ескелді болысын билеген Аман (1870-1924), Амандос (1876-1929), Қангел Болыспаев (1872-1935) Қосы атаның балалары. Аман болыс 1924 жылы қайтыс болып, Амандос болыс 1929 жылы атылып кетеді. 1931 жылы «астық жоспарын орындамады» деген сылтаумен Кеңес билігі Қангел Болысбаевпен бірге 16 адамды жазықсыз соттап, Алматыға әкеліп бір жыл ауыр еңбекке жегеді. Үлкен Ізбасар мен Дәуренбек 50 жаста болса, кішісі Дәуіт 18 жастағы жас жігіт екен. Оның біразы елге аман-есен қайтқаны болмаса, көбінің сүйегі сол жақта қалыпты.

Байларды тәркілеу басталғанға дейін ескі Нұра ауылындағы 70 түтіннің ең кедейінің өрісінде 50 бас жылқы болыпты. Ол кезде қой мен ешкі, сиыр тұрмыстық қажеттілікті қамтамасыз ететін қосымша түлік саналатын. 1932 жылы кезіндегі өрісі малға толып тұратын нұралықтардың қолында түгі қалмай жаппай аштықтан қырыла бастайды.

Аштықтың тауқыметін тартқан ескі Нұра ауылының көне жұртына бастап барған «Чернобыль ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Хұсайын Мұстафа үлкендерден естіген әңгімесін былай сабақтады:

– 1932 жылға дейін нұралықтар қайтыс болған жақындарын ауылдан 8-10 шақырым жердегі Бақтыбай Жолбарысұлының кесенесі тұрған зиратқа жерлеп келген. 1921 жылы қайтыс болған атам Мұстафа сонда жатыр. 1931 жылдан басталған ашаршылықта өлгендерді ол зиратқа жеткізуге ат-көлік болмағандықтан ауылдың іргесіндегі дөңге жерлеген. Халқымыздың ауылдың іргесіне адам жерлемейтіні белгілі. Алайда бұл шарасыздықтан болған іс еді. Басында әл-қуаты барда мүрделерді дөңнің төбесіне жерлесе, бірте-бірте етегіне әзер жеткізіп, қабір қазуға әлдері жетпей, жерді шұңқырлап көме салған. Өлікті іргедегі зиратқа жеткізетін адам табылмағанда әрбір үйдің ішінен шұңқыр қазып жерлеген. Ауыл жаппай қырылып қалғанда үйдің қабырғасын құлатып, мүрделерді жасырыпты. Міне, осылай 1-2 жылда ырысы шалқып жатқан Нұра ауылының қаз-қатар тізілген үйлері томпайған-томпайған қабірге айналып, оты мүлдем сөнді.

– Әкем Дәуіт Мұстафаұлы 1912 жылы туған. 1931 жылғы тұтқындалғандардың қатарында Алматыға айдалып, жастығы ескеріліп, қамаудан босатылып ауылға келген соң Үштөбеде ашылған жүргізушілер дайындайтын курсқа оқуға түседі. Оқуын бітірген соң күріш егісіне су жеткізу мақсатында қолға алынған канал қазу жұмысына араласады. Ол кезде Үштөбедегі канал құрылысында жұмыс істегендердің жағдайы жақсы еді. Еңбек ауыр болғанымен қарындары тоқ. Осы кезде әкем ауылдастарының аштық қыспағында қалғанын естіп, шешесіне Үштөбеге келуін айтып, хат жібереді.

Сонымен шешесі Үштөбедегі жағдайды көріп, ауылда қалған енесі мен 1918 жылы туған Хамит деген ұлын әкелмек болып жолға шығады. «Елді мекеннен алыс жерлерде жалғыз-жарым адамды ұстап алып, жеп кетіп жатыр» дегенді естіп, сақтанып жүруін тапсырып жолға салады.

Үштөбеден жаяу жолға шыққан кейуана Нұраға жақындағанда кеш батып кетеді. Алайда ертесінде ауылдастары, қолында баласына әкеле жатқан бір тілім наны бар, далада өліп қалған жерінен тауып алады. Сол күні Нұрадағы әжесі де аштықтан қайтыс болыпты. Әлдері жоқ жақындары оларды зиратқа жеткізуге шамасы жетпей сол жерге шұңқыр қазып көмеді. Кейін егіс жыртып жүргендер олардың шашылып қалған сүйектерін жинап, зираттың аяқ жағындағы бір жерге көмеді.

1933 жылы Тұрар Рысқұлов бастаған қазақтың азаматтары Қазақстанда болып жатқан аштық туралы Сталинге хат жазып, нәтижесінде ауылдарға тамақ тарата бастайды. Ауыл-ауылды аралап, тірі қалған балаларды жинап, балалар үйіне өткізеді. Хамит солардың қатарында кетеді. Яғни, ішкі Ресейдегі балалар үйіне жеткізіліп, орысша ат берілуі немесе Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болуы мүмкін. Екінші нұсқаның мүмкіндігі көп. Өйткені әкем үнемі: «Соғыста жүрген бір күні екі батальон әскер қарама-қарсы өтіп бара жатқанда арғы жақтағылардың арасынан Хамитті көріп қалдым. «Сен Хамитсың ба?» деп едім, «Иә, менмін» деп жауап берді. Бірақ уақыт тығыз, кездесіп әңгімелесуге мүмкін болмады. Бір-бірімізге қол бұлғап қана кете бердік. Кейін қанша іздестірсем де таба алмадым», – деп айтып отыратын. Өмірде осындай кездейсоқтықтар өте көп кездеседі. Хамит балалар үйіне өткізілгенде 13-14 жастағы ес біліп қалған бала. Егер тірі болғанда ауылын іздеп табар еді. Кейін біз де Хамит деп те, тегі бойынша да іздестірдік. Бірақ табылмады. Демек, «Ресейдегі балалар үйіне жеткізіп, атын орысшалап жіберген» дегеннің де жаны бар. Мұндай жағдай ескі Нұра ауылының әрбір отбасының бәрінде бар.



2



3



4

Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

Қорымды біз де аралап, сайғаққа жазылған есімдерді оқыдық. Сол қатарда Нұрыш Бақтыбайқызы деген есім көзімізге оттай басылды. «Бақтыбай ақынның қызы осында жатыр екен ғой» дедік іштей *(2-сурет)*. 1934 жылы аштықтан бұратылып шыққан елдің еңсесі қайта көтеріле бастағанда Жетісудың әр түкпіріне тарап аман қалған Қосы атаның ұрпақтары мен Қазақстанның әр түкпірінен көшіп келгендердің басын қосып, ескі Нұрадан 2-3 шақырым жерден «Нұра» ұжымшары ұйымдастырылып, үй салынып, жұрт қоныстанады. Оны жұрт «Жаңа Нұра» деп атап кетті. Оның алғашқы басшысы Жексембай Мәткенов болады. Одан кейінгі 16 жылда 6 басшы ауысты. Кеңшардың тынысы ашыла бастағанда Екінші дүниежүзілік соғыс іліп әкетіп, Қосы атадан 20 адам соғысқа аттанып, соның жетеуі ғана елге оралып, келген соң көп өтпей төртеуі қайтыс болып, тек 3 соғыс ардагері кейінге дейін арамызда жүрді. Демек, аштықтан аман қалғандардың 95 пайызы соғыста қаза тапты. Айта кетерлігі, соғыс жүріп жатқан тұста Ресейден орыс, кәріс, чешен ұлтының өкілдері «Нұра» кеңшарына күшпен көшіріліп, қатары сиреп қалған елдің саны арта түсті. Дегенмен, олардың да басынан сан тауқымет өтті.

1950 жылы үкімет қаулысымен «Нұра», «Шымыр», «Кемеращы» кеңшарлары ірілендіріліп, «Калинин» деп аталды. Оның бірінші басшысы Сәрсенқұл Сопақов болды. Олжабай Ізбасарұлының есебінше, сол жылдары кеңшарда 115 үй болған, оның 25-і жергілікті, 67-і орыс, чешен, кәріс және басқа ру азаматтары болса, 23 отбасы Ақтөбе облысынан көшіп келгендер еді. 1950 жылдардың соңында Қытайдан келген қандастар да «Нұраға» қоныстанады. Осылай шаруасы қайта шалқи бастаған 1950 жылы қант қызылшасының егіс көлемін ұлғайту деген желеумен Жаңа Нұраның тұрғындары Шымырға көшіріліп, өндірістік ұжымшар болып құрылды. «Нұра» кеңшардың мыңғырған қойы мен табын-табын сиыры, үйір-үйір жылқысы мал шаруашылығымен айналысатын сол тұстағы «1 май», «Еркін», «Жамбыл» кеңшарларына беріліп, орыс, кәріс, чешен ұлтының өкілдері мен Қосы атаның балалары Талдықорған қаласы, Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарына, бір бөлігі Ақтөбе облысына көшіп кетті. Қалғаны «Шымырға» орнықты. Сонымен «Нұра» екінші рет таратылып, кезіндегі қайнаған тіршіліктен дым қалмады. Тек ескі және жаңа Нұраның аты ұмытылмасын деген жұрт кейін келе Шымыр ауылының бір көшесін Нұра деп атапты *(3-сурет)*.

Нұра ауылынан талай талантты тұлғалар өсіпті. Сол қатарда есімі бүгінгі ұрпаққа мәлім Ескелді би мен құсбегі Шора, Қосы, Досай батырлар, қазақ айтыс өнерінің жампозы Бақтыбай Жолбарысұлы, Аман, Амандос, Қангел болыстар, Алаш зиялыларымен, Ілияс Жансүгіров және Кенен Әзірбаев сияқты қазақтың аймандай ұлдарымен сыйласып, саясаттың құрығына ілінген Сейдахмет Қолдасбайұлы, Мәскеу қаласында өткен қазақ өнерінің онкүндігіне қатысқан Нұрсағила Бейсетқызы мен Молбай Қоңырбаев, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, «Алтын Жұлдыз» орденінің иегері Нұрғали және Дубек Нұрпейісовтер, қант қызылшасын өркендетуге елеулі үлесі сіңген Жексенбай Ісенбинов, спорт саласында үлкен жетістікке жеткен Қапан Сейсенұлы, ҚР білім беру саласының үздігі Райса Батқалқызы, экономист Қожахмет Тырапұлы, киноактер Совет Кеңесұлы, генерал-майор Сабыр Имандосов, әр саладан шыққан ғалымдар мен білікті азамат-азаматшалар болып жалғаса береді. Осындай санатты адамдар өскен ауылдың айдаладағы төбешік болып қалғаны жүректі сыздатады.

Шымыр ауылының орталығындағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған шағын ескерткіш бүгінгі ұрпақтың тағзымы іспетті *(4-сурет)*. Ол ескерткішке қаржылай қолдау көрсеткен белгілі меценат, «Нам Г. Н» фермасының директоры Герман Нам. Ескерткіш ашаршылық құрбандарына арналғанымен шын мәнінде қазақтардың қамқорлығымен аман қалып, ұрпақ өрбіткен орыс, кәріс, чешен ұлты өкілдерінің қазақ халқының дарқандығына көрсеткен алғысы деуге болады. Бұл туралы алдағы уақытта жазатын боламыз.

Жергілікті көнекөз қариялардың айтуынша, Ескелді бабамыз Көксу мен Қаратал өзенің арасындағы ырысты жерге елді орнықтырғаннан кейін Қаратал өзенінен тоған тартып, осынау жазыққа егін егіп, диірмен салып, елді отырықшылыққа бейімдеген. Көне диірменнің орны мен 3 ғасыр бұрынғы тоғанның сорабы әлі де бар.

Тіліміз түйіні:

Мақсатымыз – Нұра ауылында өркенді өмір мен жүректі тебірентер береке-бірліктің болғанын анықтап, елді мекеннің жойылып кету себебін қарастыру. Ескі Нұра ауылын қайта қалпына келтіре алмаймыз. Бірақ Нұра ауылының ескі жұртына ашаршылық құрбандарының есімі жазылған ескерткіш тұрғызып, аты-жөнін қашап жазуға болмай ма? Олардың тұтас тізімі Айман Олжабайқызының қолындағы Олжабай Ізбасарұлының қолжазбасында тұр.

Айту біздің, атқару ел азаматтарының еншісінде.

Ескелді ауданы

● АЙТАР МЕЗЕТ

Баланың бағын ашайық

Дана халқымыз «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» деп текке айтпаған. Баласын болашағына балаған елдің әрбір ұрпағы баянды, қызықты шақты сезініп, елдің алымды һәм қарымды тұлғасы болып қалыптасуы керек. Бабалар аманаттап қалдырған ұлан-ғайыр далада егемендігіміз мәңгілік салтанат құру үшін Мағжан Жұмабаев сенген жастардың бүгінін жарқын және жарық еткен жөн.

«Арбаған мені бір сиқыр» дегендей, еңбек демалысына шықсам да жаным спортқа жақын болғандықтан теңбіл доп төңірегіндегі мақалаларымды газетке үзбей беріп тұрамын. Әлі де бұл өмірде өз-өзімді қамшылап, алға қойған мақсатыма жетуге құштармын. Биылғы футболдан Қазақстан Премьер лигасындағы тоғызыншы турдан кейін көш басындағылармен қатар келе жатқан «Жетісу» футбол клубы – сүйікті командам. Кезінде осы кәсіпқой футбол командасы Жаркент жерінде жасақталып, кейіннен облыс орталығы Талдықорғанға ауысып кеткен еді.

Рас, бүгінде төрткүл дүниеге ортақ футбол ойыны аудан, ауыл балаларына таңсық емес. Аладоп аяққа ілінсе, мейлі, топырақ, көгал болсын, таңдамай екіге жарыла жарыса кету үйреншікті дүние. Жасыл алаң, жақсы доп болмаса да футболдан хабары бар бозбаланың көкейінде аты аңызға айналған Пеле, Марадонадан бастап бүгінгі Роналду, Мессидің ойын өрнегі тұрары хақ. Оның үстіне оларға өзімізден шыққан Абат Айымбетов, Асхат Тағыберген, Бауыржан Исламхан, Бахтияр Зайнутдинов, Исламбек Қуат, Абзал Бейсебеков, Нұрәлі Әліп пен Жетісу футбол мектебінен шыққан Серікжан Мұжықов, Айбар Жақсылықовтардың ізінен ілескісі келетін оқушы балалардың қиялына қанат бітіріп, оларды спорттың осы түріне баулуды ниет еткен бапкер әрі ардагер спорт жанашырлардың бірімін.

Бүгінгі қоғамда бұқаралық спортты дамыту төтенше маңызға ие әрі көкейкесті мәселе. Әрине, қай заман, қандай уақыт болмасын жұмысбасты пенде үшін деннің саулығынан асқан байлық болмаған. Сол сияқты тоқсан ауыз сөздің түйінін тобықтай етіп, дәл жеткізе білген бабаларымыз «тәні саудың жаны сау» дейтін өсиет қалдырып, салауатты өмір салтының бағасын әлдеқашан-ақ беріп кеткен.

Осы ретте Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектептің футбол қақпалары ғана тұрған үлкен спорт алаңының инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында айтылған өтінішіміз орындалып, бүгіндері жобалық-сметалық құжаты сараптамадан өтіп, қаржысы бөлінгенін айрықша атар едім. Енді тендерді ұтқан мердігер компания жобадағы 100х65 м. үлкен футбол алаңын айналдыра төрт жолақты жүгіру жолдарының резиналы төсеніштерін төсеп, стандартқа сай ұзындығы 400 метр болатын қоршауларын орнатып берсе игі еді. Аталғандай етіп спорт алаңын бітірсе, балалар футболының өркендеуімен қатар «спорт падишасы» жеңіл атлетиканың да ауданымызда дамитыны анық.

Осы тұста таланты жетіп-артылатын ауылдық жерлерде спорт залдары мен футбол алаңдарын көптеп ашса екен дейміз. Сонда ғана жас дарындар сараланып, оларды тауып, кәсіби шеберлігін арттыруға жол ашылар еді. Ал баланың бағын ашу, оларды спортқа баулу – баршаның ортақ міндеті.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, спортшы, ұстаз
Жаркент қаласы

Ана тілін ардақтайық

Ұлтымыздың ұлылығының үлкен айнасы қазақ тілі. Ол өзінің бар болмыс-бітімімен, сән-салтанатымен, әрнені қамти алатындығымен бай. Бұл байлығымызға қазіргі уақытта төрт құбыладан назар аударып жатқандар қаншама?! Біз қазақ тілінің дүние тұрғанша тұратынына иланuымыз керек.

«Туған жер тұғырың, баптасаң тозбайды, туған тіл қыдырың, сақтасаң тозбайды» дейді бағзыдағылар. Солар айтқандай, тәуелсіздік тұғырының мықты болуы тіл тазалығына байланысты екенін жадымыздан шығармағанымыз абзал.

Ұлтымыздың биік мәртебесін, озық мәдени, әдеби мұраларын келер ұрпаққа өз дәрежесінде жеткізуді мұрат еткен кезеңде уақыт жүгінің басым бөлігі кітапханашыларға түсуде. Кітап оқу – өнер, рухани жаңғыру кепілі. Оқырмандардың санасына күн сәулесіндей нұрын сіңіріп, адамгершілікке, имандылыққа, оқу-білімге ұмтылуға әсерлі өлеңдерімен тәрбиелейтін Махмұт Қашқаридың даналық сөздерін, Жүсіп Баласағұнның, әл-Фарабидің, Ахмет Иүгінекидің өлеңдерін, Ахмет Иассауидің хикметтерін, ата-баба тарихының асыл мұраларын кітапханадан табатыныңыз сөзсіз.

Жер жаннаты Жетісу текті елдің ғана емес, текті жырдың да атамекені. Төрткүл әлемге танылған қазақ тілі, даланың данасы десек қателеспегеніміз. Ұлттың ұлылары толғап, тамсанып, нәрін татқан қазақ тіліне деген құрметін Ақсудың ардақты перзенті, ақын Ілияс Жансүгіров жырмен жеткізген.

Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,
Сенімен бағаланған балаң түрі.
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,
Сенімен әлдилеген анам мені.

Ілияс ақын көзі ашық, көкірегі ояу болғаны үшін қуғындалды, ату жазасы белгіленді. Алайда тілін кесіп, басын алғанмен білімдінің соңында өлмейтұғын хаты, ұрпағының аты қалды. Ақиық ақын өзіне ғана емес, жастарға:

«Оқығанда кім болам?
Жанарыңа нұр болам.
Заманыма ұл болам.
Дейсіңдер ме күн болам?
Мен сендерге тіл болам,
Оқығанда кім болам?
Ауылыма ай мен күн болам!» – деген өлең жолдары кейінгі буынның санасына ана тіліміздің құдіреті мен тазалығын сақтауға үндеу іспетті. Осылай үлкен үміт артқан ұрпағы – XXI ғасырдың жастары ақтық сөзін айта алмаған ақын арманының орнын ана тілінің тазалығын сақтай отырып толтырары сөзсіз. Оның дәлелі ақынның 130 жылдық мерейтойына арналған түрлі мәдени іс-шаралардың өткізілуі. Кейінгі буынға ана тілін құрметтеу туған өлкенің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, табиғатын танудан, ақын-жазушыларын ардақтаудан басталатынын насихаттау қажет.

Гүлшат САДУАҚАСОВА,
Қапал ауылдық кітапханасының қызметкері

● РУХАНИЯТ

Миллионнан асқан кітап

Қазақстандағы арнайы кітапханалардың қорында 1 миллионнан астам кітап бар.



Соңғы мәліметтерге назар аударсақ, республиканың арнайы кітапханаларының жалпы қоры 1 010 076 кітапқа жеткен. Кітап қоры өткен жылмен салыстырғанда 2,5 пайызға өскен.

Елімізде зағип және нашар көретін азаматтарға арналған 17 арнайы кітапхана жұмыс істейді. Оның біреуі республикалық, жетеуі облыстық болса, қалғаны қалалық және филиалдар мен арнайы бөлімдер. Қазіргі уақытта бұл кітапханалардың оқырмандары бүкіл ел бойынша 49 272-ге, келушілер саны 423 860-қа жетті.

Арнайы кітапхана дегеніміз зағип жандар мен нашар көретін оқырмандар, олардың отбасы мүшелері бос уақытын тиімді өткізуге, рухани дамуға, білімін арттыруға және интернет арқылы түрлі ақпарат алуға қолжетімді мәдени орталық екенін де айта кеткен жөн.

Да Винчидің картинасы

Қазақстанда алғаш рет Леонардо да Винчидің құпияға толы бірегей жауһарларының бірі «Әдемі ханшайым» (La Bella Principessa) картинасы көпшілік назарына ұсынылды.



Ұлттық музейде көрермен қызықтауға мүмкіндік алған «La Bella Principessa» картинасында XV ғасырдың соңында Леонардо да Винчи салған италиялық ақсүйектер әулетінен шыққан жас қыздың портреті бейнеленген. Картина кезінде жоғалып кетіп, қайтадан табылған жәдігер. Бұл – құпияға толы бірегей туынды.

Көрмеге арналған баспасөз мәслихатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сейітова айтқандай, аталған іс-шара Қазақстан мен Италияның мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастығын дамытуға жаңа серпін береді деген ниетпен ұйымдастырылған. Аталмыш көрме 7 маусым мен 4 тамыз аралығында ҚР Ұлттық музейінің мультимедиялық залында көрерменін күтеді.

Айта кетерлігі, бұрын аталмыш картина бүкіл әлем бойынша небәрі бес рет қана көрсетілген екен.

Желпінткен жеті марапат

Қазақстандық оқушылар APhO физикадан Азия олимпиадасында жеті марапат жеңіп алды.



Малайзияның Кампар қаласында физикадан Азия олимпиадасы өз мәресіне жетті. Онда әлемнің 27 елінен 212 оқушы бақ сынасты. Осы білім бәсекесінде Қазақстан құрамасы бір күміс, алты қола медальға және бір Мақтау грамотасына ие болды.

Атап өтсек, Алматы қаласындағы республикалық физика-математика мектебінің 11-сынып оқушысы Марғұлан Нұрсағатов күміс медаль еншілесе, Ілияс Қазымбек, Досжан Бисимби, Бекасыл Елубай, Артур Ким, Амир Пішенбаевтар қола медальді қанжығаларына байлады. Ал атыраулық Нұрасыл Барлыбаев грамотамен марапатталды.

Құрама команданың жетекшілері Самат Мақсұтов PhD, SDU доценті және Нұрдәулет Қаласов PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы болғанын айта кеткен жөн.

● ТАҒЫЛЫМ



Суретті түсірген Ғылман ҚАЛЫБОВ

ЖАҢА ЖӘДІГЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Тәуелсіз ел болғалы бабаларымыздың ұлылығы мен қалыптастырған құндылығын түгендеуге ел азаматтары ерекше үлес қосуда. Атқарылған жұмыс та көп, ал алдағы уақытта қолға алынатын жобалар да аз емес. Оған қалпына келтірілген Тезек төре Нұралыұлы мен Құдиярхан Тезекұлы Абылайхановтың мәрлерін Ш.Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейіне салтанатты түрде тапсыру рәсімінде тағы бір мәрте көз жеткіздік. Шараға мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының өкілдері, облыстық және аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшелері, «Тезек төре» қорының өкілдері, ақын-жазушылар, өлкетанушылар, тарихшылар, БАҚ өкілдері қатысты.

Қажет АНДАС

Естеріңізде болса, 2023 жылғы 26 қазанда Мемлекет басшысы ағартушы-ғалым, көрнекті этнограф Шоқан Уәлихановтың бейітіне зиярат етіп, Шанханай ауылындағы «Алтынемел» мемориалдық музейін аралап көрген еді. Сол жолы ел Президенті Ш. Уәлиханов туралы жазылған еңбектерді толық оқып шыққанын атап өтіп, зерттеу жұмыстарымен таныс екенін айтты. Сонымен қатар, «Музейдегі жәдігерлерді әлі де толықтыра түсу керек» деген. Осы шара Мемлекет басшысының сол тапсырмасын орындау аясында атқарылды.

– Мемлекет басшысының аталған тапсырмасын орындау мақсатында белгілі ақын, публицист, шоқантанушы Азамат Ақылбеков ҚР Орталық мемлекеттік архиві қызметкерлерінің көмегіне сүйенді. Оның сұранысы бойынша профессор Рашид Оразов аталмыш архив қорынан Тезек төре мен Құдиярхан Тезекұлы Абылайхановтың жеке мөрлері басылған құжаттарды тауып берді. Осы құжаттар арқылы екі мөрді де көлемдерін сақтай отырып, дәлме-дәл түрде қайта қалпына келтіру жұмысы атқарылды және мөрлердің сәйкестігі жөнінде ғылыми анықтама әзірленді, – дейді Бағдат Ақылбеков.

Жалпы мөрді ел билеушілері жеке бастарын анықтауға қолданған. Сұқ немесе бас бармаққа тағылатын жүзік түрінде келеді. Саусаққа тағатын дөңгелекті «жүзік» деп, жазуы, әшекейі бар тұсты «беті» деп атаған. Тезек төренің 1860 жылғы құжаттағы мөр ізі, саяси қуғын-сүргін құрбаны Құдиярхан Тезекұлының 1913 жылғы сайлау тізіміндегі мөр іздері Абылай хан әулетінен екенін көрсетіп тұр.

– Тезек төре мен Құдиярхан Тезекұлы мөрлерінің жан-жағы қазақы оюмен, ру таңбаларымен өрнектелген. Бетіндегі жазу айналасы сызықпен қоршалып, ол жерге түрлі белгі, өрнек салынған. Тезек төреге тән мөрдің көлемі 30*17 мм, Құдиярханның мөрі 20*17 мм шамасында. Тезек төре мөрінің жүзігі қомақты, тұтас соғылып, бетіне күрделі түрлі әшекей салына отырып жасаған. Мөрдің бетіне арабша әріптермен «Сұлтан Тезек ибн сұлтан Нұралы», ал Құдиярханның мөрінде «Сұлтан Худаярхан ибн Тезек хан» деген жазу жазылған. Бар болғаны 2-3 см жерге соншама жазуды сыйдырып ойған қазақ зергерлерінің шеберлігіне еріксіз тәнті боласың. Оның үстіне, мөр бетіндегі жазу айнадағы кері бейне сияқты жазылғанда, қағазға басқанда оңымен түседі, – дейді зерттеуші Азамат Ақылбеков.

Аталған шара аясында екі мөр тұрақты жәдігер ретінде Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» музейіне салтанатты түрде тапсырылып, Тезек төре Нұралыұлына ашылған арнайы бұрышқа қойылды. Осы бір тарихи сәтке Алматыдан арнайы келіп қатысқан қазақтың бас биі Ермек Албан, елімізге танымал ақын Әли Ысқабай, сазгер Мұратхан Егінбаев, «Тезек төре» қорының төрағасы, Кербұлақ аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Жанат Бураханов, Жетісу төрелерінің көшбасшысы Әбілқайыр Бексұлтанов, қорғаныс істері жөніндегі басқармасының тәрбие және идеологиялық жұмыстар, әскери қызметті насихаттау жөніндегі инспекторы, тарихшы, өлкетанушы Есет Дәуренбаев сияқты азаматтар аталы сөз айтып, ақ тілектерін білдірді.

Сонымен қатар, бұл мөрлердің көшірмесі Талдықорған қаласындағы М.Тынышбаев атындағы музейге және Қырғызстан Республикасының Ыстықкөл өлкетану музейіне де сыйлық ретінде тапсырылмақ. Айта кетерлігі, келесі 2025 жылы Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толатынын және бұл меженің халықаралық деңгейде атап өтілетінін ескерсек, Мемлекет басшысының Шоқан музейін күрделі жөндеуден өткізу туралы шешімді тереңнен ойластырып қабылдағанын түсінуге болады. Демек, алдағы уақытта Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейіне келуші туристердің саны да арта түсетіні анық.

Бұл ізгі іс-шараға атсалысқан қауым алдымен Тезек төре жерленген Қарлығаш ауылының іргесіндегі «Тезек төре қорымына», одан кейін «Көшен тоған» атты жерде орналасқан Шоқан Уәлихановтың зиратына арнайы барып, Құран бағыштап, перзенттік ілтипатын білдірді. «Тезек төре» қорымы басында ҚР Журналистер одағының мүшесі, халықаралық «Шыңғысхан» академиясының академигі, Тезек төре және шоқантанушы Бағдат Ақылбеков көпшілікке қорымның тарихы жайлы баяндап берді. Бұл қорымда 1816 жылдары қайтыс болған Тезек төренің әкесі сұлтан Нұралы Абылайханов, 1860 жылдары қатерлі індеттен қайтыс болған шешесі, екі баласы және басқа да туған-туыстары жерленгені жайлы тоқталып өтті. Сонымен қатар, Тезек төре көзі тірісінде, кейін өзі қайтыс болғанда жерлеу үшін, осы қорым аумағында өзіне арнап сән-салтанаты жарасқан күмбез салдырғаны, қорым аумағын биік дуалмен қоршатып қойғаны туралы мәлімет ел құлағын елең еткізді. 1879 жылы Тезек төре қайтыс болады да, өзіне тұрғызған осы күмбезге жерленеді. Уақыт өте келе бұл маңайға Ресейден арнайы жер аударылған, қазақтар «переселен» деп атаған орыс мұжықтары келіп, қоныстана бастайды. Олар алдымен қорымның қоршауын бұзып, қыш кірпіштерінен өздеріне үй салып алады. Келесі жылы күмбезді де қиратып, кірпіштерін жаңа үйлер салу үшін пайдаланады. Бұл тарихи мәлімет көпшіліктің көңілін бей-жай қалдырмады.

Қазіргі уақытта әр ру өздерінің белгілі тұлғаларына арналған еңселі ескерткіштер мен кесенелер тұрғызғаны белгілі. Ал Жетісу жерін, бес болыс елін 30 жылдан астам басқарған, жан-тәнімен қорғап өткен, өнер адамдарына қамқор болған, батыр, ақын, мемлекеттік қайраткер, Шоқан Уәлихановтың қолдаушысы, аға сұлтан Тезек төре Абылайхановтың зираты үйіндіге айналып, аянышты жағдайда жатыр. Осыған байланысты «Алаш арландары» қоғамдық ұйымының төрағасы, қазақтың бас биі Ермек Албан Ұлы хандарымыздың жалғасы бола білген, Ресей, Қытай, Қоқан, Қырғыз мойындаған Тезек төренің күмбезі қайта қалпына келтірілмей осы уақытқа дейін үйінді болып жатқаны Жетісу жұртшылығына, барша қазақ халқына үлкен сын дей келе өз атынан бұл істі қолға алатынын, қиратылған күмбезді қайта көтеретінін айтып, сөз берді.

Жалпы Тезек төре мен Шоқан Уәлиханов бір-бірінен бөле қарауға келмейтін қос тұлға. Олардың туыстық қарым-қатынастары, бір-біріне деген ыстық ілтипаттары туралы ел ішінде аңыз-әңгімелер көптеп айтылған. Бүгінде Шоқан Уәлихановтың асқақ ескерткіші көкке бой созып, сән-салтанатымен жарасым тауып тұр, ал Тезек төре күмбезі, өкінішке қарай, отарлаушылардың кесірінен бүлініп, үйінді топыраққа айналған.

Кейінгі жылдары ұрпақтары белгітас қойғанымен кезіндегі сәулетті кесенені қайта қалпына келтіру ісі қаржылық қиындықтан жүзеге аспай келеді. «Енді Тезек төре кесенесі қайта қалпына келтірілсе нұр үстіне нұр болар еді» деген ел-жұрттың тілегі көп.

Кербұлақ ауданы

● ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

мұғалімді алмастыра ала ма?

Кейінгі жылдары технология қарыштап дамып, білім беру жүйесіне тығыз ене бастады. Осының әсерінен болса керек, жасанды интеллектінің білім беру саласындағы рөлі туралы пікірталас та қыза түсуде. Кейбіреулер нейронды желілер болашақта педагогтарды толықтай алмастыратынына сенсе, ал кейбір педагог болашақта жұмыссыз қалармыз деп сарыуайымға салынып жүр.

Жасанды интеллект біраз маманды жұмысынан айырғанымен мектеп мұғалімдеріне соншалықты үлкен қауіп төндіре алады деп ойламаймын. Өйткені оқушыға ғылыми фактілерді түсіндіру оған көбейту формуласын жаттату немесе мектептегі оқулықтардан ғана тұрмайды. Сонымен қатар, білім беру дегеніміз – оқушымен қарым-қатынас құру, оның жеке қажеттіліктерін түсіну, оқушымен эмоциялық байланыстарды нығайту. Жасанды интеллект үлкен деректер массивімен жұмыс істеп, мол ақпаратты жинап, оны оқушыға ұсына алады. Дегенмен, оның бойынан жанашырлық, мейірім, эмпатия секілді адамға тән сезімдерді кездестірмейміз. Ал мұндай сезімдерсіз оқушымен жұмыс істеу мүмкін емес. Өскелең ұрпақ мұғалімнің алдында біліммен қатар эмоциясы да толысқан тұлға болып қалыптасады. Яғни, робот бере алмайтын адами құндылықтарды оқушылар мектептегі мұғалімнен алады. Сондықтан, жасанды интеллект ұстаздарды еш алмастыра алмайды деп тұжырымдауға негіз бар.

Жасанды интеллект мұғалімнің жұмысын тартып алмайды, керісінше, оның ісін әлдеқайда жеңілдетеді. Жаңа технологияны мұғалімнің орнын басатын адам ретінде қарастырудың орнына мұғалімнің кәсібін қалай жақсарта алатыны туралы ойлану тиімдірек. Жасанды интеллект мұғалімдер үшін құнды құрал. Олардың жеке оқыту, жоспарлау, оқушылардың жұмысына анализ жасау және т.б әкімшілік тапсырмаларды тиімді орындау қабілетін арттырады. Мысалы, жасанды интеллект мұғалімдерге оқушылармен жеке қарым-қатынас жасауға көбірек уақыт беру арқылы күнделікті оқу үлгерімін тексеруді орындай алады. Жасанды интеллект негізіндегі аналитика мұғалімдерге оқу мәселелерін тиімдірек анықтауға және шешуге көмектесу арқылы оқушылардың үлгерімі туралы түсінік бере алады. Сонымен қатар, жасанды интеллект оқушыларға қосымша ресурстар мен тәжірибе мүмкіндіктерін ұсына отырып, сыныптан тыс қосымша білім беруге жол ашады. Жасанды интеллект пен мұғалімдер арасындағы бұл серіктестік өзара артықшылықтарын пайдалана отырып, динамикалық және тиімді білім беру ортасын құра алады.

Қорыта келгенде, жасанды интеллект білім берудің көптеген аспектілерін өзгерту мүмкіндігіне ие болғанымен ол мұғалімдердің көп қырлы рөлін толығымен алмастыра алмайды. Мұғалімдердің ерекше қасиеттері – эмоционалды интеллект, эмпатия және шабыттандыру және бейімделу қабілеті. Қазіргі жасанды интеллект технологиясында бұл таптырмас нәрсе. Керісінше, білім берудің болашағы жасанды интеллект пен мұғалімнің қатысуымен оқыту құралдарының үйлесімді интеграциясында жатыр, мұнда жасанды интеллект мұғалімдердің мүмкіндіктерін кеңейтеді және жекелендіреді. Оқытуды тиімді жүргізуге ықпал етеді. Осы серіктестікке кіре отырып, біз білімнің инновациялық және терең адамгершілікке ие болуын қамтамасыз ете аламыз.

Шалкар ЖУМАБАЙ,
«Республикалық физика-математика мектебі» Ке АҚ филиалы бастауыш сынып мұғалімі
Астана қаласы

● ШӘКІРТ ҮНІ

Құндылығы кеміген «АЛТЫН БЕЛГІ»...

«Алтын белгі» – 11-сыныпқа дейін үздік оқыған оқушыларға берілетін белгі. Оқушылық кезеңде талмай талаптанған, ізденген, мектеп бағдарламасын меңгеруге барын салған үздіктерге берілетін сол дүниенің парқы қандай, салмағы бар ма? Түлек атанған шақта омырауына тағар бұл белгі бағалануда ма? Ойландыратын, ойланатын сауал.

Менің ойымша, бұл қазіргі өскелең ұрпақты мазалайтын үлкен мәселеге айналған дүние. Алайда біразы шырылдағанмен кейбіреу үшін үндемес, айшықтамас тақырып екені жасырын емес. Бұл үнсіздікті бұзып, үздіктер үніне айналдыру біздің парызымыз деп ойлаймын. Өз басымнан өткен мәселе болғандықтан бұл тақырыпты қозғамасқа болмады. 11 жылдық еңбектің дұрыс бағаланбағаны көңілге үлкен қаяу түсіреді. Мектеп табалдырығын аттағаннан түлек атанғанша үздік оқып, мемлекеттік емтихандарды жақсы тапсырғаннан бөлек, «Алтын белгіні» ақтап алу мақсатында күрделендірілген қосымша емтихандар тапсырудамыз.

Біршама жыл бұрын «Алтын белгінің» қадір-қасиеті зор болды. Яғни, белгіні тағынған әрбір түлек емтихансыз қалаған оқуына түсу мүмкіндігін иеленді. Қазіргі таңда бұл белгіні алған және алмаған оқушылардың айырмашылығы мүлдем жоқ.

Рас, ҰБТ жоғары оқу орнына түскісі келген әрбір түлек тапсыруға міндетті тестілеу. Егер де кімде-кім ҰБТ-дан жоғары балл жинаса, сол мемлекеттік грантқа ие болады. Яғни «Алтын белгі» иегері болсын-болмасын, бұл ешқандай рөл мен маңызға ие емес! Осы жерде түлектер арасында «Төсбелгі алуға ұмтылып, құштар болудың не маңызы бар?» деген үлкен сұрақ туындайды.

«Бақ шаба ма, бап шаба ма» дегендей, мектепті қатардағы оқушы санатын толықтырып бітіріп шыққан балалардың оқуға түсіп жатқаны көп. Олардың бағын да, алған грантын да қызғанбаймыз. Десе де төсбелгі тағынған үздіктердің жайын да ел болып ойлаған жөн шығар...

«Білімді ұрпақ – келешек кепілі», – дей келе жастарды қанаттандырып, қанаттарын кең жаюға жағдай жасау керек. Сонда ғана, білімді ұрпақ елімізде қалып, елімізді көркейтіп шыңдайтын болады. Бағы емес, еңбегі бағаланатын ел болайық дегім келеді.

Беназир ТАЛҒАТОВА,
№15 орта мектебінің түлегі
Талдықорған қаласы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Дастанбек САДЫҚ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы,Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 649
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 10 118, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 6040.
Индексі – 65469.

● ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ биылғы «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын ыждағатпен тыңдадым. Бұл ел өміріндегі шын мәнінде үлкен бетбұрысқа негіз болар саяси жаңғыруға толы жаңалықтардың жаршысы дер едім.

Жолдау қарапайым халықты көптен толғандырып жүрген маңызды мәселелерге негіз болды. Әсіресе Президенттің жергілікті биліктің қызметін бұрынғыдан да жандандыру бағытында аудан, қала әкімдерін де халықтың қалауымен, яғни сайлаумен бекіту жөніндегі тұжырымдары көкейге қонымды бастама деп білемін.

Президенттің атом электр стансысын салып, шетелдерге электр қуатына байланысты тәуелділіктен құтылу жөніндегі бастамасының да мемлекет экономикасының нығаюына тигізер әсері зор. Отандастарымыз бұл жаңалыққа жатырқап қарамай, береке беретін бастаманы қолдағаны абзал.

Әлемдік саяси кеңістіктегі орын алып отырған қарулы қақтығыстар мен мемлекетаралық дүрдараз мәселелердің еліміздің әлеуметтік, экономикалық даму үрдісіне салқыны тиетіні анық. Дегенмен, қарапайым халық үшін ең бастысы азық-түлік өнімдерінің шамадан тыс қымбаттамауы шарт. Бұл орайда Мемлекет басшысының Жолдауындағы Үкіметке көктемгі егін егу науқанына тыңғылықты дайындалу жөніндегі тапсырмасы маңызды тұжырым.

Біздің елде халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің негіздері баршылық. Ежелден шаруа баққан аграрлы елдің осы мүмкіндіктерінің нәтижелі жұмыс жасауына билік тарапынан шынайы, адал қамқорлық керек.

Рахметолла ТҰРЛЫБАЕВ,
Панфилов ауданының Құрметті азаматы

Жаркент қаласы

● ЕЛ ШЕБІНДЕ

Батырын еске алды

ҚР ҰҚК шегара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шегара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі Жетісу облыстық филиалының төрағасы, толыстағы полковник Николай Мечетинмен кездесу өтті.

Шарада толыстағы полковник 1994 жылғы қыркүйек айында Тәжік – Ауған шегарасындағы қарулы қақтығыста қаза тапқан Раджан Батырхановтың ерлігі туралы әңгімеледі. Ардагердің айтуынша, мектепті бітіре сала әскер қатарына қабылданған оғлан 19 жаста ғана болыпты. Жастығына қарамай, қарулас достарын аман алып қалу үшін кеудесін оққа төсеп, сол жерде қаза табады. Жас өреннің қайтпас қайсарлығын жоғары бағалаған Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Раджанды I дәрежелі Спитамен орденімен марапаттайды.

Толыстағы полковник батырдың ерлігін айта отырып, шегара сақшыларын өз елінің патриоты болуға шақырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жуырда Сарқан қаласының облыстық № 3 арнайы мектеп-интернатында «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясы өтті. Жоғарыда аталған іс-шара аудан әкімінің қолдауымен әрі білім ордасы басшылығының бастамасымен ұйымдастырылды. Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов, аудандық ардагерлер ұйымының өкілдері, өңірге танымал кәсіпкерлер, мекеме-ұйым басшылары қатысып, шәкірттерге арнайы әзірлеген бағалы сыйлықтарын табыстады.



Жақсылық жасап жарысайық

Акция барысында мектептің фойесінде оқушылардың өз қолдарымен әзірленген қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылып, барлық қажетті жағдайлармен жабдықталған сынып бөлмелері қонақтарға таныстырылды. Сонымен қатар мұнтаздай жиналып, дайындалған білімпаздар демалатын төсек-орындар да келушілер назарынан тыс қалмады.

Мектеп-интернат ауласында арнайы дайындалған сахнада кеш жүргізушілері оқушылардың қатысуымен дайындалған концерттік нөмірлерді көрермендер назарына ұсынды. Бастауыш сынып оқушыларынан құрылған «Меруерт» би тобы қызылды-жасыл көйлек киіп, «Гүлдер» биін мың бұрала билесе, мектеп ұстазы Индира Елубаева «Ата-ана үшін ғұмыр бер, Алла» әнін нақышына келтіре шырқады.

Арнайы әзірленген концерттік бағдарламаның соңында мектеп-интернат басшысы Бақытгүл Сәрсембаева осынау қайырымдылық акциясына атсалысып, демеушілік көмек көрсеткен қайырымды жандарға Алғыс хат табыстаса, өңірге танымал бапкер Жандос Хабдулиннің баптауындағы болашақ спорт сайыпқырандары джиу джитсу сайысынан шеберлік сағатын көрсетті.

Өз салалары бойынша жетістікке жетіп, ел алғысына бөленіп жүрген осындай аға-апаларының өздеріне деген қамқорлығын сезініп жүрген мектеп-интернаттың жеткіншектері келешекте ел қамын күйттейтін, қайырымды болуға барынша тырысатын ұлағатты ұрпақ болып ержетері даусыз.

Жақсылық жасау – имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде жанданып, өз жалғасын тауып келеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ

Сарқан ауданы

● САРАПТАМА

Қалтасы қалың, қарны тоқ

Сарапшылар Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйене отырып, зерттеу жүргізді.

Белгілі болғандай, биылғы II тоқсанда халықтың ет және ет өнімдерін тұтыну көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,5 пайызға өскен. Мәселен, бір адам тоқсанына 20 келіге жуық осы өнімді пайдаланған. Сонымен бірге жеміс-жидек пен көкөніс, сүт өнімдері және тәттілер бойынша өсім байқалады.

Ал ұн өнімдері мен дәнді дақылдарды тұтынуды азайтқан тұрғындар май мен жұмыртқа жеуді де төмендеткен. Алайда, бұл ел бойынша тұтынудың орташа көрсеткіштері болып саналады. Нақты жағдайды бағалау үшін бай және кедей қазақстандықтардың қалай қоректенетінін салыстырып көрейік.

Мәселен, бір тоқсан ішінде аз қамтылған қазақстандық 10,5 келі немесе күніне 116 грамм ет жейді. Ал байлар тоқсанына 35,7 келі, күніне 396 грамм ет тұтынады. Яғни, мұндағы айырмашылық 3,4 есеге көп. Бай тұрғынның тағамдарына балық пен теңіз өнімдері де молынан кіреді. Дәруменге бай мұндай тағам түрлерін қолдану оларда тоқсанына 6,7 келіні құраса, күніне 73,3 грамм, ал кедейлерде бұл тоқсанына 1,6 келі, күніне 17,7 грамм, айырмашылық 4,2 есеге жоғары. Сүт пен сүт өнімдерін тұтынуда да өзгерістер бар. Егер ауқатты адам орта есеппен тоқсанына 104,8 келі, күніне 1,1 келі сүттен жасалған тағам түрлерін жесе, онда кедей 30,9 келі, күніне 343 грамм ақ өнім тұтынады.

Үш ай ішінде еліміздегі аз қамтылған тұрғын ағзасына 29 жұмыртқа, яғни, күніне жұмыртқаның жартысынан азын бере алды. Ал ауқатты адам тоқсанына 2,8 есе, 82,9 дана, күніне 1 данадан сәл төмен тұқым жеуге мүмкіндігі бар. Көкөністерге келетін болсақ, бұл жерде айырмашылық 2,6 есеге көп. Мәселен, кедей қазақстандық тоқсанына картопты есептемегенде 12,3 келі, байлар тоқсанына 32,9 келі көкөніс жейді. Бай адамдар, сондай-ақ, кедейге қарағанда, жеміс-жидектерді молынан тұтынуға мүмкіндігі жетеді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

● САРЫБҰЛАҚ АУЫЛЫНА – 80 ЖЫЛ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Бірлікті жерде БЕРЕКЕ БАР

Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылында дүркіреп той өтті. Алыс-жақыннан жиналған қауым, осы ауылда еңбек еткен ардагерлер, ауылдан түлеп ұшып, бүгінде әр салада елеулі еңбек етіп жүрген түлектер, ауыл тұрғындары берекесі мен мерекесі жарасқан шараны бірге атқарды. Алдымен ауыл азаматтарының ауызбіршілігіне алғыс айтуға тиістіміз.

Сарыбұлақ ауылдық округінің іргетасы 1944 жылы «Сарыбұлақ» қой кеңшарының негізінде құрылған. Алғашқы кездегі аумағы 130236 шаршы метрлік кеңшардың 10 ұлт өкілінен тұратын 3027 тұрғыны болған. Кеңшар құрамына Қарағаш, Қазынсу, Сарыбұлақ, Шилісу ауылдары кіріп, Қарағаш ауылы орталығы болған. Асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлініп, ет-сүт өнімін өндіру бағытында жұмыс істеді.

Ауыл ақсақалдарының айтуынша, «Сарыбұлақ» қой кеңшарында 15 мың қой болса, кейін 100 мың тұяқтан асқан мыңғырған малы бар кеңшарға айналды. Мектеп-интернат, клуб, балабақша, монша, алма бағы ауылға сән берді. Мыңнан аса үй, бірнеше мыңдаған тұрғыны болды. Ауыл және мал шаруашылығы жұмыстарына пайдаланылатын 90-нан аса трактор, 100-ден аса машина, 56 комбайн, 22 «К-700», 70 су таситын көлік, тағы басқа техникалар самсап тұратын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезеңінде қолда бар мүмкіндік көзден бұлбұл ұшты. Дегенмен, ауыл азаматтарының береке-бірлігі, тынымсыз еңбегі, облыс, аудан басшылығының қолдап-қуаттауының нәтижесінде қазіргі ауылдың тынысы ашылып, тіршілігі түзеліп келеді.

Алғаш кеңшар, кейін асыл тұқымды қой зауыты, тәуелсіздіктен кейін ауылдық округ болып құрылымдалған елді мекеннің тарихында елге сыйлы, жұртқа танымал, осы өңірдің өркендеуі үшін еңбек еткен азаматтар мен азаматшалар көп болды. Тоқырау жылдары ауылдан алыс қалаларға көшіп кеткендер болғанымен олар да бүгін өздері туып, өскен, еңбек еткен ауылының өркендеуі үшін қолдан келер жақсылықтарын жасап жүр. Ал бүгінде осы ауылдың еңсесін тіктеу үшін еңбектеніп жүргендер аз емес. Осы тарихи оқиғалар өлкетанушы-журналист Қажет Андастың «Құт мекенім – Сарыбұлақ» атты өлкетану бағытында жазылған тарихи-танымдық еңбегінде толық көрініс тапқан. Ауыл тойы жаңа кітаптың тұсаукесерімен басталды. Оған Кербұлақ ауданының әкімі Қанат Есболатов, Әбутәліп Бектеміров бастаған ауыл ақсақалдары мен ақжаулықты апалар, мемлекет және қоғам қайраткері Серік Мұқанов бастаған алыс-жақыннан келген елге еңбегі сіңген, сыйлы азаматтар қатысты.

– Сарыбұлақ ауылы қасиетті бабаларымыздың ізі қалған қасиетті мекен. Табиғаты сырға толы, қойнауы құт мекен талантты тұлғаларды, белгілі азаматтарды өсірді, жетілдірді. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, бүгінде бұл маңда ұлттық өркениеттің жарқын іздері сайрап жатыр. Құрылғанына 80 жыл болған ауылдың іргетасын қалаған, ел қорғаған, қиындыққа мойымай еңбек еткен аға буынның еңбегі бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болуға тиісті. Қаймағы бұзылмаған елі бар, бірлігі жарасқан Сарыбұлақ ауылының гүлденер шағы әлі алда. Ауылымыздың бақ пен берекесі артып, жаңарып, жайнай берсін, – деді аудан әкімі.

Осыдан кейін сөз алған ауыл ақсақалы Әбутәліп Бектеміров, Серік Мейірханұлы, тағы да басқа қонақтар осы ауылда еңбек еткен жылдардағы естеліктерімен бөлісіп, бүгінгі буынның өткен мен бүгіннің арасын жалғаған ұлы дүбір той салтанатының жетістікпен аяқталуына тілектестігін білдірді. Той шымылдығы осылай түрілген соң ауыл мерекесінің шаттығын асыруға арнайы шақырылған әнші, күйші, ақын, өнерпаздар айтыс аламанын қыздырып, күмбірлете күй шертіп, әсем әндерін арнап, бұратыла би билеп, жиналған көпшіліктің көңілін көтеріп тастады.

Той-думаны өткен Сарыбұлақ ауылдық округінің орталығы Қарағаш ауылының іргесіндегі алаңқайға қаз-қатар тігілген қазақ үйлер, әсем безендірілген шатырлар, мерекенің айшығын асырған сахна ауыл азаматтарының туған жерге туын тіккен ынтымағының ұйытқысындай көрінді. Айта кетерлігі, ауылдың 1944 жылдан бергі әр жылдардағы түлектері бір-бір киіз үй тігіп, барлық шығындарын ортақ көтеріп, қонақтарды жылы пейілмен қарсы алуға сақадай сай тұрды. Тойға жиналғандар түсте осы үйлерден дәм татып, қазақтың бай дастарқанының куәсі болды.

Айналасы киіз үй, шатырлармен қоршалған алаңда спорттық жарыстар ұйымдастырылып, білегі мен бел күші мықты жігіттер қошқар көтеріп, қазақ күресінен бәсекеге түсті. Талғар ауданынан келген Бауыржан Әбдішайықов қошқар көтеруден жеңімпаз атанды. Ал Қазақша күресте 1-орынды Жоламан ауылынан Бекарыс Садуақас, 2-орынды Сарыбұлақ ауылының спорттық жаттықтырушы Олжас Қойшыман, 3-орынды Сарыөзек ауылынан Санжар Қызайбек иеленіп, жұрт алдында мерейленді.

Спорттық жарыс өтіп жатқан алаңнан қашықтағы жазықта көкпар тарту қызып жатты. Беташар салымды Қоғалы ауылының азаматы Айдос Қайран, «Өгіз өрімді» Шоқан ауылының азаматы Нұржан Сыпатай салып, тартысты бәсекенің көрігін қыздырды. Той аясында тай, құнан, аламан бәйге жұрттың делебесін қоздырды. Тай бәйгеде Қайсар Шымырбаевтың «Айсұлтан» атты тайы бірінші келіп мотоцикл, құнан бәйгеде «Мұзбалақ» атты сәйгүлік басқалардан оқ бойы озып келіп мотоцикл, аламан бәйгеде Марлан Бектенов баптаған, шабандозы Хамза Марланұлы, Марат Ақберлиновтың «Ақтанау» атты сәйгүлігі мәре сызығын бірінші болып кесіп автокөлік ұтып алды.

«Той – елдің қазынасы» деген бар. Бұл тойдың жөні бөлек. Ауылдың өткен тарихы түгенделіп, бүгінгі ұрпақтың берекесі мен бірлігін нығайтып, алдағы жарқын істерге жол салғанымен жұрт есінде қалды.

Қ. ОМАРАҚЫН

Сарыбұлақ ауылы,
Кербұлақ ауданы

● СЕССИЯ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТ

Облыстық мәслихат төрағасы Гүлнар Тойлыбаеваның төрағалығымен Жетісу облыстық мәслихатының кезекті XXIV сессиясы өтті. Онда 2025-2027 жылдарға арналған облыстың бюджеті, облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 23 қарашадағы «Жетісу облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» №12-35 шешіміне өзгерістер енгізу мәселелері қаралды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Рауан Дауталиновтың баяндамасы тыңдалды. Айтуынша, үш жылдық кезеңге арналған облыс бюджетінің жалпы көлемі 1,6 трлн. теңге, оның ішінде 2025 жылға 552,8 млрд. теңге, оның ішінде меншікті кірістер – 91,1 млрд. теңге, ағымдағы нысаналы трансферттер – 18,3 млрд. теңге, нысаналы даму трансферттері – 32,6 млрд. теңге, субвенция – 386,5 млрд. теңге, республикалық бюджеттен берілетін несиелер – 18,3 млрд. теңгені құрап отыр. Ал бюджеттік несиелерді өтеу – 6,0 млрд. теңге.

Жалпы, облыс бюджетінің басым бөлігі әлеуметтік бағытта. Үш жылдық кезеңде әлеуметтік салаға жұмсалған 995,9 млрд. теңге шығыстар бюджетінің 60%-ын құрайды, оның 43%-ы білім беру саласына тиесілі. Оның ішінде 2025 жылы әлеуметтік салаға жұмсалатын 309 млрд. теңге шығыстар бюджетінің 56%-ы, оның 37,4%-ы білім беруге арналған. 2025-2027 жылдарға арналған білім беру жүйесі бойынша облыстың ағымдағы бюджет жобасының көлемі – 657 млрд. теңге. Осы сала бойынша 2025 жылға арналған бюджет жобасы 199,7 млрд. теңгені құрайды.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 2025-2027 жылдарға арналған бюджет жобасы 39 млрд. теңге десек, 2025 жылға арналған жергілікті бюджет жобасы 13,6 млрд. теңгеге айқындалды. Азаматтарды әлеуметтік қорғау үшін халықтың әлеуметтік осал топтарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау шараларын күшейту, еңбек нарығын дамыту көзделген. Қойылған мақсаттарды шешу үшін 2025-2027 жылдары 117,3 млрд. теңге бөлу жоспарланған. Осы сала бойынша жергілікті бюджеттен 2025 жылға арналған облыс бюджетінің жобасы 32,6 млрд. теңгені құрап отыр.

Қоғамдық даму саласы бойынша 2025-2027 жылдарға арналған бюджет жобасы 11,5 млрд. теңге, оның ішінде 2025 жылға 3,9 млрд. теңге, оның 1,3 млрд. теңгесі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге («Жетісу» телеарнасы ЖШС – 688,7 млн. теңге, «Жетісу Медиа» ШЖҚ МКҚК – 591,8 млн. теңге), қалғаны басқа да жұмыстарды атқаруға жұмсалмақ.

Жиында облыста «ҚР Тіл туралы» Заңының орындалу барысы мен Талдықорған қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау мәселелері қаралып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес АҚ облыс бойынша филиалының биылғы 9 айдағы жұмысының қорытындысы тыңдалды. Бұған қоса, облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 20 маусымдағы №4-32 «Жетісу облысы бойынша ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту» және облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 21 қазандағы №11-32 «Жетісу облысы бойынша үй жануарларын ұстау және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы» шешімдеріне өзгерістер енгізілді.

Бұдан соң облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов бірлескен жұмыстың арқасында биылғы жылдың ойдағыдай аяқталып, әр салада оң өзгерістерге қол жеткізіліп келе жатқанын, сондай-ақ, аймақ экономикасын алға жылжытуда жүзеге асырылған жобалар мен ауылшаруашылығы, құрылыс, жол, туризм, тұрғын үй, газ, басқа да салаларда атқарылып жатқан істердің аз еместігін айтып, үш жылдың бюджет жобасын бекітуге қолдау көрсеткен депутаттарға алғысын жеткізді.

Соңында ҚР мәслихаттарына 30 жыл толуына орай ел экономикасын өркендетуге үлес қосып жүрген бір топ депутат марапатталып, ардагер депутаттарға да сый-құрмет көрсетілді.

● МАРАПАТ

«ШАПАЛАҚТЫҢ» биік белесі

Облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов жетісулық «Шапалақ» командасының ойыншыларымен кездесіп, аймақтың мәртебесін асқақтатып жүрген азаматтарға құрмет көрсетті. Jaidarman TOP жоғары лига ойындарында чемпион атанған жігіттерге аймақ әкімінің Алғыс хаты мен 1000 000 теңгенің қаржылай сертификаты табысталды.

Осы жылдың қараша айында өткен Jaidarman TOP жоғары лига ойындарының ақтық сайысына Талдықорғаннан «Шапалақ», Семейден «Қыздарский», Жаңаөзеннен «Не хабар?», Алматыдан «Эверест», Оралдан «Талант», Жамбыл облысынан «Жуалы» командалары қатысып, чемпиондық үшін бәсекелескен еді. Бұл ретте бағы мен бабы қатар шапқан жетісулық «Шапалақ» командасы 1-орынға ие болып, 50 000 000 теңгені қанжығасына байлады. Жерлестеріміздің Jaidarman TOP жоғары лига ойындарының 25 жылдық тарихында алғаш рет жеңіске жеткені көпшілікке үлкен қуаныш сыйлағаны ақиқат.

– *Біздің басты мақсатымыз – халыққа сапалы әзіл беру. Әзілдерді түгелдей өзіміз жазамыз, бұрын-соңды сценарист көмегіне жүгінбедік. Ниетіміз таза, әділ чемпиондық еді. Сол ниетімізге қарай берді. Көрерменге күлкі сыйлап, жүректеріне қуаныш дарыту негізгі міндетіміз болса, біз сол үдеден шықтық деп ойлаймын,* – дейді «Шапалақ» командасының капитаны Орынбасар Серікбай.

Кездесу барысында Диас Рахметұлы жігіттердің еңбегі елеулі екенін, болашақта да сан белесті бағындыратындарына сенім білдіретінін атап өтті. Жетісудың көркеюі үшін бірлесе жұмыс істеспек ниетін жеткізді.

– *«Шапалақ» командасының тарихын жақсы білемін. 2014 жылы құрылып, бүгінде облыстан шыққан тұңғыш чемпион болып отырсыздар. Сіздердің жүріп өткен жолдарыңыз, тәжірибелеріңіз өніріміздегі жас командаларға үлгі. Жаңа бастау, болашақ чемпиондарға жол ашады деп сенемін. Біз Жетісу облысының әкімдігі әрдайым Жайдарман қозғалысын қолдаймыз. Өздеріңіз білесіздер, тұрақты түрде облыстық лига, әкім кубогі, Алакөл алаулары, республикалық басқа да турнирлер өткізіліп жүр, алдағы уақытта бірлескен жобаларымыз артады,* – деді ол.

Ясин ОРАЛБЕК

● КОНФЕРЕНЦИЯ



ЖЕТІСУДЫҢ тарихи мұралары

Тіл сарайында облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі орталықтың ұйымдастыруымен «Жетісудың тарихи мұралары» атты облыстық конференция өтті. Онда облыс аумағында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытынды есебі мен қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер таныстырылып, құнды мұралар Мұхамеджан Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейіне тапсырылды. Шара барысында «Дауылбай обалы қорымы», «Арқарлы петроглифтары» атты кітаптардың тұсаукесер рәсімі өтті.

Қажет АНДАС

Конференцияны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов жүргізіп, тарихи мұраларды түгендеу мен оны болашақтың еншісіне қалдыру мақсатында облыс әкімдігі тарапынан көрсетілген қолдауды айта келіп, облыстық басқарманың атқарған жұмыстарының ауқымын баяндады. Сондай-ақ, маңыздылығы зор жобалардың жалғасып, аймағымыздың тарихын түгендеп, болашаққа бағыт беретін іргелі істердің атқарылатынына сенім білдірді.

– *Жетісудағы археологиялық ескерткіштер бұрыннан елімізге белгілі. Олар жайлы Кемал Ақышов, Карл Байпақов сынды археолог ғалымдар зерттеп, бағалы тарихи мағлұматтар қалдырғаны белгілі. Бәрімізге таныс Бесшатыр қорымының, ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мұралар тізіміне енген Қойлық қалашығының тарихи құндылығы жоғары. Бүгінде сол үрдіс жалғасын тауып, 2021 жылы Оңтүстік тарихи-мәдени мұралар орталығының тапсырмасына сәйкес Кербұлақ ауданындағы Арқарлы ескерткіштеріне Әлкей Марғұлан атындағы археология институты тарапынан құжаттандыру жұмысы жүргізілді. 2023 – 2024 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің археологтары Қаратал ауданындағы Дауылбай қорымдарына қазба жұмыстарын жүргізді. Бүгін осы жұмыстардың таныстырылымы болмақ,* – деді Қуаныш Сұлтанұлы.

Басқарма басшысының сөзіне дәлел болатын ең құнды дүние Қаратал ауданы аумағындағы Дауылбай обалы қорымына жүргізілген қазба жұмысы мен Арқарлы тауындағы петроглифтердің түгенделгені дер едік. Облыстық басқарманың тікелей қолдауымен жүзеге асқан қос жоба өлкеміздің өткен тарихын түгендейтін бірқатар құнды жәдігерлерді анықтады. Осы құнды дүниелер сақ дәуіріндегі мәдениет, өнер, тұрмыс-тіршілік, он саусағынан өнер тамған шеберлердің қолтаңбасынан сыр шертеді. Сол қатарда Дауылбай обалы қорымынан табылған қола мен сүйектен жасалған бұйымдар, айдаһармен бейнеленген алтын бұйым, алтын қапсырма мен қыш ыдыстар, жауырын сүйек, темір бұйымдардың бөлшектері, биконус пішінді қоңыраушалар, бала қаңқасымен бірге жерленген моншақтар, қола түйреуіш, алтыннан соғылған сырғалар, қола таға, обадағы ағаш қалдықтары, тіктөртбұрышты тастар жиынтығы көпшіліктің назарын аударды. Демек, бұл жәдігерлер біздің дәуірімізден бұрынғы өмір сүрген адамдардың қола, темір, алтын бұйымдарды шеберлікпен өңдеп, тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы етіп қолданғандығын нақтылайды.

Дауылбай обалы қорымына жүргізілген қазба жұмыстары негізінде Досбол Байғонақов пен Хамит Айтқұлдың «Дауылбай обалы қорымы» атты ғылыми әрі танымдық кітабы жазылыпты. Археолог мамандардың айтуынша, Дауылбай обалы қорымынан табылған аң стиліндегі алтын әшекейлер Есік қорымынан табылған «алтын адамдағы» әшекейлермен дәуірлес.

Ал Арқарлы тауындағы петроглифтерді жалықпай түгендеген А. Горячев, Е. Казинов, Т. Егорова, О. Гумированың жетістіктері жинақталған «Арқарлы тауындағы петроглифтер» атты кітапта Арқарлы тауынан анықталған 412 жартас суретінің фотосы беріліп, ғылыми сипаттама жазылған. Айта кетерлігі, «Дауылбай обалы қорымы», «Арқарлы тауындағы петроглифтер» атты екі кітаптағы ғылыми сипаттамалар қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде берілген. Демек, бұл кітап еліміздегі және шетелдегі зерттеушілер үшін қолдануға қолайлы және зерттеу жұмысына пайдалануға тиісті терең ғылыми түсініктемелермен жазылған. Шара аясында қос кітаптың тұсаукесері жасалып, іргелі еңбек оқырмандарға жол тартты.

Конференцияға елімізге, алыс-жақын шетелдерге аты таныс археологтар қатысып, баяндама оқыды. Сол қатарда Әлкей Марғұлан атындағы археология институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары Әсемгүл Қасенова «Жетісу облысындағы археологиялық жұмыстардың нәтижесі», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің деканы Досбол Байғонақов «Қаратал өңірінің археологиясы», «Археологическая экспедиция» ЖШС-нің директоры Арман Умарходжиев «Исследование памятников пазырыкской культуры в области Жетісу» атты баяндама оқып, облыстағы тарихи орындарға жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесін жанжақты таныстырды.

Сол аралықта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің деканы Досбол Байғонақов Дауылбай қорымына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлерді Мұхамеджан Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің директоры Рысжан Аязбаеваға тапсырып, жәдігерлерді музей қорына тапсырып беру және тапсырып алу келісімшартына қол қойылды. Енді бұл жәдігерлер облыстық музей арқылы көрермендерге ұсынылады.

● ӨҢІР ТЫНЫСЫ



ОРТАЛЫҚТАРДАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

Өңіріміздегі әлеуметтік көмек көрсету орталықтарының жұмысы жоғары деңгейде десек қателеспейміз. Тұрмысы төмен, мұқтаж және ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың игілігі үшін қызмет істеп жатқан мекемелерге келетін тұрғындар саны көп. Олар өз істерін еш қиындықсыз бітіріп, түрлі мүмкіндікті пайдалануда.

Медет ЖҰМАБАЙ

Биыл ғана ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына» күніне 250-ден астам адам келеді. Зейнеткерлік жастағы азаматтарға сапалы қызмет көрсету мақсатында құрылған нысанда 12 түрлі қызмет көрсетіледі екен.

– *Қаңтар айының 5-інен бастап осы жерге келіп жүрмін. Фитнеспен, йогамен, бимен айналысамын. Емдік массаж курсынан өттім. Бір жағынан, денсаулыққа пайдалы, екіншіден, араласатын ортам кеңейді, бұл бізге үлкен қуаныш сыйлайды. Қаласақ тіл үйренуге де жағдай жасалған. Мұнда әркім өз қалауына қарай айналысатын іс табады. Орталықтың есігі біз үшін таңертеңнен кешке дейін ашық. Мен осы өңірдің басшыларына айрықша алғыс білдіремін,* – дейді қала тұрғыны Сайра Ахметова.

«Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» облыс әкімінің тапсырмасымен құрылғанын айта кеткен жөн. Оған себеп, Талдықорған қаласында 25 мыңға жуық зейнеткер тұрады.

– *Орталық жұмысының негізгі мақсаты – мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік қабілеттерін шыңдау арқылы зейнет жасындағы адамдардың физикалық және психикалық саулығын нығайту. Жыл басынан бері орталыққа келушілердің қатысуымен 50-ден астам түрлі іс-шара, сондай-ақ Ақсу, Кербұлақ, Қаратал аудандарының киелі орындарына, тарихи нысандарына экскурсиялар, Абай облысының Семей қаласына сапар ұйымдастырылды. Талдықорғанның зейнеткерлік жастағы кез келген тұрғыны біздің орталыққа келе алады, мұнда барлық қызмет тегін көрсетіледі,* – дейді «Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ басшысы Әсет Оразбекұлы.

Ел игілігі үшін жұмыс атқарып келе жатқан мекеменің бірі – «Жанұя» отбасын қолдау орталығы. Осы жылы орталыққа 600-ден астам адам жүгінген. Самал Қанышқызы да жеке жұмыстарын аяқтау үшін аталған мекеме қызметкерлерінің көмегіне жүгінгендердің бірі. Алакөл ауданы тұрғынының осы уақытқа дейін жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған. Алайда, мұндағы мамандардың көмегі арқылы бұл мәселе оң шешімін таппақ.

– *Менде туғаннан бері мүлде құжат болмады. Жасым қазір 23-те. Ал, анам 2020 жылы қайтыс болып кеткен. Осы уақытқа дейін бұл мәселемен анам айналысып жүрді, енді қазір өзім жүгірудемін. Құжат жасату үшін мемлекеттік мекемелерге бардым, көмек болмады. Адамдар мені осы «Жанұя» орталығына баруға кеңес берді. Көмектесетінін айтты. Келдім, ол кісілер маған көмектесті, жинайтын қағаздарымды айтты. 1 айдың ішінде соттың шешімін алдық,* – дейді Самал Қанышқызы.

«Жанұя» орталығына келушілердің арнайы тегін курстарды оқуға мүмкіндігі бар. Массаж, компьютерлік сауаттылық, тігінші, шаштараз бен аспаздық курстары өткізіледі. Бұл арқылы олар өз кәсібін тауып, отбасын асырауға мүмкіндік алады.

– *Жалпы, облыста жұмыссыздық деңгейі 5,1%-дан 4,8%-ға төмендеп отыр. Биыл жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында Өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілді. 11 айдың қорытындысына сәйкес облыста 32 039 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 19 362 адам тұрақты жұмыс тапты. Келер жылы Талдықорғанда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған 150 орынды оңалту орталығының құрылысы жоспарланған. Сонымен қатар «Инватакси» қызметі 18-ден 32-ге дейін өсті,* – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.



Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ